

Ғұмар
АХМЕТЧИН

Күндіз жұлдыз көріңсе

Ғұмар
АХМЕТЧИН

Күндіз
жұлдыз
көріңсе



Ғұмар АХМЕТЧИН

**КҮНДІЗ
ЖҰЛДЫЗ
КӨРІНСЕ**

Сықақ әңгімелер



**АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016**

ӘОЖ 821.512.122-3
КБЖ 84(5 қаз)-44
А 94

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министiрлiгi
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестiктi жоғарыла-
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен наси-
хаттау және мұрағат iсiнiң iске асырылу тиiмдiлiгiн арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттiң әлеуметтiк маңызды түрлерiн
басып шығару» кiшi бағдарламасы бойынша жарық көрдi»

Ахметчин Ғ.
А 94 Күндiз жұлдыз көрiнсе: Сықақ әңгiмелер.
/Ғұмар Ахметчин. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС:
«Дәстүр», 2016. – 384б.

ISBN 978-601-7505-25-7

Қаламгер Ғұмар Ахметчин «Жалын» және «Елорда»
баспаларынан шыққан «Қолды болған қораз», «Көзiлдiрiктiң
кесiрi», «Көзi сынық тебен», «Ұмытшақтық зобалаңы» атты
сатиралық кiтаптарыдың авторы.

Автордың «Күндiз жұлдыз көрiнсе» атты бұл сықақ әңгiмелерi
мен өлеңдерi көпшiлiк оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-3
КБЖ 84(5 қаз)-44

ISBN 978-601-7505-25-7

© Ахметчин Ғ., 2016.
© «Дәстүр», 2016.
© «Қаратау КБ» ЖШС, 2016.

Бірінші бөлім

**ТІЛ - ҚЫЛЫШ,
ТУІМСІЗ ЖЕРДЕ ТЫҰ,
ТУІМДІ ЖЕРДЕ ҚЫҰ**



КӨЗІ СЫНЫҚ ТЕБЕН

– Көк желкемнен біреу келісаппен түйіп кеп жібергендей болды. Омақамнан оңбай түсе жаздап барып, әрең дегенде бойымды тіктеп алып артыма жалт қарасам, баяғыда өзіммен бірге мектеп-интернатта оқыған Әлітірі екен ыржаландап тұрған.

– Оу, құдай атқыр-ау, сен әлі тірі ме едің?

– Е, тірі болмасақ Шақарды дәл осылай көк желкеден келістіріп тұрып қонжिताмыз ба?

Қостанайдың бір қағаберіс, бұлтарыстау көшесінде Әлітірі екеуіміз осылайша тоқайласып, мәз боп қалдық. Бір-бірімізді ә дегенде-ақ жаңылмай, жыға таныстық.

– Кешеден «Қостанай» қонақ үйінде құйындатып жатырмыз. Жүр, сонда барайық.

– Қонақ үйдемін дейсің бе? Солай де... Әй, өзің бар ғой сең соққан балықтай әрі-бері тентіреп, бала кезіндегідей телпегінді теріс киюінді әлі қоймаған екенсің. Облыс орталығында мына ағаңның тұратынын білесің. Біздің үйді неге тауып алмадың?.. Ендігі біздің сары қарын бәйбішемен танысып, шүйіркелесіп те қалар едің, – деп Әлітірі қонақжайлылығын білдіріп жатыр.

– Ойбай, онда не тұрыс бар? Қонақ үйге қоналқалығымды төлеп қойғам. Қону – міндет емес шығар. Әйдә, кеттік сіздің үйге.

– Онда қалай, қазір бара береміз бе? Әлде-е ... – Әлітірі енді кипақтай бастады.

– Не әлде-мәлдесі бар? Тура сіздің үйге тартамыз. Өзің айтқан сары қарын бәйбішеге жетіп жығылайық.

– Сөйтейік пе? Жарайды, жарайды, ендеше! – Әлітірі жұлдыз санағысы келгендей біресе аспанға қарап, біресе құм ішінен құбыжық көргендей жерге қарап, кипақтап біраз бөгеліп тұрда да орнынан ауыр қозғала:

– «Жарайды, барсақ барайық», – деді.

... Аудан орталығындағы орта мектепте оқып жүргенбіз.

Әлітірі екеуіміздің жататын кереуетіміз иін тіресіп қатар тұратын еді. Шынында кереует деген жай ныспы болмаса, оны қазіргі заманда, дәл қазіргі көзқараспен кереует деуге де болмайтын.

Күнде таңертеңгілік сым торларынан бір шикілік шығады. Мұндайда Әлітіріден пысық адам жоқ. Ол ұйқысынан ояна сала көзін уқалап: «Ойпырмай, мына «итіңнің» тағы да ішек-қарыны ақтарылып қалыпты ғой», – дейді де кереуетінің астындағы ағаш қобдишасын суырып алып, оның ішіндегі небір қарала-торала сымдарды іріктей бастайды.

– «Біздің «иттің» жағдайы да сенің «итіңнен» ілгері емес. Шіріген сымыңнан маған да ауысқайсың артылса», – деймін мен оған кекесін үнмен.

Әлітірі «шіріген» деген сөзіме ыза болып: «Сен-ақ шіріген сымға тоймайды екенсің, керек болса өзің тауып ала ғой», – деп күңк ете түседі де, танауы пысылдап, ағаш қобдишасына одан сайын үніле түседі.

Әлітірінің алғашқы беталысы адуынды, сөздері тау селіндей екпінді болғанмен арты бостау, сиырқұйымшақтау екенін ертеден жақсы білем. Өйткені соңыра геометрия мен тригонометрияға келгенде Әлітірінің жаңағы шірік сымдары кәдеге аспай қалады да, бұдан кейін күнделігі бірер екімен толығып, сөмке салмағы «сұйық» бағалармен ауырлай түсетіні белгілі.

– Жарайды, – дейді ол күбірлеп әрі ауыр күрсініп, – Мынау бір шіріктеуін ал, қидым саған. Сосын: «Айтпады деме, түбінде сен сұр қасқа кедей боласың», – деп сұқ саусағын шошайтады.

– Ал, есеп білмегендер ше? – деймін мен сонда.

– Әй, сенің есебің бар болсын. Мектептегі есепті

шығарғаныңа есі кетіп жүрген сен сияқты есерсоқтардың көбісі ертең оқу бітірген соң есек ерттеп мінуге де жарамайды. Меніңше адам қайдағы бір ғұламалардың кітапқа арнап жазған есебін шығарумен миын ортайтқанша, күнделікті өмірдің өзі ұсынған есепті шығара білуге машықтану қажет. Есепті шығара білу – өмір сүре білу емес, – деп Әлітірі өзінше пәлсапа соғатын.

Бір қызығы, Әлітірінің интернат пен жатақхана арасында ертелі-кеш сарылып жүріп жинаған сымдарынан бізге кейде шапағат тигенмен оның қобдишасындағы басқа да мың-миллион ұсақ-түйектен ешбір пайда жоқ еді. Әлітірінің өзі де бұл жинағандарының рақатын қашан, қайтіп көретінін білмейтін. Бірақ сонда да қобдишаны сықа толтыруға әуес-ті. Тіпті бірде Әлітірі жолда жатқан көзі сынық тебенді де көтеріп алып: «Түбінде бір кәдеге жарайды», – деп қобдишасына салып

қойғанда, біз оны әбден мазақтап, бірнеше күн бойы күліп жүрдік. Ал ол болса:

– Күле тұрындар, бәрібір түбінде осы сынық тебенді бір кәдеге жаратамын, деп еді...

Біз Әлітірінің үйіне келдік. Әйелі есік ашып, құбыжық көргендей менімен тыржия амандасты да, төргі бөлмеге қарай көстендей жөнелді.

– Әлиза-ау, әй, Әлиза! Мынау біздің былайша ... нетіп айтқанда, кластас жолдас қой. Қостанайдың көшесінде қаңғалақтап, қаңғырып жүрген жерінде кездесіп дегендей... сосын саған таныстырайын деп...

–Немене, мені байға өткізе алмай жүр ме едің? – Әлітірінің әйелі кейін бұрылып келіп, маған быртыған төрт саусағының ұшын ғана ұсынды.

– Әлиза боламыз, – деді гүжілдеп.

– Біз Шақар боламыз.

– Болсаңыз боларсыз. Атыңызға түріңіз сай сияқты. Бірақ, есіміңіз бәлендей не звучить құлаққа, – деп кекесін тастап, төрге қарай жүре берді.

Диванға жайғастым. Әлітірі әйелінің соңынан ішкі бөлмелердің біріне кіріп кетті. Сүт пісірімдей уақытта ешкім шыға қоймаған соң, орнымнан тұрып теледидарды іске қостым. Москвада XXII жазғы Олимпиаданың шекесі қызып жатқан кез еді. Спорт хабарларын көргім келіп кетті. Диктордың үні естіле-ақ төргі бөлмеден Әлиза шыға келіп:

– Сіз кешіріңіз, телевизорды жаңа ғана сөндіріп едім. Қызып кетсе, лампочкелері жанып кетеді... Сосын... вообще біздің үйдегілер спортты ненавидяць, – деп телевизордың үнін өшіре қойды.

Аузыма құм құйылғандай отырып қалдым. Сол сәтте Әлітірі де шығып:

– Біздің Әлизаш дұрыс айтады. Спорт дегенің не, тәйірі, баланың ойыншығы емес пе? Сосын телевизор дегенің тоқтың жұты екен. Қоссаң болды – қалтандағы ақшанды жұта бастайды, – деп безек қақты.

– Онда қойдық, қойдық. Өзіміз спортшы болмасақ та үйде спорт хабарларын бос жібермейміз. Сосын теледидардың неше сомға ақша тартатынын да есептеген емеспіз, – деп диванда былшиып отыра бердім.

– Кәне, қарап отырғанша әңгімелесіп отырайық. – Әлітірі мені әңгімеге тартты. Өзіңнің неше балаң, неше әйелің бар дегендей...

– Жалғыз әйел бар. Жалғыз әйелден туған он екі бала бар.

– Не дейді?! Сұмдық қой мынауың! Осыншама баланы таптырғанда түбінде олардан бір футбол командасын құрмақпысың? – деп Әлітірі қарқ-қарқ күлді.

– Ужас, маскара! – деп Әлизаның таң қалғандығы соншалық, оның көздері ұясынан шығып кете жаздады.

– Е, онда не бар? «Бір тоқты туса, бір түп жусан артық шығады» деген... Әр баланың өз несібесі өзінде. Совхоз жеті бөлмелі ақ қанатты ақ орда салып берді.

– Мынауың ғажап екен, – деді Әлітірі, – олардың бәрін кекіреге тойған текедей бақылдатып қойып қалай шыдап отырасыңдар үйде?

– Ештеңе етпейді, «Балалы үй – базар» деген ғой. Қайта, біз балалардың у-шуынсыз отыра алмаймыз, – деп Әлітіріні бұрынғыдан да ызаландыра түстім.

– Жарайды... Ал сонда өзіңнің үйінде импорттан, дефициттен не бар? Мініп жүрген көлігің бар ма? – Әлітірі маған барлай қарады.

– Импорт пен дефицит дегендерің біздің жаққа жете бермейтіні рас... Мініп жүрген көлігіміз де әзірге жоқ.

– Он екі ауыз тұрғанда кісі не ішіп-жеп көгереді. Сенің жаңағы «әр баланың несібесі өзінде» дегенің жай сандырақ қой. Несібесін алып туған бала көргем жоқ.

– Айтуға демесең, көліктің қажеті де жоқ. Бізге қайда барсаң да – ақ жол, көк белдеулі автобустар алдыңнан көлденең деп тұра қалады. Ұшсаң – самолетің дайын. Көлік дегенің басқа тілеп алған артық машақат емес пе?

– Шақар, сенікі былшыл. Әйтпесе сенің жаңағы айтқан көліктеріңнің бәрі – кісінікі. «Кісідегінің-кілті аспанда» деген сөзді ұмытпа. Баяғыда менің саған: «Қасқа кедей боласың. Есепті шығара білу – өмір сүре білу емес,» – деп айтқаным есінде ме? Шамасы, аяққа тартсаң – басқа, басқа тартсаң -аяққа жетпей жүрген жайың бар-ау?!

Мен Әлітіріге не дерімді білмей оның бетіне үңіле қарай қалыппын. Ол сәлден кейін:

– Кәдімгі жер-жиһанға белгілі Шерлок Холмс Коперниктің кім екенін, жердің күнді немесе күннің жерді айналатынын

білмесе де, әлемге аты шыққан қылмыс ашушы болған жоқ па? Мына біз дегенің мектепте есеп шығара білмесек те, импорт пен дефициттің бәріне иеміз, – деп сақылдай күлді.

– Мені ашу қыса бастады. Бірақ сыр бермей отыра бердім. Әлиза самарқау жүріп шай қамына кірісті. Мен қарап отырмай:

– Шынында да бар импорт пен дефицит дегендерің өздеріңде екен, – деп отқа май құя түстім.

– Иә, бізде бәрі де бар. Минетін көлігіміз жарқырап тұр. Саябақ дегеніңіз – бір жатқан жайлау, – деп Әлітірі кеудесін қақты.

– Ойпырмай, осының бәрін қалай жинағансыңдар? Өздерің қалада тұрып көл-көсір ақшаны қайдан ала бергенсіңдер, ә?

– Мен өзім, – деді Әлітірі екі иығын қомдай түсіп, – мына деген доставщикпін, ал Әлиза болса мынау деген белді бір мекеменің кассирі. Мәселе кімнің қайда істегенінде емес, қалай істегенінде. Гәп – өмір сүре білуде, Шақар жолдас.

Шай ішіп отырмыз. Әлітірінің дәм-тұзы мол. Мен дастарқан мәзіріндегінің әрқайсысынан бір-бір шұқып жеп, аздап шай іштім де «болдым деп» кейін ысырылып отырдым. «Тағы бірер кесе шай іш», – деген кісі болмады. Әлиза лезде дастарқанын жинап, өзінің меншікті «қуысына» кіріп кетті.

– Сенің орнында мен болсам, – деді Әлітірі әңгімесін жалғастырып, әлдеқашан бір машина емес, бірнеше машина мініп жүрер едім. Кедей болатын адам ақшасын орынды-орынсыз, былайша айтқанда, направо-налево шаша береді. Мәселен, үйге келген кісіні күту жайына келейік. Мұның өзі бар ғой – мың сан тарау терең өнер. Мәселен, кейбір ұятты кісілер өзінің ішер жартысын қалтасына салып ала келеді. Ал кейбіреулер Шықбермес Шығайбайдай тарылып, аузын қу шөппен сүртіп, жұтап келеді. Міне, мұндай қонақтарды өзінің пиғылына орай әртүрлі күткен жөн. Қазір сауда орындарында сағат жетіден былай қарай ақ арақ сатпайтыны қандай жақсы болды. Жетіден кейін шақырусыз келген қонақсымақтарға алаңдап, тіпті қам жеудің қажеті жоқ. «Қап, дүкеніміз жабылғанда келгендеріңді қарашы», – деп өзіміз өп-өтірік өкініш білдіріп, санымызды соғып отыра береміз.

Әлітіріге зығырданым қайнап, қаным тасуға айналды.

– Қойшы, бұл заманда әр қонақтың өз несібесі бар. Өзің бос сөзді қойып, теледидарыңды қосшы. Олимпиададан бірдеңе көрейік, – дедім.

– Қой, екеуміз Әлизадан таяқ жеп қалармыз. Жаңа өзіңе не айтқанын білдің бе? Оның ашуына кезіксек, екеумізді де осы үйден қуып шығады.

Әлітірінің дегеніне көнуге тура келді.

– Шақар, – деді Әлітірі тағы да лекциясын жалғастырып, – өмір сүре білу үшін сен айтатын әйгілі Лобачевский мен Эйнштейн болу қажет емес. Мәселен, мына мен семьялық бюджеттің кредиті мен дебитін есептегенде, құдай біледі деп айтайын, менімен математика ғылымдарының кандидаттары да ұпай теңестіре алмайды.

– Әй, қойшы, Әлітірі, бөсіп кеттің ғой өзің.

– Жо-жоқ, сен алдымен мені тыңдап ал. Мәселен, біз жаңа шай іштік. Сен өзіңнің не ішіп-жегеніңді, біздің үйге неше сомдық зиян келтіргеніңді білесің бе?, – деп Әлітірі маған сүзіле қарады.

– Тілің кесілгір, Әлітірі-ау, сен үйіңе келген кісілердің неше сомға тамақ ішкенін де есептеп отырасың ба? – дедім тіксіне қалып.

– Е, есептемегенде ше? Мәселен, сен жаңа бес кесе шай, төрт қасық шиі вареньесін, үш түйір қант, екі тілім нан, бес түйір польский колбаса, елу грамдай май, екі түйір севрюга балығы, шамасы 300 грамдай арақ іштің. Осының барлығы төрт сом қырық алты тиынға келеді. Ал егер кездейсоқ келген қонақ екеу, үшеу, төртеу... болса ше? Жоқ, мен онда дастарқанға жаңағы өзің жеген севрюга мен шиі вареньесін көрсетпеймін де. Түсіндің бе?

Мен не істерімді білмедім. Әлітіріге деген бар ашу-ызам сыртыма қайнап шығып, жаңағы шайда ішкен-жегендерімнің бәрі аузыма қайта келіп тығылғандай болды. Енді тезірек осы үйден кетіп, мейманханаға жетуге асықтым. Осынымды сезсе керек, Әлітірі:

– Немене, жаңағы есеп-қисабыма ренжіп қалдың ба? Саған өзімсініп айтып отырғаным ғой, – деп кипақтап қалды.

– Жо-жоқ, сенің сөзіңнің биттей де қателігі жоқ. Сен нағыз өмір сүре білетін адамсың, математика ғылымдарының докторы болуға лайықсың, түбі боларсың да.

– Не қыларымды білмей дағдарып отырғанымда сырттан бес-алты жасар бала ентіге, жүгіре басып кіріп келді. Әй-шәй жоқ, зып беріп қуысқа кіріп кетіп, ағаш қобдишаны менің алдыма сүйреп әкелді. О, ғажап! Менің көзіме қара қобдиша от-

тай басылды. Әлітірінің баяғы мектеп-интернатта жүргендегі темір-терсек салып қоятын өзіме таныс кәдімгі қара қобдиша. Біресе Әлітіріге, біресе қобдишаға жалтақ-жалтақ қарай берем. Осынымды сезген Әлітірі:

– Шақар, мына қобдишаны таныдың ба? Балалық кездің ескерткіші ғой деп тастауға қимай жүрмін, – деді. Менде үн жоқ.

– Аға, менде міне мынадай иголка бар, – деп әлгі бала бір ине алып, қолыма ұстатты. Бұл – Әлітірінің баяғыда «бір кәдеге асар» деп қобдишаға салып қойған көзі сынық тебені еді.

– О-о, тебенің қалай жақсы еді, – дедім баланың көңілін қалдырғым келмей.

– Әй, әй бойса иголкама көйімдік неге беймейсің? – деп әлгі бала алдыма келіп отырып алды.

– Әй-әй ағаң көрімдік береді ғой. Неге бермесін. «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да төбел туады» деген емес пе? Қалай, балам өзіме тартқан ғой, – деп Әлітірі мәз болып жатыр.

– Манадан бері Әлітірінің жаңағы айтқан төрт сом қырық алты тиынынан қалай құтылудың есебін таппай отырған маған мына баланың көрімдік сұрағаны «құланның қасуына – мылтықтың басуы» бола қалды.

– Мә, айналайын, ала ғой, көрімдік сұрағаның дұрыс. Кәмпит алып жей ғой, – деп қалтамнан бес сом суырып баланың қолына ұстата қойдым. Ақшаны қыса ұстап, ол шешесіне қарай тұра жүгірді. Әлтірі маған мысқылдай қарап:

– Менің саған: «Осы көзі сынық тебеннің бір керек жері болар», – дегенім есінде ме? Міне, біздің бала осы тебенмен ақ көзді ашып-жұмғанша бес сом ақшанды қағып алған жоқ па, ә? – деді.

Мен одан әрі отыруға дәтім шыдамай, үй иесімен қошта-сып тезірек есікке беттедім.

ӘЛІБАЛА МЕН ДӘРІБАЛА

– Әлібала-ау, сенбісің? Немене, мұрныңнан есек құртын түсіп қалғандай кеудеңмен көк тірей қалғаның? Пыш-ту-у-у!

– Үйбай-ау, сен Дәрібаламысың? Баяғыда «қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым» болған сен емес пе едің? Кеудеммен көк тірей қалатындай арамыздан қара мысықтың жүгіріп өткен жері жоқ еді ғой, үйбай-ау, Дәрібала-ау!

– Бәсе, бәсе! «Күндестің күлі де күндес» десетін жеріміз жоқ еді ғой, пышту-ау.

– Қойшы, әуелі иман жүзді амандасып алайықшы. Наурыздағы шабынған бура тәрізді өндірішегінді үзбей қоя тұрсаңшы. Ал, қайдан келесің, қайда бара жатырсың өзін?

– Сұрама, үйбай, ит арқасы қияннан келем. Торғай жақта бір құдағиларымыз бар еді. Солар пәлен жылдан бері шақырғыштап, тықыршығандай болып жыбыршып жүр еді.

– Е, тәбәрік бар менде десейші.

– Қайдағы тәбәрік?! Үйбай, жұрттың бәрі қасықтап жиғанын шөміштеп төгетін мына екеуміз сияқты ашық ауыз дейсің бе? Барғаны бар болсын. Сапты аяқтан ас құйып, сабынан қарауыл қараған қарау немелер екен. Дұрыстап жайласып отырып бір самаурын су да іше алмадым.

– Пышту, қара бауыр болып кеткен бірденелер – дағы. Өтін алып аузына құйып, қарғап кетпедің бе келістіріп.

– Үйбай-ау, неге қарғамаймын. «Өрісінді өрт алғыр, жайлауынды жау алғыр сұр кедей немелер», – деп аттандым кетерімде.

– Уын тамызып, әдемі-ақ айтыпсың. Пышту, әдейі барғанда... Сынық ине, сыдырым таспа бермеген туыстың малына топалаң келсін, топалаң. О не қылғандары ей, ә?!

– Ал өзің қайдан келесің, қайда бара жатырсың?

– Дәл өзің сияқты мен де туыстан безіп келемін. Пышту, әдейі барғанда құнанын құдайындай, тайын тәңірісіндей көріп... Жемтікке қонған күшігіндей болып...

– Үйбай, әне, бізге сондай туыссымақтар кездеседі. Қараң қалғырларды келістіріп, тұрмастай етіп қарғап-сілеп кетсең етті.

– Е, неге қарғамаймын. «сусамыр болып, сүйегің шыққырлар! Күлің шашылмай, түндігің ашылмай қалсын», – деп ойбайымды салып, шашымды жұлып аттандым емес пе?!

– Тауып айтқансың, ешкісіне кебенек келгірлерге. Әлібала-ау, айтпақшы, байың да бар ма қасыңда?

– Пышту, қайдағы қырық жылғы байды айтып тұрсың, Дәрібала-ау?

– Үйбай-ау, әлгі сиырдың жапасы құсаған бірденең бар емес пе еді баяғыда?

– Пышту, көк жамбас болып жатқанда баяғыда-ақ тастап кеткем. Ал, сенікі әлгі... кейінгі байың ба? Әлде басқа біреуін қолға түсіріп алып па едің?

– Үйбай-ау, естімеген екенсің ғой, ол құрым шұлғаудың қарасын баяғыда құртып, қараңғыда қарсақ ізінен жаңылмайтын біреуге тиіп алғам. Ха, ха, ха!

– «Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды» дегендей, сен-ақ бай дегенді ауыстыра береді екенсің осы, хи-хи-хи!

– Дәрібала-ау, зауал шақта да бай керек. Тұғырдан түспеген шағында, дүкенде жемпір қымбат, адамда кемпір қымбат болып тұрған мына заманда жеті атасынан жағасы қара көк біреуге тиіп ал, тиіп ал. Ха-ха, ха!!!

– Әлібала-ау, үйбай... ай, масқара-ай, мыналарды қарашы-ей, әлі қарын шашы алынбай жатып, біздің әңгімемізді тыңдап тұр, мына зэнталақтар. Әй, сәпляк қыздар, кетіндер-ей әрі, түге. Әй, өспей өндірішегі үзілгірлер! Құлақтарын төсеп тұр ғой, сәпляктар, ә!

– Өтін алып, аузына құй бәлемдердің. Қырық қазанның құлағын тістеген нағыз қара бақыраш қатын болайын деп тұрғандарын қарашы. Безіреуін өздерінің... Үлкен адамдардың сөзін тыңдаған мұндай зэнталақтарды көрсем, көзім шықсын-ей!

– Сөзімді үзіп жібергенін қарашы, мына бетпақтардың... Айтпақшы, мыналарды көрген соң есіме түсті, Қарақыздан не хабарың бар?

– Ой, сұрама. Қазір Қарақыз күшейіп тұр ғой. Рак деген ауруға шалдығып, Алматыда жатыр шалқиып.

– Әне, жұрттың жолы болғыш-ақ. Біз ауырсақ ауданнан әрі аса алмаймыз. Сол Қарақыз... жаңа не дедің... иә, рақпен ауырмаса Алматыны көрер ме, сірә, тірісінде. Қалай жолы бола кетеді осы бізден басқа мақұлықтардың, ә?

– Ойбай, сен оны айтасың, жақында әлгі Бұрхан мешкей алапат аварияға ұшырап, бас сүйегінің быт-шыты шыққан еді. Қыдыры жанында екен әлгі мешкейдің. Өлмей аман қалып,

қазір Мәскеуге кетіпті. Енді ол астанада бір жылдай жататын көрінеді шалқайып, тегін қызық көріп.

– Е, астанада неге жатпасын ол мешкей. Бір жыл тегін тамақ ішіп, бүлітенмен тегін ақша алуға кім ерінеді? Апыр-ай, осы Бұрхан иттің жолы болғыш-ақ. Өлмей тірі қалғанын қарасайшы. Біз екеумізге Алматы мен Москваны көретін ауру да жоламайды.

– Пышту, ол тегіндік қайдан келсін бізге? – Үйбай-ау, десеіші...

ТОҒЫШАРДЫҢ МОНОЛОҒЫ

Ау, жарандар, осы сіздер иненің жасуындай жазығы жоқ, жұмыртқадай аппақ біреуге «тоғышар» деген айдар тағып, өкшелеріңізді көтеріп тұрып, ауыздарыңызды айға жанып жатырсыздар, ә? Сонда осы сөздің түп төркініне бір сәт ой жіберіп, бағамдайсыздар ма, сірә? Жоқ, меніңше, көбіңіз иіс тиген адамша есеңгіреп, тәтті сөз бен қатты сөздің ара жігін ажырата алмай алжып, «кылтамақ» боп жүрсіздер. Олай дейтінім, егер тоғышар болудың кісіге берер пайдасын білсеңіздер, ешкімге ешуақытта бұл сөзді айтуға қимас едіңіздер. Қайта өздеріңіз қалай да тоғышар атанғыларыңыз келіп, қыршаңқы болған колхоздың өгізіндей кім көрінгенге сүйкеніп, қасынып жүрер едіңіздер.

Әлқисса... мен енді сіздерге тоғышарлықтың сыр-сипаты мен пайдасын жіліктеп тұрып түсіндіріп берейін.

Менің тоғышар атанғанымға үш күн, үш айы кем тура отыз жыл екен. Нағыз сіңірі, иісі мұңкіген тоғышарлық стаж деген осы болар. Бір ғажабы: бүгінде әйелім түгіл былайғы жұрттың өзі менің тоғышар екенімді анадайдан бетіме бір қарағаннан-ақ біле қояды. Шамасы тоғышарлықтың да француз әтіріндей танаудың қытығын келтіретін қасиетті бір иісі бар-ау деймін.

Әйелім Зәрубике – текеден де мазаң жан. Таңертең көзін уқалап тұра сала мені қолбаладай дедектетіп жұмсай бергісі келеді.

– Әй, Сопи, тырымай түрегел. Жүген-ноқтанды ки, айылыңды тарт. Баланың жаялығын жу, қоқысты төк, дүкенге барып сүт-қатық әкел, – деп шақ-шұқ етеді.

Зәрубике қабағын қарс жауып, қаһарын қанарлап төккенмен, мен жүген-ноқтамды киіп, айылымды тартуға асыға қоймаймын. Асыққанда ше? Оның жаңағы айтқандарын орындау үшін мен желмен жарысқан желмая, немесе тазыдан жүйрік Борзов болуым керек. Шыбын жаныңды шырылдатып, дозаққа түсіргенде бір Зәрубике екеу болар деймісің? Әрине, мұндайда әдіс-айла қолдану керек. «Бармаймын» десең Зәрубике Қорқыттың көріне тірідей тығып жіберуге бар. Еух... бар-а... алма-аймын», – деймін көрпенің астынан тұншыға ыңырсып. «Ой, жатқан жерінде жайрағыр, тоғышар-ай. Тірі өлексе!» – деп отыз жылдан бері айтып келе жатқан жағтанды сөзін бір қайталайды да, шаруаны өзі тындыруға кіріседі. Сосын тоқ самауырынды екі иығынан демін алдырып еңтіктеріп қояды, аяқ-табақтарды бір-біріне соғып қан қақсатқанда әлгілердің кәдімгідей ... «еңіреген» даусынан бүкіл подъезд селкілдеп тұрады-ау.

Аталарымыз: «Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк болады», – деп бекер айтпаған. Ал оқыған-тоқығаны көп, көздері жайнақтап тұрған бүгіндегі әйелдердің айла-шарғысы қырық емес, сексен есектің де бел омыртқасын үзіп жіберуге жарайды. Зәрубике де кейде Алдар көсе атасындай мені қақпанға қулықпен түсіруге тырмысып бағады. Жұмыстан келе аяғын баса алмай, қираландап қалады. Кейде диванда жатып, бүйі шаққандай безілдейтінін қайтерсің. Мен сонда да саспаймын. «Тіпті кешкі тамақ ішер жайым жоқ. Ыстығым көтеріліп барады. Уһ!» – деп бір жерге аунай кетем. Әйел жарықтықтардың бір қасиеті үй шаруасын ішектерін шұбалтып жүріп істей береді ғой. Зәрубике көп жатуға шыдамайды, амалсыздан орнынан тұрып кешкі астың қамына кіріседі.

Енді Зәрубике бүгінде маған: «Айналайын, Сопийым, сен отыз жылдан бері тоғышар деген сөзді ести-ести жардай болып семіріп алдың. Енді ең болмаса мен бір екі күн ғана тоғышар болып, диванда дем алып жатайыншы», – деп маған өлердей сөзін айтып жалынады. «Ойбай, атай көрме, ешкіге тауықтың құйрығы жараспайтыны секілді, сендерге тоғышар атанғаннан өлген артық. Болған мен-ақ болайын», – деп былқ етпей жата берем...

Әлқисса... қызметте де, қоғамдық орындарда да «тоғышар» деген сөз көлеңкем сияқты қасымнан екі елі қалмайды. Неге дейсіздер ғой. Менің аузым – нағыз қағынған ауыз. Бес-алты

жасымнан бері шылым тартып келем. Отырып тартам, жатып тартам, ұйқымнан оянып тартам, самолетте ұшып келе жатып тартам, автобуста келе жатып тартам. Қысқасы, менің аузым қайда – шылым сонда. Бір минут тартпасам, өкпем өкпелеп табанымнан шығып кететін тәрізді көрем. Осынымды жұрт ұнатпайды. Мәдениеттісімақтар: «Бұрқыратпай, маңайымызды уламай отырыңыз», – деп текекөзденіп шыға келеді. Ондайлардың сөзін естімеген боп, жерге шырт түкіріп, былпыып отыра берем. «Не қылған тоғышарсыз? Неге қақырасыз?» – дейді әлгі мәдениеттісімақтар. «Немене, жерді аясаңыз, қақырығымды қағып алып, қалтаңызға салып алыңыз», – деп мен одан сайын екіленіп, ерегісе түсем. «Ит үреді, керуен көшеді» деген емес пе? Сосын әлгі ... сымақтардың аузына құм құйылады. Бағзы біреулері: «тәртіп сақтаңыз!» – деп жеңімнен тартқыласа, бүйірімнен қанжар сұғып алғандай шар-р-р ... ете түсем. Жуырда театрда отырғанымда біреу жеңімнен тартқылай бастап еді: «Өлтіріп барады, құтқарыңдар», – деп шыбын жаным шығып бара жатқандай айқайды кеп салдым. Табанда бір милиционер келін әлгіні: «Қоғамдық жерде неге тәртіп бұзасыз?»- деп алдына салып ап қуып кетті. Бәлемге сол керек.

Адам болған соң, әрлі-берлі жүріп-тұрмай болмайды. Бүгінде не көп, қаңғыбас шал-кемпір-ақ көп. Жолыңа жуадай бітіп жүргізбейді-ау, жүргізбейді. Жуырда Қостанайдан Қарағандыға автобуспен бара жатсам: «Балам, орныңды бер», – дейді бір қария көзінің былшығын сүртіп. «Ақсақал, ертерек билет алу керек, әйтпесе шапаныңыздың шалғайын жайып жіберіп, есіктің алдына барып отырыңыз», – дедім. «Ой, тоғышар! Балам деген сөздің садағасы кет! Мен батамды берейін десем» дейді әлгі қария. «Ақсақал, батаңызды базарға апарып сатыңыз да, ақшасына автобусқа билет алыңыз», – дедім даусымды қаттырақ шығара. Жұрттың бәрі: «Тоғышар екенсіз!» – деп шу-шу етеді. «Болсақ болармыз», – деп баратын жеріме дейін жайласып отыра бердім...

Ау, жараңдар! «Борсыққа таяқ өтпейді» деген. Сіздер мені тоғышар деп ұялтып, қорқыта алмайсыздар. Қайта үлкен әріппен Тоғышар деп атасаңыздар менің жаным жай таба түсер еді. Хах,хах-хах!

ШҰБАР ДОРБА

Көржік кісі үйі деп қымсынып, ізет сақтап отырған жоқ, қайта шәниіп, оң жақ шынтағымен ала жастықтың алқымынан сығып жатыр. Анда-санда күбі қарнын тоқпақтай тоқ қолымен сипап қояды. Ұстарамен тықыр алынған қауын басы мен шот маңдайынан жаңағы ішкен шайы шып-шып шығып отыр. Терін етектей шыт орамалмен асықпай, байыппен сүртеді де, қалақ құралыптас бетін желпіп-желпіп жібереді. Сырт тұлғасы салмақтылық пішін танытса да, ішкі сарайында алай-түлей боран соғып тұр. Қанша салмақтылық көрсетсе де, одан әрі шыдамады:

– Сумұрын неғып келмей жатыр? – деді езуінен аққан насыбайын сүртіп жатып.

– Келер, келер, тоса тұрайық, – деді оған иық түйістіре сол жағымен шынтақтап жатқан дөңгелек жүзді, асқабақ бас, қатпа қара Қыжым. Қашаннан алып-ұшпа мінезді Қыжым басындағы төрт құлақты, борлаттаған өзбек тақиясын біресе мильғына, біресе қаракұсына қарай алма-кезек сырғыта береді. Бір жатып, бір отырып, әбден берекесі кетті. Даладан естілген сәл дыбысқа құлақ түріп тыңдайды. Әлден соң қолында тұрған дорбадағы лотоның тастарын қайтадан санай бастады да:

– Әбдуаш басқалардай емес, сенімді «бюро мүшесі» ғой, келер, – деп мұрнын шұр еткізе бір тартып қойды.

Әбдуаш бұрын ауылда лото ойнаумен айналыспайтындардың бірі еді. Кешкілік малдан кейін үйде жатып, іші пысқан соң, лото ойнаушылар қатарына қосылып кеткенін өзі де байқамай қалған. Қолы жүрмей, ақшаны көп ұттырып жібергеніне иттей ызалы. Ақшасы – белінің құяңы ұстап, «бүллітенмен» жүретін Қыжымның қалтасында. Соңғы екі-үш күнде ғана кеткен ақшасының біразын қайырып, «қырғи» атанған. «Бүгін де қолым жүріп кетсе де, адамның көбі дұрыс», – деп ойлап отырғанын аңғару қиын емес.

... Ойын түн ортасы кезінде қыза түсті. Шұбар дорба тыным жоқ, сылдырлап-күлдірлеп, қолдан-қолға ауысады. Отырғандардың көбі шып-шып терлеген, алдарындағы лотоның қағазынан басқаға «өртеніп» жатса да назар аударар емес. Бүгін ұтылып отырған Көржік пен Қыжым балапанын қара құстан қорғаған тауықтай безек-безек етіп, қыт-қыттай

береді. Екеуі де ортада үюлі жатқан ақшаға тышқан андыған мысықтай ұрлана қарап, көздерінің қиығын тастап қояды.

Лото тартып отырған Әбдуаш жетпіс екі дегенде, Көржік орнынан мысықша атылып, «Котелден» біткен осы», – деп, ортадағы ақшаны торғай ілген тұрымтайдай қағып әкеткенде, лотошылар дүр ете түсті.

– Әй, көргенің осы ма еді? Ақшаны айырдың ғой, бәгіреке.
– Осы жолы шықпаймын деген ойым жоқ еді.

– Сираққа ойнап едім, қап!

У-шу, азан-қазан басылмай жатып, дау да басталып кетті.

Қыжым Көржікке:

– Әйдә, кешегі қарызымды төле, – деп жер тепкілеп отырып алды.

– Алғаным жаңа, қарызымды берсем, қолым тоқтайды, – деп Көржік ақшаны тізесінің астына умаждап тыға түсті.

– Төлейсің, бересің. Әкеңнің құны жоқ ақшамда.

– Әй, көрдегі әкемде нең бар? Тіліңді тарт! Ойнағың келсе, әйеліңнің шұлығындағы ақшаны алып кел, байқап сөйле. Тіліңді қырқып жіберермін мен! – деп ұмтыла түсті Көржік.

– Маған қыжыл көрсететін сен бе? Бермесен, жолыңнан. Ал маған не істейсің?

Қыжым Көржіктің тізесінің астынан үш сомды суырып алды. Сол-ақ екен, екі қитықтың дауы қып-қызыл төбелеске айналып кетті. Үйдің ішінің астан-кестені шығып, төргі бөлмеде ұйықтап жатқан балалар бақырып оянды. Не істерін білмей, ыза болып жатқан үй иесі Байпақтың әйелі орнынан атып тұрып, төргі бөлмеге жүгіріп келді де: «Өңкей ұятсыздар, қарабеттер!» – деп, қолына түскен лотоның тастары мен қағаздарын пештегі қозаға лақтырып кеп жіберді. Айқай-шу, төбелес сап басылды. Манадан араша бермей жүрген Қыжым мен Көржік жалма-жан төбелесті қойып: Ойбай-ау, қалғандарына ие болайық», – деп шашылып жатқан лотоның қағаздары мен тастарын апыл-ғұпыл жинастыра бастады.

КІСІНІҢ СӨЗІ

Біздің цехта істейтін Таңқай Тұрашұлы, Таңқай Елпекұлы, Таңқай Талқанұлы Бопиндердің аты-жөндерінің ұқсастығы болмаса, қаны бір туыс немесе егіз сыңарлар емес, төсекте де, төскейде де бастары қосылмай, бір-бірінен оқшау, бөлек өскен жандар. Бұл үштіктің былайша ымы-жымы бір болғанмен, азды – көпке, жоқты – барға айырбастап жібере қоярлық өнерлері де жоқ еді.

Мен кезекті еңбек дамалысымды аяқтап, жұмысқа шыққаным сол еді, цехтас әріптестерімнің бірі Өркеш деген жігіт қасыма ыржалаңдап жетіп келді де, жеңімнен тартқылап, оңашалап, аса құпия сыбыр айтар қалып танытты.

– Құди-ау, сен жоқта бар ғой, – деді құлағымға сыбырлап. – Бопиндер үштігі машинаның запас бөлшектерін қымқырып бара жатқанда, күзетшінің қолына ... нетіп қалды, білдің бе... түсіп қалды. Күзетші Матвей шал бар ғой, аналардың бармақ бастысын ысырып тастап, үшеуін де еңіретіп отырып, цех бастығына алып келіпті. Сол ұрыларды, сол кэззаптарды бүгін өзіміздің ашық жолдастық сотқа салып, езулерін тілейін деп жатыр. Ендігі мәселе былай, Құди. Сот процесін жүргізуші өзіміздің Мәлім бар ғой, әсіресе «үштіктің дирижері» деп Таңқай Елпекұлына азуын баспақшы, былайша айтқанда, Мәлімнің онда баяғыдан ала алмай жүрген пәлен миллион тонна өші бар көрінеді. Оны жұмыстан шығарып, ісін халық сотына тапсырмақшы. Ал енді мәселенің тоқ етері былай. Соңыра бірінші болып сен, екінші болып мен сөйлеп, жұрт аузына сөз салып береміз.

Жүрегім дір ете түсті. Бір сұмдықтың қолаңса ісі мұрныма келді.

– Әй, Өркеш, сен менің қандай тілмаш екенімді білесін ғой. Осы мәселеге мені араластырмасаң қайтеді? Соңыра әбден ашыққан қасқырдай жағым қарысып қалып, дүйім жұрт алдында маскара болып жүрермін. Әрі Бопиндер үштігінің маған жасаған қылдай қиянаты жоқ.

– Жо-жоқ, олай деме. Мәлім білдей азамат басымен бізге сеніп отыр. Тапа-тал түсте Таңқайларға үкімет нәрсесін ұрлатып оларды тасыраңдатып қоямыз ба?. «Көп басқан боқ басады» дегендей, олардың қыл сағақтан ілінген жері осы.

Көп ойланып, ыңыранып-теңселіп тұрып:

– Тәуекел, Мәлімнің сөзі жерде қалмасын. Ұры-кәзаптардың өз обалдары өзіне, – деп жолдастық сотта бірінші болып сөйлеуге уәде бердім.

– Міне, жарайсың, Құди. Мәлімді қуантайын, – деп Өркеш өрге өрмелегендей еңтіге басып жөнелді.

Жолдастық сот мәжілісі басталды. Сот төрағасы Мәлім Майманов Таңқайлардың тапа-тал түсте түрлі номерлі отыз жеті болт пен елу бір гайканы, қырық тоғыз шегені ұрлағаны жайлы бірер сағатқа жуық айыптау сөз сөйлеп, Таңқайлардың әбден жер-жебіріне жетіп, көнерген тулақша сілкіледі.

Мәлімнің сөзінен кейін отырғандардың қыбыр-жыбыры, сыбыр-күбірі көбейіп барады. Езулеріне күлкі оралып, өзінен-өзі қытығы келіп отырғандар да жоқ емес. Манағы келісім бойынша енді мен сөйлеп, мына жұрттың аузына сөз салуым керек қой. Басымды көтерсем Өркеш пен Мәлім: «Енді неғып отырсың солбырайып?» – дегендей маған оқтаулы көздерін қадап, сәл кешіксем терімді тірідей сылып алар сыңай танытты.

Орнымнан серпіле көтерілдім. Көтерілгенімді қайтейін, «ық» дерімді де, «бық» дерімді де білмеймін. Бетім дуылдап, аяғым дірілдеп, буынымнан, әлі кетіп барады. Бәрінен де масқарасы: Өркештің қай Таңқайды сына дегенін есімнен тарс шығарып алдым. Тоқта, тоқта... Тұраштың Таңқайы, Елпектің...

Ғұмырымда мұндай қысылмаспын. Бәрінен бұрын Қара теңіз жағалауында бір ай жатып, әлпештеп, әлдилеп әкелген нервтерімді айтсайшы! Қырық пышақтың ортасына түскендей күй кештім. Ептеп ұры Бопиндерге ұрлана көз қиығымды түсірсем Тұраштың Таңқайы маған одырая қарап, танауын көкке тіреп отыр екен. «Пішту, сен құлатқан таудың да салмағын көрерміз», – деп мені кекететіндей. Ызам келіп кетті. Өзін ұры, кінәлі санайтын Тұраш жоқ: «Жүзі қараның жүзі таймайды», – деуші еді. Өркеш маған дәл осы Бопинді сына деген болар деп Тұраштың Таңқайына шүйіліп кеп бердім. Қолымды оңды-солды сермелеп, ара-арасында аяғыммен жерді тепкілеп қойып сөйлегенімде, залдағылардың бәрі жүн түтіп, түбіт қылшықтап кеткендей жым-жырт, тым-тырыс бола қалды.

– Жолдастар! Талқанның Таңқайын.. жо-жоқ... Елпектің Таңқайын... астапыралла, әлгінде өзім сынаған... ие, ие,, әлгі Тұраштың Таңқайын жұмыстан шығарып, ісін халық сотына

беру керек. Мұндай ұрылар мен сұғанақтардың мойындарына қарғы бау тағып, беттеріне қыздырып қара таңба басу керек. Матвей сияқты қырағы шалдарға ескерткіш орнатса да артық емес. Өз басым бар пәле Тұраштың Таңқайында жатыр деп білем. Оның қылдан қықым іздейтін адам екенін бала жасымнан бері білем...

– Құди сыңар езуледі. Басқа Бопиндер туралы тіс жарып ештеме демеуі қалай?

– Дұрыс, дұрыс айтады. Таңқайдың үшеуі де кінәлі емес пе?

– Меніңше, Құди тым асыра сілтеп, қызыл тілге ерік беріп отыр. Бір-екі уыс темір үшін азаматтың бетіне қыздырып қара таңба басайық деумен өз басым келіспеймін, – деген дауыстар шықты.

Бұл шақта Өркеш орнынан атып тұрып, мәжіліс ағасынан сөз сұрады.

– Меніңше, Құди дұрыс айтады. Меніңше ұры үшеу болғанмен осыларға ақыл-кеңес беретін, бәлеге бастайтын «дирижер» Елпектің Таңқайы екені рас.

«Өркеш Елпектің Таңқайы деп тұр ма? Ал мен қай Таңқайды сынап едім?... Қап!..»

Өркеш бөгеліп барып, сөзін қайта жалғастырды:

– Елпектің Таңқайын мен ит қырылғаннан бері жақсы білем. Ол жасында ұрлық-қарлыққа тым әуес еді. Қораға түсіп, тауықтың жұмыртқасына дейін қоймайтын. Оның қырсығынан бүкіл ауылдың тауығы ұясынан безіп, шөп-сабанның арасына жұмыртқалайтын болды. Ол балалардың асығына да қырғидай тиетін. Менде ай мүйізді, арқар маңдайлы қара қошқардың еш уақытта шігінен түсіп көрмеген сақасы болатын еді, бұл оңбағанның сол сақамды тартып алып, өзімді суға тұншықтырып өлтіре жаздағаны да бар. Меніңше, жолдастар, Елпектің Таңқайын жұмыстан қуып, соттау керек сияқты.

Өркеш қызара бөртіп, Мәлімді енді риза еттім-ау деп орнына көңілдене отырғанда, залдағылар тағы да шуласып кетті:

– Өркештің пікірімен де қосылуға болмайды. Ол баяғыда сүйегі қурап қалған қара қошқардың сақасына қазір құн сұрап тұрған тәрізді. Құн сұраса бала күнінде қайда қалған?

– Бұл жерде тауық жұмыртқасын жырға қосудың қажеті жоқ еді.

– Шаш ал десе, бас алатын заман жоқ, тежеле сөйлесін, жарыссөзге шыққан жолдастар.

Өркеш екеуімізден кейін сөз алған жолдастардың бәрі де ұстамды, ұғынықты сөйлеп, салиқалы пікірлер айтты. Ашық жолдастық сот ең соңында Таңқай Бопиндердің үшеуіне де ақшалай айып салып, қатаң сөгіс берумен шектелді.

Жиналыс бітіп, бәріміз сыртқа шыққан соң Мәлім Өркеш екеуімізге сұстана қарап бар қаһарын төкті:

– Соқыр түйе сияқты беттеріңе жайылғандарың не? Біреуің Тұраштың Таңқайын сынап, біреуің Елпектің Таңқайына тиісіп, айдалаға лағып кеттіңдер ғой. Құдай-ау, мен Талқанның Таңқайын талқандайық, соны есекке теріс мінгізіп, айдалаға қаңғытып жіберу керек демедім бе? Екеуің де миғұла, кеше неме екенсіңдер ғой. Сендердің барыңнан жоғың, – деп Мәлім жерге бір түкіріп, бізге бұрылмай тартып отырды.

ШЕҒЕ

Шырт ұйқыда жатқан Насыр таңертеңгілік қорадағы тауықтардың бакырып-шақырған дауысынан оянып кетті де, қайтадан ұйқтай алмай сорлады. Осы бір демалыста алаңсыз жатып, көзі-басы көнектей болып ісінгенше ұйықтамақ еді. Таңғы тәтті ұйқысын пышақпен кескендей бөліп жіберген тауықтардың талқанын шығара жетпіс жеті әкелерінен бері қарай сыпыра боқтап, бір жамбасынан екінші жамбасына ауысып, үһілеп біраз жатты. Әлден уақытта кеше жатарда әйеліне берген уәдесі есіне түсіп, ұйқы тұманы сәл-сәл сейіле бастады. Көзін ашты. Бірақ тұра қоймады. Денесі қорғасындай ауырлап, арқасы кереуетке жабысып қалған сияқты.

Ол соңғы кезде радиодан да, жұрт аузынан да таңертеңгілік тұрғанда дене шынықтыру жасаудың денсаулыққа аса пайдалы екенін ести-ести құлағы әбден жауыр болған еді. Күнде ұйқысынан ояғанда: «Бүгін бір дене жаттығуларын жасап көрейінші, осы жұртқа керек денсаулық маған керек емес пе?»-деп тісін қайрап-ақ жататын. Бірақ төсектен тұрған соң: «Қойшы, жыл биылмен, күн бүгінмен таусылмас, әзірге атан өгіздің орта жілігін қолмен ұрып сындыратын күшім бар ғой, ертең көрермін», – деп қолын бір-ақ сілтеп, шалбарына жармасатын.

Ол қазір дене шынықтыру мәселесін ойлаумен болды. Сосын бүгін қайтсе де спорттық жаттығулар жасамай, аяғын қия баспауға, әйелі Бибігүлдің тапсырмаларын аспаннан тас жауса да мүлтіксіз орындауға тас түйін боп бекінді.

Насыр төсектен ыршып кеп тұрғысы келсе де, тұра алмады. Басын көрпе астынан үйректің сары ауыз балапанындай қылтитып, едәуір жатты. Көзін қайта-қайта уқалап, әлсін-әлі аузын кере ашып есінеді. Сосын ауыр қозғала орнынан тұрып, екі аяғын кереуеттен салбыратып, біраз отырды. Тағы да шалбарын кие бастағанда, спорттық жаттығулар жасамағаны есіне түсті де өзінен – өзі ұялып, уәдесін ең болмаса бір рет орындамақ болды.

Жаттығуды төсекте отырып-ақ жасай бастады. Алдымен аса бір сақтықпен бір қолын жоғары көтеріп еді, қолтығы сөгіліп, ырыққа көнбей қолы өзінен өзі төмен түсіп бара жатқандай болды. Оған ерегесіп, екі қолын қатар жоғары көтеріп кеп жібергенде, бүкіл ішек-қарны жүрегінің астына келіп тығылып, денесінің қытығы келіп кетті. Денесіне көзі түсіп еді, қабырғалары «спорт сенің не теңің» деп ыржың-ыржың етіп, мазақтап күлгендей болды. Мойнын екі жаққа алма-кезек бұрып көріп еді, көз алды кіреукеленіп, басы айналып, төсектен құлап кете жаздады.

Енді ол жаттығуларды төсектен тұрып жасауға ұйғарды. Сөйтті де екі аяғы жерге тиер-тиместе-ақ құлағын аяз қарығандай ысып-ысып жіберді. Екі құлағы ду ете түсті, шеміршектері шетінеп, миының іші қайнаған самаурынның шуылына толғандай болды. Аяғын бүкпей, екі қолын жерге жеткізейін деп еді, қолдарын тізесінен әрі асыра алмады. Оның өзіне буындары сынғаннан бетер сырқырап, бел омыртқалары сатыр-сұтыр сынып, жұлыны үзіліп кете жаздады. Сол-ақ екен: «Ау, осы өзімді-өзім итше қинап, менікі не азап? Спорттан хабары жоқ әке-шешем де сексенге келіп, төрде төбе көрсетіп отырған жоқ па еді», – деп тез киініп ала қойды.

Таңертеңгі шайды асықпай ішті. Терін басып, біраз отырды. Сосын әйеліне далада бір айдан бері жатқан көмірдің бір түйірін де қалдырмай қораға кіргізіп тастайтындығын айтып, тысқа шықты.

Даланың жұпар иісі мұрын қытықтайды. Насырдың тұлабойы рақаттанып, ұйықтағысы келді. Тұғырға отырып, кеудесін кере дем ала бастады. Сөйтіп отырып, қора алдында

жайрап жатқан көмірге көзі түскенде, денесі ақпанның қызыл шұнақ аязына қарылғандай тітіркеніп кетті. «Патшағар, мынауың кішігірім обадай бар ғой, қашан тасып тауысам?» – деп ойлады. Әйеліне жаңа ғана айтқан сөзі есіне түскенде, екі оттың ортасында қалып, қанатынан өртенген көбелектей шыжбыж болды.

Көтерем түйедей орнынан сүйретіле тұрып, көмірге қарай көзін жұма беттеді. Қатар жатқан екі шелектің кішірегіне кішірек күрекпен көмір сала бастады. Қораға бес-алты қатынағанда, қатпар-қатпар мандайынан тер дегенің жылғадай ақты. Терін алақанымен сүртіп-сүртіп алғанда, бет-аузы көмір үстінде ұйқтап қалған кочегардан бетер болды. Оны елеп жатқан Насыр жоқ.

Бір кезде тауықтар қаптай келіп, көмірдің айналасын бұрқырата теуіп, шаша бастады. Бұл қарекетті нағыз қаскүнемдікке санаған Насыр тауықтардың соңына түсіп кеп берді. Албардан қораға, қорадан албарға қуып тықты.

– Құдай-ау, ол тауықтарда нең бар? – деп Бибігүл айқай салып еді, Насыр да қарап қалмай:

– Немене, қуғаннан жұмыртқасы түсіп қалар деймісің? Бет-аузыма көмір ұшырып, тіпті жұмыс істететін емес, зәнталақ келгірлер, – деп күңкілдеп жүр. Ол енді осы көмірді алғанына өкінді. Қанша тасығанмен, көбеймесе азаймайтын сияқты. Тіпті біреуге «бір жарты» беріп жалдап, тасытып алғысы да келді. Бірақ әйелінен ұялды.

Тілі аузына симай шөлдеді. Су ішіп келіп, тұғырға отырып, албардың ішін көзімен сүзіп өтіп еді, қоқыстан аяқ алып жүргізісіз екен. Осы сәт оның жүзі әлденеден жылып сала берді. «Ау, осы көмірі түскіріңді біраз кіргіздім ғой. Енді албардың ішін сыпырып, мұнтаздай қылып қойсам қайтеді? Бұл да жұмыс қой!» – деп ойлады.

Үлкен сапты сыпырғыш іздеуге кірісті. Оны еш жерден таба алмаса да, бір қараған жеріне он оралып, асықпай жүріп іздеді. Көршілеріне барып келді. Таба алмады. Жолда бір қалжыңбас құрдасымен кездесіп, сағаттан артық әңгімелесіп тұрды.

«Қой, ауланы мұндай қоқыс күйінде қалдыруға болмас. Келген жұрттан ұят-тағы. Бір сыпырғыштық тобылғы әкеле қояйын», – деп ол пышақ алып, ауыл сыртындағы орманға қарай беттеді.

Тобылғылар қолдың ортаңғы саусағындай жуан екен. Бір жылдан бері қайрақ тимеген пышағы тобылғы түгіл, шөп басын қиюға да жарайтын емес. Оны анадай жерге лақтырып жіберіп, қолымен сындыра бастады. «Е, пышақтан да қолым дұрыс болды ғой! – деп өзінің бұл тапқырлығына әбден риза болды.

Бірақ оның бұл қуанышы ұзаққа бармады. Жуанырақ тобылғыны бар күшін салып сындырып жатқанда, алақанына бір ағаш тікен кірді де кетті. Жылан шаққандай ойбайын сала атып түрегелді. Пышаққа да, сындырған тобылғыларына да қарамай қолының қанын ағызып, үйіне тұра жүгірді.

Бибігүл түскі тамақты әзірлеп қойып, күйеуінің қайда кеткенін біле алмай, қайран қалып отыр еді, бет-аузы айғызданып, қолынан қара қанын ағызып, ойбайлап жетіп келген күйеуін көргенде, не істерін білмей сасып қалды. «Әй, сорлы-ай, ісіңнен байбайың көп-ау», – деп қолындағы тікенін алып, жарасын таңып берді. Насыр әуелде қолын жаралап алғанына ренжігенмен, артынан: «Енді көмір тасудан құтылдым ғой», – деп қуанды.

Түскі тамақтан кейін ол ұйықтауға кірісті. Күн бата бір-ақ тұрды. Мал келіп жатыр екен. Алдынан шыққан болып қарасын көрсетті. Астауға су толтырып жатқан Бибігүл:

– Еркек атың бар ғой. Анау екі бағанның басына екі шеге қағып, кір ілетін жіп керші, – деді.

– Ойбай-ау, Бибігүл-ау, сен осыны анда бір айтып едің-ау. Мен қалай ұмытып кеткем,ә? Қазір қағып бере қояйын, – деп зыр-зыр етті.

Екі бағанның басына шеге қағып, ортасынан жіп тартқанша ымырт үйірілді. Екі шеге қағамын деп, бір қобдиша шегені майыстырып, жарамсыз қылып тастады. Ең соңында майыспаған жалғыз-ақ шеге қалып еді.

– Бәйбіше, мынаны қай жерге қақсам екен,ә? – деді әйеліне көтеріңкі көңілмен.

– Анау сортаң жерге шыққан асқабақ сияқты таз басыңа қақ! – әйелі теріс бұрылып жүре берді.

– Ей, бұл әйелдерге жағып болмас!

ҰЯЛҒАН ТЕК ТҰРМАС

Таңертеңгілік Избайдың тауық қора есігін ашып жібергені сол еді, тақтаймен биік етіп қоршалған кең албардың іші азан-қазан, у-шу болды. Күндегі әдетінше ол жүз қаралы тауықтан ала бөтен көзге түсіп, тоты құстай құлпырып, қоқиланып тұрған қоразға біраз сүйсіне қарады. Доғалана иілген, қызылды-жасылды құйрық қауырсындарының қайсыбірі жер сызады. Қаны тамған қып-қызыл айдары төңкеріп қойған тостағандай.

Избай осы қоразын «бақыт құсы» деп есептейді: оны базардан сатып әкелгелі бір шыбышы да өліп, не жоғалып көрген емес, жиырма тауығы жүзге жетті, сатылған мен желінгенінде есеп жоқ; қоразды әкелген күні төсек үстінде көктүйнегі ұстап жатқан Қатипа жастықтан басын көтеріп, тілге келді; үш күннен бері бұзаулай алмай жатқан шолақ құйрық қасқа сиыры мөңіреген ұрғашы бұзауы туды; әлдеқашан өліп қалды деген жетім қара козының өзі қалың шіліктің арасынан көзі ежірейіп, тірі табылды; аманның жеті қабатына кіріп, жоғалып кеткен құлынды биесі кісінеп үйге келді. Осының бәрі қораздың құтты жолынан болды деп Избай ырым етер еді.

Избай түпкі тас қараңғы қорадағы тақтай сусектен сары ағаш табақпен моншақтай қып-қызыл тарыны үйеме қып алып шығып, тауықтарына селдірете шаша бастады.

Табақтың түбінде аздап тары қалып еді, оны күндегі дағдысына салып: «Мә, ақ үзікті алтын ордамның құты, ашығып қалмағай», – деп ілтипат көрсете қоразына қарай лықсыта төге салды. Қоразы тарыны самарқаулау бір-екі рет шоқып, «қоқ,қоқ» деп басын жерден көтеріп иесіне тәкаппарлана қарап алды да іле: «ку-ка-ре-ку» деп шырқатып жіберді. Бұл кезде Избай: «Шақыра түс, жарқыным, шақыра түс, сен бекерге шақырмайсың. Осы үйге бақ-дәулет шақырасың», – дегендей іштей әтеш даусына елтіп, одан сайын ынтыға түсті. Үйдегі әсем кілемдер мен ою-айшықты текеметтер, Ташкент жақтан сатуға әкелген сандық толы көкті-жасылды пүліш пен панбарқыт, сусек толы ұн мен қамба толы астық көз алдынан елестеп өтті.

Сиырларын өріске жеткізіп тастап, қайтып келген Қатипа: – Әй, былжыраған балшықтай иленіп, қойды осы күнге дейін шығармай неғып мелшиіп тұрсың? – дегенде ғана Избай әсем әтешінен көзін амалсыз айырып алды.

Жаздың таңғы ауасы түрлі шөп пен күрең тобылғының қою хош иісімен араласып, адам жанын жадыратып, мұрын қытықтайды. Салқын самал үйіріліп, бетке соғады. Табиғаттың осындай жасаулы шағында көңілі әбден сергіген Избай өңкей құйрықты қойлары мен ешкілерін қырға айдап келе жатып, тәтті қиялға шомады. Түбіттің түгі тиын болып тұрғанда... ешкілердің өзінен қанша табыс түсетінін қайта-қайта есептей түседі.

– Отарың мен жайлауға шығып барасың ба? Қабденнің даусы оның тәтті ойларының шырқын бұзып жіберген еді. Қабденнің өзін де, сөзін де жақтырмай қалған Избай сұлық қана амандасты да, ішінен: «Күні-түні совхоз қойының соңында сүметіліп жүріп, осыған не қыршаңқылық керек екен, бейнетқор сорлы-ау. Бірақ жаманның тілі қашанда ащы келеді емес пе?» – деп ойлады.

Ол қой-ешкісін шіліктіктен әрі айдап салды да үйіне бұрылды. Құлағына шөп машиналарының шалғы сырылы, трактор гүрлі естілді. Шөп шығымы шамалы болған соң ауылдағы зейнеткер қарттар қоғамдық малға бел орақпен ағаш арасындағы шөпті шабуға кіріскен. Сол бел орақшылар бүгін де таңғы салқынмен Аққайыңның табанына шалғы салып жатыр екен. Избай үйінің қасына жете бергенде, оның қоразы Ақәділ қорасына барып зымп берді. «Ой, мынау иттің Ақәділдің тауықтарына көңілі кетіп, семьясын тастайын дер жүр ме өзі?» – деп Избай әлгінің соңына түсті. Қараңғы қорадан бір әтешті қырылдатып алып шыға бергенде, алдынан Ақәділдің әйелі Күлтай кездесті:

– Избай-ау, мұның не? Қораға күзен кіріп кеткен бе десем, сен бе едің? Ойбай-ау, біздің әтеште нең бар?

– Сөзді қой, өзімнің әтешім. Сіздің қораға келіп, жігіттік құрып жүрген жерінен ұстап алдым.

– Жібер әтешімді. Міне, аяғының белгісі бар, – деп Күлтай да беріспеді. Ақыры Избайдың әтешті жібермесін сезген соң:

– Ой, дүниеқоңыз, күнерез. Адал еңбектің садағасы болсын. Әтешті сен-ақ ал!- деп жүре бергенде, ар жақтан Избайдың өз әтеші де «ку-ка-рекулеп» шыға келді. «Ұялған тек тұрмас» дегендей Избай сасқанынан:

– «Апыр-ай, Күлтай-ай, сендердің мынауларың біздікінен аумайды екен,- деп әтешті қоя берді. «Үнің өшкір, кеңірдегінді кермей, сәл шыдасаң ішің кебетін бе еді»,- деп өз

әтешін келістіре бір боқтады.Өмірінде тұңғыш рет «бақыт құсына» тіл тигізгені іле есіне түсіп, «тіл-аузым тасқа тисін» деп, зәре-күты ұшып кетті.

ШАРМЕҢ БОЛУ ОҢАЙ МА?

Менің шармең, яғни ресмилеп айтқанда, «Ақоба» совхозы Шолақсай бөлімшесінің шаруашылық меңгерушісі яғни завхоз болғаным, тұспалдамай дәлдеп айтқанда, тура үш жыл, үш ай, үш апта, үш күн. Сағат, минут, секунд жағына барсақ тым ұсақтап, жұмыртқа үстінен жүн қырқып кетерміз. Сіздерге енді шыңғырған шындық желісін тартып, осындай аз уақыттың ішінде өтірік айтпаса өліп кететін, біреуге жала жаппаса аузы жалақ болатын, кейбір асқазанында ас айнамайтын адамсымақтардың мен жөнінде айтқан небір ғайбат сөздері мен іс-қарекеттері жайында мұң-шерімді сыртқа шығара отырайын.

Ең алдымен айтарым: ірі қара малдың іш майындай табаға салып шыжғырсаңыздар да шыным сол-Шолақсай бөлімшесінің шармеңі боламын деп, ұйтқыған өсек сөздің көзіне айналамын деп, ең болмаса бір сәт өнім түгіл түсімде ойлап көрген жан емеспін. Бәленің басы бөлімше басқарушысы Тойпаннан басталды. Ол қара шаңырағымның есігін қақ жара кіріп, талтайып тұрып, қасқая қарап:

– Ойпан, бүгіннен шармең, яғни осы бөлімшенің шаруашылық меңгерушісі өзің боласың. Совхоз дирекциясымен де келісім бар бұл ұсыныс жөнінде, – деді.

– Тойпан-ау, ұсақ-түйегі, быж-тыжы көп жұмыс қой. Алып жүре алар ма екем? Былайғы жұрт көді-сөді жұмыс десе де шармең болу оңай емес.

– Ештеңе етпейді, быж-тыжы көп болса, шыж-быжы да мол.

– Шыж-быжы не пәле, Тойпеке?

– Ойпан-ау, өзің отызыңда орда бұза алмадың, қырқыңда қырғаныңды да көре алмадың, енді елудің етегіне жармасқалы тұрғанда шыж-быжы да білмегенің бе сенің? Білмесең айтайын: «шыж-быжы мол» дегенім – ішіп-жемі, сорпа-суаны, көже-қатығы, айран-шалабы, киім-кешегі және тағы, сондай-сондайлары дегенім.

– Е, міне мұныңызды жыға түсіндім. Әрине, әрине, жұмыстың быж-тыжы көп болғанда, жаңағы өзіңіз айтқандай – деп ризалық сезім таныта шармең болуға келісімімді бердім.

Аяқ астынан шармендікті қабылдап алған алғашқы күннен бастап-ақ бұл жұмыстың Тойпан айтқан шыж-быжын тата да бастадым. Бұрын кейде тату, кейде бату, дүрдараз көрші-көлем дегендеріңнің маған деген көзқарасы, қарым-қатынасы іле өзгеріп сала берді. Сол жақтағы көршілердің біреуі шайына, оң жақтағының біреуі асына шақыруға әзір тұратын болды. Одан көршінің көршісі, көршінің көршісінің көршісі... дегендей, бір-бірінен қақпақылдап, жерге түсірмей қағып алып отырды деуге болады. Бедел, абырой дегенің желдей өсіп, селдей қаптап жүре берді. Мәселе мұнда емес, менің айтпағым тіпті басқа.

Шолақсай қайбір жетіскен, төрт құбыласы сай бөлімше еді. Азық-түлік, жем сақтайтын қойманың төбесі аңғал-саңғал, тіпті бір жақ бұрышында құс түгіл, аю кіріп-шығарлық тесіктер бар.

– Жатпай-тұрмай алдымен осы қойманы ретке келтіріп, жөндеп алындар. Әйтпесе қоғам мүлкі босқа рәсуа болып жүр, – деп совхоз директоры маған да, бөлімше басқарушысына да қайта-қайта қатты тапсырып еді.

Бастық айтқан соң жан қала ма, қойманы шұғыл қолға алып, қатырып тұрып жөндеп тастағым келіп, Тойпаннан құрылыс материалдары жөнінде көмек көрсетуін өтіндім.

– Пәлі, қойма жөндеу деген не сұмдық, осы да жаңалық болып па? Бастық дегендерің еш уақытта дені дұрыс сөз сөйлер болмас, есінде болсын. «Әкел», «бер», «жеткіз», «орында», «жөнде» деген сияқты бұйрықтарды бере береді олар. Ал, біздің міндетіміз – олардың айтқан бұйрықтарын табан астында өліп-тіріліп орындау емес, қайткен күнде де «құп» деп бас шұлғып құптаған болып, сынаптай сырғып, сытылып шығып кете беру. Тойпан маған бақшырая қарады.

– Сонда, Тойпеке, қалай болғаны? Қойманы жөндемеу керек пе?

– Әлбетте, жөндемеу керек. Бастық бақырады екен деп сен табанда тәйкеңнен тұра қалма. Сенің әлі шаруаға қырсыздығың, ешқандай есеп-қисап білмейтіндігің көрініп тұр, Ойпаным.

– Меніңше, Тойпеке, қоймаңыз қолайлы болса, азық-түлік, жем сақтауға да оңтайлы емес пе?

– Тіпті олай емес, бар пәле осыдан басталады. Егер біз қойманы қатырып тұрып, бір саңылауын қалдырмай бітедік дейік. Ертең біз осының қырсығынан өзімізге бір қадақ жем ала алмаймыз. Ал қоймамыз шұрқ-тесік, аңғал-саңғал болса, ертең жартысын списайтқа шығарамыз, түсіндің бе? Сондықтан сен қойма жөнінде алаңдап, былқ етпе де, бүлк етпе. Шармендіктің әлі сен түсінбейтін небір қитұрқылары бар, тек ішің білсін, Ойпаным.

Не керек, қабырғаммен кеңесе, омыртқаммен ойласа келе Тойпанның айтқанын басшылыққа алып былқ етпей, бүлк етпей жүре бердім. Шынында Тойпекеңнің айтқан ақылы көңіліме қона кетті. Әсіресе «списайтқа шығарамыз» дегені құлаққа қандай жағымды!

Егін орағы басталып, сырттан механизаторлар шұбырып келе бастады. Бір күні бөлімшедегі жатаханаға толып жатқан қосымша төсек-орын мен ыдыс-аяқ әкелдім. Әкелген дүниелерімді қоймаға орналастырып бола бергенімде, Тойпан әйелімен ат-арбаны сықастыра толтырып ескі көрпе-жастықтар мен аяқ-табақтарын, шелек-шылапшындарын алып келіп тұр.

– Оу, Тойпеке, мыналарың не, қайда көшіп кетіп бара жатырсындар екі кештің ортасында? – дедім түкке түсінбей.

– Сенімен айырбас жасаймыз. Біз – саған, сен – бізге, түсіндің бе?

– Тойпеке сонда қалай болғаны?

– Қалай болғаны қалай? Сен мынау әкелген жаңаларыңды маған бересің, ал мен әкелген ескілерімді саған беремін. Бұлар да ескі емес, былтырғы ғана дүниелер. Біз марқұм Типыш екеуміз ылғи да осылай жасайтынбыз. Сен де үйдегі ескі-құсқыларыңды жаңартып ал. – Тойпан арбадағы нәрселерін апыл-ғұпыл жерге түсіре бастады.

– Тойпеке, мұнымыз заңға томпақтау болып, келген қонақтардан ұяттау болып жүрмес пе екен?

– Ойпаным-ау, түкке түсінбейтін кеше, миғұла болмасаң жарар еді. Келімсектер бүгін топырлап келеді, ертең бір-бірлеп тырағайлап қашып, зым-зия жоғалады. Ондайлар еш уақытта күй талғамайды, өздері де уақытша келгендерін сезініп, бергенінді ішіп-жеп, бұқпантайлап жүре береді. Тіпті келім-

сектерді тап-таза төсек-орынға талтайтып жатқызып, үр жаңа ыдыстан тамақ ішкізіп қою – біздер үшін орынсыз мырзалыққа, асыра даңғазалыққа жол бергендік болады ғой.

– Тойпеке-ау, ондай қитұрқыларды мен қайдан біле берейін. Ала беріңіз ендеше, ала беріңіз. Менікі білместіктен әшейін айта салған ғой.

– Е, осыныңнан кел. Сен былқ етпе де, бұлк етпе. Менің айтқанымды екі етпей орындай бер, орындай бер, Ойпаным. Бәрін өзім реттеймін. Қолда тұрғанда қарманып қалу керек, түсіндің бе?

Тойпан әйелімен әкелген бір арба ескі-құсқыларын ә дегенше жаңа дүниелерге айырбастап алды.

Мен де қарап қалғаным жоқ. Бөлімше басқарушының айтқанындай, үйдегі бар ескі-құсқы дегенді жаңаға айыр бастап, ескі шелектер мен шылапшындарды моншаға апарып тастадым.

Бөлімше клубына түрлі-түсті телевизор келді. Осыншама қымбат әрі үр жаңа қадірлі затты есік-терезесі жоқ клуб үйіне, болмаса ашық-тесік жатқан қоймаға апарып қалай қоюға болады. Әрі ойлап, бері ойлап өзімнің даладай кең төргі бөлмеме әкеп қойып, тоққа қосып кеп жіберіп едім, Тынық мұхиттың ақжал толқындары мен Алатаудың ақбас шындары қаз қалпын өзгертпестен үйдің ішіне кіріп келгендей болды. Бүкіл үй-ішімізбен мәре-сәре боп есіміз шыға қуанып, телевизордың жанында тасбақадай тыпырладық та қалдық. Содан бері әлгі телевизор әлі біздің үйдің төріне сән беріп тұр. Әйелім мен балаларым оған шаң түсірмек түгіл, шыбын да қондырмайды. Ал енді осыны бөлімшенің өсек-аяңға үйір кейбір көрінде өкіргір қатын-қалаштары: «Мемлекет мүлкін өз мүлкіндей пайдаланып отыр», – деп сырттан ғайбаттайтын көрінеді. Міне, қоғам мүлкіне жаны ашымастық деген осындайдан шықпай ма? Ойпырмай, сол зэнталақтар телевизор үшін ашық-тесік клуб пен қоймадан гөрі шармеңнің үйі дұрыс болатынын білмегеніне ақ өлердей ызаң келіп, пұшайман боласың.

Асханаға жіберілген екі «ЗИЛ» тоназытқышы да өсек сөздің ошағына айналды. Арқырап істеп тұрған екі тоназытқышты есік-терезесіз асханаға қоюдың ретін таба алмай Тойпан екеуміздің әбден басымыз қатты. Ақыры асхана меңгерушісі Ақмойын келіншекпен ақылдасып оның біреуін менің,

екіншісін Тойпанның үйіне қоюға ұйғарым жасадық. Қажет болса, аспаздар керек заттарын тоңазытқыштарға әкеп қойып, керегінде алып тұратын болып келістік.

Бірде бөлімше малшыларына бөлінген қара тон әкелдім. Обалы не керек, келген қара тонның түгелге жуығын малшыларға қыл үстінен бөліп бердік. Әрине, резервке деп екі-үш тонды кейінге алып қалғанымыз рас. Сіздіңше сол қара тонды қайда сақтаған қолайлы – қоймада ма, әлде шармеңнің үйінде ме? Меніңше шармеңнің, яғни менің үйімде сақталғаны жөн сияқты емес пе? Ертең біреу-міреуге керек болып қалса алам да берем. Рас, әзірге қара тонды ара-тұра сапарға немесе қыдыруға шыққанда киіп алатынымыз бар. Одан тонның бір тал қылшығы да қисайған жоқ. Қисаймайтыны – үйде тұрған нәрсе оп-оңай тоза ма? Әлі үр жаңа қалпы. Ал, ол қоймада болсыншы, ендігі қара тулаққа да жарамай қалар еді.

Совхоз директоры жуырда:

– Биыл қайтсеңдер де қойманы жөндейсіндер. Әйтпесе қараларынды су түбіне батырамын, – деп шаңымызды қағып кетті.

Зәрем ұшты. Директор кетісімен:

– Тойпеке, ендігіміз ұят болар. Қойманы биыл жөндемей болмайды. Су түбіне кетіп жүрерміз, – дедім.

– Былқ етпе де, бүлк етпе! – Тойпанның нығырлай, салмақтай айтқан соңғы сөзі осы болды.

Мейлі мен де былқ етпей, бүлк етпей жүре берем. Совхоздың бас бухгалтері бастаған ревизия келіп, шаруашылықтағы барлық нәрсені қайта есептеуден өткізді. Мойныма бір шеге де мінген жоқ. Сол үшін бас бухгалтердің иығына үйдегі бір қара тонды жаба салдым. Телевизор, тоңазытқыш, тон дегендерінді енді көп ұзамай мерзімі өткендігі үшін списайтқа шығарамыз деп отыр. Ал бұған да мен кінәлімін бе? Бұл жұрттың іші тар ғой, енді осыны да өсекке айналдырып, менің сыртымнан небір ғайбат сөздер айтатын көрінеді.

Шынында шармең болу оңай емес. Бұл үшін мұздай салқын нервті, құрыш төзім, түк естімес миғұла болу керек екен. Сосын ойдағыны орып, қырдағыны қырып ала алатын Тойпан сияқты жөн-жоба сілтегіш ыдыс иесінің болғаны да теріс емес.

СҮЙІСТЕНШІЛІК СЫРЫ

Жігіт: О, аса қымбаттым... Көктен түскен жұлдызым, судан шыққан құндызым, жер желегіндей желкілдеп, жібек ормалдай желпілдеп, Амандық атты тұлпарды, Денсаулық атты сұңқарды қосанжарлас жан серігің етіп жүрген жайың болар. Бұлттан асқан заңғарым, самұрық құстай самғарым, өзегім менің өрт болды, кеткен соң болмай хабарың...

Құралайым – Күн-Айым. Жұмыстың ит басындай көптігі, уақыт деген желмаяның тапшылығы кеудеге симай тыныс тарылтып сартап болған сағыныштың сары уайымын қағаз арқылы жеткізе қояйын десең келісаптай кедергі боп кездесе кетеді. Міне, бүгін қаға беріс- қалтарыста көңілде көкектеген көкорай сезімді көкейімнің көкжиегіне оралған алтындай асыл, күмістей сымбатты сөздеріммен тезірек жеткізуге асығулымын.

Егер сенсең, қолыма қағаз-калам алып, сені көз алдыма елестеткен соң-ақ ішімде бір цистерна бензин өртенгендей жалын тілі ойнап шыға келді. Зәредей шыным: дәл қазір ішкі сарайымдағы бұл өртті бұқтыру бұл қаланың бүкіл өрт сөндірушілерінің де қолынан келмес, сірә. Ал, сен дәл осы мезет жүз-жүз жиырма бес метр жерден көрсем де сөз жоқ, іштегі жалын тілі ақ құйған жыланның басындай жерге сылқ ете қалар еді-ау,шіркін.

Алғашқы махаббат айсберг таулары тақылеттес дер едім. Өйткені оның үстіңгі жағы анық көрінгенмен су астындағы бөлегі жұмбақ тылсым,қараңғы қапас, көр дүние емес пе? Құралайым, жүректегі гольфстримнің жылы ағысымен айсбергтің езуін тіліп ертіп, адал махаббат шырағын жарқылдатып, тағасын тоздырып болған шығармыз ендігі. Көгершінім-ау, жауабыңды главпочтаға тіреп жібергейсің. Пәтер иесі хат көрсе гүлге қонған арадан жаман қадалып, қоңқақ мұрнымен иіскелеп отырып оқиды. Асылы сырт адамның сырымызды білмегені абзал ғой...

Сәлеммен ИКС

Қыз: Жаным Икс... Көктен түскен жұлдызым, судан шыққан құндызым... Өмірімде жан баласына, дәлірек айтқанда еркек қауымына, тұмсық тіреп не ауызша, не жазбаша сыр шерткен мақұлық емес едім. Өтірік айтсам өртеніп, жаңсақ айтсам

жардан құлап өлейін. Өзіңнің жарқын бейнеңді көріп, жаралы жүрек иесі, қанатынан қайырылған, топшысынан майырылған жан иесі боларымды қайдан білейін. Аққудың көгілдірі де, көктемнің нарт гүлі де сенің тал бойыңа теңеу боп таласа алмайтын шығар. Әрине, таласа алмайды. Сенің қасыңда аққудың көгілдірі – қырғауыл, исі аңқыған нарт гүл – қоға боп қоңырайып көрінетігінде шүбә жоқ.

Сен менің махаббатым жалт етіп жанып, жалп етіп сөнетін сықсима шам құсаған бірдеңе деп ойлама. Шүкір, сенің алдыңца мәңгілік шырақ боп жануға жүрегімнің «газы» жетеді. Сөйлесең – сөзің, жүрсең -аяғың, ауырсаң шипаң боламын, иншалла. Тек мені жүзден шыққан сұлу, мыңнан озған ару санасаң болды. Сонымен басымдағы триллиондаған ой иірімдерін қақпалап әкеп миымның құйқалы қотанына қондыра келе былай дегім келеді: жүрегімнің бес баллдық сілкінісінен кейін алысқан қол, берген уәдеде ақыреттік боп мүрдем кеткенше қыл сертте түрушы...

Сәлеммен Игірік.

Жігіт: Ей, сүйікті «Игірік»махаббатым! Сені суымның тұнығы, тауымның биігі санағалы қашан.Ә деп қолыма шырақ алып, соңыңа түскенімде өзінді «Күн астындағы Күнікей қыз» атап едім. «Қалауын тапса қар жанатыны» сияқты, орайы түсіп, сәтіне келсе, жүректің кісен құлпы шошқаның басындай болса да сыңғыр етіп ашылып кететіндігіне көзім әбден жетті.

Алғашқыда алдыңнан шықсам артыңа қарай, өкпе тұсыңнан шықсам жүрек қапталына қарай бұрылып ап тартып берер едің. Кейінгі кезде екеуміз бір өзеннің екі арнасындай, бір ағаштың егіз бұтағындай болып кеттік. Тіпті өмір бойы бір босағадан аттап, бір есіктен шығып жүруге қыл серт те алыстық емес пе?

Осы орайда шақшадай басыма мынадай көкектеген ойлар келеді: өмір деген шиқылдақ өгіз арбаға мініп, «шу-шулеп» ирек салып, ирек қамшылап өту емес. Ендеше қарбаласта төс түйістіріп, ауыз жаласа загске барып, айдай әлемнің алдында некелесіп жатудың өзі мың-миллион маскара, қып-қызыл ұят. Мен сені жанымның жалынымен, жүрегімнің қанымен сүйемін. Сондықтан екеуміз қосыла қалған жағдайда тек қана созылмалы айрандай ұйыған семья құрғым келеді. Бұл оттық

тұтатып, от жаға салу емес, сүйіктім. Махаббат дегенің ыңкыл-сыңқылы көп сатып алған ауру, ол түпсіз тұңғиық, ол Барса келмес аралы, ол – маса тұмсығы өтпес джунгли. Осы тақылеттес қиямет-қайым кешулерінен сынаптай сырғып, мамықтай қалқып өту үшін махаббат күмбезін айшықтап тұрғызуға кіріскен екі жақта да иненің жасуындай жұмбақ сыр болмауға тиіс. Болды екен – түбі ол семьяның шаңырағынан шаң түсіп тұратын болады да, бір жел тұрғанда үй іші көзге түртсе көргісіз құм боранына айналып кетеді. Ар жағы белгілі, кейбіреулер етегін желпілдетіп, бағзы біреулер қос қолымен жер тіреп тұрып, қарқ-қарқ күлкіге басады.

Ей, сүйікті сүмбіл шашым! Егер сен мені шынымен сүйіп, етегімнен ұстағың келсе, менің мына қойғалы отырған шарттілектерімді толығымен орындайтын боласың. Тек жарым-жартысын орындамайтын болсаң да онда екеуміздің бір түндіктің астында түтін түтетуіміздің қисыны келе қоймас, сүйіктім.

Ең алдымен айтарым: еш уақытта қызғаныш қылышын қынабынан суырып, басыма әңгір таяқ ойнатпайсың, жазатайым әйел қауымның біреуімен көшеде қолтықтасып бара жатқанымды немесе оңашалау тұрғанымды көре қалсаң – түк сезбегендей жанымнан күліп өте шығасың; мұнда тұрған ештеме де жоқ, әйелдің қолтығынан демеу-сыпайлықтың, ізетгіліктің белгісі дей саласың, аптасына бес-алты күн ішіп қалсам, қайда іштің-әй, неге іштің деймін-ей, өзің кіммен ішіп жүрсің, ә? – деген жауыр болған сұрақтар беріп, басымды қатырмайсың, арақ ішетін маскүнем емес қой дей саласың.

«Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады», жаман әйел жақсы еркекті надан қылады» деген. Менің сырт көзге жұнттай жылтырап, сыпайы көрінуім үшін киімдерімді үтіктеп, күн сайын шалбарымның қырын пышақ сыртындай сындырып қоясың. Қызметтен келгенде үйде бап болуы керек: есіктен кіргенімде дастарқаныңды жайып, асыңды түсіріп, суытып қоясың. Аяқ-табақты жуу, төсек салып, төсек жинау да әйел қауымының міндеті екенін жақсы білетін шығарсың, сүйіктім.

Семья болған соң аяқ-табақ, қазан-ошақ төңкерілмей тұрмайды. Миллиондаған жүйке талшықтарының кейде бір сәтте жиырылып, жыны ұстап қалатын қояншығы да болады, мұндайда еркектердің әйелдің төбесіне жуан жұдырықты құлаштап тұрып, тастап-тастап жіберуі мүмкін. Қатеден қолым

бір жеріңе оңбастай тие қалса, шыж-быж болып көршілерге немесе милицияға хабарламайсың. Көзің көгерсе – бөкебайға орап, қолың сынса жеңіңе тығып жүре бересің. Адам ит жанды, он-он бес күнде көгерген көзің жазылып, қолың қиюластып, құлыншақтай құлдырап шыға келесің.

«Балалы үй – базар» деп біреулер көкиді. Ал маған түздегі базар болмаса, үйдегі базардан оңашада отырып, түйенің құмалағын санап отырғаным артық. «Балалы үй – пәлелі үй» деп жолдастарың жоламай қоюы мүмкін. Маған тұрмысқа шығатын болсаң, өмірі бала деген пәлеге жоламайтын боласың.

Егер мені шын сүйсең осы тілектерімді мүлтіксіз орындайтының жөнінде сәлем жолдап жібергейсің».

Сәлеммен Икс.

Қыз: Ей, менің сүйікті махаббатым! Өзіңмен өткен күндердің әр сағаты жылға бергісіз дер едім. Алғашқы кезде алдымнан шыққаныңда артыма қарамай, оңымнан шықсаң сол жағыма қарай бұрыла тартқанымда сені шынымен әйкәпір көрді дейсің бе? Біздің затымыз әйел емес пе? Махаббаттан өле жаздасақ та жақсы көретінімізді білдірмеуге, сырымызды шашпауға тырысамыз. Сен қарсы алдымнан қасқиып шыға келгенде қуанғанымнан жүрегім тарс айрылып кеткендей болатын да, лезде бойымды жиып алып өп-өтірік қашқандай болатынмын. Бірақ тез жүрген сыңай танытқаным болмаса, аяғымды бір жерге тыпырлатып баса беретінмін. Кейде сен соңыма түспей бұрылып кеткенінде «өзіме де обал жоқ» деп көшенің келесі жақ шетіне тұрып алып, өксіп-өксіп алатынмын. Сенің жазған хатыңды алып, қойған талаптарыңды мұқият оқып шығып, нағыз еркекке тән мінезіңнің барлығына өлердей риза болдым. Тіпті сенің талаптарыңды орындау мен үшін шырт түкіре салудан да оңай. Ал сүйіктім, менің де саған айтар кейбір тілектерім бар. Егер мені шын сүйетін болсаң, тілегімнің бірін қалдырмай орындайсың. Орындамайды екенсің, бұл өмірде күйеусіз, сүйеусіз қалсам да саған тұрмысқа шығады екен деп ойлама. Сен менің ресторанда даяшы екенімді білесің. Маған да кейде үйден ерте кетіп, кеш оралуға тура келеді. Көпшілік орнына кімдер келіп, кімдер кетпейді. ығайы мен сығайы да, салт басты, сабау қамшылысы да бар. Кейбір сәттерде екінші ауысымды аяқтап, есіктің алдына шыға бергенінде: «Бикеш-ау, үйіңізге апарып салайын,

ә?» – деп, бағзы біреулер көк машинасын көк аттай көлденең тартып: «Бикеш, мініңіз, Қап тауына барсаңыз да өзіңізге қызмет етуге құлдықпын», - деп иліп тұрғандар болады. «Қойыңызшы, жігітім бар ғой, көріп қалар», - дегеніңе де болмайды әлгілер. Адам қара тас емес қой. Епті жігіттердің еліктіріп, әңгіме айтқанда балбыратып жіберетіні бар. Міне осындай кезде қысқа таңның аппақ боп атқанын да сезбей қаласың. Ал, сен мұндайда шаң шығарып, есекше тулап жүрме... біреулер әйелінді шығарып салса, ол сенің де мәртебең емес пе?!

Кейде даяшы қыздардың туған күні немесе әлдеқандай бір шілдехана болып қалады. Ондайда біз түгелімізбен бас қосуды қалаймыз да, ойын-той соңында ырғайдай-ырғайдай болып жата-жата саламыз. Мұндай жиынның аяғы кейде бірнеше күнге созылып та кетеді. Мен көп болса бір немесе екі апта үйге бармаспын. Бірақ сен мені іздеп, әуре болма. «Біздің сүйген жар басындағы бес тал шашты төбесіне түйіп алып, бос тентірейтін ақымақ әйел емес, бір шаруаның жайымен жүрген шығар», – дей сал.

Мен сенің киімінді үтіктеп, шалбарыңның қырын сындырып, тамақ әзірлеп қоюды өзіме зор бақыт санаймын. Тек сен мынаны ескер: мен шалбарыңды жандырып, тамақ пісірсем қолымды күйдіріп алам ба деп қорқамын. Әйел қауымы – гүлдей нәзік қой. Кір жуа қалсам суын сен әкеп, жуындысын сен төгерсің. Үйдегі ұсақ-түйектің бәрін өзім істей салармын. Бірақ мынаны ескергейсің: мен қолыма ине ұстасам құлағыма бір үйір тышқан кіріп кеткеннен жаман қорқамын. Екеуміздің түйемізді өзің қадай салсаң, мені шынымен сүйгендігің болар.

Семьялы өмір – қикулы өмір. Тырна боп тыраулап, шағала боп шаңқылдайтын кездерім де болар. Аяқ-табақ, шыны-аяқ сынса, ауыртпалық кетеді деген сөз бар. Бұған ешбір ренжуге болмайды. Бірақ әйелдердің ашуы да еркектердікінен олқы емес. Долылық буып, қаһарға мініп алғанымда самауырындағы қайнаған суды ағызып алып, «ту, жүзіқара» деп, бетіңе шашып жіберсем, үндемей отыра бер. Әйелмен әйел боп жатасың ба? Ал бетің күйсе, синтомицин эмульсиясын жаға ғой. Бірер аптада бетің бұрынғысынан да жылтырап шыға келеді. Мұндай дәрі-дәрмектерді күні бұрын алып қою менің міндетім болсын. Осы тілектерімді орындайтын болсаң – мені өзіндікпің деп сана. Өзіңнен жылы хабар күтемін.

Сәлеммен Игірік

Жігіт: Ей, сүйікті сүмбіл шашым! «Киім кірі жуса кетеді, көңіл кірі айтса кетеді» деген. Мен әлі саған сары майдай сақтап жүрген шын сырымды айтқан емеспін. Тіпті айтуға да аузым барар емес. Бірақ, амал жоқ, енді айтудың реті келіп тұр. Мен сені қайткен күнде де қармағыма іліктіргім келді де, әлдеқашаннан бері (айтуға да аузым бармай тұр) үйленгенімді, тіпті баламның барлығын да жасырып келдім. Енді әуел баста шынымды айтпағаныма өлердей өкініп, өкпемді жұлып алып итжемдік қып тастағым да келеді. Кеше гөр мені, сүмбіл шашым. Мен тіпті сенің теңің емеспін ғой.

Сәлеммен Икс

Қыз: Ей, тең көрмес тарланым! Жігіт болсаң істеген ісіңе өкінбе. Сен өз бақытыңа, алға қойған мақсатыңа жету үшін менен үйленгеніңді жасыруың әбден заңды.

Бұған мен ренжиді деп, аузымды ашып, қатты сөз айтады деп еш уақытта ойлама. Тек бакытты, махаббатқа толы азғантай күндерді ұмытып кетпесең болды. Енді мен де шындықтың есігін шалқасынан ашып тастап, бүгіп жүрген бір сырымды амалсыздан айтқым келіп отыр. Мен бейбақ өз бақытымды ойлап, бұрынғы екі күйеуімнен екі балама алимент алатынымды, үшінші күйеуімнен үш баламның барлығын ұстасам құлағыма бір үйір тышқан кіріп кеткеннен жаман қорқамын. Екеуміздің түйемізді өзің қадай салсаң, мені шынымен сүйгендігің болар.

Семьялы өмір – қиқулы өмір. Тырна боп тыраулап, шағала боп шаңқылдайтын кездерім де болар. Аяқ-табақ, шыны-аяқ сынса, ауыртпалық кетеді деген сөз бар. Бұған ешбір ренжуге болмайды. Бірақ әйелдердің ашуы да еркектердікінен олқы емес. Долылық буып, қаһарға мініп алғанымда самауырындағы қайнаған суды ағызып алып, «ту, жүзіқара» деп, бетіңе шашып жіберсем, үндемей отыра бер. Әйелмен әйел боп жатасың ба? Ал бетің күйсе, синтомицин эмульсиясын жаға ғой. Бірер аптада бетің бұрынғысынан да жылтырап шыға келеді. Мұндай дәрі-дәрмектерді күні бұрын алып қою менің міндетім болсын. Осы тілектерімді орындайтын болсаң – мені өзіндікпін деп сана. Өзіңнен жылы хабар күтемін.

Сәлеммен Игірік

Жігіт: Ей, сүйікті сүмбіл шашым! «Киім кірі жуса кетеді, көңіл кірі айтса кетеді» деген. Мен әлі саған сары майдай сақтап жүрген шын сырымды айтқан емеспін. Тіпті айтуға да аузым барар емес. Бірақ, амал жоқ, енді айтудың реті келіп тұр. Мен сені қайткен күнде де қармағыма іліктіргім келді де, әлдеқашаннан бері (айтуға да аузым бармай тұр) үйленгенімді, тіпті баламның барлығын да жасырып келдім. Енді әуел баста шынымды айтпағаныма өлердей өкініп, өкпемді жұлып алып итжемдік қып тастағым да келеді. Кеше гөр мені, сүмбіл шашым. Мен тіпті сенің теңің емеспін ғой.

Сәлеммен Икс

Қыз: Ей, тең көрмес тарланым! Жігіт болсаң істеген ісіңе өкінбе. Сен өз бақытыңа, алға қойған мақсатыңа жету үшін менен үйленгенінді жасыруың әбден заңды.

Бұған мен ренжиді деп, аузымды ашып, қатты сөз айтады деп еш уақытта ойлама. Тек бақытты, махаббатқа толы азғантай күндерді ұмытып кетпесең болды. Енді мен де шындықтың есігін шалқасынан ашып тастап, бүгіп жүрген бір сырымды амалсыздан айтқым келіп отыр. Мен бейбақ өз бақытымды ойлап, бұрынғы екі күйеуімнен екі балама алимент алатынымды, үшінші күйеуімнен үш баламның барлығын жасырып келдім емес пе? Сүйіктім, мені сүйетіндігің рас болса, сен де маған ренжімегейсің.

Сәлеммен Игірік

Жігіт: Ей, сүйіктім, махаббатым! Мен сені әлі де хор қызынан кем санамаймын. Бірақ саған жалған айтқанымды еш уақытта да кеше алмаймын. «Өлімнен де ұят күшті» ғой. Мен енді қалған өмірімде сенімен кездесуге, сөйлесуге дәтім шыдамайды...

Сәлеммен Икс.

Қыз: Ей, ақ махаббат тәңірісі! Мен үшін сенен артық жан табылмайтынын жақсы білемін, бірақ сенің қойған бұл талабыңды орындау мен үшін шекілдеуік шаққаннан да оңай. Егер сен мені шын сүйетін болсаң, қалған ғұмырымда өзіңді көрмей өтуге әзірмін. Қош, жортқанда жолың болсын...

Сәлеммен Игірік.

ҚАРА МЫСЫҚ

Жарылқапберген Жаңа жылдың жарқырай атқан таңында дүниеге келген адам. Бұдан бірнеше жыл бұрын ол Жаңа жыл келген сайын стол басында сары уайымның сағымында жүзіп, мелшиіп отыра-отыра ең соңында сұрақ белгісіне ұқсап, имиіп кетер еді. Жұрт Жаңа жылда туғанына бөркін аспанға лақтырып қуанса, ал ол сүйекке тісі өтпеген иттей өлгенше ызаланады. Ызаланатыны: қызмет істегелі қыл үстінде қылпып отырған торғайдай бір жерде тұрақтай алмай келеді; жасы жер ортасына келіп қалса да, тұла бойына жыланқарақ май бітпек түгіл, қайта күннен күнге іші омыртқасына жабысып барады.

Ол әрі-беріден соң әлдеқашан марқұм болған әкесіне де реніш білдіріп отырар еді. Сондағы айтатыны: «Әй, әкетайым-ай, Жарылқапберген деп шошқаның ішегіндей шұбалтып ат қойғаныңа болайын. Әлі күнге дейін жалғанның жарығында шалқайып жатып, шалқып ғұмыр сүргенім жоқ. Менен де гөрі есімдері үш-төрт әріптен шорт қайырылған анау антұрған Әли мен Уәлилердің аспанға лақтырған тасы жерге түспей қалады».

Жарылқапберген өмірге осылайша орта қарындау, қырын қабақтау болып жүргенде, ойламаған жерден дырдай мекеменің бастығы болып шыға келді де, өмірге деген өкпесін қас қағым сәтте-ақ ұмытты. Сол-ақ екен, бұрын қалтасына мысықтың тіліндей блокнот салып жүрмейтін Жарылқапберген енді қолына атан өгіздің басындай пәртпел ұстап, көшеде күндіздің өзінде аспанға қарап жұлдыз санағандай кергіп жүретін болды. Кеңсеге барса да, моншаға барса да бедел тірегі болған пәртпелін қарғылы иттей бірге алып жүреді. Енді ол: «Әй, алтын басты әкетайым-ай, әруағыңнан айналайын, түбі жарылқанатынымды біліп, ныспымды Жарылқапберген қойған екенсің ғой. Көріңнің айналасына көрпе төсеп қойса да артық емес-ау», – деп кейінгі кезде кіндік түбінен тебе көрсете бастаған қозы қарынын әлсін-әлсін сипап қояр еді.

Жарылқапберген бастық болғалы Жаңа жылға бір апта қалғанда-ақ түн ұйқысы тоқсанға бөлініп, алаңдап жүретінді шығарды. Ол кеше тіпті төсегінде жата-жата ұйқысы келмеген соң, орнынан атып тұрып киініп алған еді. Оның тағы бір ғажабы: соңғы кезде жиі- жиі ықылығы ұстап қалатын бол-

ды. Ал, ықылық атқанын жақсы ырымға жоритын әйелі Үрия: «май қап», немесе «аузыңа-май» деп тілек тілейді де отырады. «Май қап» десе, аузына біреу бір қап май тығатындай көретін Жарылқап берген әйелінің ауыз ашқанын тышқан інін аңдыған мысықтай бағамдап отырады да: «Ие, айтқаның келсін, алтыным... ыйқ, мен жеген майды сен де жейсің ғой, алтыным...ыйқ», – деп қайта-қайта ықылыққа басады.

Ол кеше де сөйткен. Үрияның аддында әбден ықылықтап алғаннан кейін, тезірек жұмысқа келіп, Оспан деген жаңада ғана тағайындалған орынбасарын шақырып алып, Жаңа жыл туралы сөз қозғады:

– Қалай,Осеке, бүгін ескі жылды есіркеп, Жаңа жылды жамырай қарсы аламыз ба?

– Ретіне қарай көреміз ғой.

Жарылқапбергеннің тағы да ықылығы ұстап қалды.

Жаңа орынбасары бұрынғы орынбасардай «май қап» деп жалпақтамай, сазарып отыра берді. Жарылқапберген арқасынан кесіртке жүгіріп өткендей жақтырмай қалды.

– Иә, өткен жыл халықты бір көтеріп тастады ғой. Қазақстанның миллиарды неге тұрады, – деді Оспан терезеге қарап.

«Пәлі, мынаның сөз саптасының түрін-ай. Мұның миллиардқа қосқан не үлесі бар екен? Менің Жаңа жыл күні туғанымды әлі білмейді ғой», – ыза болған Жарылқапберген тағы да ықылықтап қоя берді.

Оспан бұл жолы да «май қап» демеді. Тіпті Жарылқапберген ықылық атпақ түгіл, қос ауыз мылтықпен атса да былк етер емес.

– Осеке, біздің мекеменің кеткен жылға салауат, келер жылға береке тілеп, 31 желтоқсанда шеке қызба жасайтыны болушы еді... Ал сіз жаңа адамсыз ғой, Жаңа жылды қарсы алу жөнінде бөлімдегі бұрыннан келе жатқан жолдастармен кеңескеніңіз теріс болмас еді ... иық.

– Жаңа жылды кеңседе қарсы алудың реті қалай?

– Ештеңе де жоқ. Жыл қорытындысын шығарып, келер жылға жоба-нұсқау белгілейміз ғой.

Оспан кеткен соң Жарылқапбергеннің арқасынан суық тер шыққандай болды. «Иттің артқы сирағындай қисық адам болмаса неғылсын? Сөзінің кескіні қалай жаман еді. Осыдан Жаңа жыл көңілдегідей қарсы алынып, туған күнім аталмай қалса, орынбасар болсаң да ортан жілігіңнен орып түсірермін», –

деп ойлады. Енді кешке дейін орынбасарына ештеңе демеуді ұйғарды. Ондағысы – Жаңа жылды жылда бірге өткізіп жүрген жолдастарына сенім артқандағысы.

Кешкілік Жарылқапберген Үрияны үрдің қызындай етіп киіндіріп, өзі де бар жылтырын үстіне іліп, түнгі он бір кезінде кеңсеге келді. Ешкім жоқ екен. «Мынаны менің өмірге туған күнімнің белгісіндей көріп ішіндер», – деп жылда қоятын бір шампанын қойнынан алып, стол тартпасына тығып қойды.

– Үрия-ай, шыныңды айтшы, – деді ол әйелінің қасына отырып, – осы біздің Үркер жұлдызымыз биіктеп бара ма, жоқ па? Сен де мінекей соңғы кезде алтайы қызыл түлкідей жылтырай бастадың. Бұрынғыдай желге, күнге тимей, үйде қолыңды жылы суға ғана малып отырғаның қандай жақсы болды. «Ердің атын қатын шығарады, қатынның атын отын шығарады» деп қазекем біліп айтқан ғой. Ал сенің беделің менің беделімнен кем бе, кәнекей айтшы?

– Әрине, кем емес. «Иесін сыйлағанның итіне сүйек салады» деген бар ғой.

– Дұрыс айтасың, алтыным.

– Сағат он бір жарым болды. Кеңсеге әлі ешкім келе қойған жоқ. Жарылқапберген өткен Жаңа жылдарды қалай қарсы алғанын есіне түсіре бастады.

– Үрия-ау, осы мекемеге алғаш бастық боп, осы кеңседе алғаш рет Жаңа жылды қарсы алғанымыз-а, ә?

– Бәрінен де маған берген қара түлкі жаға мен сенің туған күніңе сыйға берілген алтын сағат, қара бостоннан тігілген костюм-шалбарды айтсаңшы, – деп Үрия сылқ-сылқ күлді.

– Сол күні есіміз кете ішіп, үйді де өртеп ала жаздадық-ау. Жаңа жылға жиырма минут қалды. Жарылқапберген:

– Үрия-ай, өлмеген жанға бір жыл деген түк емес қой. Енді міне, бірнеше минуттан кейін қырық тоғыз деген мүшелді жасты тойлаймыз, – деп әйелінің бетінен сүйіп, қарқылдай күлді.

Жарылқапберген жарқылдай күліп, әйелінің көңілін көтергені болмаса іші бір сұмдықты сезе бастады. Міне, ол тағы сағатына қарап еді, он екіге он бес-ақ минут қалыпты. Әлі ешкім жоқ.

– Үрия-ау, – деді далаға көз тастап әрі ішкі толқуын білдіргісі келмей, – былтыр да жұрт аз шабылған жоқ-ау. Бас бухгалтердің өзі ғана «туған күніңізбен», «жаңа жылыңыз-

бен» деп көлдей бір кілем сыйлады-ау. Әттең мойнына ақша мініп қалды. Әйтпесе әлі күнге дейін ортамызда жүре берер еді-ау, ә?

– Иә, көңілі көл, жаны жомарт жақсы жақсы адамдарың бар еді-ау, – деп қойды Үрия салқын ғана.

Жаңа жылға не бары он минут қалғанда Жарылқапберген шыдай алмай:

– Үрия-ау, осы менің сағатымның тілі шошаңдап, алға шығып кеткен жоқ па өзі? – деп отырған орнынан атып тұрды. – Менің орынбасарымды сұңқардың орнына отырғызып, сұмырайдың тамағын ішкізетін адам екен-ау нағыз. Мана: «жаңа жылдағы дәстүр бұзылмасын», – деп ескертіп едім, бөлімдегілермен ақыл бөліспеген екен ғой, – деп Үрияға ақтала бастады.

Үрия да жылдағы шылқымайдың болмайтынын сезіп, ку жанын қуырдақ қып жей бастап еді. Күйеуі орынбасарының ісіне опына бастағанын сезген соң:

– Енді кім келуші еді. Үлкеннің сұламасы, кішінің ұлымасы лдеқашан басталды ғой. Жұрт бізді ұмытайын деген екен, – деп ішкі сырын ашыған айрандай ақтарып салды...

Қабырғадағы сағат тілі он екіге келіп, шыңылдатып қонырау соға бастады. Сағаттың әрбір тықылы Жарылқапбергеннің соңғы үмітін үзіп, маңдайына батпан балға боп тиіп, миын ағызып жатқандай қатты естіледі. Дәл осы сәт даладан әлденендей дабыр-дұбыр естілді.

– «Әне, келді, бәсе, жаңа орынбасар есіктегіні төрге, ойдағыны қырға сүйрейтін кісі», – деп ол есікке қарай тұра жүгірді. Алдынан бір мысықты қуып келген тайыншадай ала төбет арсылдап шыға келгенде, зоресі зәр түбіне кетіп баж ете түсті. Ит те түн ортасында алдынан жөппелдемеде адам шыға келеді деп ойламаған болу керек, Жарылқапбергенге қарап бір рет арс ете қалды да, кейін қарай зытты. Әбден ыза болған Жарылқапберген кеңсеге қашып тығылған қара мысықты далаға қарай қуа жөнелді.

«ҰМЫТШАҚТЫҚ» ЗОБАЛАҢЫ

Аузын айдаһардай кере қарыс ашқан ажал оқпанына тұп-тура кезігіп қалғандар болмаса қандай бір үйірлі кесепат ауруға ұшыраған боздақтардың өзі осы заманғы дәрі – дәрмектің күшімен, берісі – бір-екі апта, әрісі – бірер жыл шамасында науқастарынан құлантаза жазылып, құлындай ойнақтап, құнандай кісінеп шыға келгенін талай көріп жүрміз. Ал өз жеке басым туралы айтар болсам, қалай да қол-ит, гастр-ит, танзилл-ит... тағы да осылар аттас толып жатқан... «ит» сырқаттардан гөрі «ұмытшақтық» («ұмытшақ» – бұл әке-шешем маған сипаттама ретінде айтқан сөз болғандықтан бұдан былайғы жерде де тырнақшаға алынып отырады) аурудың тұлабойына жас кезіңнен-ақ кенедей жабысқанынан өткен иттік, сірә, бұл жалғанда жоқ-ақ шығар, деп ойлаймын. Бұлай деп кесіп тұжыратыным: ес кіргелі «ұмытшақтықтан» ғазиз басыма түскен зобалаңды, иленген терідей көрген теперішті, тартқан таудай тауқыметті, әбден жанкешті болған жансебіл хал-аужайымды тілім қырқылып қалғанша да түгел айтып тауыса алар сыңайым жоқ.

Менің сопақ астаудай соры бір емес, бәлен бес елі шот маңдайыма «ұмытшақтық» кеселдің қашан, қалай, қай жерде жабысқанын білсем бар ғой, мына орқаш мұрыным... пұшық-ақ бола қойсын. Әйтеуір, есімде қалғаны: бірде көршідегі беті жағалтайдың жұмыртқасындай тап-тарғыл, қыли көзді бір сүмелек қыздың қарындашын қалтама ойнап тыға салып, үйге алып келгенім; әлгі қарындашы құрғырды «жағалтайдың жұмыртқасына» қайтарып беруді... оллаһи – беллаһи «ұмытып» кеткенім; содан бастап басқа да балалардың ойыншық біткенін, асықтары мен топайларын, кейінірек тіпті киім-кешектерін үйге әкеліп қорамыздың тастай қараңғы бұрышына тыға бергенім; тыға бергенім; ал кейін әлгі заттарды иелеріне кері қайтаруды «ұмытып» кете бергенім. Бірде әкем мен шешем менің жаңағы жинаған мүлік – мүкәммалдарымның үстінен шыққанда өзімді көн тулақтай қағып, итсілікпемді шығарады ғой деп ойлап едім. Олар маған тарпа бас салудың орнына екеуі бір-бірімен жарыса: «О,тоба, бергеніңе шүкір! Тұрпанымыз бар ғой, түбінде үйір-үйір жылқы, табын-табын мал бітетін мыңғырған бай болғалы тұр екен, әлден қаншама

дүние-жиһаз жинап тастаған, ә?» – деп төбелері көкке жеткендей мәз-мәйрам болып қалысты.

Әке-шешемнің бір рахаттанып қалғанын көрген мен ұшып көкке, ұшып жерге түстім. Содан әлгі дүниелердің бәрі де томпайып-томпайып жатқан жерлерінде менің меншігім болып қала берді.

Бірақ қап түбінде біз жатқан ба? Көп ұзамай маған «Тұрпанның қолының жымқырмасы бар екен, кісінің нәрсесін көрсе қолы дуылдап қыши бастайды екен» деген лақап аттың жабыса кетпесі бар ма? Кейбір ата-аналардың ала өкпе болып үйге келіп әке-шешеммен қырғи қабақ болып тәжікелескені, бағзы біреулердің «тасырайған көзін қарашы, ойып алар ма еді опырайтып» деп маған тіксіне доңайбат көрсетіп, тап-тап бергендері де болмай қалған жоқ. Әке-шешем болса: «Тұрпанжан, тірі мақұлықтан қорықпа, саған қолы тигендердің өзі итжеккенге айдалады, сенің көзіңді оямын деп жүргендердің өздерінің «фарфорлары» соқыр теке ойнауға да жарамай қалады» деп қайта менің сырттығымды көтере түсті. Сосын аянып қалайын ба, кейбіреулерді тілім жеткенше сыпырта боқтаймын, өзім кұралыптас танауы ылғалдылардың талайының аузын қан жалатқызып қоям.

Дау-дамай, ұрыс-жанжал дегенің үйде де, мектепте де бір-біріне ащы ішектей жалғасып, күннен- күнге көбейе берді.

Оның үстіне енді «ұмытшақтық» ауруымның бұрынғыдан да асқына түскенін байқадым: үйден шыққан соң таяқ тастам жер жүріп барып, сосын оңға бір, солға бір бұрылып, одан сәл тіке жүріп барып, мектепке жетіп келуші едім. Соңғы бір апта бойы жолдан адасып, мектепке баратын таптаурын ізімнен мүлдем айырылып қалсам керек. Аптаның аяғында класс жетекшіміз Әлішала деген апайымыз үйге келіп: «балаңыз апта бойы сабаққа неге келмей жүр», – деп қаннен-қаперсіз отырған әке-шешемнің әлек-шәлегін шығармай ма. Олар да оңайлықпен берісе қояр бес қарусыз, осал жау емес: «Тіліңді тарта сөйле-әй, піспеген шала ботқа неме! О қайткені-ей, Тұрпантайымызға тарпа бас салып. Сабаққа бармаса – барар, немене біздің Тұрпантай бармаған, көрмеген сабақ па еді? Әйдә, шық үйден. Біреудің сүттей ұйып отырған шаңырағын шайқалтқаның үшін ісінді сотқа береміз», – деп әке-шешем Әлішала апайдың есін шығарып, етегіне шала байлап, соңына ит қосыпты.

Дегенмен сол күні әке-шешем мені орталарына алып, «желідегі құлынымыз, омыртқадағы жұлынымыз, көктегі күніміз, аспандағы айымыз», – деп жылап-сықтап отырып:

– Тұрпанжан, ертеңнен бастап мектебіңе бара гөр, сабағыңнан көп қалып қойыпсың ғой. Мектептің жолына өзіміз-ақ түсіріп жіберіп отырайық. Әлгі Әлішала деген найсап апайыңның өтін алып, аузына күйғандай қылдық, ол қара қақпыш неме енді көзі тірісінде біздің үйдің есігін аша қоймас. Егер осыдан былай сабақтың түбін түсіре оқысаң бар ғой, саған велосипед те, мотоцикль де әпереміз, кейін амандық болса, жеңіл машинаның неше атасын ерттеп мінесің, – деп асты-үстіме түсіп, бірі – ақ көбелек, бірі – көк көбелек болды.

– О, онда ертеңнен бастап-ақ сабаққа барсам барайын, бұдан былай мектептің жолын ешуақытта «ұмытпасқа» құран тебейін, нан тебейін» деп ант беремін, – деп қуанғанымнан бір үйір уәдені үйіп кеп тастадым.

Уәде байламын нөпір қуаныш үстінде кесе айтқаныммен сөз бен іс бірлігін жүзеге асыруға тірелгенде қылша мойныма қыл шылбырдың тұзақтала түскенін ертеңіне-ақ сезіне бастадым. Мұғалімдердің айтқандарын айтқандарынша-ақ құлағыммен қағып алып, мыйыма қондыра қояйын-ақ деймін, бірақ менің ойлағанымдай болмайды, – ә, дегенше әлгі айтылғандардың бәрі де быды-быды, быды-быды бірденелерге айналып жүре береді. Содан мектепке келуші, мектепке келсем сабаққа кіруді «ұмытып» кетуім жиіледі. Масқараболғанда, тіпті кейбір ұстаздарымның түр-түсін, бет аузын «ұмытып» кеткенім ғой, көшеде кездесіп қалған олардың кейбіреулерінен «ағатай, «қазбегіңіз» жоқ па?» деп шылым да сұрасам керекі.

Бір күні «велосипед тебе-тебе әбден шаршадым, енді мотоцикль әпермесендер мектептің қарасын да көрмей кетем» деп әке-шешеме қыр көрсетіп, орнымнан тұрмай кешке дейін төсегімде еңіреп жатып алып едім, ертеңіне-ақ әкем бір мотоциклді жетелеп әкеп, аддыма көлденең тартты. Содан әйдә, не керек, нағыз қызық өмір басталып кеп кетсін. Мотоциклі бар Шоңқай деген бала екеуіміз кішкентай қалашық тұрғындарын күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырдық. Күн сайын бір жолдың шаңын екінші жолға қосып, ел ішінің әбден ұйқы-тұйқысын, ойран-ботқасын шығарып, бықпырт тигендей қылдық.

Қуырдақтың көкесін кейінірек көрсеттік. Кім көрінгеннен қарғыс алып, сөлекет сөздер естіп жүргенше мотоциклдеріміз-

ге мініп-мініп алып, неде болса көз көрмейтін жаққа тарта берейік, тарта берейік деп Шоңқай екеуіміз уәде пісірдік те бір күні әке-шешелерімізге ләм-мим деместен облыс орталығын бетке ұстап «газдата» жөнелдік. Қаланың шеткі көшесіне келгенде-ақ жолдан өту ережесінен хабарсыздығымыз, қалтамызда мотоцикль руліне отыруға правомыз жоқтығы – аяғымызға түскен темір шідер болды. Әдейі келген соң қаланы көрмей, араламай кері кетуге бола ма, – тәуекел деп мотоциклдерді бір нән теректің түбіне апарып қоя салдық та өзіміз қаланы аралауға тартып отырдық. Анда кіріп, мында кіріп жүріп, күннің кешкіргенін де байқамай қалыппыз, енді мотоциклімізге барайық десек манағы нән терегімізді таба алмай әлекке түстік.. Әрі шарлап, бері шарлап, әбден өліп-талдық дегенде әйтеуір өзімізге таныс теректі тауып алып еді... бірақ мотоциклдеріміз іздері ғана қалыпты.

Шоңқай екеуіміздің теректің түбіне отырып алып, қорс-қорс жылағаннан бөтен амалымыз қалмап еді. Оның үстіне түнемелік қонатын жеріміз де жоқ қой. Сөйтіп тұрғанда қасымызға біздерден бір-екі жас мосқалдау шашы үрпе-түрпе, үсті-басы әлем-тапырақ, киімдері алба-жұлба, өзі жылмаң қаққан бір сарша жетіп келіп неге боздап отырғанымыздың жайын сұрады. Басымызға ақырзаман жағдайдың түсіп тұрғанын білген соң:

– Есектің әңгісі болмасаңдар қалада, танымайтын жерде бақылаусыз тастап кетесіңдер ме. Мұрындарыңды жендеріңмен сүрте алмай жүріп сендердің қалада не шаруаларың бар еді, ә? Бұл ақымақтық саяхаттарың үшін дәл қазір тал шыбықпен екеуіңе жүз-жүзден дүре соғып, ақшалай айып-айбана тартырған кісінің о дүниеде орны жұмақта болар еді, –деп әлгі сарша бізді әкемізден бетер ұрысып тастады. Сосын:

– Сен сормандайлардың құдай біледі деп айтайын, қонатын жерлерің де дайын тұрмаған шығар, әлде осындағы ақ маңдайлы қалыңдықтарың хан сарайындай үйлерінде мамық төсектерін салып, сен сүмелектерді қашан келеді деп үздігіп, өліп-өшіп, сілекейлері шұбырып телміріп күтіп отырған болар, бәлкім, деп иір-иір тістерін ақсита күліп, екеум»зд» қыл-жаққа айналдырды.

– Ел жақта болсақ мына үрпек бастың мазағына шыдас беріп отыру қайда, әлгінде-ақ аяғын көктен келтіріп, тұмсығын бет қылып жіберер едік. Қаланың қуының артында тағы

кімдердің тығылып, бұқпантайлап тұрғанын сайтан біліп пе? Амал жоқ, жаңбырда көжектей болып теректің түбінде бүрісіп-бүрісіп үнсіз отыра бердік...

– Неменесіне кереңсіп, бедірейіп қалдыңдар. Шіренетін шамаларының жоқ екенін бәлкім менен де гөрі өздерің жақсы білетін шығарсыңдар. Қонатын болсаңдар біздің үйге жүріңдер. Қорықпаңдар, – деп әлгі сарша бұрылып кете бастады.

Шоңқай екеуіміз бір-бірімізге мүләйімси қарасып қалдық та амалсыздан үнсіз ғана бас изесіп, әлгі саршаның соңынан ілби баса ере бердік...

Әлгі сарша шынында жалғыз екен. Әкесі «торлы» терезенің аржағында жатқанына біраз болып қалса керек, ал шешесі болса үйге кейде екі-үш күнде, кейде тіпті апталап та келмейтін көрінеді. Саршаның шешесі «тентек судан» кекірегі әбден азған әйелге ұқсайды, әке-шешесін керек қылып, сарғайып жүрген сарша жоқ, қайта өз билігім өзімде деп қуанып, жігітсініп отырған сияқты. «Құдайға шүкір, балалардың арасында «Кобра» деген лақап атым бар» деп кеудесін ұрғылап, сүйініп қояды.

Менде де, Шоңқайда да ептеп ақша бар еді. Ертеңіне-ақ қаланы үшеулеп аралап жүріп, әлгі байлығымызды тауысуға жақындатып-ақ тастадық, «Кобрамыз» болса түнемелікке деп үш-төрт бөтелке сыра алғызды. «Сыра ішпеген жігіт сырттан жігіт болмайды» деген соң біз де қарап қалмадық – бірер су аяқтан тартып-тартып жібердік. Келесі күні сыраның үстін бірер портвейнмен бастырықтап, саршаның айтқанындай, нағыз сырттан жігіттер қатарына қосылып, азамат болып қалдық. Өзінің айтуына қарағанда ол шылым тартып, арақ ішуді, қыздарға қырындауды он екі жасында бір күнде қатар бастап кетсе керек.

Облыс орталығындағы алғашқы үш-төрт күніміз – менің өмірімдегі ең жақсы күндер іспеттес көрінді. Тұңғыш рет өз бетімізбен сырт жерге шықтық, тұңғыш рет сыраны қышқылтым, шараптың шырын дәмін таттық, тұңғыш рет кәбәп пен балмұздақ жеудің бақытына ие болдық, тұңғыш рет облыс орталығын, ондағы зәулім де әсем ғимараттарды тамашаладық.

Қойшы, мұның бәрінен де тамашасы: күн сайын сүмірейіп мектепке барудан, мұғалімдердің «ананы айт, мынаны оқы, ананы жаз, мынаны жатта» деп жекірген жексұрын сөздерінен, күн сайын көк желкеңнен шүқшия қадалып қарап оты-

ратын әке-шешенің қырғи көздерінен бір ауық шет болғанға не жетсін!

Мен тіпті өзі ештеңеден қорықпайтын кір-қожалақ, сатпақ-сатпақ «Кобраның» қолтығының астында мәңгібаки бірге жүргеннен артық еш қызық болмастай сезіндім. Оның өтірікшіны, қиял-ертегісі аралас хикаялары да, өзіне лайық лақап аты да, қылыштай өткірлігі де, епсектілігі де, тіпті күйелеш-күйелеш болса да, қыздарға жағар қылықтылығы да маған таныс балалардың бірінің басына қонбаған бақ тәрізді көрінді.

Бірақ оның жаңағыдай ғажайып сал-серілігі біздің қалтамыздағы азын-аулақ тиын-тебеннің төбесіне су құйылғанша ғана жетті. Қалтамыздың түбі қағылған күні-ақ Шоңқай екеуіміздің басымызға забалаңның қара қошқыл бұлты да үйіріле бастады.

– Жиырмасыншы ғасырдың саяқ саяхатшылары, – деді ол ерекше екпінмен, – күн көріс керек. Бүгінге дейін баспана – менен, қаражат сендерден болды. Енді ақшаның көзін табу керек. Әрине, ақша дегеніміздің тұқым-тұяғы, арғы атасы қағаз болса да бірақ сол итің дәл қазір біз үшін ешкім оқымайтын кітап парақшалары емес, қолға оп-оңай түсе қоятын қалампыр бетті қылымсыған қыздар да емес, қусаң жеткізбейтін, ұмтылсаң ұстапайтын нұр тақылеттес сиқырлы бір дүние болып тұр ғой. Бүтіннен бастап сол сиқырлы нұрды қайыр сұрап табамыз ба, ұрлап табамыз ба, біреулерді тонап табамыз ба? – қай жерде реті қалай келеді, ол мына біздің тәжірибемізге, ептілігімізге, ержүректігімізге байланысты. Ал, іске аттаналық, жиырмасыншы ғасырдың майталман мотоциклшілері!

– «Кобраның» ақша табудағы әдіс-айласының түп төркінін дәл бағамдай алмасақ та жаңағы оның «іске аттаналық» деген бұйрық райда айтылған сөзі денені тітіркентіп, жүрекке салқындық сызатын түсіргендей еді. Оның үш-төрт күннен бергі айтқан ақыл-кеңесімен, жоба-нұсқауымен жүріп үйреніп қалған біз «Кобраның» соңынан мүләйімси бас шұлғысып ере бердік.

Үшеуіміз бір-бірімізге іркесе-тіркесе қан базардың ішіне қойып кеттік. Есіктен кіре бергеніміз сол еді төрткіл ала тақия киген бір өзбек шалы бізге кенедей жабысып: «қауын-қарбызымды түсіруге көмектесіңдер, бір уыс ақша берем» деді аузынан сілекейін шұбыртып. Бізге керегі де сол ғой. Әрі қауын-қарбызға тойып, әрі ақша алып шала байып қалдық.

Мені кәрі сайтан түртті ме, кім білсін, сол жерде қолымның қышымасы ұстап кетіп, әлгі шалдың ілулі тұрған шапанынан бір уыс ақшаны іле кеттім. Бұл ептілігіме «Кобраның» риза болғаны соншалық: «Сен түбінде бар ғой, ұрлықшылардың королі, дәйі боласың», – деп мені жер-көкке түсірмей мактап, арқамнан қағып-қағып қойды. Қаланың «Кобрасынан» естіген мақтау сөзге есім шыға қуанған мен «ептілік» жасап тапқан табысымның бәріне де шарап алып, түні бойы өзімізше той жасадық. Сол күні Шоңқай екеуіміз өмірімізде тұңғыш рет мас болып, отырған жеріміз де қылжия-қылжия қалыппыз.

Таңертең оянсақ «Кобра» бізден сәл ғана ертерек тұрып, «басын жазып» та алған екен. Екеуімізге бір-бір су аяқтан шарап құйып: «Сендер де бастарыңды жазып, естеріңді жиып алыңдар», – деді. Шынында «бас жазудың» рахатын да алғаш рет сезінгенім естен кетпейді. Тағы да базарға барып, кешегі өзбек шалдың қалтасына түскім келіп кетті, біреудің мотоциклін ұрлап қашып, үйге де тайып тұрғым келеді. Қалайда бір ерлік жасап, ептілік көрсеткім келіп, тұлабойымның мазасы кетіп тұрғандай күй кешулімін. Өгіз стакандарды толтыра-толтыра құйып тағы да бір-бір кезектен шарап ішіп алған біз «Балалар әлемі» дүкеніне келгенде «Кобра» бізге: «Сендер бір-бір көстөм-шалбар киіп, айнаның алдында суырдай қаздия тұрыңдар. Менің далаға шығып келер бірер секундтік қана тығыз шаруам бар, мен келмей екеуің көди-сөди тыпыр етпендер, – деп өзі сыртқа қарай шұғыл жүгіре жөнелді.

Шоңқай екеуіміз болсақ үр жаңа көстөм-шалбарды киіп-киіп алып, шарайнаның алдына келіп мээ-мейрам боп, бір-бірімізден байғазы сұрасамыз. Екеуіміз де былқ-сылықпыз – жаңағы ішкен шарабымыз бойды алып барады.

– Жиырмасыншы ғасырдың, саяхатшылары, сүйінші, мотоциклдерің табылды, екеуі де сыртта, есіктің алдында кісінеп тұр. Жүріңдер, тез! – деп «Кобра» кенет бізге бір дорба қуаныш арқалатқандай жылы сөздер айтып, өзі қайтадан сыртқа қарай безіп берді.

– «Мотоциклдерің сыртта кісінеп тұр» дегенді естіген біздің шықпаған жанымыз қала ма, қуанышымыз қойын-қонышымызға сыймай «Кобраның» соңынан аттан салдық.

Үстіміздегі төленбеген көстөм-шалбарды шешуді, өзіміздің шоқыттарымызды киіп алуды тіпті ұмытып кетіппіз. Біз есіктен шыға бере-ақ артымызда дүкеншіктердің:

– Ойбай, ұстаңдар анау кэззаптарды, ұстандар! Киім алып қашты, киім алып қашты! Тез ұстаңдар! Желкелерін үзіп, қолдарына ұстатыңдар! – деген айқай-сүрең сөздер естілгенде барып біз «Кобраның» құрған қақпанына жөппелдемеде түсіп қалғанымызды сонда барып сезген едік.

Сыртқа шыға айналаға алақ-жұлақ қарасып, анадай жерде жанын ұшырып бара жатқан «Кобраны» көзіміз шалып қалған соң «бәлкім, мотоциклдеріміз сол жақта болар» деген оймен Шоңқай екеуміз де сүріне-қабына соңынан салып келеміз. Екінші көшенің қиылысына іліге бергенімізде-ақ соңымыздан аңдыздап қуып келе жатқан бір үйір қуғыншылардың желкемізден бүре-мүре ұстағандары сол еді, ә дегенше тұмсық тұсымыз үш-төрт жұдырықтан иіскеп те үлгірісті. «Кобраның» жердің қай жыртығына кіріп жасырынғанын ешкім де бағамдай алмай қалса керек. Арада бес-он минут өткенде Шоңқай екеуміз буындарымыз былқ-сылқ етіп, көзімізден қанды сорамыз ағып, танау тұстарымыз езіліп, әбден мыж-мыжымыз шығып милиция бөлмесінде еңіресіп отырдық.

Шамадан тыс көп еңірей беру де іш пыстыратын көңілсіз шаруа екен. Алғашқыдай емес қосақтала шыққан қоңқылдақ қорсылымыз саябырси бастағанда жалбыр шашты, ешкі көзді, катқан қара сүр өңді «қызыл жағалылардың» бірі:

– Ал, қара танау сарышұнақтар, бұл жер бокмұрындардың шошқа құсап қорсылдағандарын үнсіз тыңдап отыра беретін балалар бақшасы емес екенін біліп қойыңдар, түге! Тез ғана аты-жөндерінді, тұратын мекен-жайларыңды, ұрлық- қарлықпен қашаннан бері айналысатындарыңды, нендей заттар ұрлағандарыңды тізіп айта бастаңдар. Сөздеріне бірде-бір өтірік қосушы болмаңдар, қосады екенсіңдер табандарыңа шеге қағып, құйрықтарыңа ши жүгіртіп аламын. Ал, кәне, кәне? – деп гүжілдей келіп бізге адырая қарап тұрып, үстелді жұдырығымен салып-салып жіберді.

Әлгінің келісаптай жұдырығы үстелге емес, құдды біздің төбемізден тигендей болды білем, Шоңқай екеуіміз қатарласа селк-селк етіп, бұға-бұға қалыстық. «Шындарыңды айтпасаңдар мойындарыңа шылбыр салып, шыңғыртып отырып шыңырауға саламын, түрмеде бастарыңды шірітемін, кэззаптар!», – деп әлгі манағыдан бетер гүжілдеп, онымен қоймай жүн-жүн жұдырығымен төбемізден «жүріп» өткенде Шоңқай екеуміз дыз-дыз еткен басымызды ұстай-ұстай қайтадан гөй-

гөйге бастық. Бірақ бұл жолы біздің «әуенімізді» әлгі гүжілдектің тыңдап отыра беруге құлқы болмады білем:

– Жандарың барында мысық мияуларыңды тоқтатыңдар, кәне, сайтанның сапалақтары! – деп және бір жекіргенде біздің гөй-гөйіміздің аяқ жағы майланбаған арбаның доңғалағындай шикылдап барып еріксіз кілт үзілгенін өзіміз де сезбей қалдық.

Шырылдатса да шындық айтпайтын Шоңқай екеуіміз шарасыздан жарыса-жарыса сөйлеп, шамамыз келгенше ақталып-ақ жатырмыз-ау. Аузымызға бұғалық салғандай тіліміз күрмеліп, қайта-қайта кекештенеміз. Үржаңа мотоциклдерімізден қас қағым сәтте айырылып қалғанымызды жылап-сықтап отырып жыр қылдық. «Аракпен ауыздандырған да, дүкенге әкеліп үстімізге кәстөм-шалбар кигізіп тысқа алдап алып шыққан да «Кобра» атты сарша дегенімізде «қызыл жағалылар» кәдімгідей жерден жеті қоян тапқандай жайраң қағысып бізге жылы қабақ таныта бастады.

– Айтқан саршаларың «Кобра» болса ол біздің «есептегі» алаяқ болды. Ол бізден ұзап ешқайда кетпейді. «Кобрамен» беттескенде де тайсақтамай осылай шындарыңды айтыңдар. Сендердің ата-аналарыңды алдыртамыз. Әзірге түрменің дәмін татып, тор көзді терезеден сығалап қарап, осында жата тұрасыңдар, – деп әлгі гүжілдеген «қызыл жаға» бізді бір бөлмеге дедектетіп әкеліп итере кіргізіп жіберді де есікті тарс бекітіп, кетіп отырды...

... Ұмытпасам не үшінші, не төртінші күнге айналғанда өзімізге таныс «қызыл жағалы» гүжілдек келіп, кабинетіне дедектетіп алып барды. Біздің есіктен кіре бере көргеніміз: «Шоңқайдың әкесі мен менің әкем қандарын іштеріне тартып алып, сұлық отыр екен. Олар бізді көре сала жарыса сөйлеп кетті:

– Мыналардың мойындары ырғайдай, биттері торғайдай болыпты ғой. Құлыншақтарымыз-ау, мыналар өздеріңе тамақ түгіл, қара су да татырмаған ғой. Тоқтай тұр, бұлардың бәрін де сотқа береміз, – деп әкем орнынан атып тұрып, басындағы қалпағын жерге атып ұрды.

– Бұл сәби балалардың зәрелерін алып, түрмеге неге қамағансыңдар? Кімнің әкесін өлтіріпті бұлар,ә? – деп Шоңқайдың әкесі өз дізесін өзі ұрғылап, төңіректі басына көтерді.

– Балалардың мотоциклдерін өздерің тығып қойып, енді біздің жазығы жоқ балаларымызды ұры-қары қылғыларын келген екен, ә? Көрден қазыңдар, жерден қазыңдар, балалардың көлігін тауып беріңдер! – деп әкем гүжілдекке төніп-төніп қояды.

– Әй,әй, ақсақалдар, байқап сөйлендер! Қайда отырғандарыңды ұмытып кетпендер, мына шаңыраққа қараңдар! – деп гүжілдек те ісініп-кебіне бастаған.

– Әй, Шүке, бұлармен іс бітпейді, балаларымызды көрдік – аман-есен екен, – деді Шоңқайдың әкесі менің әкеме дауысын көтере түсіп, – әйда, обкомдағы Тыртан нағашыма барып, оған мына сұмпайылардың сұмдық ісін тезірек жеткізейік. Құдай біледі, Тыртаным аман болса ол мынау мілиссаң түгіл, пыркорорын мен сотыңды қосып шайнамай тірідей бір-ақ жұтады.

– Жұтады, әрине! Бізге жұтқаны керек. Әйдә,кеттік!

– Бұлар бізді бозда жүріп ботыраба тартатын можантопай біреулер деп отырған шығар.Тыртанымыз аман болса, құдайдың шұнақ құлдарының қылғанын көріп алайық, – деп әкем одан сайын күш көрсетіп жатқан гүжілдектің үстелінің үстіне басындағы қалпағын алып, лақтыра салды.

Әкелеріміз милицияларды алдап-сулап, кешірім сұрап, бізді мынау нәлет жерден тезірек алып шығудың орнына істі насырға шаптырып алды-ау деп Шоңқай екеуімізде зәре-құт қалмай барады. Бірақ, шынында, «Тыртан нағашыма барайық» деген сөзді естігенде-ақ манағы гүжілдектің жүні жығыла бастағаны бірден сезіліп қалып еді.

– Ау, ау, ақсақалдар, балаларың дін аман. Ұрғамыз жоқ, соққамыз жоқ. Амандық болса мотоциклдері де табылып қалар. Бұл балалар Тынтекеннің жиеншарлары екенін қайдан білейік. Әйтпесе бұл балаларды өзіміз-ақ үйлеріне жеткізіп салмаймыз ба? Манадан бері жөндеріңізді дұрыстап айтпайсыздар ма? – деп гүжілдегіміз сабасына түсіп, кәдімгідей зиялы, кішіпейіл адамның кейпін танытты.

– Е,соңыңнан кел! Манадан бері «балаларың түбі кісі өлтіреді, балаларың ұры, балаларың әлден арақ ішеді», – деп айтпаған сөзің қалмады ғой, – деп әкем Шоңқайдың әкесіне көзін қысып қалып, қайтадан орнына отырды. Балаларымызды тезірек босатсаңдар Тыртанға несіне барамыз «Жылқы баласы кісінескенше, адам баласы сөйлескенше» деген емес пе? Міне, түсіністік. Біздің өзінде «ұзында –өшіміз, қысқада

– кегіміз «жоқ. Ал мотоциклдерімізді тауып берсеңдер, біз де қарап қалмаспыз, сүйіншіміз дайын, – деп әкем де күлімсірей түсіп, орнына барып жайғасты.

Сол-ақ екен, гүжілдек орнынан атып тұрып «қазір» деп кетіп еді, көп ұзамай жүні жығылған күрке-тауықтай етіп «Кобраны» алдына салып алып келді.

– Мынау сүмелек пе сендерді алдап жүрген? – деді ол Шоңқай екеуімізге барлай қарап.

– Дәл осы? – дедік екеуіміз жарыса жамырап.

– Сендердің мотоциклдеріңді де осы қу қорасының түкпіріне тығып қойған екен. Ақсақалдар мотоциклдерің аулада тұр, сүйіншілеріңді дайындай беріндер!

Шоңқай екеуіміз қуанғанымыздан орындарымыздан атып-атып тұрдық. Шоңқайдың әкесі мен менің әкем болса «Кобраға» бас салды. Гүжілдек арашаға түспесе олар «Кобраның» тірідей түте-түтесін шығарып, терісін сыпырып алуға бар еді.

Жүн жұдырық бұдан кейін біздерді көп ұстаған жоқ. Әкелеріміздің берген «сүйіншілерін» қысылған болып қалтасына салып, біздерге, әкелерімізге бір қағаздарға қол қойдырып алды да «жолдарың болсын» айтты.

Мотоциклдерге екі-екіден мінгесіп алып, елге қарай тартып кеттік. Елге келген соң әке-шешелеріміз бізге сыбағамызды береді ғой десек олар: «Қу шіріктер, ұрлық та қолдарыңнан келмейді. Сендерге оқу қайдан қонсын», – деп ренжуден басқа тіс жарып ештеме демеді...

... Қайран, менің әке-шешем. Өмірбақи менің жаманымды жасырумен, «Тұрпантайымыздың ұмытшақтығы болмаса құлжаның сақасындай емес пе» деумен, әлі-ақ ел басқаратын діндей азамат болады» деп маған үміт артумен дүниеден өтті. Мен өзіме-өзім, әке-шешеме, заң орындарына, небір кәсіпорындар мен мекеме басшыларына сансыз рет үйіп-төгіп уәде берсем де «ұмытшақтық» кеселден арыла алмай – ақ қойдым. «Тентек судың» телпегін күнде теріс айналдырып жүріп берген уәдеде не бәтуә болушы еді. Милиция – прокурор – сот – лагерь менің өмірімнің тең жартысынан астамы осы төрттік төңірегінде өтті. Мен тіпті бәрін де қойып, әке-шешемді де талай жылдар бойы «ұмытып», хабар-ошарсыз кеттім емес пе?

Ау, осы мен өмірімде неше рет үйлендім екен? Он... он... бес... әлде жиырма... жиырма бес? Құдай ақы есімде жоқ, әйелдерімнің біреуінің де түрін көз алдыма елестете алмай-

мын. Токта, тоқта... я, екінші, я үшінші әйелімнен.. сосын одан кейінгі тағы бір үш-төрт әйелімнен балаларым да болған сияқты еді. Е,неге болмасын, айтпақшы, мені осы кәзір өзім тұрып жатқан Қарттар үйіне дәл өзімнен аумайтын... Тұрмантайым әкеп тастаған екен ғой. «Әкетай, келініңмен Қара теңізге барып аунап-қунап келгенше осында бола тұр» деп кетіп еді... содан бері міне бірнеше жыл өтсе де Тұрмантайымнан әлі еш хабар жоқ. Әй, соққан, өзіме тартқан «ұмытшақ» болмаса жарар еді. Әлде менің кезінде өзіне алимент төлемегенімді кек тұтып жүр ме екен? Мұндағылар «ұмытшақ» бала тумағанда не туады? – деп мені мазақтап, қарқ-қарқ күледі. Айтпақшы, күледі дегеннен шығады, баяғы «Кобра» да осында. Екеуміздің кереуетіміз қатар. Оның екі көзі – су қараңғы. «Бұрын «Кобра» едің, енді «кесіртке» болдың десем рахаттанып күледі-ай кеп! Сол әліне қарамай қасындағы мені, басқаларды табалап күлгенде алдына жан салмайды.

Ие, жаңа не айтып едім... Ие, ие... Тұрмантайымды еске алған едім ғой... Оны өзім де іздеп тауып алар едім... әттең алпысқа келмей жатып, бірінші топтағы мүгедек болып қалғанымды көрмейсің бе? Отырсам – тұра алмаймын, тұрсам – отыра алмаймын!

Айналайын, адамдар! Тұрмантайымды көрсеңдер, менен сәлем айтындаршы. Шынында ол да «ұмытшақтау» ит еді, бәлкім «ұмытшақ» әкесін есіне түсірер.. Менің мекен жайым: Құм қаласы, Су көшесі, Қарттар үйінің бірінші қабатындағы бірінші бөлме. Есімім – «ұмытшақтық» зобалаңын тірідей тартқан Тұрпан...

КИЛТ

Көшім жаңа жауған көбік қарға ирелең із тастап, үйінің қақпа есігінен сүйретіле әрең кірді.

– Ай, қатын-ай, қа-а-тын! Сені ме, сені...тұра тұр.Жауап берген дыбыс шықпады. Көшім сүріне-қабына, бір құлап, бір тұрып сенек алдына келіп отырды.

– Ай, қатын-ай, қа-а-тын!..Сеніме, сені,..тұра тұр. Қазір, қазір, қақ маңдайыңнан қатырмасам ба?

Іштен ешқандай сыбыс болмаған соң Көшім әрең дегенде орнынан тұрып сенектің есігіне келіп, салбырап тұрған қара құлыпты жұлқып-жұлқып қалды. Сонда барып әйелі Мәруаның кеше бұлқан-талқан боп ашуланып, балаларын алып төркініне кетіп калғанын бір-ақ білді. Мана,таңертеңгілік үйге құлыпты өзі салып шыққаны жаңа ғана есіне түсті. «Кілтті құрғыр қайда екен?»

Қара құлып қырау құрсанып мелшиє телміреді. Көшім ыза болып, құлыпты тағы да жұлқұп-жұлқұп, әлдекімді сыбай боқтап жерге түкіріп-түкіріп жіберді. Кілт іздеп бүкіл қалтасын сипалап қарап шықты да, таба алмаған соң табалдырықтың алдында дінкиіп жатқан ағашқа жалп етіп отыра кетті.

– Құтжо-ол, Құтжо-ол...Кә!Кә!Кә! Сол-ақ екен Құтжол көрші үйдің қора жақ тұсындағы шарбақтың арасынан жылт етіп, құйрығын бұлғаң-бұлғаң еткізіп Көшімнің алдына келіп каздиып тұра қалды.

– Құтжол, Құтжол! Құтжол иесіне одан сайын еркелеп, қыңсылай үн шығарып, тағат таппай тыпырлады.

– Құтжо-ол, кілт қайда, Мәруа қайда-а? – Көшім итінің басынан, арқасынан сипалап қойды. Мұны өзінше түсінген Құтжол бір нәрсе дәм ете одан сайын қыңсылай түсті. Көшімнің удай мас болып келіп есік алдына осылайша қор биып отырғанда кейде қалтасынан кәмпит пен печенье алып тастайтыны болушы еді. Құтжол да таңертеңнен бері нәр татқан жоқ. Өз үйінен ештеңе шықпайтынын сезген ол төніректегі үйлердің мал қорасын қаншама тіміскіленіп араласа да,тіске басатын ештеңе таба алмады. Көрші үйдегі Құтпан да алдындағысын бөліспек түгілі Құтжолды көре сала арқасын күжірейте ырылдап, арсылдай үріп, әбден иттік жасады.

– Кілт қайда, Құтжол, кілт қайда-а? Үндемейсің,ә? Әрине, саған кілттің түкке керегі жоқ. Саған тек кәмпит керек, кәм-

пит. Сен қазір үйшігіңе барасың да, мұрныңды шабыңның арасына тығып, рақаттанып жатып аласың. Ал менше, мен? Мен қай қуысқа, қай үңгірге кіріп жатам? Тағы да көршілерімнің мазасын алуым керек пе?

Құтжол иесінің қолына ұрлана карағыштаумен үнсіз жата берді. Әрине, ол егер иесінің кәмпит емес, кілт іздеп әуреге түсіп жатқанын білсе, мана-ақ бұл жерден тайып тұрар еді.

Құтжол, сен менің соңғы қара қатынымның да өзінен-өзі қағынып, кеше төркініне тартып отырғанын білесің бе? Білмейсің әрине, сен ештеңе де білмейсің...Маған қатын дегендерің неге құтаймайды, ә Құтжол? Қатынсыз үйде не береке болады? Міне, сойған соғымның етін жеп,сүйегін мүжи алмай екеуіміздің мына суықта сорлап отырған түріміз мынау. Сенің қуықтай бос ішек-қарныңда да жел гулеп тұрған шығар. Бірақ сенің затың ит қой – саған жүн-жұрқа, тері-терсек те қорек бола береді ғой. Мына мені айтсайшы. Бүгін күні бойы самогоннан бөтен асты татып алмаппын.

Үнсіз жатып құлақ түре тындағанмен Құтжол ештеме түсінбеп еді. Бірақ иесінің қазір ашулы екенін, оның мұндай сәттерде кейде арыстанша ақырып, артынан іле бөкседен теуіп жіберетінін жақсы біледі.

Көшімнің даусы гүжілдей шықса болды, ол лезде үйшігіне зып беріп кіріп кетуге дайын жатыр.

– Осылай біздің жағдай, Құтжолчик. Кілт жоқ, қатын жоқ, балалар жоқ. Енді менде өзіңнен бөтен ешкім қалмады, бәрі де бар еді, енді түк жоқ. Сенің де маған енді керегің жоқ. Адамнан көрмеген жақсылықты сенен көрермін деймісің? Көз алдымда көзінді сатып, қылқима, телмірмей кет, жоғал, доңыз! – Көшім қолдарын ербеңдетіп, итіне ұмтыла түсіп, ақырып кеп қалды.

Манадан осылай боларын іштей сезіп жатқан Құтжол орнынан атып тұрып,үйшігіне қарай жылыстады.

– Құтжол, Құтжол, мә, мә!Құтжол кілт тоқтай қалып, артына жалт бұрылып, тағы да ит дәмемен иесінің қолына сұқтана қарады. Бірақ ербеңдеген ебедейсіз құр қолдан басқа ештеме көре алмады.

– Құтжол, менікі жай әшейін әзіл ғой. Сенде мысқалдай жазық жоқ. Сенің ит өмірің маған ұнайды. Сенде ешқандай ұят жоқ, тіпті саған ұяттың керегі де жоқ. Қандай жақсы.

Сенікі, бейбақ, еркін өмір ғой. Мен сияқты алимент төлеу дегенді білмейсің. Ал сен қудың белінен тараған осы ауылдағы иттердің есебінде сан жоқ. Немере күшіктеріңмен шөбере күшіктерің әр үйде шұбырып жүр. Ал сенің солардың нендей өмір сүріп, не ішіп-жеп жүргенінде ешбір шаруаң жоқ. Сен нағыз алиментшінің өзісің. Ал соны түк сезбегенің, білмегенің қандай жақсы. Ал мен ше? Мен ғұмырымның үштен бірінде тапқан еңбегімнің үштен біріндейін туғалы көрмеген, танымайтын-білмейтін балаларыма төлеп келе жатырмын. Ертең өле қалған күнде де алиментші деген атым соңымнан қалмайды. Қазір көзімнің тірісінде-ақ жұрт жай Көшім деп атамайды, маскүнем Көшім, алиментші Көшім деп зарлайды. Кімнің ауызына кісен салып, қақпақ қоя аласың? Мейлі!

Көшім жайлап сөйлеген соң, Құтжол да иесіне жақынырақ келіп тағы еркелей бастады. Иесінің етігін иіскелеп, пысқырынып қояды. Көшім итінің жүдеу халіне мүсіркегендей оның басынан сипалады. Құтжол адамзатқа шын берілетін итке тән сеніммен енді иесінің дәл алдына келіп маңғаздана шоқиып отырды.

– Құтжол, сен ыл-ты-пы, қы-пы-зы дегендерді де білмейсің. Ал мен осылардың бәрінің де дәмін татып, босағасында отырып шықтым. Соның бәрі әйелден таланымның жоқтығынан. Сәл ішіп келіп, әйеліңе сәл ақырып қалсаң, немесе сәл жұдырық жүгірте қойсаң – аяғың аспаннан келіп, заң алдынан бір-ақ шығасың. Неше рет үйленіп, некелесуге неше рет барғаным да есімде жоқ. Бірақ мен сорлыға желімнен бетер жабысқақ әйелдер кездесіп, соңымнан қалмай бақыртып отырып, алимент алатын боп шыға келеді. Олардың бәрін бір жерге жиып, үстеріне жермай шашып, өртеп жіберер ме еді, өртеп?! Көшімнің дауысы қаттырақ шығып еді. Құтжол әлденеден секем алып, қозғалақтап кетті.

– Құтжол, кілт қайда, кілт қайда деймін? – Ол тағы бос әуреге түсіп, барлық қалтасын қарап шықты. Манадан дәмелі болып отырған Құтжол иесіне бұрынғыдан да жақындаңқырап, құйрығын бұлғандатып, тілімен Көшімнің танауын жалап оған төне түсіп еді. Ыза болған Көшім келістіріп тұрып итінің басына бір тепті. Каннен- қаперсіз тұрған Құтжол қаңқ етіп, ыршып түсті де, иесінің опасыздығын енді түсінгендей ырылдап үйшігіне кіріп кетті.

– Құтжол-ол, Құт-жол!!! – Ыр-ыр-р!..

КӨЗІЛДІРІКТІҢ КЕСІРІ

Мен шопан болып істейтін Қайыңды бөлімшесінің бұрынғы басқарушысы Әбләз де маған тартқан салпаңқұлақ еді. Өз қарамағындағы еңбеккер қауымның ішінен жарыла шығып, дара көзге түсер саңлақтың болмағанына қыңқ деп кабақ шытпайтын. Қайта: «Тек жүрсен, тоқ жүресің. Дардай атаққа нардай жүк көтеруге тура келеді», – деп өзінің төл туынды мәтелін айтып, көрегендік жасайтын.

Бұдан екі-үш жыл бұрын мәнейі себеппен Әбләз қызметінен алынды да, орнына жасы елуге жармасып жүрген Қауқай деген тұрды. Түлкі алар тазыдай жарау, қатпа қара, аузы ашылса, көмейінен сөз төгіліп тұратын, қимылы ширақ, жүрісі пысық, көсе кісі екен. Басқарушылық қызметіне кіріскен күні-ақ бөлімше шаруасына араласып жүргендердің бірін де қалдырмай клубқа топырлатып жинап алды да:

– Осы ауылдың жұлдызы бар ма? Болса, орнынан тұрып, бойын көрсетсін бізге, – деді салған жерден.

Отырғандар қасындағылардың бетінен жұлдыз іздегендей бір-біріне оқшырая карасып қалды. «Мен жұлдызбын», – деп ешкім де суырылып, орнынан тұра қоймады.

Бәріміз де үнсіз қалдық. Залда өлі тыныштық орнады.

– Жұлдыз бар ма, деп сұрап тұрмын, жұлдыз? Әлден бас сау-ғалап отырмысыңдар? – Жаңа бастық кекесін күлкіге салып, кекете сөйлеп тұрғаны сары тіс болған біздерге емес, ойын баласына да белгілі еді.

– Қауеке, біздің ел маңдайға шұқып, тандайға түртіп сөйлегенді ұнатады. Жұлдыз дегеніңізге ептеп нете алмай... түсініңкіремей тұрмыз, – деді арт жақта төбедей болып отырған жылқышы Бәти қапталы тонының жағасындағы жабысқан қарды қамшының сабымен қағып жатып.

– Солай деңдер. Жұлдыз деген – топ ішінен суырылып шыққан топжарған, жиналыстарда сөз сөйлеп, тәжірибесін ортаға салған шабандоз, жүзден озған жүйрік. Мұндай жұлдыздар қажет болса, бір сиырдан екі бұзау, бір биеден екі құлын алып бере алады. Мен араларыңда осындай адам бар ма, – деп сұрап тұрмын?

– Қауеке, – деді тағы да жылқышы Бәти, – міне, жұлдыз деген жұмбағыңызға енді түсіндік. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, аспандағы жұлдыздардың да түрліше

болатыны сияқты, әр елдің жұлдызы да бір-біріне ұқсамайды. Біздегілер – екі биеден бір құлын, екі сиырдан бір бұзау алуға әбден машықтанып алған қасқалар.

– Бәти дұрыс айтады!

– Пәлі, тура сөйлеп тұр!

– Біз бәріміз де бірдеңгейлеспіз. Оза шауып, бәйге көмбесіне бұрын жеткеніміз жоқ. Ха-ха,ха, – деп отырғандар жамырай шуласып, қарқылдаса күлісті.

– Ал, жарайды, әзірге жоқ болып-ақ қойсын. Бірақ жолдастар, мұндайға бұдан әрі төзе беруге болмайды. Әр ауылға бір-бір нысана – жарқыраған жұлдыз керек. Кәне, кімнің озат атанғысы келеді? – деп Қауқай орнынан атып тұрып, залға көз тастады.

Қауқай қозғалғанымен былайғыларымыз айыл жия қоймадық. Жылқышы Бәтидің менімен құрдастығы бар еді. Басындағы түлкі тымағын қамшының сабымен кейін ысыра көтеріп:

– Мынау отырған Шәку – жұлдызға лайық. Қойдың егізін де, семізін де Шәку тауып береді, – деп мен жақты нұсқады.

– Қой әрі, айғырларын кісінетіп, желіні қос-қос құлынмен құлдырлатып қоятын мынау Бәтидің өзі, – деп мен де қарап қалғаным жоқ.

– Жарайды,бүгін осымен таралық. Бірақ бәрің де іштей жұлдыз атануға белді бекем буындар. Аудандағылар: «Жұлдыз тракторшы, жұлдыз шопан керек», – дегенде сірке қышқылын ішкен адамдай аузымызды ашып, апалақтап қалмайық, – деп сөзін түйіндеген жаңа бастық сыртқа қарай жүгіре жөнелді...

Қауқай біздің отарға келіп, бәрімізбен қос қолдап сәлемдесіп, мал-жанымыздың амандығын тегіс сұрап алды. Саулық отарды көзімен шола қарап, кейбірінің жүнін сипалап: «Нешеуа, нешеуа», – деп қояды.

– Молодцы, шакуовцы, так что жұлдызды осы отардан шығарамыз. Меніңше, түнеугүні жылқышы Бәти бірдеңе біліп айтқан болу керек, – деп бөлімше басқарушысы маған қарай жақындай түсті.

– Отардың жайы өзіңіз айтқандай «нешеуа» екені рас. Бірақ бізге жұлдыз болуға әлі желкеміздің қыртысы жетпейді.

Солай емес пе? – дедім қасымдағы көмекшілерім Тайпақ пен Бұрқашқа күле қарап.

– Әрине, әрине. Бәтидің сөзінде бәтуа жоқ. Құрдастық ба-
зынамен айта салғаны да, – деп жатыр олар да жұлдыз болу-
дан күні бұрын бас тартып.

– Жоқ, бұлай жалтаруға болмайды, шакуовцы. «Ерді намыс
өлтіреді...» – деген емес пе? Бөлімше намысы, совхоз намысы,
аудан намысы, облыс намысы, республика намысы,,,, семья
намысы, тағы да басқа намыстарды қайда қоямыз.

– Қауеке, мынау алдымыздағы ақ құйрықтар егізден тапса,
қанар-қанар жүн берсе ғана жұлдыз боламыз. Әзірге жағда-
йымыз «нешеуа» ғана, яғни бұл орташа деген сөз. Биылша
сіз бізді қыспай-ақ қойсаңыз қайтеді, – деп мен тура сөзге
көштім.

– Жоқ, биыл кайтсең де жұлдыз боласың. Ол үшін басқа
отарлардағы шопандармен достық қарым-қатынасыңды ны-
ғайт. Бір де. Жоғары жақтан бастықтар келмей тұрмайды. Он-
дайда дастарканыңды жайнатып, қазаныңды қайнатып қой.
«Ақ су, көк су» дегендерің бұлақтай сыңғырлап, ыдыстарға
ағылып жатсын. Екі де. Сосын жердегі түгіл аспан жұлдызы
атанбасаң менің жұлдыным үзіліп, Қауқай атым өшсін. Үш де,
– деп басқарушы бет қаратпады.

Қауқайдың айтқанын мен екі етпей орындауға кірістім.
Шопандармен әкей-үкей араласып, бір шөлмек сыраның өзін
бөліп ішеміз. Манағы Қауқай айтқан совхоз бен аудан кө-
леміндегі бастықтар бөлімшеге опыр-топыр келіп жатады.
Қайсысы да біздің үйге соғып, төсек-орнымызға бір аунамай
кетпейді. Қайнаған қазан, жайнаған дастарқан... Не керек,
Қауқай тым көреген басшы екен. Бірер жылдың ішінде бөлім-
шенің ғана емес, совхоздың бетке ұстар нысана – жұлдызы
болып шыға келдім.

«Ас – аттынікі, той – тондынікі» деген емес пе? Атақ-даң-
қым шыққан соң, төр де менікі, сөз де менікі. Бірақ басқа қон-
ған бақытты ұстап тұру үшін бас та керек екен. Әуелде жар-
ратылысымызда мойынға бітпеген басты біреуге айырбастай
алармысың? Аққан жұлдыздай жарқ етіп жанып, жалп етіп
сөнгенімді байқамай да қалдым. Бәрі де ойламаған жерден
басталды. Бір күні Қауқай отар басына келіп:

– Шәку, ертең ауданда шопандар слеті өтеді. Сен сол слетте
өз тәжірибең туралы ағызып тұрып айтып бересің. Ауызша
сөйлейсің бе, әлде жазып сөйлейсің бе? Кәне, ақылдасып ала-
йық. Өзің қайсысын қалайсың? – деді.

– Екеуін де қаламаймын. Мен топ алдында шешенсіп, діл-марсыған адам емеспін. Тілінің бүрі бар, жұрт көретін түрі бар біреу сөйлесін, – деп ат-тонымды ала қаштым.

– Ойбай, Шәку-еке. Бүкіл аудан алдында ертең мені мас-қара, қара бет қыласың. Сөйлей білмеген озат та болмайды. Сұмдықты шығармай отырыңыз.

– Жарайды, онда, ауызекі бірдеңе мыжырмыз, – деп амалсыздан келісім бере салдым.

– Ертеңіне Қауқай таң атпай үйге жетіп келді де, қолындағы төрт бүктеулі қағазын маған ұсынып жатып:

– Шәку-еке, ал кеттік ауданға. Асылы жазып сөйлеген дұрыс. Сенің өзің ақ көңіл, аңқылдаған адам көрінесің. Кім біледі, қыза келе, бүйіріңізді сайтанның сойқаны түртіп кеп жіберсе, топ алдында басы артық сөздер айтып жіберуіңіз мүмкін. Сондықтан кеше түнде зоотехник балаға әдейі бір нәрсе сүйкетіп алдым. Мә, қалтаңа салып қой, – деді.

– Қауеке, олай болса мен мұны көзілдірігіммен бір қарап шығайын. Соңыра танымай ұятқа қалып жүрермін, – деп төрт-бес парақ қағаздың алғашқы бетін оқи бастадым.

Зоотехниктің жазуы да әлем-тапырық дүние екен. Түйенің өркеші мен иір мойнына, иттің артқы сирағына, қошқар мен текенің мүйіздеріне ұқсаған әріптерден көз сүрінеді. Бірақ бір-бір әрпі баланың білегіндей әріптерді тануым бәлендей қиын соқпады. Алғашқы бетін ә дегенше желдіртіп оқып шықтым. Бастық қасымда екі аяғымды бір етікке тығып тұрған соң: «Жарайды, қалғанын мінбеден де оқып берермін», – деп қағазды төрт бүктеп, төс қалтама салып алдым...

Слет жұмысын бастады. Жарыс сөзге үш-төрт адам шыққаннан кейін, жиналыс жүргізуші сөз кезегін маған берді.

Бұрын топ алдына шықпаған мен байғұс көп кісіні көргенде тұла бойым қалтырап, қарабақайыма дейін шымырлап кетті. Орнымнан сүйретіле тұрып, мінбеге қарай жүре бастағанда-ақ, екі аяғым сегіз болғандай бір-бірімен қақтығысып, сүріне бастадым. Мінбеге көтеріле бере қаттырақ сүрініп кетсем керек, көзілдірігім тас еденге ыршып түсіп, күлпаршасы шықты. Ештеңе көрмегендей, ештеңе сезбегендей мінбеге көтеріліп, қалтамнан манағы төрт бүктеулі қағазды суырып алдым да оқи жөнелдім.

– Ж-жолдастар, – деп біраз тұрып қалдым. Байқаймын, көзілдіріксіз оқу оңай шаруа емес екен. Манағы сойдақ-сой-

дақ, иір-иір әріптер аяқ-қолын жинап, бауырына басып алған кірпідей доп-домалақ боп, менен тығылып үнсіз жатып алған тәрізді.

– Жолдастар, мен бый-бый...то-есть былтыр әр...әрбір 110 саулықтан 108 қой...то-есть қозыдан алып қ...қатарға қостым.

Осы жерге дейін кекештеніп, тұтығып әрең жеткенімде залда отырған Қауқайдың даусы шығып кетті:

– Жолдастар, 108 емес, 128 қозыдан алынды.

– Иә,иә, дұрысы осылай. Бұл кісі совхоздың шамшырағы ғой, – деді президиумда отырған совхоз директоры да Қауқайды қостап.

Маңдайымнан тер бұрқ ете түсті. Сөзімнің екінші бетіне ауысқанымда көзім әріптерді ажыратудан қалды. Сонда да оқып жатырмын:

– Ж-жолдастар, қ-қолды...то-есть қойды қолдан ұр... ұрық.. тандыр...маудың пайдасы шаш етектен... – бұл жолы Қауқайдың даусы бұрынғыдан да өктем, зілдірек шықты:

– Жолдастар, ұрықтандырмаудың емес, ұрықтандырудың пайдасы шаш етектен. Шәке-ау, сізге не болған? Өзіңіздің жазуыңызды өзіңіз танымай кекештеніп тұрғаныңыз, – деп бөлімше басқарушы маған бас салды.

– Өзімнің де борша-боршам шығып, ызадан жарылардай болып тұрғанымда, Қауқайдың «кекештеніп» деген сөзі жоныма қамшы боп шып ете түсті де, бөлім ше басқарушысына мен де тиісе жөнелдім:

– Қауеке, сіз мені бұлай жұрт алдында масқараламаңыз. Өзімнің шатпақ ирегім болса, әлдеқашан-ақ әндетіп оқып берер едім. Мә, зоотехниктің қойыртпағын өзіңіз оқып беріңіз. Көзілдіріксіз мынау ирегінді таныр емеспін. Көзілдірігім болса, әне, еңіреп еденде жатыр.

Жиналғандар у-шу, азан-қазан болды. Біреулері қарқ-қарқ күліп жатыр. Қауқай састы-ау деймін, жалма-жан орнына лып етіп отыра қойды.,

– Өзіңнің тәжірибенді өзің жақсы білесің, ауызша айта бер. Иә, біреудің жазған қағазына телміріп кайтесіз. Тәжірибенізді айтыңыз да қойыңыз. Тек шындық болсын, – деді президиумда отырғандар:

– Дұрыс, дұрыс пікір!

– Ауызша сөйлегенге не жетсін! – деген дауыстар естілді залдан.

– Шынынды айт, бірақ қысқарта сөйле, – деді Қауқай тағы да орнынан атып тұрып.

– Бәрің де шындық айт деп тұрсыңдар ғой.. Өтірік айтып өрге шығайын деп тұрған мен жоқ... Жолдастар, менің озат болу ойымда жоқ еді. Мың жасағыр бөлімше басқарушы Қауқай жүрісі қандай пысық болса, шаруаға одан да пысық екен. Жар құлағы жастыққа тимей жүріп, мені озаттар қатарына қосты...

– Сіз өзіңіздің тәжірибеңізді айтыңыз. Қауқайдыкі жалпы басшылық қой, – деп залдағы біреулер менің сөзімді жақтырмаған сыңай танытты.

– Құрметті жолдастар, шынымды айтсам, менің тәжірибем Қауқайға байланысты...

– Шәку жолдас, «Түйенің танығаны – жапырақ» дегендей, сіз немене керең адам сияқты «Қауқай, Қауқай» дей бересіз. Жұрт сізге өзіңіздің тәжірибеңізді айт деп тұр ғой, – деп Қауқай орнынан төртінші рет атып тұрды.

– Әй, Қауқай, сіз мені «кекеш» деп, «керең» деп әбден масқарамды шығардыңыз ғой. Ал шынында менің көзге түсуім сізге тікелей байланысты емес пе? ..Жолдастар, шындығы былай, Қауқай бөлімшеге келе сала жағама жармасқандай: «Сен озат боласың, бүгіннен бастап шопандармен қарым-қатынасыңды жақсарт», – деді. Мен жақсарттым. «Сырттан бастық біткен келсе, дастарқаның жайнап, қазаның қайнап тұрсын», – деді. Мен бастықғың бұл айтқан сөзін де мүлт жібермей орындадым. Мынау төрде отырған қасқаның көбісі біздің үйдегі Ортай бәйбішенің сары самаурынан шай ішіп, тай қазанынан жал-жая, қазы-қартаға мелдектен тойған аса кәдірлі жампоздар, яғни ел ағалары.

Осы араға келгенде:

– Пәлі, жарайсың!

– Қара қылды қақ жарған әділдігіңе рақмет

– Мың жаса! – деп залдағылар дүр сілкініп, түк естіртпей қойды. Мен сөзімді одан әрі соза бердім...

– Жолдастар, жаңа менің әр жүз саулықтан 128 қозыдан алғаным да шындық ауылынан тым қашық жатыр. Мен небары 108-ден ғана қозы өрбіттім.

– Сонда бақандай жиырма қозыны қай жерден қымқырдыңыз, – деп отырғандардың бірнешеуі жамырай сұрақ қойды.

– Мен жаңа сендерге көрші шопандармен жағдайды жақсарттым демедім бе? Қауқайдың айтуынша олардың әрқайсысы маған 50-60 қозы берді...

Жұрт тағы қыран-топан күлкіге басты. Шу бір саябыр тартқанда: «Келесі жылы аман тұрсам қозыларды иелеріне түгел қайтарамын. Сосын олар да жұлдыз болады», – деп, мінбеден түсіп жүре бердім...

... Көп ұзамай Қауқай біздің бөлімшемен қош айтысты. «Екі дүниеде көгермесін», – деп, мені қарғап аттаныпты, Қайтейін, бәрі көзілдіріктің кесірі ғой.

Мен де ашық ауыздығым үшін сыбағамды алдым. Қазір шопан көмекшісімін. Үш адам бір ісек отарды алаңсыз бағып жатырмыз. Мен сияқты шындық айтқыш ашықауыздарға саулық отарды бағуға сенім көрсетуге болмайды депті жоғарыдағылар. Бәрінен де көзілдірігім қадірлі еді. Дәл сондай көзілдірік қай дәріханада бар екен, ә?

ШАШ ТҮЙРЕУІШ

Жалпы әйел жұрағаттар күйеулері бір жаққа бара қалса, қайтарында қоржын-қоланды сықастыра толтырып неше түрлі базарлық әкелгенді ұнатады ғой. Ал менің әйелім Сәнжан от басынан қырық қадам жер шығар болсам, жағама жармасып: « Маған сенің өрік – мейізіңнің керегі жоқ, бір дорба шаш түйреуіш әкеп бер, шашымды кір қыстырғышпен қыстырып ұятты боп жүрмін», – деп үнемі өтініш айтады.

Ол соңғы жолы да сөйтті. Білім көкжиегін кеңейтіп келуге бір айға облыс орталығына баратынымды естіген соң – ақ: « Бұл жолы бар ғой түйреуіштің күміс немесе алтын сияқты жылтырын әкел. Әкелмесең, басыңа әңгір таяқ ойнатам» , – деп қос жұдырығын түйіп қалды.

Алғашқы күннен-ақ оқудан қолым босаған сәтте зыр жүгіріп Сәнжан айтқан жып-жылтыр шаш түйреуішті іздеуге аттандым. Бірақ қаланың барлық дүкенін адақтап шықсам да, жолым болмай қойды, бүкіл түйреуіш менен әдейі безіп, қашып кеткен бе дерсің.

Бірде «Қарлығаш» асханасына барып, басыма Сәнжан ойнататын әңгір таяқтың қандай болатынын қиялдап, алдымдағы дұңған салмасын енжарлау ішіп отыр едім. Сіздерге өтірік, маған шын, салманың түп жағынан мен таба алмай жүрген

жып-жылтыр шаштүйреуіш ширатылған бір тал шашпен қоса жарқ етіп шыға келді.

О, ғажап! Дүкеннен іздегенім дұңған салмасынан табылады, деп кім ойлаған. Менен бөтен адам: «Тамағыма түйреуіш кетіп, өліп қала жаздадым, сендерді сотқа берем», – деп аспаздарға қаһарын төгіп, жер тепкілер еді, ал мен қуанышым қойныма сыймай, әлгі түйреуішті қастерлей сүртіп, әмияныма зытырып кеп жібердім.

Ертеңіне түс кезінде әлгі асханаға тағы да жетіп келдім. Дұңған салмасын алып, қомағайлана іше бастап едім, кенет қасығыма бір емес, екі бірдей жып-жылтыр түйреуіш ілігіп шыға келгені... қуанғанымнан санымды соғып, алақайлап жібере жаздадым. Маңайымдағылар табысыма ортақ болып жүрер деп қауіптенгендей шаш түйреуіштерді әп-сәтте қалтама салып ала қойдым.

Осы оқиғадан кейін, сіздерге өтірік, маған шын, «Карлығашқа» келмесем басқа асхананың тамағы тамағымнан өтпей қалатын болды. Ал дұңған салмасынан кемінде бір шаш түйреуіш шықпай қалса, ішкен асым бойыма тарамай, күні бойы жоқ іздегендей томсырайып жүрем.

Соңғы салмамнан шаш түйреуіш шыға қоймағанына өлердей налып, тамағымды ішейін бе, ішпейін бе, деп мұңайып отыр едім, қасымда бей-жай күйде ауқаттанып отырған жер ортасынан асқан адам айқай салып орнынан атып тұрды:

– Ой, ой, рақмет жауғырлар, міне ақыры іздегенім табылды-ау, – деп, жұмырлау бір гайканы қасығынан қуана алып жатыр.

– Балақай, сен де бір нәрсе іздеп жүрмісің? – деді ақсақал маған бұрылып: ‘Қамықпа, бұл асханадан қалағаныңды әлі-ақ тауып аласың. Мен мына гайканы «Мың ұсақ-түйек» дүкенінен бір жылдан бері кезіктіре алмай жүр едім. Көрдің бе, бүгін сәті түсті. Енді асхананың шағым кітапшасына алғысымды жазып кетейін», – деп, әлгі кісі шайын да ішпестен тұра жөнелді.

Жалма-жан мен де салмамды тезірек ішіп, тәрелкенің түп жағын қасығыммен әрлі-берлі аударыстыра қарай бастап едім, сіздер иланасыздар ма, жоқ па, оны өздеріңіз білесіздер. Іркесіп-тіркесіп бірден үш шаш түйреуіш тауып алдым «Алақайлап» орнымнан атып тұрып, салма құйып беріп тұрған келіншекке: «Айналайын, мынау түйреуіштеріңе мың да

бір рахмет сен маған дәл осы салмаңнан тағы да бес-алты тә-релкесін құйып берші. Мен ішіндегі шаш түйреуіштерін теріп алам да салманы түгелдей өзіңе қайтарып беремін», – дедім.

– Сіз немене, массыз ба? – деп әлгі келіншек маған бас салды.

– Замандас, жұртқа гайкасы бар салма да бересіз, ал маған шаш түйреуіші бар салма да қимайсыз. Мен тоқалдан туғаным жоқ, кісіні бұлай алаламаңыздар, – дедім ашу шақырып. Келіншек көкбеттеніп шыға келді:

– Немене етке тойып, енді темір-терсек жеуте кірістіңіз бе, әлде өзіңізге мазақ керек пе? – деп, долданып, қолындағы ожауын көтеріп маған жақындай түсті.

– Мен шынымды айтып тұрмын, замандас. Сіздерге түйреуіш керек болмаса, менің үйдегі Сәнжаным керек. Сондықтан түйреуіштің мен үшін өмірлік мәні бар. Әйелім осы қылтанақтай темірге бола менімен ажырасып кетуі де мүмкін. Ал сіз оны түсінбейсіз, бүгін дәл қазір түйреуіші бар салма бермесеніз, мен асхана меңгерушісіне шағым жасаймын.

– Сіз массыз, бейбастақсыз. Милиция шақыртамын.

Осы кезде асхана меңгерушісі де біздің қатты сөзімізді естіп қалып, қасымызға жетіп келді. Мен бірнеше күннен бері жиналған және жаңа ғана тәрелкеменнен шыққан үш шаш түйреуішті қалтамнан суырып алып, асхана меңгерушісінің алдына жайып салдым.

– Мұныңыз не, мұныңыз не? – деп жатыр асхана меңгерушісі сасқалақтап.

– Сіздерге мың да бір рахмет. Жер-көктен іздеп таба алмаған шаш түйреуішті сіздің асханаға келіп, дұнған салмасынан таптым! Жаңа ғана үшеуін таптым. Аспаздарыңа: «Шаш түйреуіші бар бес-алты тәрелке салма бер», – десем, ол маған: «Сіз массыз, милиция шақыртамыз», – дейді. Келген кісіні сыйлау деген қайда?

Асхана меңгерушісі бір мың жасағыр жөні түзу әйел екен, дереу аспаздарын шақырып алды да:

– Сендер кісі сыйлай білмейсіңдер, біреудің мұқтажын ойламайсыңдар. Біз халыққа мінсіз қызмет етіп, жұрттың алғысын алуға тиісті адамдармыз деп, сендерге күнде қақсаймын ғой. Сосын сау адам мен мас адамды айыра алмау не сұмдық. Мәселен мына кісіге қараңыздаршы. Осы азамат мас па, сау ма? – деді.

– Бұл кісі мас, – деді манағы ас үлестіретін келіншек маған тесіле қарап, – сау кісі түйреуіші бар салма сұрамас болар.

Міне, ақымақ сөз сөйлеп тұрсың. Бұл жігіт мынау шаш түйреуіштің бәрін де сенің құйып берген дұнған салмасынан тауып алыпты. Міне қараңдаршы, мынау бастарыңда қыстырылып тұрған шаш түйреуіштер мына жігіттің қолындағы шаш түйреуіштердің туған бауырлары екені айтпай-ақ көрініп тұр ғой. Мынауы сенікі, анаусы сенікі деп асхана меңгерушісі аспаздарының аузына құм құйды. Бағзы біреулер болса жоғарыға арыз жазып, бәрінді тулақтай қағып-сілкіп кетер еді, ал бұл жігіт алғыс жаудырып отыр. Мұнысы адамгершілік пе? Әрине, адамгершілік.

Келген қыз-келіншектер бір-біріне оқшырая, таңдана қарасып қалды.

– Ал, кәнекей, анау шаштарындағы бүкіл түйреуішті дереу жинап, мына жігітке беріндер. Сендер бәрібір тамақтың ішіне түсіріп жоғалтасыңдар. Мен де өзімнің түйреуіштерімді осы азаматқа сыйға тартамын. Ескерткіш болсын, – деді шаш түйреуіштерін беріп жатып, ол:

– Асханамызға келіп тұрыңыз, жаңа ғана бір кісі сіз сияқты жоғын біздің салмамыздан тауып алған екен, алғыс кітабына мың рахметін жаудырып кетті. Бәлкім, сіз де біз туралы жылы сөз жазып кетерсіз, – деп сылқ-сылқ күлді.

Аспазшылардың біреуі де жұмған ауыздарын ашпастан бастарындағы шаш түйреуіштерін жұлып-жұлып алып, маған ұсынды. «Шағым кітапшасына» мың алғысымды жаудырып кете бардым...

КЕЗЕКТЕГІ КЕЗДЕСУ

Жас балық десе Балқан тауына баруға әзір Қияп соңғы уақытта жергілікті табан мен алабұғаның өзі көрінбей кеткеніне көңілі күпті боп жүрген -ді. Жуырда бір демалыс күні «Колос» магазинінің сыртында алабұға сатылып жатқанының дәл үстіне кезікті де, кезектің ең артына барып, қалыптасқан ежелгі дәстүрді бұзбайын дегендей: «Соңы кім болар-ар екен?» – деп әндете сауал тастады.

– Мына біз боламыз, – деп, жасы отыздың омырау ортасына келіп қалған сұлуша келіншек сыздана сөйлеп, сызыла жауап беріп, маржандай тізілген ақ тістерін айқастыра күлімсіреді.

Келіншектің ерекше ойнақы жүзі мен қарақаттай нәркес көзі Қияпқа қатты әсер еткені сонша, тіпті бір сәт семіз де былпиған денесі арқылы жоғары вольтті электр тоғы жүріп өткендей, есеңгіреп те қала жаздады.

Әйелдерге біткен сезімталдықгы бойына жүз пайыз сіңірген әлгі келіншек Қияптың есі ауыңқырап кеткенін лезде сезді де:

– Қалай, замандас, жүйке нервтеріңіз түгел ме еді? – деп Қияпты әзірге белгісіз әзіл майданына шақырды.

Еш жерде, еш уақытта әйел жұрағаттардың бұлайша ыстық ықыласы мен жылы шырайына ұшырамаған Қияп оң мен түстің төркініне түйсік жіберіп те жатпады:

– Түгел шығар, түгел болмаса сіз тауып әкеп берерсіз, – деп, өзінше бір аса ұтқыр жауап қайырғандай келіншекке жақындай түсіп езу тартты.

– Жұрттың жоғалған нервісін тауып берерлік иісшілдік қасиетіміз жоқ. Дегбірі қашқан жігіт мына нөпір жұртты аяғына дейін күтуге шыдамы жетер ме екен дегенім ғой, – деп жеңіл ғана езу тартып, ақ төсін ақ орамалмен желпіп-желпіп жіберді. Бұл Қияпқа: «Қалай, ақ төсім аққу жүзер айдындай емес пе?» – дегендей әсер етті.

Кебістей аузының берекесі кетіп, сілекейі шұбыра бастағанын сезген Қияп екі езуін тілімен жалап-жалап алды да:

– Замандас көрінесіз, нервім жетпей бара жатса, сізден несиеге ала тұрармын, – деп, тершіген сәбіз мұрнын қайта-қайта сүрткіледі.

– Біздей төмен етектілер үшін сіздей асыл жігіттерге борышқа емес, босқа бергеннің өзі ғанибет.

«Сіздей асыл...»Қияп келіншектің айтқан бұл сөздерін: «Шіркін, әйелім естімеді-ау», – деп өкінді. Оған әйелі үнемі көңілі толмай: «масылсың», – дер еді. Келіншекке өлердей риза болып, күнін оңынан, айын солынан туғызып тұр. Жанаса бой көрсетіп, бір-бірімен таласқа түскен екі сезімнің алапат ағыны Қияптың қанын тасытып, шекесін сыздатып жіберді.

– Е-е, мына кезегіміз келгенше бүйтіп бір жерде тұра берсек «көктүйнек» болармыз, сірә,? Тобылдағы жағажайға баруға серік боларлық серілеу жігіт іздемесек болмас. – Келіншек ұрлана қарап, көз қиығын түсіріп қойды.

Қияп дәл осы сәт өз ғұмырында үйлі-баранды болғаннан кейін тұңғыш рет батыл қадам, берік байлам жасады.

– Менің серілігім болмаса да, серігіңіз болуға жарармын! – деді келіншекке тайсалмай тура қарап:

– «Жая мен жал – құрдас, шекер мен бал – құрдас», – деген екен аталарымыз. Мен бал болсам, сіздің шекер боларлық шамаңыз бар ма? Бар болса, жүріңіз кеттік.

Келіншек жалын атқан жанарын жігіт назарына тіктей түсірді де ерекше назды жүріспен автобус аялдмасына қарай жүрді...

Екеуі жағажай басына жеткенде келіншек Қияпқа:

– Тобылдың мініс көтерер жуас толқынында қайықпен тербеліп, серуендегеннен артығы жоқ. Кәне, сіз бұған не дейсіз? – деді өтініш білдіре қарап.

– Табылған ақыл. Өне, жұрт та бір қайыққа екеу-үшеуден мінгесіп барады ғой, – деп Қияп желіге түсті.

– Жігіттің осындай келісімпазын ұнатамын. Енді бір ғана гәбім бар, айтайын. Мынау күн шыжып барады, аздап сырапыра алмай болмайды. Біраз серуендегеннен кейін жағаның ар жағына шығып шөл басуымыз керек қой.

Күндіз шырақпен іздесе таптырмайтын мынадай жас келіншектің «сыра-пыра алайық», дегенін өзінше жорамалдаған Қияп қалтасына біраз ақша салып шыққанына қуанды.

– Ендеше сіз қайықтың кезегіне тұра беріңіз. Мен киоскіге тез ғана барып, сусындық шәрбат әкеле қояйын, – деді. Қияп бірнеше шөлмек сыра алды да сатушыға ақырын ғана:

– Жеңеше-жан, құлыңыз болайын, қалыңдығыммен қайыққа мінейін, көңілін «жұлдыздымен» көтерейін деп едім... жатқан-тұрған ештеңеңіз жоқ па еді, – деп сыбырлады.

– Қайнымыздың «шайлығы» болса, жеңгесінің «майлық-саулығы» дайын, – деп сатушы әйел де сыбырлап көзін қысып қойды.

Қайықтың кезегін алып тұрған келіншек Қияптың «жұлдыздатып», сыралатып келгенін көргенде көздері қызыл шоқтай жайнап.

– Өзіңізді алғаш көргенде-ақ: «Тегі, жаны жомарт жігіт болар» деп ойлап едім. Қателеспеген екем, – деп Қияпқа қарап назданғанда анау:

– Бұл әлі бастамасы ғана ғой, – деп лепіріп кетті.

Олар қайықпен көп серуендемеді. Келіншек: «Шөлдеп барам, шекем сынып барады», – деп Қияптың қайықты тезірек өзеннің ар жағына шығаруын өтінді. Олар шөбі қалың өскен

тобылғы түбіне жайғасып сыраның бір-екі шөлмегін ішіп еді, келіншек: «Жылымшы бірдеңе ғой, мынау», – деп ұнатпай, коньякты аштырды.

Екеуі бір «жұлдызды» тауысып, енді екіншісін бастағанда Қияп: «Сені іздеп арманым, Тобылды шарладым», – деп келіншекке сүзіле қарады.

Кияптың арақ ішсе тез қызып, қалбақтап қалатын әдеті бар еді. Ол біраздан бері гастрит деген ит ауруға шалдыққалы арақ-шарап аулынан іргесін аулақ салған. Манадан бері келіншекке ілесіп калмауы – еркектердің жырттысын жырттып, намыс жібермей отырғаны еді.

– Сіздің көркіңізге қарап көңілім тоят тауып отыр. Шіркін, менің күйеуім сіздей болса ғой, – деп келіншек жаңа бастаған отқа май құя түсті.

– Сіздің б-байыңыз... то есть, кешіріңіз, күйеуіңіз бар ма өзі? – деді Қияп миңгірлей сөйлеп.

– Күлге түнеп шыққан үлектей бір мәнжу бас бар.

– Е-е мұңымыз бір екен ғой. Мен де салпы етек, кірлі қоныш біреумен дозақтағы ғұмыр кешіп жатырмын.

Қияп келіншекке ұнағанына балаша мәз боп қуанды. «Көркіңізге қарап, көңлім тоят тауып отыр» дейді, ә? Эй, осы сөздерді албасты әйелім естісеші?» Қияп қиялдап отырып, калғи-шұлғи бастады. «айым, келші бері... таныстық үшін ішейік», – деп ол тағы бір-екі алып жібергенде екі көзіне екі батпан ұйқы келіп тығылып тұрып алды. Тұлабойы елжіреп, көз алды тұманданып бара жатты. Алдында алаулап отырған келіншектің қыпша белінен құшақтағысы келіп еді, денесі илеуі қанбаған қамырдай икемге келмеді.

– Жігітім, тұлыпқа мөңіреген бұзаудай босап кеттіңіз. Кел, жатып дем ал, – деп келіншек Қияптың басына қол сумкасын жастай салып еді, анау ә дегенше Тобыл бойын түгел көшірердей қорылға басты...

...Қияп оянғанда күн еңкейіп қалған екен. Тобылдың ол жатқан жағасында жан адам көрінбейді. Жағадағы қайық та, жанындағы ару келіншек те жоқ. Ол-ол ма, қолындағы сағаты, аяғындағы ұржаңа бәтеңкесі, костөмі мен калған ақшасы да болмай шықты. Манағы өзі әкелген шөлмектер босап, маңайында бықып жатыр. Ол қалтасын сипалап еді, ішінен мынадай сөздер жазылған бір парақ қағаз шықты:

«Ақшасы көп, ақылы жоқ сендей шартық еркектер көбейсін, шалбарынды алып кетпегеніме маған мың да бір рахмет айт, дорағым. Сені де біреу: «Байым бар, балық әкелуге кетті», – деп үйде күтіп отыр-ау, дорба ауызым,ә?»

Қияп жүрегіне біреу кенеттен қанжар сұғып алғандай күйге түсті. Өмірінде ол бұлай мазаққа қалған жоқ еді. Әйелінің өзіне айта беретін «масыл» деген сөзіне «ой, бауырымдап», көріскісі келіп кетті.

Далада қалған Қияп түн ортасы кезінде көшемен жалаң аяқ есіп үйіне әрең жетті. Есіктен кіре үрпісіп отырған әйелі мен бала-шағасына: «Құдай, мықтап бір сақтады-ау. Бір-бір метр қанжар ұстаған төртеуден қалай қашып құтылғанымды да білмеймін. Әй, кәпірлердің, түрі қалай суық еді. Дүние-мүлік бастан-құлақ садаға, қатын», – деп зар еңіреп қоя берді...

МЫҢ БІРІНШІ ТАНЫСТЫҚ

– Әй, осы жұрт бар ғой, бозадан босаған күбі құсап даңғырлап барады, – деді Әптіш автобус аялдамасында кездесе кеткен Қоқырдың етегінен тартқылап. – Тіпті бар ғой, болмашыға мақтанып, мақтамен бауыздалып жатады.

– Әптішжан-ау, бұл жалғанда мақтанбайтын екеуіміз-ақ шығар, – деді Қоқыр келіп қалған автобусына мінбей, кейін шегініп.

– Сұрама, біреулер жас болғанына да, біреулер тіпті мас болғанына да мақтанып, кеудесімен көк тірейді емес пе?

– Аталы сөз айтып тұрсың. Қазіргі адамдар ине ұстап тұрып, тебен сатып алдым деп көкімесе бар ғой, көзінің қарашығына шикан шығатындай көреді.

– Біз әттең мақтана алмаймыз. Әйтпесе бар ғой, екеуімізде де мақтанарлық жай-жапсарлар аз емес.

– Иә,иә, аз емес, многодан да көп. Мәселен, менің әйелім жуырда ғана мына деген (бас бармағын шошайтып) ғылым кандидаты атағын алды. Өзі бар ғой, орысша сөйлегенде бұлақша сылдырлатады. Сен өзің біздің әйелдің лекциясын бір тыңдап көрсең бар ғой, соңынан екі елі қалмас едің. Сен түгіл бар ғой, алматылық бір дөкей профессордың өзі әйелімнің лекциясын тыңдағаннан кейін бар ғой... соңынан екі-үш жыл қалмай жүрді. Ақыры, міне, күдайға шүкір, кандидат қып шы-

ғарды. Ал осыны мен әлі өзіңнен басқа ешкімге ләм деп тіс жарып айтқаным жоқ.

– Ал, менің әйелім кімнен кем? Жуырда мен, құдайға шүкір, кезектен тыс бір көкпеңбек-ау, көкпеңбек... былайша нағыз ашық аспан түстес, «Волга» сатып алдым.

– Айтпақшы, қайырлы болсын. Бірақ, «Волга» емес, «Москвич» деп еді ғой.

– Әй, бәрібір емес пе? Аузыма «Волга» түсіп кеткен шығар... Сол машинамен сағатына 160 километр шапшандықпен зулатып, «Ләйлім шыраққа» салып келе жатсам, бұрын кім білген, «Москвич» қатты жүргенде кісінің маңдайынан тер дегенің моншақ-моншақ шұбырып шығады екен ғой өзі. Сонда біздің Боташ бәйбіше үйдегі көлдей-көлдей тоғыз ақ жібек орамалмен терімді сүртіп алып отырады. Бұрын кім білген, машина қатты жүргенде кісі шөлдегіш келеді екен. Сондайда біздің Боташ үйден алып шыққан ақ самауырдан түлкі құйрық шай құйып беріп отырады.

Бір ғажабы, Боташтың шайы үш күн жүр, мейлі апта жүр, не таусылмайы, не суымайды.

– Бір сөз, бір сөздің тұяғын түртеді. Бұл жақсы, көргенді әйелден туған балалар да жақсы, көргенді болады екен.

– Оу, оған сөз бар ма?

– Мәселен, өзің білесің, біздің үйде шортандай-шортандай бір емес-ау, бес еркек бала бар. Ал осы бесеуі ертең бес ауыл немесе қала боп кетеді ғой, кетеді. Ал өздері қандай аппақ-аппақ, сүтке шомылып шыққандай дерсің. Және де бәрі өзіме тартқан. Кезінде «ауылдың ақ жігіті» атанып едім. Қайда, кезінде менен сері, менен асқан ақжігіт болған емес. Жоқ, жоқ, болған емес...

– «Бір сөз, бір сөздің тұяғын түртеді», дегенің рас. Мәселен, өзің айтқан сияқты менің аққудай-аққудай алты қызым кімнен кем. Алтауы да ертең-ақ алты үйдің ашса есігі, жапса түндігі болғалы тұр. Пах-пах, менің қыздарым бар ғой, бейне періштелер. Қандай жігіттердің маңдайы жарқырап тұрғанын кім білсін. Міне, мен әлі күнге дейін қыздарым туралы бір ауыз сөз мақтау айтып көргенім жоқ.

– Жуырда әлгі өзің білетін Шөшік бар ғой, соны көрдім. Ол да бір мақтанбаса, өтірік айтпаса, ішіне ас тұрмайтындардың бірі ғой. Маған: «Көшеге шықсам, әйелдер көзін менен алмайды», – деп күпінеді. Ал өзің білесің, мен көшеге шық-

сам, әйелдер менің жағам жармасып бітеді. Жуырда аққудың көгілдіріндей бір әйелмен таныстым... Санап отырсам, әлгі әйел менің тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы танысым екен...

– Ал мен ше? Өзің білесің, мен қазір тіпті Боташсыз көшеге шығуға қорқамын. Жуырда театрға барсақ, саған өтірік, маған шын бір жап-жас уылжыған ақ тамақ аққу қыз келіп, бүйірімнен түртіп, көзін қысады. Абырой болғанда Боташым түк сезбей қалды...

Әптіштің мына сөзіне намыстанып қалған Қоқыр:

– Сенің мұның жәй әшейін мақтан, – деп теріс бұрылып кетті.

– Немене, сен мені Шөшіктей немесе өзіндей мақтаншақ, суайт деп тұрмысың, – деп Әптіш көкпеңбек болғанша ашуланды.

– Мақтаншақтық сенен өтіп, маған келген жоқ. Сенің тұқымыңмен бөспе екенінді кім білмейді, – деп Қоқырдың түгі сыртына шықғы.

– Сенің аузың тура жүз процент өтірік айтады?

– Ал сенің аузыңда бес жүз проценттік жалған бар.

Аялдамаға екі-үш автобус қатарласа келіп тоқтады. Әптіш пен Қоқырдың әрқайсысы өздері күткен автобусқа жанталаса мініп-мініп алды да, бір-біріне іштей кіжініп, жауласса тарасты.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ҚҰПИЯСЫ

Ертемен көзімді уқалап тұра сала қол сағатыма бір қарап алуды өзіме парыз санаймын. Қараған сайын көңілім көкке өрекіп, бір жасап қаламын: сағатым тық...тик... тық... тик... деген сүйкімді үнінен жаңылмай, сыртылдап тұрғаны.

Бірде кезектегі парызымды өтейін деп, сағатыма қарап, отырған жерімде омпамнан түсе жаздадым. Мақтаулы сағатым маған мұның шаққандай жаудырай қарап, боп-боз боп мелши қалыпты. Ал кеп шайқа! Жүрмейді, ал кеп шерткіле- жүрмеді, етпетінен де, шалқасынан да түсіріп көрдім-жүрмеді, сосын амалсыздан оразамды ашпастан жақын жердегі сағат шеберіне төтелей тарттым.

– Хош келдіңіз, төрлетіңіз, төрлетіңіз! – деп сағат шебері мен есіктен кірген бетте-ақ құрақ ұшып, қияқ мұртын қиғаш-

тай тарағыштап, маған қарсы жүрді. – Қалай, сағатыңыз «тұмауратып» қалған болар, ә? Кәне, кәне, көріп жіберелік.

Шебер жаныма жетіп келіп, аса бір епті, әбжіл қимылмен сол жақ білегіме жармаса бастады.

– Сағатым төс қалтамда... төс қалтамда болар, – дедім мен сасқалақтап.

– Оқасы жоқ, өзім-ақ тауып аламын. біздер халық мүддесі үшін жаралғандармыз, сіздерге мәдени қызмет көрсету – біз үшін бақыт, – деп шебер төс қалтамдағы сағатты суырып алды. Сол ыңғайда-ақ сырт еткізіп ашып жіберіп: «Уфә, уф-фә», – деп екі-үш үрледі де:

– Е, тәйірі-ай, ажалына тура келген науқасы жоқ. Шынысын сілкіп, жұқалап нетіп... жайлаңқырап жіберсе, сағатыңыз ауыздығымен алысып шыға келейін деп тұр. Ал жолдас «науқасыңызды» тастап кетіңіз. Бір жұмадан кейін төбе көрсетіңіз, біткен шаруаның дәл үстінен түсесіз, – деп шебер жалпақ алақанымен стол үстін келістіре бір ұрды.

– Кешіріңіз, сағатынды шаң басқан, кірлеген дедіңіз бе? – дедім шеберге үлкен сұрақ белгісін қоя қарап.

– Иә, иә, аздап неткен... шаң басқан... Е, онда не тұр? Бүгінде не көп, тозаң-топырақ көп. Далада да, қалада да ұйтқыған жел, боран, шаң. Асфальттың үсті де шаң, тіпті менің өзім қалтаның түбінен күн сайын бір қадақ топырақ аламын, – деді шебер екі иығын қиқандатып.

– Кешіріңіз, бұл сағатты шаң басуы мүмкін емес. Алғаныма әлі бір жыл да болған жоқ. Және менің қызмет орнымда шаң-топырақты емге іздесеңіз де таппайсыз, – дедім мен де екі иығымды қиқандатып шеберге жақындай түсіп.

– Сонда сіз мені тәлкек қылғыңыз келе ме? Осы бұрышта отырып мынау сияқты (менің сағатымды нұқып көрсетіп) арам өлген сағаттарға жан бітіргеніме бүгін бақандай жиырма үш жыл. Ал сіз маған сенбестік білдіріп отырсыз. Сіз мені қорладыңыз, ар-намысыма тидіңіз?... – деп шебер жер тепсінді.

– Кешіріңіз мені...

– Жо-жоқ. мә, өлген сағатыңызды алыңыз да, осы арадан табаныңызды жалтыратыңыз, – деп шебер қияқ мұртын жыбыр-жыбыр еткізіп, сағатымды қайтып берді.

Мен амалсыздан екінші сағат шеберіне келдім.

– Хош келдіңіз, төрлетіңіз, – деп ол да аса бір ілтифат білдіре қарсы алып, орнынан тұрды.

Сағатымды қолына ұстата бердім. Сырт еткізіп ашып жіберді де қадала қарап:

– Сағатты тым күтіп ұстайды екенсіз. Заводтан жаңа ғана шыққандай үр жаңа қалпы. Бір түйір шаң қонбапты, – деді маған риза сыңай танытып.

– Шаң қонбапты дейсіз бе? – дедім еріксіз мырс етіп, – сонда қай жері сыныпты?

– Ешбір күлкісі жоқ, жолдас. Бір түйір шаң қонбағаны рас, мінекейіңіз... Сағатыңыздың бір ебелегі майысқан екен. Соны айырбастау керек. Бірақ бұл ебелегі құрғыр дәл қазір запаста болмай тұр... Оқасы жоқ, тастап кетіңіз. Екі-үш жұманың ішінде ебелекті болып қаларсыз.

Мана өзімнің «шаң қонуы мүмкін емес» деген долбарымның анық шығуы қанаттандырып жіберді ме, білмеймін, мен бұл жолы да шеберге күмән келтіре сөйледім:

– Кешіріңіз, сағатымның ебелегі майысқан дедіңіз бе?

– Иә, иә, үлкен ебелегі майысқан. Бір жерге абайламай соғып алған шығарсыз.

–Кешіріңіз, ебелектің соншама майысуы мүмкін емес. Өйткені мен сағатымды ешқашан, еш жерге соққаным жоқ.

–Ә, не дегеніңіз? Сонда мен сізге жалған айтып тұрмын ба? Сіз кімді қорлағыңыз келеді, – деді шебер дауысын қаттырақ шығарып.

– Ебелектің майысуы үшін бір нәрсеге соғылуы керек немесе аяғың аспаннан келіп, тырайып құлауың керек қой. Ал, мен осы сағатты алғалы ешқашан, ешжерге құлаған да, сүрінген де адам емеспін. Кешіріңіз... жалпы мен итерсе де құламайтын табаным жалпақ адаммын, – дедім өз ойымды растай түсіп.

– Жолдас, менің осы мүйісте қызмет еткеніме бүгін ширек ғасырдан бес күн асып отыр. Маған бүгінге дейін «сіздікі теріс» деп аузын бұртитқан адам жоқ еді. Сіз менің ар-намысымды табанға салып, тепкілеп тұрсыз. Сіздің бір түйір ұятыңыз жоқ екен.

–Кешіріңіз мен...

–Жоқ- жоқ ... атай көрмеңіз. Білгіш болсаңыз таң атпай көзіңізді жыртитып мұнда неғып келдіңіз? Мен мәдениетті кісі ғой, деп сізге мәдениетті түрде қызмет еткелі тұрсам... Ойбүй, ойбай-ай...Нағыз қызыл көз пәлекордың өзі екенсіз

ғой. мә, мынауыңызды, – деп сағатымды өзіме қарай итере салды да шебер жерге шырт түкіріп, теріс айналып кетті.

... Үшінші шебер де тым ақжарқын, жылы қабақ жан екен. Өзі киіктің асығындай ғана күйкентай кісі. «Төрлетіңіз, төрлетіңіз», – деп маған орындық ұсынды. Ал, мен оған қолымдағы сағатымды ұсына бердім. Шебер сағатты әрі қарап, бері қарап:

– Сағатыңыздың еш жері сынбаған, майыспаған. шаң-топырағы жоқ, бірер секундтық қана жұмысы бар. Тастап кетіңіз... Кезегі келгенде жүргізіп жібереміз, – деді түлкі бұлаң күлкіге салып.

– Еш жері майыспаған... сынбаған..шаң баспаған. Қызык екен. Кешіріңіз, сонда бұл сағат неге жүрмей тұр?

– Мен сізге жап-жаңа ғана бірер секундтық қана жұмысы бар, демедім бе? Әлде құлағыңыз қасандау ма еді?..

– Жо-жоқ, айтқаныңызды естідім. Сонда бұл сағаттың сырқаты қай жерінде екенін білгім келеді.

– Жолдас, әрбір кәсіби мамандықтың сыры, құпиясы болады. Оны жария ету – қылмыс жасаумен тең. Сіз тастап кетіңіз, мен жөндеп беремін. Келістік пе осыған, жолдас?

– Келісемін ғой. Бірақ бірер секундтық шаруа үшін сізге тағы да келгіштеп жүрмейін. Қазір-ақ жөндеп берсеңізші? – дедім шеберге өтініш білдіріп.

– Жолдас, мемлекеттік тәртіп, ұят-ар деген бар ғой. Кезекте тұрған сағаттар көп. Мен кезек тәртібін бұзуға батылдығым жетпей тұр? – деді шебер манағы түлкі бұлаң күлкісіне салып.

– Мен жылдам қызмет көрсеткеніңізді ескерер едім.

– Е,манадан бері осылай демейсіз бе? Онда қәп-қазір міне...

Шебер қолына, «скальпелін» алып, сағатты бір шұқып қалды да қақпағын жауып:

– Мә, енді мәңгілік тоқтамайды, – деп қолыма ұстата берді. Қуана-қуана рахметімді жаудырып, жөніме кеттім.

Содан бері аттай жыл өтті. Сағатым әлі «тык...тик... тык... тик...»деп, сыртылдап жүріп тұр. Тәулігіне не бір секунд қалмайды, не бір секунд озбайды.

Ал, әлі күнге дейін әуелде сағатымның қай жері сынғанын біле алмай армандамын.

ӨМІРЛІК ӨКІНІШ

«Көршің үшін намазыңды бұз» деген екен бұрынғылар, ал мен Мұқым көршімнің аузын бұзып, аяғын аспаннан шығарғым келеді. Неге? Өз басым пәлсапашыл, ақылгөй адамдарды сасық күзеннен бетер жек көрем. Ал, Мұқым болса есіктен аңырап кіріп, жамырап шыққанша бесіктегі баласынан бастап, әйелінің етігіне дейін мақтап, мұрнының ұшынан тер тамшылағанша бөседі.

Мұқымнан жалғыз мен емес, мектеп мұғалімдері де әбден ерқашты, зәрезап болған. Өйткені ол ата-аналар жиналысына екі-үш сағат бұрын барады екен де: «Сіздің мынауыңыз дұрыс емес», – деп бүкіл мұғалімнің нервісіне «сүйкеніп» шығатын көрінеді.

Мұқым соңғы кезде өзін менің жек көре бастағанымды сезіп, біраздан бері біздің үйге із салмай кетіп еді. Жуырда ойда-жоқта есіктен ентіге кіріп келіп:

– Әй, Бақаш, киін! Мектепке барып, балалардың хал-ахуалын біліп келейік. Что-то соңғы кезде менің таңқы танауым мен қисық табаным (ол балаларының бәріне осындай қосалқы аттар қойып алған) шабандап жүр. Сенің жалғызың да оңбай жүрген көрінеді, – деп диванда жатқан мені түрткілей бастады.

– Мектепке Макаренко мен Сухомлинскийді жатқа айтатын сен бар. Біздің жалғыз әке-шешесінсіз-ақ оқудың телпегін теріс айналдырып, жаңа бағдарламаның өзін ерттеп мініп алды, – дедім Мұқанның қолын кейін серпіп.

– Жоқ, барасың. Жалғыз балаңның тағдырын ойламайтын не қылған қатыгез жансың, а? Жүр, әйда, – дейді Мұқым маған бақшырайып.

– Әй, сенің менде шаруаң қанша? Менің мектепке баратын уақытым жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, біздің тұқымның баласы болсын, қариясы болсын, мәселені өз бетінше шешеді. Білдің бе?

– Балаң сабаққа неге үлгірмей жүргенін енді сездім...Өзің бала тәрбиесімен тіпті айналыспайды екенсің ғой,ә? – деді Мұқым желке тұсымнан сыңсып.

– Әй, мектепте сен оқып жүрмісің, әлде менің балам оқып жүр ме? Аузыңа ие бол. Қай баланың сабақты қалай оқитынын сен қайдан білесің, ә? – деп Мұқымға бас салдым.

– Біздің қалқанкұлақ айтып келді.

– Қалқанкұлақ? Осы сен жалған айтпасаң, жағың қарыса ма? Қалқанкұлағың үшіншіде, ал біздің бала төртіншіде окиды емес пе? Сонда сенің балаң менің баламның жайын сайтанынан біле ме? – деп диваннан атып тұрдым.

Мұқым манағыдай емес, ептеп басылуға айналған сияқты еді. Сәлден кейін:

– Қалқанкұлағым өтірік айтпайды. Балаң сабақта тыныш отырмайтын көрінеді. Қалқанкұлағымның бүйірінен түрткілеп, бүйе шаққаннан жаман қылыпты, – деп зарлап қоя берді. Қаным қайнап кетті.

– Сен нығылған ақымақсың, ей. Біздің бала төртінші де... түсіндің бе? Өзің қалқанкұлағыңды алып келші, өтірік айтқаны үшін мынау отырған әкесіне танытып жіберейін, – деп өңешімді жырта айқай салдым.

– Сен айқайды қой, көрші. Шыныңды айтшы, балаңның күнделігін көресің бе өзің? – деп Мұқым тағы да маған жабыса түсті.

– Ойбай-ау, о не дегенің. Баласының күнделігін көрмейтін әке-шеше бола ма екен. Көргенде қандай. Біздің бала бесті күнде топырлатып, қойша тоғытып әкеледі. Рас, ептеп үші де кейде... жасыратыны жоқ, екісі де болып қалады. Бала емес пе? Оныншы класты алтын медальмен бітіргенін көресің әлі, – дедім кірпігімді қақпай Мұқымға тура қарап.

Шынында баланың күнделігін қарау әдетімде жоқ еді. Мұқымның сөзіне ерегісіп өтірікті соғып жібергем.

– Сен балаңның қай жылғы күнделігін қарап жүрсің,ә? – деп Мұқым маған тағы да төне түсті.

– Есің ауысқаннан саумысың, ей. Қай жылғыны қараушы еді, биылғысы да, – дедім өршелене түсіп.

– Әй, Бақаш-ай, көрші деп көңіліңді қимай жүр едім, – деді Мұқым теріс бұрылып. – Сені соттап жіберсе де обал жоқ екен. Бүйтіп әке болып, отбасы атанып...

Тұла бойымнан мұздай тер шықты.

– Мұқым, тілінді тарта сөйле, – дедім жұдырығымды түйе айғайлап, – мені соттатып, әйелімді тоқалдыққа алмақпысың? Әкелік парызымды сенен кем өтеп жүргем жоқ. Біздің баланың ішкені мен кигенін сенің боқ мұрындарың түсінде де көрген жоқ. Білдің бе?

– Мәселе балаға киім мен тамақ тауып беруде ғана ма? Сен үйде жыланша ысқырғаннан бөтен бітіргенің жоқ. Тіпті, балаңның нешінші класта оқып жүргенін де білмейсің. Бұл үлкен қылмыс. Заң орындары әкелік құқығыңды жоюы мүмкін...

– Тауық мый болмасаң, біздің Пыштан төртіншіде, тағы да қайталап айтам, төртіншіде, төртіншіде оқиды.

– Жоқ, үшіншіде. Талағың тарс айырылып кетсе де шыны сол. Иланбасаң қап-қазір киін де, мектепке жүр.

Мұқымның мына сөзінен кейін шыдап тұра алмадым, жалма-жан киініп жатып:

– Осыдан балам төртіншіде оқыды бар ғой... Сонда сен маған бір грузин коньягін әпересің. Оны мен жалғыз өзім отырып ішем. Келістік пе? – деп Мұқымға тесіле қарап, жақындай түстім.

– Келістік. Егер сен ұтылсаң, сенің есебіңнен ішеміз ғой.

– Әбден болады...

Үйден дауылдатып шығып, тіке тартып бара жатыр едім,

Мұқым:

– Бұл ескі мектептің жолы ғой. Балалар қазір жаңа мектепте оқып жүр, – деп солға қарай бұрылды.

Ішім шұр ете түсті. Мұқым маған көз қиығын түсіріп қояды. Бірақ Пыштанның төртіншіде оқып жүргеніне титтей де шүбәм жоқ.

Үш қабатты «П» әрпіне ұқсас салынған мектепті көргенде баламның білім алып жүрген жері олқы еместігіне қуанып, еңсем көтеріле түскендей болды.

Мұқым екпіндете жүріп, үшінші «а» класы деген жазуы бар есікті тықылдатып, жайлап ашты да: «Сізді бірер минутқа болар ма екен?» – деп мұғалімді шақырды.

Ар жақтан қыпша белі қиылып, бір келіншек шыға келгенде Мұқым:

– Кешіріңіз, мына кісі Пыштанның әкесі еді. Баласының жайын білгісі келеді, – деді мысқыл жымыиыспен.

– Ә, жақсы келдіңіз. Сізді де көретін күн бар екен ғой, төрлетіңіз, – деп келіншек маған оқты көзін қадап, өп-өтірік күлді.

– Мені көргісі келетін келіншектер аз емес. Сіз көп сызыла бермей, ең алдымен менің баламның үшіншіде оқып жүргені рас па, соны айтыңыз? – дедім мұғалімнің әлгі кекесін күлкісін жақтырмай.

– Міне, ғажап, сіз балаңыздың былтыр үшінші класта қалып қойғанын әлі білмей жүрсіз бе? – деп таңдайын қағып, басын шайқады мұғалім келіншек.

– Сіз неменесіне басыңызды шайқайсыз. Сіздер айтпасаңыздар, балам айтпаса, әйел оңбаған айтпаса... құмалақ салып білетін мен бақсы-балгер дейсіз бе? Өзіңіз баламды көзіме көрсетіңізші. Мен әлі де сеніп тұрғам жоқ.

Келіншек баламды алдына салып алып келгенде Мұқым занталакка бір коньяк ұттырғанымды сезіп, төбеме жай түскендей болды.

– Әй, өнез, өлексе. Сен үшіншіде қалып қойғаныңды маған неге айтпадың,ә? – деп баламның жағасына жармаса бастап едім, Пыштан кекештеніп:

– Мамам екеуіміз сенен қорықтық, – деп еңіреп қоя берді.

– Әй, көзіңе ақ шел қаптағыр, – деп Пыштанның жағынан

БІР КІТАПҚА ҮШ РЕЦЕНЗИЯ

Бірінші пікір

Уә, әдебиет сүйер халайық, һәм әдебиет жанашырлары. Бөріктеріңді аспанға лақтырып, тай қазанға ет асып, той-думан жасай берулеріңізге болады. «Ау, пәтшағар, әуелі көбік сөзіңді көпіртпей жөніңді айтшы», – дерсіңдер. Айтайын.

Жуырда баспадан Жәуіт Төтетілеуовтың «Түнгі ықылық немесе қым-қиғаш төбелес» деген алғашқы сатиралық повесі жарық көрді. Мен қалыңдығы пышақтың сыртындай ғана кітаптың алғашқы оқырманы ретінде өз ойымды ортаға салуды жөн көрдім.

Жәуіт Төтетілеуов түбі асырауы, бағым-күтімі келіссе, қырғи көз бен кияңқы сөзден аман тұрса, «тентек судың» телпегіне телмірмейтін болса... сөз жоқ жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанғалы тұр. Өздеріңіз құдайлығын айтыңыздаршы, кітаптың атының өзі қол соғып, алақайлауға тұрарлық емес пе? Үшбу рецензия авторы әдебиет мұхитының түпсіз тұңғиығына жылдар бойы бойлап, сыни пікірлерін сынадай қағып жүріп, дәл мұндай інжу-лағылға кездескен жоқпын деп ашық айта алады.

Кітап авторы жалпыға түсінікті жалпақ тілмен-ақ повестің алты қабат астарына кеніш қопарған кеншідей терең бойлай алған. Кітапта «Бөстек» совхозының директоры Шұңғылбай

Шүнетов бас кейіпкердің жүгін белі қайыспас қара нардай көтеріп тұр. Ол – сатиралық бейнеге әбден лайық жан, қоғам мүлкін тырнақ астымен тартатын жебір, жаңбырда үстіне су жұқтырмайтын ысқаяқ, өзгенің әйеліне өзегі өртеніп тұратын зымиян. Автордың той үстінде өткен болмашы, шап-шағын оқиғаның шалғайын созып, сатиралық шығарманың арқауын шығара білгеніне еріксіз сүйсінесің. Оқиғаның өрбуі тойда, дастарқан мәзіреті үстінде басталады. Өзгенің әйеліне өзегі өртеніп тұратын әлгі зымиян Шұңғылбай қарсы алдында қылмиып отырған Рапуза деген келіншекке қайта-қайта көзін қысып, онымен қоймай стол астынан қолын жүгіртіп-жүгіртіп алады. Жап-жас келіншек ел ағасына не десін, қысылғаннан қылымсуын қойып, алдындағы бар мәзірін шұқылап отыра береді. Мұны Рапузаның күйеуі Шнет сезеді де, әліптің артын бағып, отыра береді...

Повестің кульминациялық шегі той тарқаған соң басталады. Көзі шапыраштанғанша ішіп, әбден мас болған Шұңғылбай үйіне келіп ықылық атып жатып алады. Міне, дәл осы кезде ашу-ызасы бұрқ-сарқ қайнап сыртына шыққан Шнет әйелін қолынан сүйрелеп директордың үйіне келеді де, Шұңғылбайды төсегінен тік көтеріп алып, шықшытынан салады-ай келіп. Рапуза да қарап қалмапты, күйеуінің ық жағынан тұрып, Шұңғылбайдың шүнет көзін мысықша тырнап-тырнап алады. Автордың оқиғаны иланымды, тартымды суреттейтіні соншалық, оқып отырған кітабыңды қоя салып, қылжақбас директорды қоса сабасқың келеді. Қай әйел туған күйеуін бөгде біреулерге жүнше түткізіп, тоқымша қаққызып қояды. Директордың әйелі Ибагүл ә дегенше Шнеттің бет-аузын шиедей тырнап, қан-жосасын ағызады да, боксерлікке тән әбжілдікпен бір ұрып «нокаутқа» түсіреді. Артынан іле күйеуінің той үстіндегі ашыналық хикаясын естігеннен кейін: «Ә, желбуазға жел бітейін деген екен. Тұнығымды лайлағысы келген лағнет», – деп Шұңғылбайдың қарақұсынан оқтаумен салып жібергенде анау аюдай гүжілдеп, тоңқалаңдап барып құлап түседі.

Автор повесін Шұңғылбайдың басы-көзі күптей боп ісініп, жұмыс орнына келіп тірі аруақтай аузын жалап отыруын суреттеумен тәмамдайды. Біздіңше ел ағасының түндегі қымқиғаш төбелестен кейін қызметке келіп, түк көрмегендей оты-

руы сатиралық бейненің өз қатесін мойындауы деп түсінген жөн.

Повесть кейіпкерлерінің образы толыққанды, әрқайсысы өзіне лайық жүк көтеріп тұр. Ерлі-зайыпты Шнет пен Рапуза ұстамдылықты, Ибагүл кара күш иесінің символы реуішті. Әсіресе Ибагүл образы кесек те шымыр, күлкілі болып шыққан. Өз басым әдебиетте дәл мұндай «боксер» әйелдің образын кездестірген емен. Ол әйелдерді батылдыққа, өжеттікке, қайсарлыққа, ептілікке тәрбиелеуде үлкен үлгі-өнеге боларлық тұлға.

Шығарманың тілі құйқалы, нәрлі, шырынды. Әр сөйлемде ішексіленді қатыратын идиомалық, фразеологиялық сөз тіркестері, гипербола, гротеск, аллегория, сарказм және басқа да сатиралық тәсілдерден көз сүрінеді.

Біз рецензиямызды: «Жарайсың, Жәуіт Төтетілеуов. Сенен бұдан да шымыр, бұдан да «қыршаңқы» жазылған сатиралық шығармалар күтеміз», – деген тілек сөздермен аяқтағымыз келеді.

Екінші пікір

Жәуіт Төтетілеуовтың қалыңдығы ұстараның жүзіндей сатиралық повесін үлкен үмітпен қолға алып едік. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, оқып шығып, табанымыз мұзға тигендей тыжырынып қалдық. Автор шығармасын затымен емес, атымен өткізгісі келген сыңайы бар. Әйтпесе автор кітабын «Түнгі ықылық немесе қым-қиғаш төбелес» деген айдармен ажарлап, ал шын мәнісінде оқушыға оқтау жұтқызбаған болар еді. Автор космос заманының зиялы оқырмандарына Эзоп пен Крылов шалдың дәуіріне лайық әдеби шикізат, әдеби қойыртпақ ұсынып отыр, жолдастар.

Рас, «Бөстек» совхозының директоры Шұңғылбай Шұңетов – тоғышар да топас, көрсе қызар да желбауыз адам. Бірақ біздіңше, ел ағасын осыншама майлы күйе жағып, бір түнде үш адамға «келісаппен» түйгізудің қанша қажеті бар. Бар пәле Шұңғылбайда емес, Рапузада жатыр.»Сиыр көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді» деген аталар сөзін «боксер» шығаруға деген талпынысын ешбір құптай алмаймыз. Ибагүлдің неше жерден мысық ептілігі мен дойыр күші болса да үш адамды ә дегенше «нокаутқа» түсіруі оқушыны иландырмайды, күлдір-

мейді. Бір сөзбен айтқанда, повесте бірде-бір сомдалған шымыр бітімді, толыққанды образ жоқ.

Повестің тілі мен стилі туралы бірер сөз. Сатиралық шығарманың ажары сатиралық элементтер мен юморлық ситуациялар екені белгілі. Ал, біз әңгіме етіп отырған «ұстараның жүзінен» сөз мәйегі – бірде-бір фразеологиялық, идиомалық тіркестерді, мақал-мәтелдерді, гипербола, аллегория, гротеск, сарказм... сияқты сатиралық тәсілдерді қолыңа шырақ алып іздесең де таппайсың. Ендеше кітаптағы «сатиралық повесть» деген жалған айдар әтешке жабысқан ешкінің сақалын еске түсіреді.

«Тура айтқан туғанына жақпас» деп біз әдейі ағымыздан жарылып, әділдігін айтып отырмыз. Аттың жалында, түйенің қомында жүріп жазылған повесть-сымақ баспа тарапынан көрсетілген қожанасырлықтың, орынсыз мырзалықтың немесе ашық ауыздықтың нәтижесінде жарық көрген дүние. Сөзіміздің түйіні Жәуіт Төтетілеуов сатираға олақ, сондықтан оның «Түнгі ықылығы...» да сатиралық шығармалар сапынан орын алуының ешбір қисыны жоқ.

Үшінші пікір

Жәуіт Төтетілеуовтың «Түнгі ықылық немесе қым-қиғаш төбелес» сатиралық повесі классикалық туынды болмаса да оқырман қауымның бүйрегін бүлк еткізер дүние деу лайық. Совхоз директоры Шұңғылбай Шүңетов нағыз сатиралық кейіпкер дәрежесіне көтерілмесе де күлкілі бейнеге айналған. Арамызда стол астынан қол жүгіртетін, автобуста кетіп бара жатып байқамаған болып, сұлу қыз-келіншектердің қолынан қысып немесе аяғын басып қалатын жымысқылар аз емес. Повестің сатиралық жебесі дәл осындайлардың қақ мандайына дәлдеп жіберілген сала құлаш семсердей тиері сөзсіз.

Директордың әйелі Ибагүл – «рингке» сұранып тұрған «спортшылардың» бірі. Меніңше әдебиет тарихында Ибагүлге ұқсас бірде-бір образ жоқ. Ендеше ол әдебиеттегі дара, шоктығы басқалардан кемінде қарыс жарым биік образ деу жөн.

Повесте күлкілі жайттар тапшы болғанымен кісіні ыржың еткізер, езу күлкіге түсірер жайттар баршылық. Шынын айту керек, автор сатиралық тәсілдерді – гипербола мен аллегорияны орынсыз жерде қолдануға құштар, ал гротескі мен сарказм

мы тым әлсіз. Сондықтан автордың сатира жанрының қыры мен сырына, жықпылы мен жырасына тереңірек үңіліп, келесі кітаптарында олқының орнын толтырады деп сенеміз.

Алайда жоғарыда біз келтірген кемшіліктер шығарма шырайына ешбір көлеңке түсіріп тұрған жоқ. Сондықтан повесть кітап сөрелерінен өзінің лайықты орнын алатындығына еш күмән келтірмейміз.

Біз осы рецензияны жазғанда алдымызға «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген қағиданы темірқазық етіп алған едік.

МИНЕЗ

Бір топ адам автобуска билет алу кезегінде көрген-білгенімізді, зердеге түйгенімізді, кезектесе айтып, әңгіме-дүкен құрып тұрғанбыз. Қайсыбіріміз әңгіме басын екі-үштен қайырған уақытта манадан бері сөзге еркін араласа алмай амалы құрып отырған теке сақалды, үрпиме жез мұртты, таңқы танау, қушиған сары орнынан атып тұрды.

– Іштеріңде көпті көрген көнелерің де, тілінен бал тамған ділмарларың да, тындаушысының айызын қандырар от ауыз, орақ тілділерің де бар екен, – деді бәрімізді көзімен сүзе қарап шығып. Бірақ менің хикаямның тұздығы бәрінен де татулы болар шамасы, – деп әлгі бейтаныс адам сәл іркіліп, бірер жөтеліп алды да, кеудесін кере дем алып, әңгімесін бастап кетті:

– Он үште болсам да, екі иығыма екі кісі мінгендей ерекше бітімді, сом тұлғалы кезім еді. Кей үйдің есігінен сыймай басымды ғана сұға қараймын. Шөмеледей шөгіп, етімнен арылғаным екі-үш-ақ жыл болды. Жас кезімде атбегілік қызығына, саят құмарлығына бір тоя алмай босқа өткіздім. Өйткені қандай сәйгүлікке мінсем де, әлгілердің бел омыртқасы шытырлап үзіліп кете берді. Осылайша он шақты бәйге бестіні мертіктіргенім бар.

Аң аулау жас кезімнен-ақ сүйікті кәсібіме айналды. Көбіне жаяу шығамын. Әбден әккіленіп алған соң қоян мен түлкіні тобылғының арасында ұйықтап жатқан жерінен шап беріп құйрықтарынан ұстап алатынды шығардым. Айта берсем, қызықтарым толып жатыр. Кейде қоян, түлкі, қасқыр, борсық, – төртеуін бірдей үй хайуандарынша алдыма салып, үйге айдап әкеліп кіргізген күндерім де болды. Қайсыбірін айта берейін,

бір арлан қасқырды қалай сокқанымды айтсам да билеттің кезегі келіп қалар.

Қоғалыкөлдiң құйқалы өскен құрағының арасына кіріксін деп, бір үлкен бөшке апарып тастай салып едім. Арада екі-үш күн өткен соң бөшкені алуға барып, сырт киімдерімді жағада қалдырып суға түстім. Бөшкеге жете бере қамыс арасынан оқыс сыбдыр сезілді. Бір жаман ой қаперіме орала кетті де, судың шалпылын шығармай, бөшкенің ішіне түсіп отыра қойдым. Судағы бөшкенің саңылауынан бәрі жақсы көрінеді екен. Оң көзімді сызаттата ашып, сығалай қарасам, бір көкжал қасқыр сылпылдатып су ішіп тұр екен. Қолымда мылтығым болмаған соң тайыншадай бөриден үрейленсем де мына қолға түскелі тұрған олжаны қайтсем де тірідей ұстап алуға бел байладым.

Әлгіндей болған жоқ, арлан адам иісін сезіп қалды білем, жүзіп келіп бөшкені иіскелей бастады. Жарты сағаттай иіскеледі. Мен болсам адам иісін сездірмеуге тырысып, жарты сағатқа жақын демімді алмай жаттым. Кісі өлмейін десе, өлмейді екен.

Қамыс ішінен тағы бір бөгде сыбдыр естілгенде әлгі арлан артына жалт бұрылып қарай қойып еді, сол мезетте мен шап беріп, қасқырдың құйрығынан ұстап кеп алдым. Сол-ақ екен, зәрредей шынымды айтайын, қасқырым артқы екі аяғымен тік тұра қалып, алға қарай ата жөнелгенде, бөшке-мөшкемен көлдiң ар жағына бір-ақ шықтым. Қасқыр орманға қарай зулап келеді. Көп ұзамай бөшке құрсауы босап, тақтайлары шашылып, жолда қалды. Мен тірсегіммен қара жерді күрек бойы жыртып, сүйретіліп келемін.

Қасқырдың құйрығы борт-борт үзіле бастады да, қызыл күрең қан бетімді жуып кетті. Енді қайттім? Мұның әдісін де оп-оңай таба қойдым. Бар күш-жігерімді жиып, жыланша ширатылып барып, алға қарай атылғанымда, қасқырдың қыл арқасына барып қонжия қалдым. Әрі-беріден соң қасқырым жуасып, менің жүр деген жағыма бұрылып, жүріп отырды. Қасекенді ауылға қарай қақпалай бердім.

Не керек, сол бетіммен өз үйімнің албарына келіп кірдім де кеттім. Манағыдай емес арланым әбден жуасыды. «Трр», – деп едім, қалт тұра қалды, жануар.

Әп-сәтте ауыл-аймақ түгел жиналып, арланды қызықтап қарап жатыр. Жиналғандар он үш жасымдағы істеген ерлігіме таң қалып, таңдайларын қағысты.

Қасқыр әбден жуасып қалса да, заты жыртқыш қой, демін алып болған соң, аулымызда бір бүлік шығарар деп бағанға байлап, тірідей терісін сыпырып алдым. Әлгі арланның терісінен жеті бала, астағыпыралла, үш адам ішік тіктіріп кигеннің өзімде тағы бір бөлтіріктің терісіндей тері артылып қалды.

«Апыр-ай э, қасқыры да, аңшысы да келіскен екен», – деп кезекте тұрғандар шуласып, жамырай күлісті.

– Тағы да, тағы да айтыңыз. Әңгіменің көзі енді табылды.

– Айтсам, айтайын. Манадан бері сіздердің ауыздарыңызға қақпақ болғаным жоқ қой, – деп әлгі кісі тағы бір жөтеліп алды да, әңгімесін шұбырта жөнелді, – «Ер егесте, нар көшуде сыналады» деген емес пе? Патша кезіндегі бір қан майданда басымнан өткен мына бір жай жыр ғып айтуға да, сыр ғып шертуге де жарайды...

...Ұрыста оқ пен оттың саябыр кезі болады. Мен осындай бір өлі тыныштықта өзіміз жатқан жертөледен шығып, шұлғауымды жуып, кептіріп ала қояйын деп, іргеміздегі дөңнің ар жағындағы бұлақ басына бардым. Шұлғауымды шала жуып, жая бергенімде сыбдырдан шошып, артыма жалт бұрылып қарасам, түйедей екі жау пулеметтерін кезенісе-кезенісе айбар шашып төніп тұр.

Кісі шамадан тыс үрейленгенде, қорқу дегенің қаперге де кірмейді екен. Мен қолымды көтерудің орнына шұлғауыма қарап, ал кеп күлейін. Аналар бір-біріне қарасып, бір-біріне ымдасып, иықтарын шошаң-шошаң еткізді. Шамасы, мені нақұрыс деген болу керек. Бір кезде біреуі қасындағысына мені көрсетіп: «бах-бах» – деп ымдап еді, анау пулеметінің бе, автоматының ба құлағын қайырып, менің жанымды жаһанамға жіберуге айналды. Сол сәтте мен оқша атылып, әлгі жау пулеметінің үңірейген аузын қасындағы серігіне қарай бұра қойып едім, анау табаңда тіл тартпай өліп кетті. Ал жаңағы маған оқ атқан адам сасқанынан пулеметін тастай салып, құлап жатқан серігіне қарай тұра жүгірді. Маған керегі де сол емес пе? Жаудың қолын жоғары көтертіп қойдым да, жайып қойған шұлғауымды аузына тығып кеп жібердім. Анау да өжет, өлермен, әрі әбден сілесі қатып ашыққан біреу болу

керек. Сол бойда мына оң қолымның бас бармағын шайнап, жартысын жұтып қойды.

Ол жұрттың бәріне мұқыл бас бармағын шошайта көрсетіп шықты. Осы ерлігім жөніндегі дүкіментім мына төс қалтамда. Қазір билет ала алмай қалсам, көрерсіңдер ол қағаздың күшкереметін. Сендер өздеріңше мені жапырайған, шөмиген, күні өткен шал деп тұрған шығарсыңдар, – деп әлгі билет кассасына жақындай түсті.

– Жол сіздікі, бір билет қалса, сіз алыңыз. Ертең Жаңа жыл күнгі сапарымыз көңілді жалғасар, – деп кезектегілер тағы жапырлай күлісіп, оған жол беріп жатыр.

Әлгі кісінің кезегі келгенде, кассир әйел:

– Азаматтар енді босқа тұрмандар. Билет жоқ, – деп терезесін тарс жауып алды.

– Не дейді? Енді қайттім? Шырағым, маған билет бер. Қап, дүкіментімнің үйде қалып қойғанын қарашы, – деп әлгі кісі есікке қарай тұра жүгірді...

Біз мінген автобуста кешегі төс қалтасында «пәлесі» бар жолаушы болмады. Бірақ барған жерімізге дейін ол кісінің кешегі айтқан әңгімесі, сол кісінің мінезіне ұқсас адамдар туралы ұзақ хикаялар жолымызды құс тұмсығындай болса да қысқартқаны даусыз еді.

КӨЗІК ШАШҚАН

Ауданнан өкіл келіп, «ғақлия сөз оқиды екен» деген суыт хабарға Қырасқан бөлімшесінің тұрғындары шала бүлініп, жабыла дүрлікті. Әсіресе бөлімше басқарушысы Шайпат Шылдырауыкович: «Лекцияға адам аз жиналса, ертең менің сорым шығар», – деп бүкіл ауылды қазанға салған бидайдай қуырып, бір тарының қауызына сыйғызып жібере жаздады. Жұрттың қайнап тұрған самауырынын бұқтырып, жанған отына су құйып сөндіріп, клубқа қарай сүйреледі. «Келген өкіл діннің зияндылығы туралы лекция оқиды екен», – деп шал-кемпірлердің таспиығы мен жайнамазына дейін тықтырып тастады.

Тамыздың тал түсі еді. Күн шыжыған ыстық болса да, жұрт клубқа көп жиналғанын көрген аудан өкілі риза көңіл танытып, мінбеге көтерілді. Шетен қалпағымен бет-аузын желпіп-желпіп алды да, сөйлеп кетті:

– Понимайт етесіңдер ме, жолдастар, мынадай ыстыққа қарамастан сіздерге лекция оқып, дәріс айтуға, ғақлия сөз естіртуге әдейілеп орталарыңызға келіп отырмын. Әңгіме арқауы кең – дін туралы, арақтың зияны жайлы, Қазақстанда өспейтін өсімдіктер туралы, тіл мәйегі – мақал-мәтелдер туралы және басқа да түрлі өзекті-өзекті тақырыптар бойынша сөз желісін тартпақпыз. Жолдастар, дәріс уақытын үш-төрт сағаттан асырмауға тырысамын. Енді лекцияны бастауға рұқсат етсеңіздер.

«Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл», деген ғой, лекцияны алдымен өзімді таныстырудан бастағаным жөн болар. Өйткені өткен жылы дәріс оқыған жеріме қайта айналып соқсам залдағыларды мен танымын да, олардың бірде-біреуі мені танымай қойды. Ал кеп күйіп-пістім, ал кеп күйіп-пістім. Әлгілер сасқандарынан орындарынан тұрып менен кешірім сұрауға мәжбүр болды. Сонымен танысып алайық. Менің аты-жөнім – толық айтқанда Таубаев Қазіретғалибек Жырықович. Кейде мәдениетті адамдар, аудан, облыс көлеміндегі басшылар Константин Дмитриевич деп тілдеседі менімен. Бұл, әрине, қызмет бабында көбірек кездесетін жайлар.

Атамыз Жамбыл ақын сияқты шағын-шағын алты таудың ортасында ел жайлауда отырғанда дүниеге келсем керек. Содан бабамыз баламның есімі Таубай болсын деп, пірәдарлау бір кісіге таңғы алты шамасында азан айтқызады. Әрине, қазір балаға азан айтып, ат қою келмеске кеткен ескі рәсімге айналды. Міне, жолдастар, мен бұл мысалды атамызды насихаттау мақсатымен емес, лекция тақырыбына орай діннің қазір өз күшін жоя бастағанына мысал ретінде айтып тұрмын.

Таубай атамыз үш әйел алған кісі екен. Сонда да балаға жарымайды. Туғаны бір жетіге жетпей өле береді, өле береді. Сөйтіп жүргенде біздің әкеміз Жырық келеді дүниеге. Сіздер әкемнің бір жері шынында да жырық екен деп жүрмегейсіздер, ол кезде баласы тұрмағандар көз тимесін деп осындай қайдағы жаман, жиіркенішті есімдерді қойған ғой. Әкеміз тым әлжуаз, кішкентай кісі еді. Балам ірі тұлғалы болар ма екен деп, менің есімімді Қазіретғали қояды. Көріп отырсыздар ғой, менің ертұлғамды, шамасы әкеміз көреген, аруақты адам болғанға ұқсайды.

Лекцияны одан әрі жалғастырайық, жолдастар... Ие, айтпақшы, мен алғаш рет он алты жасымда үйлендім. Бұған жол-

дастар, шынымды айтайын, әйелімнің әке-шешесі заставить етті.

Қазіргі әйелімнің есімі – Айна. Еркелетіп Айым, Айнашым, Айнагүлім, Айнатайым деймін. «Әйелдердің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген емес пе, менің өп-өтірік айта салғанымға әжептәуір масаттанып, белін қайқаң-қайқаң еткізіп, айна алдына барып, сылаң-сылаң етеді.

Жолдастар, жалғыз бала еркешоралау, қазанбұзарлау өседі екен. Аянбек деген жалғыз баламыз өсе келе: «Маған серіктесіп ойнайтын братик сатып әперіңдер, немесе бір шенок сатып әперіңдер», – деп жер теуіп отырып алды.

Айнаштаймен «ал не істейміз» деп ақылдасып көріп едім. Әйелім: «Ойбай, баласы құрысын», – деп тоғыз амал, тоқсан тоғыз бұқтырма айтты да, бір мәліш саудагерден күшік сатып алды. Сол күшік қазір Аянбегімнің «братигі» боп, құйрығын бұлғаң-бұлғаң еткізеді. Айнашым әлгіні түбі адамша сөйлетемін деп, тірі әуреге түсіп жүр. Күн сайын жатарда сарғайып кетпесін деп күшіктің тісін егеу қағазбен ысқылап жатқаны...

– Жолдастар, бұл не шу, не күлкі, лекция оқу мүмкін болмай кетті ғой. Тыныштық, әдеп сақтаңыздар, жолдастар!

– Дұрыс, дұрыс айтады. Дәріс тыңдайық, дәріс.

– Осы ыстықта сөй сөйлеу де оңай емес.

– Жолдастар, лекцияны одан әрі жалғастырамыз. Қай жерге келіп едік...

Сонымен жолдастар, жуырда біздің семьяға қайғының қара бұлтын жамылып, ауыр азаптың зардабын тартуға тура келді. Кешкілік таза ауаға серуендеуге шыққанымызда Аянбегіміздің «братигін» машина басып кетті. Содан Аянбегім мектепке бармай, Айнашым жұмысқа шықпай, төсекте үш күн бойы жатып жылады.

Лектор осы тұсқа келгенде көзін орамалымен сүртіп-сүртіп алды. Жұрт өкілдің не жылағанын, не көзін сүрткенін аңғара алмай дал болды.

– Жолдастар, мен сіздерге уақыт тапшылығымен семьялық өмірім туралы ештеңе айтып жарытқан жоқпын. Бір-бірімізді енді қайтып көреміз бе, жоқ па, өзім туралы толығырақ айта кетейін.

Менің алғашқы әйелім қояншық, екінші әйелім албасты, үшінші әйелім пері болды, төртінші әйелім әпербақан болды, бесінші әйелім шайпау, алтыншы әйелім оймақ ұстай алмас

олақ, ал жетінші әйелім жезөкше, сегізінші әйелім салақ, тоғызыншы әйелім... тоғызыншы әйелім топтан озған топас, оныншы әйелім, ...ой, оның несін айтасың, құс төресі – аққудай еді, ажарынан Ай, назарынан Күн ұялатындай еді. Бірақ марқұмға қара жер хабар айтпасын, ас десе ашқарақ еді. Ақыры байғұстың ажалы астан болды. Бір күні жұмыстан келсем, әйелім талып жатыр екен. Дереву дәрігер шақыртып, операция жасатып едім, байғұстың ішек-қарны қақ айырылып кеткен екен. Не тігуге, не желімдеуге келмеді...

– Шырағым, сонда қазіргі Айнашыңыз нешінші әйеліңіз? – деді залда отырған бір қария.

– Ақсақал, кісі он әйелден арғысын санамайтын көрінеді ғой. Айнашым не он үшінші, не он төртінші болып қалар.

– Осынша әйелден туған балаларыңыз да көп шығар, ә?

– Элементті қалай жеткізіп жүрсіз?

– Аянбектен бөтен балам жоқ-ау, деймін. «Әке, элементім қайда», – деп етегімнен тартып, жағама жармасқан ешкімді көрмедім. Бала түгілі, отасқан әйелдерімнің бірде-біреуін қайтып кездестірген емеспін.

Жолдастар, алғашқы лекциямызды тамамдайтын уақыт жетіп қалған сияқты. Араларыңызда ораза ұстап, намаз оқитындар, айтқа боз қасқа шалатындар жоқ па?

– Жо – жоқ. Ортамызда ораза ұстайтын Оразақ деген жалғыз шалымыз бар еді. Ол былтыр ораза айында опат болды. Басына сәлде салатын Қараменді деген шал бар еді оның сәл-десіне былтыр шоқ түсіп жанып кетті. Ал осында отырған кемпір-шалдардың бәрі де – ертеректе жайнамаздарын шұлғауға жыртып, аяғына орап алған діндарлар...

– Дұрыс, дұрыс. Менің аудиториям, понимаешь бәрі де шетінен атеист болып шықты ғой. Онда лекциямды «Религия есть опиум народа» деген сөзбен аяқтауға рұқсат етіңіздер.

Жолдастар, күннің тым ыстық, уақыттың тым тар болуына байланысты арақ туралы дәрісімді екі ауыз сөзбен түйіндеуге қалай қарайсыздар.

– Дұрыс, шырағым, дұрыс. Арақтың зардабын осында отырған бәріміз де жақсы білеміз. Тіпті айтпасаң да болады бұл дәрісінді.

– Дегенмен қысқаша айтпай болмайды, ақсақал. Күн тәртібінде енгізілген лекция ғой. Сонымен, жолдастар, арақ әуелі адамды қыздырады, сосын қоздырады, бірте-бірте азды-

рады, артынан тоздырады. Бұрынғылар: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» десе қазір бұл мәтел сөзді: «Арақ ішкен азар, арақ ішпеген озар» деп айту жарасады.

– Жолдастар, үшінші лекцияға көшуге, яғни Қазақстанда өспейтін өсімдіктер туралы айтуға рұқсат етіңіздер.

– Шырағым, осы біз Қазақстанда өспейтін өсімдіктер түгіл өсетін өсімдіктердің де оннан бірін де білмейміз, туғалы көрмегендерді көргіміз де келмейді. Сондықтан бұл дәрісіңіз біздің миымызға кіре қояр ма екен?

– Жолдастар, маған бәрібір. Лекция өтпей қалды деп, ауданға арыз жазып жібермесеніздер жарайды. Дегенмен сіздердің естеріңізге Қазақстанда Жапон бамбугі, Грек жаңғағы, Кавказ қарағайы, үнді шайы мен банан ағашы, Мексика пальмасы және басқа да өсімдіктер өспейтінін естеріңізге салғым келеді. Мамандардың жорамалынша бұл өсімдіктер Қазақстанда жиырма бірінші ғасырда да өспейтін көрінеді.

Жолдастар, енді соңғы лекцияға кірісуге рұқсат етіңіздер. Мен сіздерді мендей аса сирек білімді лекторларды ықыласпен тыңдауға, бір-біріңмен қазақтың мақал-мәтелдерін ұтымды, ұтырлы, ұғынықты пайдалануға, өлеңдетіп, ұйқас қуалап отырып сөйлесуге шақырамын. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деп Нұржанның Наушабайы бекер айтпаған болар.

– Шырағым, бұл өлең баяғыдан Абайдікі сияқты еді.

– Кісінің сөзін бөлу – мәдениетсіздік, жолдастар. Дәл мұндай өлең Нұржанда да, Бұқар жырауда да, тіпті Махамбеттің Өтемісінде де бар.

– Өтемістің Махамбеті емес пе? – деп қалды біреу.

– Махамбеттің Өтемісі деген де ақын болған. Мінекей, өздеріңіз ештеңе білмейсіздер де, дәріс оқушыны шатастырғыларыңыз келеді. Бұлай мәдениетсіз, көргенсіз, тәртіпсіз болуға жарамайды, жолдастар.

... Ауданнан келген Константин Дмитриевич (Таубаев Қазіретғалибек Жырықович) сусыны бар Елтірі шалдың үйінде үш күн бойы араққа әбден тойып алып, арақтың зияндылығы жөнінде дәріс оқиды. Үйден шығарда: «Сен шал, менің дәрісімнен тағлым алып, одан қорытынды шығарып намазыңды тастамадың», – деп Елтірі қарияның үстіне қазанда қайнап жатқан еттің көбігін шашып, бетін күйдіріп кетеді. Содан бері қырасқандықтар ауданнан өкіл келсе, «әлгі көбік шашқан» ғұлама емес пе екен, деп дүр ете түсетінді шығарды.

ТӨРТІНШІ БАҰЛЫҚ

Бұрынғы ата-бабаларымыздың бірі: «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – қорадағы бес саулық» – деп ұтырлы сөздің тігісін жатқызып, философиялық түйін түйіп кеткен ғой. Ал осы заманғы ғұламалардың бірі: «Төртінші байлық – арнаулы мамандық» – дегенді қосып айтады.

Енді осы мақал төңірегіндегі сырымды тарқата отырайын. Байлық бастауы – денсаулық болса, құдайға шүкір, бұл жағынан осалдығым жоқ, атағымды шығарып, желіге шыңғыртып асау байламасам да шамалы «эпфши» дегізетін дерт – сертіңе қалқанымды алып, қарсы тұратын қауқарым бар. Ал, екінші байлыққа әлі ие бола қойғам жоқ. Саркідір тартып, сары тіс атанып есейіңкіреп кеткендікі ме, әлде табиғат заңы солай ма, әйтеуір соңғы уақытта «ақ жаулық» заты көрінсе жүрек қапталы шымырлап, күре тамырыма махаббат қалтқысы калқып шығатынды сезетін сияқтымын.

Үшінші байлық туралы дәл маған әңгіме қозғаудың өзі ұят секілді. Бір «ақ жаулықты» аялы алақанына әлі түсіре қоймаған сері жігітке күні бұрын қора-қопсыны қозы – лақпен шулатып қою-тым ерсі кәсіп.

Ендігі сөз төртінші байлық – мамандық алу хақында ғой. Хош. Оның жайы әзірге былай болып тұр.

Бүгінде не көп – оқудың түрі, оның адам айырып болмас жықпыл-жыралары мен сай-салалары көп. Шеті жоқ, ащы ішекше шұбатылып кете береді, кете береді. Соның шетіне шығамын деп сағым қуған сәуегейше бар өмірін сарп ететіндер де жоқ емес. Мейлі. Ондайлардың миы су болып көмейлеріне ағып түссе де өз обалдары өзіне. Ал, мен өз басым, қашаннан көз майын тауысып, көп оқуға немқұрайды қараған жанмын.

Жетінші класты он жетіге аяқ басқанда тауысқанымда соның өзінде жүйке тамырларымның көбісі үзіліп кетті ғой деймін. «Ау, ең болмаса кешкі мектепте оқып, онды тауыс», – деп ата-анам мен кейбір итжейделестерім ақыл айтып көріп еді: «Түбі Қап тауына барып, тесік тесетін сендер-ақ оқыңдар», – деп олардың ауыздарын буып тастадым.

Сөйтіп ауылда салаң-салаң жүргенімде: «Ауылда тұрады екенсің – техника тілін меңгер», – деген ұран көтерілді. Дәл

осы тұста бір туысымыз: «Мортық-ау, ең болмаса трактор құлағын бұрауға шамаң келеді ғой. Ол да үлкен өнер», – деген сөзі сауырыма он алты өрім қамшыдай тиді. Көңілім кәдімгідей техникаға елжіреп, тезірек аудан орталығына аттандым.

Трактордың кәбенкесінен бастап, сықпыртып оқуға кірістік. Қаңқиған қаңқасы болмаса оның неменесі бар оқитын десем, кәбенкенің өзі шежіредей шертіле береді екен. Оның құрылысын анық білмесем де кәбенкеге отыра алармын деп жүргенде мұғаліміміз бір күні: «Мортық, сабақ айт!» – деп тақтаға шақырды. Құдай қара басып: «Кәбенке – тракторшының қорғаны», – дегеннен басқа ештеңе айта алмадым. Қойшы, әлі барлық керемет оқу алда ғой, мен әсіресе трактордың жүрегі – моторды жіліктеп тұрып оқуға күш салам. Қалған ұсақ – түйегіне басымды ауыртып жатпаймын деп, өзіме-өзім тоқтау айтқан болдым.

Трактордың жүрегі – моторды да жіліктеп оқуға кірістік. Жан-жануарлардағы ортан жілік, кәрі жіліктің болатыны тақылеттес, мотор да сан түрлі аталатын жіліктен тұрады екен. Неге екенін білмеймін, менің миыма біреуі де кірмей қойды.

Бірде сабақта шала ұйқы болып, есінеп отырғанымда «артқы көпір» дегенді құлағым шалып қалды. «Қой, ең құрығанда осы арасын ұғып алайын, ертең трактормен көпірден өткенде керек шығар», – деп сабақ тыңдауға ыңғайлана бергенімде басымның шыңылдап қоя бергені. Зың-зың етіп тағы да ештеңе ұқпай, шала-жансар адамша есінеп» отыра бердім. Байқаймын оқытушылар менен әбден күдер үзген ғой деймін, маған тіпті ешбір назар да аудармайды.

Оқу бітуге таянды. Трактор түгіл кәбенкенің құрылысын дұрыс ұға алмай қалған мен: «Түбі не шығар екен?» – деп есеңгіреп жүргенімде өндіріс шебері келіп:

– Жолдастар, теориялық білім түк те емес. Мәселе оны практикамен ұштастыра білуде. Ертеңнен бастап бөлініп-бөлініп совхоздарға практикаға кетеміз, – дегенде қуанғанымнан орнымнан атып тұрып:

– Жолдастар, өндіріс шебері дұрыс айтады, теориялық білім барып тұрған шепоха. Мәселе практикада, практикада-а, – деп айқайлап жіберіппін.

СПТУ-лық дыраудай бес жігіт Мөлтек деген бөлімшеге сау ете қалдық. Бізді көрген бөлімше басқарушы қуанғаннан кәр-

төзін аспанға лақтырып: «Хош келдіңіздер, жігіттер» – деп, шетімізден құшақтап, бетімізден сүйді.

– Ал, балалар, – деді басқарушысы сөзін жалғастырып, – бас-басыңа ұстататын тракторымыз жоқ. Екі-ақ тракторымыз бар. Соны төртеуің кезектесіп жүргізесіңдер. Ал біреуің амал жоқ, жай жұмысқа барасың.

– Е, бопты. Алып кел, шауып келге мен-ақ барайын, ағасы. Трактор қайда қашар дейсің. Қыс бойы оқығанмыз да жетер, – деп мен бөлімше басқарушысының алдына қарай суырылып шыға бердім.

– Жарайсың, жігітім. Адам болатын бала осылай тіл алғыш келеді, – деп басқарушысы жайраң қақты.

Бөлімше құс өсірумен де шұғылданады екен. Құсбегі әйелдердің бірі науқастанып қалған соң бөлімше басқарушысы: «Сен бала құс фермасына барып, тауықтардың қалай жұмыртқалайтынын көре тұр», – деп мені сонда жіберді.

Қораздардың ортасында қоқиланып он шақты күндей жүріп, ұядан жып-жылы жұмыртқаларды жинауды да әбден үйреніп алдым. Бір тауық қыт-қыттаса, ұяға жетіп барам да жып-жылы жұмыртқаны етегіме салып ала қоям.

Келесі он күн бойы бөлімше моншасын жағуға жіберілдім. Қазандағы суды дұрыс қыздыра алмасам керек, біреулер сыртымнан арыз жеткізіпті. Басқарушы: «Монша жағу – саған лайық іс емес, Мортұқ. Онан да сақман болып, далада қоздап жатқан саулықтардың қозыларын тасы. Таңдап жүріп, бір ат-арба ал», – деді. Бұған қуана келістім.

Бір күні қозысын бауырына алмай, айдалаға безіп кеткен кәрі саулықты қуа-қуа ақкөбікке түсіп, әбден кейіп келе жатыр едім. Қора алдындағы зіркілдеп тұрған тракторды көргенде қуанышым қойныма сыймай кетті. Трактор иесі –өзіммен бірге келген екі жігіт екен. Мені көріп олар ыржияды, оларды көріп мен ыржиямын. Жалма-жан ат-арбаны тастай салып:

– Ау, жігіттер, мен де бір трактор жүргізіп көрейінші, – деп кәбенкеге ырғып мініп алып, тұтқаға жармастым.

Ар жағы қалай болғаны қазір есімде жоқ. Әйтеуір, ә дегенде артқы жылдамдыққа салып жібергенімде тракторым арқырап қораға таянып-ақ қалды. Тоқтайын десем, тоқтата алмаймын. Сасқанымнан көзімді тарс жұмдым да, кәбенкеден секіріп түсіп, ойбайлап тұра қаштым. Әйтеуір, абырой болғанда әлгі

жігіттердің біреуі кәбенкеге ырғып мініп, тракторды сөндіріп үлгіріпті...

– Оқасы жоқ, ондай-ондай, хан қызында да болады, – деп басқарушы маған басу айтты.

Практикамыз да бітті. Бөлімше басқарушысы бесеумізге де «тракторда істеді» деп тілдей қағазға мақтаулы сипаттама жазып берді. Әлгі сипаттамаларымызды училище басшылары оқып:

– Жарайсындар, азаматтар! Училище даңқын аспанға бір көтеріп тастадыңдар. Енді мемлекеттік сынақтан мүдірмей өтуге тілектеспіз, – деп куана игі тілектерін білдірді.

Көп ұзамай біздер мемлекеттік сынақтан да сырғып өтіп, кең профильді тракторшы мамандығын алып шықтық. Енді мен жұмыр басты көп қатырмай көз көрген жер ғой, деп өзіміз үйреніп қалған Мөлтекке тартатын шығармын.

АБОРИГЕН

Бұрын ажуа-сықақ десе, алдымдағы асты ұмытып, жалаң-бастанып кірісетінмін. Ал қазір бәтуасыз сөздер айтыла бастаса-ақ алты қырдың астына қашам. Бұған қорда арасынан шөпшек терген өзіммен қызметтес Аткалтірдің маған жасаған шатағы себеп болды.

Кейде адам қара бақырдың өзіне зар болып қалады емес пе. Дәл осындай бір жағдайда не істерімді білмей басымды тыртыр қасып тұрғанымда, Аткалтірдің алдымнан арсалаңдап шыға келгеніне мұндай қуанбаспын.

– Ау, Аткалтір! – дедім қуанышым қойныма сыймай. – Тиын-сиыннан нең бар, кәне?

– Тиыным да, сиыным да жоқ, – деп Аткалтір шалбарының ішкі, сыртқы қалталарының ішек-қарынын ақтарып тастады да, – мінекейіңіз, керегіңізді санап ала беріңіз, – деп қарқ-қарқ күлкіге басты. Аткалтірдің мына қалжыңына орай менің де қалжыңбастығым ұстап кетіп:

– Өй, абориген, сенде не болсын, – тәйірі, – деп түсімді суытып ілгері жүре бердім.

Сол-ақ екен, Аткалтір қарны ақтарылып жатқан қалталарын салақтата, соңымнан жүгіріп қуып жетті де:

– Әй, Дімбай, не дедің? Сен кімді басынасың,ә? – деп түгін тікiрейтiп, көздерiн бақшырайтты. Сасқаным жоқ, қайта Аткелтiрдi одан сайын ызаландырмақ боп:

– Сен нағыз аборигенсiң! Ал маған не iстейсiң, беретiн сотыңа тарта бер, – деп қатты ашуланғандай рай танытып артыма қайырылмай iлгерi жүре түстiм.

– Дiмбай, әй, Дiмбай, баяғыда өлген әкемде не әкеңнiң құны бар. Сенiң жарымағаныңа мен кiнәлi емеспiн. Тұра тұр бәлем, әлi-ақ менiң алдымда суға түскен суырдай боласың, – деп ол әбден ашуға булығып артымда қала бердi.

Былай шыға бере Аткелтiрдiң ылғи да бит iшiне қан құюға тырысатындығы есiме түсiп, бiр пәлеге қалғанымды болжадым. Ойбай-ау, оның әкесiнiң есiмi шынында да Абар екен ғой. Оның:

«Әкемде не әкеңнiң құны бар», дегенiне еңдi түсiнiп, Аткелтiрден кешiрiм де сұрауды жөн көрдiм. Бiрақ тағы да баяғы қалжыңбастығым ұстап: «Тәйiрi, ай, Аткелтiрдiң қызығын бiр көрейiн. Әйтеуiр, әкесiн балағаттағаным жоқ қой, – деп бәлеңдей қысыла қоймадым.

Ертеңiне жұмыста жұрттың бәрi де маған ту сыртын бере, салқын амандасты. Бiреулерi: «Дiмбай-ау, қалжыңның да ретi бар емес пе. Ата сақалыңды желпiлдетiп бiреудi мүйiздеуге әуестенiп тұрасың. Кеше тiптi Аткелтiрдiң көрдегi әкесiн де бiр аунатып тастапсың ғой», – деп өкпе-наз бiлдiрдi.

Сөйткенше болған жоқ Аткелтiрдiң өзi де жетiп келiп:

– Жүр, жүр деймiн кәсiподақ комитетiне, жүр, – деп жеңiмнен тартқылады.

– Сен әзiрге кәсiподағыңа өзiң бара бер. Мен қап-қазiр «орысша-қазақша сөздiк» әкеле қояйын, – деп қайтадан үйге қарай жүгiре жөнелдiм.

– Бiреудiң әкесiн тiлдеп, сөздiкке жүгiргенi несi-ай, мұның? – деп артымдағы жұрт шуласып қалды.

Қолыма сөздiгiмдi ұстап жан ұшырып жетсем, дәлiздiң iшi төбелеске бергiсiз айқай-шу екен. Сырттан құлағымды тосып, тыңдай қойдым.

– Бұл Дiмбай әбден құтырған. Осыны жұрт «жiгiттiң гүлi», «ойын-тойдың ажары», «күлкi сандығы» деп текке қолпаштайды. Бiреудiң өлген әкесiне тiл тигiзгенi үшiн он бес күнге камату керек. – Бұл менiң коллективтегi жақын жолдастарымның бiрi – Әбуғалиғаббастың сөзi.

– Әбуғалиғаббас дұрыс айтады. Мен өзім Дімбайды «күле кіріп, күнірене шығатын адам» деп есептеймін. – Бұл менің қарамағымда істейтін Зілқара деген жігіттің сөзі.

– Дімбай коллективпен сыйыспайтын адам. Бұл қылмысын еш уақытта кешіруге болмайды. Оны жұмыстан қуу керек. – Бұл менің қызмет орныма таласып жүрген Шәлтеннің сөзі.

Түк естімеген болып, жүгіре басып жеткенімде барлығы біресе маған қарап, біресе Аткалтірге, біресе, сөздікке қарап, өліп барады. Жергілікті комитеттің председателі басын қасып, айналма болған қойдай бір жерде орала береді.

– Ал, шыныңды айтшы. Мен сені не деп боқтадым, – дедім Аткалтірге күле қарап.

– Арсыз-ау, неменеңе жетісіп күлесің? «Аборигенсің, нағыз аборигенсің», – деп әкемді үш рет балағаттадың емес пе, – деді.

– Осы сәтте кейбіреулер мырс-мырс күле бастады...Менің тағы қалжыңбастығым ұстап кетіп:

– Шыныңды айтшы, дәл осылай тілдедім бе? – дедім.

– Арсыз-ау, жалтарайын деп тұрмысың, «аборигенсің» деп көрдегі әкемнің түгін қалдырмадың, – деп Аткалтір маған төне түсті.

Осы сәтте мен сөздікті ашып жіберіп, бірінші тұрған: «Абориген» деген сөзді көрсетіп, оның түсіндірмесін айта қойдым.

Жұрттың бәрі қыран-топан күліп жатыр. Сол-ақ екен іле мен туралы әркім әр түрлі пікір айта бастады.

– Бәсе, Дімбай кісіні сөгуді білмейтін, ибалы жігіт. Аткалтір тапа-тал түсте адал жігітке кара күйе жағып отыр.

Бұл Әбуғалиғаббастың сөзі.

– Әбуғалиғаббас дұрыс айтады. Аткалтір, сен үнемі бүйректен сирақ шығарып жүргенше орысша-қазақша сөздікті сатып ал да, дұрыстап оқып ал.

– Дімбайды бүкіл коллектив бекер сыйлап жүрген жоқ. Бұл менің қызмет орныма таласып жүрген Шәлтеннің сөзі.

«Бір жамандықтың бір жақсылығы болады» деген рас екен.

Аткалтірмен қалжындаймын деп өзім туралы біраз қызметтес адамдардың ішкі сырын біліп алдым емес пе? Дегенмен осы қалжың «қызығынан» кейін әзіл-оспақ десе кебенек келген ешкіден жаман қалтырап, зәрем зәр түбіне кететін болып жүр.

ОҰЫННЫҢ ОТЫҒЫ

Сүйгенім – Құралай көз, түлкі тамақ, сүмбіл шаш, аршын төс, қынай бел болып келсе, өзі қылша мойнына қыл арқан салып сүйретсе де берген сертінен таймайтын уәделі болып келсе; мінезі- қорғасындай салмақты, сөзі – түбіттей жұмсақ болып келсе... Шалқамнан түсіп, шалжиып жатып осылайша тебірене ойланып кеткенімде омыртқам мен қабырғамның арасы көктемдегі мұз көбесі сөгілгендей қақырап, жыртыла айрылар еді.

Ерте тұрып, кеш жатқан ер жігітке өзіне лайықты жар табу қиямет-қайым іс емес. Махаббат отына лапылдап жанып, өзегім өртеніп, өзеуреп жүріп өзімдік деген бір сүмбіл шаш тауып алдым да жан сырымды жасырмай былайша төге салдым:

– Балқия- жан, үйленеміз ғой, ә?

– Әлбетте.

– Қашан?

– Ол жағын өзіңе салдым...

Енді сүйгенімнің маған деген махаббатының тұрақтылығын,

адалдығын анықтап білгім келіп, тағы да бірнеше сауалды сау еткіздім:

– Балқияжан, егер мен кездейсоқ аварияға ұшырап, қол-аяғымның шат-шәлекейі шығып, сынып, қираландап қалсам... тастап кетпейсің ғой.

– Домбайжан-ау, о не дегенің. Өмір бойы арқалап, өмір бойы қолтығыңнан сүйеп жүруге әзірмін.

– Егер әлденендей себептермен шашым әктей ағарып, бет-аузым қарын-қартаға ұқсап қырық қатпарланып кетсе...

– Қайта жақсы көре түсер едім.

– Егер мен қызметтен жар басынан жалп еткен жапалақтай ұшып түссем ше?

– Бір басыңа күніне бір бөлке нан тауып беруге жарамасам бүйрегіме тас байланып, тамағыма тебен қадалсын.

– Егер сырты жылтыр, сынаптай жылпың жігіттерге кездесіп қалсаң ше?

– Атай көрме. Өзіңнен басқа жігіттің жағасы алтын, жеңі жез болса да сенің қара тырнағыңа да айырбастамаспын.

Бұдан әрі сұрақ беріп жатудың өзі ерсі көрінді. Сүйгенімнің мына сөздері жанымды май айының самалындай желпіп, сай-сүйегімді елжіретіп жіберді. Бірақ... сүйгенімді әлде де сынап түскім келетін сияқты. Киноға да, биге де, ойын-сауық кештерге де апарып байқадым. Енесінен айырылмаған қозыдай менің қолтығымнан ұзап ешқайда бармайды, менің иығымнан көзін асырып ешкімге қарамайды. Егер жігіт атаулыға көз қиығын түсіріп қараса төбедегі күн төбеме түсіп, миым қуырдақ болсын!

Балқияны балдай тәттіге балап, осындай асыл жарды тапқаныма қуанып, алақанымды табаныма соғып жүргенде Тойбек деген таныс жігітім кездесе қалып:

– Әй, Домбай, сен бір ысқырсаң, маңайыңа сексен қыз жиналады дейді. Менің алақаныма бір бақыт құсы қонбай-ақ қойды, – деп жыламсырай қарады.

Осы сәт мен тағы да Балқияның адалдығын, сөзге беріктігін сынағым келіп кетті.

– Қыздың көзін табу менен, табысу өзіңнен, – деп әлгі жігітке Балқияны сырттай таныстырып, өзім: «Енді қайтер екен», – деп анадай жерден байқап тұрмын. Әлгі жігіт бар батылдығын бойына жинап, мойнын күжірейтіп-ақ барып еді. Балқия қасқыр көрген қояндай жігітке үрке бір қарады да, белін қайқаң еткізіп, тартып отырды. Анау сормандай соңына ере түсіп, салы суға кеткендей екі иығы салбырап қала берді... Ал мен: «Шіркін, қыз туса Балқиядай болсын», – деп іштей төбем көкке жеткендей қуанып тұрмын.

Тағы бірде Шырайбақ деген ежелгі сүр бойдақ жігітке кездесе кеттім. «Тазыдай әккіленген осыдан не шығар екен», – деп бұл жігітті де сүйгенімнің соңына салып қоя беріп едім. Ертеңіне Шырайбек келіп торғайдай шырылдап қоя берді.

– Кешегің қыз емес, қызыл көз пәле ғой. Алдына барсаң тістеп, жанына барсаң тебетіннің нағыз өзі. Маңайына қарға адым жер жақындай алмадым. Мен болсам:

–Е, тәйірі-ай, өзіміз шындап кіріссек, ол қызды тақияша үйрілтіп, торға түскен тоты іспетті қылып қояр едік, – деп қарнымды шертіп, мақтана берем.

Балқияны сынауды мұнымен де тоқтатпадым. Тіпті бағзы бір сәттерде екі-үш жігітті үйірлеп, желілеп те жіберіп жүрдім. Бірақ Балқия қай уақытта да ешкімді маңайына оқтау бойы да жіберіп көрген емес. Балқияға әбден сеніп алған мен

енді таяу арада үйленбекке бекідім. Бірақ...Неге екенін сайтан білсін, ертеңіне тойымыз деген күні Балқияны соңғы рет сынақтан өткізбек ойдамын. Сөйттім де ойын-тойдың ажары, қыз дегенге қырғидай тиетін сырттай таныс бір жігітті қайрап-қайрап; «Балқияны бері қаратып келші», – деп қоя бердім. Бұл жігіттің ебін көрейінші деп тасалау жерге барып көз тіге қарап тұрмын.

Сері жігітім ең әуелі Балқияның алдын орап барып қаққан қазықтай қалшыып тұра қалды. Сүйгенімнің кідіре бергені сол еді, әлгі жігіт он екі бұралып тұрып, иіліп сәлем бергендей қалпағын алып, бұтаға іле салды. Сосын көз ілеспес жылдамдықпен әлде «Айжанқызды» әлде «Аққу көлін» билеп-билеп жіберді. Енді Балқия сері жігіттің өңіменінен бір түйіп кетеді ғой деп ойласам, сүйгенімнің аяғы шідірленіп қалғандай орнынан да қозғалар емес. Өзі маз – мейрам. Енді анау күректтей алақанымен жүрек тұсын ұстап, сол жақ қолымен жалт-жұлт еткен галстугін дұрыстады да, сұқ қолымен кеңірдегін ысып-ысып жіберген болды. Сосын үстіндегі костөмін шешіп жіберіп, Балқияның үстіне жаба салды. Үрпек мұртын сипап-сипап қояды. Енді Балқия мына жігіттің осыншама дәрекі қылығына шыдамай шарт еткізіп жаққа салып жіберетін шығар десем, сүйгенім қайта талдай иіліп, шыбықтай майысып барады. Мақтап жүрген Балқиямды көз алдымда танымай барам. Бір ой: «Балқияны балталаса да жібіте алмас», – десе, бір ой: «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», – дейді.

Дегенмен мен одан әрі тұруды өзіме ар санамадым да: «Балқияның мазағына ұшырайын деп, ұшынып тұрған жігітсің-ау» – деп артыма қарай-қарай үйге тартып отырдым.

Менің сол күні Балқияны соңғы рет көруім екен. Ойынның опығын тарттым. Әлгі сері жігіт ақыры сүйгенімді еліктіріп, елітіп алып кеткені ғой. Өзіме де обал жоқ. Сынаймын деп, сағымды сындырып, үйленемін деп, күйзеліп жүрген өзім. Сонда да мен Балқияның адалдығына, сөзінің беріктігіне шүбә келтіргім келмейді. Күн сайын шырт ұйқымнан оянып кетіп: «Қайда жүрсең де аман бол, қалыңдығым», – деп төсегімде екі-үш аунап, қайта қорылға басамын.

ШАЛ, ШЫБЫН ЖӘНЕ ШАҢ

Бұл тұқымы құрғыр шыбынның жалғанның жарығында ұшпайтын, қонбайтын «аэродромы» жоқ. «ИЛ-18» сияқты, күй талғағыш кірпияз емес, көңге де, дөңге де, сай-сала, жықпыл-жырларыңа да қонып, түстеніп жүре береді. Есігіңнен ызындап кірсе-ақ қаймақ құйған шөлмегің мен ашытып қойған айраныңды қолтығыңа тықсаң да, лезде тауып ала қояды.

Сәлмен ақсақал совхоз жұмысшылар комитетінің председатели Мырқының кабинетіне кіре бергенде, ту қойдың асығындай бір шыбын аузының сол жақ езуін соға-моға ағып өтті. Әйтеуір, бақ бергенде дәл осы мезет Сәлекеңнің аузы жабық еді. Әйтпегенде ана пәле тура өңештен сырғып өтіп, асқазанның ойран ботқасын шығаруға бар.

Шыбын төрге дейін тура ұшып барды да, кілт кейін шегініп, Мырқының жұмыртқадай жып-жылтыр, қауындай сопиған басын бейне бір жер серігіндей шыр айнала бастады. Сосын тез жерігендей, кілт көтеріліп, төбенің бір қуысына кіріп кетті. Мырқы шыбынға да, келген Сәлмен ақсақалға да назар аударған жоқ, алдындағы бір топ қағаздармен бола берді.

– Амансың ба, Мырқы шырағым? – деп, Сәлекең орындыққа отыра берді.

– Аман болмасам, стол басында отырам ба?

– Шырағым, амандық деген ата салтымыз. Сыйластықты ту еткен елдің ұрпағы емеспіз бе? Өзіміздің жекжат Тырқының көзі болған соң өзімісініп, «шырағым» деп тұрғаным ғой.

– Шалым, шылп-шылп әңгіме тыңдауға біздің құлағымыз босамайды. Қазір маусым... егін орағы. Ол аузын сылп еткізіп, жалақ болған еріндерін жалап-жалап алды.

– Ау, шырағым...

– Шырағым емес, мен Мырқы Тыркиновичпін.

– Сол-ақ екен, шкафтың үстіндегі бей-берекет шашылып жатқан қағаздардың арасынан манағы шыбын зуылдай ұшып шыға келді де: «Дәл төбенің тұсы, қонар жерім осы», – дегендей, Мырқының басына қоныс тепті.

– Мырқы қолын төбесінен асыра сілтеп еді. Тимеді. Тағы сілтеп өтті. Саусақтары ауа қармап, бетіне кетті. Әбден ызаланған Мырқы орнынан ұшып тұрып, шыбынның соңынан таяқ ала жүгірді. Шыбын есіктен төрге, төрден есікке барды. Ең ақырында оған да жан керекті білем, шкафтың артында

таудай үйіліп жатқан дүниелердің арасына кіріп, жоғалды. Мырқы таяқтың ұшымен о жер, бұ жерді шұқылап көріп еді, кішкентай кабинеттің іші шаңнан көрінбей кетті.

– Ақсақал, – деді Мырқы шкафтың ар жағынан еміс-еміс көрініп, – мына таяқты алып, жаңағы жүлікті аңдып отыра тұрыңыз. Бұл жеркомның тапсырмасы. Мен қолымды жуып, терімді басып келмесем, болмас.

Сәлмен ақсақал бір сағат отырды. Мырқы келмеді. Екі сағат отырды. Мырқы келмеді. Үш сағат өтті. Мырқыны он шақты адам іздеп, келіп кетті. Сәлекең оларға: «Егін орағының бабымен жүрген шығар», – деп қойып, отыра береді. Сәске түс жақындап қалды. Мырқыдан әлі не өлі, не тірі хабар жоқ. Көк шыбын да тұяқ серіппей шкафтың артында тығылып жатып алды.

Түскі үзіліс болды-ау дегенде қасында екі-үш адамы бар Мырқы келді.

– Шырағым, тір.. – деп келе жатқан сәлмен ақсақалға Мырқы қолын бір-ақ сілтеп:

– Шалым, қазір маусым... Бұл игрешке емес. Егін орағы. Бізге әр минут қымбат. Түскі үзілісті пайдаланып, көктем егісіндегі озаттар мен жалқаулардың ара жігін айырып алайың деп шағын жиналыс ашқалы отырмыз. Сіз кемпіріңізге бір соғып келсеңіз теріс болмас еді.

Сәлекең түстен кейін келгенде қып-қызыл болып алған Мырқы столдың ішек-карнын ақтарып, алдына жайып салып, көк шыбынның жетпіс жеті әкесінен бері қарай жіберіп отыр екен. Сәлекеңе жыны ауа кетті.

– Сізді ақсақал деп, кәсіподақ мүшесі деп ... Көк шыбынды өлтіре қой десем... түске дейін аузыңызды ашып, түс көріп отырғансыз ба?

– Шырағым, шыбын көрсем көзім шықсын. Ол жүлік дыбыс бермей жатып алды емес пе. Қайда өзі?

– Жап-жаңа көзімді ағызып жібере жаздап, стол ішіне кіріп кеткені. Қазір маусым... егін орағы... көзіңді таңып калай бос жүруге болады?

Осы кезде манағы үш жігіттің біреуі қиралаңдай басып, еңтіге кіріп келді де:

– Мырқы Тыркинович, манағы озаттардың тізімі дұрыс болмай шықты. Оның көбісі былтыр күзде совхоздан есеп

айырысып, басқа жаққа кеткен адамдар екен, – деді тілі күрмеліп.

– Не дейді мынау? Мүмкін емес, – деп Мырқы жан қалтасындағы блокнотына қол сала бергенде әлгі шыбын атойлап, бүйірлей ұшып шыға келді. «Қап, бәлем-ай, – деп, Мырқы орнынан тұрғанша, шыбын терезенің форточкасынан далаға жұлдыздай ағып өтті.

– Ал шырағым,.. – деп келе жатыр еді Сәлмен ақсақал. Мырқы:

– Естіп тұрсың ғой, шалым, тізімнің дұрыс болмай шыққанын. Егін орағында осылай болады, ақсақал мына бүгіннен қалдырмай көктемдегі озаттар тізбесін жасау керек...Ертең келіңіз... Ренжімеңіз. Егін орағы ғой... – деді.

– Таңертеңгілік Сәлекең үйінде жантайып, шай ішіп отыр еді. Бір көк шыбын андыздай ұшып келіп, дастарқан үстіне қонбасы бар ма? Кешеден бері ыза боп жүрген Сәлекең маса соққышымен шыбынды ә дегенше-ақ серейтіп тастады. Киініп тағы да жерком Мырқыға жолығуға бет алды.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ ОҚИСЫЗДАР МА?

«Орталық газеттердің бірінде екі езуінді екі құлағына іліп қойып оқитын фельетон басылыпты», – дегенді естіген соң, іле жақын киоскіге қарай бет алдым. Бәйгеден келген бесті аттай ентіге дем алып, киоскіге жете бергенде, кепкен торсықтай тырсиған келіншек орнынан атып тұрып терезеге:

«Мен почтаға кеттім», – деген дайын құлақтандыруын іле салды да, сылаң етіп көзден ғайып болды.

Қызмет бабындағы адамды қашанғы тосарсың, салып ұрып екінші киоскіге келдім. Тағы да жолым болмады. «Ревизия» деген құлақтандыруды оқып алып, одан әрі жөнесп бердім.

Жүгіре-жүгіре әбден сілем қатып, аңқам кепті. Енді газетті қоя тұрып, шырын су сататын киоскіге қарай жөңкіле жөнелдім. «Сұмырай келсе су құриды» деген ып-рас екен. Су сатушы жігіт: «Су келмей тұр» деген құлақтандыруды терезеге сүйеп қойып, фотоальбом көріп отыр екен. Ол жанындағы көршілес киоскіні нұсқап: «Ондағы қарындастың алақаны ашық, суы еш уақытта таусылмайды», - деп, әзілмен шығарып салды.

Алақаны ашық қарындасты біраз адам күтіп тұр екен. Әлден соң әлгі қарындас қолындағы «астраханский» қарбызын жерге асыға қойып жатып: «Мынаның кезегінде тұрғаным, шырыны бүйрекке байланған тастың талқанын шығарады деп дәрігерлер дәріс айтып еді» – деді. Ішімізден біреу: «Жұмыс орнын тастап кетуге болмайды ғой, бикеш», – деп еді ол:

– «Қаталамаған боларсыздар. Нақа тілдерің ауыздарыңа сыймай бара жатса, анау көшенін қиылысында қран тұр. Барыңдар да содан ішіндер», – деп, үрген бүйендей тырсия қалды.

Тілім аузыма сыймай барады. Тас төбеден шыжыған күн астында кезекте тұру-ақ қиын екен. Қарындас айтқан әлгі су колонкасына жүгіріп барып бас қойдым. «Жаз күндері кайнамаған суды ішпе» деген дәрігерлік кеңес еске де келген жоқ.

Дәріхананың қасынан өте бергенімде қолына рецепт ұстаған бір қария жолықты.

– Сонау ит өлген жерден шойнандап дәріханаға келіп едім. Бұ құрғырдың бүгін санитарный күні бола қалыпты, – деп әлгі кісі кейістік білдірді.

Уақыт деген желмая емес пе? Мен әрі-бері жүргенімде түсі үзіліс те жақындады. Ең болмаса мына жұрт сияқты жұмыс орныма құлақ қағыс та жазып қалдырмағанымға өкіндім.

Түстен кейін тағы да көшеге шықтым. Бірақ бұл жолы сырттан келген адамдар менің оңай шағыла қоятын жаңғақ емес екенімді білсін деп, бақандай әріптермен: «Мені күтпеңіздер! Өндірістік кеңесте боламын» деген құлақтандыруды есікке іліп кеттім. Мұндағы жұрт құлақтыңдыру жазғанда бір нәрсе білетін шығар. Ал өздеріңіз құлақтандыру оқисыздар ма?

ІШКІ ЕСЕПТИҢ ШАТАҒЫ

Ішкі есеп деген сөздің үрім-бұтақ, зәу-затын тексеріп, түсіндірме сөздікті аударып- төңкеріп жатпай-ақ қояйық. Оның не мағынада айтылатынын бәріміз ымнан да түсінеміз. Ал қай кәсіпорын мен мекемеге басыңызды сұқсаңыз-ақ ішкі есеп дегенің алдыңыздан «мен мұңдалап» шыға келетініне шүбә келтіруге болмайды. Мен бұрынғы және соңғы кездері өзімнің қай жердің топырағын басып, қай құдықтан су ішіп жүргенімді суыртпақтап айтып өтейін.

Әлқисса, менің көз майымды тауысып, әке-шешемнің қалтасын қағып сатып алған арнаулы мамандығым жоқ. Әуелде тұрақты бір жұмыстың құлағынан ұстамаған соң кейін құдайдай болып қоқырая алмайды екенсің. Дүниенің төрт бұрышын аралап мен сындырмаған бұрау басы, жүрмеген соқпақ, баспаған тау қиясының жоқтығы да соның кесірі, сонан соң қай жерге барсам да жаңа жоғарыда айтқан ішкі есептің шатағына белуардан шырмалып қала берем.

Соңғы кезде қалалық моншаның еркектер бөлімінде бақылаушымын. Адамдарды кезегімен кіргізіп, кезегімен шығарып тұрған қандай рақат! Күн сайын жүздеген жалаңаш еркек маған иіліп сәлем беріп, алдымнан қойша топырлап өтіп жатады. Бәрін мен танымын, бәрі мені таниды. Егерки «танысым көп болсын» десеңіздер моншада істеуден артығы жоқ екен.

Біздің моншаның да әр айға белгіленген жоспары бар. Директордың айтуына карағанда біз жоспарды орындауымыз үшін күніне үш жүз, төрт жүз адамды кіргізіп, пәктеп шығаруымыз керек көрінеді. Бір ғажабы мен бақылауға тұрғалы монша ақша жоспарын орындай алмайтын болды. Кейбір қызметкерлер: «Мына найсап алтын ордамыздың құт-берекесін қашырды. Жолына жуа біткен адам екен», – деген лақап та таратып жүрген көрінеді.

Ал директор өзімізді әбден ығыр қылды. Күніне он шақты рет кабинетіне шақырып алады да: «Кәне, неше адам жуынып жатыр, соңғы айларда кассаға ақша неге түспей барады?» – деп ежіктеп сұрай бастайды.

Жуырда бастық екеуміздің арамызда мынадай қақтығыс өтті:

– Әй, Торша, моншаға адамдардың аз келуінің сыры неде?

– Оның ешбір сыр-жұмбағы жоқ. Жаз айларында халық моншаға түсіп терлегеннен гөрі, көлбақа құсап шалшықта шалпылдап салқындағанды тәуір көреді.

Байқаймын, директор менің сөздерімді үлкен мысқылмен тындап: «ха,-ха-хелеп», күліп алды да:

– Әйелдер бөлімі жоспарды неге орындап жүр,ә? – деп маған шұқшия қарады. Мен сасқаным жоқ:

– Әйелдер саны еркектерден артық екенін білмейсіз бе? – дедім соңғы санақтың мәліметіне сүйеніп. – Әйелдер бөлімінде істесем мен де жоспарды екі есеге асырар едім.

Директордың түгі сыртына шығып:

– Мылжың сөзді қой. Сен адамдарды билетсіз кіргізетін көрінесің. Сенің ішкі есебің болғанда менде жоқ дейсің бе? – деп орнынан атып тұрды.

– Мұныңыз жала. Нанбасаңыз, тексеріңіз, – деп күзенше шақылдап тұрып алдым.

– Ал айтшы, дәл қазір моншада неше адам бар?

– Төрт-ақ адам бар, – деп қолымды байқамай кілт жоғары көтеріп қалғанымда қалтамдағы жұрттан жинаған күмістер сылдыр-сылдыр ете қалды. «Масқара-ай, енді біткенім ғой», – деп ойладым.

Директор енді лезде жұмыстан шығарып, қолыма еңбек кітапшамды ұстата салады екен десем, бастығымыз: «Табысыңнан неге бөліспейсің, шырақ», – деп күлімсіреп, маған қарай жақындай берді.

Бақсам біздің бастықтың да ішкі есебі бар екен. Ол да ақшаның нарқын, дүниенің паркын жетік білетін ку болып шықты.

КҮНДІЗ ЖҰЛДЫЗ КӨРІНСЕ

Гүлжиһан екеуміз өмір бойы бір-біріміздің өкшемізді сипап, арқамызды қасып өтуге серт байласқанымызға ұзақ сонар уақыт болса да, әлі күнге дейін қосыла алмай-ақ келеміз. Махаббат отын маздатып, мың өліп, мың тіріліп жүріп енді қосыламыз дегенде ойламаған жерден бір кеселді кедергі аяғымызға шұлғау болып орала кетеді.

Үйлену туралы алғаш рет әңгіме қозғалғанда менің орта мектепті тамамдаған ғана кезім еді. Гүлжиһанға оңашада отырып сырымды айттым:

– Жаным-ау, мен сенімен қосылуға қазір-ақ әзірмін. Сен үшін өкпемді бауырыма қосып, қуырдақ қылып беруте бармын... Дегенмен семья құру, үйлі-баранды болу күбідегі қымызды күрпілдетіп пісе салу емес. Бұрынғылар «оқығанның беті – жарық, оқымағанның беті – көн шарық» деген ғой. Мен әуелі ең болмаса бір техникумның табалдырығын тепкілеп отырып, қолыма диплом түсіріп алайын, сосын сол күні-ақ үйлену, үй болу қамына кірісерміз.

Гүлжиһан көп ойланбай-ақ:

– Мынау ұлағатты сөз екен, – деп менің пікіріммен келісе кетті.

Сәті түсіп қолыма техникумның дипломын алған күні Гүлжиһан жүгіріп келіп, еркелей мойныма асылып:

– Құттықтаймын, жаным. Ал енді үйленудің қамына кірісе береміз бе? – деді.

Осы арада мен Гүлжиһанға мынадай ғақлия сөздер айттым. – «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді» деген бұрынғылар.

Мынау техникумның берген білімі қазандай басымның түбіне жабысқан қаспақ кұрлы да болмай қалды ғой...

– Сонда не істемексің? Жұрттың көбінде техникум түгіл орта білім де жоқ қой.

– Олай деме, жаным. Қайткен күнде де жоғары білім алып калу керек.

– Сырттай түсіп оқы. Бәрібір емес пе?

– Сырттай түсіп оқу үшін кітаптың сыртынан қарап ішіндегісін білетін данышпан болу керек, жаным. Мен сияқты салпы етек, сауыты бос бастар лекцияны күнде тыңдап, құлағын мақтамен тығындап алып отырмаса миына ми қосылып жарымайды.

Мың жасағыр Гүлжиһан-ай, көп салғыласпай бұл ұсынысыма да келісе кетті.

Уақыт деген желмая емес пе? Институтқа түсіп оқыған бес жылдың шошаң етіп өте шыққанын сезбей де қалдым. Гүлжиһан да ұзақ жыл бойы телміре күткен бақытын енді ғана алақанына түсіргендей дипломым мен ромбигімнің сыртынан сүйіп-сүйіп алды да:

– Енді тойымыз қашан? – деп мойныма асыла кетті.

– Гүлжиһан-ау, – деймін мен оның маңдайына төгіліп түскен қара шашын қақ айырып отырып, – біз енді «өлсек көріміз бір, шықсақ төріміз бір» жандармыз ғой. Біз бармаған загске тоғайдағы торғайлар барар деймісің? Бірақ...

– Бірағың не? Тағы не айтқың келіп отыр?

– Гүлжиһан-ау, жоғары білім алу да түк емес екен. Бүгінде аспирантура бітіріп, бір ғылым саласы бойынша кандидат атанбасаң енді бес жылда алдына салған бір отар қойды да баға алмайсың.

– Абыройыңның, дәрежеңнің өскеніне қарсы емеспін. Сенің дегенің-ақ болсын. Мен күте тұрамын ғой, – деп Гүлжиһан бұл жолы да келісе кетті.

Аспирантураны сәтті аяқтап, ғылым кандидаты дәрежесін алғаннан кейін Гүлжиһанның төбесі көкке жеткендей болды. Мені құттықтап, құшақтап тұрып:

– Енді күтетін ештеңе жоқ. Тезірек қосылып, түндігімізді ашып қойып, түгін түтетіп отырғанымыз жөн шығар. Солай емес пе, жаным? – деді.

Осы сәтте қаймаққа бал қосып ішкендей бір түрлі рақат сезімге бөлендім де, Гүлжиһанның түлкі тамағынан иіскеп-иіскеп алып, былай дедім:

– Біз егіз туып, бесікте бірге өскен туыстардай бауырласып кеттік емес пе, жаным. Көбіне шыдағанда азына шыдайық. Мен ең алдымен жұмысқа орналасып, пәтер алайын. Сосын ертеңіне-ақ қосыла беруге еріктіміз.

Шіркін, Гүлжиһан не деген шыдамды жан десенізші! Бұл жолы да жұмған аузын ашпай келісті. Тәуір жұмысқа орналасып, жаңа пәтер де алдым, оған телефон да тарттырдым. Гүлжиһан үйді көріп есі шыға қуанып:

– Міне, енді бәрі де артта қалды. Енді көп созбай қосыла-йықшы.

– Жок, жаным, әлі де сәл-пәл күте тұруға тура келеді. Гүлжиһан маған шошына қарап:

– Енді не бар күтетін? – деді.

– Гүлжиһан-ау, шетелдік гарнитурасыз үйдің сәні бар ма?

– Иә, иә бұл ақылың да дұрыс, – деп ауыр күрсінді Гүлжиһан. Шетелдік гарнитура да алдым. Бірақ әлі Гүлжиһан екеуміз қосыла қоймадық. Өйткені мен: «Бүгінде көлігі жоқ үй қанатсыз құспен тең. Бір жеңіл машина алғанша сәл шыдай тұрайық», – деп кезекті дәлелімді айттым.

Әйел заты дүние-мүлікке жақын болады ғой. Ол бұл ұсынысыма да қосыла кетті.

Мен жеңіл машина алған күні Гүлжиһанға:

– Жаным, енді күндіз жұлдыз көрінсін. Сосын қосылармыз, ә – деп едім, мына ғажапты қараңыз, ол бұл ұсынысқа да үнсіз келісім берді. Шіркін, не деген шыдамды жан еді менің Гүлжиһаным. Сөйтіп, қазір күндіз жұлдыз көрінгенін күтіп жүрген жайымыз бар.

КІЛТ САУСАҚТЫ «КӘРИЯЛАР»

Менің жеке пайымдауым: тұрмыс құрған әйелдердің кемінде тоқсан тоғыз пайызы күнделікті күйбең тіршілікте өз күйеулеріне көңілдері қоңылтақсып, орта қарындау, қырын қабақтау күйде жүреді де, ал бөгде біреудің еркегі дегенде емешесі үзіле емініп, елпілдеп, көздері қанталап отырады. Мәселенки, біздің үйдегі Бұнтай «прокурор»: «пәленшенің, түгеншенің... еркектері-ай, шіркін, олар еркек емес, ертегі ғой, – деп талай рет таңдайын тақ-тақ еткізіп, екі езуінен сілекейін шұбыртқаны бар.

Бұнтайдың маған деген жалпы көзқарасы жаман еместеу. Әсіресе, жалақымды жарқ еткізіп алақанына салған күні оның жарық жұлдыздай жарқ-жұрқ етіп жарқырап жүргенін айтсаңшы! Ал, ойын-тойларда аузыма «тентек судан» титтей де татып алмасам мен – түйенің нәркес көзді ботасы, мен – жігіттің сұлтаны, мен- адамзаттың періштесі!

Менің «есектің әңгісі», сана-сезімнен жұрдай «миғұла-милау», «колхоздың жауыр өгізі» болып калатын сәттерім де аз емес.

Бұнтай екеуміздің кейде тәжікелесіп, қырықпышақтасып калатын сәттеріміз көбінесе үй шаруасы мәселелеріне орайласып келеді. Тоғыз этажды үйдің тоғызыншы қабатына көшіп келгелі Бұнтаймен «майдан алаңында» тоқайласып, семсерлеуіміз бұрынғыдан да жиілей түсті. Қабырғаға күнде бір шеге қағу керек болады. Тас қабырғаны теспек түгіл ағашқа да шеге қағу оңай емес екенінде Бұнтайдың шаруасы жоқ. Әрі-беріден соң мен:

«Ой, неше жерден «прокурор» болсаң да, ашып айтайын, мен осы үйге тас тесуге көшіп келгенім жоқ, хватит енді», – деп бұрқ-бұрқ ашуға мінетін болдым. Мұның сыртында жертөле дегені тағы бәле боп жабысты. Әлгінің құлпын біреулер күнде талқандап, ішіндегі нәрселерге «жиендік» жасап кетеді.

Жақында, ұмытпасам әйелдер күні қарсаңында ғой деймін. Бұнтай тіпті оқыс мінез танытты. Жұмысқа бармақшы болып киініп жатыр еді, әп-сәтте күндей күркіреп, жердей сілкініп шыға келді. Ақай жоқ, тоқай жоқ, жаныма жетіп келіп шарт сынды:

– Адыра қалғыр, ақыры құрғыр осы үйге үй емес,обаға көшіп келгелі қолына не балға, не балта ұстап,еркектіңді

білдірмедің. Подвалыңдағы есігің қирап ол жатыр. «Ыңыршағы» айналып диваның тұр. Үйде не киім ілгіш жоқ, не артық аяқ киім қоятын қобдиша жоқ. Осы үйде не сен еркек бол да, мен қатын болайын, немесе сен қатын, кәдімгі мына мендей қатын бол да, мен еркек болайын!

Бұнтайдың жүзіне көзім түсіп кетіп еді, астағапираллай-ай көздері енді-енді атылғалы тұрған қос ауыз мылтықтың оқпанынан да сұсты көрінді. Мұндай зәре-құтым қашпас, жүрегім мен қос өкпем ішек қарныма араласып кеткендей сезініп, буын-буынымнан әл-дәрмен кете бастады.

Бұнтайжан-ау, Бұнтайлағым-ау, саған не болған. Еркектігіме күмән келтіріп жүрсің бе өзің? Қолына балға мен балта ұстағанның бәрі ербеңдеген еркек бола бере ме екен, ә?

Олай болса, мен әлі-ақ нағыз еркек екенімді білдіремін, – деп майлап-сыйпаған болдым. Бұнтайдың ызғары қайтатын емес. Қайта өршелене өкшесін көтеріп, маған жақындай түсті.

– Қолына балға мен балта ұстай алмайтын сендей Мандырбайды мен балшықтан да илеп алам. Бір үйге екі әйел не нужно, не – сен, не мен, түсіндің бе, қатын жолдас?

– Қой, Бунташка, өз күйеуіңе өзің күйе жаға беріп қайтесің. Жұрттың еркегі де қу мініп, құлан құрықтап жүрген жоқ болар. шеге де қағылар, жертөле де жабылар. Күйбең тіршіліктің күйкентайдай кемшілігіне бола, немене, қос ауыз мылтығыңды оқтап, кісінің зәре-құтын қашырып... – деп Бұнтайдың алдына түсіп жорғалай бастадым.

– Жоқ-жоқ, айтқаным – айтқан. Мен анау... әлгі Күлшайдан, Күлбағиладан, Мархабадан, Махпурадан кеммін бе? Жо-жоқ, кем емеспін. Ал олардың күйеулері қандай десеңші! Балға мен балта ұстап, бүкіл үйдің шаруасын шекарный қылғаны былай тұрсын, тіпті әйелдерінің мұрыны ішіндегі қыл-қыбырына да дейін жұлып, тазартып беретін көрінеді. Ал, сен... сен бар ғой, бүгін жаңағы айтқандарымды орындамадың бар ғой, ертеңнен бастап көзіңнің сорасын ағызып... балғасы мен балтасы бар... еркек, то есть күйеу тауып алам. Айтқаным – айтқан. Түсіндің бе, Мандырбай жолдас, то есть қатын жолдас?

Бұнтай айтарын айтып-айтып салды да, «қос ауыз мылтығын» лезде жиыстырып, есікті тарс жауып, шығып кетті. Іле қайтып келіп: «Сен бар ғой, сен... сен есектің әңгісісің, сана сезімнен жұрдай миғұла-милаусың, сен бар ғой, сен... колхоз

дың жауыр өгізісің» деген сөздерін есіктің бер жағына ақтара салып, қайта жоқ болды.

«Есектің әңгісі» боп, үйдің Бұнтайша айтқанда, үй емес обаның ортасында біраз теңселіп тұрып ойға қалдым. Шынында Бұнтайдың айтқан кейбір «философиялық» түйіндері, «ғұлама» пікірлері менің ішкі сарайыма, тіпті бүкіл психикама ғажайып әсер етті. Бір есептен оның маған ашуланатын реті де бар. Ал еркектіктен дәмеленіп жүрген Бұнтай бәйбішенің айтқанының бәрін тындыру үшін мен кемінде тұрмыстық қызмет шеберханасының шебері болуым керек.

«Жә, «есектің әңгісі» болғаным жетер. Бүгін еркектік танытайын деп, Махамбетше айтқанда «егеулі найзамды қолға алып, ең болмаса жертөленің есігін дұрыстап келейін деп төменге түстім. Басымды сипап тұрғанымда оң жақ бүйірімнен, жертөленің түкпір жағынан дабыр-дұбыр, салдыр-сұлдыр дыбыс шығып, бірте –бірте ұлғая түсті. Ә, дегенше болған жоқ, қасыма алақ -жұлақ еткен сақалды үш «қария» жетіп келді. Мен оларды сақалдары белдеріне түсіп тұрған соң «кәрия» деп тұрмын, әйтпесе үшеуі де тепсе тебінгі үзетін шомбал денелі жігіттер екені байқалады. «Мандырбай, енді осы арада біткенің ғой. Жуырда ғана қалалық радиоторабы арқылы «үш сақалды қылмыскер қамаудан қашып кетті» деген хабарды өз құлағымнан естіп едім. Осы үштік солар болса, онда Мандырбай жарық дүниемен осы қараңғы подвалда-ақ қоштаса бер» деп ойлап, орнымнан тапжылмай сілейіп тұрып қалдым.

– Саламалейкум, ақсақал!

– Привет!

– Гутен морген! Байқаймын мына «кәриялар» радио арқылы берілген қылмыскер «кәрияларға» ұқсамайды. Әлгілер қозғалған сайын бүкіл денелерінен темір-терсек «сөйлеп» қоя береді. Амандықтарына қарағанда қыл сағақтан қиып жіберетін адамдар болмаған соң, ептеп есімді жиып қолымдағы фонарымның жарығын жігіттерге қарай түсіріп:

– Жігіттер, үй-іштерің, бала-шағаларың аман ба? Жайлы жатып, жақсы тұрдыңдар ма? – деп кәдімгі олармен талай рет табакғас, сансыз рет сапарлас болған адамдай іші-бауырларына кіре, шұрқырай амандасып жатырмын.

– Аманбыз, ақсақал, түп-түгел аманшылықтамыз. Жап-жана ғана подвалдарыңыздың бір жері тесілген екен, соны бітеп, сонымызды самогонмен жуып дегендей...

– Е, онда өзіміздің нөмірі екінші үй басқармасының сантехниктері болдындар ғой?

– Дәл солай. Ал, танысып қоялық, ақсақал. «Кәрия» Иннокентий боламыз, шын атым- Инелік.

– Сопақ «кәрия»!

– Мен Бармақ деген «кәриямын»!

– Ал, жолдастар мен осы үйдің ең жоғары қабатында тұратын Мандырбай деген есектің әңгісін, яғни былайша анықтаңқырап, дәлілеңкіреп айтқанда, Бұнтай деген «прокурор» әйелдің күйеуімін.

Жігіттер рақаттана, маз-мәйрам боп, қарқылдай күлісті.

– Ақсақал, Мандырбай дегеніңізге түсіндік, ал «есектің әңгісін» деген құпиялау сөзіңіз миға қонатын емес, – деді жаңа ғана өзін Иннокентий «кәриямын» деп таныстырған жігіт күлкісін тия алмай.

– Бұл сөз Бұнтай жеңгелеріңнің кейінгі кезде маған жапсырған жамауы ғой. Жігіттер, бұл жалғанда шеберхана шебері болмаған еркек әйел жарықтықтарға жаға қоймайды екен. Менің темір-терсек, балға мен балта жағына әуестігім жоқ еді. Соның кесірінен жыл өткен сайын ағаларыңның азан айтып қойған атына небір жаман қосалқы аттар қара жамаудай жапсырылып келеді, жапсырылып келеді.

– Отағасы-ау, сонда жеңгей не істе дейді? – деп әлгі жігіттер маған жақындай түсті. Енді несін жасырайын, неге еркек болудан қалғанымды жігіттерге сол жерде түгел баяндап бердім. Әңгіме төркінін аңғарған жігіттер бір-біріне қарасып алды да:

– Отағасы, бүкіл шаруаңызды тындырайық. Тек... тек... деп Сопақ «кәрия» кеңірдегін нұқып-нұқып қалды. Дымды білмесе де ымды білетінім бар еді. Қуанғанымнан:

– «Айналайындар-ау, басқарманың «қарияларынан» немді айып. Қандай мөр басылғаны керек өзі, – дедім.

– Отағасы осы біз подвалда самогон іше-іше ішіміз әбден жидитін болды. Жамбасыңызға батпаса әлгі... әлгі... «кәриялауы» бар ғой... Сонысы тәттірек...

– Е «Стәрке» ме, айналайындар. Онда мынаның ішінен тұздық ала жүріндер. Қиярын да, помидорын да ал, аяма! Оу, өздеріңнің қолдарың бос па еді? – деп жатырмын аналарға.

Жігіттер маз-мәйрәм.

– Біздің қол қайта құру заманынан бері күнде бос. Күніне бір-екі тесік бітеп, бір-екі гайка бұрасақ, – жарайды. Қалған

уақытымызда подвалда жайласып отырып самогон ішеміз, – деді бұл жолы Бармақ сөзге араласып.

Сантехник «кәрияларды» алдыма салып, үйге алып келдім де, оларға бүкіл шаруамды айттым. Мені әбден тыңдап болған олар бірауыздан:

– Женгей жұмыстан келуге он бес минут қалғанда шаруаңызды бітті дей беріңіз. Ал, келісім бойынша сіз – «кәрия»қамына, біз – іске кірісеміз, – деді.

Мен жүгіріп отырып жанымыздағы магазинге барып келгенімде үйде үш адам емес, үш бірдей жылжымалы шеберхана істеп жатқандай бүкіл подъезд селкілдеп тұр екен. Бір бөлмеде қабырғаға сартылдап шеге қағылып жатыр, «ыңыршағы» айналған диванға жан біте бастапты, электр қосқыштың екеуін «сөйлетіп», шаң сорғышты сілкілеуге кірісіпті.

– Ау, «кәриялар» алдымен мына «кәрияның» біреуінің ішекқарынын ақтарып тастандар. Сосын қолдарың тіпті жүріп кетеді, – дегенімде:

– Мандырбай ағайдың айтқаны жерде қалмасын, – деп «кәриялар» жүгіре басып, ас үйге келді.

Әлгілердің қолына бір-бір толтыра құйылған қырлы стаканды ұстата бердім. Бәнкімді ашып, тұзды кияр мен қызанақты да алдарына қойып жатырмын.

«Кәриялар» мен айтқан шаруаның бәрін де бір-екі сағаттың ішінде тап-тұйнақтай тындырып, тіпті бір шөмеле кірді де жуып, балқонға іліп берді.

Сол күні жұмыссыз жүрген «кәриялардың» арқасында менің Бұнтайдан алған алғысымда шек болған жоқ. Ол жалма-жан телефонның құлағына жармасып Күлшай мен Күлбағилаға, Мархаба мен Махпураға менің нағыз еркек екендігіме көзі жеткенін асығыс баяндап жатты. Ал, менің көз алдымнан жұмыссыз жүрген түйенің ортан жілігін қолымен ұрып сындыратын кілт саусақты «кәриялар» бейнесі кетер емес.

БАСТЫҚТЫ КІМ ТАРТЫП ШЫҒАРАДЫ?

Шолақ бөлімшесінің басқарушысы Шетен мен оның сан жағынан алтыншы рет өліп-талып, ғашықнама хикаяларын басынан өткізіп барып қосылған Кенжеқыз екеуі «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер» шағында күнде бір адреске құдайы қонақ болып келетінді шығарды. Бір күні батысқа, бір күні шығысқа тартады, кеше солтүстікке қарай аңыратып еді, бүгін оңтүстікке қарай еңіретті. Еңіретіп келе жатқандары – өздерінің жақында ғана алған «Жигули» тұлпарлары. Олардың есебі, асық-топайы түгел-ілік-жұрағаттарының бүрмесін аштырып, жылы-жұмсағына мелдектен келе бір тоя ма? – тояды; Кенжеқыз кетерінде бір көйлек кие ме? – киеді, «көк дөнендеріне» көрімдік ала ма? – алады.

Олар бүгін Кенжеқыздың нағашысы тұратын көршілес ауылды бетке ұстап келеді. Шетен таңертең ертемен лездемені тездетіп өткізіп жіберіп, малшылар мен механизаторлардың, бөлімше мамандарының әрқайсысына қырып тапсырма беріп, тезірек жолға шыққан. «Төркініне барғанның төбесі төрт елі көтеріледі» дейді ғой деп Кенжеқыз күйеуінің қасында қаздай қаздыып, қайықтай қалқып отыр. Оның үстіне «көк дөнненің» желі жебеп Кенжеқыздың төбесін төрт еліге емес, біржола он төрт еліге көтеріп тастағандай ма, қалай?

Кенжеқызым-ау, (еркелетіп айтқаны ғой), күн-бүгінмен, жыл-биылмен таусылмайды, ал адамның ғұмыры күзелген тайдың құйрығындай шоп-шолақ бірдеңе емес пе. Осылай қыдырып, «көкдөнненімізді» әбкәткілеп жүргенге не жетсін! – деп әйеліне қулана көз тастап қойды. Мұндайда Кенжеқыз ба үндемей қалатын, ол күйеуінің іші-бауырын елжіретіп, буындары бірден былқ-сылқ болып қалатын сөз айтты:

– «Көк дөнненің» қамау терін алдырып жүргеніміз сенің арқаң ғой, шал-ау! Бірақ менің бір үрейлене беретінім: бұрынғы тоқырау заманы жоқ, қайта құрудың қасқалары соңыңнан шырақ алып түскенінен секем алам. «Ешкі әр қырыққан сайын бір өледі» дегендей сенің сыртыңнан айтылған әрбір алып-қашты сөз сайын бір өліп-тірілем...

– Ештеңе етпейді, Кенжеқызым-ау, жұмыстың шекесі қызып жүріп жатыр, малымыздың шелі бар, торпақ-қозысы бар дегендей. Қайта құрудың қасқалары болмақ түгіл, қайта құрудың қасқырлары да маған ештеңе істей алмас, – деп Шыжық

«көк дөненнің» сауырына «қамшыны» басып – басып жіберіп еді, жолдан шығып кетіп, батты да қалды. Талдыөзектің сайына келгенін білмей қалған екен. Дәл осы арадан қауіптеніп келе жатқан Шыжық құдайдың тұзағына мықтап түсіп қалғанын бір-ақ білді.

Бөлімшеден үш-төрт шақырым шығып үлгірген Шыжық не алдан, не арттан бір машина келіп қалар деп үміттеніп еді, қас қылғандай түске дейін жанды қарға келмей қойды.

Әлден соң алдағы қабақтан аяғын сүйрете басып келе жатқан біреудің қарасы көрінді. Әлгі жақындай келгенде бұлар өз көздеріне өздері сенбей қалды – совхоз директоры Мүтән екен. Ол бұлар бара жатқан бөлімшеден түн ортасында машинасын жалғыз өзі «әбкәткілетіп» келе жатқанда батып қалып, түні бойы далада жатыпты. Өзі әбден жаураған, түгі сыртына шығып қалжыраған, әйтеуір аман қалғанына қуанышты. «Бірденең бар ма еді» деп Шыжық жалына қарап еді, Кенжеқыз күйеуінен бұрын «неге болмасын, табылады ғой» деп бәйек болып, үлкен сөмкенің құлағынан ұстай берді...

Директормен айдалада дастарқандас болып қалған Шетен мен Кенжеқыздың қалай да көңілдері бір көтеріліп, жағалары жайлау күйге көшті. Түні-бойы жаурап, ойламаған жерде Шетенге кездесіп басын жазып, есін жиып, әлденіп қалған Мүтән да мұңсыз күйге әлдиленіп, рахат сезіміне бөленіп, қуаныш бесігінде тербеліп кете барып еді. Бірақ қалай дегенмен бір уақ айдалада батып тұрғандары, енді бір амалын табу керек екендігі естеріне түспей ме? Сонымен Шетен бөлімшеге жаяу барып, машиналарды тартып шығаратын бір көлік әкелмек болды. Барғысы келмей біраз, қипақтап, әйеліне қайта-қайта қарағыштап еді ол да «сен тұрғанда директордың баруы ұят қой, өзі сонау жақтан «әбкәткіленіп» келе жатқан ғой» деген сыңай танытты. Ойда-жоқта басына ақырзаман түсіп қалған Шетен кетіп бара жатып, оны-мұны сылтауратып екі-үш рет қайта оралып «әлгі не қайда еді?» деп көр-жерді сұрағыштаумен болды. «Мүмкін менімен бірге жүрерсің серік болып, үйде қасқа сиыр да бұзаулайын деп тұр еді ғой, айтпақшы, сен бүгін кір жуамын деп едің ғой» деп те көрді. Бірақ Кенжеқыз «өлсем де машинаның ішінен шықпаймын, жаяу жүруге өкшем жарамайды» дегенді кесіп айтты.

«Жигулидің» ішіндегі жайылған дастарқан басында совхоз директоры мен әйелінің бірге қалып бара жатқанына өлердей

ыза болған Шетен артына қайта-қайта жалтақтаумен бөлімшеге қалай келгенін білмей де қалды. Жан ұшырып жүріп көлік іздеді. Әуелі жүгіргеннен жүгіріп отырып Қалибек шоффердің үйіне келді. Машинасы кешеден бері сынып тұрған Қалибегі түскір әке-шешесін алып, ауданға тойға тартқан. Су тасушы Қаби деген жігіт ауырып үш күннен бері бюллетень алып үйінде жатыр еді, ол да табанда құлан-таза жазылып, көршілес бөлімшеге қыдырып кетіпті.

Шетен мал қораларына барып, тракторлар іздестіріп көріп еді, бәрі де жаңа ғана осы жерде жүріп жерге кіріп кеткендей зым-зия жоқ болыпты. Сайда саны, құмда іздері білінбейді. Жер қозғалмаса қозғалмайтын Жұман деген «К-700»-дің тракторшысы үйіне қыдырып келген құдағыын аудан орталығына алып ұшыпты. Малға шөп тасылмай, су жеткізілмей, жем әкелінбей малшы біткен у да шу, азан-қазан болып, бөлімше басқарушысын сол жерде әбден әбкәткілеп алды. Шетен сасқанынан:

– Малдарың құрып кетсін, түге! Далада жатқан бастықты кім тартып шығарады? Мәселе сонда болып тұр ғой, – деп мал қорасының іргесіне сылқ етіп отыра кетіп еді. Бірақ әйелі Кенжеқыздың өзімен бірге ермей директормен айдалада дастарқандас болып қалғанына ыза болғанынан бармағын тістеп, орнынан атып тұрғанын өзі де сезбей қалды.

СОҢҒЫ СӨГІС

Өзім сырымды ішке бүгіп, сүрлегеннен гөрі не де болса жарық дүниеге жар салып, жария етіп жүргенді тәуір көрем. Ескі жыл мен жаңа жылдың айырығында жата қап, өткенге ой тастап, болашаққа қиял жүгіртпейтін басы жұмыр пенде бола қоймас, сірә. Мен де солардың бірімін.

Шынымды айтсам, өткен жылы менің соңымнан бір үйір сайтан өкшелеп, қалмай қойған тәрізді. Сіздерден жасыратыны жоқ, кәсіподақ комитетінің мүшелерінен ұяла-ұяла бетім түгіл қара табаныма дейін қызарып болды.

Оларға мың да бір алғыс. Қайтсін, менімен жыл бойы алысып, маған таудай ақыл-кеңестерін бергенде алдағы уақытта түзелсін, адам болсын дейді ғой. Олардың сын пікірлеріне шексіз ризашылығымды білдіргеннен басқа түк айтарым жоқ. Бар кінә мынау өзімнен, әрине.

Бір үйір сайтан соңымнан өкшелеп калмай қойды дейтінім – өткен жылы қара басымды алып жүруден қалдым. Ұмытпасам, қаңтардың кеуде түсы-ау деймін, құдай атып қатарынан екі күн жұмысқа кешігіп келдім. Бұған мен емес, бірден бір кінәлі – ұйқыашар міндетін дұрыс орындамаған қоңыраулы сағатым, тәйірі алғыр. Бұдан арғы жағы белгілі ғой...

Жұрт талқысына түсу оңай ма қоңыраулы сағаттан құтылып, жұмысқа уақытылы барып, жақсы атым шығып енді-енді көзге түсе бергенімде елден бір сайтан құдамыз келіп бүлдірді де кетті. Екеуіміз әп-әдемі -ақ үйде теледидар көріп, шалқып отырғанбыз... Оянсақ тақтай үстінде тастай суық тар бөлмеде қалтырап жатырмыз.

Ал, сәуір айында не болып еді осы... иә, айтпақшы футболға барған екенмін ғой. Өзіміздің «Тұлпар» футбол командасы көршілес облыстағы әріптестерімен кезекті кездесу өткізіп жатқан. Байқаймын: біздің футболшылар айып алаңына жете берсе-ақ болды, төреші әкесінің құны қалғандай жаны шығып ысқырады-ай кеп, ысқырады-ай кеп. Төреші деген екі командаға бірдей ысқырар болар еді, мынауың біздің футболшылардан басқаны көретін емес. Бұдан әрі шыдамасам керек, алаңға жүгіріп шықтым да төрешінің ысқырығын қолынан жұлып алып табаныма салып, шытыр-бытырын шығардым. Жұрт «молодец, жарайсың» деп стадионды басына көтеріп жатыр. Ал мен ше? Төрешіге жаңағыдай «төрелік» жасауға менің ешбір хақым жоқ қой. Әрине, ар жағы белгілі. Қоғамдық тәртіпті бұзғаным үшін... айып төлеп, тағы бір сөгіс жамап алдым.

«Кері кеткеннің сакалы кеңірдегінен шығады» дегендей, мен қалай дұрысталам десем де ойламаған жерде бір пәлеге ұшырап қалам. Маусым айының соңғы күндері-ау деймін. Тұқыш жолдасым екеуіміз балық аулауға бардық. Бұл жолы да аяқ астынан қырсық жабыса кетті. Не көп – көл көп, не көп – балық көп, не көп – балықшы көп. Ал, қай көлден қандай құралмен канша балық аулау керектігін кім біле береді.

Тұқыш екеуіміз бір үлкен қамысты көлдің орта тұсына барып жиырма метрге жуық торды құрып тастап, ә дегенше екі-үш қап табан ұстамаймыз ба? Артынып-тартынып, мәз боп машинамызға отыра бергенде, қайдан шыққанын кім білсін, инспекторлар сау ете түсті. Жаңа ғана жолы болған балық-

шы едік, табанда «қарақшылар» атанып шыға келдік. Ар жағы белгілі – әлі күнге дейін айыбымды төлеп құтылған жоқпын.

«Балықшылық кұрысын, енді ғұмырымда итбалық та ұстамаспын-ау», – деп өзімше ант еткем. Қашанғы айып төлеп, сөгіс ала беруге болады. Бірақ мен көп ұзамай ойламаған жерде тағы да бір қыңыр іске душар бола кеттім. Баяғы Тұқыш екеуіміз ағаш ішіне барып, серуендеп қайтпақ болғанбыз. Заман қандай болады деп екеуіміз екі құс мылтығын ала шықтық Бірақ аң-құс ату ойымызда жоқ болатын. Таза ауада әбден серуендеп, рахаттанып, енді үйге қайтуға ыңғайлана бастағанбыз. Кенет менің дәл қарсы алдымнан шаңырақ мүйізді бір дәу бұғы шыға келмесі бар ма? Әлгі кәдімгі мені танығандай екі көзі шоқтай жанып, маған тесіле қарап қапты, «пышт, пышт» – деп үркітсем, қорқудың орнына қайта айбат шегіп, маған қарай жақындай түскені әлгі бейбақтың. Е, маған да жан керек емес пе екен, сол сәт қос ауыз мылтықтың шүріппесін басып кеп қалдым. Сол-ақ екен, қос қапталдан қос орманшы шыға келді шар-шүр етіп. Сонда барып қана бұғыны атуға болмайтындығы есіме сап ете түсті...

Бастығым өзіне шақырып алып: «Шырағым, Дырдай, бір жерден ала берсе... қар да таусылады ғой, саған бере-бере біздің мекеменің сөгісі әбден таусылды. Сөгіс пен айыпқа тоймайтын мұндай жалмауыз болармысың бәтр-еке, – деп өлердегі сөзін айтты. Не дейін: «Аға-еке-ай, ең, ең ең... соңғы сөгіс бере тұрыңыз, амандық болса, сайтан түртпесе енді көп ұзамай періштелер қатарына қосылғалы тұрмын», – деп еңіреп отырып ақырғы уәдемді бердім. Бастығым соңғы сөгіске бұйрық шығарды.

ҚОҢЫРАУ

Құзбақ туған күнін атап өтуге қонақтар шақырып, мәресіре болып қалды. Ауылдағылардың жайы белгілі: мұндайда шақырылған қонақтардан гөрі шақырылмағандар көбейіп кетіп, керек болса, ондайлардың кейбіреулерінің төбедей боп төрді иемденіп алатындары да жоқ емес қой. Құзбақтың үйінде де дәл осылай болды. Ауылдастарының бірі келіп, бірі шығып, той иесін құттықтап, аузы-мұрындарын майлап шығып жатты. Әрі туған күні, әрі Жаңа жыл кеші болған соң Құзбақ та, әйелі Аққаным да қабақ шытып, топай мінез білдірген

жоқ. Қайта кім келсе де: «Жоғары шық!» – деп төрлерін ұсынып, елпең қақты.

Аққаным ас қамына шұғыл кіріскен. Еттің нанын салып, төргі бөлмеге кірді де:

– Бәти-ау, анау артыңдағы терезе алдында тұрған сағатты қарап жіберші, астың нанын салып едім, – деді.

Бәти шұғыл терезе алдын олай қарап, бұлай қарап шығып, көзіне ештеңе түсіре алмаған соң:

– Аққаным, бұл жерде ешқандай сағат көріп тұрғаным жоқ, – деді.

– Жоғы несі, жап-жаңа ғана терезе алдында тықылдап тұр еді ғой, көкке ұшты ма, әлде жерге кірді ме ол сағат, – деп Аққаным тағы да терезеге қарай мойнын соза түсті.

– Көкке ұшса да, жерге кірсе де өзі біледі. Бірақ бұл жерде сағат түгіл сайтанның сапалағы да көрінбейді, – деп Бәти екі қолын жайып Аққанымға қарады.

Отырғандардың бәрі де мойындарын терезеге қарай бұрып, Аққаным тесіліп тұрған тұсқа оқшырая-оқшырая қарасып қалды.

– Ол өзі қоңыраулы сағат болғанмен түйенің көзіндей ғана шап-шағын дүние еді. Бір жерде бұғып жатқан шығар, – дей салды үй иесі Құзбақ, – жә, асыңды әзірлей бер Аққаным.

– Ол неғып бұғып жатады. Терезенің алдында жап-жаңа ғана тұрғанын өзімнің мына екі көзіммен көрген жоқпын ба?.. Жарар, Бәти, әуре болмай-ақ қой, қалайда құйтырқысы бар сағат болды бұл, – деп Аққаным қайтадан ас үйге шығып, өз шаруасымен бола берді.

Сол сол-ақ екен терезеге жуық отырған Мөрбас өзінен-өзі шыж-быж болды:

– Жаңа бар ғой осы маңайда арқасын тыр-тыр қасып Шақау отыр еді. Неде болса содан келді. Ол сағатты алмаса бұл үйден неге асығып шығып кетеді. Міне, бар пәле содан келді! Мөрбас орнынан қозғалақтап біресе анаған, біресе мынаған ұрлана қарап, бір жерде байыздап отыра алмады.

– Тәйт, әрі! Шақаудың арқасын қасып тұрғаны рас болса да, терезенің алдында еңкейіп сағат алғанын көргенім жоқ, – деп Шәуіш Шақауды ақтап аршыға түсті.

– Жо-жоқ, Шақауды ақтайтыны жоқ. Оның қолының «жиендігі» мол, жүрген жерінде жөргем іліп жүретін әдеті. Біз айтсақ, бір нәрсені біліп, сезіп, бір нәрседен сезіктеніп

айтамыз ғой. Құдай біледі, содан бөтен ешкім алған жоқ ол сағатты. Дәл осы арада арқасын қасып тұрған Шақауды өз көзіммен көрдім емес пе. Ал оның бір нәрсені қымқырардың алдында ылғи арқасын тыр-тыр қасып алатын әдеті бар екенін жұрттың бәрі жақсы біледі.

– Жарайды, оған бола қызыл май болмай-ақ қойыңдар. Келгендердің бәрін ұры атандырып жатудың қажеті жоқ. Одан да ән салайық, – деп Құзбақ сағат төңірегіндегі айтысты басқа жаққа аударғысы келді.

– Ертең ұрыны анықтау қиын болады. Енді бәріміз де осы үйден ұры атанып шығатын болдық қой.

– Олай болса, осы қалған адамдарды тінтіп шығу керек болар...

– Тінту деген не сұмдық, – деп шоршып кетті Мөрбас.

– Меніңше, ұры белгілі. Шақау дәл осы арада арқасын қасып тұрғанын өз көзімен көрдім деген жоқпын ба. Адамның айтқанына неге иланбайсыңдар! – Мөрбас өзінің баяғы пәлсапасын қайталаумен болды.

– Қойыңдар, түге, бұл сағаттың жыры жетті. Өзінің бір құйтырқысы бар сағат демедім бе жаңа. Жоғалса одан әрмен. Бірақ Шақау қандаланың қанына да ортақ болмайтын адам. Оны босқа күйдірмендер, біреудің ақ тілеулі шаңырағында отырып, – деп Аққаным ас үйден дауысын қаттырақ шығара сөйледі.

– Оу, сендердің бәрің де Шақаумен екі туып, бір қалғандай оны қызғыштай қорып кеттіңдер ғой. Ол дәл осы арада арқасын қасып тұрғанын, тіпті оң жақ қолымен жан қалтасына сағатты салып жатқанын мен өз көзіммен көрдім емес пе.

– Мөрбас-ау, ұрыны ұстағыш болсаң сонда қайда қалғаның. Шақаудың қолынан шап бермедің бе? – деп жатыр Қазия деген келіншек.

– Қалай шап бересің, ол өзіме шап берсе қайтемін?

Сағат тілі он екіге бірер минут қалғанда ет туралып болып үй иесі Құзбақ орнынан тұрып:

– Ал, құрметті қонақтар!, – дей бергенде қоңыраулы сағат без-без етіп шырылдап қоя берді. Жағалай отырған қонақтар әуелде сағаттың дауысы диванның астынан шығып жатыр ғой деп ойлап еді, бірақ көп ұзамай сағаттың дауысы Мөрбастың тура ішінен шырылдап шығып жатқаны белгілі болды. Жұрттың бәрі Мөрбастың ішіне үңіліп, күлкіден талып қала жаздады.

– Ойбай-ау, Мөрбас-ау, сағатты ешкімге көрсетпей қашан жұтып жібергенсің.

– Жұрттың тамағынан сұйық өтпегенде біздің Мөрбас-тар кісі басындай сағатты да жұтып жібереді,ә? – деп жатыр отырғандар.

Мөрбас оң жақ бүйірінен шырылдап жатқан сағатты қысамыса екі бүктетіле орнынан атып тұрды. Сасқанынан:

– Құдай біледі, жаңа осы арада Шақау арқасын қасып тұрып, менің мата белбеуімнің арасына мынаны салып жіберген екен ғой, кэззап! – деп әлі шырылдап, бебеу қағуы басылмаған қоңыраулы сағатты белбеуінің арасынан жұлып алып, терезе алдына сырғытты.

Мөрбас ұрлықпен ұсталып, ұятты болғанына емес, қоңыраулы сағаттың осындай құйтырқысы барын осы күнге дейін аңғармай келгеніне ыза болды.

Сөйтіп, Мөрбас өзінің меншікті есімінен мәңгі айырылып, ел ішінде бүгіндері Қоңырау атанып кетті.

ЖАҢА ҮЙДЕГІ ДҰРБЕЛЕС

Жаңадан пайдалануға берген сексен пәтерлі үйдің алды ығы-жығы. Былайша сырттан қараған адамға бас жарылып, жұлын үзіліп жатқан қым-қиғаш шоқпар төбелес тақылеттес. Бұл көшіп-қонудың сүрені. Жуандардың ауыр жүк көтеріп жоғары этажға тырмысқандары-ақ қызық. Бірақ кімге қарасан да ыржаң-ыржаң, сылқ-сылқ, бүкіл бет-ауыздары шаңын шығарып «твист» билеп жүрген тәрізді.

Түске салым осының бәрі сап болды. Аласапыранмен жүріп асқазанымыздың араны ашылып қалғанын да аңдама-сақ керек. Дереу үй ортасына дастарқан жайып жіберіп, апыл-ғұпыл тамақ ішуге кірістік.

Бір мезетте біздің ту сыртымыздағы кереует астынан бір бала шыңғырып шыға келгендей болды. Дастарқаннан атып тұрып бет-бетімізге қаша жаздадық. Бақсақ астыңғы қабаттан шыққан дауыс екен. Жоғары қабатқа дәл осылай естіледі деп кім ойлаған.

Мелдектен тойып, тоқ көңіл бола бергенімізде: «Қоныс құтты болсын» дегендей, Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі «Сарыарқалатып» үйімізге сау етіп кіріп келгендей болды. Сөйлеп қоя берген көршіміздің радиосы екен.

«Е, мынау үй емес, көк базар ғой», – деп кеңк-кең күлкімен отырғанымызда тағы бір көршіміз қабырғаны дүрс – дүрс қағып, есімізді тандырды.

– К-к көрші, к-ж... жып жатқан ж-жоқсыздар ма, жып?

– «Ж-ж... жып» дейді Ж-ж..ып.. «Ымды білмеген, дымды білмейді» деген бар. Көршімнің жұмбақтау болып естілген сөзіне түсінбесем де:

– Жанып жатқан жоқпыз. Көршіміздің радиоласы ғой, – деп төтелеп тарттым.

– Ж-ж-жанып ж-жатқан ж-ж-жоқсыздар ма деймін, ж-жанып?

– Жанып?.. Үй ішімізбен селк ете түстік.

– Ондай сұмдығымыз жоқ, – дедім қабырғаға ауызымды тіреп айқайлап. Өздеріңді байқаңдар! Шылымыңыздың тұқылы негіп...негіп жатқан боларсыз?

Көршінің сөзі шындық болуға айналды. Біздің үйдегі бәйбіше тәмпіш мұрнын тартып-тартып жіберіп: «Мен білсем біреудің тоны жанып жатыр», – деп көрегендік білдірді. Ащы иісі мұрынымызды жарып, тынысымызды тарылта бастаған соң:

– Өртеніп жатқан жоқсыздар ма? – дедім келесі көршімнің қабырғасына ауызымды жапсыра айғайлап.

– Жанудан аманбыз, көрші. Бірақ әлдеқалай үйдің іші буалдыр тартып барады, – деді арғы жақтан бір әйел сыбызғыдай сызылып.

Бас қатырып, миді илеп жататын не бар, өрт болса, бір шелек су ала шығайын десем... қраннан тамшы да таматын емес. Оңға бұраймын – су келмейді, солға бұраймын – су келмейді, ырғап көрем – су келмейді.

Қырсыққанда қымыран іритін әдеті. Сыртқа шығайын десем үйдің есігі ашылмайды. Әлден уақытта бойдағы қайратымды түгел шақырып, толғана барып жұлқи тартқанымда есік топсасынан жұлынып кетіп, шалқамнан түстім.

Аулада төрт-бес еркектің басы қосылып та қалған екен. Иттен үріккен ешкідей көздері бедірейіп алған. Біреуінің қолында шелек, екіншісінде сыпырғыш. Олар мені көрген бетте:

– Үйіңізде бір қоңырсыған иіс, түтін жоқ па еді? – деп жамырап қоя берді.

– Болғанда қандай. Бүкіл бала-шағамызбен түтінге булығып қырылып қала жаздадық емес пе? – Өрт шықпаса солай

бола ма? – Аналар одан сайын шырылдап қоя берді. Тобымыз ұлғая түсті. Алтау, жетеу, ... он.. он бес. Жағалай шолып, жағалай қарап жүрміз. Не түтін, не жалын көре алмай армандамыз. Құлағымызға алақанымызды тосып-ақ тыңдаймыз. «Айнамақозді» сағынып немесе «Бурабайдың» сексен көліне шомылып жатқандар және жоқ.

Не қыларымызды білмей, басымыз парша-парша болып тұрғанда ішіміздегі біреу:

– Ж-ж – жолдастар, н-ноль бірге х-ха хабарламай... б- б болмайды, – деді.

Мен манағы көршім екенін айтпай-ақ білдім де:

– Мынау төте пікір екен, – деп оның сөзін қостай қойдым.

Бұл жолы өрт сөндірушілер ә дегенде-ақ машиналарын боздатып жетіп келді. Біреуі түскен бетте әй-шәй жоқ: «Әлі шатыры аман екен», – деп үй төбесіне аңырайып, құшырлана қарай қалыпты. Үйдің алды тағы да қызыл шимай, ығы-жығы адамға толып кетті. Тіпті «көлденең келген көкаттылар сорғыны жалғасып жатыр.

Блайғыны білмеймін, өзім қысылғанымнан шып-шып терлеуге айналдым. Өртшілер сорғыларын жалғап болып: «Ал, қай үй», – деп жан ұшыра айқайлауда.

– Енді немізді айтамыз. Масқара болмасақ жарар еді, – деп бір-бірімізге сүзе қарасып тұрғанымызда, жоғары жақтан біреудің айқайлаған дауысы шықты.

Бәріміз жалт қарастық. Үйдің орта тұсындағы үшінші қабаттың балконында жер ортасына келіп қалған, балта мұртты біреу қолына қойдың үйітілген басын ұстап, өртшілерге ыржия қарап, күліп тұр екен.

– Әу, жолдастар, босқа арам тер болмаңдар, – деді әлгі мұртты қолындағысын көтере түсіп. – Мына бір басты үйітіп, осы үйдегі үлкендерді шақыра қояйын деп, тыраштанып едім. Заманның бұлай бола қоятынын қайдан білейін.

– Әй, бар бол!

– Әй, азамат, жарайсың!

– Әйтеуір өртенуден аман болсаң жарар!

– Енді басыңды анау өрт сөндірушілерге тарт. Еңбек солардікі, – деп төмендегілер жамырай шуласты.

Біз өрт сөндірушілерден қайта-қайта иіле кешірім сұрап, үйді-үйімізге тараптық.

ТЫҢАҰТҚЫШ ХИКАЯСЫ

Таңатар бөлімшесінің басқарушысы Болтай мен агрономы Шақкөз таң рауандап атқанда-ақ кеңсе алдында кездесті. Екеуі сыртын қызыл беренмен тыстаған диванның екі жақ шетіне отыра бере, бір-біріне жымия қарасып, бөріктерін стол үстіне лақтыра-лақтыра салды. Қашаннан аузының қақпағы ашық тұратын Болтай:

– Әй, Шақкөз, сен менен жас болсаң да шабан өгіздерше аяғыңды санап басып, кеңсеге сүйретіліп әрең жетуші ең. Бүгінгіңнің жөнін айтшы, бәтір? – деді.

– Ой, сұрамаңыз, Болтеке. Түн баласына ұйқы көрсем бар ғой, мұрыным бет болсын.

– Е, ұйықтамай не көрінді саған?

– Көзім ілінсе-ақ, қапшық-қапшық тыңайтқыштың астында қалып мылжа-мылжа боп езілем де қалам. Түннің бір уағында әйелім төсегінен атып тұрып:

– Ұятсыз, түні бойы «Қалима, Қалима» деп зарлап, сен қарабет те қылдың-ау, – деп тістерін шақұр-шұқыр еткізіп, ойбай салды.

– Ақымақ-ау, адам түске сене ме? Және мен химияның астында қалып бастырығылып «химия» деп жан ұшыра айқайладым. Қайдағы Қалиманы айтып тұрсың өзің? – деп мен де тарпа бас салдым.

– Қымия, – деп алдама мені. Сенің өңінде ойлағаның, түсіңде іздеп жатқаның Қалима. Әй, арсыз, кара бет, – деп аузы-басымды тегістеп тастап, теріс қарап жатып алды.

Түн ішінде көкдолы, ақымақ әйелмен қырық пышақ болып қырқысып жатамын ба, тұрып алып, кеңсеге келгенім сол, Болтеке.

Болтай тамағын бүлкілдете күлді. Соңғы жағы арбаның шиқылына ұқсас таусылмайтын «кию-мыю» бірдеме болып кетті.

Шақкөз «енді сіз жөніңізді айтыңызшы» дегендей Болтайға қарап еді. Ол да мұң-шерін тарқата жөнелді:

– Мен де не жетісіп жүр дейсің. Өзің білесің, техника жөңделмей, тұқым тазартылмай тұр. Наурызың май қалақша жылпылдап өте шықты. Таяқтың ұшы алдымен менің мына басыма тиеді, – деп, ол жұп-жұмыр шарға ұқсас тықыр басының шеке тұсын нұқып-нұқып қойды.

– Болтеке, бәрінен де өзіңіз кейінгі кезде айтып жүрген тыңайтқыш химияның жолы қиын. Қазір радио да, газет те «химияны қолға алу қажет» деп жатыр ғой. Ал бізде қаншама тыңайтқыш далада рәсуа болып жатыр.

Соңғы кезде Болтай да «химия, тыңайтқыш» деген сөздерді жиірек естіп жүрген-ді. Аанада ауданда болған бір кеңесте мамандардың ауызынан: «Егіншілік мәдениетін көтеруде химияның, тыңайтқыштың атқаратын рөлі орасан», – деген сөздер түспей қойған. Бірақ басында небары бастауыш кластың сарқындысы қалған Болтай өзінің бөлімшесінде ашық аспан астында шашылып жатқан тыңайтқышқа ешбір мән берген жоқ. Оны агроном «Шақкөз баланың ықтияры білер», – дей салды.

– Шақкөз, – сен маған химия мен тыңайтқыштың ғаламат күші туралы айтып берші, яғни оңашада аздап лекция оқып жіберсең.

– Химия дегеніңіз... Шақкөз ағызып барып, кілт тоқтай қадды. «Өмірі химия оқымаған адамға не деп түсіндіруге болады. – Химия дегеніңіз бар ғой... былайша жеңілдеп, туралап, нетіп айтқанда ... ғылыми жағынан жанамалап, жобалап, былайша... жалпыға түсінікті жалпақ тілмен дәлдеп айтқанда химия дегеніңіз...кәдімгі біздің бөлімшеде далада жатқан тыңайтқыш. Практикада егістік жерге себілуге тиіс зат. Түсініп келе жатырсыз ба, Болтеке?

– Өте түсінікті. Қазақтың жалпақ тілімен түсіндіргенге не жетсін, айта бер, айта бер, шырақ. Аанада осы тыңайтқыш химия туралы аудандағы лекцияның бір сөзі де миыма қонбап еді.

– Сізге әрине, химияны жөппелдемеде түгелдей түсіндіріп, миыңызға лақ еткізіп құя қою өте қиын. Сонда да тындап алғаныңыз жөн. Химия дегеніңіз ол бір ғажап нәрсе. Оның бір әшмөшкесі тамған жерден арба-арба шөп, қапшық-қапшық астық алынады. Химияның бардан жоқ, жоқтан бар жасайтын бақсылығы да бар. Болтеке, бір сөзбен айтқанда химияның пәлен-пәштүгені қисапсыз көп болады.

– Ойбай-ау, екі жылдан бері күнге күйіп, қаңсып жатқан қапшықтарда керемет сиқыр күш бар десейші.

– Иә, иә, Болтеке. Түнімен маған ұйқы бермеген химия сол. Оның қарасын құртпай болмайды. Ауданнан біреу-міреулер

келіп қалса даладағы шашылып жатқан тыңайтқышты көрсе, жеген нанымызды желкемізден шығарады сол үшін.

– Ала жаздай Қазымбектің қызыл мөшке сиыры бастаған бар тайынша- қашар сол тыңайтқышынды күнде сүзгіштеп, бұрқырататын еді. Енді оның күлі көкке ұшқан шығар. Сырттан қарағанда сейіңке ұн секілденген заттар еді.

Болтай мен Шақкөз мал қораның қасында шашылып жатқан тыңайтқышты көруге келді. Болтай шеткері тұрған бір қапшықты былқ еткізіп бір тепті де:

– Осы пәлелердің аты-жөні, пәмилиясы қалай еді Шақкөз, ә? – деді. Бұлардың аты-жөні бар ғой, Болтеке, кәдімгі ат пен ит аттас!

– Ат пен ит аттас деймісің. Тыңайтқыштың шошқа аттасы да бола ма? – деді Болтай таңқалып.

– Оншасын біле қоймаймын, Болтеке! Ал, мыналардың ат пен ит аттас екені ақиқат. Міне, қазір айтып жібере қояйын сізге. Су-пер-фосф-ат! Онысы мынау, – Болтай «Ат» деген буынды мейлінше қатты айтып, ақ ұнтақ затты көрсетті. Фосфор-ит! Ол бұл жолы да соңғы буынды көтере түсіп, қоңыр-күлгін түсті заты бар қапшықты теуіп кеп жіберді.

Олар сол жерде біраз тұрды. Әлден соң барып Болтай:

– Бұлардың үстіне сәлерке құйып, өртеп жіберсек қайтеді, – деп Шақкөзге қарады.

– Одан да ауыл сыртындағы орға апарып төксек қайтеді? – деп Шақкөз өз байламын айтты.

Болтай мен Шақкөз қызыл мөшке сиыр бастаған бір топ тайынша-қашардың қағаз қапшықтарды мүйіздеріне іліп алып, айнала шашып, бұрқыратып жатқанын қызықтап тұрғанда кеңсе алдына зыр етіп бір «Волга» тоқтай қалды да, ішінен совхоз директоры мен оларға бейтаныс біреу түсіп, кеңсеге қарай беттеді. Сол-ақ екен, бөлімше басқарушысы Болтай: «Талағың тарс айырылғыр, Қазымбектің қызыл мөшкесі, былтырдан бері жеп тауыссаң қайда қалдың, саған мемлекеттің химиясын шаштырып қарап тұра алмаспын», – деп бір топ сиырдың соңына түсіп, тырқыратып қуа жөнелді.

ДӘРІТЕР ҚЫЗДАН КАШКАН ТӘУІП

Жетпістің желкесіне еркін мініп алған Аңқаубай шалдың соңғы уақытта басы бас емес. Миының ішіне тұтас бір оркестр кіріп алып, ертеден қара кешке дейін концерт қойып жатқан сияқты – у да шу. Шеке тұсы шағып, кеміріп кеп алғанда төбесінен бос арба жүріп өткендей. Аудан орталығындағы ауруханаға барып қаралайын десе, кезекте тұруға ерінеді. Ал, бөлімшедегі медпункт иесінің өзін толғақ қысып, аудандық ауруханаға түскен. Содан Аңқаубай шал алласына сиынып пеш түбінде жатып алды.

– Шал-ау, ауылға қандай аурудың да жынын қағып, сирағынан сүйреп тастайтын бір тәуіп келіпті. Шақыра қойсам қайтеді, мүмкін бір жеңілдігі тиер. Жаның қиналды ғой, жүдә, – деді Аңқаубайдың кемпірі ентіге жүгіріп келіп.

Ауырған, қартайған адамның жанынан қымбат не бар? Аңқаубай да:

– Шақырсаң, шақыра сал, сәті түсер ме екен, – деп басын лып еткізіп жастықтан көтеріп алды.

Үйге қолына аса таяқ ұстаған сопақ қара, қыр мұрынды, қаба сақал, жыпық көз біреу арс-күрс кіріп келгенде Аңқаубайдың басы салдыр-күлдір етіп, жерге домалап түсіп бара жатқандай еді. Тәуіп келе науқастың оң қолына сүлікше жабысып, тамырын ұстады, шалдың тамырларын тыңдап, қолымен басып-басып көрді де, Аңқаубайдың көзіне тура қарап:

– Отағасы, науқасыңыз өте ауыр. Миыңыз оң жақ шекеге лықсып кеткен екен, – деді.

– Ойбай – ау, енді не болады, әулием? Аңқаубай «әулие» деген сөздің ауызынан қалай шығып кеткенін білмей де қалды.

– Несі бар? Есіңізден ауысасыз. – Тәуіп қаба сақалын быр-тиған тоқ саусақтарымен салалап қойып, шал-кемпірге сынай қарап отыр.

– Қолыңның шарапатын сала көр, әулием. Еңбегіңіз ескерусіз қалмас, риза қылармыз, – деді екеуі бірдей тәуіптің етегіне жармасып.

«Еңбегіңіз ескерусіз қалмас», дегенді естігенде тәуіптің жұтқыншағы бүлкілдеп, асқазаны шұр ете қалды. Ол күлімсірей түсіп:

– Дұрыс айтасыз, отағасы. Аруақ риза болса, біз риза. Мынау асатаяғым бір емес, тоқсан түрлі аурудың жынын желкелеп тұрып, қуып шығады. Сүлейменнің жүзігінің, Дәуіттің асасының қасиетін естуіңіз бар ма еді?

– Бар еді, Әулием, бар еді, – деді Аңқаубай кемсең қағып.

– Міне, сол Дәуіт пайғамбардың асасының қасиеті мына менің асамда да бар.

– Асаңнан айналайын, – деп Аңқаубайдың кемпірі дауылдан жапырыла құлаған қу шөптей, бейтаныс адамның алдында жатып – жастық, иіліп – төсек болып жатыр.

– Тәуіп: «Көп отыруға уақытым жоқ», – деп, Аңқаубайды емдеу қамына кірісті. Қазанға су қайнаттырып, бір үлкен кесесін алдырды. Жанына бір сүлгі әкеліп қойды да: «Бәйбіше, енді сіз науқасты оңаша қалдырыңыз», – деп кемпірді үйден шығарып жіберіп, есіктің ілгегін салып алды. Кеседегі суға бір ұнтақ зат салып, аса таяғының ұшымен былғап-былғап араластырды.

Сосын кесені Аңқаубайдың басынан асыра екі-үш рет айналдырып:

– Отағасы, көзінді тарс қып жұм, – деді. Аңқаубай шал қорқа-қорқа көзін жұмды.

– Сол-ақ екен тәуіп: «Уа, қайып ерен, қырық шілтен, қолдай гөр», – деп айқайды сала кеседегі қайнаған суды Аңқаубайдың басына төңкере салды.

– Әулием-ай, төбем күйді, төбем. – Аңқаубай орнынан лақша секіріп кетті.

– Отағасы, ауыр нақастың емі жанға қатты батуы керек, – деп тәуіп басу айтты.

– Миым орнына түсті ме өзі? – деді Аңқаубай жыламсырап. – Түсті, әрине! Енді тек бас сүйегіңізді ептеп қысу ғана қалды. Сосын басыңыз өлгенде де ауырмайтын болады.

Тәуіп сүлгіні шиыршақтап алып, Аңқаубайдың басына сақиналап орады да, түсініксіз бірдеңелерді айтып, орамалды асатаяғымен бұрай бастады.

Аңқаубай басының ауырып бара жатқанын сездіргісі келмей, тістеніп шыдап бақты. Көз алды қарауытып, сүйегі шытынай бастаған соң ғана:

– Әулием, енді осы еміңіз жетер, – деді жыламсырап.

– Оңайлықпен жазыла қоймайсыз. Маңырамай қоя тұр.

Ем сенің жаныңа батса, аруағымды шақырамын деп мен де қаратерге түсіп жатырмын.

Аңқаубайдың жаны алқымға тірелді. Шүмектеп тер ағып барады. Одан әрі төзе алатын емес.

– Көзім ұясынан шығып барады, әулием. Басым құлантаза жазылып кетті-ау деймін.

Тәуіп тындайтын емес.

– Қайдан жазылады басың? Әлі бір шеміршегің ілікпей түр ғой. Шыда аз ғана, – деп тағы да одан сайын бұрай бастады.

– Аңқаубайдың көз алды қаранғыланып кетті, ештеме көрмей қойды. Басына қан құйылып кеткен сияқты. Шыдамның әбден шегіне шыққанда дәл осы сәт үйге Шетқақпай бөлімшесінің дәрігер қызы кіріп келіп:

– Ата, басыңыздың сақинасы ұстап жатыр деген соң әдейі келдім. Мә, мына дәріні ішіңіз, жазылады, – деп қолындағысын ұсынды.

– Айналайын-ай, бармысың? Атаңның өлімінің үстінен шыға жаздадың ғой. Кәне, дәрінді беріп жіберші, – деп қызға қарай ұмтылды.

Сіз әуелден бұл қызға қаралсаңыз қайда қалғансыз. Енді кменің емім дәретсіз жүрген дәрігерлерден кейін қонбайды. Дәрігер көрсем менің аруақтарымның қояншығы ұстап қалады, – деп тәуіп аса таяғын қолтығына қыса-мыса үйден атып шықты.

ҚЫРДЫҢ ҚЫЗЫЛ ТҮЛКІСІ

Жұрт мен туралы: «Арақты ішсең, Қайырбайдай іш. Сабазың бір былқ етпейді-ау. Онымен қатар отырып ішкен жігіттер тұмсығымен жер сүзіп, батпаққа белшесінен батып жатқанда, Қайырбай түк татпаған адамша аяқты дік-дік басып, үйіне келетінін айтсайшы. «Шіркіннің араққа болмайтын палуанға ұқсас сом тұлғасы да бар ғой өзі», – дейді. Өзім де араққа аяқ шалдырмайтындығыма есерленіп, кеудемді қағып жүрдім.

Демалыс күні еді. Бір топ жігіт бас қосып, «көңіл көтеріп» отырмыз. Ешқайсымыз да ащы судан тайынар емесшз. Бейне бәсекелескендей стақанда сарқыт қалдырмай сіміреміз. Көп ұзатпай-ақ шынылардың бірнешеуінің ішек-қарнын ақтарып, босатып тастадық. Не керек, ас пісіп, алдымызға келгенде жігіттердің көбісінің көзі шапыраштанып та кеткен-ді. Ас ал-

дында бір-бір алғасын біреулері су ішіндегі шаян тақылеттес артқа қарай шегіншектей бастады. Бөтелкин, Арақов, Шампанский, Бозабаев, Самогонов, Стақанов сияқты әлденеше түрлі атақтарға әлдеқашан ие болған жігіттердің өзі де бұл жолы менімен үзеңгі теңестіре алмады. Бәрі де отырған-отырған жерлерінде мұрындарымен «диірмен» тартып, кеуделерімен күйсандық ойнай жөнелгенде, өзімді кәдімгі гараждың ішіндегі завгар сияқты сезіндім.

– Арақты көтере алмайтындары бар, бұл шіріктер несіне ішеді екен? Ішсең міне, былай ішу керек, – деп алдымдағы өз сыбағам мен қылжиып қалған жігіттердің құюлы қалған арақтарын бірінен соң бірін қылғытып салдым. Тіпті мас болар түрім жоқ. Қайта күле бергім келеді, денем құс мамықтай жеңілденіп, тынысым кеңі түскен тәрізді. Алдымдағы ыстық шайға мұрынымды батырып бырылдап тұрғанымда үй иесі:

– Шырағым, бегомот болып кеттің бе? Анау мұрынның несі қалды?- деді.

Неге екенін білмеймін, осыдан кейін үй иесі: – Қайырбай, сен де жатып дем ал, – деді.

Жұрт мен туралы: «Арақты ішсең, Қайырбайдай іш. Сабазың бір былқ етпейді-ау. Онымен қатар отырып ішкен жігіттер тұмсығымен жер сүзіп, батпаққа белшесінен батып жатқанда, Қайырбай түк татпаған адамша аяқты дік-дік басып, үйіне келетінін айтсайшы. «Шіркіннің араққа болмайтын палуанға ұқсас сом түлғасы да бар ғой өзі», – дейді. Өзім де араққа аяқ шалдырмайтындығыма есерленіп, кеудемді қағып жүрдім.

Демалыс күні еді. Бір топ жігіт бас қосып, «көңіл көтеріп» отырмыз. Ешқайсымыз да ащы судан тайынар емесшз. Бейне бәсекелескендей стақанда сарқыт қалдырмай сіміреміз. Көп ұзатпай-ақ шынылардың бірнешеуінің ішек-қарнын ақтарып, босатып тастадық. Не керек, ас пісіп, алдымызға келгенде жігіттердің көбісінің көзі шапыраштанып та кеткен-ді. Ас алдында бір-бір алғасын біреулері су ішіндегі шаян тақылеттес артқа қарай шегіншектей бастады. Бөтелкин, Арақов, Шампанский, Бозабаев, Самогонов, Стақанов сияқты әлденеше түрлі атақтарға әлдеқашан ие болған жігіттердің өзі де бұл жолы менімен үзеңгі теңестіре алмады. Бәрі де отырған-отырған жерлерінде мұрындарымен «диірмен» тартып, кеуделерімен күйсандық ойнай жөнелгенде, өзімді кәдімгі гараждың ішіндегі завгар сияқты сезіндім.

– Арақты көтере алмайтындары бар, бұл шіріктер несіне ішеді екен? Ішсең міне, былай ішу керек, – деп алдымдағы өз сыбағам мен қылжиып қалған жігіттердің құюлы қалған арақтарын бірінен соң бірін қылғытып салдым. Тіпті мас болар түрім жоқ. Қайта күле бергім келеді, денем құс мамықтай жеңілденіп, тынысым кеңі түскен тәрізді. Алдымдағы ыстық шайға мұрынымды батырып бырылдап тұрғанымда үй иесі:

– Шырағым, бегомот болып кеттің бе? Анау мұрынның несі қалды?- деді.

Неге екенін білмеймін, осыдан кейін үй иесі: – Қайырбай, сен де жатып дем ал, – деді.

– Мені масайып қалды деп, мазақтап тұрмысың, дорақ неме, – деп оны желкесінен бір түйіп құлатып, тысқа шықтым.

Үйге қарай келе жатырмын. Аяғым өзінен-өзі алға сүйрейтіндей. Тіпті ештеңе де ішпеген сияқтымын. Тек анданда сүрініп, жерге ыңқ ете түсем. Бірақ тіпті де мас емес сияқтымын. Қайта: «Тағы да бірер суаяқ ішсе, артық емес еді», – деп ойлаймын.

Сөйтіп, жер бауырлап жатқанымда, дәл алдыма тісін акситып, кәдімгі қырдың қызыл түлкісі шыға келмесі бар емес пе? Байқаймын, әлгі: «Қалың қалай, маскүнем», – деп мені табалап тұрғандай. Бойымдағы бар қуат-күшімді жинап, түлкінің құйрығынан шап беріп ұстай алдым.

– Әп, бәлем, қолға түстің бе? Мені мазақтайтын қайдан шыққан қыл құйрықсың? Осы сендердің-ақ айдаларың таусылмайды? – деп түлкінің кеңірдегінен сығымдай бастадым.

– Ағатай-ау, мен түлкі емеспін, кәдімгі адаммын ғой. Өзіңнің көршіңмін ғой, – дейді түлкі құйрығын бұлаң-бұлаң еткізіп.

– Сен тоқсан айдалы, сексен сиқырлы түлкінің нағыз өзісің. Жаныңды жаһаннамаға жіберейін, – деп мен одан сайын түлкіні езе түстім.

Ертеңгілік оянып кетсем, бөлменің іші әлі кара көлеңке екен. Басыма диірмендей кара тас іліп қойған ба дерсің. Денемнің ауырмаған жері жоқ, қозғалуға да дәрменім қалмапты. Құлағымға біреулердің күлген дауысы, біреулердің дабыр-дұбыр сөздері естіледі: «Біздің үйге толып кеткен қайдағы адамдар бүл?»- деймін іштей.

Әбден қаталап шөлдеген екем. Ауызым кеуіп, ернім жарыла бастапты. «Қалимажан, бір аяқ су әкелші», – деп қасымдағының бүйірінен бүлкілдете түртіп едім.

– Өзімнің бүйірімнің де ойран-ботқасы шығып жатыр. Тарт колыңды, тұрткілемей, – деп бір еркек арс ете түсті.

Ептеп басымды көтеріп, жан-жағымға қарасам, жатқан жерім»өз үйім, өлең төсегім» емес, «сауықтыру орны» боп шықты. Сасқанымнан не дерімді бідмей, жатқандардан:

– Мені мұнда кім әкелді? – деп сұрасам, аналар:

– Біз мұнда қайдан келгенімізді, қалай келгенімізді өзіміз де білмейміз, – деп ыржың-ыржың етеді.

Бәрін кейін білдім. Мен өлердей мас болған күні көзіме түлкі боп көрінген тоқсанға келіп, тозығы жеткен Тоғызбай

ЖАР ТАҢДАУ

Неге екенін білмеймін, кәмелетке толған күні-ақ үйлі – баранды болып, бала сүйгім келді. Тіпті болашақ жарымның құшағын аңсап, масаңдау күйге түсіп, елтіп, денем бір ысып, бір суып жүре берді. Ойымды итжейделестеріме айтып көргенімде олардың көбісі:

– Қаршадайыңнан қағынып, сенікі не?

– Әуелі, танауыңның дымқылын кептіріп алсаңшы.

– Мамандық алмай, әйел алғаның – өмірден бос қалғаның ғой, – деп тұс-тұсымнан шегірткедей шырылдап қоя берді.

«Үй болмай, күй болмайды, әйел алмаған адамның басында сый болмайды», – деп алған бетімнен қайтпай, қалыңдық таңдаудың қамына кірістім.

Мазасыз махаббат жолына түскен сәтте Райпа деген қызбен танысып үлгердім. Бірде оңтайлы бір сәтте кеудемді кере демалып, көзімді тарс жұмдым да: «Райпа, сенделіп босқа жүргенше екеуіміз қосылайықшы», – деп түйеден түскендей етіп ойымды ақтарып салдым. Айтуын айтсам да өз сөзімнен қысылып тұрғанымда, Райпа екі езуі құлағына ілініп: «Қамкенау, менің де ойым сол. Тезірек қосылайықшы», – деп денесін тал шыбықтай бұралтып, мойныма қос білегін оралтып, құшағыма құлай берді. «Алтын тірегім, алтын діңгегім», – деп ол да, «Құдай қосқан қосағым, саған адал құшағым», – деп мен де, бір-бірімізге үздігіп, үзіліп барамыз. Сол күні, әрі кетсе он күннің шамасында қосылатын болып, серттесіп, қол алыстық.

Үйленудің ешбір қиындығы мен кедергісі кезікпегеніне өлердей қуанып жүргенімде Райпа түйеден түскендей етіп былай деді:

– Қамкен, сөздің қысқасы, айтар ойымның нұсқасы, – маған үйленем десең әке-шешенді тастайсың.

Төбемнен жай түскендей болды. Өзімді арқалап өсірген ата-ананы үй болам деп үйден тырқыратып қуып шығуға ақыл-есі бүтін адамның дәті бара ма? Осы ойымды Райпаға айтқанымда оның бет-ауызы былш етпестен:

– Біз сендей бос белбеу жігітке күйеуге шыға алмаспыз. Әке-шешеннің тізесін құшақтап отыра бер, – деп белін қайқаң еткізіп тартып отырды.

– Райпажан, алысқан қол, берген серт қайда? – деп соңынан қиқу салып ере түсіп едім. Сүйгенім артына жалт бұрылып: «Ол мында», – деп екі саусағының арасынан бас бармағын көрсетті.

Көп ұзамай Таңсық деген қызбен танысып, жаным жай тапқандай еді. Бұрынғы көрген зәбір-жапаларым да ұмытыла бастады. Таңсықты бір күн көрмесем жүре алмайтын дәрежеге жеттім. Бірақ... Таңсық та менің пешенеме сыймады. Ол да арада екі-үш күн өткеннен кейін менің үрім-бұтағымды, зәу-затымды тексере жөнелді. Бұл жолы да мен оған шынымды айттым.

Ертеңіне Таңсық біреу арқылы мынадай қол хат беріп жіберіпті: «Өз қарабасыңа қояр кінәм жоқ. Су әкеліп, от жағатын, өлмелі әке-шешенді бағып, бабын табатын мен емес, Не көп – қыз көп. Қармағыңды алысқа қармап сала білсең, бармағыңа біреу ілігер!»

Үшінші рет Ұрқия деген қызбен танысып, ортақ тілге де келіп қалған сияқты едім. Бірде біздің қасымыздан сыпың етіп бір «Волга» өте шықты. Ұрқия маған ұрлана бір қарады да:

– Мен қорасында «Волгасы» бар жігітке ғана тұрмысқа шығамын, – деді. Қолыма қонғалы отырған бақыт құсынан көз жазып қалмауға тырыстым да, мотоцикльдік ақшам болмаса да: «бізге «Волга» деген түк емес. Ауданда үшінші кезекте тұрмын. Ақшасы әлдеқашан төленген», – дедім жалған сөздің жалынын шығарып.

Байқаймын, осы сәт Ұрқия маған тіпті жабыса түсті. Сөйтті де:

– Қамкен, бірақ мен өлсем, қалада өлем, ауылдық жердің ауасынан менің жүрегім лоқсиды, – деп сазарып тұрып алды.

– Өлсем ауылда өлейін, – деп мен де Ұрқияға бой бермедім. Содан мен Ұрқияны қайтып көре алмадым.

Отыздың омырау ортасына келсем де әлі үйленудің сәті түспей келеді. Жуырда тағы да Мәдина деген қызбен таныстым. Құдай басқа бермесін, оның үй іші неше түрлі адамға лық толы екен. Еңкейген шал-кемпірден еңбектеген балаға дейін – бәрі сол үйде. Шамасы, Мәдина маған лайықты қалыңдық бола қоймас деген тас түйін пікірге келіп, енді онымен кездесуді күрт үзбек ойдамын.

ҚАДІРІ КЕТКЕН КАДРЛАР

Қостанай облысының солтүстік шығысында орналасқан Н... ауданының орталығына тұяғымыздың іліге бергені сол еді, – алдымыздан белін қынай буып, құлақшынын құлақ шекесіне жапсыра салған бір шал аршындай өте берді. Біз аудандық бір мекемеге өкпемізді ұшырып жеткенімізде әлгі қария да ат басын сонда тіреп, дәлізде демалып отыр екен.

– Оу, жол болсын, балалар, – деді қария құлақшынын тізесіне іліп жатып.

Біз онымен сәлемдесіп, – тарамыс қолын алып, сілкіп-сілкіп қойдық.

– Шырақтарым, қызмет бабымен жүрмісіндер, әлде қызмет іздеп келемісіндер? – деді қария бізге барлай қарап.

– Қызмет бабымен жүр едік отағасы...

– Онда сендер жарадыңдар. Ал мен соны қолға түсіре алмай жүрмін. Түнде жаман кемпір екеуіміз ақылдасып «Қызметкер шал», «қызметкер шалдың кемпірі» деген атаққа ие болғымыз келді де бүгін ертелетіп осы шаңыраққа келген бетім, – деп қария сақалын салалы саусақтарымен тарағыштап қойды.

– Қызмет істеп, қоғамға пайда келтіргеннің өзі бір ғанибет қой, талабыңыз Алатаудай, ниетіңіз аппақ қардай екен.

– Өзім де солай ойлаймын.

– Бұрын қандай қызметтерде болып едіңіз, – дейміз қариядан сыр тартып.

– «Үйде өскен бұзау, түзде өгіз болмайды» деген екен аталарымыз. Мен жасымда иім жұмсақтау болып, бесіктен белім шыға «қара жұмысқа» кірісіп кеттім де, қызмет ауылынан қара үзіп алдым. Ал, байқап отырсам қызмет істеуге бәлендей көп оқып, миды ашытып жатудың қажеті де жоқ екен. Бұрын қызметкер көрсем, құдайдың өзін көргендей қысылып, лезде

тақиямның асты терлеп шыға келуші еді, қазір айылымды да жимайтын болдым, – деп қария қолын бір-ақ сілікті.

– Неге олай дедіңіз, ақсақал. Бұрын қызмет істемесеңіз қартайғанда қызметкер болуыңыз қиын ғой.

– Оқасы жоқ. Алпыстан жаңа астық. Кеңседегілерге кеңес айтуға жарармыз.

– Сонда қандай қызмет істегіңіз келеді.

– Маған бәрібір, қарағым. Бұғалтерлік пе, екәнемістік пе, инженерлік пе – әйтеуір біреуін берсе болды.

Қарияның өзіне де, сөзіне де таңдай қақтық. Ішімізден «адам алпысында-ақ миынан азады екен ғой», – деп отырмыз. Осы ойымызды қарияның өзі де сезіп қалды білем, ол тағы сөйлеп кетті:

– Әй, шырақтарым, «мына шалдың миын мүк басуға айналған екен», – деп отырсындар-ау? Күлсеңдер күле тұрындар. Есепшоттың тасын құмалақтай сартылдатып қағып отырғанымды әлі-ақ көрсетермін.

– Ақсақал-ау, бухгалтер болу үшін есеп-қисап жұмысына құландай жүйрік болу керек қой.

– Екі жерде екінің – төрт болатынын кім білмейді. Ар жағын қызмет істей жүріп, толықтыра жатпаймын ба?

– Сіз тіпті есеп қызметін еске алмайсыз ғой.

– Ей, шырақтарым-ай, енді іштегі сырымды шағарасындар-ау тегі. Сендер есеп қызметін дәсердей етіп, аспанға көтере бересіңдер. Ал біздің ауданда бұғалтырлық мамандығы жоқ адамдардың бұғалтыр болып жүргені не сан. Өтірік айтсам – сақалым жұлынсын. Біздің ауданда он бес совхоз бар. Соның бірінде ғана қағазы бар бұғалтыр бар көрінеді. Ал, қалған есеп қызметіндегілерінің көбісінде инестөтет түгілі он жылдық та білімдері жоқ екен. Ал, әлгі екенәміс деген қызметіне бар ғой, тіпті білім керек емес екен. Өтірік айтсам осы отырған орнымнан тұрмай қалайын. Мәселен бас екәнемис Әлкейдің, бас бұғалтер Елтайдың, бас инженер Сопақтың әрқайсысында жеті-ақ класс оқу бар көрінеді. Бұлар осы оқумен бас маман болғанда мен үш кластық біліммен қатардағы есеп қызметкері болмаймын ба? – деп қария бізге көзін ежірейте қарады.

Қарияның сөз астарына түсіне бастаған біз:

– Сонда ауданға оқу бітірген жас мамандардың келмегені ме, қалай? – деп сұрадық.

– Неге келмесін, – деді қария таңқалған пішін білдіріп, былтырдың өзінде инестөтетті жеті бала, текнекөмді отыз бала бітіріп қотанымызға қосылды. Ішінде бұғалтыры да, мал мамандары да бар еді. Соның алды – алты ай, арты екі-үш ай істеп, түрлі себептермен басқа жаққа тартып отырды. Білімі бар жас мамандардың кеткеніне білімі жоқ бас мамандар ішек-сілесі қатқанша күліп қала береді.

Қария осы араға келгенде тізесіне іліп қойған құлақшынын басына киіп алды да орнынан тұрып: «Ал, балалар енді уақытым жоқ, әуелі қызметтің басын қайырып алайын», – деді. Қарияның жүрісі ерекше ширақ, батыл көрінді бізге.

Бейтаныс қарияның: «Осы күні оқу арзандап кеткен бе, әлде қадрдан қадір кеткен бе? – деген сөзі қайта-қайта ойымызға орала берді.

ЖАЗУ КІТАПШАСЫ

Қарабай қырыққа келген қыркылжың адам. Біздің совхозда жарты жылдан бері есеп айырысу столында бухгалтер болып қызмет істейді. Өз басым, осы күнге дейін оның ішкі сырын, жан дүниесін анық ажырата алмай-ақ келемін. Өзі – жүмбақ, сыры – бұлыңғыр адам тәрізді.

...Қарабай жазу кітапшасына үңіліп, ыңылдап отыр. Кейбіреулер оның жазу кітапшасында өзінің шығарған өлеңдері бар дегенді айтып жүрген соң менің қалай да соны оқуға ынта-ықыласым ауды.

Осы мезет бір қызметкеріміз есіктен басын сұғып:

– Қарабай, директор шақырып жатыр, – деді, сол-ақ екен ол қолындағы кітапшасын стол үстіне тастай салды да есі шыға есікке қарай елбектей жөнелді.

Маған керегі де осы. Жалма-жан қолыма кітапшаны алып, бірінші бетінен бастап сыдырта оқуға кірістім...

«Мен бұл күнделігімді «Өмірден түйген-пүйгендерім» деп атаймын. Тақырыбы – Тың. Дәл осындай тақырыппен жазылған ешбір ақын-жазушының шығармасын естіген емен. Кім біледі, ертең алпысқа толып, құрметті пенсияға шыққаннан кейін шабытым шалқып кетсе, осы жазған күнделігімді саралап отырып, «Өмірден түйген-пүйгендер» деген мемуар кітап жазып кетуім мүмкін ғой. Күнделікке жазылмай ұмыт қалған

әсерлер, түйіндер болса, сары қарын кемпірімнен сұрап алармын...

Қыркүйек айының орта кезінде есепшілік қызметке орналастым. Туған жерімде бапты қызмет түгіл, қойманы күзетуге де сенімім калмаған екен. Қоныс аударып, бейтаныс елге келген соң, бір үстел мен жұмсақ орындықты сықырлатып отырмай қазір.

Қызметке орналасуға Жексенбай деген жиеншарым себепші болды. Айналып кетейін, оның шоң май мұрны мен іркілдеген қарынынан.

Кеше қазанның бесі күні бірінші қонақтарды – совхоз директоры мен бас бухгалтерді етжеңді бәйбішелерімен қоса шақырдым.

Директор өркөкірек, тік мінезділеу, айтқанынан қайтпайтын, беті бар жігіт екен. Оның қасында тұрғанда өтірік болса да шиқ-шиқ етіп, демімді алмай күлуге тырысамын. Директорға тіке қарап бір ауыз сөз айтпаймын. «Бұқ» десе бұға қалып, «шық» десе зытып отырамын. Керек болса, алдында еңбектеп те жүремін.

Бас бухгалтер қабағынан қаһары төгілген адам емес, қарны местиген, ұя басқан үйректей үндемей былшиып отыра беретін монтаны кісі көрінеді. Сірә, оның тісі маған бата қоймас деймін. Сонда да пешенесінің бағы артық қой, сыйлай салайын, зияны тимес. Кім біледі, тегершік заман ғой.

Кеңсеміздің басқа қызметкерлерін емірене елпілдеп, төбе-ме көтермек түгіл, оларға оқыра қараймын. Реті келсе, соғып жол үстіне серейтіп кетемін. Аса кішіпейіл болсаң «мынаның иі жұмсақ екен» деп, азулылар мен тістілер желкеңе жайдақ мініп алудан да тайынбайды бұл заманда.

Бірінші қараша. Мен үшін көңілімді құлазытып, ойларымды он саққа бөлеген сәтсіз күн болды. Бөлімшедегі әлгі бір атаңанәлет, шықшық сүйегі шығыңқы, шикіл сары, адырақ көз кілтші нервімді қоздырып, қанымды тасытқаны.

– Бала-шағаға ептеп картоп... қияр...сәбіз де болса... Иә, реті... қалай? – десем:

– Болмайды, – дейді.

– Тауық-пауыққа ептеп жем? – десем.

– Болмайды. Керек болса жаздырып алыңыз, – деп көсеу жұтқандай сіреседі. Шіріген қияр мен тышқан жармалаған жемін аяды ма екен? Әй, ар жағында жұмысқа бір ізбен ба-

рып, үйіне сол ізбен қайтатын, ешкіммен «аралас-құраласы» жоқ, нағыз арам қатқыр, білімсіз адам. Әйтпесе, маған бергеннен совхоз байлығы шөмейіп қалмайды.

Түскі үзілістен кейін директор алара қарап «әй, сені ме» дегендей болды. «Директордың бір нәрсе дәметкені ме екен, әлде әлгі кілтші манағымды айтып қойды ма екен», – деп, жүрегім тастөбеме барып тығылды. Сасқанымнан кешкілік директорға тағы да қонақасы беруге тура келді.

Бір қызығы директор үйге кіре бергенде-ақ әйелімнің түсі бір түрлі сұрлана бастады. «Жарықтықтың» мәймиген ауызында небір қитұрқы сөздер тұнып тұрушы еді, мені қораға шақырып алып:

– Үйде ештеңе жоқ, өзімнің сан етімді пісірем бе? – деп мені жерден алып, жерге салды.

– Куырдақ куырып жібере қой енді, – десем:

– Куырмаймын, өлсең де куырмаймын, – деп әйелім одан сайын өршелене түсті. Кілтшіге манадан бері ыза болып жүрген маған бұл сөз әбден қытығыма тиді.

– Ой...Қысқарт! Әйтпесе, – деп қолымды қалтамнан ала беріп едім.

– Куырайын, куырайын қазір, – деп әйелім шошалаға тұра жүгірді.

Сол күнгі «қылығы үшін» әйелімді директор кеткен соң ескі тулақтай сілікпесін шығардым. Тоқпақтай қарулы қолымды кеңінен сермеп, төбесінен тастап-тастап жібергенімде, басы ісініп, бұрыш-бұрыш боп шыға келді-ау. «Нағыз еркек» әйелді осылай ұстауға тиіс.

Бұған да тоба. Әйтпесе әйеліне бағынып, су әкеліп күл шығарған, қазан-ошакқа араласып, баласының жаялығына дейін жуған ез еркек қаншама.

2-желтоқсан. «Киноға барсақ қайтеді», – деп еді. Бармадым. Кино дегенінді көргім келмейді тіпті. Барсам да мұрыным пысылдап, ұйықтап қаламын.

Радиодан Мұхтардың «Асауға – түсауын» тыңдадым. (Пьесаның атын балам айтты). Пьесаны орысша беріп жатыр екен. Әдеби баға берсем: пьесаның тілі нашар, идея дегені түсініксіз әрі шуы көп. Мұхтар марқұмның тілі жүйрік деуші еді. Шамасы, Шекспир дейтін қазақшаны шикі білетін орыс болып, келістіріп аудара алмаған. Қолынан келмеген соң аудармашы-

ның әуелде жармаспауы керек еді. Пьеса және аударма туралы сынап, газетке көлемді мақала жазбақ ойым бар...»

– Пәлі, бәйгеден келе ме, мынау? – дегенге терезеге жалт қарасам Қарғабай аузы мен қос танауын, «түтіндетіп» барынша есіп келеді екен.

Ол есіктен кірген бетте стол үстіндегі кітапшаға үмтылды: «Біреу оқып қоймады ма екен», – дегендей айнала жалтақтап қарай берді.

Сол сәтте Қарғабайдың қандай адам екенін менен басқа жан адам біле қоймап еді.

ЖАҢАЛЫҚҚА ЖАНҚУМАРЛЫҚ

Менің арманым – бұл жалғанда жарқыратып тұрып жаңалық ашып, баршаның таңдайын қақтыру. Өнерге деген икемім де, талантым да жоқ емес сияқты. Сайтан арбадан басқаның бәрін жасап алу қолымнан келеді. Мәселен, санай беріңіз... Қарындаш арба, кәшөпке (итарба мен итшананы қоспай отырмын) Сосын... не еді тағы? Асыққанда еске түсе қоя ма?

Айтпақшы, үй ішінде сынған аяқ – табақты жамап - жасқап талай рет әйелімнің ыстық ықыласына ие болғам. Бір жігітке осы да аз өнер ме?

Сөзімнің басында бір жаңалық ойлап табу арманым дедім ғой. Енді осы мәселеге тоқталайын. Шынымды айтсам менің арманымның орындалмауына біздің «Сұлутөр» совхозындағы техникалық бюроның төрағасы Әділов сұмырай кінәлі. Дәл маған бар билік берілді бар ғой, шу дегенде оның ішек-қарынын жайратып тастар едім де етін итке жегізіп, сүйегін отқа жағып жіберер едім. Соның кесірінен әкемнің азан айтып қойған Әулік деген ныспым Арызбек болып өзгерді. Сондағы бар жазығым: Әділовтың іштарлығын, сұмпайылығын, аярлығын айтып жоғары жаққа жиырма шақты ғана арыз жазғаным.

Әділов сұмырайға қалай ғана ренжімессің? Тұла бойы тұңғыш еңбегім – қандала мен бүргені аулайтын қақпанның чертежін сызуға миымның тең жартысын тауысып келсем, ол қуанып, мәледес деудің орнына төбе шашы тікірейгенше қарқылдап күлді де:

– Сонда бұл қақпанды адамның жатқан төсегіне құрып қоясың ба? – деді.

– Е, несі бар, – дедім мен жұлып алғандай. –Төсегіңнің ай-наласына құрып қоя саласың да алаңсыз пырылдап ұйықтай бересің. Қақпанның өзі-ақ түні бойы автоматымен сарт-сұрт соғып, қандала мен бүргені қыра береді, қыра береді. Әділов тағы да шегі түйілгенше күліп алды да:

– Әулік-ау, шынында Марстағылар болмаса жердегілер әлі мұндай қақпан жасаған жоқ. Мұның тосын жаңалық екені де рас. Бірақ, мұндай қақпанды құрып, әуреленіп жатқанша бір уыс «дуст» себе қойсаңыз, үйдегі жыбырлақтың бәрі де үрім-бұтағымен әп-сәтте құрып кетпей ме? – деп қарап отыр.

О, оңбаған Әділов! Мәселе дуста емес, техникалық жаңалық ашуда болып отырғанын білмейді, ә?

Арада көп күн өтпей-ақ тағы бір жоспар-чертежімді сызып, техникалық бюроға алып келгенімде:

– Әулікпісің, ал нендей жаңалығың бар, – деп Әділов маңырап қоя берді. Іркілгем жоқ. Чертежімді алдына тастай салдым. «Ал, бәлем, тап енді не екенін. Техникаға жетіксің ғой сен», – деп тұрмын ішімнен.

Ол ойланып көп отырды. Терлеуге айналды. Жақыннан қарады, көзәйнегін киіп алыстан қарады. Ақырында:

– Әулік-ау, мынау неменің ұясы? – деп маған алара қарады.

–Ұяң не-е, сенің. Сауысқан мен қарғаның ұясын суретке салды дейсің бе? Таба алмасаң – айтайын. Бұл моншада адамның арқа кірін езетін аппараттың чертежі.

– Адамның арқасын езетін дейсің бе. Паһ! Паһ!

–Неге пақылдайсың. Моншаға жалғыз барсаң арқанның кірін сайтаныңа ездіресің бе?

Әділов бетіме тесіле бір қарады да:

– Мұның өзі ненің қуатымен жүреді? – деді.

– Күдайдың теп-тегін соляркасымен.

– Түтіні қайда шығады сонда?

– Моншаның ішіне.

– Иіс тиіп, жұрт шетінен қирай құлап қалмай ма?

– Құламайды. Ал, бірен-саран құлайтындар болса сірке қышқылын иіскете қоймайсыз ба?

Әділов тағы да баяғыдай әбден көк ішек болғанша қарқылдап күлді де:

– Әулік-ау, былайша идеяңыз дұрыс. Кім біледі, түбі моншада адам-роботтар көпшілікке мәдени қызмет көрсетуі

мүмкін. Ал сіздің болашақ аппаратыңыздың чертежі өте жабайы екен, – деп қағазымды өзіме қарай ысырды...

Техникалық бюроға үшінші рет келе жатқанымда, жолда Әділовтың өзі кездесті. Салған жерден:

– Егінжайдың қас жауы – сарышұнақты інінен ауаның күшімен суырып алатын сорғы ойлап таптым. Тиімділігі бар ма осының? – дедім. Әлгінің ойламаған жерден:

– Әй, Әулік-ау, сіздің миыңыз су болып, ағып кеткен бе? Әлде жаңалық ашу – сынған аяқ-табақты жамау ғана деп жүрсіз бе? – деп даусын көтергенін қайтерсің.

Менің де ашуым сабасынан асып, талағым тарс айрылып кетті.

– Әй, әкірендеме, бақакөз неме! Құдайдың жердегі өкілі сен бе едің? Жоғарыға арыз жазып, совхоздан қараңды батыртармын.

– Жазсаң, жаза бер арызыңды, – деді Әділов айылын жиымастан.

Міне, мен осыдан кейін өлердей ыза болғанымнан жоғары жаққа Әділовтың сыртынан жиырмадан астам арыз жазуыма тура келді.

Бүгіндері тағы бір жаңалық ойлау үстіндемін. Бұған Әділов сұмырайдың не дейтінін қайдан білейін. Әйтеуір түбінде жарқыратып тұрып бір жаңалық ашып, атақ-даңқымды Алатаудан әрі асырмай қоймамын. Әйтеуір неге екенін білмеймін, жаңалық табуға, ғылымға өз үлесімді қосуға жаным құмар-ақ.

ДОП СЫРЫ

Елубай қарт қорада тұрған ақ бақай торысының күзелген жал-құйрығын көргенде: «лә, илаһе иллалла мухаммедрәрасулалла», – деп жағасын ұстады. Тілін кәлимаға келтіріп болып:

– Кемпір, әй кемпір, мына масқараны қара, – деп айкай салды. Ештемені түсінбеген Ақкемпір:

– Шал-ау, сүбе қабырғаны алып кеткен кешегі күзенді ұстай алдың ба? Кәне, қандай екен? – деп қораға ентелей кіргенде, шалы биенің жалын сипап, жыламсырап тұр екен.

– Кемпір-ау, мына қарашы. Жануардың сағы сынып, жабығып қалыпты. Қайтсын-ай, жал-құйрығы сәні ғой.

– Не болыпты, шал-ау?

– Несін сұрайсың, көрмей тұрмысың... Сайтан ба, жын ба, адамның албастысы ма, әйтеуір, жануардың жал-құйрығын кескілеп, алым-жұлымын шығарыпты. Малдың кепіеті соққыр, кімнің ғана қолы барды екен? – дейді Елекең ақ бақайының төбелінен сипап.

– Кім болушы еді? – Анау Бәдәуи шалдың опырық кемпірі кілемнің бодамасына қыл-қыбыр керек еді деп жүрген. Сол кесіп әкеткен шығар...

Ертеңіне бесін кезінде Елекең кемпірімен аула ішінде отыр еді. Жақында Алматыдан келген немересі үйден доп құсаған бірдемені теуіп, жүгіре шықты.

– Әкел, Юрик! Бермесен – қазір убить етем, – деп қыздары Мінәуара баласын өкшелете қуып келеді.

Юрик жалма-жан допты қолына алып, жүгірген бойда ата-сына келіп тығылып:

– Дядя,- ата, вот это спрячь, – деді.

– Қарағым-ау, мынауың не өзі? – деді.

Елекең қарт әлгі допты ұстап көріп, не күлерін, не ашуланарын білмей қалды. Өзінің кәдімгі ақ бақай торысының жалынан істеген доп. Іші сырты елуден астам түрлі шаш түйреуішке толы.

– Әй, тентек, сен бе едің бүлдіріп жүрген. Мына түйреуіштер кіріп кетпесін, байқа, – деп Елекең мен кемпірі бір-біріне мұңая қарасты.

– Әке, ол менікі. Маған керек. Кеше әдейі қорадағы аттың ұзын шашын қырқып алдым. Аттың шашы басты әдемі доп сияқты көрсетеді, – деді қыздары Мінәуара қызараңдап.

«Тфэ, тфэ, тіл аузым тасқа», – деді Елекеңнің кемпірі. Кешегі айтқан қарғыс сөздері есіне түсіп жаны түршігіп кетті.

– Ойбай-ау, бүлдіріп жүрген сен бе едің. Жылқыда шаш болмайды, мынауың жылқының жал-құйрығы ғой. Әй, шырағым-ай, о заман да бұ заман малдың жал-құйрығын доп қып басына түйгенді сенен көрдік.

– Мамашка, мода солай, мода, – деді Мінәуара сылқ-сылқ күліп, – жылқының шашы тағы да шығады ғой.

– Е, раббым, бергеніңе шүкір, – деп Елекең орнынан тұра беріп:

– Кемпір, Мәскеудегі балаға да жал-құйрықтан алып қойсақ қайтеді. Ол да оқу өткен бала ғой, – деп теріс бұрылып, бірденелерді күбірлеп айтып бара жатты.

КҮПӘШТІҢ ҮӘДЕСІ

Шілікті деген шағын ауылда адуын мінез, алып қашпа сөзден алдына жан салмайтын Күпәш деген «жүйрік» жеңгей бар. Ал Күпекен ас әзірлеуге келгенде бәйгенің алдын емес, соңын бермейді. Оған, әсіресе түскі асты мезгілінде әзірлеу бір «киямет»: дәл тамақ пісірер кезде газы түскірі таусылып қалады, дүкенге барса онда кезек көп болады, ал кейде дүкенші дүкенін ашпай қояды... Күпәш үшін таң атты дегенше, күн батады да, тіпті сүт пісіруге де уақыт жетпей қалады. Ол күнде осындай «дәлелдердің» сан түрін жиып-теріп, түскі тамаққа келген күйеуі Ержанның алдына жайып салып, аузын қу шөппен сүртіп отырғаны.

Ержан байғұста артық сөз болмайды, «Күпәшжан, түсінем сені, жарайды, бір қайнауы ішінде болса да әжелші бері», – деп құрғақ қасықты тістелеп, мұрнын шуылдатады. «Ойбай-ау, ішің кеуіп, бәле болар, сәл шыда, міне, қазір-ақ...» – деп Күпәш та жан таласқа түсіп, тамақты күйдіріп, жандыра бастайды. Қаңтарылып отырған күйеуіне жаны ашығансып: «Ертең бе, ертең ертемен-ақ кірісермін-ау», – деп өзіне – өзі серт береді.

...Күпәш бүгін де түскі астың қамына ерте кірісті. Кастрөлге толтыра су құйып, газға қойғанда үйінде бір түйір тұздың жоқтығы есіне түсті де, Қатира деген көрші келіншектің үйіне тұра жүгірді.

Күпәш Қатираның үйіне тұз шаруасымен ғана келсе де, кетуге асықпады, терезеге қарама-қарсы отыра қалған Күпекен тұзды жайына қалдырып, Қатираны әңгімеге тарта бастады.

– Қатира-ау, осы күнгі жастарда бір шөкім ұят жоқ – Ол Сақыпжамалдың мезгілінен бір аптадай бұрын босанғанына, сөйте тұрып егіз бала тапқанына күйіп-пісті.

Көшеде кетіп бара жатқан Қартабай деген қарияны көріп: «Осы шал жасында әйелдерді жиі ауыстырыпты ғой», – деді. Терезе алдынан Жұмакүл кемпір өтіп бара жатыр еді: «Өй, осыны жұтпаған жасағанның жұтқыншағы жоқ шығар, мені «үйін, бала шағасын ойламайтын, көбік ауыз деп өсектейтін көрінеді, өлексе неме», – деді.

Бұдан кейін Күпәш Жұмакүл әжейдің жастық шағында жеңілтек болғаны туралы жарты сағаттай құпия сыр шертті.

Терезеден сатушы Айсұлуды көре қалып: «Бұл да құтырды. Жақында дүкенге жібі түзу бір пәлте келген екен, «Екі сомын ала тұр, жүз сомын кейін беремін», – десем, «Бұл қай мазағың?» – деп ісінеді. Қатира-ау, сен мұның сырын білмейсің ғой».

Күпәш Айсұлу туралы «хикаяны» да сағаттан асырып, енді кімге тиісетінін білмей дал болып отырғанда, күйеуі Ержанның түскі тамаққа келе жатқанын байқады. Байқады да: «Ойбай-ау, түс болып қалып па еді, Қатира-ау, сен неге маған ескертпегенсің», – деп үйіне қарай ата жөнелді. Тұз сұрау қаперіне де оралған жоқ.

– Әй, Күпәш-ай, босқа кеткен асыл уақыт-ай, – деп Қатира Күпәштің артынан еріксіз жымыды.

Бұл кезде бес жасар Берік пен үш жасар Серік газға қойған кастрөлді далаға алып шығып, доп қылып қуалап жүр еді.

Күпәш күйеуі есіктен кіре бергенде-ақ «Ержан-ау, мына балалардың лаңынан бүгін тағы да тамақ әзірлегем жоқ. Қатираның үйіне кіріп қана шыққанымша анау екі түйнек келгірлер кастрөлдегі дайын тамақты төгіп тастапты. Ертең бе, ертең Ержантай түскі тамақты дәл он екіде-ақ дайын қылмасам Күпәш атым өшсін», – деп күйеуіне мұңая қарады.

СЫБЫР

Өз басым сыбыр дегенді көң арасында жүретін қоңыздан бетер жек көремін. Ал, біреулер жазатайым сыбырласа қалса, қарныма қара қанжар жанығандай тұла бойым мұздап, қырық қасқырдың ортасына түсіп таланатындай үрейлене бастаймын.

Сөйтіп жүрген мен байғұс жуырда өзімнің ауызымнан бірер сыбырдың қалай шығып кеткенін сезбей де қалдым. Оқиға былай болды.

Кешкілік тамақтана қояйын деп, қаладағы бір ресторанға келе қалсам, есік алдында меймандарды күтіп алатын әйел кеудесімен көк тіреп тұрғандай бұлданып: «Орын жоқ», – деп күркетауықтай күжірейеді. Міне, нерв дегендерің осындайда қашаған жылқыдай тізгін ұстатпай, айдалаға безіп кетеді.

Ыза болғаным соншалық, басымды шұғыл изеп қап, «бері кел» дегендей, әлгі әйелге зілді ишарат білдірдім. Жаңа ғана

«жөк,жөк», – деп айбар шегіп тұрған дәліз иесі лезде қалқан-дай құлағын ауызыма тақап тоса қойды. Байқаймын, неше түрлі сойқан сыбырды ести-ести әбден маманданып алған қу құлақ тәрізді. Осы сәт есік алдында ішке кіре алмай кіжініп, кісімсініп тұрған адамдардан да қысылмастан ауызыма тақалған құлаққа бір сыбырды айттым да салдым. Сол-ақ екен әлгі әйел:

– Е, кіріңіз, кіріңіз! Астанадан келген құдайы қонақтарды отырғызбаған орындарға ат байлаймыз ба? – деп ақ көбелек боп ұшып, көк көбелек боп қона бастады.

Ішке кіріп, пальтомды киім ілгішке тапсырғанымша бір даяшы жетіп келіп: «Жүріңіз, жүріңіз!» – деп ертіп алды да, дедектетіп әкеп оңашалау жерде бос тұрған жеке столға жайғастырды. Біреуі дастарқан жайып, барлық мезіретін жасап, апың-күпің болды да қалды. Қалаған тамақтарымды көзді ашып-жұмғанша алдыма жеткізді

Пай-пай, сыбырдың күші-ай! Жайшылықта айқайламақ түгіл бақандай бір сағат жалынғанымда «сабыр-сабыр» деп дымымды талай құртқан даяшылар ғой. Қазір бұларды танып болар емес. Осы арада мен сыбырдың күш-қуатын да, қадір-қасиетін де алғаш рет сезіндім-ау деймін. Енді өмірбақи сыбырласып қана сөйлескім келетін сияқты.

Сөйтіп, еркін жеп, көпірте ішіп отырып, есік жаққа қарасам, манағы күркетауықтай күжірейген әйел тағы бір еркекпен сыбырласып тұр екен. Қорыққанымнан жүрегім жарыла жаздады. «Бұлар менің документімді тексерейін деп жатқан жоқ па екен, құдай-ау, бұл сыбыры түскірді қайдан ғана айттып едім», – деп отырған жерімнен түрегеп қашқым да келді. Бірақ «шешінген судан тайынбас» дегендей, оған еркектік намысым жібермеді. Сөйткенше болған жоқ, әлгіні де менің столыма дедектетіп алып келгенде: «Ағасы, тамақ ішіп қана шығу үшін әзілдеп айта салғаным еді», – деп жан сырымды айрандай ақтарып ала жаздадым. Әйтеуір, абырой болғанда бұл жолы да өзімді өзім әрең ұстап қалдым.

– Бүгін біздің қонақтарымыз өңкей ығай мен сығай болды-ау. Мына кісі сіздің москвалық әріптесіңіз «Крокодилден» көрінеді. Өзіңіз сияқты самолеттен жаңа ғана түскен екен, – деп келген кісіні даяшы әйел маған таныстырып жатыр.

Анау да жүзіктің көзінен салт атпен өткен адам екен. Іші-бауырымнан өтіп, асты-үстіме түсіп, елпілдеп барады.

Даяшылар кейіннен келген мәскеулік жолдасты менен бетер құрметтеп жатыр. Әріптесім енді сөзді мүлде доғарып, алдына келген тамаққа қырғидай тиісті. Сонда барып қана манағы үрейім тарап, алдымдағы асқа қол сала бастадым.

«Осы арадан енді тезірек жоғалайын», – деп кетуге ыңғайлана бергенімде, жасы елулер шамасындағы бір еркек кісі келіп бізге жылы шырай бере амандасып, өзін «ресторан директорымын» деп таныстырды. Осы мезет тағы да қасқыр көрген қояндай болып, жаным алқымыма тығылып, енді құрыдым ғой деп ойладым.

– Сіздер менің кабинетіме жүріңіздер. Мына у-шудың ортасында мазаларыңыз кетеді ғой, – дегенде, есімді жинап:

– Рахмет, рахмет. Біз болып та қалдық. Енді кететін шығармыз, – дедім оған кішшейілділік танытып.

– Жо-жоқ. Бұл жерде отыру сіздерге жараспайды. Айында жылында бір келген қонақтарды босағадан аттандыра алмаспыз, жүріңіздер! – деп директор қолтығымызға жармасты.

– Рахмет, отағасы. Біз үнемі халықпен бірге болуды ұнатамыз. Солай емес пе? – дедім әріптесіме бұрылып.

– Солайы, солай ғой, – деді асқан бір ұстамдылықпен, – бірақ біздің шаңырақ иесіне бағынбағанымыз этиканың қағидаларына келіңкіремейтін сияқты.

– Әрине, әрине. «Қонақ келсе үй иесі ұялады» емес пе, – деді директор.

– Онда , сіздер жеңдіңіздер, – деп мен орнымнан амалсыз тұра бастадым.

... Ішіп, жеп отырмыз. Бір кезде москвалық әріптесім жеуді іркіп, бірыңғай ішуге кірісті. Одан мен де қалысып жатқаным жоқ. Алдыма келген сұйық атаулыны қағып салып қарап отырамын. Әрі-беріден соң, қыза-қыза келе халықаралық жағдай туралы пікір алыса бастадық. Москвалық қонақ Таяу Шығыстағы елдердің тарихын қолымен жасағандай айтады. Анау-мынау лектордан кем емес. Мен де осал еместігімді білдірейін деп араб елдеріндегі қазіргі прогрестік бағыттарға тоқтала келіп, тіпті, ол жақтың шалдары күніне алты рет намаз оқып, босқа тірі әуреге түсетініне дейін әдемілеп баяндап шықтым.

Ресторан директоры екі ғұламаны тыңдап отырған момын шәкірт тақылеттес. Өмірі газет оқып, лекция тыңдамаған жан-

дай, біз сөйлеп кеткенде аузын ашып, көзін жұмып, таңдайын қағады.

– Сіздердің жұмыстарыңыз жақсы, – деді шаңырақ иесінің тілі күрмеліп, кемшілік атаулыны жіпке тізіп, жұрт алдына алып шығасыздар.

– Әрине, әрине, – деді москвалық әріптесім, – талай бастықтың басын кемірдік қой. Оның отыз бірі директор, қырық бірі бухгалтер.

– Пай, пай. Оның ішінде менің әріптестерім де бар шығар, – деді ресторан директоры.

– Әзірге әріптестеріңіздің сегізін сергелдең еттім. Ресторан директоры орнынан қозғалақтап кетті. Оған жаңағы сөздің онша жаға қоймағанын сезген мен:

– Өзіміз ресторан директорының жиырма шақтысының қалпағын теріс айналдырып, – деп келе жаттым да шаңырақ иесінің мысық көрген тышқандай кейпін көріп, – иә, бірақ... сіз сияқты қонақжай, саки адамдарда алты аласы, бес бересіміз болмайды біздің, – деп директордың арқасынан қағып-қағып жіберіп едім, анау алақанына алтын түскендей қуанды.

Түн ортасы болды. Біз енді есеп айырысуға айналғанда, шаңырақ иесі мен даяшылар шыр-шыр етіп, безектеп қоя берді. Айтатындары:

– Біз сіздерден ақша алып, қарабет боларымыз жоқ.

– Жоқ, жоқ болмайды. Тегін тамақ ішіп, біз де қарабет бола алмаймыз, – деп қалтама қол сала бастадым.

– Әріптесіп дұрыс айтады, – деп москвалық жолдас та қолын қалтасына апара берді.

– Алмаймыз деген соң, алмаймыз, – деді ресторандықтар хорда тұрғандай бір дауыспен.

Амал жоқ, біз есеп айырыспай, сыртқа қарай беттедік. Ресторандықтар бізді біраз жерге дейін шығарып салды. Былай шыға бере москвалық әріптесімнен:

– Сіз енді қайда барасыз? – деп едім. Ол іркілместен:

– Ішерін ішіп, жерін жеп алған адам өз үйіне барады-дағы, – деп қарқ-қарқ күліп, зытып отырды.

«Үйдегі бала-шағама тезірек жетейінші!» – деп мен де автобус аялдмасына қарай тездете жүріп кеттім.

Міне кішкентай ғана сыбырдың күшіне енді көздеріңіз анық жеткен болар, құрметті оқырман. Жасасын, сыбыр!

ЕМДЕЛМЕСЕМ БОЛМАС

Бұл жарықтық жалғанның жарығында тозбайтын зат, жыртылмайтын киім болмайды ғой. Ол түгіл кәзір ертеректе ел ауызына кең тараған кейбір мақал-мәтелдердің көйлегі жыртылып, кебісі тозды. Мәселен, «Ер қанаты – ат» деген аталар сөзі «ер қанаты – машина» боп қызылды-жасылды темірден сауыт киіп шыға келді. Осы мақал үйден – үйге, ауыздан – ауызға ілігіп әбден кезбе болғанда маған да жетті. Сөйтіп, мен де бір жеңіл машина алсам деген қиялға баттым.

Ақыры, жылдар бойы тапқан-таянғанымды тырнақтап жинап жүріп бір «Запорожецті» қолыма түсірдім-ау. Бірақ «қайда барса да Қорқыттың көрі» дегендей, мен бәрібір ажалымнан бұрын өлетін болдым. Жүйке дегеннен ештеңе қалып жарымады.

Алғашқы қиналысым машинаны алатын күннен басталды. Көлігімді платформадан түсіріп, о жер, бұ жерін қыз бұрымынан бетер сылап-сипап тұрғанымда Қадақбай жетіп келді.

– Машинаңның бояуы берік болсын, қалған ғұмырыңа серік болсын, қосағың қос ұлға жерік болсын, ауми-ин! – деп бетін бір сипап арқамнан қағып-қағып жіберді.

– Рахмет, айтқаның келсін. Өзің жатқан батагөй екенсің ғой, – деп машинама от алдыра бастап едім, Қадақбай иығымнан тартып:

– Рахмет дегенің біздің ауылдағы шоңқайыма бел шалдың азан шақырып қойған аты. Оның сүйегін сырқыратпай қоя тұр. Бата берген адамның ауызын селеу шөппен сүртуге болмайды.

– Қадақбай-ау, дәл қазір не істейін? Кешке үйге кел. Ауызыңды шөппен емес, коньякпен шайып берейін.

– Кештік ғұмырым бар ма, жоқ па білмеймін, әзірге маған мынау ләпкеден бір стакан қызыл құйдырып берсең ризамын. Әйтпесе Қадақбай батасының берекесі болмайды.

– Қадеке-ау, кешке дейін шыдасаңшы! Асығыс екенімді көріп тұрсың ғой.

– Онда теріс бата берем, – деп Қадақбай қолын теріс қаратып жая бастады.

Шошып кеттім. «Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді» деген емес пе? Оның үстіне бір стакан қызылға бола

кызыл май боп ұрсысып қалармыз деп, амал жоқ, Қадақбайға керегін алып беріп құтылдым.

Жолдан үйге келе жатып бір дүкенге соғып, енді орнымнан қозғала бергенімде, Қарсақбай мен інісі руліме жармасып:

– Көлігің қаздай қалқысын, көңілің жаздай шалқысын! – деді.

– Рахмет, рахмет, жігіттер.

– Рахметті қоя тұр. Екеуара бір шөлмекпен машинаның шаңын жуып тастайық. Кәнекей, дүкен дегенің мынау тұр. Бол,бол!...

– Жігіттер, қалтамды жаңа ғана Қадақбайға қағып бердім. Кешке үйге келесіңдер ғой. Әзірге шыдай тұрғайсыңдар.

– Әнекей, машина алғандар әуелі арыстанша ақырып, артынан тышқанша жорғалап кетеді.

– Шықбермес Шығайбай болмаса, машина ала ма? – Екеуі де одан әрі бір ауыз сөзге келместен тартып отырды. Анадай жерге барғанда Қарсақбай артына бұрылып: «Рулің донғалағыңа жабыссын!» – деді. Жардан құлап бара жатқандай жүрегім зырқ ете қалды, төбе құйқам қырықтық басқандай шымырлап қоя берді.

Кешкілік машинамың бояуы берік болсын айтуға біраз адам жиналды. Әрқайсысы әр түрлі пікір, тілек айтып жатыр:

– Әйтеуір, машинаңның игілігін көр, – дейді біреуі.

– Қағылмай-соғылмай жүрсең жарар еді, – дейді екіншісі.

– Осы жұрт ақшаны қайдан алады? – деп үшіншісі күдікті пікір білдіреді.

– Әке қолы жетпегенді бала қолы ұстаған заман ғой, – деп төртінші төбесін сипайды.

– Ара-арасында баратын жерімізге жеткізіп саларсың, – деп бесіншісі күні бұрын құрық салып, міндет артып қояды.

Міне, осы соңғы сөз менің күллі жүйкемді жүнше түтті. Ертеңгілік біреу түн ортасында терезені қағып шыдатпай барды. Есік ашсам, Тасқара деген шал екен.

– Көпейжан-ау, бір жұрағатымыз бар еді. Сол қысылып жатыр екен. Барып келе қояйықшы... Өліп кетсе тілдесе де алмай қалармын, – деп қария көлдей орамалмен көзін сүртті.

– Қанша жер?

– Алыс емес, елу шақырымның о жақ, бұ жағы.

– Таңертең жұмысқа жете алмай қаламын ғой.

– Тәйірі-ай, жұмыс деген не? Көп болса екі-үш сағат кешігерсің. Менің туысым күнде өле берер деймісің. Сенің машинаң тұрғанда, сақалымды желпілдетіп сонау ит өлген жерге жаяу салпақтап барамын ба?

Мен ешуақытта кісі көңілін қалдырып көрген жан емеспін. Әрі қарияның мына сөздері жанымды елжіретіп жіберді де баруға келістім.

Сол күні жұмысқа үш сағаттай кешігіп келіп, ғұмырымда бірінші рет бастығымнан ескерту алдым.

Ойламаған жерден ескерту алғанымна ренжіп жұмыстан кейін үйде басым салбырап отыр еді, Сәпен деген шал кіріп келіп, қолындағы қағазын маған ұстата беріп:

– Көпейжан-ау, мынау телекірәм. Тойбек деген туған жиеніміз қайтыс болыпты. Соған апарып тастай ғой.

– Қанша жер?

– Машинаға жер мойыны қашық па? Жүз елудің о жақ, бұ жағы. Көп болса бір түн ұйқыңнан қаларсың?

– Ақсақал-ау, кеше де ұйықтаған жоқпын. Тасекенді апарып едім.

– Е, таз Тасқараны өлмеген адамға апарғанда, мені өлген адамға апармайсың ба? Әлде менің батам бата емес пе?

Шынында, өлім деген суық сөздің жолы тастай ауыр нәрсе ғой. Көп тұрмай тартып кеттік. Жолда келе жатып шал: «Көпейжан, қазір прогөлдiң заманы жоқ, көп болса жұмыстан бірер күн кешігерсің. Оның есесіне атаңның батасын аласың», – деді.

Қайтып келе жатқанымда, екі бірдей доңғалағым жарылып жолда азапқа түсіп, таң атқанша сілейіп тұрдым. Жұмысқа кешке қарай ғана келіп, бастықтан тағы бір сөгіс алып, үйге оралдым.

Бара-бара мұндай сөгістер тіпті жиілеп кетті. Сонда да жұрт көңілін кимай, жүр деген жағына бұйдалы тайлақтай еріп кете беремін. Осы мінезімді біліп алған жерлестеріміз менің иығыма әбден мініп алған. Біреуі келіп, «Қарталыға апар», енді біреуі келіп «Қарағандыға жеткіз», тіпті біреуі «Владивостоктағы балама апарып кел» деп үйден шықпай, табанын тіреп отырып алады.

Бастығым қашанғы төзсін? «Сендей «қыдырымпаз» жігіттердің құны бір-ақ тиын», – деп бір күні кеңседен жалаң аяқ, жалаң бас тырқыратып куды да шықты.

Мен сонда да жұрт көңілін қалдырғым келмейді. Сол үшін басқа жерлерде де көп тұрақтап, қызмет істей алмадым. Ал, жұрт болса: «Осы Көпей машина алғалы бір жерде байыз тауып жұмыс істемей жүр», – деп өзімді кекететінді шығарды.

Машина алғалы әйеліме де әбден сенімім кетті. «Сенің бір арамдығың бар. Жұрттың жұмсағанына әдейі барасың. Машинам сынды деп шылғи өтірік айтуға бетің былш етпейді екен», – дейді.

...Сонымен, қазір машинам көзіме кейде электровоз, кейде мотоцикл боп көрінетін болды. Ал, кейде әйелімнің басы екеу, тіпті үшеу боп елестейді. Күндіз түнде, түнде күндіз жүргендей сезінемін. Белгісіз бір ауруға шалдықсам керек. Бәрі құрысын, машинаны гаражға қойып, тезірек емделмесем болмас.

КІМ КІНӘЛІ?

Көз. Па-а, шіркін. Биыл совхоздың қырманы қандай кең, қызылы қалай көп еді? Бәтір, әр дәннің үлкендігі бөдененің жұмыртқасындай бар-ау, тегі.

Ми. Ей, қызықпасақ қызығар көрсе қызарым-ай, айналанды сарыбылшық басып тұрса да, қиядағыны қырандай байқап қаласың-ау.

Көз. «Көрген көзде жазық жоқ» дегенді білмейсің бе? Түлкі жонданып жатқан дән жоталарын шалғайдан шалып тұрғанымыз жоқ, таяқ тастам жерден көріп тұрмыз.

Ми. Сөздеріңнің жаны бар. Бұл жалғанда айналасын екі елі ақшел қаптаған сен болмасаң қиын-ақ қой, қиын-ақ.

Жүрек. (Ми мен Көзге). Әй, зэнталақ келгірлер, тағы не деп жең ұшынан жалғаса қалдыңдар? Өмір бойы сендердің пыш-пыштарыңнан-ақ, өлетін болдық-ау!

Көз. (Жүрекке). Сен сияқты көрде жатқан көр тышқан емеспіз. Біз дегенің көретінімізді көріп алып көрге түсеміз. Тықылдамай жайыңа жат.

Жүрек. Мен кеуде ішінде түк көрмей бүлкілдеп жатсам да, бір сұмдықтың болатынын күні бұрын сеземін.

Ми. (қатуланып). Жүрек жолдас, бақсы-бәлгерлігің ұстамай-ақ қойсын. Қазір мен «Бұл бидайды міндетті түрде ұрлау керек!» – деген бұйрық берем...

Көз. Бәсе, солай болар. Мұндай алтындай асыл дүниеден күр қалуға болмайды.

Кол. (бір ауыздан). Асыл затты дәл қазір біздің де ұстап көргіміз келеді. Түбінде қапқа салатын да біз ғой.

Аяқ. Қол ағайындар дұрыс айтады. «Танымас жердің ой-шұңқыры көп болады» деген емес пе? Жер жағдайын күні бұрын мұқияттап біліп алғанымыз мақұл.

Ми. Өзім аяқ пен қолға ризамын. Нендей қиын істерден тайынбайды бұлар. Ал, анау антұрған жүрек деген жұдырықтай болып алып, күні бұрын сезбейтін, білмейтін пәлесі жоқ. Күн ашықта қара бұлттан қара тасты жаудырып тұрады.

Өкпе. (мидың сөзін жақтырмайды). Жүрек көршімнің сезімі алдамайды. Сен жан алқымға келген кезде: «Ал, қашайық» – деп бұйрық бересің де, өзін іріген сүттей боп сауытыңның ішіне бұғып жата қоясың. Өткендегі бір түнгі жорыққа жүрек екеуіміз қысылғанымыздан кеуде сүйегін қақ айырып, сыртқа шығып кете жаздадық емес пе?

Ми (өкпеге қатуланып). Доғар, былшыл сөзді, кепкен бүйендей ісінбей! «Ұрлық түбі-байлық» деген жаңа мәтелдің авторы мына – мен. Сондықтан ұрлайтын бидайымызды алдымен көріп келуді бұйырамын.

Аяқ. Құп, ми жолдас, аттанайық!

Көз. Бидайдың іргесіне келіп те қалдық.

Ми. (оң қолға). Алдымен сен көрмейтін бе едің?..

Оң қол. Пах, пах! Бидайдың ірілігі жүгерідей екен. Өзі құп-құрғақ.

Тіс. Сен өйтіп ділмарсыма?! Құрғақ екендігін мына мен білемін. Әкел, бері карай.

Оң қол. Мә, мынау бір уыс бидайды байқап жібер.

Тіс. Ылғалдылығы 12,5 процент шамасында. Тура диірменге сұранып тұр.

Тіл. Дәмі де жаман емес. Нағыз таба нанның қолы. Мұрын. Па, шіркін ісі қандай еді.

Ми. «Оңда, кеттік. Ымырт үйіріле келеміз. Он-он бес қапшығын түсіріп алуды бұйырамын...

Көз (екеуі бірдей). Пәлі! Қамбаның іші жаңа астықпен жайнап кетті-ау. Бірақ он бес қап тым аз. Қырман көтерілгенше қимылдай берсе – артық емес... Биылғы күзетің – баланың ойыншығы. Күзетші дегенді мылтығыңмен түртіп оята алмайсың.

Ми. Бидай жақсы болса, не іркіліс бар. Түн ұйқысын төрт бөле тұрамыз да. Ең болмаса, бүгін бір-екі қатынап алайық.

Көз. Ми дұрыс айтады. Байлық бас жармайды.

Жүрек. (көздерге). Сендер Абайдың «Ескендір» поэмасын кемінде он рет оқып шығып едіңдер ғой, қанағатсыздықтың немен бітетінін де білгендей едіңдер, бірақ бүгін бұдан үш жыл бұрын көрсе қызығарлықтан көрген кесепатты тағы да ұмытайын деген екенсіңдер.

Көз. Жазылмас жара, ұмытылмас қайғы жоқ.

Ми. Жүрек жолдас, ін түбінде жатып күңкілдеуді қашан қоясың? Бір күн сыртта жүрсен: «Алтын көрсе періште де жолдан таяды», – деген ғақлия сөздің растығына иланар едің.

Иық. Осы ұрлық біздің түбімізге де әбден жетті. Қызыл шақа болдық.

Арқа. Иықтардың зарына мен де қосыламын. Бүйте берсе, құныс болу қиын емес.

Ми (Иық пен Арқаға). Айналайындар, сәл шыдаңдар, нақа болмаса, ауылдағы шүйке бас дәрігер қызға барып қарала қоярмыз. Жаз қамданып қалсақ, қыс малданып жатамыз ғой.

Көз (Миға). Ми-еке, осы төменгі беттегі бәтуасыздардың мылжыңын тындағанша: «Кеттік, қырманға!» – деген бұйрығыңызды беріп тастасаңызшы. Қараңғы түсіп келеді...

Ми. Онда тартттық қырманға қарай...

Көз. Тс-с... Қырман басында қозғалыс бар сияқты...

Ми. Дәйім бұл кезде өлі тыныштық болатын. Қорыққанға қос көрінетін әдеті емес пе? Мұндайда «көз – қорқақ», қол – батыр», әйда, кеттік!

Аяқ. Онда тезірек жүрейік.

Көз. Қырманның ауыл жақ сыртынан кіріп келеміз.

Ми. Ал енді қимылдаңдар.

Көз. Шамамыздан келгенше көсілтіп жатырмыз.

Арқа. (мұңды пішінде). Бүгін шамалағайсындар, ағайындар.

Иық (ызаланып). Жанымызға батса қапты сілкіп тастаймыз.

Ескертпеді демендер.

Көз. (Қолдарға). Бұл екі сүмелектің айтқанына пысқырмандар. Әдейі келген соң неғұрлым көбірек қымқырғанға ештеңе жетпейді. Аянбандар. Ойбай... бір нәрсе қараңдап бері қарай жақындап келе жатқан сияқтанды...

Ми. Қапқа түскені де жетер. Онда тезірек кетелік.

Құлақ. (екеуі бірдей). Оң бүйірден біреудің «әне, әне» деген үні естіледі.

Ми. (Көздерге). Сендер бадырайып, не бітіріп тұрғаныңдар, әй! Бірдеңенің бірдеңе дегені естілетін сияқты, енді қайттік?

Көз. (қысылып). Бақырая-бақырая алдымыз жасаурап кетті. Тастай қараңғыда ештеңе көріп болар емес.

Ми. Кеттік алға.

Оң нық. Мұншама жанталасып қайда барасыңдар? Езіліп-барамын.

Арқа. (Қолдарға). Оңбай кеткірлер, аямай-ақ салған-ақ екенсіңдер. Үйге жеткенше неміз қалады?

Қол. Кінәлі біз емес. «Аянбандар» деген жалмауыз көздер болатын.

Көз. Кінәлі біз емес. Біз Мидың бұйрығын орындадық.

Құлақ. «Арқалағаны бір қап, істейтіні күнде осы. Ұсталмай қайда қашып құтылар дейсің», – деген дауыс естіледі.

Ми. Ендеше тастандар қапты. Алдымен өзіміз құтылып алайық. Айналайын аяқтар, енді тура үйге қарай еңіретіндер...

Аяқ. Ал кеп, боздаттық. Бірақ жүгіруге тым қолайсыз жер екен.

Көз. Екі адам соңымыздан құстай ұшып келеді. Қолдарында қол шамдары бар... Ойбай... құрыдық. Біреуінің қалпағы қызыл. Ішкі істер бөлімінен екендігіне дау жоқ...

Ми. Милиция десенші... Ағайындар қаттырақ, қаттырақ...
Көз. Мына екеу қоятын емес, келіп қалды.

Жүрек. Мен бұдан артыққа шыдар емеспін. Өзімнің де инфарктым бар еді. Мен үшін минутына 200 рет соғу – көрге түсу деген сөз.

Өкпе. Бұдан арғыға менде де дәрмен жоқ. Қабынбай тұрғанда тоқтап, қолға түскеннен артығы жоқ, бәрібір ұсталамыз. Ах...h

Ми. Сандалмаңдар, әй. Қолға түссек, бәріміз де оңбаймыз.
Көз. Қуғыншылар қол ұстам жердей-ақ қалды-ау...

Жүрек. Көз бен Ми тұрған жерде бізге ешқандай жақсылық болмас.

Ми. Көрмегенді көретін де, қызықпайтынға қызығатын да көз.

Көз.(миға) Шатылма, «ұрлық түбі – байлық –» деген мәтелдің авторы сен.

Ми. Бұл ұрлықта Аяқтың да үлесі аз емес. Түнгі жортуыл десе, жортып кетуге дайын тұрады.

Аяқ. Қырманға – баруын мен барсам да, бидайды қапқа көсілте салған қолдар ғой.

Қол. (екеуі бірдей). Біздің екеумізді де тегеурінді қолдар ұстап алды...

Ми. Енді құрыдық де. Енді қарсыласудың реті жоқ... Арқа. Ойбай-ау, бүгінгі төсек тым қатты ғой. Тақтай ма, цемент пе?

Көз. Осыдан үш жыл бұрынғы жатқан жерің ғой.

Арқа. Бәсе, өзім де сезіп едім. «Ұрлық түбі – қорлық» деген осы да. Тағы бір екі жыл сорлы Жамбас пен Жауырын жауыр болатын болды ғой.

ҚАРА «ВОЛГА»

Ауылымызда абырой-беделден жұрдай, жүргені- тұрғаны белгісіз екі адам болса, өзімді соның біріне санаймын. «Аяз әлінді біл, құмырысқа жолыңды біл», – деген мәтел жүрсем – көлігім, жатсам – жастығым іспетті. Басқалар болса, үйінен қарға адым жер шықса болды, бедел деген жарықтықты ерттеп мініп кете береді ғой. Ал мен байғұс дүкенге барып, жұрт секілді адал ақшамды беріп, қажетті затымды да ала алмаймын. Талағы тарс айырылғыр Саудабек деген сатушымыз қант берсе, қаптың не түбіндегісін, мата берсе, су тигенін, кір жұққанын қолыма ұстата береді. Мен бұған бола қабақ шытып, дауыс көтеріп жатпаймын. Өйткені өз шамамды өзім білемін.

Бірде кешкілік жұмыстан кейін тісімді шұқып отыр едім, үйдің қасына зыр етіп қара «Волга» тоқтай қалды. Ішінен өндірдей-өндірдей үш жігіт түсе қалып маған қарай жүрді.

– Замандас, айып етпеңіз, – деді әлгілердің біреуі амандықтан кейін, – біз бір үлкен тойдан келеміз. Өздеріміз де әбден шаршадық. Тойдан әкеле жатқан сарқытымыз да бар еді. Соларымызды далада отырып жайластыру ыңғайсыз. Бір үйдің ыңғайы келмес пе екен, – деп ойлап едік...

Мен жігіттердің меселін қайтармайын деп үйге шақырдым.

Олар төрге өтісімен-ақ әңгімені дүрілдетіп жіберді. Сарқыттары – сағақтарына алды бестен, арты үштен жұлдыз таққан жауынгер коньяктар. Әлгілер түн ортасы болды-ау де-

генде барып орындарынан қозғалды. Жігіттер кетерінде мені қайта-қайта құшақтап сүйіп, жұлдызды шишаларының бірекеуін маған тастап та кетті.

Ертеңгілік тысқа шығып, алаңсыз жуынып жатқанымда ауылымыздың сатушысы келіп:

– Сәуіржан, түндегі қара «Волга» кім? Кетерде қояр да-қоймай құшақтасқан қай туысың болады? – деп көзін жыпылық-жыпылық еткізді.

Өз басым кімнің үйіне кімнің келіп, қанша отырып, қашан не істеп кеткенінде шаруам болып көрген емес. Саудабектің мына ісіне іштей ыза болдым да:

– Алматыдағы ағайлар ғой, – дей салдым.

– Қайда істейтін кісілер? Қара «Волга» мінгеніне қарағанда... тегін қонақтар емес сияқты...

Саудабекке әбден ыза болғаным сонша:

– Сауда министрлігінде дөкей қызметте, – деп өтірікті соғып кеп жібердім.

– Бәсе, көзі-басың ісініп кетіпті. Талай шөлмекті жайратқансыңдар ғой, сабаздар.

– Жайраттық. Әбден сағынып көріскен қиын болады екен. Жүз грамм арағымыз екі жүз грамм көз жасы боп төгілді. Ішеміз де жылаймыз, ішеміз де жылаймыз.

Байқасам, Саудабектің көзі иттен үріккен текенің көзіндей аларып барады.

– Ойбой-ой-й, ағайың Алатаудай биік адам болды ғой.

– Осал кісі емес. Кетерінде: «Қарағым, Алматыға кел, қалаған оқуыңа түсірейін. Өзің ғана келме, көрші-көлемді, дос-жарандарыңды да ертіп ала кел», – деп кетті. Жалған сөзіме жан кіргізіп, иін қандыра түстім.

– Әй, Сәуіржан-ай, – деді Саудабек өкінген рай білдіріп, – тым тұйықсың-ау. Ағайың келгенде маған неге айтпадың? Үлкен кісінің бармағын жалап, аяқ киімін алып бергеннің өзі қандай? Үйге шақырып, дәм ауыз тигізіп дегендей, біз де қарап қалмайтын едік.

– Оқасы жоқ. Ағай тым асығыстау екен. Келесі жылы оқуға барсам, менімен еріп жүресің. Ал әзірге сарқытынан ауыз ти, – деп Саудабекті үйге алып барып, түннен қалған жұлдыздыдан бір рюмка коньяк жұтқыза қойдым.

– Мықты ағаңның денсаулығы үшін! – деп Саудабек тартып жіберді де, түлкі бұлаң күлкіге салып үйден шығып кетті.

Ертеңіне жұмысқа бара жатқан жолда алдымнан жүгіре басып Саудабек шықты да:

– Сәуіржан-ау, құдайы көршісің. Сенен жасырар түгім жоқ. Саған бір телевизор керек дегенді естіп едім. Бүгін ауданға барам. Екінші бірі – сенікі, – деді.

Ойламаған жерде телевизорлы болып, үй ішімізбен қуанып жүргенде, Саудабек бір күні көлдей екі кілем әкеп тастады. Біздің үйге кілем керек екенін қайдан естігенін де білмеймін. Әйтеуір, өзім сұрағаным жоқ.

Осыдан кейін мені көршілер бірінен соң бірі қонаққа шақыра бастады. Бәрінің де айтатыны: «Шырағым-ай, өзгеден тусаң да, өзімізден туғаннан артық көреміз. Тіпті, өзіңе бір дәм таттыра алмай, қара бет болып жүр едік»...

Бірде бөлімше басқарушысы мені кеңсесіне шақырып алып: – Сәуіржан-ау, саған қазіргі тұрған қонысың лайық емес.

Ертеңнен бастап бау-бақшасы бар төрт бөлмелі үйге көшсең қайтеді? – деді.

Жаңа үйге көшкеннің ертеңінде-ақ Саудабегім шетелдік гарнитур жеткізді. Қасында еріп жүрген аудандық тұтынушылар одағының төрағасы маған қарап жымың-жымың етеді.

Сөйтіп, қара «Волга» мінген «ағайлар» келіп кеткелі біз осылай күн кешіп, жүріп жатырмыз.

ШАЛБАР

Жуырда: «Мен де бір заказной шалбар киейінші», – деп қолыма матамды ұстап, салып ұрып аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатына жетіп келдім.

– Маған шақтап шалбар тігіп берсеңіздер екен, – деймін киім пішуші келіншекке матамды көрсетіп.

– Әбден болады. Кәне, бері жақындаңыз. Жақындадым. Келіншек белдігімді, аяғымның ұзын тұрқын, орамын өлшеп алды. Сосын: «Шалбарыңыз екі аптадан кейін дайын болады», – деді.

Комбинатқа уәделі екі аптадан кейін емес, үш апта өткен соң келсем, шалбарым енді-енді ғана қолға алынып, көк-телейін деп жатыр екен. Киім пішуші келіншек: «Енді бір аптадан кейін келіңіз, ас пісіп, түсіріліп жатқанның дәл үстінен түсесіз», – деп жылы шыраймен шығарып салды.

Бір аптадан кейін келгенімде, әлгі келіншек: «Комбинаттың жарығы, газы болмай, «асыңыз» тағы піспей қалды», – деп өзімді ә дегеннен әзілмен қарсы алды.

– Ренжімеңіз. Жүйке тамырларыңызды сақтаңыз. «Сабыр түбі – сары алтын, сарғайған жетер – мұратқа», деген бар емес пе, – деп келіншек басу айтты. Мен де іштегі реніш табын сездіргім келмей:

– Оқасы жоқ. Болған іске болаттай берік болмақ керек қой. Сіздерге кінә жоқ, – деп кетуге ыңғайланғанымда, келіншек:

– Енді бір аптадан кейін келіңіз, – деді.

Араға апта салып келсем, шалбарым дап-дайын тұр екен.

Қуанып кеттім. Жалма-жан шымылдық ішіне кіріп кетіп, киіп көрсем, өзімнен – өзім қысылдым. Шалбарымның «гуль-фик» тұсы, яғни ауы аттың басына ілген жем дорба құсап салбырап тұр да, тізеліктен төмен жағы балтырымды құрыстырып барады. Қалтаның біреуіне қолымды сыйғыза алмай, енді біреуіне қолымды бойлатып жеткізе алмай, әбден әлекке түстім.

– Қарындас, мынауыңыз мынадай болып тұр, – деймін киім пішуші келіншекке мұңая қарап, – Шалбарымды қос қолыммен қыса тартып тұрмын.

– Жалпы сіздің мүшенізге шақтап тігу өте қиын дүние. Тастап кетіңіз. Шалбарыңызды қолыңызбен ұстап, қашанғы телміріп тұра бересіз? – дейді келіншек. – Енді бір аптадан кейін соғарсыз.

Енді бір аптадан соң келгенімде, киім пішуші келіншек жүгіріп алдымнан шықты.

– Ағасы, шалбарыңызды қыздардың қырқы жабылып қырыққан қасқырдай қылды. Бірақ көңілге қонымды, денеңізге жұғымды болатын шығар, – деді. Бұл жолы шалбарымды киіп көріп, төбе шашым тік тұрды. Шалбардың балағы тізеден сәл төмен, баяғы «жем дорбаның» орнында ойық қалыпты.

– Ал, қарындас, шынында да, қырыққан қасқырдай қылған екенсіздер. «Мынауыңыздың түбі мынадай болыпты», – деп киім пішуші келіншекке мұңая қарадым.

Келіншек мені көріп, әуелі мырс етіп күліп жіберді. Сосын күлкісін тез жиып:

– Қыздардан емес, тұлғаңыз осындай болған өзіңізден көріңіз. Енді бұл шалбар сізге шалбар болмайды, балаңызға

немесе ініңізге шақтап тігіп берейік. Бірақ ренжи көрмеңіз, – деді.

– Қарындас-ау, неге ренжиін. Шынында, үлкен балама да бір шалбар керек еді. Ендеше қайта пішіп бере қойыңыздар.

– Онда сіз балаңызды әкеле қойыңыз.

Балам екеуіміз араға екі апта салып шалбарымды алуға келдік. Киім пішуші келіншек жайраңдап алдымыздан шығып:

– Дайын, – деді.

Біз де қуанып кеттік. Бірақ қуанышымыз тағы да көпке созылмады. Шалбар бұл жолы баламның аяғына да сыймады.

– Ал, қарындас, мынауыңыз тағы мынадай болыпты ғой, – деймін мен келіншекке мұңая қарап.

Келіншекте үн жоқ. біраздан кейін барып.

– Бұл баланың інісі жоқ па? – деді.

– Бар болғанда қандай? – деймін мен қуанып кетіп.

– Бұл шалбарды сол балаға лайықтап берсек кайтеді, ағасы? – Дұрыс ақыл. Ол бала да «сайбай, сайбай, сайбай кейек» деп жүрген, – дедім амалсыздан.

Арада алты ай өткенде үш жасар балама әлгі шалбарды әкеп беріп, уһ деп демімді бір алдым-ау. «Сайбайымды қаяш, сайбайымды қаяш», – деп балам көшеге жүгіре шыққанда, отбасымыз болып мәз болдық. Жолға кеткен қыруар ақшамды да, уақытымды да – бәрін де ұмыттым.

Жуырда аудандық газетте әлгі комбинаттың сегіз айлық тапсырмасын артығымен орындап шыққандығы жөнінде хабар жарияланды. Аталған бір топ озаттар есімі арасында өзіме жыға таныс баяғы киім пішуші келіншектің аты-жөні көзіме оттай басылды.

ҚЫЗЫЛ БҰЗАУ

Мені қыздар ұнатпады ма, әлде мен тәкаппар қыздарды ұнатпадым ба, әйтеуір, көпке дейін үйлене алмай жүрдім. Ал, әйелді болғаннан кейінгі қуанышты күндер көзді ашып-жұмғанша аққан жұлдыздай тез өтіп жатты. Айтолқын алтын айдары болмаса да бес килограмға жақын арыстай бір ұл туған күні екеуіміздің қосылғанымызға бір жылдай болып та қалғанды. «Немерелі болдым» деп шешемнің, «ұлды болдық» деп

Айтолқын екеуіміздің қуаныштан жүрегіміз қалай жарылып кетпегенін осы күнге дейін білмеймін?

Шешем баланың атын Қажымұқан қойғызды. Бұған біз қарсы болғанымыз жоқ. Қажымұқан атасындай атақты палуан болып, ел намысын қорғаса, бізге де жаман емес. Жұрттың бәрі: «Отызында үйленген Сатпақтың баласы ғой бұл», – деп жүрсе, мен төбеммен көкті сүзіп жүрмеймін бе деп ойладым.

Біз Қажымұқанның нағашыларына, Айтолқынның әке-шешесінің үйіне баруға дайындалып жатыр едік. Қайдан естігендерін білмеймін, үйге Ызбаркүл мен Өлмес деген екі кемпір жетіп келді. Екеуі де, байғұстар жанжалдың басы, өсектің қапшығы еді. Екеуі қосылып, кіріп кеткен үйдің ішінде алақұйын соқпай, аяқ-табақ сынбай қалған емес-ті.

Мен бұлардың келгенін ұнатпасам да сыр бермеуге тырысып, Қажымұқанды көтеріп үйден шығып бара жатыр едім, артымнан екеуі бірдей жарыса сөйлеп:

– Қажымұқан-эй,эй. Қажымұқан, нағашыларыңнан тай мініп, болмаса бұзау жетектеп кел. Әйтпесе ауылға кіргізбейміз, – деді.

Нәресте екі кемпірдің не әкел деп жатқанын қайдан білсін, құр мәз болып күліп, «а-а-а» деп аузын ашып барады. Шешем: «Тілі шыққан соң өзі де сұрап алады ғой», – деп күліп, бізді сыртқы есікке дейін шығарып салды...

Не болғанын білмеймін, Айтолқынның үйіне барып келгелі шешем бұрынғы ақжарқын қалпынан айырыла бастады. Әуелгі кезде жоқты-барды сылтауратып бұрқан-тарқан ашуданып жүрді. Кейінірек ойламаған жерден белінің құяңы ұстап, қиралаңдап қалатынды шығарды. Айтолқынның сауыншы болып жүргенін де жақтырмай қалды. Пештің түбінде бір жамбастап жатып алып: «Мені алмаған құдайдың тамағы ток», – деп қақсайды да жатады.

Шынында бір жері ауырып, кейіп жүрген шығар дейін десе, Ызбаркүл мен Өлместің төбесі көрінсе-ақ болды жатқан жерінен ұшып түрегеледі. Олар кетсе-ақ болды қайтадан ойбайын салып шыр-шыр етіп, белінен шойырылады да қалады. Қасына арсалаңдап Қажымұқан барса: «Кет әрі, нағашысына елеусіз, қу шірік», – деп, құйрыққа бір салып, оны аңыратып қояды. «Үйдің іші ала болса, кереге сайын пәле болады», – деген ғой. Біз де сол күйге түстік. Әбден берекеміз кетті. Бар

пәленің Ызбаркүл мен Өлместен келгенін де сезіп жүрміз. Амал қанша?

Алғашында «нағашысына елеусіз, қу шірік» деген сөзге Айтолқын екеуіміз түсіне алмай жүрдік, бірте-бірте аңғара бастадық. Өйткені оның айтатын әңгімесі ылғи мына сарында болып келеді: «Пәленше нағашысынан пәлен әкеліпті. Түгенше түген әкеліпті. Ызбаркүл мен Өлместің немерелерінің өзі нағашыларынан бір-бір бұзау алыпты».

Ызбаркүл мен Өлмес арқаларына ер батып, жауыр болған қос мәстектей кержең-кержең етіп, біздің үйге күніне бір емес, бірнеше рет кіріп шығатын болды. Екеуі де есіктен кіре сала келіндері мен құда-құдағиларын жеті атасынан бері қарай жамандап, тірісін өлтіріп, өлісін көрінен «ауната» бастайды. Шешем де солардың жыртысын жыртып, шашбауын көтеріп отырады. Ол да тырнақ астынан кір іздеп: «Мақтап жүрген келінімнің соңғы кезде әні келіспей жүр», – дейді.

Мен отқа түскен көбелектей дызалақтап жүрмін. Айтолқынға: «Әке-шешең Қажымұқанға жиенкұрық бермеді», – деп айтуға аузым да, арым да баратын емес. Олардың шайға сүтін қатып отырған жалғыз сиырының бұзауын мөңіретіп алып кетпек түгіл, қайта оларға біздің көмектесетін ретіміз бар емес пе деп те ойлаймын. Шешеме осыларды айтсам, ол түсінбейді. Заманның небір тар жол, тайғақ кешуі кезінде «осы өлмесін» деп, аузындағысын жырып беріп өсірген жалғызы емеспін бе? Ауыр сөздер айтып қалсам, ақ сүтін кешпей қояды ғой деп, заре-құтым қалмайды.

Айтолқын да істің насырға шауып бара жатқанын сезіп жүр. Мың болғыр, бірақ тіс жарып ештеме демейді. Басқа біреу болса, күзенше шақ-шақ етіп, шешеммен салғыласып отырып алар еді. Бұл өйтпейді.

Арада екі-үш күн өткеннен кейін біз Қажымұқанның нағашыларына тағы бардық. Бір жетідей жатып, үйге қайтып келуге де дайындалып жатырмыз. Мен де, Айтолқын да – сұлықпыз. Шешемнің үйден шығардағы: «Балаларыңа жиен құрық әкелмесендер, үйге кірмейсіндер», – деген сөзі ойымыздан кетер емес. Үйге құр қол барсақ, баяғы жартас – бір жартас болатынын анық білеміз. Не істеу керек?...

Біз жүк машинасымен үйге келіп тоқтағанда, маңайда жан жоқ еді. Мен машина қорабынан түсіп, үсті-басымды қағып үлгіргенше Ызбаркүл мен Өлмес бастаған бір топ әйел көз-

дерін алақтатып, жетіп келді. Ішінде шешем де жүр қабаттасып. Дәл осы сәтте «біз де бармыз» дегендей қорап ішінде жатқан үлкен қызыл бұзау мөңіреп-мөңіреп қоя бермесін бе? Сол-ақ екен:

– Ойбай-ау, Қажымқұан жиенқұрық әкеліпті. Тайынша ма, бұзау ма өзі? Ой, жарайсың, Қажымқұан. Нағашысы қорыққан екен бұл жолы, – деп келген әйелдер жерден жеті қоян тапқандай шулап қоя берді.

– Тілі шықты дегенше жиен құрықты өзі-ақ сұрап алады демедім бе, – деп, шешем де жайраң қағып жүр, белінің құяңынан құлан таза жазылып кеткен сияқты. Қажымқұанды да көтеріп алып, өбектеп сүйіп жатыр.

Шешем қайта көңілдене бастады. Неге екенін кім білсін, Ызбаркүл мен Өлмес те біздің үйге келуді сиретті. Келсе де шешем олармен бұрынғыдай көп сөйлеспейді. Біз болсақ қызыл бұзауға қараймыз да күлеміз, қараймыз да күлеміз. Күлмегенде ше? Қызыл бұзауды біз жиен құрыққа емес, қып-қызыл ақшамызды санап беріп, базардан сатып алған едік.

КӨЗ

Жалған айтсам, жалғанның жарығын көрмей өтейін. Өткен жылдың дәл бірінші тамызы ойыма оралса, шілденің аптабында тоңып, қаңтардың қақаған аязында терлеп қоя беремін. Маңдайыма тікен, таңдайыма қылқан жабысқандай болатыны өз алдына.

Небір алып та, жел соқса желкенді қайықтай ығып кете беретін әлжуаз да өз әлін біліп, өз бетінше тырбанады емес пе? Мен де өз шама-шарқымды оу баста, мектеп қабырғасында жүріп-ақ шамалап тастағам. Дегенмен қолыма кәмелеттік аттестат тиген күні: «Тәйірі, жалғанда оқуға барып түсе алмай қайтып келіп жүрген жалғыз мен бе? Құласам қара жер көтерер. Көп болса ұяттан бетім бір қызарар. Тәуекел!» – деп астанамыз Алматыға аттандым.

... Тарих пәнінен сынақ жүріп жатыр. Балалардың бірінің куанып, бірінің көзінің суланып шығып жатқанын көргенде, жүрегім зырқ ете қалды. Кіріп-ақ кетейін десем, есіктің алдында біреу алқымыма жармасып, кеңірдегімді жұлып алатындай көрем де, айналма болған қойдай теріс бұрылып тұра қоям. Әйтеуір, не керек, ең соңында көзімді тарс жұмдым да:

«Не пейішің, не дозағың болар», – деп қойып кеттім. «Сынақшылардың бойынан әл-қуат кетіп, есінеп, шала ұйықтап отыратын кезі – ең соңы», – дегенді естігенім бар-тын.

Балалардың айтуына қарағанда, кірген бетте көсеу жұтқандай сіресіп тұрып қалсам керек. «Билет ал, балақай, билет ал, – деп үшінші рет айтқанда барып «ә» деп орнымнан қозғалсам керек. Билет алып аудиторияның бір бұрышына барып қалқып тұрғанымды да, қайтып оралып, бір баланың иығына асылып, сылқ етіп отыра кеткенімді де білмеймін. Ал дәл қазір сол билетте қандай сұрақтар бар екенін басымды балталасам да есіме түсіре алмаймын. Есімде қалғаны: үш сұрақтың үшеуінен де бейхабар едім.

«Енді заман не болады, маған кім тіреу, кім сүйеу болады», – деп басымды қос қолыммен демеп отырып, екі жағымдағы балаларға қарасам олар аузын ашып, маған қарайды. Мен сынақшыларға қарадым. О, құдай-ау, сол-ақ екен, көктен тілеген тіреуім қасқиып қарсы алдымнан шыға келгендей болды. Өйткені осы сәтте сынақшының біреуі маған оң көзін қысып-қысып қалды. «Осын кісі менен бір нәрсе дәм етіп тұрған жоқ па өзі?» – деп тағы қарадым. Ып-рас, тағы да оң көзін қысып-қысып жіберді.

Жағам жайлау боп, тынысым кеңіп сала берді. Тіпті, алдымдағы билетке қарағым да келмей қалды. Енді бір сәт студенттік өмірді қызықтап кеткендей болдым. М.Горький атындағы паркте бір арудың тал шыбықтай белінен құшақтап, сұхбаттасып отырғандай күйге де түстім.

Бір бала жауап беріп бола бергенде, сынақшының біреуі тысқа шығып кетті де, манағы тура маған қарап, көзін қысып – қысып жіберді. «Тезірек келмейсің бе? Қасымдағылар жоқта шаруалап тастайық», – деп тұрғандай.

Ілезде жып етіп орнымнан тұрып, лып етіп әлгі сынақшының қарсы алдына қасқиып отыра қалдым. Отыра бере: «Қарыздар боп қалар жігіттің сорты біз емес. Сұрағаныңыз беріліп, дегеніңіз орындалады», – дегендей рай танытып, мен де оң көзімді қысып қалдым. Сынақшы да «онда жарайсың» дегендей оң көзін жыпылық-жыпылық еткізді... Кірпік қағысына көз ілестіру мүмкін емес.

– Ал, баста, – деді сынақшы зілді үнмен. Айтпақшы, енді есіме түсіп отыр. Бірінші сұрақ француздар мен ресейлік-

тердің қырғын соғысы жөнінде болатын еді-ау. «Ал, баста!» – дегенде не дерімді білмей қалып:

– Қай жағынан бастағаным дұрысырақ болады? – дедім. – Наполеонның нақ өзінен бастайсың, – деді сынақшы оң көзін қысып. «Жұтқыншағым құрғап, өлейін деп отырмын, тезірек айт», – дейтін сияқты. Бастай жөнелдім.

«Атағы жер-жаһанға мәшһүр болған, Францияның атақты әскери қолбасшысы Наполеон өзі төртбақ, бөренедей жуан, келісаптай қысқа болған... Сонысына қарамай айлакер, арам пиғылды залым болған... Сонда да Кутузов оған дәл мандайдан соққы беріп, Ресей жерінен қыс ішінде жалаң аяқ, жалаң бас тырқыратып қуып шыққан...»

«Сөзімде бүргенің қабығындай жалған бар ма, кәне?» – дегендей сынақшыға қулана қарап қойдым.

– Қалай қуған? Қайда қуған?

– Қалай қусын? Отарын тақыр жермен айдаған шопандай көк ала мұздың үстімен сырғанатып қуды да отырды, қуды да отырды. Қанша адамның қырылғанын Алла білсін. Өлгендердің қарнына түртіп жүріп санаған адам жоқ...

– Енді не айтасың?

«Арғы жағын қазбалай беріп қайтесіз? Барым осы», – дегендей басымды шайқап, көзімді қысып қалдым.

– Екінші сұрағыңа көш. – Сынақшы неге екенін білмеймін, дауысын бұл жолы бұрынғыдан да зілді шығарды.

Мен екінші сұраққа көшудің орнына басымды шайқап, езу тартып отыра бердім.

– Үшінші сұрағыңа көш!

Оң көзін қас қағым сәтте он шақты рет қысып үлгірді.

Тіпті, қатуланып кеткен іспетті. Үшінші сұраққа көшу қайда? Қандай сұрақ екенін де ұмытып қалдым. Тек қайта-қайта көзімді қыса бердім.

Сол-ақ екен манағы-манағы ма, сынақшының түгі сыртына шығып, көзі аларып кетті. Көзін қайта-қайта жыпылықтата берді. Мен мұны: «Беретін болсаң аналар келмей бермейсің бе? Ымды түсінбейтін миғұла ма едің?» – дегені екен ғой деп түсіндім де жалма-жан қалтама қолымды салып жіберіп, бір бума ақшаны сынақшының алдына тастай салдым.

Одан әрі не болғанын есіме оралту қиын. Тек: «Жоғал, қарабет, ху-ли-га-ан!» – деген сөзді ғана естідім. Есіктен қалай шыққанымды да білмей қалдым.

Мен байғұс мықтап қателесіппін. Бақсам, бағанағы сынақшының оң көзінің жыпылықтауы соғыс салған зардаптың кесірі екен.

ТҰҰМЕ

Балпан шағын бір мекеменің бастығы болған күні-ақ уақыттың бағасын алтыннан да қымбат санап, сағаттың шошаңдаған секундтық тілінен көз алмауға бекінді. Ол жұмысқа кешірек келіп, ертерек жылысып кетушілерді, жұмыс уақытында темекіні шамадан тыс көп шегушілерді блокноттың бір бүйіріне түртіп ала бастады. «Мұндайлардың қарнына қанжар түртіп отырып, ақылды етпесек болмайды. Әйтпесе жаман шопанның ұйықтап қалып, отарынан айырылып қалғаны тәрізді, бұлар түбі кеңсенің де қайда екенін ұмытып кетер. Сондықтан уақыт құны жөнінде сықитып тұрып екі сағаттық баяндама жасамай болмайды екен», – деген ойға келді Балпекең.

Балпан өз баяндамасына «Уақыт және біздің мекеме» деп желбіретіп айдар тақты да, ойламаған жерден жиналыс ашып жіберіп, түйдектете сөйлей жөнелді:

– Жолдастар, космосты игеріп жатқан қазіргі тұста уақыт дегенің алтыннан да қымбаттап кетті. – Ол әр сөзін салмақтап, саралап, қызметкерлеріне қара көзілдірігі арқылы тесіле қарап тұрып сөйледі. Әсіресе, шылымды әкесінің құны қалғанша шегетін Ахан мен кірпік қағым сәтте жұмыс орнынан сынаптай сырғып жоқ болатын Тазабекке тыжырына қарап, көзінің сұғын қадап тұрып уақыттың құнына байланысты деректер келтіре бастады. Жолдастар, мәселен, бір минутта біздің қаланың өзінде 2 мың балмұздақ желініп, 3 мың стақан шырын су ішіледі, 10 мың дана шылым тартылады... Бір минутта қаланың сауда орындары 500 шөлмек арақ-шарап жөнелтіп, оның тең жартысы бір минутта ішіліп болады. Міне, жолдастар, бір минуттың құны қайда жатыр? Ал мен сіздерге бір минутта қаланың өнеркәсіп орындарында қаншама өнім өндірілетінін айтпай-ақ қояйын... Уақыттың өзі өте тығыз болып тұр емес пе, жолдастар... Олай болса уақыт сияқты алтын жиһазымызды ажарсыздандырып, асылсыздандырмайық. Бұған кімде-кім қарсы болса, маған қарсы болғаны...» – деп Балпан сөзін бітірді.

Ертеңіне бастық бөлмелерді аралап жүріп, өзіне-өзі өлердей риза болды. Аханның өзі никотиннің зиянын кеше ғана білгендей, аса бір мұңмен шылымына көз жүгіртіп отыр екен. Тазабек енді орнынан жер сілкінбесе тапжылатын емес.

Ол түстен кейін де ертерек келіп еді. Асығып машинасынан түсе бергенде ... шалбарының қос түймесі қатарынан үзіліп кеп кетті. Балпекең жалма-жан тізесіне түскен шалбарын қос қолымен ұстап машинасына қайта отырды да үйіне барып, шалбарын ауыстырып киіп келді. Кабинетіне кірген бетте телефонның құлағына жармасып, жұмыстағы әйеліне болған жайды хабарлай бастады...

– «Алтыным-ау, Алтыным, мен бүгін ептеп ұятты болып қала жаздадым... Шалбарым ептеп нетіп кетіп... яғни түймесі құрғыр орнынан шошаң етіп балағыма қарай ойысып... Ие, сосын мен жып-жылдам қос қолымды іске қосып... Әйтеуір, бастық болып, машинаңның қасыңда болғаны қандай жақсы. Әйтпесе шалбарыңды қос қолыңмен қымқыра ұстап көшеде қалай жүрер едің, ә, Алтыным?..»

Бұл кезде Ахан бір іс қағазына қол қойдырып алғысы кеп, дызалақтап қабылдау бөлмесінде тұр еді. Хатшы қыз «Балпекең занят» деп кіргізбей қойды. Ол қызға болмай өңмендеп кіріп барып еді, бастық оған сыздана қарап «шыға тұр» дегенді аңғартып, иегімен есікті нұсқады.

Балпан содан кейін түйменің жерге «секіріп» түскені жайлы бажасына, екі нағашысына, қарын бөлесіне, жиеніне, немере інісінің бөлесіне, жездесіне, қайнағасына, балдызына, өзінің кластас досына, құрдасына телефон соғып түйме хикаясын шұғыл хабарлап жатты.

Арада 55 минут өткенде барып Аханды қабылдап отырып: – Осы сен манадан бері қайда болдың? – деп оған дікіндей жөнелді.

– Ағай-ау, бөлменіздің алдында сілейіп күтіп тұрдым ғой. Сіз занято деген соң...

– Өй, ақымақ... 55 минут текке отырғансың, ә? Занят адамды күтіп тұра бере ме екен? Бұл уақыт ішінде қаншама шылым тартылып, қаншама су ішілді, ә?

Бастық Аханға алара қарап, әкелген іс қағазына самарқау қалыппен қол қоя салды да, «енді мұндайды қайталама» деп ескерту жасады. Шығып бара жатып бастығының тағы да бір жақынына түйме мәселесін қызу хабарлап жатқаның анық естіді...

ЧЕМПУОН БОЛҒЫМ КЕЛЕДИ

– Дәубек, сені жұрт ашуланса «арыстанды ауыздықтап, жолбарыстың жонынан таспа тіледі», – дейді. Баяғыда иығына жуан бөрене қойып, үстіңе ауылыңның алты аруын екіге бөліп отырғызып, алты сағат тербеткенің рас па? – деді совхоз директоры кабинетіне кірген маған ыржия күліп.

– Көп арасынан шыққан көкімелердің көбік сөзі ғой. Бала күнімде итжейделестерімді сыпыра жығып, «борсық балуан» атанғаным рас. Қазір де қапты қапталыма қысып жүре беремін. Бірақ, сіз айтқандай, жойқын күшім жоқ.

– Қапты қақпақылдай көтеретін болсаң, жарадың... Жақында аудан орталығында жарыс өткізіледі. Сонда күреске түсіп, қарсыластарыңды допша домалатып, мысықша мияулатып жібер. Білдің бе?

– Ағасы-ау, ғұмырымда балуандыққа түсіп көрген емен. Өзім мияулап қалмаймын ба?

– Бала, сөзді қой. – Баяғыда атаң Қажымұқан: «Иттің күресі болса да шығамын» – дегенін білмейсің бе? Тайыншадай салмағы бар сен күреспегенде, шақшаның тығынындай боп мына мен кілемге шығамын ба?.. Совхоз намысын қайтсең де қорғайсың. Осыдан жығып келсең, шоферлікті тастатып, гараж меңгерушісі етіп қоямын...

Сөйтіп, бастығымыз ағынан жарылып, жағдайын айтып отырған соң: «Тәуекел, жығылсам, жер көтерер, әйтеуір, бір елдің балуаны аталып барамын ғой», – деп келісімді бердім.

... Күрес басталып та кетті. Ортаға жеңіл салмақтылар шығып, бірін-бірі тулақша сілкілеп, бірін-бірі баудай түсіргенін көріп, тұла бойымнан мұздай тер шып-шып шығады.

Төреші: «Қажымұқан атасындай салмағы бар егінсайлық балуан Дәубек Доңғарбаев пен ырғайлық Сәлімкерей Саламатов шығады», – дегенде, әуелде денем калшылдап кеткендей болып еді. Директорымыздың: «Дәубек, бүгін күшіңді бүгіп калсаң мойныға қапшық іліп, тезек тергіземін түбінде», – дегені есіме түскенде бойымды тез жинап алып, балуандарға тән сұстылықпен ортаға ойнақшып шыға келдім. Қарным ырқ-ырқ етеді.

– Пай-пай, мынауың түйе балуан ғой!

– Шіркіннің алыбын-ай!

– Сәлімкерей де мұнымен теке тіресуге жарайды. Ол да осал жау емес, – деп жұрт айқай-сүреңге басты. Ортаға шы-

ғуға белгі берілген соң-ақ қарсыласымның белдігінен бұрынырақ ұстап, қос бүйірден қос қолдап, мытып-мытып жібергенімде, қарсыласым ыңыранып қоя берді. Шамасы, тамақтан кекірігі азып, бәйгеге тоқ қалпында түскен беті-ау деймін. Аяғын қозғалтуға да ерінетін түрі бар.

– Бұрын кілемге шығып па едің? – деймін қарсыласымның қалақтай құлағына сыбырлап.

– Жоқ, ойбай. Өмірімде тұңғыш белдесуім. Директорымыз жағамнан сүйреп әкелді емес пе?

– Ой, ақымақ! Күрестің техникасын білмей, директордың сөзіне еріп, балуандыққа шыға ма екен? Әйдә, жығыл! Әйтпесе, жілігінді ұнтақтап жіберемін қазір, – деп қарсыласыма қыр көрсетіп қойдым ғой баяғы.

– Ендеше сіз мені тобықтан шала беріңіз...

Бойымдағы бар күшімді жинаған боп «а-а-уп» деп айқайды сала әріптесімнің оң жақ аяғының сыртынан шалып кеп жібердім.

Сәлімкерей жардан ұшқан жапалақтай жалп ете түсті. Алғашқы қарсыласымның жауырынын не барлығы 55 секундте жер иіскеткеніме мәз боп, директорыма қасқиып қарсы қарап қалыппын.

– Жаса, Дәуке, жаса! – деп ол да жанын сала қиқулап тұр екен.

Алғашқы оңай жеңісімді көрген басқа совхоздың балуандары: «Қабырғаларымызды сындырар жайымыз жоқ», – деп күреске шығудан бас тартты. Маған керегі де осы. Бас бәйгені алып, үйге балуан атанып қайттым.

Совхоз директоры айтқан сөзінде тұрды. Сол күні-ақ машина алаңының меңгерушісі болдым. Директорымыз: «Алдағы уақытта да керек кезінде күреске түсіп, совхоз спортын дамытуға өз үлесінді қосып жүргейсің», – деді. Сонан кейін-ақ менің палуан деген атағым айналаға тез жайылды. Аудандық газет «Алып жігіт» деп мен туралы мақала жазып, жарты беттей етіп суретімді басты. «Енді күреске түсемін бе, түспеймін бе?», – деп жүргенімде, бір күні аудандық «Қайрат» қоғамының төрағасы маңдайынан тері бұршақтап, қос өкпесін қолына ұстағандай ала өкпе болып, еңтігіп келіп тұр.

– Ағасы-ау, бізді құтқара көріңізші бір тауқыметтен, – дейді әлгі.

– Иә, тағы бір жерде текетірес болайын деп жатыр ма?

– Үлкен текетірес болайын деп жатыр. Облыс орталығында қазақша күрестен жарыс өткізілмекші екен. Сол жарысқа апаратын ауыр салмақтағы палуанның зары өтіп тұр. Сіздің суретіңізді газеттен көріп, келіп отырғаным ғой... бізді құтқара көріңіз...

– Інішек-ау, ғұмырымда кілем үстіне шығып көргенім жоқ. Жалған айтып тұр десең, өліп кетейін. Мені әурелемей-ақ қой, – деп үзілді-кесілді бас тартып едім. Жігітім жыламсырап:

– Ағасы-ау, құдай үшін, жаман інішегіңіз үшін ең болмаса командаға ілесіп барыңызшы. Әйтпесе, ауыр салмақтағы палуаның жоқ деп, біздің командаға бақандай алты айып ұпайын жазады. Бұл тірі масқара, тірі өлім біз үшін.

– Шырағым, менің күрес техникасы дегеніңнің мұрныма иісі де бармайды ғой. Өткен жолы аруақтар қолдап, бас бәйгені алғаным рас.

– Оқасы жоқ. «Күш атасын танымас», деген. Дәуде болса облыстан чемпион болып ораласыз...»

Не істерімді білмей дал болдым. Баруға – жүрегім дауаламайды, бармайын десем – директордың «керек кезінде совхоздың спорт намысын қорғарсың» деген сөзі камшы болды, әрі мына баланы да аяп тұрмын. Содан не де болса тәуекелге бел буып:

– Жарайды, інішек, көңілің қалмасын, барайын. Шынында да, бүкіл ауданнан бір адамның бармағаны бетімізге шіркеу болар, – деп келісімімді бердім.

Облыстық жарыс басталды. Төреші спортшыларды таныстырып жатыр. Менің салмағымды 125 килограмм дегенде, қарсыласымның көзі жыпылықтап, тұрған жерінде бүргедей бүрісіп қалды.

Ысқырық естілді. Сол-ақ екен, өзімнің бұрынғы әдісіме салып, әріптесімнің белінен сығымдай ұстап, қос бүйірінен сығып жібергенімде, қарсыласымның аузынан ақ көбік атып кетті.

– Әй, сенің мынауың не, үстімді бүлдірдің ғой, – деймін сыбырлап.

– Кешіре көріңіз. Менің небары сексен-ақ килограмм салмағым бар еді. Жаттықтырушымыз ауыр салмақтағы балуанымыз жоқ деп, маған әуелі тұздаған балық пен екі бөлке нанды тұтас жегізіп, артынан ондаған шөлмек сыра ішкізді.

Илансаңыз, қозғалуға да шамам жоқ, мінекей, ауызыма тағы да көбік келіп тұр... – деп қарсыласым ықылық атып қоя берді.

– Ендеше белімді қоя беріп, күресуден бас тарт. Әйтпесе оңдырмаймын.

– Бас тартпаймын. Бірақ жайлап жығыңыз. Мен жығылуға әзірмін.

Бар күшімді жинаған боп, «ауп» деп айқайлап алдым да қарсыласымды төңкеріп тастадым. Әріптесім жығылған жерінен тұра алмай жатыр. Менің бірақ онда шаруам жоқ. Таза жеңіске жеткеніме мәзбін. Төреші келіп қолымды көтергенде, өзімді шын мәнісінде палуанға ұқсаттым. Кілем үстінде сол қалпында тұра бергім келді.

Бұл абырой-даңқ дегенің аяқ астында екен ғой. Менің салмақ категориям бойынша небары үш-төрт-ақ палуан келген екен. Қалғандары менің салмағымнан, әрі бірінші жолғы қарсыласымды оңдырмай жібергенімнен зәрулері кете үрейленіп, белдесуден бас тартыпты. Сөйтіп, ойламаған жерден қазақша күрестен облыс чемпионы болып ауданға оралғанымда, совхоз директоры алдымнан «Волгамен» шықты. «Дәке, мың жаса! Совхоздың атын аспанға бір шығандаттың-ау», – деп бетімнен қайта-қайта шөпілдетіп сүйді.

Жуырда ауыл-село спортшыларының қазақша күрестен өтетін республикалық жарысына баруға жолдама алдым. Кім білсін, бәрі осылай бола беретін болса, республика чемпионы болу да қиын емес секілді.

ЖОЛДАС ҮШІН ЖАН ПИДА

Бағбандықтың бағы тасып, бағасы әбден өсіп тұрған қазіргі шақта да осы атышулы кәсіппен айналысуға әуелде өз қарабасым елпек-желпек бола қойған жоқ едім. Бірақ «қара жаңбырдың бір тамшысы тамса қара жердің бір эшмөшкесінен бір уыс ақша санап аламыз» деушілердің өзара кеудем соқ, әулекі әңгімелерінен мұрынға тегін шелпектің исі де келе бастаған. Қайда барсаң да, кіммен сөйлессең де, ә деп ауызы ашылса сұхбат төркіні үштікке – саяжайға... гаражға... жүйткіген жеңіл машинаға келіп тіреледі. Әлгі айтылған үштікке ие болғандар кім-кіммен де әзілдері жарасып, тайдай туласып, шоқтай маздасып жүре беретінін қайтерсің...

...Сонымен қаладан отыз шақырымдай жерден «Алмұрт» бағбандық серіктестігі ашылып, соған алғашқы мүшелердің бірі болғанымды сезбей де қалдым. Саяжайдың жер көлемі (сіздерге – өтірік, маған – шын) – Опаш құрдасымның бір аунап тұруына жарамайды. Ал құны – естіген адамның өзегін тіліп түседі. Оның үстіне соңғы автобус аялдмасынан кейін екі-үш шақырымдай жерді желе жортып, қамау терінді алдырып барасың.

Былтыр, қоян жылы итсілікпем шығып, ақыры көлденең табыс тауып жүрген бір куға саяжайымды жыртқызып алып, кәдімгідей ел қатарлы картоп сеуіп, күзде үш-төрт қап бірдене алмаймын ба? Соны енді үйге жеткізу қиямет – қайым іс болды.

«Енді не істеу керек? Ойбай-ау, айтпақшы қалада «Трансагенство» деп аталатын халыққа мәдени қызмет етуге жаратылған кәдімгі белгілі кәсіпорын бар емес пе?». Қос өкпемді қолыма алып жүргеннен жүгіріп отырып әлгі кәсіпорынға келсем қаптаған қарақұрым халықтан жер қайысады.

– Ау, мынау нөпір халыққа не керек. Тегін «тентек су» үлестіріп жатыр ма? – деп қалыппын сасқанымнан.

– Тентексушылын, жұртқа саяжайға баратын көлік керек, көлік. Шамасы бізге биыл кезек келе қоймас, – деп әлгі пәтшағар мұңая басын қасыды.

Шынында әлгінің айтқанындай болды. Көп ұзамай іштен диспетчер қыз шығып:

– Жолдастар, бүгін он бесінші қарашадан әрі қарайғы мерзімге ғана заказ қабылдаймыз, – деп жар салды...

Ертеңіне жұмыстан кейін басым салбырап жаяу келе жатыр едім. Көкөніс сататын дүкен алдында өзім жыға танитын Шөкидің «Жигулиін» көріп төбем көкке жеткендей қуанып-ақ кеткенім.

– Ау, Шөкесі, халің қалай? – Менің елпек қаға амандасып жатқанымды Шөкең маса шаққан құрлы көрмеді, машинасына бір кісімен екі-үш қап қырыққабат тиеп болғанша мойнын да бұрмады. Әлден соң барып:

– Ә, сен Жағалмысың, өзіңді әрең дегенде таныдым ғой, тіпті еңкіш тартып кетіпсің, шашың ағарып, көзің бозарып, ажарың тайып... Әлден аза бастағансың ба? – деп өзімді көнтулақ құрлы да көрмеді.

Ажар-мажардың келмейтін реті болып тұр. Сенің кездескенің жақсы болды, «Алмұртта» үш-төрт қап кэртобым бар еді. Соны әкелудің ешбір орайы келмей тұрғаны. Өзің бір ерлік жасап жібер, Шөке.

– Оның дұрыс қой. Жолдас үшін жан пида. Бірақ мұндайды бір жеті, бір ай бұрын айтып қоймаса болмайды. Тағы бірде хабарласарсың, қазір бір секунд кідіруге де уақытым жоқ, о кэй, – деп машинасына мініп тартып отырды.

Арада екі-үш күн еткенде қалалық орталық гастрonomның артқы жақтағы жасырын есігінен шығып, біреумен әжік-күжік сөйлесіп, «Ладасына» жалма – жан бірденелер тығып жатқан Жорабек деген кластас жолдасымның дәл үстінен түсе қалғанымда да Шөкиді көргендегідей қуанышым қойныма сыймай кетті. Ойымда ештеңе жоқ әлгі жолдасыма арсалаңдай жетіп барып:

– Жорабек, аманбысың, үй-іші, бала шаға...

– Ә, Жағал екенсің ғой. Өзіңді енді болмаса танымай қалады екем. Жарайды, тағы бірде сөйлесерміз, – деп «көк тұлпарының» есігін аңқита аша берді.

– Сен Жорабек, менің бір бұйымтайымды орындауға мүмкін...

– Жағал-ау, мүмкіндігім жоқ, жолдас үшін жан пида, бірақ, дәл «Алмұртқа» баруға бір секунд та уақытым жоқ.

– Менің «Алмұртқа» бару керектігімді сен қайдан білдің, ә? – Шөки айтты...

Жорабек одан әрі шынында да бір секунд та кідірген жоқ, дүкеннен шыққан бір аруды жылт еткізіп мінгізіп алып, лезде көзден ғайып болды.

Күн сенбі болатын. Драма театрына бармақшы болып сайланып жатыр едім. Есіктің қоңырауы шылдыр-шылдыр етіп безектеп қоя берді. Ашсам – есіктің алдында Қырғи деген көптен көрінбей кеткен жолдас жігіт жымыып тұр. Амандық-саулық жоқ, салған жерден:

– Әйдә, кеттік «Алмұртқа». Жолдас үшін жан пида.

– Қап, бүгінгі спектакльден қалып қоятын болдым-ау, ә? Қап?

– Театрға әлі барасың ба? Қазір біздің атқораға ұқсаған жаман театрға түгіл, еліміздің атақты театрларына да ешкім бармайды. Театрға кеткен ақшаға одан да әйеліңе шұлық сатып алмайсың ба? – деп Қырғи қуақылана күлді.

– Жарайды, қазір шығамын. Ау, айтпақшы, саған менің «Алмұртқа» бара алмай жүргенімді кім айтты?

– Ел құлағы – елу. Шөки мен Жорабек айтты.

Қырғидың есік алдында тұрған үр жаңа «Жигулиіне» мініп-мініп алдық. Байқаймын – машинаның бүйірінде кәдімгі таксилердегі шатыраш белгілер бар.

– Қырғи, сенің мынау таксиің не? – деп қалдым сасқалақтап. – Бұл такси емес, сен біздің Шөки, Жорабек үшеуіміздің жақында қалада ұйымдастырылған «Тұлпар» кооперативіне мүше екенімізді білмейсің бе?

– Білмеймін. Сендердің бәрің де жоғары білімді инженер емес пе едіңдер? – дедім таңқалысымды жасыра алмай.

– Е, болса ше? Үшеуіміз де әуелі аттестациядан тырапай астық, артынан штат қысқартуға іліктік. Сөйтіп ыңыршағымыз теріс айналып жүргенде таланымызға «Тұлпар» ашылып, үшеуіміз де осында қойып кеп кеттік. Жан рахаты енді болды – үшеуіміз де ведомстволық күзетке кіріп алдық, бір күн күзетте, екі күн үйдеміз.

– Қой, сенікі қалжың болар? – деп мен әлі де сенбестік білдіріп жатырмын.

– Жағал, «сүт сұрай келіп, ыдысыңды жасырма» деген ғой. «Алмұртқа» баратын болсаң, алдымен отыз сомыңды қуып қой, кооператив заңы солай.

– Иә, иә... болады... бірақ өте... былай қымбаттау емес пе?

– Жолдас үшін жан пида. Бірақ кооператив заңы – табыс табу, сен – маған, мен – саған...

Қырғи ақыры бір сағатқа толар-толмас уақыт ішінде кәртобымды әкеп тастап, отыз сомымды қағып алды. Миығынан мысқылдай күліп тұрып:

– Кәртобыңды тиеп-түсіріскенім үшін ештеңе алмағанымды білесің ғой. Мен Шөки мен Жорабектей тым нәпсілі емеспін... Ал өзің не істейтін едің... Иә, айтпақшы... баяғыдан қағаз кеміру екен ғой. Жолдастық сырымды айтайын – ол қызметте жүріп арам өлесің. Өзің ғана емес, бала-шағанды қырып аласың. Қазір қалада «Қасапшылар» кооперативі құрылып жатыр, бәрін тастап соған мүше боп ал, оның «қол кесері» көп болады. Сонда мына біз сияқты бір жылда-ақ тайпалған көк жорға мініп шығасың. Сен саяжайға барып келген сайын әркімге отыз сомнан шашыла берсең, қалтаңдағы ақшаң түгілі, басыңдағы ақ шашың да жетпес. «Заманың

түлкі болса тазы боп шал, жалғанның ең қызығы – дүние мен мал...» . Бұл Шөки, Жорабек үшеуіміздің кооперативке кіргелі бірлесіп шығарған жыр жолдары ғой... о, кэй!

Қырғидың қылығын әйеліме айтуға әлі батылдығым жетпей жүр. Жолдас үшін жан пида. Бірақ соңғы кезде «бәрің қойып Қырғи айтқан қасапшылар кооперативіне кіріп алсам қайтеді» деген ой қаперіме жиі оралатын болып жүр. Бұған сіз қандай ақыл қосасыз, ағайын?!

«ҚУ ШІРІК»

Бәрі де күтпеген жерден басталды. Мен әйеліме қарсы қатты сөз айтып көрген адам емес едім. Жұрттан өзім туралы еститінім: «Тәйірі, ол Ақтотыға қарсы оқтау көтере алмаған ку шірік, әйелінің қасы мен қабағына телміре қараған ку шірік»...

Алғашқыда мұндай қаңку сөздерге пысқырып та қарамағам. Бірақ, келе-келе неге екенін білмеймін «ку шірік» деген сөзден әбден жауыр болдым да қайтсем де, «қаһарлы еркек» атануға тырыстым.

Біразға дейін Ақтотыға тиісер сылтау таба алмай жүрдім. Батылым, ұятым жетпеді.

«Ақмағамбеттен» ептеп ішіп алып, үйге келгенімде Ақтотының қасында «сымсыз телефонның» белді сайыпқырандарының бірі – кепкен балық құсап қатып қалған көрші бір әйел отыр екен. «Сәті түсті. Осының көзінше бір өнер көрсетіп тастайын. Ертең-ақ «қаһарлы еркек» атанып шыға келемін», деген ойға келдім де: «Әй, түйеше шөгіп неғып омалып отырсың», – деп Ақтотыға тиісе жөнелдім.

Ақтоты маған таңдана бір қарады да, әлгі сумақайдың сөзін тыңдап отыра берді. Маған бұл «ит үреді, керуен көшеді» дегендей болды. «Ку шірікке» керегі де осы еді. Көзді ашып-жұмғанша Ақтотыны жерге алып ұрып, көсеумен сілейтіп салдым.

Ертеңіне-ақ: «Ойбай, біз Киясбекті «ку шірік» деп жүрсек, жоқ, ол нағыз қаһарлының өзі екен. Кеше әйелін көсеумен көсілте сабап, ішек-қарынын ақтарып тастай жаздапты деген», – қаңку сөз әр үйдің есігінен кіріп, мұржасынан түтін боп шығып жатты.

Мен осылайша алғаш рет «қаһарлы еркек» атанып, көңілімді бір демдедім...

– Әй, Ақтоты, – дедім тағы бірде жанжал шығарудың жолын қарастырып, осы ешкі құсап неге жиі-жиі құрсақ көтере бересің?

– Айналырған екі-үш балаңды көпсініп жүрмісің? – деді ол әлденеден үрейленген сыңай танытып.

– Көпсініп тұрмын. Мынау қарныңдағы томпайғанды көзіме көрсетуші болма, балаңды да, өзіңді де далаға сүйретіп тастаймын.

Ақтоты менің қияңқы сөздеріме әбден ызасы келсе керек, жылап жіберді. Бұл жолы ұрған жоқпын. Аяп кеттім. Бірақ кешкілік тағы тиістім.

– Әй, Қаратокты арқамды қасы, – дедім. Ақтоты үн жоқ қасыды.

– Табанымды сипа, – дедім. Ол: «Қойсаңшы», – деді.

– Ендеше қарыныңды үрген бүйендей торситып қасымда жатпайсың, – деп Ақтоқтыны төсектен итеріп қап еденге етпетінен түсірдім.

Ақтотыға тағы тиістім.

– Біздің тұңғышымыз – Сейітбек саған да, маған да тартпаған. Мына көршідегі қисық ауыз шопыр баладан аумайды. Ертең өсе келе Сейітбектің ауызы да қисаяды.

– Папа, былай ма? – дегенге артыма қарасам, балам ауызын бір жағына қарай қисайтып тұр екен...

Арада көп күн өтпей-ақ «нағыз айбатты еркектің өзі екен» деген атаққа қолым жетті. Бірақ...

Бір күні жұмыстан келсем, үйде Ақтоты да, балаларым да жоқ. Бұлар менен қорқып бір жерде тығылып отыр ма деп, айнала қарадым. Жоқ, стол үстінде жатқан тілдей қағазға көзім түсті. Жалма-жан алып оқып жатырмын.

«Киясбек, сүттей ұйып отырған семья едік. Сенің соңғы кездегі қылықтарыңа шыдай алмадым. Басымды қаққа бөліп, көзімді ағызып жібермей тұрғанда төркініме жетейін деп, кетіп бара жатырмын. Сәлеммен, «Қаратоктың».

Мен қаһарлы еркек атансам да, «ку шірік» деген сөзден бәрібір құтыла алмадым. Енді осы күні өзім туралы еститінім. «Басына қонған бақытын кейін тепкен қу шірік, әйелі мен балаларынан тірідей айырылған қу шірік», – деген сөздер.

Бұл күндерде жұрттың пыш-пышына ерген адам нағыз «ку шірік» болатынына көзім енді ғана жетті.

ШОЛПАН ПЛАНЕТАСЫ ЖӘНЕ ЖЕР ЖАҒАЛЫ ӘҢГІМЕ

Қабырғалары тарғыл мысықтың терісіндей алашабырланып кеткен қонақ үйге жолымдағыны жусандай жапырып, ентігіп кіріп келгенімде, кезекші келіншектен естіген сөзімнің түрі мынау болды: «Жігітім, ақылың ауыспай тұрғанда ауылыңа жет. Онсыз да сен сияқтылардан қонақ үйіміздің қабырғасы қақырап, едені ойылып барады».

Кылымсыған қызыл ерін келіншектің мені бұлай қорлағанша, жағыма шапалақпен тартып-тартып жіберіп, желкелеп есіктен шығарып жібергені дұрыс еді.

«Көшеде қалдым-ау, деп есеңгіреп тұрғанымда, есіме амандығы тұзу Сықпырт деген жігіттің мекенжайы түсе кетті де, соның үйіне қарай ұша жөнелдім.

Есікті танысымның әйелі Күлбибі ашты.

– Оу, Ырғаймысың?

– Иә, Ырғайдың дәл өзіміз.

Аяқ киімімді лық еткізіп шешіп, төрге қарай сұғына ентелей беріп:

– Сықпырт қайда? – дедім.

– Командировкаға кетті. Бүгін-ертең келіп қалар деп күтініп отырмыз.

Костюмімді шешуге ыңғайланғанымда, Күлбибі маған көз қиығын түсіріп қойды. Галстугымды ағытып жеңілдене бастағанымда тамағын кенеп, қозғалақтап қалды. Ақыры шыдай алмады ғой деймін:

– Ырғай, қонуға келген боларсың? – деді Күлбибі сыбызғыдай сызылған үнмен.

– Иә.

– Қонуын қонасың ғой, – деді Күлбибі ақ тістерін айкастыра күлімдеп, – бірақ жаныңа екі-үш серік ертіп кел.

– Неге? – Сасқанымнан орнымнан тұрып кеттім. Маңдайымнан тер де бұрқ ете түсті.

– Сен Сықпырттың сырын білмейсің ғой. Мәғәрки, ол түнделетіп келіп қалса... Жатқан сені көрсе... Ішінде жүз ит өліп, мың қасқыр ұли бастайды. Мамық-жастықтың жүні көкке, аяқ-табақтың сынығы бетке ұшады, – деді Күлбибі.

Ызғытып отырып қонақ үйге қайтып келдім.

Жер ортасына келген бір еркек пен әйел, жауқазындай үш қыз және өзім, алтау боп аңқылдап кіріп келгенімізде, үйде шөккен нардай болып Сықпырт отыр екен. Ар жағымен айтса да, бер жағымен айтса да өзі біледі, ол да Күлбибісімен қосарлана «төрлетіңіздер» дегенді селкостау айтып жатыр.

Жатуға ыңғайланғанымызда Күлбибі мені ас үйге шақырып алды.

Ал, Ырғы-еке, қонақтарыңды қалай реттеп орналастырамыз? Осы арада менің де шыбын жаным көзіме көрінгендей болды. Ішімнен Сықпыртты да сыбап жатырмын. Өзіме де обал жоқ. Алтауымыз алты планетадан келген адамдар сияқтымыз. Айналырған бір бөлмеге қатар-қатар түскенде... не болады? Қыздар жағы біздерден, еркектер жағы қыздардан қысылып барамыз.

Атыңнан айналайын Мендікыз деген қарындас бізді тұйықтан құтқарып жіберді.

– Мұндайда басты қатырып тұратын ештеме жоқ, – деді ол әр сөзін нығарлай айтып, – анау кісі қабырғаға таяу жатады, оған таяу Жер планетасы боп сіз (мені нұсқап) жатасыз, сізге таяу Шолпан планетасы боп мен-ақ жатайын. Бірақ түнде әлемнің тартылыс заңын бұзбайсыз, қозғалсаңыз да өз осіңізде ғана айналасыз. Мақұл ма?

– Мақұл, мақұл. Бірақ Жерден Шолпан планетасына корабльдердің барғанын ескерсеңіз, – дедім мен де әзілімді жібермей.

– Мейлі, солай-ақ болсын, – деді Мендікыз, – бірақ асқан дәлдікпен ұшырылған корабльдің өзі Шолпанға үш айдан кейін ғана жететінін сіз де қатты ескеріңіз.

Осыдан кейін ауызыма құм құйылды. Неге екенін білмеймін, Сықпырт маған қарап шиқ-шиқ күледі. Жанымнан өте беріп: «Жолың болды», – деп бүйірімнен шымшып қояды.

Оянып кетсем таң атып қалған екен. Байқаймын, өзімнің шекарамнан жылжымаған іспеттімін. Қызға теріс қарап жатқан бойда қатып қалсам керек. Ал Шолпан планетасы ше? О, сұмдық, айта көрмеңіз.

Арқамды оттай бір нәрсе қыздырып, шыдатпай бара жатқан соң ақырын артыма бұрылып, көзімді сығырайта қарадым. Айнатөс ақ ару, Шолпан планетасы өз осінен айналмақ түгіл, Жер планетасын нәзік саусақтарымен қапсыра құшақтап алған екен. Ойлана келе «Жердің гравитациялық тарту күші

Шолпандағыдан артығырақ екен», – деген ғылыми жорамал жасадым. Қозғалайын десем, тырп ете алатын емеспін. Шолпан планетасының ақ толқын төсіне сезім көбелектері бытырай ұшып барып қонып жатыр, қонып жатыр.

Еріксіз көзімді жұмып, қабырға жақтағы тірі өлік болып жатқан кеспелтек денеге қарай жылжи түсемін. Ту сыртымнан көсеу алып, әйелім де төніп келе жатқандай.

... Міне, Меңдікыз да оянды. Сірә, өз шекарасынан өтпек түгіл, тіпті мені қапсыра құшақтап жатқанын сезіп қалса керек, ояна салысымен қасындағы қыздың қойнына жып етіп, кіріп кетті. Басқа бір жігіт болса бұған налып, ұйқысыраған болып қызға қарай жақындай түсер еді. Ал мен байғұс ауылда жатқан әйелімнің кезекті қаһарынан құтылғандай, бесінші этаждан секіріп өлмей, аман қалғанымға қуанғандай, «Уһ» деп кеудемді кере дем алдым.

«Бір жамандықтың – бір жақсылығы болады», – деген ғой. Қонақ үйдің тарлығынан біраз адамдармен танысып, әкей-үкей болып қалдық. Ғұмыр болса қонақ үйге де Алла сәтін салған күні қонудың сәті түсер, бәлкім...

СЫПЕКЕ-АУ, ҚАҰДАСЫҢ?

Маңдайыма біткен «Беларусыма» от алдырып, қыр асқалы тұрғанымда, атағы айналаға мәшһүр, бір универмагтың директоры Сыптай деген туыспаған туысым ала өкпе болып жетіп келіп, дырылдатып сүйрей жөнелді. Қозықөш жерге дейін итсілікпелеп апарып, былай деді:

– Бұл жалғанның жарығында жан иесі болып, жер басып жүрген соң әркімге өзінің ішер сорпа-суы мен айран-шалабының, жейтін талқанының бірінші сұрыпты болғаны дұрыс па? – деді.

– Әлбетте, солай, Сыпеке, – дедім еш нәрсенің мәнісін аңғармасам да.

– Ал, Шырақ, сенің көмейіңнен өткеннің бәрі бірінші болмай жүр. Бұл – бір. Екіншіден, сенің атаңның нағашысының жиеншары Маубас менің туған атамның бауыздау құдасынан туған қызға үйленіп отыр ма? Ал айт, өз ауызыңнан естиін? – деді.

– Сыпеке-ау, үйленбек түгіл сегізінші баласының өзі бауырын жерден көтеріп алып, бұқа боп топырақ шашып жүрген жоқ па, – дедім сасқанымнан.

– Әй, ақымақ! Мәселе баланың топырақ шашып жүргенінде емес. Мәселе, сенің мен менің жаным бөлек болғанмен, қанымыздың бір сорттылығында болып отыр ғой.

– Қалайша? – деймін түкке түсінбей.

– Әй, мәнжу бас неме. Бірінші сорт дегенім – қанымыз бір туыспыз дегенім. Сосын сен несібенді тақымынды тоздырып жүріп тауып жүрсің бе? Жүрсің. Ал бұл бірінші сорт адамның кәсібі емес, тындап тұрсың ба, ей, өзің? Ал тындасаң, біздің дүкенде кіші сатушылықтың орны шаң басып, бос тұр. Бүгін мына ағаң сол орынды саған кісендеп тұрып тапсырады. Көкегім, естідің бе, ей, өзің?

«Сатушылық» деген сөзді естігенде, табаныма тікен кіргендей болып, селк ете түстім. Селк ете түсіп, қалпағымды қос қолыммен баса киіп:

– Сыпеке, есеп-қисап дегенде үстіне үйеме жүк артылған есектен бетер қиналамын. Бұл – бір деңіз. Топ алдында тұрғанда бетімнен қаным төгілгендей болып қызарып, сасқанымнан кекештене бастаймын. Бұл – екі деңіз. Ал сасқан адам пиманың орнына етік беріп, жартының орнына бүтін беруі мүмкін. Бұл – үш деңіз.

Менің төртінші дәлелімді Сыпекең айтқызбай аузымды алақанымен жауып:

– Түк те емес, сатушы болу үшін әлгі бір жұрт айтатындай ғұлама ғалымдықтың қажеті жоқ. Кәдімгі сен сияқты шырақтардың өзі есеп-қисаптың есін шығарып, есеп шоттың тасын ешкінің құмалағы құрлы көрмей кететін-ді. Сен де сөйтесің. Сыпекеннің амандығын сұра. Әйда, бар да анау «Беларусыңды» тапсыр.

...Сонымен, менің сатушылық қызметім басталып кеп кетті. Жұмысқа кірісер алдында Сыпекен; «Шырақ, сенің бөлімдерінде кәусәр суындай бір зәру зат бар. Сол затқа қазір өзіңнің қаны бір, жаны бөлек туысың, яғни біздің үйдегі жеңгеннің апасының құдашасы барады. Сол кезде қарап қалмай, қолын қысып, сұраған затын қойнына қыстыра саларсың.

Сол күні мен қаны бір, жаны бөлек бес құдағиымды, жеті бөлемді, сегіз жеңгемді аттандырып салдым. Әрине, көбін танымаймын.

Түс ауа жұмыс орныма келіп, отыра бергенімде: «Маған лайық нең бар?» – деп, тағы бір жүгірмек жетіп келді. «Сізге лайық нәрсе осының ішінде бар шығар», – деп бір буда етікті әкеп алдына тастай салдым. Мәсі сұрағанға да бір будасын лақтырып жіберіп, «самообслуживание деген осы болады» деп теріс бұрылып кеттім.

Бір айдың ішінде менің сыртымнан директорға алпыс арыз түсіпті. Сыпекең мені шақырып алғанда, жонымнан таспа ала ма десем, ол кісі: «Бұл алпыс арызды екіге айырғанда 120 болады», – деп әлгілерді менің көз алдымда жыртып-жыртып себетке лақтырды. Маған қарап: «Қаны бір, жаны бөлектерден арыз түспесе болады... Бүгіннен бастап сол бөлімнің аға сатушысысың», – деді.

Аға сатушы болғанымда, менің сыртымнан директор атына бір аптаның ішінде 120 арыз келіп түсті. Сыпекең мені шақырып алып: «Бұл-120 арызды екіге айырғанда 240 болады. Ал, шырақ, бүгіннен бастап менің орынбасарым боласың», – деп бірсыпыра уақыт күліп алды. Арыз көбейген сайын лауазымның өскеніне мен де өзімше мәзбін.

Сыпекең көп ұзамай облыстық бір сауда мекемесінің бастықтығына жоғарылатылды. Кетер алдында өзімді шақырып алып: «Директордың орынбасары болғалы сенің сыртыңнан жетім арыз түскен жоқ. Демек, арызқойлар сенің алдында талша иіліп, тізе бүкті деген сөз. Бұл – бір. Екіншіден, сен енді менің орныма директор болып қонжиюға қақылы сияқтысың. Бәрін де алдын ала келіскем», – деп арқамнан қағып-қағып қалды.

Қуанғанымнан не дерімді білмей абыржып тұрғанымда Сыпекең:

– Қайда жүрсек те қанымыздың бір екенін ұмытпайық. Ал, өзіңнің баяғы орныңа есеп-қисаптан хабары жоқ болса да өзіңе жақындығы бар біреуді тауып аларсың, – деді.

Директор боп шәниіп жүріп жатқанымда, Сыпекеңнің төмендегенін естіп, «жаны бөлек болса да, қаны бір туысымай...» деп аза тұттым. Сөйтіп жүргенімде, өзімнің де лауазымым төмендеп, қайғының қара бұлтының астында қалдым. Көп ұзамай тағы бір саты төмен сырғып бөлімге барғанымда, менің атыма жазылған арыз қайтадан қарша борап кетті.

Жеке ісімді кәсіподақ жиналысында енді-енді талқыламақ боп жүргенде, мойныма ақша мініп «есеп білмейтін есек»

атанып, екіншілей «есеп-қисап қызметінің маңайына жолатылмасын деген жарлықты мойныма іліп, еңіреп отырып үйге келдім. Ақылдасайын десем, баяғыда қайда жүрсек те қандастығымызды ұмытпайық дейтін Сыпекең де жоқ. Тіпті қайда жүргенінен хабарсызбын.

– Бүгінде совхоздағы машина-трактор шеберханасында слесарь болып зырылдатып жүріп жатырмын. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген ып-ырас екен. Ендігі бір арманым – осыдан бес жыл бұрын мінген өзімнің қызыл бүйірлі «Беларусымды» қайта қолға түсіру, Сыпекеңді бір көру. Қайдасың, Сыпеке – ау- у?..

ШАШТАРАЗ

Аудан орталығындағы павильонның қасынан өте беріп, бетімді сипап қалып едім, сақал-мұрт дегенің бітік шыққан бидайдай болып кеткен екен. «Қой, мұны осы жерде құртып шығайын», – деп ішке кірдім. Адам көп екен. Кезекке тұрып, біраз күтуге тура келді.

Кезегім жақындап қалғанда, қасымда манадан үнсіз отырған қара домалақ бала:

– Аға, анау шуылдақ мұрыннан сақ болыңыз, – деп ақырын сыбырлай қойды да, кезегі келген соң, орнынан тұра берді. Түкке түсінбей қалған мен аң-таң болып шуылдақ мұрынға қарай беріппін. Құдай басқа бермесін. Ішкен-жегені сыртқа шықпаған неме екен өзі. Қазандай бас пен екі иықты жалғастырып тұрған мойын екенін, болмаса бұғақ екенін айыру қиын. Әжімсіз тайқымандайдағы сыздаған көздер деңгейінен асып төгілгелі тұрған тостағандағы судай жылтырайды.

– Кезек кімдікі? – деді әлгі шуылдақ мұрын дауысын жарықшақтандыра шығарып.

– Менікі еді, – деп сасқалақтап, орнымнан тұрып, әлгіге қарай беттей бердім. Отырғаным сол еді, шаштараз мұрнын бір шуылдатты да:

– Өзің бір беткей, кесір мінезді жігітсің-ау деймін. Өйткені желкеңнің шұңқыры тым шұңғыл екен, – деді.

– Ағасы, тумыстан шұңқырлы болса не істеймін, бірақ қыңыр мінезім жоқ, – дедім ақтала сөйлеп.

– Жә, дәлелің өзіңе. Біраз желкені сынақтан өткіздім. Сен әрі құла десе бері құлайтынның дәл өзісің.

Мен үндемедім. Мұнысы әзіл ғой деп күліп қоя салдым. Шаштараз шашымды ала бастаған.

– Сен не қылған ұқыпсызсың, – деді ол бір уақытта келісаптай қолын иығыма соғып, – осылай да адам шаш қоя ма? Міне, қарашы, торғайдай басыңның түгі аю жүніндей ұйысып қалыпты.

– Сақал-мұрт күйттейтін кез болмай тұр ғой. Жұмыстан қол тимейді, ағасы.

– Қол тимейді? Шақшаның тығынындай болып дүниенің бір бұрышын билеп жүрсің бе? Өзің не істейсің, әй, айтшы?

– Бөлімшеде агрономмын.

– Қырып-ақ жүр екенсің. Бөлімшенің агрономымын...мына ағаң сол агрономдықты тастап, халыққа мәдени қызмет етуге көшкен. Міне, қазір сен сияқты үрпек бастарды тәртіпке салып жібереміз. Түсіндің бе?

– Агроном болдым дейсіз бе? – дедім мен таң қалған рай білдіріп, – ал шаштараздыққа қалай үйрендіңіз?

– Қалай үйрендіңіз? Сол да сөз бе екен? Талапты ерге нұр жауады. Қой қырқуды білесің бе, білсең оның қасында адамның шашын қию деген бұйым емес. Иә, бұйым емес... Міне, сондайдан бастаған мына жаман ағаң профессионал шаштараз қазір.

– Әркімнің өзі сүйер мамандығы бар ғой.

– Хе-хе, – деп күлді ол мені жақтырмай, – қызық жігітсің-ау деймін... шыбын екеш шыбын да майдың үстіне қонады. – Түсіндің бе? Ол да тұмсығы бататын жұмсақ жерді іздейді, түсіндің бе? Қай жерде шыбын жаның қиналмаса, – қалаған, ұнатқан қызмет сол, түсіндің бе?

Осы кезде шаштараз шашымды жұлқи жөнелгенде, көзімнен жас ыршып-ыршып кетті.

– Е-е-е, – деп бұға қалдым.

– Кәне, қырсық емес екенің. Жұрт танаудың ішіндегі түкті іскекпен жұлғанда шыдайды. Ал, сен шашыңды күзегенге байбалам саласың. Отыр, өлмейсің!

Шынында да оп-оңай-ақ сыр беріп қойдым ба деп, неде болса төзуге бекіндім.

– Желкең киылып, түсіп бара жатпаса, көтер басыңды былай! – деп шаштараз рабайсыз қолдарымен самай шашымнан жұлқып-жұлқып қалды.

– Енді мойныңды былай бұр! Бұрдым. – Жоқ, олай емес, былай, – деп шаштараз басымды тоқсан градусқа бұрды.

Манағы қара домалақ баланың «аға, сақтаныңыз» деп айтқан сөзіне енді түсінгендеймін. Бірақ шашымның жартысын алдырып қалай кетіп қаларсың? Амалсыздан көндім...

Осындай «профессионал шаштараз» шашымды алып берді. Ал, өзім іштей әлгі шаштараз – агрономның алдына өлсем де екінші рет бармауға ант-су іштім.

САУДА ТӘРТІБІ

Не жыны бар екенін білмеймін, біздің Майшелпек ауылына дүкенші атаулы құтаймай-ақ қойды. Нешеуі келіп, нешеуі кеткенін ешкім білмейді – есеп шотқа қағып отырып, есептей алмадық. Сөйтіп жүргенде:

– Апақ деген біреу дүкеннің есігін шалқасынан ашып тастап: «Қәне, кімге не керек, деп зіркілдеп тұр», – дегенді естігенде, өз басым қуанғанымнан еңіретіп дүкенге қарай ұштым-ай келіп. «Аңырағанға – маңыраған» кездесе кететін әдеті емес пе? Алдымнан ботасынан айырылған аруанадай боздап көршіміздегі Арыстанбек деген шалдың кемпірі шыға келді. Арқасында арқалаған бір қапшық нәрсесі бар.

– Әжеке-ай, не болды? – дедім сасқалақтап.

– Мұндай дүкенші саудагерді туғалы көргем жоқ. Қарайған нәрсені еріксіз алдырып, қыруар ақшамды алып қалды. Шалдың екі айлық зейнет ақшасынан жетім тиын да қалған жоқ. Енді не бетімді айтамын шалға, – деп Ақалтын шешей жаулығының ұшымен көз жасын сүртті.

– Әжесі-ау, неге ала бердіңіз. Әркім өзіне керегін сұрамай ма екен?

– Тәртіп солай. Пылан орындауым керек, – дейді. үлкендігімді білдіріп, жаулығымды желпілдетіп көріп едім, «кемпір жолдас, саудаға мешайт қылма, шагом марш», – деп сөгіп тастады. Енді сол жүзіқараны өзін барып көрші, – деп Ақалтын шешей еңірегенін жалғастырып үйіне қарай жүре берді...

Дүкенге келсем, жан жоқ. Сатушы шекілдеуік шағып отыр екен. Оңаша саудаға кірістім де кеттім.

– Шырағым-ай, «ауыл дүкенімен сәнді» деген. Адалдың алдымен бес келі қант өлшей қойшы.

– Азамат, бес келі қантқа бір келі шоколад қосам.
– Қой, айналайын, жемейтін нәрсем. Алатын адам өзі-ақ сұрап алады ғой.

– Ендеше қант жоқ. Шагом марш!

– Неге мен «шагом марш» боламын?

– Сауда тәртібін бұзып отырсыз. Бұл – бір. Екіншіден, мемлекет жұрт жесін деп шығарған шоколадты сендер жемегенде, ит жей ме? Бұл өзі шоколадтан безген безобразный ауыл екен. Бүйте берсеңдер, бәрінді де «марш» қыламын.

Сатушының мына сөзінен кейін мынадай ойға келдім: «Ортамызға келіп отырған жас бала ғой. Бір жолға бергенін алайын. Көңілі қалмасын. План керек деп бұларды да қысады ғой».

– Әйде өлше, бала.

Сатушы қолы-қолына жұқпай қант пен шоколадты өлшеп бере қойды.

– Шырағым, енді анау керзі етігінді бер.

– Керзі етік дейсің бе? Керзі етікке бақандай бес кітап қосамын. Бұл ауыл таза кітап оқымайды екен. Міне, қараңызшы, тау-тау боп, қайран әдебиеттер, үйіліп жатыр.

– Сонда қандай кітап бересің, шырағым?

– Немісше-орысша сөздіктің үшеуін, «Механизаторға көмек» деген кітаптың екеуін аласыз.

– Ойбай-ау, оны мен не істеймін?

– Азамат, керзі етік керек болса аласың. Сауда тәртібі солай. Амал жоқ, келістім.

– Шырағым, екі метр қара береніңе не қосасың?

– Сауда тәртібі бойынша, екі келі шіріген алма қосамын.

– Қалпаққа ше?

– Екі кір сабын.

– Күпәйкеге?

– Күпәйкеге дейсіз бе? – Ол блокнотын ақтарып отырып, – күпәйкеге бес келі шеге, – деді.

– Ал бір келі халуаға не қосасың?

– Төрт тармақты бір айыр.

Осы арада менің де сиыр қыршаңқылығым ұстап кетіп:

– Онда маған жарты келі халуа өлшей қойшы, – дей қойдым. Анау да күпшегі қиқы-жиқы доңғалақ секілді қисық жігіт екен:

– Айырдың екі тармағын тастап кетіңіз, сауда тәртібі солай, – деп сазарып тұрып алды.

– Сатушысың ғой, өзің айырып бер. Сауда тәртібі солай ғой, – деп мен де безеріп тұрып алдым.

Сатушымен керілдесіп тұрғанымда, Арыстанбек қария кемпірін жетелеп келіп, манағы бір қап нәрсені сөре үстіне тастай салды да:

– Бала, ақшамды қайыр! – деді. Осы сәт мен де алған заттарымды кейін қарай ысыра салып, дүкеннен шығып жүре бердім.

– Сауда тәртібін білмейтін бұл неғылған безобразный ауыл, мұндай Шықбермес Шығайбайлармен айлық жоспарды қалай ғана орындауға болады? – деген сатушының гүжілдеген даусы дүкеннің қабырғасын кернеп бара жатты.

ҚЫЗУ МАУСЫМ

Газеттің арнаулы тапсырмасымен «Шеңгелді» совхозына барып, ат басын тірегеннен кейін, ел ағасы – директордың қолын мықтап бір қысып шығуды өзіме парыз санадым.

Ел ағасының кабинетіне кіріп барғанымда көзіме көрінген дүниелер: шарадай бір бас, басқа жабысқан түйе жапырақтай екі құлақ, біреуінде жарасы, біреуінде жамауы бар екі езу қызылды-жасылды, сарылы-ақты жолақ сызықтары бар кең жайлаудай сазарған саз бет.

Амандық-саулық, таныс-білістіктен кейін:

– Ауылыңыздың дәмі тартты ма, келіп қалып едік. Бұйырса

Шелек деген бөлімшеңізге барсақ деген ой бар, – деп жеке жоспарымның түп төркінін білдірдім.

Алғашқыда жігіт алдында қылымсыған қыздай болып отырған ел ағасы ауызымнан «Шелек» деген сөздің шыққан ыңғайында-ақ оңғақ заттай өзгеріп сала берді. Көзі қолтырауыннан қашқан бұқаның көзіндей аларып кетті:

– Ш-шелек... Сол Шелегі түскіріңе катынастың өзі қиын... Сол Ш-шелегі түскіріңе бара-бара табаным сарысу түсті... С-сол Шелекке, құрметті қонағым, бұл жолы егін орағы – қызу маусымда бармасаңыз да болады...

– Ағасы, онда доп ойнап, асық үйіруге барғымыз келіп отырған жоқ. Тапсырманың реті солай.

– Сол Шелегі түскіріңе дәл қазір көліктің реті келмейді-ау. Бәрі қазір науқанның ретімен жүр. Өзімнің төрт аяқты жаман арбам бар еді... Сол Шелегі түскіріңе бара-бара табанына тікен кіріп, сарысу байланды білем. Гаражда тұяқ серіппей тұрғанына төрт күн болды.

Директор осыларды айтты да менен, шамасы, бір жүз алпыс градус теріс бұрылып отырды. Тіпті, мені ұмытып кеткен тәрізді...

Үнсіз отыра берудің ыңғайы келмеген соң шаруашылықтың жер-суын сұрастыра бастадым.

– Апыр-ай-ә, деймін мен таңдайымды қағып, – тақиядай жерге осыншама малды қалай өсіріп отырсыздар?

– Өсіресің деген соң өсіріп отырмыз. Сиыр жайылған жерге қойды, қой жайылған жерге жылқыны жайып алатын кездеріміз де болады. Бірақ...осы тәжірибелерімізді кәзитте көрсету керек қой. Келген кісілердің бәрі де бізді ақымақ етіп, сынап-мінеп тұралатып кетеді.

– Дегенмен ескеретін жәйт екен. Көзсіз ерлік жасаудың үлгісі ғой мынау.

– Директор енді маған бұрылып отырды. Жүзі жылына бастағандай. Байқаймын, менің сөздерімді теріс көріп отырған жоқ. Осыны аңғарған соң:

– «Шеңгелдіні» басқарғаныңызға көп болды ма? – деп сұрадым.

– Ит қырылғаннан бері ғой... турасын айтқанда совхоз қазанының құлағынан ұстағаныма он бес жыл.

– О-о-о! Онда тәжірибеңіз баршылық екен. «Кайраттың» оңбай жүргені басшыларының алмаса беруінен болып отырған жоқ па?

– Иә, иә, ол совхоз да оңбай келе жатыр ғой... Мен мыр етіп күліп жібере жаздадым. Күлмегенде ше, мен футболды айтсам, ол шаруашылықты айтып отыр. Сасқанымнан ауызымды кере ашып, есіней қойдым.

– Сізді сыртыңыздан көп естігенбіз. Естіген сайын бойын қарттық шалған кісі ме деп қалушы едім. Ал, мен сізге қырықтың өзін қимай отырмын.

Директор сылқ-сылқ күлді. Сылқ-сылқ күлді де «Жер ортасынан асып барамыз-ау» деді. Көңілденіп орнынан атып тұрды. Бөлмені кезіп-кезіп келіп креслосына қайта отырды.

Отыра бере телефон құлағына жармасты. Ар жактан «да-а-а»-деген шіңкілдек дауыс естілді.

– Әй, сен бүгін бітіремін деп едің. Онда неғып омалып отырсың? Жет, жылдам.

Кабинетке бір қағылездеу жігіт кіріп келді. Кіріп келген бетте:

– Асеке, «өзімнен хабар жеткенше тұяқ серіппе» деген соң... Үш күннен бері... хабарсыз кеткенім рас...

– Жә-жә. – Келген жігіт жым болды. Оның шофер жігіт екені айтпай-ақ белгілі еді.

– Ал, қонағым, – деді директор орнынан тұра беріп, – алдымен иек астындағы сиырларды көреміз бе, әлде алыстағы егінді көреміз бе?

– Жақыннан сыпырта көргеніміз жөн болар.

Сауын басына келдік.

– Сүт сауу бізде өте жақсы емес... шамалылау...Былайша, інішек, шамалылау дейміз ғой, әйтпесе, сын көзбен үңілгенде, маз еместеу. Дегенмен күніне бір-бір топатай сүтті қиналмай береді. Жылына екеу ара, үшеу арадан мөңіреп тұрып бұзау тауып береді. Осылардың арасынан соғым да табылады...

– О! Жақсы екен. Менің бір совхозда болғаным бар. Ондағылар сиырлардың емшегіне емес, мүйізіне қарап отыр. Шайлық сүт қой-ешкілердің мойнында.

– Иә, біздің сиырлар оларға қарағанда жаман болмауға тиіс. Біздің сауыншылар да онша жаман емес. Өне, қараңызшы, анау тарамыс келіншекті. Қандай асау сиырлар болса да емшегіне кенедей жабысады да қақтап сауып алады. Бұлардың қасында «Каруселің» мен «Елочкаң « түк емес.

Егін басына келдік. Ойма таздың төбесіне шыққан шашау шаштай бидайды көріп:

– О, о, жаман... еместеу екен, – дедім.

– Иә, иә, жақсы болмаса да, өзіңіз айтқандай, жаман еместеу.

Былтырғыдан көп тәуір. Көп тәуір болғанда гектар басы үш центнерден өнім алатынымызға ешқандай күмән жоқ.

– О, о, жарайды, жарайды, «Желсоққан» деген жерде гектар басы тоқсан келіден жинағанын естігенім де, көргенім де бар.

– Өте дұрыс айтасыз. Менің де естігенім, көргенім бар... Бірақ келген қонақтардың көбісі соларды айтпайды. Бәлен деген ит өлген жерде гектар басы екі жүз, үш жүз пұттан жи-

нады деп, долбар айтып, желбуаз сөздермен қарын қампитып кетеді... Сіздің әділдігіңіз, мәселені талдап, салыстырып, салмақтап шешетіндігіңіз қатты ұнайды маған...

Менің шаруашылықты көтермелей айтқан сөздерім Асаубай Тұсаубековичке жақты білем, ол:

– Біз сізге жақсылау деген жерімізді көрсеттік. Енді құдайдың қаһары соққан Шелекті де көре кетіңіз, – деді.

Мен ештеңе айтқан жоқпын. Директор сөзін әрі қарай жалғады:

– Шелектің басқарушылары, өзіңіз айтқан «Қайраттың» басшылары сияқты, сасай-масай болып келеді. Ақылы бүтін адам болмайды. Бүгін келіп жүгін түсірсе, ертең сол жүгін қайта тиіп алып, зым-зия жоғалады. Осы Шелегі түскіріңе келе-келе...табаныма сарысу байланды демедім бе?

Директор машинаның артында шалқайып жатып ұйықтауға кірісті. Мені өз орнына: «Сіз құдайы қонақсыз ғой», – деп зорлап-зомбылап отырғызып қойған.

Шелекке келіп тоқтадық. Мен машинадан түсе бергенде-ақ бір кісі торы төбелмен шауып келіп тоқтай қалды:

– Асаубай Тұсаубаевич, машинаңыздың сыртынан танып қап... малдардың сусыз қаталап жатқанына бір апта болды...

– Жолдас директор, менің айлық алмағаныма үш ай болып еді...

– Жолдас директор, менің әйелім босана алмай жатыр еді... Бөлімшеден көлік табылатын емес. Киналып тұрғаным. Сізді көріп...

Лезде маңайымыз опыр-топыр болып кетті. «Мен құдайы қонақ едім. Директорларыңыз міне, түсіп келеді», – деп айтуға шама келтіретін емес.

– Ау, өз директорларыңызды танымай, қонақтың жағасына жармасқандарың қалай? – деп Асаубай Тұсаубаевич те түсе сөйлеп жатыр.

– Ау, құдайы қонақтың мазасын алмай қоя тұрындар. Қалтама салып әкелген ақша жоқ, су жоқ, машина жоқ... Осы Шелегі түскіріңе аяғың тисе бар ғой, адамдары жылап-еңіреп қоя береді...

Біз сол күні совхоздың алты бөлімшесінде болып алты ет жедік... Қай бөлімшеге келсек те ас дайын тұрады, іссапар жайына қала бастады. Алтыншы үйден шыққанда, директор бала құсап елпілдеп кетті...

Ертеңіне ел ағасына кіріп, облыс орталығына кететінімді, автобусқа билет алғанымды айттым.

– Інішек, қойыңыз, қойыңыз. Ел болып отырып, қонаққа көлік таба алмасақ... өлім ғой.

– Жо-жоқ, әуре болмаңыздар. Егін орағы – қызу маусым. Сіздерге әр минут қымбат қой.

Осы кезде совхоздың бас агрономы, бас инженері, бас зоотехнигі кіріп келді.

– Ал кеттік, – деп олар мені балаша көтеріп қолтықтай жөнелді...

Зулап келеміз. Алда – директордың машинасы. Артта – бас агрономның, бас инженердің... машиналары. Артымызда егін орағы – қызу маусым қалып барады. Шелектегі шырылдаған ағайындар, бір гектардан үш центнер өнім алатын «озаттар».

ҚҰЛАҚ КАҒЫСҚА ҚҰЛАҚ АСҚЫШТЫҚ

Бөлімше басқарушысы Сәлім таңертеңгілік тысқа шығып, аспанға қарап, ауызын кере қарыс керіп есінеп тұрғанда ызғар шашқан қара тулақ бұлттардың жөңкіле көшкен нөпір көшін көріп: «Бұ жарықтық ауа райының өзі мендуана жеп басы айналған адам сияқты құбылмалы болады екен-ау. Кеше ғана таңертеңгі сауылған сүт сәскеге дейін іркіт болып кетіп еді ғой», – деп қынжылған кейіп білдірді. Қыстың таянып қалғанын құмалақ тартқызбай-ақ сезді. Бірақ әйелі Сәлиманың жылы-жұмсағына ұя салып, тұқым өрбітіп жүрген қара шыбындардың әлі де көптігін жақсылыққа жорып: «Күз ұзақ болады екен», – деп қорытты. Тіпті, ол үшін биылғы қыстың өзі бұл бөлімшеге жетпей жолда «аварияға» ұшырап келе алмай қалатындай көрінді.

Ол осылайша тоқ көңіл болып жүргенде, бір күні совхоз директоры телефон арқылы: «Сәке, бүгіннен бастап мал қыс-татудың екпінді айлығы басталды. Ал, енді құлағаның болса тұрғызып, сынғаның болса бүтіндеп, жыртық-тесігің болса бітеп, қамдана баста», – дегенде барып қана қыстың келе жатқаны еріксіз есіне түсті.

Сәлім директор сөзінен кейін бөлімше активтерін тегіс жинап жіберіп, былайша қысқаша нұсқау сөз сөйледі:

– Вот, жолдастар, сөз қысқа. Директор жолдас айтқандай, биылғы қыс та келіп қалды. Бізге қыс дегенің әбден ата жау

болып алды ғой. Былтыр қисапсыз малымыз осы қыстың қоржын-қолаңында кеткенін жақсы білесіздер. Вот, биыл сиырларымыздың мүйізі сырқырамайтын, қойларымыздың танауы бырқырамайтын болсын. Ол үшін Қап тауындай жемшөп, Ніл дариясындай су, тас қамалдай берік қора керек. Ал, бұл жағы бізде өздерің білесіндер, аздау ғой. Сол үшін бүгіннен бастап, вот, шұғыл шаралар қолдануымыз керек.

Сәлім кеңседен шыға машинаға мініп, мал қораларына қарай тартты. Бәрін аралап, көріп жүр. Қоралардың төбесі күн астында қырық жыл тұрып шұрқ-тесік болған жабудай желп-желп еткенін, бірінде есік, бірінде көсік жоқтығын көргенде, «бірін қалдырмай өртеп жіберіп, қайта салса ғой, шіркін» деп ойлады. Ол екінші бір қораның құлаған қабырғасынан үшінші қораның құлаған төбесін көріп тұрғанда: «Әй, біздің үйдегі қора да осы халде ғой, не ғып мелшиіп тұрсың, – деп әйелі құлағына сыбырлағандай болды.

Сәлім айылын тез жиып, бөлімшедегі балташының үйіне қарай тұра жүгірді. Ол сол күні-ақ өзінің мал қорасын жөндеуге кірісті. Үйінің маңына бөлімшедегі құрылыс материалдарын әкеп үйіп тастады.

Бір күні совхоз директоры телефон соғып, Сәлімнен бөлімшедегі жемшөп жайын сұрады. Осы сәт оның ойына: «Биыл малымыз өскенін білесің бе? Алдымен өзінді ойла, ынжық неме. Үйдегі шөп қыс ортасына да жетпейді», – деген әйелінің сөзі тағы ойына орала кетті.

Сол күні Сәлім үйіне тағы да екі-үш машина шөп түсіріп алып, үстін сабанмен жауып қойды.

Дегенмен айлық басталғалы Сәкенде маза жоқ. «Орталықтан нендей нұсқау келер екен?» – деп кеңседе күні бойы сарсылып отырады. Құрылыс материалдарын күте-күте әбден шаршады. Әйтеуір, төрт-бес кісінің қораның ішін тазартып жүргеніне маз.

– Сәке, осы бізге биыл көмір түсірмейсіздер ме? – деді бірде бөлімшедегі шопанның бірі.

«Алдымен өзінді жарылқап ал». – Әйелінің сыбыры Сәлімнің құлағына еркін жеткендей болды.

– Сәке-ау, осы бізге биыл тон береміз деп едіңіздер ғой? – деді бірде бөлімшенің озат малшысы кеңсеге келіп.

– Береміз, береміз. Біреуі болса – сіздікі, – деді ол жылдамдатып. «Жоқ, біреуі болса, өзімдікі», – деп неге айтпайсың?» – деп жекіген үн жеткендей болды оның құлағына.

Ол совхоз жұмысшылар кооперациясының есігін бір жеті күзетіп, ақыры әйелі екеуіне бір-бір тон алып қайтты.

Айлық аяқталуға жақындап қалды. Бөлімшедегі мал қораларының жартысы да жөнделіп бітпеген. Малшының біреуі: «Сәке, қыс болса келіп қалды, мына қоралардың шұрқ-тесік қабырғасын шұлғауымызбен бітейміз бе?» – деді.

Сәлім осы сәт биыл екі шұлғауын бірдей өзінің қарамөшке сиыры жеп қойғанын есіне алып, ауылдағы дүкенге қарай беттеді.

Шіркін, Сәкең елдің құлақ қағысына ерінбей ықылас қойғыш-ақ.

ҚОЛДЫ БОЛҒАН ҚОРАЗ

Газет шаруашылығының бір жақ пұшпағын емін еркін илеуге кіріскелі, қыздар киіп жүрген шалбардың балағындай далитып тұрып фельетон жазып, облысты бір шулатып тастауға бүйірім қызып жүрді. Бірақ қаншама барсам да алдымен очерк пен суреттемелерге лайық материалдар «біз мұңдалап» шыға келеді де, фельетонның табиғатына лайық нәрселер илеуге кірген құмырысқадай таптырмай-ақ қойды.

«Әй, осы жолы дәм тартып ел аралауға шыға қалсам, әлемнің жарты шарын шарлап кететін фельетонның тақырыбын таппай келмеспін-ау» – деп азу тісімді күніне он қайрап, жүз шықырлатып жүргем. Орайы келе қалды. Шұғыл тапсырмамен итарқасы қиянда жатқан бір совхозға жүретін болдым күндерде бір күн.

Әлгі совхоздың жеріне тұяғым іліге кездескенім жас шамасы сексендердегі қария адам болды, іштей «тісі жоқ адамның ауызында сөз көп тұрмаушы еді» деген ниетпен одан:

– Сақалыңыздан айналайын ақсақал, ауылыңызда жатқан-тұрған, фельетон бар ма? – дедім амандықтан кейін.

– Не дейсің балам? – деді қария қалқиған құлағын түйе жапырақтай алақанымен қалқалап.

– Фель-ет-он бар ма? – деймін, – фельетон?

– Ә, пәтепон деймісің, бар.

– Жоқ, менің іздегенім пәтепон емес, фельетон, фельетон.

– Е, пима-тон десеңші... Дүкені жоқ жерде пима-тон бола ма? Ал, бала, мен асығыстау едім. Көп кешіксем, кемпірімнің кездік ала жүгіретін қояншығы бар еді, – деп қария қолын бір сілтеп өз жөніне кетті.

Сөйтіп, осы жерге келгеніме бір күн өткенде, тәңірім жарылқағыр орта жастан асқан бір адам келді де, асты-үстіме түсті.

– Бала, меңде фельетон бар. Аты-жөнім Сауысқан Саққұлақов, – деп алдыма ат басындай алтынды алтын табаққа салып әкелгендей болды...

Әлгі кісі біз келген совхоздың директоры Дікдіктің дәрекілігі һам паракорлығы жайында іздесең таптырмас нақты мысалдар мен деректерді алдыма жайып салды. «Ал, отағасы, – деймін мен тыңдап болып, – осы айтқандарыңыз шынымен ақиқат ақпар болса, директорыңызды қаңғытып жібермесем, оңбай кетейін», – деп қарияға уәдемді бердім.

Ілезде аудан орталығына келіп Дікдік туралы сұрастырып білсем, Сауысқанның айтқанында қандаланың қанындай да қоспа жоқ екен. Енді мен қуанғанымнан болашақ фельетонымның бас тақырыбын да ойланып, блокнотымның бір шетіне «Дікілдек Дікдік» деп жазып та қойдым.

Келесі совхозға тартып кеттім. Бұл жалғанда «жүргенге жөргем ілінгіш қой», ол жерден де біреу кездесе кетіп:

– Ағасы, көлігіңізге бір емес, он фельетон арттырып жіберейін. Бір Елеуішовтің елеусіз боп жүрген істерінің өзі «К-700» тракторының қос тіркемесіне сыймас, сірә, – деді.

– Елеуішовің кім, әй?

– Кісінеген жылқы, мәңдіреген сиыр, маңыраған қой-ешкіні түгімен жұтқан совхоздың бас зоотехнигі.

Жігіттің айтқаны да ақиқат болып шықты. Енді Дікдік пен Елеуішовтің ісін салыстырып, салмақтап, саралап, екшеп байқасам соңғысының қылмысы ауырлау да, оқиғасы да қызығырақ сияқты. Әрі директор туралы әңгіме бір күн де болса кешігіп қалды емес пе. «Қой, Дікілдек Дікдік» деген фельетоннан гөрі «Қылқанды қылмен жұтқан жалмауыз» деген фельетоным өтімдірек те, өткірірек те болар»– деп ең алдымен зоотехник туралы жазуға белді бекем будым.

Осыған бекінген тұста: «Мен бүгін бір фельетон естідім», – деп айқайлап жүрген бір жігітті көрдім. Көрдім де жетіп барып:

– Балақай, сәл бөгеліп, фельетонның аты-жөнін айтшы өзің, – дедім әлгінің етегінен тартып.

– Ағасы, етегімнен тартқыламаңыз. Көрінгенге айтар фельетоным жоқ. Тек газетке жазатын адам болса ғана айтам.

– Жазғанда мына ағаң, мұрныңды тегістеп бет қып, бетіңді ысып шелпек қып жібереді. Естідің бе?

– Ал, дұрыстап илесеңіз, біздің бөлімше бухгалтерінің беті бүкіл ауылымыздың қазанын толтыруға жетеді... Алдыңғы жылы мас болып өгізден құлап өлген Тотайдың атынан ақша алып әбден жардай боп семіріп алды. Менің айтайын дегенім осы, ағасы.

Осы мезет менің ойыма: «Өгізден құлап өлген Тотайды тірілткен бухгалтер» деген үшінші фельетонның бас тақырыбы сап ете қалды. Бұл фельетон тұрғанда директор Дікдік, зоотехник Елеуішов туралы жазу маған, тіпті, ерсі болып көрінді. Бірақ мен бар болғаны үш фельетонның тақырыбын тапқаныма ғылыми жаңалық ашқандай қалпағымды аспанға атып қуанғым келмеді. «Жоқ, кем дегенде бұл ауданнан тағы бір фельетонның жүгін арқалап кетуім керек. Білсін менің кім екенімді халайық», – деп ойладым.

Бұл жолы шынында да қызық оқиғаға тап болдым. Тауық фермасының күзетшісі түнде бір әтешті қапшығына салып алып кетіп бара жатқан жерінде ұсталады. Ұсталмайды екен. Әтеші құрғыр қапшыққа кіре «қоқ-қоқ», – деп тауықтарымен қоштасқандай қырри-шырри дауысқа салып кеп жібереді. Осы сәт қонақтан келе жатқан ферманың зоотехнигі күзетшені ұстап алады...

Нағыз фельетондық тақырып деп осыны айт. Мұның қасында директор, зоотехник, бухгалтер туралы фельетон жазу түк те емес. Осындай берік байламмен облыс орталығына аттандым.

Менің бұл жолғы сапарым адам айтса нанғысыз сәтті болды. Мен ақыры әтеш ұрлаған күзетші туралы қыздар киіп жүрген шалбардың балағындай етіп «Қолды болған қораз» деген фельетон жазып, арманымнан шықтым.

Бүгіндері редакциядағы ең мықты фельетоншылардың бірімін.

БЕУТАНЫС

Жолдыбайды біраздан танымын. Біғыты келсе кетпен шауып, орайы келсе орақ оратын, қысылғанда қысқа жіптен күрмеу шығара беретін епсекті жігіт деп, бағзы бір азаматтардан естіп жүрмін. Бірде Жолдыбай менің қызмет орныма ендігіп, үздігіп, желмаядай желе жортып келді де салған жерден:

– Шореке, бірер қызыл құлақтың әбден зары өтіп тұрғаны...А-а-а... Шореке, ышқыр қалтаңызда бәйбішеңізден тығып жүрген пиуалық бірденеңіз бар болар,ә? – деді.

Түріне қарасам, оңбай қалыпты. Сасқанымнан бір қызыл құлақты төс қалтамнан суырып алып, саусағының арасына қыстыра салмаймын ба.

Сонда қызыл құлақты сықырлата бүріп тұрып Жолдыбай былай деді:

– Шореке, мына қызыл құлақты осы үш күнде алақаныңа қайта саламын. Салмасам...ых...ых... Қайта салмасам бар ғой, Шореке, қалған ғұмырымда еркек болмай өтейін. Айтқан антым атсын. Вот, мінекейіңіз, – Ол екі-үш рет сұқ саусағымен кеңірдегін пышақ жанығандай сызып-сызып жіберді.

Айтылған үш күн өтті, Жолдыбай жоқ. Бес күн де өтті, он күн де ағып өте шықты. Жолдыбайдың сайда саны, құмда ізі байқалмады. Үшқан құс, жүгірген аңнан да хабар жіберер емес.

«Байғұс-ай, әп-әдемі-ақ еркек сияқты едің. Айтқан антын атса, берген уәденде тұрсаң, ендігі әйел-жұрағаттың санатына қосылдың-ау. Анау көлдей шалбарыңның бір балағын юбка етіп киіп алып, автобуска мініп-түсуің де бір ақырзаман болып жүрген шығар», – деп ойладым.

Сөйтіп жүргенімде Жолдыбайды ойламаған жерден автобустың ішінде көзім шалып қалды. Өз көзіме өзім сенбей тұрмын. Жолдыбайым артқы орындардың бірінде кәдімгідей еркек боп қонжиып отыр екен. Бұтында баяғы көлдей шалбар, басында баяғы ши қалпақ.

Дұрыстап тұрып қайта қарадым. Сөйтсем, жаңа ғана бір өзі жағасы жайлау болып, шалжиып отырған Жолдыбайым бет-ауызын газетпен жауып ала қойыпты. Анда-санда маңдайындағы сызаттары ғана қылаң беріп қалады.

Автобус аялдамаға келіп тоқтағаны сол еді, шар еткен дауыс шықты. Бір баланың аяғын езе-мезе есікке ұмтылып бара жатқан Жолдыбай екен. Жерге аяғы тиісімен-ақ құйын көтеріп әкеткендей кейін қарай безе жөнелді. Мен аң-таң құйында қала бердім.

Бір демалыста қаңғалақтап жүріп, қала сыртындағы жағажайға бара қалдым. Келе жатып анадайдан көзім шалды. Жолдыбайым алқалы топтың жуан ортасында волейболға қырғидай тиіп, оңды-солды гүмп-гүмп соғып жүр.

Кенет... Жолдыбай көз алдымда ғайып болды. Сына боп жерге кірді ме, құс боп аспанға ұшты ма белгісіз.

Көл бойында бүгінен де, шігінен де тырайып, қыздырынып жатқан еркек-әйелдерді қолмен санағандай ғып санай қарап келемін... Өңкей тыр жалаңаш майда балалардың арасын аралап келе жатқанымда, өгіздей болып діңкиіп қос бүйірін солқылдата соғып, ыңқ-ыңқ етіп біреу жатыр. Зер салып байқасам, Жолдыбайдың нақ өзі.

– Жолды-еке, бұл қай жатыс, нендей ыңқыл? – деймін сыр тартып.

– А, а, Шортанбысыз? Ой, сұрамаңыз. Шореке. Үш сағаттан бері мұрнымнан бір шелектей қан ағып, өлмелі болып жатырмын. Енді-енді тыйыла бастады. Ых...ых. Басым-ай... Жүрегім-ай... Бүйрегім-ай... Сегізкөзім-ай...

Жолдыбай ойбайлап жатып тұла бойындағы ақзалардың бәрін бас-басына ата-тегімен шақырып, түгендеп шықты.

Жолдыбайды үшінші рет тағы да автобус ішінде кездестірдім. Бір келіншекпен ауыз жаласқандай болып отыр еді.

Бейне наркоз қабылдаған адамдай-ақ, табан астында алдына қарай сылқ ете қалып, қалғып кетті.

Арада бір жыл өтті. Жолдыбайым әлі күнге дейін еркек боп жүр. Бұтында бәз-баяғы көлдей шалбар, басында бәз-баяғы ши қалпақ. Тек бүгінде мені ол танымайды, мен оны танымаймын. Мені көрсе бейтаныстай бұрылып кетеді, амандассам – атаңның басы керек пе, әлде менде алашағың бар ма дегендей ажырайып келіп қарайды. Қарайды, қарайды да өзі жылысып жүре береді.

Жолдастар, асылында Жолдыбай сынды таныстардың бейтаныс бола қалуы бәлендей қиын емес екен. Сынағыңыз келсе ондайларға қарыз берсең жетіп жатыр.

ЖЕРҰЫҚ (интермедия)

Қатысушылар:

Тықыр – жасы 65-те

Жұмыр – ол да 65-те

Тықыр мен Жұмыр облыс орталығындағы бір көшенің қалтарыстау жерінде кездесіп, шүйіркелесе бастайды (екеуі де көңілді).

Тықыр: Асса-лау-мағалей-й-кум, Жұмеке құрдас!

Жұмыр. Уа-ғалей-күміс-сәлем-м, Тықыртайсың ба? Иә, қалай, үй-ішің, бала-шағаң, мал-жаның, қора-қопсың... дегендей, көрші-көлемің, оң жағың, сол жағың... дегендей, астың-үстің... дегендей... әйтеуір бәрі аман ғой?!

Тықыр. Аллаға шүкір, бергеніңе тоба! Бәрі де – оң жағымыз да, сол жағымыз да, астымыз да, үстіміз де дін аман. Әйтеуір жалғыз баланың арқасында Алматы мен Мәскеуді, Нью-Йорк пен Парижді көрмесек те Қостанайды көріп тамашалап, оның он қабатты үйлерінің біріне қойып кеп кеттік қой.

Жұмыр. «Қойып кеткенінді» естіп жатырмыз ғой. Енді былай ептеп қайта шығарынды да ойластырып қойған боларсың?

Тықыр. Сен не деп кеттің-ей! «Қайта шығарынды ойластырып...» дегенінді миымның қақпай тұрғаны.

Жұмыр. Қақпаса қақпас та... Әуелден жартылай бірдеңе екенін білеміз ғой. Онда «шәригіңнің» қақпасын далитыңқырап ашып қой, айтайың. «Топырақты жерде өлім бар» дейтін ғаклияны естіп пең?... естісең алда-жалда, жазатайым, оқыстан... былайша айтқанда... ар жақ бетке өтіп кеткен жағдайда дегендей, бала-шағаңа, әлгі...мыжырайған бірдеңе... то есть кемпір сымағыңа...

Тықыр. Әй, әй, басқаға тиіссең де «алтыннан ардақты, күмістен сымбатты» кемпіріме тиіспе. Оның жолында өліп кетуге бармын. Оған тіл тигізгенді бурадай шайнап тастаймын...

Жұмыр. Жә, жә, қойдық, жаңағы кемпірсымағыңа... то есть бәйбішене өсиет-пәсиеттен бірдеңе айтып қойдың ба дегенім ғой.

Тықыр. Е, тәйірі-ай, манадан бері ыңыранып, күшеніп-тышанып, ісініп-кебініп айта алмай отырған жалғыз ауыз сөзің осы ма? «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» деген ып-ырас қой өзі. Слушай, өсиет-өсиет болсын, «пөсиет» дегенің не пәле?

Жұмыр. Оның несін ежіктеп сұрайтыны бар, өсиет-пөсиет дегенімде әлгі анау-мынау, көди-сөди, шорт-морт, қырт-шырт деген сияқты қос сөздер тіркесі ғой. Менің саған шығарыңды ойладың ба дегенім... мәселенки жаңағы мен айтқан арғы бетке өтіп кете қалғаныңда мына состиган, бір қап сүйек аркалаған дененді апарып тастайтын зираттың адресін отбасыңа құлаққағыс қылып қойдың ба дегенім ғой (күледі).

Тықыр. (күле түсіп). Немене өсиет-пөсиет айтпасак қойылмай қаламыз ба? Бұл жағына сен мықтысың ғой. Бәлкім былай (қолымен көрсетеді)... әлгі неменені... қазғызып та қойған шығарсың?! Қазір ондайлар да шығып жүр ғой. Жазда дайындап қойса арзанырақ болады дейді ғой.

Жұмыр. «Қазғызып» дегеніңнен шығады-ау, жақында сол жаққа екі рет барып, екі рет келдім, сен әлі естімеппен?

Тықыр. Естісем құлағым таскерең болсын. Сонда қалай, екі өліп, екі тірілдің бе?

Жұмыр. Дәл солай.

Тықыр. Ғажап екен! Сонда өзіңнен өзің өліп қалып, сосын жатып-жатып, әбден надоел болғасын тұрып кеттің бе? Өлде біреулер аяғыңды аспаннан келтіріп, біреулер үшкіріп, тірілтіп алды ма?

Жұмыр. Ойбай-ау, сен әлі естімеген екенсің ғой. Кісі жүз емес, мың жасаса да тіршілікті көзі қиып кете ала ма? Біреулер кәдімгідей жанымды жаһаннамға жіберді де, екіншілері кәдімгідей тірілтіп алған ғой.

Тықыр. Ойпырмай, ә? Мынау бір мен өмірбақи естімеген экстремальный төтенше оқиға екен.

Жұмыр. Дұп-дұрыс, пып-правильно айтасың. Бұл нағыз ненормальный оқиға.

Тықыр. Газеттерде көңіл айту, қазанама шығып үлгермеді ме, әйтеуір?

Жұмыр. Атасының басына шыға ма? Мен араға күндер салып, айлар салып өлсем екен... Мен деген бас-аяғы бір күнде, екі тіріліп ол жаққа екі барып, екі келдім емес пе.

Тықыр. Апырма-ай, Жұмыртай-ай, ылғи асығыс жүресің-ай! Баруың да тез, келуің де тез. Шамасы ол жақта бір проходной двор болды ғой.

Жұмыр. Қайдағы проходной дворды айтып тұрсың сен, нағыз тәртіп, нағыз шылқымай сонда, жолдас Тықыр.

Тықыр. Ол жақты тым мақтап кеттің. Кимайтын жер болса бұл жаққа жып-жылдам ғана, сумаң етіп неге қайтып келе қойдың екен, ә. Немене сенсіз перестройка тоқтап қалады деп қорықтың ба? Шылқы майда шалқиып жата тұруың керек еді.

Жұмыр. Несін айтасың, барса – баратын-ақ жер енді. Нәрсе-қара, дүние-мүлік дегенің... тау-тау үйіліп жатыр. Ал мынау дегенің (қолымен кеңірдегің шертіп) жәшік-жәшік, вагон-вагон... состав-состав... Ең қымбаты 2 сом 87 тиын деп естідім. Шіркін-ай! (қолдарын бір-біріне ысып-ысып жібереді). Айтпақшы бос составтар бері қарай даңғұр-дұңғыр келе жатады, толылары әрі қарай ыңыранып бара жатады.

Тықыр-ау, өзің көп мылжындамай әуелі сол жаққа қалай барғаныңды айтшы. Егерки барып-келуі пәлендей қиын болмаса мен тіпті екі емес, он шақты рет барып келейін. Зәрудің бәрі сол жақта үйіліп жатыр деп кісінің сілекейін шұбырттың ғой өзі (аузын сүртеді).

Жұмыр. Сен сияқты дүние қоңыздардың телегей-теңіз тегін дүниені көрген соң бұл жаққа қайтып келмей қалуы да мүмкін. Ең болмаса мына менің кемпірім сияқты мынауский деген (бас бармағын шошайтады) кемпірің де жоқ...

Тықыр. Ай, ай, кемпір жаққа барыспайық. Кемпіріме тиіскен кісіні екі шайнап бір-ақ жұтам. Оллаһи! Сен одан да маған қалай өліп-тірілгеніңді тезірек айт!

Жұмыр. Жарайды, емешегің үзіліп барады ғой. Ит те болсаң құрдастығың бар еді, айтсам айтайын енді, әй бірақ... бірақ (басын қасып тұрып қалады).

Тықыр. Немене басыңды тыр-тыр қасып... әлде бірдеңелерің өріске шықты ма? «бірақ, бірақ» деп бырқырай бермей, айт, бол!

Жұмыр. Айтуға қорқыңқырап тұрмын. Ол жақтағылар маған кетерімде: «Әй сен ненормальный алкаш, жер бетіне шыққанда бұл жақта товар дегенің сыңсып тұр деп аузыңды ашушы болма. Егерки айттың бар ғой, осында үшінші рет келгеніңде тыржалаңаштап қойып, терінді сыпырамыз», – деді.

Тықыр. (Ол да сыбырлай сөйлейді). Сен терінді сыпырғаннан өле қоймайсың. Бірақ сен әуелі мынаны айтшы: олар бізден өлгенше қорқа ма? Қорықса неден, қорқады?

Жұмыр. Зәре-құты қалмай қорқады екен. Бері әкел құлағыңды (залға естірте сыбырлайды). «Товарға кезек, өшірет көбейіп кетеді, – дейді, – әлемдегі тұңғыш социализм еліндегідей талон жүйесі калыптасады», – дейді. Тс-с... ешкімге аузыңды ашушы болма!

Тықыр. Тсс болса... тсс болсын, ойбай-ай! Ендігісін айтпай-ақ қой. Маған өзің қалай өліп-тірілгеніңді айтсаң болды. Жұмыр... Содан желтоқсанның дәл 31-інде кемпірім көршінің үйінен келе сала: «Ойбай, Тәйтікжанның папасы, жүгір, жүгір...» деп еденге кеп гүрс құлады. «Ойбай-ау, не болды, қайда жүгірем, бәйек боп, десем, ол «Бородин» дүкеніне жүгір, ыспырт сатылып жатыр дейді, ыспырт... Дәрі жасауға таба алмай жүрміз ғой, тез ойбай!» – деп кемпірім жүгірістің мәнін айтты. «Ыспыртты»– кәдімгі спирт қой. Содан жалғыз кемпірің жалбарынғанда жан қала ма, «Бородин» дүкеніне қарай ұштым-ай келіп. Өзің білесің ғой, жаңа жылдың алдында бірдеңе болса өзіміз де оны пәлендей жек көрмейміз ғой. Жолай ұшып келе жатып, кемпірдің дәрі-дәрмегінен бірдеңе артылатынын сезіп, одан сайын қуанышым қойныма сыймай барады. Содан... «Бородин» дүкеніне келсем... құдай басқа бермесін! Қараторғайдың ұясындай екі тесікке өрмелеген қарақұрым халықта есеп жоқ. Кезектің соңына кеп «кто последний» деп тұра қалдым. Біреулер спиртті алып шығып жатыр, біреулер сол жерде-ақ қаққа бөліп қағып тастап, кезекке қайтадан тұрып жатыр... бір мезет менің де кезегім жақындап, әлгі қараторғайдың ұясына басымды сұға бергенімде бір қазақтың жігіті: «Папатай-ай, маған да біреуін ала салшы, шөлдеп өліп бара жатырмын», – деп ақшасын ұсынды.

Тықыр. Баяғыда шөлден өліп бара жатқан адамдар су ішетін еді, қазіргілер спирт ішетін болған-ау,ә?

Жұмыр. Е, әркімнің бір сүйікті асы болады ғой. Содан спирт үшін әп-әдемі бір азаматымыздан айырылып қалармыз деп әлгінің ақшасын ала бергенім сол еді... Бет-аузы жүн-жүн, бойы сырықтай, қолдары... сізге өтірік, маған шын, кәдімгі футболдың добындай біреудің маңайдағының бәрін танкідей жапырып келіп, «сен шал кезекте тұрмаған адамның ақшасын неге аласың», дегені есімде, сосын... – жаңағының бір

«футболы» иегімнің астынан ұшып өткені есімде... Ар жағы... әлгінде ғана өзіңе айтқаным – сол жерде табанда кәдімгідей өліп қаптын...

Тықыр. Кәдімгідей бір ұрғанда тіл тартпай кеткенің-ау,ә?

Жұмыр. Ойбай-ау, анау «футбол» тигеннен кейін кісі қайдан тілге келеді. Бірден әлгі дәрігерлер айта беретін клинический смертьке қойып кеткем ғой. Мұндай өлімнің бір жақсы жері – дәрігерлер бір нәрсе біледі ғой-кісінің көз алдынан бүкіл ғұмыр жолы бір секундта-ақ елес беріп өтеді екен. Өлі де, тірі де, тамұқ та, жұмақ та – бір-бірімен ботқа боп, мый боп арласып, ыю-қию бірдеңеге айналып кетеді екен.

Тықыр. Сонда сен арғы бетке жаңағы өзің айтқан арақ-шарап артқан составпен барып қалғансың ғой шамасы. Қу неме, қандай көлікке отыратыныңды білесің-ау.

Жұмыр. Қайдағы состав, қайдағы поезды айтып тұрсың, кешше неме! Мені ол жаққа бір-ақ секундта, бір-ақ ұрғанда-ақ апарып тастаған жаңағы мен айтқан «танкі», оңбаған сұмырайдың мынадай (қолымен көрсетеді) «футболы». Түсіндің бе, кешшем?!

Тықыр. Жарайды, жарайды, көп едірендеме! Сайтаныңды мініп барсаң да шаруам жоқ. Өзің енді мол товарға қалай жолықтың, бері қарай кім әкеліп тастады? Маған енді соларыңды айтшы!».

Жұмыр. Туһ! «Товар,товар» деп жүдә қақсап біттің ғой өзің.Товарда басың қалғыр! Ол жақтың товары саған товар бола ма? Бәрібір ол жақтың размері мен біздің жақтың размері сәйкес келмейді.

Тықыр. Жә-жә! «Жақсыны көрмек үшін» деген ғой. «Товар көп, 2сом 87 тиынның нәрсесі көп» деп, қайта-қайта қақылдаған өзің емес пе. Әлдеқашан ұмыт болған нәрселерді еске салып, кісінің қай-қайдағысын қоздырып, ауызымның сілекейін шұбыртқан өзің ғой.

Жұмыр. Бізде таңқалатын ештеңе болмаған соң сілекейің әбден жиналып қалған ғой. Тыңдай бер енді сілекейінді шұбыртып, мен айта берейін. Содан...

Тықыр. Тоқ етерін, айт, тоқ етерін!

Жұмыр. Содан...жаңағы айтқан мол дүниенің үстінен топ ете қалған соң... біздің жақтың адамының ауызынан шығатын сөз белгілі... қуанғанымнан... «кто последний» деп қатарынан үш-төрт рет айқайды салдым кеп. Маңайда жан жоқ Со-

сын қайтадан: «Я первый, первый...» деп кәдімгідей орманда жалғыз адасып жүрген жандай бар дауысыммен төңіректі жаңғырықтырмайын ба? Үн жоқ. Содан сәлден кейін «Жерұйық» деген жазуы бар есіктен бір мосқалдау кісі шықты да: «Шырағым, «кто последний», «я первый» деген шыңғырған шыбын дауысыңа қарағанда сен кемелденген социализм қоғамының, советский народтың өкілі болмасаң жарар еді. Бұл жаққа келе-сала есектей әңгіленіп, жұрттың тәтті ұйқысын бөліп, қайта құру жасағың келіп тұр ма? Бұл жақ саған Кувейт пен Прибалтика, Баку мен Ереван, Тбилиси мен Кишинев емес, бұл кәдімгі «Жерұйық» – Асан Қайғы атаңның жер бетінен сарыла, табанын тоздыра іздеген жерұйығы осында табылды. Мұндай кемелденген социализм ғана емес, кәдімгі бүкіл адамзаттың арманы – коммунизмнің орнағалы қашан! Бұл жақта хан да жоқ, қара да жоқ бәріміз де хақтағаланың алдында бірдейміз», – деп екі метрге жақын сақалын бір-бір метрдей саусақтарымен салалап тарап қойды.

Сол сәтте терең зынданның түбінен біреудің кереметтей шыңғырған жан дауысы шықты. Қария менің шошынып... селк ете түскенімді сезіп қалды да: «Шырағым, бұл 1931-1933 жылдарда екі жарым миллион қалың қазақты аштан қырған Голощекин деген сойқан содырдың ащы дауысы. Оны қазақтар табаға салып күнде шыжғырып, жанын ғазап отында жазалап отырады. Енді мұндағы қазақ қауымы Қазақстанның сан жүздеген жылдар бойы қалыптасқан тарихи жерін «қи-сық доғамен» бір-ақ сызып, бүкіл бір халықтың лағнетіне ие болған, өзі мұхиттың ар жағына қашып тығылып, жанын сауғалап жүрген Солженицын деген жазушы-сымақты табасын қыздырып күтіп отыр. Сен жердің бетіне шығып, соны хабарлап кел. Менің атым – Асан Қайғы. Ел-жұртқа менен сәлем айта бар» деп көз алдымнан ғайып болды.

Тықыр. Жаның шыққыр-ау, жаның шыққыр. Асан Қайғы атаңа ең болмаса ауызыңды толтырып тұрып, кәдімгідей мұсылманшалап сәлем бермедің бе? «Мен Қазақпын, Қазақстаннанмын» деп жөнінді неге айтпадың. Әй, өзің де бір болжыр немесің ғой. Мен болсам...

Жұмыр. Пах, пах! Сен болсаң не істей қоятыныңды білеміз ғой. Сен Асан Қайғының жаңағы бір-бір метрдей саусақтарын көріп, Голощекиннің шыңғырған дауысын естіген бетте құдай

біледі деп айтайын, қолыңды ышқырыңа да жеткізе алмай қалар едің (қарқылдап күледі).

Тықыр. Жә,жә, содан жаңағы атамыз ғайып болғаннан кейін не болды өзі?...

Жұмыр. «Асан Қайғы ата, Асан Қайғы ата!» – деп айқайды салмаймын ба. Есім кіріп кетіп, көзімді ашсам: «Әй, старик, бақырма, жайыңа жат» дейді бір милиция. «Шырағым, мені мұнда неге әкелдіңдер. Әлгі «танкіні» ұстадыңдар ма?» Қайдағы танкіні айтып тұрсыз, «Бородин» дүкенінің жанында мас болып жатқан жерінде біздің жігіттер жап-жаңа ғана алып келді. Сенің басыңды құшақтап, «шумел қамысты» айтып жатқан досың ес-түссіз анау жатыр» деді... Содан, қойшы, әлгі жерде мәселенің анық-қанығына әбден жеттік-ау. «Бақсақ – бақа екен ғой» дегендей, әлгі спирттің кезегінде ұрғандар мені «жедел жәрдем» машинасына емес, милиция машинасына салып жіберген екен.

Тықыр. Апырай, мұндайда 02 мен 03 машиналары қатар келіп қалса аса қауіп екен-ау.

Жұмыр. Содан милициядағылар менен кешірім сұрап үйге жеткізіп салмақ болды. «Жоқ, мені жаңағы спирттің кезегіне қайтадан апарасыңдар, анау мені ұрған «танкіні» тауып алып қамайсыңдар» деп өзеуреп болмадым. Мың жасағыр екен әлгілер. Мені қайтадан «Бородин» дүкеніне әкеп салып, манағы «танкіні» іздеп, таба алмады.

Тықыр. Ойбай-ау, ол «танкі» алатынын алып, мана кетті ғой. Ал, содан...»

Жұмыр. Содан... кезектегілер 1905 жылы Петроградтың жұмысшылары таратқан листовкаға ұқсас этикетка жапсырылған спиртті алып шығып жатыр, алып шығып жатыр. Тағы да кезегім жақындап, әлгі тесікке үңіле бергенім сол еді, тағы бір «танкі» жетіп келіп: «Атажан, шөлден өліп барам, біреуін маған да ала салшы», – деп ақша ұсынды. «Алмаймын, ойбай ақшанды, кезекке тұр, атажандамай, өліп-тіріліп келіп тұрғаным осы» деп едім. Сол-ақ екен... Әлгінің манағыдай бір «футболы» шеке тұсымнан ағып өтіп бара жатқаны есімде... Есімді жиып алсам... кемпірім басымды ұстап, «Оу, шалым-ау, шалым-ау, ыспыртқа жұмсаған өзім едім, мені тастап кеткенің бе?» – деп гөй-гөйге басып отыр екен.

Тықыр. Иә, иә, қайтсін бірге жасасқан адамдар бірін-бірі қимайды ғой. Аанада мен бір қатты ауырып... жаңағы өзің айт-

қан жаққа... жақындап, жақындап барып қалғанымда кемпірім басымды құшақтап отырып, үш күн, үш түн жылап еді...

Жұмыр. Әй, қайдам! Біздің кемпір мен үшін үш күн, үш түн жыласа – жылар-ау, ал енді сен үшін кемпірің үш күн, үш түн жыламақ түгіл... үш минут те жыламайтыны бір құдайдың өзіне аян. Кемпірлер де кімді жоқтау керек екенін білмейді дейсің бе?

Тықыр. Сенің кемпіріңнің де қалай жылағанын білеміз ғой. Екі бірдей «танкінің» астында қалған адам кемпірінің жылап отырғанын, әлде сықылықтап, күліп отырғанын қайдан біледі... Жарайды, бір күнде екі өліп, екі тірілген мына сенің мықты бір тойың бар екен. Кара қошқар сойып, құдайы берсең де артық емес. Ал, біз екеуіміз мылжыңдасып біраз тұрып қалдық. Өз кемпірлерімізді жамандағанда өзгелердің жақсы кемпірлері бізге кемпір болып не оңдырар дейсің. 8 наурызда бірдеңе тауып алып, солардың көңілін аулауымыз керек қой. Бір-бір гүл беріп құтылсақ қайтеді?

Жұмыр. Әй, сол гүліңнің атасы шөп қой. Баяғыда Жамбыл атамыз 1936 жылы Мәскеуге барғанда қыздар бір бума гүл ұсынғанда қасындағыларға: «Шалға гүлдің не керегі бар, бұл шөпті жейтін ешкім үйде қалып еді» депті. Сол атамыз айтқандай кемпірлерімізге шөптен гөрі ең болмаса бір-бір шұлық тауып алайық. Оларға сол дұрысырақ болар.

Тықыр. Мынауың дұрыс ақыл екен. Шұлық демекші, осы сенің шұлық жағынан байлығың қалай?

Жұмыр. Шұлықтың байлығы... дейсің бе? Мәселен, әлгі өзіміз қазір жамандап, қарғап-сілеп, сынап жатқан, талон дегенің түске де кірмеген тоқырау заманында біздің әйел дүкенге барған сайын кемінде екі-үш парың әкеп тастайтын еді. Иә, басқа қарайтын достан гөрі, шуашы мұңкіген аяққа көз салатын дұшпаның көбірек болған соң не керек шұлықтың қызылды-жасылын күн сайын айырбастап отыратын едік қой. Енді қазір бір пар шұлыққа кемпірім екеуіміз қарап қалдық. Көршілерге қонаққа екеуіміз кезектесіп баратынды шығардық. Құдай-ау, шұлығым жоқ деп айтуға фашистік Германияны талқандап келген мына біздерге өлімнен де ұят сияқты. Сосын бірде кемпірім өп-өтірік төсек тартып жатып қалады... бірде мен өп-өтірік есімнен ауып, талып қалам.

Тықыр. (Жұмырға жақын келіп еңкейе беріп) Тоқырау кезіндегі байлығыңды білдік, ал қазіргі шұлығыңның түрін көрсетші, кәне?!

Жұмыр. Е, шұлық-пұлық неге болмасын. Мінекейіңіз (бәтеңкесін шешіп көрсетеді). Сонда табаны жоқ шұлықтың балтыры ғана көрінеді).

Тықыр. Оу, мынауың үр жаңа болмаса да бір киіп тастауға жарайды екен. Тап-тамаша ғой (қарқылдап күледі).

Жұмыр. Әй, өзіңнің менің бір киер шұлығыма ирелең-ирелең етіп көзіңнің құрты түсіп барады ғой. Кәне, сенің байлығыңды да көрейікші (еңкейіп Тықырдың балағын көтере береді). Аяғыңды шеш. Кәне! (Тықырдың жалаңаш аяғын көргенде Жұмыр ойбай салады).

Тықыр. Не боп қалды-ей, соншама шыңғыратын (табаны суық жерге тиген соң өзі ойбай салады). Ойбай, ойбай, едені түскір Солтүстік Мұзды мұхиттың мұзындай қарып барады ғой (бәтеңкесін киіп алады).

Жұмыр. Әй, ит те болсаң құрдас едің, кешке үйге келіп бір шұлық алып кетсейші, мынауың біртүрлі первобытнийлау екен.

Тықыр. Ой, жап-жаңа ғана кемпірім екеуімізге бір-ақ шұлығымыз бар, деп едің ғой.

Жұмыр. Мен саған екі пар шұлығым бар деп қашан айттым, мынадай, мынадай шұлықтың біреуін алып кет деп тұрмын ғой (аяғын көрсетеді). Сенен менің жағдайымның тәуір екенін көріп тұрсың ғой өзің.

Тықыр. «Дұшпаннан түк тартсаң да пайда» деген емес пе? Алсам – алайын. Ал, енді алға түс! Кемпірлерімізге шұлық іздеп келейік. Егер шұлық кезегінің үстінен түссек алдымен сен тұрарсың. Сенің кезекке тұрып жүрген тәжірибең бар ғой. Жүр, әйдә!

Жұмыр. Тұрсақ – тұрамыз. Екі өліп, екі тірілгенде, үшінші рет бірдене қылармыз. Бірақ мың күнгі жұмақтан бір күнгі тірлік артық қой, Тықыреке! Жүр, жүр... (алға түсіп жүре береді).

Тықыр. (залға қарап) Адыра қал! «Екі өліп, екі тірілдім» дейді. «Үшінші рет те бірдене қылармыз» дейді. Әзірейілдің дұрысыңа кездеспеген ғой, кездесе көрер едім мұның әуселесін.

Екінші бөлім
(Әзіл аңгімелер)

КҰЛКІСІЗ ӨМІР ҚҰЛАЗЫР



КОМБАҮНМЕН ҚАШҚАН ҚЫЗ

Облыстың ең шоқтығы биік, дiңгегi мықты «Жалтыр» кеңшарының Жаймашуак пен Күркіреуік бөлімшелері құмырысқа бел ару қыздай сылаң қағып, сызыла аққан қарт Тобылдың екі жақ арнасына жайыла орналасқан. Екеуі де тың игеру жылдарында шаңырақ көтеріп, кереге керді де содан бері өзара жарысқа түсіп, әмән текетіресумен, үзенгі қағыстырумен келеді. Кейде бәйге төрінен күркіреуіктіктер, кейде жаймашуақтықтар көрінсе, сөре сызығына ат құлағы тепе-тең жететін шақтары да жиі болады.

«Ауылы аралас, қойы қоралас» бөлімшелерде үш-төрт сатылы құда-құдандалық, яғни құданың құдасының құдасы деген іліктің тармағы жайылып барады. Іргелес қоныстардың әкей-үкей араластығы соншалық, бір ауылдың иті екінші ауылдың адамына үрмейді:

«Тәйірі-ай, қонаққа келе жатқан пәленшенің құдасы мен құдағиы ғой, жақсы болды, соңыра жас сүйек кеміруге біз де барып қалармыз» дегендей, құйрықтарын бұлғаң-бұлғаң еткізіп, көздерін ойнақшытып жата береді.

Жаймашуақтың басқарушысы Опаш ұзын тұрықты, атан жілікті, атпал денелі кісі де, Күркіреуіктің басқарушысы Түнеміс тәпелей, елік салмақты, сұлу қияқ мұртты, тез сөйлеп, дәйім дызалақтап жүретін «қаңбақ» адам. Екеуі құрдас болмаса да жарасты әзіл-қалжыңның қазанын қайнатуға шебер-ақ. Кейде сырт адамдары, аудан басшылары: «Штепсель мен Тарапунька басқаратын бөлімшелерге бара жатырмыз», дейтін көрінеді.

Биыл мамыр айының соңғы шығар күнінде, танаптарға тұқым себіліп бола берген сәтте, селдете жауған жаңбырдан құм үстіне қақ тұрып еді. Ертеңіне өзеннің екі жағындағы жағажайда кездесіп қалған Опаш пен Түнеміс бірін-бірі қағыта сөйледі:

– Опеке, кеше сен байқадың ба, біздің жерге жауған жаңбырдың тамшылары сіздің жақтағыға қарағанда іріректеу болды-ау, деймін, сірә, гектар басы бір-екі қадақ болса да өнімді сенен артық алармыз деп тұрмыз, – деді Түнеміс өзеннің бір жағында құмбелдеу жерде қыздырынып жатқан Опашқа айқайлап.

– Түнеке, «аттылығы еремін деп жаяудың таңы айырылдының» кебі келіп жүрмесін, – деді Опаш жүресінен отыра қалып. – Менің ЭВМ-імнің (электронды-есептеу машинасы) есебіне қарағанда, біздің алқапқа жауған жаңбырдың ылғалы басым. Бұл біздің артықшылығымыз де. Екіншіден, сен сепкен тұқымыңның арқасын күнге тигізбей, қара жер қойнына әкеп тыға салдың, әрі кеш септің. Ендеше сенің егінің бізге қарағанда анағұрлым кейін піседі. Естіп тұрсың ба? Ал кеш піскен егін әруақытта күзгі жауын-шашынға ұрынғыш келеді. Ондайда Түнекендер ауызға түскен ырыздықтан айырылып та қалуы мүмкін,ә? Солай,солай! Ендеше, Түнеке, менің ЭВМ-імнің есептеуіне қарағанда, биыл Жаймашуақтың күні оңнан, айы солынан шығайын деп тұр.

– Сен қолыңда жоқ ЭВМ-нің есебіне телміріп отырғанда күркіреуіктіктер қамбаны астықпен сықастыра толтырып, үйде шынтақтап жатып мыйпалау жеп отырады.

– Байқа, Түнеке! Мыйпалау жеймін деген адамға құйқа да тимей қалатын...

Бөлімше басқарушылары сол күні өзеннің екі жағасында тұрып, бір-біріне дес бермей, «мен, мен» деп кеуделерін ұрумен тарасып еді.

Күн өткен сайын екі бөлімшенің жерінде бұрын болмаған ырыс қазаны көтеріліп келе жатқаны байқалды. Ал, орақ салар сәт жақындағанда Опаштың жағажайдың басында Түнеміске айтқан сөзі шындық бетін айқындай түсіп еді.

«Жаймашуақтықтар тайлы-таяғымен ораққа шығыпты» деген хабар дүңк ете түскенде, күркіреуіктіктер егіннің көгіне қарап, көз жасын сұрткендей болған. Әсіресе, Түнеміс қанаты отқа шарпылған көбелектей ұшып-қонып, күйіп- пісті.

Мұндайда Опаш жай жатар ма? Совхоз директорымен сым ұшымен жалғасып жіберіп:

«Алтау алау болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Жаймашуақ пен Күркіреуік қашаннан жарыстас болса да, бір-бірімен жаға жыртисар жау емес. Ұшар қанаты бір, қонар көлі бір қоныстас, бауырлас елміз. Ортақ мүдде, ортақ игілік – ортақ мақсат тудырар болар. Ендеше анау Түнеміс көк егініне телміріп, кіжініп жүргенше бізге көмекке келсін. «Алаған қолым – береген», дегенді жақсы білеміз. Шаруамызды бітіріп шалжиып отырмаспыз. Түнеміске біз де қол шығарармыз», – деді.

Мәселе тез шешілді. Күркіреуіктіктер бүкіл техникасы мен адамын Жаймашуаққа үдере қаптатып жіберді. Көп күш қойсын ба, жаймашуақтықтар күздің алғашқы жаңбыры жауғанша-ақ орақтың етек-жеңін жинақтап, күркіреуіктіктерге тың күш қосуға аттанған. Онда Қара теңіз бен Каспий теңізі жағалаулары мен Еділ бойындағы елдерден келген өңкей қыран қабақ, ер мұрынды жігіттер де еңбек көрігін дауылдата қыздырып, мандай терлерін тамшылатып төгіп жүрді.

Түнеміс шаруа жайында Опаштан қалыс қалғанына іштей кейістік білдірсе де, соңғы күндердегі толағай тың күштің нәтижесінде орақтың тым ширақ бағыт алғанына балаша қуанып, қалпағын аспанға лақтырып-лақтырып алған еді. Күнді – түнге, түнді – таңға жалғастырып жүрген өңкей сайыпқырандардың қасынан кетпей қойды. Бір минут тоқтап тұрған комбайнды көрсе, төбе шашын жұлып: «Шырағым, бір сағаттан бері неғып тұрсың, мынауың бас кететін қылмыс қой», – деп шыж-быж боп комбайншыны есінен таңдырып жібереді.

Осылай дызалақтап жүрген Түнеміс қалпағын шекесіне іліп, алқапқа келгенде Жаймашуақтан көмекке келген Сапаш деген жігіттің өзі де, комбайны да, онымен қоса күркіреуіктік комбайншы Назгүл деген қыз зым-зия жоқ боп шықты. Жайшылықта күйгелек, ұшпа мінезді Түнеміс айдалада тұрып өлгенше күйіп-пісті: «Ой, желкең киылғыр Сапаш! Опаш-ай, не деген сұм, аяр едің сен. Бір комбайнымды екеуге, екі қолымды төртеуге жеткізе алмай жүргенде қапияда жігітке бергісіз қызымнан айырылдым-ау. Түскі тамаққа неге ғана бардым мен сорлы. Бұл Опаш опасыз енді қай қыз-келіншегімді қанжығалар екен, ә?» – деп кімнен өшін аларын білмей жер тепкілеп, аспанға қарап тұрғанда өкпе тұсындағы қырқа астынан «Жигулиінің» шаңын бұлттай қаптатып Опаштың өзі жетіп келді. Түнеміс амандық-саулыққа келмей:

– Өй қызыл көз найсап! Сен де қыз алып қашуға келдің бе? Кәне, алып қашшы, көрейін, – деп Опашқа түнерген бұлттай төне түсті.

Мұрты тікенектей едірейіп кеткен Түнемістің қияпатына қарап шошынып кеткен Опаш көмекке жіберген жігіттер бірнәрсе бұлдірген-ау деп ойлады. Қысылғанынан тілі күрмеліп:

– Не болды, Түнеке, не болды? Қызыңызды кім алып қашты? – дегенді әрең айтты.

– Сен түлкі жылмаңға салма! Не болғанын білмейтін шығарсың,ә? Қарай гөр, мұны. Бұйткен көмегің құрысын, жақсылығыңды табаныңа шайнап жақ, – деп Түнеміс былш еткізіп жерге түкіріп жіберді. Опашқа қаһарын төге түсті.

–Түнеке, сен өзіміздің Толик едің ғой. Қылмысым болса,- мойныма қыл арқан салып, сүйретіп өлтір. Бірақ не болғанын бүкпелемей тура айтшы? – деді Опаш машинасынан түсіп жатып.

– Тура айтпай қисық айтар деп тұрмысың. Сапаш деген жігітің қайда, білесің бе?

– Мен қайдан білейін. Өзіңе бергенді өзгеден сұрайтының қалай? Өзім совхоз орталығынан келе жатырмын, жағдайларыңды біле кетейін деп келдім.

– Жағдайымды білсең,айтайын. Сапаш деген алаяқ жігітің Назгүл деген комбайншы қызымды комбайынымен алып қашыпты. Бұл не сұмдық, ә?!

Опаш осы сәт кенеттен қарқ-қарқ күліп жіберді. Сосын одан сайын түрі сұрлана бастаған Түнеміске күле қарап:

– Сондай есті қыз комбайнмен қашушы ма еді? – деді.

– Азғырындысы күшті болса, неге қашпасын, сен жөліктен тәрбие алған бұзақылар кімді болса да торына түсіреді.

– Түнеке, – деді Опаш одан сайын күліп, – Назгүл мен Сапаштың ноқаты кем жастар емес. Олар тапия тал түсте комбайнмен қашпайды.

– Қашпаса Назгүлдің комбайны – мынау, ал өзі қайда, Сапаш қайда, Сапаштың комбайны қайда?

– Түнеке, «әліптің артын бак», деген емес пе? Шыдай тұрайық. Ал сіздің айтқаныңыз шындыққа айналып кетсе, не істейміз? Екі жасқа бата береміз де қоямыз.

– Сен бата бер дегенше, сотқа бер, деп неге айтпайсың? Жұмысқа қанша кесел келгенін білесің бе? Осы сәт қарсы беттегі қырқадан «Нива» комбайны көрінді.

– Әне, анау «Сапаштың комбайны. Жаймашуақтан келе жатыр, – деп Опаш Түнеміске қарап тағы да күлді.

– Неменеге күлесің? Ол жүгірмек Назгүлді үйіне апарып салып келе жатыр ғой. Тоқтай тұр, қазір жігітіңнің сыбағасын беремін, – деп Түнеміс алға қарай екі-үш қадам жасап, мұртын ширатып-ширатып қойды. Опаш болса сахнадан қызық көргендей екі иығы солқылдап, күле-күле көзінен жас парлап ақты.

Сапаш комбайнынан түсер-түспесте-ақ Түнеміс жанына жетіп барып:

– Әй, ұры, Назгүл қайда? Қайда апарып тастадың? – деп өкшесін көтеріп айқай салғанда Сапаш сұп-сұр болып кетті.

– Ағасы-ау, Назгүлді біреу алып қашып па? – деді кекеш-теніп.

– Жасырма, комбайныңмен сен алып қаштың, қарабет!

– А-ағасы-ау, Назгүлдің комбайнының елеушісі, м-менің комбайнымның р-ремені үзіліп, екеуіміз де қатар тұрып қалдық. Сіздердің техникалық көмек беретін адамдарыңыздан жәрдем болмады. «Запас бөлшектеріміз жоқ» деп қолдарын бір-ақ сілтеді. Сосын амал жоқ, Жаймашуаққа баруға тура келді. Назгүл өз комбайнының қасында қалды.

– Ә,ә не дейді, – Түнеміс абыржып қалды, – ойбай-ай, келімсек бір жігітпен сөзі бар деуші еді, сонымен қашқан екен ғой.

– Түнеке-ау, шын айтып тұрсыз ба? Онда мен елге, туған-туысқа қарабет болатын болдым. «Дүниенің басы сайран, түбі ойран», деген осы екен-ау, – деп Сапаш аңыз үстіне сылқ етіп отыра кетті.

– Е, сен неге қарабет боласың. Күркіреуіктің қыздары күйеуте қашады да, жаймашуақтың жігіттері қарабет бола ма? Ол не сөзің? – деп Опаш Сапашқа тесіле қарады.

– Кеткен қыздың бетінен жарылқасын, – деп миығынан жымыды. – Сапашқа сынай қарап тұр.

Сапаш орнынан атып тұрды. Түнеміске түнере қадалып:

– Назгүліңіз опасыз екен? Орақ әбден бітсін. Қазақстан

1976 жылдың миллиардын тапсырсын. Сосын бал айын өткіземіз», – деп маған берген серті бар еді. Нанбасандар – мінекей, – деп қалтасынан Назгүл екеуінің шақыру билетін алып көрсетті.

Манадан әзіл-қалжыңның артын тосып отырған Опаш одан әрі шыдамады:

– Түнеке, – сен де, Сапаштай, – сен де жүректерінді орнына түсіріндер. Менің ЭВМ-імнің есебі бойынша Назгүл ешқайда да, ешкіммен де қашқан жоқ. Өне, анау қараңдап көрінген «Сибирякпен» десте бастырып жүр. Жаңа келе жатып соғып едім, «Сибиряктің» комбайншысы бір шөмелінің басында шөлмек жастанып ұйықтап қапты. Содан полтора-Иван (совхоздың бас агрономын жұрт осылай атайды) Сапашың кел-

генше текке тұрмай, мына тентектің орнына жүре тұр, – деп Назгүлге тапсырма беріпті.

Бәрі де жамырай күлісті. Түнеміс іштей Сапаш пен Опашты тілдегеніне өкінді. Сасқанынан:

– Сенің ЭВМ-ың есептен қашан қателеседі. Қырылып қала жаздадық қой, жөлік! – деп күліп жіберді.

– Сапаш, жарайсың! Орақ аяқталғанда насай-топыр той болатын болды. Әрі өзі кадрға жарымай жүрген Түнемістің тағы да бір кадрын әкететін болдық. Түнеке, механизатор қыздарың көбейе берсін, бізде бойдақ жігіт жетеді, – деп қарқылдай күле машинасына қарай беттеді.

– Әй, жүгірмек сүр бойдақ, Назгүлге тұзақ құрып тастаған екенсің. Егер күшік күйеу болуға арланбасаң, біздің бөлімшеге көшіп кел, үш бөлмелі үй беремін, – деді Түнеміс Назгүлдің кететініне жақтырмаған рай танытып.

– Үш бөлмелі үй бізден де табылады. Түнемістің азғырындысына ерме! – деп Опаш Сапашқа қадап айтты.

– Бұл мәселені Назгүл шешеді, түбі! – деп Сапаш қолындағы елеуішті ұстап қалыңдығының комбайнына қарай беттеді.

Алыстан көрінген «Сибиряк» бірте-бірте жақындай түсті. Бір сәт Сапаш Назгүлдің қызыл орамал бұлғап келе жатқанын анық байқады.

Бұл кезде екі бөлімше басқарушысы Назгүл мен Сапаштың қай ауылда қаларын ойлап, бір-біріне қызғана қарасып қалып еді.

ДИЕТА

Қазір екінің бірінің аузынан естілетін диета немесе салмақ қуу деген сөздерден құлақ әбден сарсуға айналды емес пе. Диеталық тағамдары болмаса да диеталық асханалар мен дүкендерден көз сүрінеді. Бәрінен де диета сақтап, жанталайсып, жан ұшырып, салмағын қуып жүргендермен дастарқандас бола көрме. Неге дейсіздер ғой, – ондайлар қою тамаққа қол салмайды, сұйықтан ұрттап алмайды, айтатындары: «тойдым... қойдым», сосын кірпиязданып, кісімсініп, кінәзданып, оқтау жұтқандай сіресіп, қаққан қазықтай қақшиып, тіл-ауыздары байланып, мешелдей мелшиіп отырады да қояды. Ал, дәл осыдан кейін тәбетің тай қазан ет жерлік болса да сұйыққа

тек телміріп, қоюға жаудырап қарап отырудан басқа сенде де амал қалмайды.

Өткен жылдың дәл бірінші қаңтарында әйелімнің ақылымен, дәрігерлердің кеңесімен өзім де диета сақтаушылардың қатарына кіргенімді білмей қалдым. Әйелім Сықпылима: «Е, диетаға көшкенің дұрыс болды, соңғы кезде тіпті қарның іркілдеп, бұғағың бүлкілдеп, көз алдың кілкілдеп кетіп еді, енді бәлем белің қылыштай, мойның сырықтай, денең құрықтай болғанша салмағыңды қуып берші», – деп мені қайрап-қайрап қойды.

Алдымен қонаққа барудан күрт тыйылдым. Арнаулы талонмен арнаулы дүкеннен алып жүрген тамақтан бөтенді ауызыма салмай жүрсем де әуелгі кезде көзге түсерліктей арып қоймасам керек, байқаймын, әйелімнің де, емдеуші дәрігерімнің де маған көңілдері толмайтын реуішті.

«Қой, бұлай болмас, наукасы асқынғандардың аштықпен емделетіндері де болады ғой, әйелім бір риза болсын» деп аузыма қою тамақ татып алмасқа бекіндім. Аптасына бір құты қатық – менің бар қорегім осы болды.

Біреп аптадан кейін-ақ әйелімнің жүзі жайраң қағып шыға келді. «Міне, сен жарадың, әлден-ақ жігіт қалпыңа түсіп үлгірдің, ал бір-екі жыл диета сақтасаң сен бар ғой... нағыз жүзіктің көзінен өткендей сыптығыр жігіт болайын деп тұрсың. Ең бастысы, сен диетаға көшкелі... қаншама ақша үнемделді десеңші... Сұрама, мына қалпымызбен, бір-екі жылда... Көнектайым менің... есігіміздің алдында қайқандап «Жигули» тұрады.

Бұл жалғанда әйеліңнің қуанышын, жарқын жүзін көруден артық ғанибет бар ма. Мен Сықпылиманың «Жүзіктің көзінен өткендей жігіт боласың, есігіміздің алдында жайқалған «Жигули» тұрады» деген сөзін естігеннен кейін аптасына бір құты қатық емес, бір шыны минеральды су ішуге ғана бекіндім. Менің бұл байламыма әйелім:

– Алақай, міне тапқан ақыл, жарайсың, Көнек. Жұрт аштықпен емделгенде бір нәрсе білетін шығар. Ертеңнен бастап кіріс! – деп қуаныштан билеп-билеп жібергенін қайтерсің.

«Ердің екі сөйлегені – өлгені, еменнің майысқаны – сынғаны?» емес пе? Мен қайтсем де жүзіктің көзінен өткенше шыдап бағуға тас түйін бекіндім. Жұмысқа баруға шамам келмей

бара жатқан соң кезекті еңбек демалысына шығып, төсекте жатып алып, одан әрі салмақ қууға кірістім.

Бір күні төсегімде кірпігімді анда-санда ғана бір қағып қойып, үнсіз жатыр едім. Әйелім келіп:

– Көнектай, сүйінші «Жигулидің» кезегіне тұрып келдім. Амандық болса енді көп ұзамай жеке машинамызбен жүйткітіп бірде облыстан, бірде Астанадан қара көрсететін боламыз, – деп ұшып көкке шығып, ұшып жерге түсті.

Сіздерге айтар бір жаңалық, кісі тоқшылық заманда диета сақтап, әдейілеп ашыққанмен аштап өлмейді екен ғой. Сіздерге – өтірік, маған – шын, мен дәл қазір жүзіктің көзінен ғана емес, иненің көзінен де жылт етіп өте шығатын халге жеттім. Бірақ бір ғажабы өзімді әлі де тың сезінемін. Сонымды әйелім де айқын байқаған болуы керек, маған енді: «Сүйіктім, Көнектай, сен енді сәл шыда, болса да көлік алған соң машина емес, біржола самолет алайық», – деп қолқа салды.

Әйелім жалынып, қолқа салып тұрған соң жан пида емес пе. Оған да көндім. Енді дүкендегі тағамдардың бәрінен де бас тартып, күніне шүмектен ағызып алып, бір оймақ қана су ішемін. Жақында, жаңа жыл қарсаңында, диета сақтаушылардың халықаралық симпозиумына қатысып, дүние жүзіндегі ең кішкентай адам деген куәлік алып қайтқанымда әйелім қуанғаннан бүкіл көрші-көлемді, ойдағы-қырдағы ағайын-туыстарды шақырып қатарынан отыз күн ойын-той жасады...

Бүгіндері әйелім мені тек микроскоп арқылы ғана көретін болды. Өзімді және жаңағы айтқан дүние жүзіндегі ең кішкентай адамға деген куәлігімді көргілеріңіз келсе – құба-құп, біздің үйдің есігі әмәнда айқара ашық. Баршаңызға шымыр денсаулық, жақсы тәбет тілеймін...

КҮЛКІҢІЗДІ ЖҰТЫП КӨРДІҢІЗ БЕ?

Өткен қоян жылының дәл бірінші сәуірінде – күлкі күнінде әбден ішек-сілеміз қатқанша рахаттана бір күліп алайықшы деп қалжыңға келгенде қалжырамайтын Қоқай, әзіл десе әулекіленіп кететін Әудеш, мысқыл бар жерде мысы басар Мипаз сияқты күлкі сандықтарының ортасына түсіп қалғанымды қайтерсің. Қылжақбастық десе менің де кей-кейде бүйірім қызды-қызды болып кетер еді, қарап тұрмай:

– Ал, кәне, мықты болсаңдар алдымен күлкінің қандай түрлерін білесіңдер. Осы отырғандардың әрқайсысы кемінде оннан күлкі түрін айтып шықсыншы, – деп қалмаймын ба.

Әзіл-қалжың десе арқасы алдымен қозатын Қоқай менің ұсынысымды ести сала-ақ сайрап ала жөнелді:

– Саусақтарыңды бүгіп санай беріңдер: жайдары күлкі, ызалы күлкі, сылаң күлкі, сылқым күлкі, жымысқы күлкі, жылмаң күлкі, жыртақы күлкі, зымиян күлкі, езу күлкі, емеурін күлкі, қолпаш күлкі, қыран-топан күлкі...

– Тоқта-тоқта, ендігі кезек, – дей бергенімде Әудеш тақпақтата бастады:

– Мазақ күлкі, қарқылдақ күлкі, қырылдақ күлкі, жанесірік күлкі, орынды күлкі, орынсыз күлкі, қытықты күлкі, өтірік күлкі, шын күлкі, сәби күлкі, шала күлкі...

– Жарайсың, сен де белгілеген межеден асып барасың. Ендігі кезек Мипаздікі, – деп әбден қызып, елеріп алған Әудешті әрең-әрең тоқтаттық.

– Әжуа күлкі, мысқыл күлкі, ожар күлкі, оспадар күлкі, түрпі күлкі, миық күлкі, иық күлкі, маңғаз күлкі, тәлімсіген күлкі, кісімсіген күлкі...

– Болды, болды, енді мықты болсаң, он күлкінің түрін Көнек тапсын, – деп жаңағылар өзеуресіп, екіленіп маған тапта берді.

Үшеуінен айтылмай қалған күлкі түрлерін еске түсірудің өзі оңай болмады. Сәл-пәл ойласып алып, мен де «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп соға жөнелдім:

– Масаң күлкі, мас күлкі, жасырын күлкі, сыбыр күлкі, өкіреш күлкі, кеңкіл күлкі, зор күлкі, сор күлкі, құлап жатып сүрінгенге күлген күлкі, жыртық тесікке күлген күлкі... Айтыла түсіп жұтылып кеткен күлкі...

– Міне, жарадың, ең соңынан айтсаң да оннан асып жығылдың, жеңіс сенікі, – деп олар қырғи күлкіге басып еді, дәл осы мезет менің өңешіме бір нәрсе тығылғандай болды да қақалып-шашалып өз-өзімнен безердім де қалдым. Ауызымды кереқарыс ашқанмен табан астында күлкім зым-зия жоғалып кетті.

– Ей, сен неге безеріп қалдың. Немене күлкің көмір болды ма? – деп жатыр қасымдағы күлегештер.

– Илансаңдар мен соңғы күлкінің түрін айтып бола бергенде байқамай күлкімді жұтып жібердім.

– Не дейді мынау, қалған ғұмырыңда енді күлмей өтсең не болады? Жүр, дереу дәрігерге барайық, – деді әлгілер бірауыздан.

Өңкей сайқымазақтар жиналып менің сықпытыма қарап көкішек боп күліп жатса, мен өз-өзімнен безеріп, түгім сыртыма шығып, ызадан жарылып кетуге шақ тұрмын. Үшеуі кезек-кезек «қыты-қыты-қыты» деп қолтығыма, қос бүйіріме қолдарын жүгіртіп-жүгіртіп алып еді, күлмек түгілі қайта еңіреп тұрып жылауға айналдым. Өзіме де сол керек, күлкі түрлерін айтайық деп жұртты жарысқа шақырып нем бар еді.

– Қой, мұны бірінші сәуір күні – күлкі күні бұлай сорлатып қоймай, тезірек дәрігерге апарайық, – деп аналар мені қолтығымнан сүйрелей сыртқа ала жөнелді.

Табанда ауруханаға жеткізілдім. Менің таланыма сол күні хирургия бөлімінде өзімнің түйдей құрдасым Шөжек кезекші екен. Күлкімді жұтып қойғанымды естігенде, сіздерге өтірік, маған шын дауыс қып жылап, бүкіл аурухананы басына көтерді. Міне, құрдас деп Шөжекті айт. Өлден соң барып есін жиып «енді не тұрыс бар» деп, мені шешіндіре бастады.

– Күлкіні жұтып қою дегенің адамзаттың тарихында мың жылда бір-ақ кездеседі. Оны күлкі-ит ауруы дейді, былайша айтқанда гастр-ит, радикул-ит, холецист-ит,.. сондай көп... иттің бірі ғой. Оқасы жоқ, бір сәті болар, – деп Шөжек енді операция жасауға дайындала бастады.

Күлкі-ит ауруына операция наркозсыз жасалады екен. Айтпақшы, Шөжек алдымен іш қуысын тексеретін лапороскоп аспабымен бүкіл ішек-қарнымды әбден тексеріп алды да күлкінің ізін таба алмаған соң барып қарнымды қақ айырып тастауға мәжбүр болды.

Так-так... асқазан сағағында ілініп тұрған ештеңе жоқ, ұлтабары, өрме тоқішегі... тоқ ішегі... мықын ішегі бос, – деген Шөжектің сөздерін естіп жатырмын.

– Ащы ішекті қара, – деп қояды Әудеш өзеуреп.

– Бір болса ащы ішекте болады ондай ауру, – деп білгішсініп Қоқай қоқиланып қояды.

– Соқырішек те осал жер емес. Бар пәле қазір содан шығып жүр ғой, – деп Мипаз да бір адрес айтты.

Операция столында қиналыңқырап жатсам да шыдай алмай: – Бәрін қойып құрсақтың ішкі жағындағы пердені түріп көр, жүрек қалташығының жарғақша пердесі де күлкі итіңді

жасыруға жарайды, – деп мен де бір-екі жерге қарай жөн сілтеп, медицинадан хабарым бар екендігін сездіріп қойдым.

Бүкіл ішек-қарнымды, кеуде қуысын қарай-қарай Шөжек ештеңе де таба алмай әбден сілесі қатты. Енді не істерін білмей дал боп тұрғанда:

– Әй, Көнек, кәне ауызыңды ашып көрсетші, – деді. Аштым. Сол-ақ екен Шөжегім қуанышы қойнына сыймай:

– Сүйінші, сүйінші, күлкің табылды. Әне, әне, күлкің екі азу тісіңнің арасында қысылып, аяқ-қолдарын ербендетіп, көзін қысып жатыр, – деп бар дауысымен айқай салды.

О заман да бұл заман күлкінің аяқ-қолы бар екендігін, оның тістің арасына қысылып қалатынын, көз қысатынын кім көріп, кім естіп білген. Еріксізден тарқылдай кеп күліп жібергенімде бір арба күлкіні бір-ақ шығарғанымды өзім сезбей қалдым.

– Міне, мың жылда келетін бір операцияны осымен сәтті аяқтадық, – деп Шөжек қарнымның қақпағын жаба салды.

Күлкінің операциясы да жеңіл болады екен, бюллетень алып үйде бір күн отырмай ертеңіне-ақ жұмысқа ыржаландап жетіп келдім.

«Күлкісіз өмір құлазыр» деген емес пе, күлкіңмен қайта қауышудан артық қуаныш жоқ екен.

Сіздер осы айтқандарыма «Бірінші сәуір күнгі әзіл болар» деп сенбестік білдіріп тұрсыздар ғой шамасы.

Егер сенбесеңіздер, кәне, алдымен күлкілеріңізді жұтып көріңіздерші...

ӘТІР ІСІ

Жаңа жыл кешінде «Талдықұдық» ауылындағы «берекелі отбасы» атанған Бағамның үйіне қонақтар жинала бастады. Бағам да, оның әйелі Балқыз да қолындағыларын кісіге беруге құштар, алақаны ашық жандар еді. Сондықтан кешкі сағат жетіге толмай-ақ шақырылған қонақтар түгелдей келіп болды. Еркектер жағы соңғы кезде қалыптасқан дәстүрді бұзбай қызылды-жасылды карталарын қалталарынан суырып-суырып алып, преферанс пен кингты сыза жөнелді. Сол кезде «Балқыз: «Әй, қыздар, енді еркектер бізге қарамайды, бәрің де ас үйге жиналыңдар, келісіп алатын тығыз шаруа бар», – деп әйелдер қауымын түгелдей ертіп алып кетті.

– «Қатын көп болса, шөмішті ит жалайды», – деген, тамағымыздың бір қайнауы кем болып жүрмесін, ішіміз ауырып қалар, – деді олардың соңынан «ауылдың заржағы» атанған қу Бисек.

– «Жалаң аяққа жалаң кебіс те жарасады, карташыл еркектерге қара суға талқан былғап берсе де көп, – деді қашаннан сөз есесін жібермейтін ауылдың «артисі» Жәнипа Бисекке құдашалық базына танытып.

– Байқандар, екеуің айтысып қалмаңдар! Өзілдерің жарасып тұр екен, – деді отырғандар жамырай шуласып.

Ас үйдегілер: «Табылған ақыл, осылай істеу керек. Жарайсың, Балқыз», – десіп күлісіп алды да, бірі қалмай төргі үйге беттеді. Балқыз бастап келеді.

– Кәне, карташылар, бүгінгі тойды кім басқарады, алдымен тамада сайлап алайық, – деді ол.

– Балқызжан, қоя тұр. Алдымен карта сызып алайық. Жаңа ғана шекеміз қызып келеді, – деді Бисек тілін шығарып.

– Жоқ, олай болмайды 1975 жыл – Халықаралық әйелдер жылы екенін білесіңдер ғой, еркек жолдастар! Ендеше бүгін біз соңғы күнімізді пайдаланып, сендерді бір шыбықпен қууды ұйғарып отырмыз. Тамаданы еркектердің ішінен емес, әйелдердің ортасынан сайлаймыз.

– Бұл табылған ақыл! Бердік билікті!

Бірақ «әйел бастаған көш оңбайдының» кебі келіп жүрмесін. – Еркектер – шөлдегіш халық, сусынымыз мол болатын болсын! – десті Бисек бастаған еркектер тобы.

– Емшектегі сүт ашымайды. Ерте ме, кеш пе әйтеуір осы үйдің дастарқанындағы бар мәзір қонақтардікі. Ал, біз тойды Жәнишә басқарсын, деген ұйғарымға келдік. Ендігі бар билік осы «артист» келіншекте.

– Балқызжан-ау, сусын жағына да осы кісі билік жүргізе ме? – деді «хорхор жігіт» атанған Байзақ.

– Қазірден бастап үй иелері де Жәнишаға бағынады. Бағам екеуіміз де биліктен жүрдаймыз...

Тамадаға ашық дауыспен бір ауыздан сайланған Жәнишә еркектерге қырғыдай тиді.

– Менің бірінші бұйрығым, – деді ол, – барлық карта қалтаға салынсын. Кабырғада жыл бойы ілулі тұрған домбыраның шаңын сүрту, пернелері мен тиегін дұрыстау заржақ Бисекке тапсырылсын. Сонымен қатар ол тамаданың бірінші орын-

басары болып тағайындалсын. Үйде ешбір «хорхордың» исі шықпайтын болсын. Дастарқан мәзірі жайында бірде-бір еркектің ұсынысы қабылданбасын. Бұйрығым ешбір талқылауды көтермейді, оның әрбір тармағы мүлтіксіз орындалатын болсын!

– Міне, тамада!

Еркектерді Жаңа жылда анадан жаңа туғандай етіп шығаршы, бәлем, – десті әйелдер қарқылдай күлісіп.

– «Тырнадан қарауыл қойсаң, басыңнан қиқу кетпес» дегендей, карта ойнатпаған не сұмдық, тамада жолдас? – деп еркектер шуласып қалды.

– «Әр бақсы өзінше сарнайды» деген. Сендерге бүгін кү сөзден қуырдақ қуырып, бос шыныдан тасыта арақ құйып берем». «Бақа шөлде отырып, көлге көзін түсіретіннің» кебін келтірем, – деп Жәнишә шуласқан еркектердің аузын мақал-мәтелмен тығындап тастады.

Жәнишә қонақтарды қабырғаны қуалай әйел-еркегін араластыра отырғызды да өзі домбыраны қағып-қағып жіберіп, «Тойбастарды», одан кейін екі-үш әнді орындап берді. Келесі кезекті Бисекке ұсынды. Ол да қара жаяу емес екен. «Жаяу Мұсаны» тәп-тәуір шырқады. Жәниша өлең білмейтін еркектерді күшікше қыңсылатып, сиырша мөңіретіп, лақша бақылдатып, үй ішін қыран-топаң күлкіге айналдырды.

Түнгі сағат дәл он екіні соққанда алға ас тартылды. Бұған дейін Жәнишә жұртқа шайда бір-бір ғана рюмке шарап ішкізіп, еркектердің «қарғысына» әбден ұшырап отырған-ды.

– Ал, халайық! Жаңа жыл тойы енді қызады, – деді Жәнишә орнынан тұрып, – еркектер мені тірідей асып жегісі келіп отырған шығар. Біз мана ас үйде осында отырған келіншектер болып: «Еркектерге бүгін карта ойнатпаймыз, шылым шектірмейміз, домбыра тарттырып, ән салдырамыз. Әйтпесе, еркектер жыл сайын Жаңа жыл сағаты соққанша мас болып, тырып қалатын болып жүр, – деп келісіп алдық. Біз ескі жылдың соңғы күні өз дегенімізді істеттік. Әрдайым қонақта осылай отыратын болайық! Ыдыстарыңа толтыра құйыңдар, кәне! Мен енді еркектердің ауызындағы томағаны сыпырам...

– От басының амандығы үшін!

– 1975 жыл үшін!

– Әйелдер денсаулығы үшін!

– Еркек кіндіктер үшін! Осылайша тост бірінен соң бірі

жалғаса берді. Жәнишә той басқаруды Бисекке тапсырғанда Бағам:

– Ал жігіттер, енді біздің көш түзеледі. Манадан жұмыртқаның ішінен жілік іздеп, мазамыз кетіп еді, – деп жұртты бір күлдіріп алды.

Ас ішіліп, дастарқан жиналған соң Балқыз:

– Жаңа Жылда жаңа иіс көбейсін! Мынаны жақында

Қостанайға барғанда әдейі алып келіп едім, – деп барқыт жастықты, алтын қалпақты әсем иіс май шынысын ұстата берді.

Отырғандар жапа тармағай:

«Кәне, кәне!», – десіп жатыр. Өткен жылдың белесті оқиғасы «Союз–Апполон» космос корабльдерінің бірігіп ұшуына арналып шығарылған «Эпас» әтірі екен.

Иіс майды Жәнишә ашып, алдымен Балқыз бен Бағамға бүркіп еді, сол сәт үй ішіне тамаша әтір иісі жайылып жүре берді.

– Келесі тосты бейбітшілік пен достық үшін, әрбір отбасының құтты босаға болуы үшін ішеміз», – десті отырғандар.

Қонақтар үй иесіне де, тамада болған Жәнишә мен Бисекке де риза болып тарасты.

«СПОРТЛОТОДАН» ҚАЛАҰ ҰТУҒА БОЛАДЫ?

Москва Олимпиадасы құрметіне дүниеге келген қырық тоғыздан алты, отыз алтыдан бес спортлотолары ел ішіне эпзаматта тарағаны соншалық, киоскілердің алдында әр жерде көжектей қылтиған бастар қаптап кетті. Қағазға қадала шұқшиғандардың әлденеге кіжініп, әлденемеден ыржия күлетіндері, аузы-бастарын жыбырлатып, көкке қарап, қырық тоғызға дейін дауыстап санап жатқандар да жоқ емес. Қайтсек оңай олжаға кенелем деп шұғыл шаруаға кіріскендердің ішінде танысыңыз болса, әдейі бұрылып сәлемдеспей-ақ қойыңыз: олар көздерін қанша ежірейте қарағанмен бәрібір сізді көрмейді де, танымайды да.

Біреулердің жалғанның жарығына келісімен-ақмандайларына біткен жұлдыздары жарқырап, табан жолын нұрландырып шыға келеді емес пе? Мұндайлар лотерея, спортлото, спринт, заем және басқа да толып жатқан ұтыс ойындарына

қатысты дегенше–ақ ойсырата ұтып, оңай олжаға кеңірдектерінен қарық бола қалады.

Табанын жалап сұрасаң, бір шеге бермейтін Тайқара деген танысым жастығын шынтағының астына ала туған жалмауыздың бірі. Ол алпыс тиындық спортлотодан, отыз тиындық лотерейдан, елу тиындық спринттен – бәрін қосқанда небәрі бір сом қырық тиынға екі «Жигули» мен бір «Москвичті» ұтып алып, қазір құдайыңа да сәлем бермей, кеудесімен көк тіреп жүр.

Алғашқыда мен де, әйелім Әсила да үміткерлер додасына қатысудан қияшеттеп жүрдік. Бірде Әсила:

– Ау, біз де бағымызды сынап көрмейміз бе? Тайқарадай тайпалтып машина мінбесек те, майлық-сулықтық бірдеңе іліктіреміз, – деді.

– Жо-жоқ, сен айтқандай ақай да жоқ, тоқай да жоқ, баскөзге қарамай сызып-сызып, почта жәшігіне тастағаннан ешкім де ұтпайды. Мұның да бір қитұрқысы, әркімнің өзіне ғана тән ұту жүйесі, өзгеге беймәлім сыры бар екен. Мәселен, С. деген азамат әйелінің, енесінің, балдызының, қайын бикесінің, қайнағасының туған күндерін толтырып, 49 цифрлы спортлотодан алты санды дәл тауып шыңғыртып отырып, он мың сомды іліп түскен. Ал, Б. деген азаматша көп күнгі сарсылыстан кейін күйеуінің, қайын інісінің, қайын енесінің, қайын атасының, қайын сіңлісінің, жеңгесінің туған күндеріне үш санын қосып сызып-сызып, келесі тиражда-ақ 20 мың сомды қалтаға басқан, – деп өз пәлсапамды айттым.

– Е, онда не тұрыс бар, шүкір, бізде туған-туыс ағаштың жапырағынан да көп емес пе? – деп Әсила шұғыл іске кіріспек қалып танытты. Біз тез арада-ақ апайлар мен жездейлердің, қайнағалар мен қайын бикелердің, балдыздар мен құдашалардың, жиендер мен бөлелердің, құдалар мен құдағилардың, тіпті құдалар мен құдағилардың құдалары мен құдағиларының да туған күндерін хат арқылы сұрастыра бастадық. Бір жүз жиырмаға жуық ағайын-туыстың туған күндерін анықтап, оларға арнайы картотека жасауға кіріскенімізде үйдің іші кәдімгі ЗАГС бюросына айналып кеткендей болды.

Бірақ, біз қанша ит әуреге түскенімізбен, ағайын-туыстардың туған күндерінің бағы жанбай-ақ қойды. Құданың туған күні шықса, құдағидікі қырсығып қалады, апай ұтса, жездей

мәңгіп кетеді, бөленікі дөп келсе, жиендікі айдалаға лағады. Сонымен, біз бұл ойыннан алты қыр алыс жүретін болдық.

Қала кинотеатрларында «Спортлото-82» деген күлдіргі фильм көрсетіліп жатты. Спортлотоға қалған көңіл он екі қарыс қара қазандай болса да, онда Пуговкин, Филиппов сынды атышулы актерлер ойнайтын болған соң бұл киноны қайтсем де көрмек болдым. Отыз алтыншы маршрут бойынша жүретін автобуска мініп, «Қостанай» кинотеатрына қарай бет түзедім. Айтпақшы, автобустың алдыңғы жағында, анығырақ айтқанда, бесінші орында алтынмен апталған, күміспен күптелген бір ару келіншек аққудай кербез дене, сылаң қағып отыр екен. Соның жанындағы бос, алтыншы орынға барып жайғастым. Мен түскен аялдамадан әлгі келіншек те түсіп, кинотеатрға қарай жүрді. Мына ғажапты қараңыз: киноға билетті қатар алдық та, қатар отыруға тура келді. Біз жиырма төртінші қатардың он алтыншы, он жетінші орындарында кәдімгі ерлізайыптылар сияқты бір-бірімізге жақын, түйісе отырдық. Бұл өткен жылдың 25 желтоқсан күні болатын.

Кинодағы кейіпкер қыздың алғашқы алты цифрды сызып, жиырма мың сомды оп-оңай ұтып ала қойған мені қатты ызыландырды. Кинодан шыға сала мен де 49-дан 6 спортлотоны алып жіберіп, өзім жаңа ғана кездескен аққу іспетті келіншекке байланысты мынадай цифрларды: 36 (біз мінген автобус), 5 және 6 (автобустағы орындар), 16 және 17 (екеуіміз кинотеатрда отырған орындар), 25 (киноға барған күн) сызып-сызып жіберіп, спортлото жәшігіне салдым да түк көрмегендей үйге келдім.

Одан әрі не болды? – дейсіздер ғой. Келесі тиражда-ақ әлгі алты цифрдың бәрі де дөп соғып, он мың сом ұтыстың иесі болып шыға келдім. Міне, спортлотодан ұту әдісі керек болса.

Құрметті халайық, сіздер мені суайттыққа салынып отыр екен деп ойлай көрмеңіздер. Егер иланбасаңыздар, Владивосток пен Мурманск қалаларының бірінде тұратын (дәл қайсысында екенін анық білмеймін) Құйттай деген құрдасым бар, содан сұрап білерсіздер. Құрдасымның еш уақытта өтірік айтпайтынына ант ете аламын.

Үшінші бөлім

АУДАРМАЛАР (СЫҚАҚ ӘҢГІМЕЛЕР)



Әзиз НЕСИН,
түрік жазушысы

ХАЛЫҚ ҚАРЖЫСЫ ҚЫМБАТ

– Бұл қонақ үйдің құрылысы неге соншама созылған?
– Дұрыс айтасыз. Ендігі қонақ үй түгіл, бір қала салып бітіретін болды.

Осынау қонақ үйді салуға бірнеше шетел фирмалары шақырылды. Құрылысты жүргізу тапсырманы ең тиянақты орындайтын, әлде ең келісімпаз, болмаса қаға берісте қала беретін фирмаға тапсырылды ма, білмеймін. Менің айтайын дегенім – ұзын құлақтан естігендерім емес, көзбен көріп, қолмен ұстағандарым.

Құрылыстың басталуы тойдан бетер болды: салтанатты мәжіліс, лента кию, жоғары дәрежелі қайраткер өз қолымен алғашқы кірпішті қалады, ұлан-асыр банкет ұйымдастырылды, газеттер суреттерімен хроника жариялады.

Көп ұзамай-ақ болашақ қонақ үйдің іргетасы көріне бастады.

Бірде құрылыс қасына екі-үш жеңіл машина келіп тоқтай қалды. Кімдер дейсіздер ғой? Біздің еліміздің көрнекті қайраткерлер. Олар болашақ зәулім үйдің құрылысын байқауға кірісті.

– Мынаның дәлізі неткен тар еді, – деді топ бастаушы.

– Жоба бойынша, тақсыр, – деді инженер, – дәліздің ені бес метр...

– Сіз бізді қонақ үйді көрмеді деп ойлайсыз ба? Мен болған шетелдердегі дәліздер бұдан кеңірек. Жарайды, дәліз жоба бойынша-ақ болсын, бірақ саны аз, тіпті жараспайды. Солай емес пе? Әдейі қолға алған соң тиянақты істеу керек қой. Қаражат халықтікі, мемлекеттікі. Оған жанашырлықпен қарау керек...

Инженер үнсіз тындап тұр.

– Ал сіз не айтасыз, үлкен қонақ үйге дәліз азырақ сияқты емес пе? – деді басшы қайраткер қасындағы нөкерге.

– Аздау, мырза.

– Аз, тақсыр.

– Тым аз...

Жоба ұсынған фирмамен келісім бұзылды. Сот тексеріс жүріп жатқанда жоба өзгертілді – дәліз саны арттырылып, кеңірек жасалатын болды.

Жаңа жоба бойынша құрылыс қызу қарқынмен салынып жатты. Бірде жол жиегіне бірнеше жеңіл машина тоқтай қалды. Тағы да басшы қайраткерлер құрылысты қарауға келіпті. Алдындағы ең бетке ұстары есіктен қарап:

– Бұл не? – деді.

– Салон ғой, – деді жаңа фирманың өкілі.

– Салон?

– Бұл нендей салон?

– Тақсыр, әлі жұмысы аяқталған жоқ, еденін төсейміз, сылақтаймыз...

– Иә, сонымен салон деңіз... Ал сонда бұл жерде бәйге өткізілмекші ме? Ипподром сияқты салон бола ма? Есіл болған халық қаржысы-ай.

– Тақсыр, біз жоба бойынша салып жатырмыз.

– Шүкір аллаға, сіздің жоба деп отырғаныңыз құран сөзі емес қой. Мәселенің тоқ етері: өзгерту керек жобаны.

Фирма даусыз келісті. Жобаға енгізілген өзгертулер бойынша салон кішірейтілді.

Құрылыс тағы да жандана түсіп еді. Бірақ бірде тағы да бірнеше машинамен бастықтар келіп, құрылысты қарай бастады. Топ басқарған қайраткер тәнті болғанмен, шыға бере төбеге көзі түсті де:

– Ау, мынаның күмбезі қайда? – деп қабағын шытты. Жасандау архитектор мына сұрақтан есенгіреп қалғандай болды да, біраз үнсіздіктен кейін өзіне өзі келіп:

– Кешіріңіз, қандай күмбезді айтып отырсыз?

– Бұл түрік архитектурасы ғой. Мұнда шетелдіктер тұратын болады. Сондықтан қонақ үй түрік стилінде салынуы керек. Түркияда күмбезсіз құрылыс көрдіңіздер ме?

– Бірақ, тақсыр, біздің жобамызда...

– Жоба деген не тәйірі. Міне, шетелдік фирмаларға жоба жасауға берсең, – ылғи осы. Сырт адамы біздің архитектурамызды, біздің жан сезімімізді қайдан білсін.

Оның қошаметшілері бастарын төмен иіп, ойланып қалды.

– Мұндай үй кімге керек? Күмбез міндетті түрде болуы керек. Халық қаржысы, мемлекет қаржысы қымбат.

Дегенмен қонақ үйдің төбесін қайтадан күмбездеу қымбатқа түсетін болды да үйдің кейбір мүмкін болған жерлеріне ғана ұлттық мәнер енгізілді.

Құрылыс жұмысы жүріп жатты. Тіпті аяқталуға жақын қалғанда тағы да бірнеше машинамен әкімдер келіп тоқтай қалды. Ең алдында келе жатқан қайраткер:

Әй-әй-әй! Дәлізді осыншама неге сала берді екен... Бөлмесінен көп қой тіпті. Орман ішінде жүргендей адасуға болады... Есіл болған халық қаржысы-ай, – деді.

Қайта жасау мен өзгерту жұмыстары қонақ үйдің бітуін кешеуілдетсе берді. Газеттерде сын мақалалар беріле бастады. Жылдамдату мақсатымен шатырдың бүкіл кескінін өзгерту керек болды. Шатырдың өзін немен жабудың өзі көптеген кері пікірлер туғызды. Ең соңында шатырды бетондап жабу ұсынылды.

Сонымен құрылыс аяқталып еді. Тағы да жол жиегіне шандарын бұрқ-бұрқ еткізіп, бірнеше машина келіп тоқтады.

– Ау, мынаның жылтыр әшекей кірпіштері қайда? Түрік қонақ үйінің онсыз болуы не сұмдық? – деді келгендер айнала көз жүгіртіп.

Содан кейін олар салонды көрді. Онда бірде-бір тіреу бағандарының болмағанына таң қалысты. Топты басқарушы:

– Бірде-бір бағанасы жоқ. Ол, әлбетте керек. Құдай бетін аулақ қылсын, шатырдың шат-шәлкейі шығуы мүмкін ғой.

– Тақсыр, оған қам жеменіз. Төбе опырылмайды. Есептің дәлдігі соншалық...

– Дәлдігі соншалық? Сендердің есеп-қисаптарың ертен адыра қалады.

Ол ту сыртындағыға бұрылып:

– Сіздіңше, қалай? Шаңырақтың ортаға түсуі мүмкін бе?

– Мүмкін тақсыр.

– Әлбетте, ортаға түседі. Қаншама салмақ бар. Қирауында сөз жоқ.

– Күлі көкке ұшады.

– Сосын есептей бер – қаншама қаржының желге ұшқанын. Мемлекет қаржысы қымбат... естіп тұрсыздар ғой, – бәрі де күл-талқаны шығады дейді. Әрі әсем бағаналар ерекше көрік қосады емес пе?

Жаңа тілек-ұсыныстар бойынша салонға бағаналар қойылды. Басшы қызметкерлерді басқарып келген тағы бір қайраткер төрт бұрышты бағаналарды жарамсыз деп тапты. Ол баяғыда өзі оқып жүргенде мектеп оқулықтарынан грек храмдарындағы жұмыр бағаналарды көрген екен.

– Тақсыр, бағаналарды жұмырлау оңайдың оңайы, қазір-ақ... Қонақ үйдің қасбетін мозаикамен өрнектеп жатқанда байқауға келген ірі қайраткер:

– Осы заманғы құрылыстың маңдай алды шыныдан істелуші еді. Ал сендердің бұларыңа жол болсын.

Құрылысты әбден бітті деуге болатын еді. Тек бір ғана бұйымтайы қалды – тағы бір көрнекті қайраткер жаңа қонақ үйдің баспалдағы өте тік, қартаң кісілерге көтерілуге қиын деді.

– Тақсыр, лифті... лифтімен көтеріледі ғой.

– Ау, онда баспалдақтың қанша қажеті бар. Сендер мемлекет қаржысын аямайсындар ма? Әлде, дегенмен баспалдақ керек болар ма екен?

Баспалдақты жаңартып қойып жатқанда қонақ үйді шетелдік белгілі бір сәулеткер қарап шықты:

– Бұл өте тамаша архитектуралық дүние... Бұл тек қатардағы қонақ үй емес. Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтеріне әбден лайық орын.

Бұл үйден итальяндық озық архитектуралық үлгіні табуға болатын еді. Ванналар мен дәретханалар американдық стильде жасалған. Италия архитектурасы, Қытай архитектурасы – бәрі де қонсы қонған.

– Ой ғажабы – ай, – деді шетелдік белгілі архитектор, – сіздер осының бәрін де бір жерге қалай шоғырландырғансыздар?

– Бұл ғажайыпты тоғыз жыл бойына бір салып, бір бұзумен бітірдік. Әйтсе де халық қаржысын үнемдеумен салдық, – деді құрылысқа жауапты адам мақтаныш сезіммен.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Менің басым дал болды: ата-аналар жиналысына барарымды да, бармасымды да білмедім. Өйткені айтар сөзім жоқ еді. Бола қалған күнде де мен әлеумет алдында ауыз ашып көрген-жан емеспін.

Дегенмен, жүрегімді тоқтатып, мектепке келгенімде жиналыс басталып та кеткен екен. Оқушылар, ата-аналар, ұстаздар әңгіме көрігін қыздырып жатса керек.

Есікті сәл аштым да, залға бір бүйірлей өттім.

Самай шашын «қырау» шалған бір әйел орнынан тұрды дамаған бұрылып, жұдырығын түйіп, айқайлап былай деді:

– Кешігесіндер, мырзалар, кешігесіндер...
– Көліктің қырсығынан ғой... таксиді іздеп таппайсың...ав-
тобус жоқ..

– Бұл дәлел емес...

– Дирекцияның ата-аналарға қояр ең басты кінәсі, – деді әлгі әйел, – оқушылар кешігіп келеді. Сабақ тоғызда басталады...

Бір әйел орнында отырып:

– Қыздардың нейлон шұлық киюіне тыйым салу керек. Әйелдерге де тыйым салғанның артықтығы болмас еді.

– Бұл пікірге мен де қосыламын, – деген сөздің аузымнан қалай шығып кеткенін білмей қалдым да әлгі сөзді айтқан әйелдің аяғына қарадым. Зәредей шынымды айтайын, өмірімде мұндай құнсыз, дөрекі аяқ көргенім жоқ: өзі күйентедей қисық, тізесінен де тобық тұсы жуанырақ. Ісініп-кебінген күре тамырлары қалың шұлықтың өзін шертіп тұр.

Орнынан бір мырза ұшып тұрып:

– Біздің талқылайтын бұдан да маңыздырақ ісіміз бар. Шұлық уақ-түйек нәрсе. Біз алдымен шетел тілін оқыту мәселесін шешім алғанымыз абзал. Менің көзқарасым бойынша барлық пәндер – неміс тілінде оқытылғаны дұрыс. Мен Германияда көп жыл тұрдым... Онда барлық пәндер тек неміс тілінде жүргізіледі.

Жиналысқа кешігіп келген кінәмды жуу мақсатымен тағы да әңгімеге араластым:

Мен Германияда болғаным жоқ. Дегенмен барлық пәндердің неміс тілінде оқытылғаны теріс те емес. Неге? – дерсіздер. Өйткені әлемдегі небір прогресс, техника жаңалығы – немістер арқасында туып жатыр. Егер неміс балалары барлық сабақты да неміс тілінде оқымаса бар ғой...

– Мырзалар, – деді көзілдірікті бір мырза, – бұл біздің тақиямыздың шеңберіне сиятын мәселе емес. Қай тілде сабақ жүргізуді – министрлікте шешеді. Біздің мектепте неміс тілінің жүргізілетіндігін өздеріңіз білесіздер. Біз мұндай мектеп пен ата-аналардың байланысы жөнінде пікір алыспақпыз ғой,

– Неміс тілі аптасына неше сағат оқытылып жүр? – деді неміс тілі туралы әңгіме қозғаған адам.

– Әр класта әрқалай, – деді көзілдірікті – бірінші класта – алты, жетінші класта – сегіз...

– Аз екен, – дейді анау.

– Аз екен, – дедім мен де.

Залдан жасамыс адамның дауысы шықты.

– Ең алдымен, футбол ойнауға тыйым салу керек. Шәркенің өзін шыдатпайды. Әр айда жаңасы керек.

– Біздің қыздарымыз футбол ойнамайды, – деді манағы самайын «қырау» шалған әйел.

– Ер балалар ойнайды ғой, – деді әлгі жасамыс адам.

– Бізге ер балалардың қажеті жоқ: бұл қыздар мектебі... – Қыздар мектебі! Ендеше, мұнда менің кіші немерем оқиды.

Ал мен... Не болса ол болсын – футболға тыйым салу керек. Біздің балалар аталар дәстүрін ұмытып барады...

Манағы, қыз балалардың нейлон шұлық кюіоне тыйым салынуын талап еткен әйел де уақытын босқа жіберетін емес. Оңжағын да, сол жағын да үгіттеп жатыр.

Ал, барлық сабақтардың неміс тілінде жүргізілуін талап еткен адам көршілеріне Германиядағы өмірін әңгімелеп жатты.

– Кешіріңіз, – деді менің сол жағымдағы жасаңдау бір адам. – Осында не туралы әңгіме болып жатқанын біле алмай отырмын.

Мен жиналыстағы пікір қақтығыстарын қысқаша айтып бердім...

Шашын «қырау» шалған әйел орнынан тұрып тыныштықсұрады да:

– Мырзалар, бізде кедей-кепшіктердің балалары оқиды. Мектебіміздегі алты жүз жетпіс баланың жартысына жуығының оқулық сатып алуға жағдайы жоқ. біз сіздерден көмек болар деп сенеміз...

Осы тұста бір әйел орнынан атып тұрып, сөйлеп кетті:

– Құдайдың құтты күні көмек. Біздің қызымыз күнде бір нәрсеге ақша сұрайды.

«Егер бермесендер, мектепке бармаймын. Құрбы қыздарымның бетін қалай көремін, – дейді ол. Сол ақшалардың қайда кетіп жатқанын білуге болмас па екен. Күн сайын көмек! Не сұмдық! Олай болса әр айда кімнің қанша төлейтіндігін күні бұрын белгілеп алайық...

– Өте дұрыс... өте әділ сөз, – деймін мен қосарланып. Бет-аузы шимайдай болып қызарған, шашын «қырау» шалған әйел ақша есебін сұраған әйелден баласының ныспын сұрады.

– Гүлтен Яшоба.

– Хм, – деді шашын «қырау» шалған әйел. – 3 «б» Гүлтен Яшоба... солай. Сіздің қызыңыз каникулдан кейін сабаққа бір-

ақ апта қатысты. Біз бұл туралы сізге хат арқылы хабарлағанбыз.

– Ендеше менің жалған айтқаным ғой, ә? Қызым біреуге көмек үшін деп үнемі ақша алады. – Сосын көршісіне бұрылып: – Үйге де келмейді. Қайда жүреді ол? Біз оның әкесімен ажырасып кеттік. Ол өзінің әкесінде тұрады...

Жиналыста отыздай адам қатысып, әр қайсысы бірдеңе деп, өз пікірінің дұрыстығын дауыстап айтып жатты. Шашын «қырау» шалған әйел:

– Мырзалар, ештеңе түсініп болмайды, айқай-шу. Құдай үшін кезекпен сөйлесеңіздерші?

Бәрі де жапатармағай қол көтерді. Алғашқы сөз бір жаса-мыс адамға берілді.

– Құрметті мұғалималар, құрметті мұғалімдер, – деді де ол футболдың адамгершілік қасиетке тигізер залалы жөніндегі өз идеяларын ортаға салды. Футболды ең әуелі (язидтер*) азапшы Хусейн өлтірілгеннен кейін оның басымен ойнады. Сондықтан доп ойнау – үлкен күнә.

Оның сөзінің ұзаққа созылғандығы соншалық, ата-аналардың тағаты таусылып:

– Аяқтаңыз, біздің де сөйлегіміз келіп, аузымыз қышып отыр, – дейді біреуі.

Біз оның аузына қақпақ бола алмадық. Оны біз орнына күштеп отырғызсақ та ол аузын жаппады.

Сөз кезегі маған тимейтінін білдім де жиналғандар тынышталғанша орнымнан атып тұрып:

– Құрметті ханымдар мен мырзалар, – дедім мен.

Одан әрі не дерімді білмедім бе, әлде жұрт назарын аударғым келмеді ме мен Қожанасыр өмірінен бір мысал келтіргім келді. Бірақ, бақытсыздығыма орай әңгіменің аяғын, ұмытып қалдым да:

– Бұл тарихтың артын өздеріңіз де білесіздер ғой, – деп қорытындылай салдым.

Тоқтауға болмайды. Сөзді басқаға беріп қоюы мүмкін ғой. Ойдың логикалық байланысына да қарамай:

– Егерде біздің балаларымыз екінші жылға қалса – бұл ата-аналардың кінәсі.

Бұлай деуімнің сыры – дирекциямен бұрыннан-ақ қарым-қатынасым шамалы екендігін мұғалімдер де білетін. Сондықтан қызымды екінші жылға қалдырып қояр деп қауіптендім.

– Ата-аналар өз балаларын ешбір бакыламайды. Өз балаларының қандай класта оқып жүргенін білмейтін әкелер де бар...

Мені тоқтату қиын еді. Мұғалімдер мені құттықтап жатты. Шыдамады білем, шашын «қырау» шалған әйел:

– Кешігіп қалдық. Сіздің сөзіңіздің аяғын келесі жиналысқа қалдыруға тура келеді.

– Мен әлі ештеңе айтып үлгірмедім ғой...

Мен мектептен кетіп бара жатқанымда, мұғалімдер қоштасып жатып, маған алғыс жаудырғандарын көрсеңіз... Үйге кірген бетте-ақ әйелім бетімнен ала түсті:

– Қайда жоғалып жүрсің?

Сағатыма қарасам: он екен.

– Мен мектепте, ата-аналар жиналысында болдым. Сөйледім. Сөзім мұғалімдерге қатты ұнады. Білесің бе, ата-аналар өз балаларына тіпті назар аудармайды екен ғой. Олардың еркетотайлары әр класта екі жылдан отырады да, сосын бүкіл кінәлі мұғалімдерге аударалады.

– Әке, – дейді қызым үйге жүгіріп кіріп, сенің мектепте неге болмағаныңды мұғалімдер тағы да сұрады. Неге жиналысқа бармадың?

– Баланың көзінше жалған айтуын көрдің бе? – Әйелімнің көзі ақиып шыға келді. Түн ортасына дейін қайда болдың деймін... Ата-аналар жиналысы...

– Айналайын, қызым, мен жиналыста болдым. Сөйледім де.

– Мен де болдым, әке...

– Иә, мен сенің гимназиядағы жиналыста болдым.

– Әке-ау, мен гимназияда оқымаймын. Баязид лицейінің соңғы класында оқимын.

– Не дейді? – деп зайыбым таңқалды. – Мен сені Хорхор гимназиясына беріп едім ғой.

– Мама-ау, мені одан әлдеқашан қуып жіберген...

– Ой, ақымақ, – деймін мен айқайлап. – Ата-анаңа қайда оқитыныңды, қалай оқитыныңды хабарлап тұрмайсың ба? Әй, осы күнгінің балалары-ай...

БІЗ ӘНДІ МІЛЕНДІК

– Сүйіктім, мен шексіз бақыттымын. Шынымен сен келісім бердің бе? Қара да тұр, сенің бақытың мен ризалығың үшін қолымнан келгеннің бәрін де істеймін. Иә, иә... сен менің бүкіл өмірімсің... Қара да тұр. Біз үш айға үйлену саяхатына сапарға аттанамыз. Бұл нағыз таң-ғажайып саяхат болады. Түрлі елден түрлі ашық хаттарды боратамыз достарға. Дегенмен, сенің қалауың білсін... Әуелі Европаға – Римге, Венецияға, Миланға, Ниццаға, Парижге, Берлинге және... Англияға да соға салармыз. Сосын Америкаға... Егер сенің ниетің болса, үш ай саяхат түк емес. Сенің тілегің – мен үшін заң. Бірақ менің ойыма мынадай пікір келіп тұрғаны. Осы үш ай дегенің тым көп емес пе? Бәлкім, бірер ай да жетіп қалар, ә! Ал үнемделген қаражатқа пәтер жалдармыз. Осыған қалай қарайсың, ә?

– Сен менімен келістің бе? Бәсе, алтын жүректі адамекеңінді білемін ғой... тыңдашы, басыма мына бір ойдың түсе қалғанын карашы. Осы бізге шетелге барып, әуре-сарсаңға түсудің канша қажеті бар? Қаражатты неге текке шашамыз. Әуелі Қара теңіз, сосын Жерорта теңізіне баруымыз керек. Теңізде саяхат жасаудан артық не бар? Сен менімен келісесің бе?

– ...

– Сен нағыз періштесің! Мен сенің дәл өзімдей ойлайтыныңды сезгенмін. Қаласаң, саған тағы да бірер пікірайтқым келеді. Саяхат жалықтыратын іс. Бүгінде пароходтарда адам дегенің аузы–мұрнынан шығып жүреді, теңіз дегенің тынышсыз болып барады. Одан бір аптаға ғана жақын жердегі Бурсаға барып келе қояйық. Бізге ешкім де тыйым сала қоймас. Сен не тілесен, мен соны орындауға әзірмін. Теңіз бетінде қалқып жүреннен гөрі сонда тұрғанымыз жақсы. Әрі тыныш, әрі арзанға түседі... Сен періштесің. Мен осылай деп әрдайым ойлайтынмын...

– Сүйіктім, айтшы, осы бізге қонақ үйлерге сабылып жүрудің қанша қажеті бар? Ақшаны босқа желге шашамыз ба? Одан да бұл қаржыға мен саған ең қымбат сырға сатып әперсем қайтеді. Ойымның әбестігі бар ма? Нағыз жарқыраған идея. Қандай сырға алғың келеді? Бес мың лирге ме? Әлде 10 лирлік пе?... Саяхаттан ешбір із қалмайды, бәрі өткінші дүние. Ал сырға дегенің өмірлік ескерткіш емес пе!?... Міне, міне, мен де дәл осылай ойлаймын, ақылдым сол!...

– ...

– Ал, байыбыңа барсақ, осы сырғаның қанша қажеті бар? Сен қарапайымсың, жақсы мен жаманды ажырата аласың. Сен қайдағы бір сылдырлақ-шөлпыншақтармен жұрт көзінше мақтана алмайсың. Сырғаны желкеміздің шұқыры көрсін... Одан да насай-топыр той жасап, қонақтарды қарық қып тастайық. Грейс Кэллидің тойын айтсаңшы, деп жұрттың сілекейі шұбырып жүрсін... Сүйіктім сенің сол...

– Үйлену тойы! Осында тұрған игілікті көргем жоқ. Қайдағы бір сұмырайларды шақырып, босқа шабылғанда не тұр? Үй жалдау керек, джазға ақша төлеу қажет... Одан ішіп-жемдігі дегендей... Келгендерден не пайда, тіпті өзінді өсекке де танып кетеді. Риза еместер үнемі табылады. Одан да ақылды адамдардың ісін істейік. Тойға тек жақын туыстарымыз бен достарымызды ғана шақырайық. Тып-тыныш қана үйімізде өткізейік. Дәл осылай дұрыс болатындығына ант етемін.

– ...

– Сенің бет-әлпетіңнен менің сөзімді қостағандық табы байқалады. Жалғанның жарығында сенен ақылды адам бар ма екен, сірә?

– ...

– Саған тағы бір нәрсе айтайын ба? Үйлену тойына деп қалыңдық көйлегі үшін жүздеген лирді босқа жіберудің жөні жоқ... Оны небары өмірінде бір-ақ рет киесің. Оған кеткен ақшаға оданда отауымызға бір мүлік алайық.

– ...

– Сен де солай ойлайсың ба? Онда сенің қалауыңша-ақ болсын. Тіпті бар ғой, осы тойыңның өзінен бас тартсақ қайтеді? Бір этажды жалдаймыз да, нәрсе-қараны сықастырып аламыз. Мен өзіңе көйлектің неше атасын әперем...

– ...

– Мәселе мынада. Бүгінде пәтер удан да қымбат. Өңкей бір оңбағандардың қалтасын қалында тудың қажеті жоқ. Одан да шетжақтан екі бөлмелі бір үй алайық та «өзіміздің ұямыз» деп тұра берейік. Тіпті бір бөлме жетеді. Біз екеуіміз ғанамыз ғой.

– ...

– Сен некемізді міндетті түрде тіркегің келе ме? Әрине, әрине, бұл рәсімге мен де қарсы емеспін. Куәге достарымызды шақырамыз. Бірақ осы қағаз бастылықтың не керегі бар? Мәселен, сен маған, мен саған сенбеймін бе? Біз екеуіміз бір-бірімізден қол таңба алып жатуға тіпті мұқтаж адамдар

емеспіз. Бізге ешқашан документ керек емес, солай емес пе? Одан да бұл ақшаға мен саған бір көйлек алып берейін. Қаншаға түссе де, бірінші разрядты шеберге заказ берейік...

— ...

— Сүйіктім менің, жаз келді. Бүгінде қымбат көйлекті сүйретіп жүрудің өзі ерсі. Одан да өзі жеңіл, өзі арзан сиса көйлек ала салайық. 4 метрі жетеді. Бұған киім тігуші шебер де қымбат алмайды. Керек болса, тіпті сенің өзің де тігіп алақоясың...

— ...

— Төрт метр көбірек емес пе? Қазір жаз ғой... Омырауын ашық, жеңсіз етіп тігуге де болады. Бұған тылтиған юбка лайық. Меніңше, жарты метр де жетеді. Қымбаттым менің, ең қымбаттым. Сенімен лашық үйде де жұмақтағыдай сезінуге болады. Бізге тіпті пәтер жалдап керегі жоқ. Қазіргі уақытта үй жалдау оңай іс емес. Сиса! Оның бізге қанша қажеті бар. Сенің қарның ашық қалған жоқ па? Мен қазір жүгіріп барып, бір тоқаш алып келе қояйын. Сосын сағыз резеңке шайнарысың. Келші, өзінді бір сүйейін!..

— ...

— Міне, біз енді үйлендік.

ОЛ ҚАМАҒА ЖАЗ

Оның соңғы рет қамаудан шығуы тіпті қиынға түсіп еді. Ал түрмеден кейінгі жер аударылу оны әбден титықтатып тастаған болатын. Қамаудан босанып шығып, астанаға келген ол жұртта қалған жетім лаққа ұқсап қалды. Әйелі болса ол түрмеде жатқанда-ақ ажырасып тынған. Не қаражаты, не туысы жоқ адамның налыма халге түсуі орынды да сияқты... «Сонымен дүниедегі ең қымбат санаған саясаттан мүлдем қол үзіп, інге кірген көр тышқандай күйкі тірлік өмір сүрмекпін бе?». Ол ең алдымен өзіне қалай да бір баспана тауып алуды ойлады. Қаланың орталығындағы пәтерге ақы төлеуге оның қалтасы көтермейді, пәтер ақы қала сыртында да удай қымбат... Ол борыштан және ойда жоқта келіп, жазу машинкасы мен болмашы дүниесымақтарын тіркеп алатын сот орындаушысынан әбден мезі болды. Әсіресе, өзінің басынан бақалшағына дейін тесіле қарайтын көршілерін – қызыл адам сымақтарды өлердей жек көрер еді. Сондықтан да ол адам көзінен таса, қала сыртынан бір арзан пәтер тауып алуды армандаған-тын.

Көп сарсылыстан кейін ол ойлағанынан шықты: қала маңындағы елу шақты үйлі ауылдан бір жарым бөлмелі лашық тауып алды. Бұл үйдің оңаша болуы оның төбесін көкке жеткізді. Оның небары итсілікпесі шыққан екі қобдишалық қана дүниесі бар-тын.

Ол сарғайған газеттермен терезе әйнектерін жауып қойғанда, қаннен-қаперсіз, еш қауіпсіз өз үйінде тұрғандай сезінді. Осы сәт бақытты еді. Енді оған тек күнкөріске жетерлік бір жұмыс тауып алса болғаны...

Оның тұрған үйінің дәл қарсысында бақалшы, бұдан сәл сол жақта ағаш жәшіктерін қойып жеміс-жидек сатушы орналасқан еді. Ол осыларға келіп, сауда жасап тұратын. Көп ұзамай бұлармен достасып алды. Бір әңгіме орайында саудагерлер оған күн көрістің қиындығын айтты.

Ол келгеннен кейін бірнеше күн өткен соң бақалшының жанынан қалаш сататын келіп орналасып, іңір қараңғысына дейін сауда жасайтын болды. Оның қасынан жүгері сатушы қоныс тепті. Жеміс-жидек сатушының қарсы алдында шыны жәшікпен шығыс тәттілерін сататын біреу пайда болды. Бұл жерде кейінірек аяқ киім тазалаушы мен шәрбәт пен халуа сататын қаңғыма саудагерлер пайда болды. Ескі шатырдың астына келіп, етікші де жайғасты.

Көп ұзамай оның лашығының алды қан базарға ұқсап кетті. Көше сыпырушы таңертеңнен кешке дейін күйбеңдеумен жүрді. Қаңғыбас саудагерлер де осы арадан шықпай қойды. Бақалшы мен жеміс-жидек сататын дүкеннің арасына қалқа тартылып, кофе ішетін жасалды. Маңайда қызу тіршілік басталып, келіп-кетушілер көбейді. Ол төңіректе қызу тіршіліктің басталғанына іштей қуанулы еді. Дегенмен ол әлі жұмыссыз отырды. Бірнеше рет сәті де түскендей еді. Бірақ жұмысқа алушылар полициядан оның кім екенін білсе-ақ болды, оған лезде сұқ саусағымен есікті нұсқайды. Жолдастары да өзі сияқты жалақысыз отыр, қарыз алар ешкім жоқ. Оның пәтер ақыдан үнемдеу үшін қала ортасындағы бір досының үйіне орналасқаны да сол болатын. Енді бұл арадан қалай кету керек? Аз болса да бақалшыға, жеміс-жидек сатушыға және басқа да саудагерлерге қарыздар боп қалды. Енді олармен есеп айырысуы керек.

Ол кешкілік не нәрсе сатуға болатындығын және жаңа жерге қалай қоныс аударатындығын ойлап отырғанда есік қағылды. Келген үшеу екен: бақалшы, жеміс-жидек сатушы және

кофе сатушы... Ол абыржып қалса да, келгендерді бөлмесіне шақырды.

– Кешіріңіздер, сіздерге қонақасы беруге қолымның қысқа болып тұрғаны.

– Оқасы жоқ, біз өзіміз де бір көр-жер нәрселер ала келіп едік. Міне, мынау кофе, мынау қант, – деп бақалшы күлімсіреп, үстел үстіне бірнеше ораулы түйіншек қойды.

Ол келгендерге таңдана қарады. Мұны қалай түсінуге болады? Ол бұларды көргенде, қарыздарын сұрауға келді деп ойлап еді, ал олардың сыйлық әкелгені несі?

– Сізді осы арадан кетеді дей ме? – деді жеміс-жидек сатушы.

– Иә, сіздер оны қайдан білдіңіздер?

– Біз бәрін де, жердің астындағыны да білеміз, – деді кофе сатушы астарлай сөйлеп.

– Сіздер алаң болмаңыздар, мен қашып кетпеймін. Алған қарызымның бәрін төлеймін...

– Қымбаттым-ау, болмашыны айтудың өзі ұят емес пе? Қарызды қайтар деп сізді аптықтырып тұрған кім бар?

– Бұл туралы тілге тиек етудің өзі ұят, қымбаттым, – деді бақалшы. – Сол да ақша болып па екен?

– Менің қарызыма келетін болсақ, – деді жеміс-жидек сатушы – сіз оны өз игілігіңізге тұтына беріңіз, оны ешуақытта есіңізге де түсірмеймін, тіпті берсеңіз де алмаймын...

– Неге олай дейсіз?

– Біз сізді соншалықты бағалаймыз...

– Сіз бізге көп жақсылық жасадыңыз...

– Тәңірім жарылқасын сіздерді... – Ол осының өзін әрең айтты, жұтқыншағы түйіліп қалғандай болды.

Дегенмен олар мұның халық үшін сіңірген еңбегін білген екен. Ал, ол үнжұрғасы төмен түсіп, саясаттан біржола қол үзгісі келіп еді. Осы сындарлы адамдарды қиып кетуге бола ма?

– Сіз енді көші-қон жөнінде тіпті ойламаңыз. Өтінеміз сізден, – деді кофе сатушы.

– Біз сізден соны өтінуге келдік. Кете көрмеңіз, – деп жеміс-жидек сатушы да сөз жалғап қойды.

– Мен кетуге мәжбүр болдым, пәтерақы төлейтін қаражатым жоқ...

– Біз білеміз, – деді жеміс-жидек сатушы, – біз бәрін білеміз. Біз, осы араның саудагерлері, ақша жинап, ай сайын

сіздің пәтерақыңызды төлеп тұруға келісіп отырмыз, тек сіз осы арадан кетпесеңіз болды...

Оның көзі жасқа толып кетті. Күрес пен бас бостандығынан айырылған жылдар ішінде алғаш рет іштей қуанышқа кенеліп отыр.

– Мен бұған келісе алмаймын, – деді ол бас тарта, – мен жұмыссызбын. Мұнда тұру қиын. Мен досыма барып паналамақпын.

– Біз осы жердің саудагерлеріміз, – деді тағы да кофе сатушы, – бірнеше күннен бері сізге қалай көмек беру жөнінде ғана ой қорытудамыз. Сіздің шығыныңыздың мөлшері қанша болса да, біз көтеруге әзірміз... Тек бұл жерден кете көрмеңіз... бізді тастамаңыз... бәріміздің өтінеріміз сол...

Ол ботадай боздауға шақ қалды. Жұрт не десе о десін. Елде зор ілгерілеу болған екен, тіпті саудагерлердің де саяси санасының ояна бастағаны ғой. О текке күреспеген екен. Бұдан бірнеше жыл бұрын мына адамдар мұнымен тіпті сөйлеспес те еді-ау.

– Үлкен рахмет, – деді ол.

– Сіздер менің жан жүйемді тебіrentтіңіздер, бірақ мен сіздердің көмектеріңізді қабыл ала алмаймын.

Қонақтар оған қайтадан жалына бастады.

– Әрине, сіздің тұруыңызға бұл үй лайық емес, – деді бақалшы, – мұнда тұруға болмайды... Сіз білесіз бе, осы маңда екі этажды үй бар, соның жоғарғысы пәтерге беріледі. Оның ваннайы да... бар. Біз сол үйді сізге жалдаймыз...

– Біз, – деді кофе сатушы, – сіздің осы кварталдан кетпеңіңізді тәуір көреміз, дәйім бізбен бірге болсаңыз екен...

– Неге олай дейсіз?

– Неге олай болмасын, мырза, біз, осы араның саудагерлеріміз, сіздің арқаңызда жағдайымызды түзеп алдық...

– Кешіріңіздер, о не дегендеріңіз. Мен тіпті ірі сауда жасағаным жоқ қой.

– Мәселе сіздің сауда жасағаныңызда емес... Іс тетігі басқалардың сатып алуында болып тұр ғой.. сіз бізге бақыт әкелдіңіз... Сіз келгенге дейін менің дүкеніме күніне үш-төрт ақ адам төбе көрсетуші еді. Ал қазір тек қызмет етуге ұлгір. Қаладағыдан бір де олқы емес.

– Бәрі де сіздің арқаңызда, – деп бақалшы сөзді іліп әкетті.

– Бізді де ойлаңыз, – деді кофе сатушы, – Егер сіз осы арадан кетсеңіз, бәрі де құриды. Ең алдымен мен құрымын.

Олар тағы да барлығы қосылып, оның қалуын өтіне бастады.

– Рақмет, осылай деулеріңе мен қанша ғана еңбек сіңірдім. Менің ерекше сіңірген еңбегім жоқ. Осы арадан кетпеуімді өтінетіндей мен сіздер үшін айтарлықтай не істеп қойдым?

– О, сіз ғажап істедіңіз? – деді жеміс-жидек сатушы. Сіз осы лашыққа басыңызды сұққан соң іле сізді бақылау үшін бір полк полицияны айдап әкелді. Полицайлар сыпырушы, етікші болып жүр. Одан кейін полиция – саудагерлер келді. Олар алғашқы келгендерді, ал оларды үшінші біреулері бақылауға алды. Міне, осыдан келіп бізде жиын-тобыр басталды.

Алғашқы кезде олар бізден сіздің немен айналысатыныңызды сұраумен болды, – деді бақалшы.

– Олардың барлығы да біздің дүкендерімізге келіп, нәрсе алды, – деді жеміс-жидек сатушы.

– Тек сіздің арқаңызда ғана менің тасым өрге домалай бастады. Олар кешке дейін менің кофемді ішумен болады. Ал, ақша дегенің менің қалтама тамшы боп тама береді.

– Оның барлығы да полицай ма? – деп кейіп сұрады ол.

– Полицайы да, полицай емесі де бар... Он адам жиналған жерге тағы да елу адамның келіп қосылатын жыны бар емес пе? Егер сіз кетсеңіз, бұл арада тағы да тіршілік тоқтайды... сіздің соңыңыздан бүкіл полицай кетеді.

– Біздің құрығанымыз ғой, – деді бақалшы.

– Аясаңызшы біз сияқты мүсәпірлерді, – деді аянышты үнмен жеміс-жидек сатушы.

– Әзірге қала тұрыңыз, оған дейін менің қалтам қалыңдай түсер еді, – деді кофе сатушы жалбарынышты үнмен.

Ол ойланып қалды. Қайда барса да, Қорқыттың көрі...

– Жақсы, – деді ол. – Мен бұл жерден ешқайда да кетпеймін, бірақ мыналарыңызды алыңыздар, – ол төрт түйіншекті бақалшының өзіне ұстата берді.

– Қуанышты хабарды бәріне де айтуға бола ма? – деді жеміс-жидек сатушы қоштасып жатып.

– Иә, мен кетпеймін... Бірақ сіздерден мен ештеңе де дәм етпеймін...

– Иә, бір алланың өзі жар болсын сізге.

*Бранислав НУШИЧ,
сербия жазушысы*

КУРОРТТАҒА КИМЕКШІМІН ШАЛБАР

Мен биыл да курортқа баруға дайындалып жатырмын, бірақ бұл жолы шалбарсыз бармақшымын. Былайша айтқанда (жаман ойлап қалмаңыздар), шалбар кимекшімін, дегенмен ерекше курортқа арналған кәстөм-шалбарға тапсырыс бермеймін. Бір рет қателескенім жетер, енді оған жол бере алмаймын.

Осының бәрі қалай болғаны жөнінде сіздерге айтып берейін.

Өткен жылы курортқа баруды ұйғардым да, тігіншіге жедел жетіп, жазғы кәстөм тігіп беруге тапсырыс бердім. Өзіме ұнаған қажетті матаны таңдап алдым да тігіншіден дене тұрқымның өлшемін алуын өтіндім. Тігінші маған қитұрқылана қарады да:

– Мен сізге он бес жыл бойы кәстөм тігіп келем. Сондықтан қайта-қайта өлшем алып жатудың қажеті жоқ, – деді.

Оның дәлелді сөзі мені қанағаттандырды да, мен өлшем алмай-ақ кәстөмді тіге беруіне рұқсат бердім. Дегенмен, тігіншілер мен етікшілердің берген тапсырысыңды кемінде үш күн кешіктіріп орындайтынын білген мен, кәстөм алдағы жұмаға дейін толық тігіліп болуға тиіс екенін қадап айттым.

– Сізден өтінерім, мен жұманың кешінде поезбен жүрмекшімін, – деп тағы бір рет ескерттім.

– Алаң болмаңыз! – деді тігінші нық сеніммен.

– Алдын ала киіп көруге келейін бе?

Тігінші маған тағы да жеркенішті кейіппен қарап:

– Келудің тіпті қажеті жоқ, – деп шешімді жауап қайырды.

Жұма күні кешкі сағат сегізде кәстөмді алып келуге адам жіберсем, кәстөмім әлі дайын емес екен. Сағат тоғызда жіберіп едім, әлі дайын болмапты. Тоғыз жарымда жіберген адамым тағы да құр қол келді. Кәстөмімді тек сағат 10.20-да әкелді, ал мен 10.44-те жолға шықтым.

Мен курортқа сенбі күні жеттім, жақсылап тынықтым, дәрігерге көріндім, емделу үшін қажетті ақша төледім, күйеулерінсіз келген бойдақ әйелдермен танысып ұлгердім, сөйтіп,

ертең таңертең, жексенбіде, жаңа кәстөмімді киіп, ем қабылдай бастамақшы болдым.

Жүктерімнің құрамын айта кетейін: әйелім, енем, шымшығы бар тор, аспаздар, төрт жастық, үш матрас, асүйге қажетті ыдыс-аяқтар, тек электр плита жоқ, енем ала барайық десе де тастап кеткенбіз.

Ертең – жексенбі. Музыка ойнап тұр, жұрт қыдырыстап жүр. Көбісі курортқа арналған кәстөмдерін киіп алыпты, әйелдер жағы – ақшыл, еркектер – қара түсті киімдер киген.

Дәл осы арада сіздерді хабардар етейін, мен қалай болғанда да жаңа тіктірген кәстөмімді киюім қажет болды, өйткені ескі шалбарымның қолайсыздау жері, қалай болғанын білмеймін, әжептәуір тесіліп қалған екен.

Ерекше қанағаттанарлық сезім үстінде жол сандығымды ашып жіберіп, алдымен жаңа шалбарымды кигенімде есімнен танып қала жаздадым, шалбарымның балақтары қажетті мөлшерден екі сүйемдей ұзын болып, жерде сүйретіліп жатыр. Ыза болғанымнан шаштарымды жұлып, тігіншіні қарғап-сілеп, ендігәрі тігіншіден кәстөмді тексерместен алмауға ант-су іштім. Тіпті тігіншіге тіккен ақысын да бермеуге, енді оған жоламауға бекіндім.

Бірақ, өкінішке қарай, бұл берген антымның маған ешбір көмегі болмады. Жексенбі күні көшеде музыка ойнап тұрды, жұрттың бәрі қыдырып, көңілдерін көтеруде, мен болсам шалбарларымның не ескісін, не жаңасын кие алмай, жанымды қоярға жер таппай сілейіп тұрмын.

Енді не істеу керек?

Жалаңаш болмасам да, жұрт қатарлы киім кие алмағанымға әбден ашуым келіп, қолыма жаңа шалбарымды алып жағымды дауысыммен әйеліме:

– Жаным, менің, мына шалбарымның әрбір балағынан екі сүйемдейін шорт кесіп тасташы, – дедім жалбарына қарап.

– Ойбай, о не дегенің, бұл шаруа менің қолымнан келмейді ғой, – деп мені табалағандай, тіпті менің енді ешқайда бара алмайтыныма қуанып тұрған сыңай танытты.

– Неге қолыңнан келмейді?

– Бұл маман тігіншінің жұмысы ғой!

– Бұны өзім де білем, курортта тігіншіні қайдан табамын, шалбарымды сонау жақтағы Вранеге жібере алмаймын ғой.

Тіпті бүгін жексенбі – жұмыс күні емес қой. Оп-оңай нәрсені өзің де істей аласың ғой...

– Ақымақ адамның сөзін сөйлеме. Жаңа шалбарыңды бүлдіріп аламын!

– Бұнда тұрған не бар? Кәдімгідей кесіп тастайсың да балақтың төменгі жағын бүгіп тіге саласың!

– Жоқ, менің қолымнан келмейді. Артынан мені өзің сөгетін боласың!

– Мен байғұс енді не істей алам? Қолыма шалбарымды ұстап, енеме келіп, балақтардың екі сүйемдейін қысқартып беріңізші, – дедім жалбарына өтініп.

– Балам-ау, не деп тұрсың! Құдайым-ау, бұл күнәдан мені сақтай гөр! Бүгін қасиетті жексенбі ғой. Әлемдегі қандай жақсылыққа да мен дәл бүгін қолыма ине ұстай алмаймын.

Ең соңғы үмітім қалды – ол аспазшы. Оған жетіп бардым. Ол менің алқы-талқы жүрісімді көре сала және қолымдағы шалбарыма көзін түсірген бетте, қабырғаға қарай теріс бұрылып, алжапқышпен жамыла бастады.

– Өтініп сұраймын, Кати, маған бір ізгілік іс жасашы, – дедім...

Мен оған басыма түскен ауыр халімді түгелдей баян еттім.

– Мен бұл іспен ешуақытта айналысқан емеспін. Еркектердің шалбарын қолыма ұстаған жоқпын. Иә, айтпақшы, бірекі рет шалбарға түйме қадағаным есіме түсіп отыр...

– Катижан, қалайша қолыңыздан келмейді? Мен сізден соншалықты шеберлікті талап етпеймін. Тек қолыңызға қайшы аласыз да шалбардың әрбір балағын екі сүйемдей қысқартып, инемен бүге саласыз. Өте қарапайым жұмыс.

– Қолымнан келмейді. Енді бұл жерден кеткеніңіз дұрыс болады. Әйтпесе, жұбайыңыз мына жартылай жалаңаш ас үйге келгеніңізді көре қалса екеуіміз де ұят болып қалармыз.

Енді мен не істеуім керек? Іштей сөгініп алып, бөлмеме жүгіре жетіп, еденге шалбарымды тастай салып, терезе перделерін жаптым да, кереуетке құлай кетіп, түс көріп жатқаным дұрысырақ болар деген ұйғарым жасадым.

Мен ұйқыға кеткенімде мынадай оқиғалар болыпты. Әйелім менің қысылып жүргенімді сезіп, маған аяныш білдіре бастайды. Көшеде қыдырып жүргендерді, ал менің бүрісіп жатқанымды көріп, аяғының ұшынан ғана басып, қайшыны ала сала балақтардың аяқ жағынан екі сүйемдейін кесіп, ине-

мен бүреді де кереуеттің аяқ жағына іліп кетеді: өзінше мен оянғанда таңданып қалсын деп ойлапты.

Маған әйелім ғана аяныш білдіріп қойса бір сәрі ғой, тіпті маған енем де аяныш білдірген. Жайшылықта қатыгездікпен аты шыққан енем жүрегін жібітіп ол да менің тілегімді орындай салуға тырысқан. Сөйткен де әуелі пұт алдына келіп шоқынып алады да, аяғының ұшымен басып келіп кереуетте ілініп тұрған шалбарлардың екі балағынан екі сүйемдейін кесіп алып, инемен бүріп, кереуетке іле салады: өзінше мен оянғанда таң-тамаша қалсын деп ойлапты.

Бір жағынан алып қарасаң, өте жағымды, сауапты істер, әйеліңнің сені аяғаны, одан бетер енеңнің аяғаны қандай ғанибет десенізші. Менің сорыма қарай манағы аспаз Кати да мені аяй қалыпты.

Менің әйелім шалбарымның әр балағын екі сүйемге қысқартып, қыдырып кетеді, енем болса ол да шалбарымның балағын екі сүйемге қысқартып көшеге қыдыруға шығып кетеді, оның артынан бөлмеге Кати келеді, ешкімге білдірмей, аяғын ұшымен басып кіріп, шалбарды алып, тездетіп балақтарынан екі сүйемдейін кесіп алып, оны инемен бүгіп, кереуетке іліп кетеді: өзінше мен оянғанда ризалық білдіреді ғой деп ойлапты.

Мен шынында да таң-тамашаға қалдым. Шалбардың қайта дұрысталғанына риза болып, бұтыма кигенімде – о, тоба, құдайым-ау, осы күнге дейін әлгі көріністі көз алдыма елестетсем құбыжық көргендей тітіркеніп кетемін – менің үстімдегі шалбар емес, суға түсетін труси болыпты. Шын мәнісінде, бұл нағыз курортта киетін шалбар болыпты, осындай қайғылы минуттарда тезірек желдей есіп, курортшылар арасынан зымырай өтіп, суға түсетін жерге тезірек жетіп, бассейнге күмп етіп, секіріп кетуден басқа менде ешбір амалым қалмап еді.

Міне, сондықтан биыл курортқа шалбарымды алмай баруға бекіндім.

ҚҰЙРЫҒЫ БАР АДАМ

Ол құйрықсыз туып еді. Оған құйрық шағыр арасында өсіп, көрінген адамға жабыса кететін ошағандай, өмір жолында жабысты.

Құйрығымен қоштасу үшін ол операция да жасатты, бірақ оның да көмегі болмады. Дәлірек айтқанда, ол операция үстеліне жатқан жоқ, бірақ ол үсті жасыл шұғамен жабылған сот үстелінің алдында тікесінен тұрды, бұның өзі хирург пышағының астында жатқанмен бірдей еді. Операция сәтті өтті, ол кінәсіз деп табылды, бірақ түпкі тамырымен кесілмеген тәрізді, өйткені ол құйрығының барлығын ылғи сезініп жүрді.

Құйрық оған онша кедергі келтірмеді – отыруға да, ішуге де, ұйықтауға да бөгет бола алмады, ол бірақ шенеуніктің орындығына, былайша сенім артылатын орындықтарға отыра алмады.

Ол құйрығын жасыру үшін нелер ғана істемеді, бірақ оны ешкім кешіре алмады. Ол қаншама адамдармен ақылдасып, пейілдене кеңестерін тыңдады. Оның бір досы бірде былай деп ақыл айтты:

– Аллатағалаға табын, дұғалар оқы, тыныш өмір сүр.

Сөйтіп ол тұрақты түрде шіркеуге баратын болды, әрбір «Әмин» және «Аллатағала, кешіре гөр» дегеннен кейін шоқыну рәсімін жасады, діни уағыздың бәрін жаттап та алды және сол жақ қанатта тұрып марқұммен қоштасу хорына да жиі-жиі қосылып жүрді. Дегенмен, шіркеуден құлшылық етіп шыққаннан кейін ол өзінің құйрығын ұстап көрмесе де, басқа діни қауым мүшелерінің көзқарастарынан-ақ құйрығының сүйретіліп жүргенін сезінді.

Торыққаннан ол өзінің бәлесі туралы бұрын ақылдасқан достарына барып сырын ақтарды. Олар бастарын төмен салып, ойлы жүздерімен достарына жаңадан мынадай кеңес берді:

– Көңілді болуға тырыс, манайыңа көңіл ашар достарыңды топтастыр. Көңілді жүру құйрығыңның семуін тездетеді, түсіп қалғанын да сезбейсің.

Содан кейін ол күндіз-түні сауық-сайранға берілді. Бір күні шарапсыз, ән-жырсыз, дос-жарандарсыз өтпеді. Ойын-сауыққа құмарлығын сонда да баса алмады, сөйтіп жүрсе де әрбір көңілді кештерден үйіне оралып келе жатқанда, ол өзінің құй-

рығын ұстап көрмесе де, өзінің бөтелкелестерінің көзқарастарынан әлі құйрығының сүйретіліп келе жатқанын айқын аңғарды.

Ол тағы да өзінің бәлесі туралы бұрын ақылдасып жүрген достарына барып мұңын шақты. Олар бастарын төмен салып, ойлы жүздерімен уайымдап отырып жаңа кеңестерін айтты:

– Адамдарға мәрттік, бекзаттық жаса, игілікті істер істе. Бұлар нағыз ем болатын дәрілер, адамның қандай құйрығы болса да түбегейлі жойып жібереді.

Іле ол қайырымдылық жасаумен айналысты. үлкен байлығы болмайтын, бірақ игілікті істерге өзінің қолдағы барының жартысынан астамын жұмсады. Мынадай игілікті істерге қаражат мұқтаждығы болып тұр дегенді естісімен көмек сұраған адамның бәріне де қол ұшын созды, кедейлерге көмек көрсетті, құрбандық жасады. Дегенмен әр кезде игілікті істер жасаған сайын, ол өзінің құйрығын ұстап көрмесе де жақсылық жасаған адамдарының көзқарастарынан құйрығының сүйретіліп келе жатқанын айқын сезінді.

Әбден ыза болған ол тағы да өзінің бәлесі туралы бұрын ақылдасып жүрген достарына барып кеңес берулерін өтінді. Олар бастарын төмен салып, ойлы жүздерімен уайымдап отырып жаңа кеңестерін айтты:

– Бай болуға тырыс. Байлық деген адам өмірінде соңынан ілесіп қалмайтын қандай құйрықты да жабады.

Ол бірден іске кіріседі. Маңдай терін төгіп еңбек етеді, ақшасын айналымға салады. Бір динараны – екі, екеуді – алты, алтыны – елу, елуді – бір жүз, бір жүзді... мыңды... осылайша әбден байып алады. Қалтасы банкноттарға қампиып, кассалар бума ақшаларды сыйғыза алмайды, ол іскер адамдардың қатарына кіреді. Сол кезде ол құйрығының бірте-бірте семіп бара жатқанын сезінеді. Ол өзінің құйрығын сипалап көрмесе де, бірақ өзінің іскер достарының көзқарастарынан мәңгілікке қоштасқанын сезеді.

Оны айтасыз, ол енді баяғы өзі айтқан сенім артылатын орындыққа отыруға енді құйрығы кедергі бола алмайтынын сезінді. Алланың бір сәтті күнінде ол бір банктің бақылау кеңесінің мүшесі, одан кейін партиялық комитеттің мүшесі, ал сосын қоғамдастық кеңесінің кандидаты болды. Кім біледі, енді қарапайым орындықтан орынтаққа да отырар.

Ол қазір әрбір кеш сайын қандай қырсықтан құтылғанына іштей шүкіршілік айтып, ұйықтауға жатқанда, көрпе астынан ақырын ғана өзіне күбірлеп баяғы достарының соңғы айтқан мынадай кеңестерін сан рет қайталайды:

– Бай болуға тырыс. Байлық деген адам өмірінде соңынан ілесіп қалмайтын қандай құйрықты да жабады.

МИНИСТРДІҢ ТОРАЙЫ

Менің пайымдауымша, сіздердің бәріңіз де рождествода торай етін жегендеріңізге сенімдімін. Ал сіздер білесіздер ме, менің не жегенімді. Рождествоның алғашқы күнінде мен ірі қараның еті салынған тағам жедім, екінші күні де дәл осындай тағам жедім, үшінші күні ғана торай етінен жасалған сығымдалған етке қолым жетті.

Барлық мейірімді адамдар сияқты мен жұма күні арзанырақ болған соң, үйге бір торай сатып алып келдім. Үйдегілердің бәрі жапатармағай әлгіні қызықтай бастады. Бәрі де торайдың о жер, бұ жерін шұқылап «мәссаған» деп, таңданады. Алдымен «мәссағанды» айтқан өзім болдым. «Мәссағанды» менен кейін әйелім, одан кейін енем, одан кейін балдызым, балаларым, ең соңында аспазшы қайталады. Бәрі де естері шыға торайды мақтап, дәріптеп жатыр.

Ол аз болғандай мен шіркеуден поп шақырып, торайды сояр алдында діни ырым жасаттым. Содан кейін бәріміздің де көңілдеріміз орнығып, әрқайсымыз өз істерімізбен айналыса бастадық.

Әйелім балаларды жуындырып, олардың бастарын әлеміш сәлдеге ұқсас бірдеңелермен орап тастады; енем қан қысымын төмендетем деп мойнына қышалы қағаздар жапсырып, үлкен жылы орамалмен оранып, пешке арқасын тіреп жата кетті; әйелім, әдеттегідей, екі самайына кәртөп кесінділерін (басы ауырғандықтан) жапсырып, басын орамалмен байлап, қолдарына ақ першетке киіп, оларды бензинмен тазартуға кірісті, аспазшы менің ескі етіктерімді киіп, кілемдерді қарға қағып әкелуге кетті; балдызым биге киетін көйлегін пішіп, денесіне шақтап көруде; мен сақал-мұртымды қырынумен айналыстым.

Осылайша әркім өзінің шаруасымен шұғылданып жатқанда бір мезетте аспазшы сыпырғышын сілкілеп:

– Торай қашып кетті, торай, – деп жанұшыра айғай салды. Бұл хабарды естігенімізде төңірегімізде бомба жарылғандай болды.

Бәріміз бірдей үрейлі, түсініп болмайтын дыбыстар шығарып, улап-шулап торайдың соңына түстік. Алдында мен, басымда бөркім жоқ, бет-аузыма жаққан сабынның көбігі шашырап келеді, мойынсалғышым желмен желбең қағады; соңымда самайларына кәртөп жапсырып, қолдарында першеткесі бар әйелім, оның артында мойнына қылша жапсырылған енем; одан кейін тігіліп болмаған көйлегімен балдызым; сыпырғышын қолына ұстап қорбандап аспазшымыз, оның соңында, бастарында сәлдесімақтары жалбырап менің екі балам жүгіріп келеді.

Осыншама жасақты менің басқаруыма тура келді. Қарсылашымыз бірте-бірте бізден ұзап барады, біз болсақ табандылықпен оны қайтсек те ұстауға бекіндік. Әуелде ешқайсымызда да шығын жоқ еді, артыма қарасам енемнің мойнындағы қышалар, әйелімнің самайларындағы емге жапсырылған кәртөптер түсіп қалыпты. Әзірге жасағымыздың рухы мықты, жеңіске қарай жақындап келе жатқандаймыз.

Біздер сонымен Белградтың екі-үш көшесін артта қалдырдық, жеңіске енді қолымыз жетеді дегенде әлгі торайымыз біреудің ауласына жып беріп кіріп кетті. Бір минутты да босқа жібермей, мен дереу жасағыма жаңа тапсырмалар бердім. Ауыр артиллерияны, яғни, енемді қақпаның алдына қойдым, таулық артиллерияны, яғни әйелімді және балдызымды аула ішіне бүкіл аумақты бақылап тұруға тапсырма бердім, аспазшыны тылда қалдырып, екі балама қол ұстасып тізбектеліп тұруға тапсырма бердім, өзім барлаушылық қызмет атқаруға кірістім.

Біз өзіміздің жеңісімізге сенімді едік, бірақ әскери операцияларда болмашы ұсақ-түйектің өзі шайқас барысында аса қатерлі ықпал етеді ғой. Қоршаудың бір жерінде үлкен тесік бар екен, торай сол жерден шығып кетіпті, біздер оның ізінен айырылып қалдық. Бұл біздің бұдан әрі жауынгерлік әрекетімізден ештеңе де шықпайтынының белгісі еді.

Біздер ұрыс алаңынан Напалеон жауынгерлерінің Москвадан кері қайтқаны сияқты әсерде болдық. Қар жауып, жолды жауып жатты. Мен басымды салбыратып, алда келемін, артымда рухы сынған менің жасағымның әбден қалжыраған-

дары байқалады. Қар болса үсті-үстіне жауып жатыр, жауып жатыр... бөгде бір көшеде менің торайымды ұстап алып: «Ого-ого!», – деп жатқан шығар...

Мен рождествоны сарыуайымға салынып күтіп отырғанымда, ішкі істер министрі мырзаның торайы да қашып кетіпті деген сыбыс гулеп кетті. Мынадай сәтсіздіктің қатар келуін қарашы – министр мырзаның да торайы қашып кеткен және министр мырза да рождество мерекесін торайсыз қарсы алмақ; сонымен министр мырзаның тағдыры мен менің тағдырымның ұқсас болуы мені сәл де болса көңілімді сергіте түсті.

Мен мынадай оқиғаны да көз алдыма елестеттім – мүмкін министрдің торайы мен менің торайым екеуі уәделескен болар, сөйтіп біздің екі үйдің арасында белгілі қоғамдастық құрған болар?

Бірақ министр мырза мен сияқты торайды ұстап әкелуге өзінің жасағын жіберген жоқ. Ол Белградтағы полиция басқармасының бастығына телефон арқылы:

– Алло, менің ауламаннан сатып алған торайым қашып кетіпті!.. – дей салды ғой.

Ал енді көз алдыңызға полиция учаскелерінің бастықтарын елестетіңіз, полиция учаскелеріндегі шенеуніктерді елестетіңіз, осының бәрі рождествода болып жатқанын елестетіңіз, ал Жаңа жылда әдеттегідей оның қарамағындағылардың шенін өсіретінін елестетіңіз... Осының барлығы туралы әрбір шенеуніктің не ойлағанын сіздер мен айтпай-ақ сезіп отырған боларсыздар.

«Иә, осы торай арқылы шен алуға әбден мүмкін».

Осындай ойға келгендердің баршасы да шұғыл іске кірісті. Байқасам, көп ұзамай-ақ Орталық қала учаскесінің шенеунігі алшаң басып, оның соңында бір жандарм торай көтеріп келе жатыр. Олар тікелей министр мырзаның үйіне бағыт алған.

– Министр мырза, мен Сіздің торайыңыздың қашып кеткені жайында суыт хабарды ести сала, мүдірместен іздеуге шығып, қашақты ұстап алуға барлық күш-жігерімді жұмсадым деп, – хабарлауға рұқсат етіңіз!

Көп ұзамай Врачарск полицей учаскесінің шенеунігі, оның соңындағы жандарм бір торайды көтеріп келе жатты...

– Министр мырза... хабарлауға рұқсат етіңіз...

Арада жиырма минут өтпей, Савамалск учаскесінің шенеунігі, оның соңындағы жандарм үшінші торайды көтеріп келе жатты...

– Министр мырза... хабарлауға рұқсат етіңіз...

Міне, қазірдің өзінде министрдің ауласында үш торай қорсылдап тұрды, қазірдің өзінде үш шенеунік шенінің жоғарылауы жөнінде қиялдай бастады, эне, Дорчолск полиция учаскесінен төртінші шенеунік, оның соңында жандарм бір торайды көтеріп келе жатыр.

– Министр мырза, мен қашып кеткен торайды жалғыз өзім ұстап алдым... соны хабарлауға рұқсат етіңіз...

Шамалы уақыттан кейін, министр мырзаның үйіне серіппелі ат-арба келіп тоқтады, топчидерлік полиция комиссары, оның соңында жандарм бір торайды көтеріп келе жатты.

– Сіз ойлап қараңызшы, министр мырза, Сіздің торайыңыз сонау Топчидерге дейін қашып барыпты! Мен оны сіздікі екенін бірден байқадым, енді менен құтыла алмайтынын бірден сездім!

Палиулск учаскесінің шенеунігі де тездетіп келіп жетті, оның соңында жандарм... бір күркетауықты көтеріп келеді... Мен торайыңызды таба алмадым... оның орнына мынау күркетауықты тауып алдым...

– Бірақ біздің ауладан күркетауық қашқан жоқ! – деді екпіндей сөйлеп министр мырза.

– Министр мырза, Сіз күркетауық болмағанына сенімдісіз бе?

Міне, мен торайсыз қалғанымнан бергі уақыт ішінде министр мырзаның үйінде әрбір учаскеден бір-бірден келген торайлар қорсылдап тұр, әрбір учаскеде Жаңа жыл қарсаңында бір шенеунік шенінің жоғарылауын тосып отыр.

Мен полиция министрі болсам, егер менің торайым қашып кететіндей жағдай болса, мен бұл туралы барлық округтік полиция басқармаларына хабар таратар едім.

БАУКЕСПЕ ЖӘНӘ ТОММИ

Кешкі сағат онда қонақ күтуші Фелисия полисменмен бірге жасырын есіктен шығып, көше бұрышындағы дүкеннен құлпынайлы балмұздақ сатып алуға кетті. Ол полисменді ит етінен жек көргендіктен, дәл осындай жоспарды жүзеге асыруға тым құлықсыз болатын. Оның пайымдауынша, одан да гөрі оған үшінші қабаттағы бөлмеде Сент-Джордж Ратбоның романын оқып отырып ұйықтап қалуыма мүмкіндік бергені жақсырақ болар еді, бұған негіз де бар болатын, бірақ онымен ешкім де келіскен жоқ. Оны-пұны үшін бұл жалғанда құлпынай мен полицейлер де керек шығар.

Баукеспе үйге ешбір қиындықсыз енді: екі мың сөзі бар әңгімеде суреттеулері азырақ, іс-әрекеті көбірек болуы қажет етіледі. Ол асханада панар шамның қалқанын көтеріп, бұранда мен перканы алып, күміс салынған шкафтың құлпын бұрғылай бастады.

Кенеттен сыбдыр естілді. Бөлмені электр шамының жарығы жарқыратып жіберді. Қара барқыттан жасалған қалың шымылдық жарыла ашылғанда, арғы жағынан ішіне прован майы құйылған бөтелкені ұстаған жасы сегіздер шамасындағы үстіне қызғылт пижама киген, аққұба келген ер бала шыға келді.

– Сіз баукеспесіз бе? – деді ол жіңішке балаң дауыспен.

– Қарай гөр мынаны! – деді баукеспе қарлығыңқы дауыспен. – Мен баукеспемін бе, әлде емеспін бе? Сеніңше, мен екі-үш күннен бері мынау иек астындағы қыл-қыбырды не үшін өсірдім, құлаққабы бар кепешті басыма не үшін кидім? Жаның барында маған май әкел, мынау бұрандамды майлаймын, әйтпесе, анау басы ауырған шешенді оятып аламыз, ол саған қамқорлық жасайды деп сені Фелисияға сеніп тапсырып, өзі жатып қалып еді, ол болса бұл сенімді ақтамады.

– Ой, аллам-ай-й, – деді Томми ауыр тыныстап, – сіз уақыттан осыншама кеш қалады деп тіпті ойламаппын. Мен сізге қоймадан тағам әкеліп берген кезімде әлгі май дегеніңіз салат үшін ғана пайдаланылатын болады. Ал әкем мен анам болса да Решке операсын көруге кеткен. Менің бұл жерде кінәм

жоқ. Бұл тек әңгіменің редакцияда қанша уақыт жатқанына дәлел ғана бола алады. Егер автор ақылдырақ болса гранкадағы аты-жөнді Карузо деп өзгертер еді.

– Дыбысыңды шығарма, – деп міңгірледі баукеспе. – Тек үніңді шығарып көр, қоянның көжегі сияқтандырып, мойныңды бұрап тастаймын.

– Тауықтың балапаны де, – деп Томми түзету енгізді. Сіз қателесіп тұрсыз. Қоянның мойны бұрауға келмейді.

– Шынымен, сен менен қорықпай тұрсың ба? – деді баукеспе.

– Өзің де біліп тұрсыз ғой, қорықпаймын, – деді Томми. – Сіз мені шындық пен қиялды айыра алмайды деп ойлайсыз ба? Егер бұл әңгіме арқауы болмаса мен баяғыда-ақ тағы үнділік сияқты безек қағар едім, ал сіз болсаңыз аяқ басқышпен төмен домалап, тротуарда полицейдің қақпанына тап болар едіңіз.

– Байқаймын, өзің іс тетігін білетін сияқтысың, – деді баукеспе. – Айтарыңды жалғастыра бер.

Томми креслоға жайғасып, екі аяғын малдас құрып отырды.

– Сіз басқалардың мүлкін неге тонайсыз, баукеспе мырза? Сізде таныстар жоқ па?

– Байқаймын, сенің не айтқың келіп тұрғаныңды, – деді баукеспе ызалана тыржынып. Ескі дағды ғой. Сенің сәбилік кіршіксіз тазалығың мен қамсыздығың мені адал өмірге оралтуға тиіс. Жас баласы бар үйге ұрлық жасауға түссең, қашанда бүгінгідей ұқсас оқиғаға кезігесің.

– Мүмкін сіз буфетшінің үстел үстінде ұмыт қалдырған тәрелкедегі салқындатылған ірі қара етіне құмарлана қарап аларсыз? – деді Томми. – Әйтпесе, біздің уақытымыз өте тапшы.

Баукеспе келісе кетті.

– Сіз, байғұс, – деді Томми. – Сіз меніңше әбден ашыққан боларсыз. Өтінем, сіз, күте тұрыңыз, мен сізге жейтін бірденелер әкелейін.

Бала қоймаға барып қуырылған тауық етін, бір бәнке мұраппа және бір шыны вино әкелді. Баукеспе наразылық білдіре пышақ пен айырға ұмсынды.

– Менің Броувейде омар балығын жеп, сыра ішкеніме әлі бір сағат та болған жоқ, – деп күбірледі ол. – Осы жазғыштар

ең болмаса тамақ ішер алдында бір түйір пепсин дәрісін де бере қоймайды.

– Менің әкем де кітаптар жазады, – деді Томми. – Баукеспе орнынан асығыс-үсігіс атып тұрды.

– Әй, сен ол операға кетті деп айтқандай болып едің ғой, – деді ол балаға күмән білдіре қарап, қарлыққан дауысымен булығы сөйлеп.

– Мен айтуға ұмытып кетіпшін, – деп түсіндірді Томми. – Ол билетті ақысыз алды.

Баукеспе орнына қайта отырып, тауықтың сүйектерін мүжи бастады.

– Сендер пәтерлерді неге тонайсыңдар? – деп сұрады бала ойлы көздерін қадап.

– Реті солай, – деді жауап берген баукеспе кенеттен көзіне жас үйіріліп. – Аллатағала, менің үйде қалған қоңыр шашты Бесси баламды кеше гөр.

– Олай емес, – деді Томми мұрнын тыржитып. – Сіз дұрыс айтпай тұрсыз. Ең алдымен көзіңізге ерік бергенше, әуелі сіз неліктен жолыңыздың болмағанын айтуыңыз керек еді.

– Иә, иә, мен ұмытқан екенмін, – деді баукеспе. – Енді айтайын, мен бұрын Мильвокиде тұрдым...

– Күмісті алыңыз, – деді Томми креслодан түсіп жатып.

– Тоқтай тұр, – деді баукеспе. – Бірақ мен ол жерден кеткенмін. Басқа жұмысты таба алмадым. Шамалы уақыт мен Оңтүстік үкіметтің ассигнациясын өткізіп әйелім мен балама қолдау көрсеттім, бірақ өкініштісі, оны да тастап кетуге тура келді, өйткені олар өтімді болмады. Бәріне қолымды бір сілтеп, қайғыдан баукеспеге айналдым.

– Сіз бір кезде полицейлердің қолына түсіп көрдіңіз бе? – деп сұрады Томми.

– Мен қайыршы емеспін, «баукеспемін», – деп жауап берді қарақшы.

– Біз әңгімемізді қашан аяқтар екенбіз, сіз тауықтың етін жеп болған соң ба, болжалдау бойынша, опыну ұстамасы басталмай ма?

– Болжалдап көрейік, – деді ойлы қалыппен баукеспе, – мәселен бүгін Тони Пастор әдеттегіден ертерек жабылады да сенің әкең «Парсифалядан» үйге он жарымда оралады. Мен түбегейлі тәубама келдім, өйткені сен менің Бесси баламды еске түсірдің...

– Тыңдаңызшы, – деді Томми, – ал сіз қателесіп тұрған жоқсыз ба?

– Жок, Б.Кори Килверттің пастесімен ант етемін, – деді баукеспе. Әрқашан менің үйімде Бесси қалады да баукеспенің беті бозарыңқы әйелімен айласыз мылжыңдасады. Сонымен айтарым, мен сенің ақыл-кеңестеріңмен және маған деп қағазға орап берген бутербродтарыңмен артынып-тартынып үйден шығуға бет алғанда, дәл сол сәтте сенің әкең көше жақтағы есікті ашады. Гарвард университетіндегі ескі жолдасын көріп, ол кері шегіншектейді...

– Таң қалғандықтан емес шығар? – деп Томми оның сөзін бөліп, оған дөңгелек көздерін қадай қарады.

– Ол кейін шегінеді, – деп сөзін жалғастырды баукеспе және кенеттен орнынан тұрып: – Ра, ра, ра! Ура! Ура! Ура! – деп қайта-қайта айқай салды.

– Пәлі, пәлі, – деді таңданған Томми. – Әңгіме ішіндегі болса да университеттегі ұранды баукеспенің ауызынан бірінші рет естіп тұрмын.

– Саған бәрін де білудің қажеті жоқ, – деп күлімсіреді баукеспе. – Мен бұл жерде сахналық көріністі араластырып жібердім. Осындай бірдеңені театрда ойнасаң, университет туралы білдірген ишараның өзі оған табыс әкелуі мүмкін.

Томми көзқарасымен-ақ өзінің масаттанғанын байқатты.

– Сіздің бұл мәселе жөніндегі хабарыңыз өте мол екен, – деді ол.

– Сен тағы да жалған айтып тұрсың, – деп ескертті баукеспе. – Сенің туған күнінде саған анаң берген алтындатылған дүниені әлдеқашан әкелуің керек еді, оны мен Бессиге апарып берер едім.

– Бірақ анам маған тартқан сыйды Бессиге берсін деп айтқан жоқ еді ғой, – деді Томми бұртиып.

– Тоқта, тоқта! – деді баукеспе қатқыл үнмен. – Әңгімедегі бұлыңғырлау айтылған сөзді пайдаланып қалуға тырысу жақсы емес. Менің нені айтқым келгенімді сен түсінесің бе? Мен онда осы әдеби былығымнан не таппақшымын? Мен барлық алатын ақшамнан қағылам ғой, оның үстіне әр кезде өкініште қаламын; маған сен сияқты балалардан түкке тұрмайтын кәдесый сияқты бірдеңелер ғана бұйырады: тіпті бірде әңгімем үшін сейфті қаннен-қаперсіз ашып жатқанымда үстімнен түскен қыз баланың бетімнен бір сүйгеніне риза болдым. Оның

үстіне ол бүкіл киіміне жабысқақ сірне жағып алыпты. Керек десең дәл қазір басыңды мынау жатқан дастарқанмен жаба салам да, күміс салынған шкафты ашуға кірісемін.

– Бұлай істей алмайсыз, – деді Томми қолдарымен тізелерін құшақтап. – Өйткені олай жасасаңыз әңгімеңізді ешбір журнал баспай қояды. Сізге бірлікті сақтау керектігін жақсы білетін боларсыз.

– Ол саған да керек, – деді баукеспе түнере қарсылық білдіріп. – Осында ақымақтың сөзін айтып, мылжындап, сорлының несібесінен айырып текке отырғанша, одан да анау керуеттің астына кіріп, аузыңнан былапыт сөздеріңді ақтарып жатпайсың ба.

– Сіздікі дұрыс, достым, – деді Томми келіскен сыңай білдіріп. – Таңданатыным, біздерді осылай істеуге неліктен мәжбүрлейді. Меніңше, Балаларды қорғау жөніндегі кеңес бұған араласуы керек. Менің жасымдағы балалар үшін ересек баукеспенің табан астында жату ұнамсыз әрі табиғи емес, әрі науқастанып жатқан анасының оянып кетпеуі үшін оның қалаған тілегін орындау керек.

Баукеспе қолдарын дастарқанға сүртіп, есінеп алды да орнынан тұрды.

– Ал, осымен аяқтайық, – деді ол. – Алланың рахымына бөлеп, менің ботақаным, сен бұл жолы маған қылмыс істеуге жол бермедің. Бесси сен үшін дұға оқитын болады, мен үйге оралғанымда оған бұл жөнінде міндетті түрде тапсырма беремін. Енді мен маусымдағы журналдар шыққанша, құдай куә, деп айтайын, ешкімнің үйін тонамайтын боламын. Сол кезде кезек сенің қарындасыңа келеді – ол мен АҚШ-тың төрт пайыздық облигациясын шәйнектен алып жатқанымда үстімнен түсетін және ол маған маржан моншақтарын беріп, сілекейін ағызып бетімнен сүйіп мені алдарқататын болады.

– Сіз босқа шағым айтасыз, жамандық көрген жалғыз-ақ сіз емес, – деді Томми. – Ойлап көріңізші, менің ешқашан ұйқым қанған емес. Қария, екеумізге де оңай емес. Мен сіздің әңгіме кейіпкерінен шығуыңызды қалаймын және шынында біреуді тонап кетерсіз. Мүмкін біз сәті түссе инсценировка ішіне кіріп кетерміз.

– Реті келе қоймас, – деді баукеспе түнере түсіп. Мен егер сен сияқты таланттылар тұрғанда әрқашан тақырға отырып қалатын шығармын, өйткені сен тәрізділер мені жақсылыққа

қарай ұмтылуымды оятатын болады-ау, ал журналдар баспадан жарық көрген шығармаларыма қаламақы беретін шығар деп ойлаймын.

– Өте өкінішті, – деді Томми жанашырлық білдіріп. – Тек мен де ештемемен көмектесе алмаймын. Бұл біздің отбасылық беллетристикамыздың ережесі, бұнда баукеспенің ешуақытта жолы болмайды. Оған мен сияқты жас бала немесе жас кейіпкер қыз қашанда тосқауыл болады немесе нағыз соңғы минутта оның сыбайласы, біздің үйде көшір болып істеген секпіл бет Майк кедергі келтіреді. Қандай әңгімеде де сізге ең жаман роль бұйырады.

– Жарайды, енді менің жылыстай бергенім жөн болар, – деді баукеспе қолына панары мен бұрғысын алып жатып.

– Сіз Бесси мен оның шешесі үшін тауықтың қалғаны мен виноны ала кетіңіз, – деді Томми салқынқандылықпен.

– Оларға ештеменің керегі жоқ! – деді өкініш білдірген сынаймен баукеспе. – Менің үйімде Шатодө Бейхсвельдің бес жәшігі тұр, бір мың сегіз жүз елу үшінші жылы құйылған шарап. Ал сенің кларетіңнен тығынның иісі шығады. Тауығыңды шампанға салып бұқтырмасаң былайша олар оған көз қырын да түсірмейді. Мен әңгімеден шыққанда тіпті ешқандай қысылысты сезінбейтін боламын. Сәті түскенде есесін кейін қайтара жатармын.

– Иә, дегенмен мыналарды алыңыз, – деді Томми баукеспеге түйіншектер беріп жатып.

– Рахмет, жас қожайын, – деді көңілдене баукеспе. – Екінші қабаттың саул-найзағайы сені ешуақытта ұмытпайтын болады. Ал енді мені тезірек шығарып жібер, балақан. Біздің екі мың сөзіміз аяғына жақын қалды.

Томми оны дәліз арқылы көше жақтағы шыға беріс есікке қарай бастап келді. Кенеттен баукеспе тоқтай қалып, балаға бұрылып:

– Анау үй алдында қызбен әжік-күжік сөйлесіп тұрған фараон емес пе? – деді.

– Иә, – деп жауап бері Томми, – онда тұрған не бар?

– Ол мені ұстап алып кететін шығар деп үрейленіп тұрмын, – деді баукеспе. – Сен бұның беллетристика екенін ұмытпа.

– Қазіретім менің! – деді дауыстап Томми бұрылып жатып. – Жүріңіз мен сізді құпия есіктен жасырын шығарайын.

ШЫҒЫР АЙНАЛМАН ПЛАҒЫ

Бітістіргіш округтік судья Бинаджа Уиддеп сот ғимаратына кіре беріс баспалдақтың үстінде аю бадамынан қолдан жасалған шылым түтікшесін шегіп отыр. Кешкі мұнарда буалдырланып көгілдір сұр болып көрінетін Кемберленд тауының адырлары жарты аспанды жапқандай қызыл иектенген күннің батысына қарай созыла түскендей. Кенттің «бас даңғылымен» шұбарала тауық маңғаздана маң-маң басып, мағынасыз қытқыттап барады. Шырқы бұзылмас тауда туған таудай адам сырттай қарағанда бейне броньнан жасалған кісіге ұқсайды. Оның жанындағы әйелдің сыртқы пішінінен көзге ең алдымен сиса көйлектегі иіскейтін темекінің сайрап жатқан іздері байқалады. Жүзінен ынтызарлықты толық сезінбеген, тағатсыздық пен бұл күндері әлдеқашан білінбей жылыстап өте шыққан жастық шақтың үнсіз наразылығы «мен мұңдалап» тұрғандай еді.

Округтік судья өзінің лауазымына деген құрметін көрсету үшін аяғына башмағын киіп, ерлі-зайыптыларға жол бермекке орнынан тұрды.

– Біздің осында келу себебіміз, – деді әйел, оның дауысы қарағайдың бұтақтарынан ескен желдей естілді, – айырылысқымыз келеді. – Ол күйеуіне үңіле қарады, ондағысы іс мәнісін айтқанда түсініксіздік, дәлсіздік, жалтақтық, құштарлық, бір нәрсеге ұмтылушылық жіберіп алмадым ба екен деп күмәндануынан еді.

– Айырылысамыз, – деп қайталады Рэнси, сөйтіп өзінің сөзін қостағандай салтанатты түрде басын изеді. – Біз, міне, жарылып кетсек те бірге тұра алатын емеспіз! Біздің тауда өлі тыныштық, жалғыздық сезіледі, өмір сүру қиын. Мәселен, күйеуі немесе әйелі бір-біріне қамқорлық жасауға тырысса бір сәрі ғой, – онда көндігуге де болар еді. Егер әйелің тағы мысық сияқты ысылдап немесе сенің үкің тәрізді күні бойы түк істемей қоқырайып отырса, ондай адаммен бірге тұруға ешкімнің күш-қуаты жетпейді.

– Иә, егер күйеуің селтеңбай әрі мәңгірген болса, – деді әйел бәлендей қызбалыққа салынбай, – түрлі кір қожалақтармен, самогоншылармен шүйіркелесіп, артынан күн-түн демей, вискиге мелдектен тойып алып, қорылға басып ұйықтап

жатса, оның үстіне бір үйір иттері бар – оларды тамақтандыру керек – осының бәріне кім шыдайды!

– Иә, егер әйелің кәстроль қақпақтарын әрлі-берлі лақтырып жатса, – деді Рэнси әйелі реуішті міңгірлей сөйлеп, – оның үстіне Кэмберлендтегі ең жақсы аңға салатын итімді қайнаған сумен күйдіріп тастаса, ол күйеуіне ешуақытта ең болмаса сылдыр көже пісіріп бермесе, түн баласында көзінді іліндіруге мұрсат бермей, ұсақ-түйекке бола құлағыңның құрыш етін жеп, мыжыңдай берсе, мыжыңдай берсе қалай ғана төзесің.

– Иә, егер ол көнгіш, икемді шенеуніктерге жұдырығын ала жүгірсе, бүкіл таулықтарға маскүнем атағымен даңқы шықса – ұйқың қайдан келеді?

Округтік судья асықпай-саспай өзінің міндеттерін орындауға кірісті. Ол дауласушы тараптарға орындықтар ұсынып, заңдар жинағын ашып, баптар тізбесіне үңіле бастады. Содан кейін көзілдірігін сүртіп, сиясауытты өзіне қарай жақындатып қойды.

– Занда және оның қосымшасында, – деп бастады судья, – былайша айтқанда бүгінгі болып отырған сотқа байланысты қаралып отырған іс заңды хүкімде жоқ болып шықты. Бірақ, әділеттілік, конституция және Қасиетті Кітаптағы көзқарастар тұрғысынан алып қарағанда әрбір жасалған мәмлениң жақсылығы сол, оны қай уақытта да бұзуға болады. Егер округтік судья қандай жұптың да некесін қиюға мүмкіндігі болса, егер қажет болған жағдайда оларды айыра да алады. Біздің сот айырылысу туралы шешім шығарады және бұл шешімді Жоғарғы сот күшінде қалдыратынына өзіне кәміл сенеді.

Рэнси Билбро шалбарының қалтасынан шағын дорба алып шығып, үстел үстіне қағып-қағып жібергенде ішінен бес долларлық қағаз түсе қалды.

– Бір аюдың терісі мен үш түлкінің терісін сатып едім, – деді ол. – Міне, біздің барлық ақшамыз осы, енді жоқ.

– Айырылысу үшін соттың бекіткен ақысы бес доллар, – деді судья. – Анық немқұрайдылық түрін сездірген ол әлгі қағазды қолдан тоқылған көкірекшесінің ішкі қалтасына сүңгітіп жіберді. Одан кейін күш-қуаты мен ақыл-ойы қиналысын айқын байқатып, парақшаның төрттен біріндейіне айырылысу туралы қаулы мәтінін шимайлап жазды, оны парақшаның төрттен біріндейіне қайтадан көшіріп, дауыстап оқыды. Рэнси Билбро

және оның жұбайы өздерінің толық және екіжақты еркіндік алғаны туралы үкімді тыңдады.

«Баршаға мынадай мәліметтер хабардар етіледі, Рэнси Билбро мен Эриэла Билбро, ақыл-ойлары дұрыс, жадылары орнықты жағдайда өздері жеке менің алдыма келіп, бүгіннен бастап және бұдан былайғы уақытта бірін-бірі сүймеске, бірін-бірі құрметтемеске, қуанышта да, қайғы-қасіретте де бір-біріне бойұсынбасқа уәделерін бергеннен кейін, қоғамдық тыныштықты сақтау және Штаттың мүддесі үшін екеуінің некесін бұзу мақсатында олар сотқа тартылды. Айтқан сөздерден айнуға болмайды, сіздерге Алла жар болсын. Бинаджа Уиддеп, Пьедмонт округінің судьясы. Пьедмонт округінде, Теннеси штатында».

Судья қағаздың біреуін Рэнсиге ұсына бергенде, Эриэалдің дауысы құжатты тапсыруға кедергі келтірді. Екі еркек оған тіксіне қарап қалды. Күтпеген жерде еркектердің оралымсыз ойлары осы әйелмен тоғысып қалды.

– Құрметті судья, бұл қағазды оған бермей қоя тұрыңыз. Бұлайша бәрі дұрыс болмайын деп тұр. Сен ең алдымен менің құқығымды қорға. Маған пансион төлесін. Қарай гөр бұны – өзі неке бұзу ресімін алғысы келеді, ал әйеліне не болмақ? Өлсең, өле қал дей ме? Мен таудағы Эду ағама барғым келеді, аяғыма екі жұп кебіс және тағы да ұсақ-түйек сатып алғым келеді. Рэнси неке бұзу ресіміне ақша тапты ғой, ендеше маған пансион төлесін.

Рэнси Билбро бұл соққыдан есінен танып қала жаздады. Бұдан бұрын пансион туралы ешқандай әңгіме болған емес. Бірақ әйелдер әруақытта еркектерді күйретерлік тосын жәйітке тап келтіреді ғой.

Бітістіруші судья Бинаджа Уиддеп бұл мәселе тек заңдылық тәртібімен ғана шешілетіні мүмкін екенін түсінді. Бұл орайда заңдар жинағында да өлі тыныштық, дегенмен әйелдің аяқ киімі жоқ, тау жолы тік әрі шақпатасты.

– Эриэла Билбро, – деді Бинаджа Уиддеп судья дауысымен, – сіз қаралып отырған қазіргі іске байланысты қанша пансион алғыңыз келеді?

– Мен кебіс және басқа да ұсақ-түйектерге бес доллар талап етемін. Бұл көп қаржы емес, Эда бауырыма жетуіме жетсе, артығы қажет емес.

– Аталған сома, – деді судья, – біз үшін аса көп қаржы емес. Рэнси Билбро сот шешімі бойынша қуынушыға бес доллар беруіңізге тура келеді, сонда некені бұзу туралы қаулыны күшіне енгізуге тура мүмкіндік болады.

– Ал, мен бұл ақшаны қайдан алмақпын, – деді Рэнси ауыр тыныстап, – мен қолымда барымның бәрін бердім ғой.

– Керісінше болған жағдайда, – деді судья, – Рэнсиге сұсты көзбен көзілдірік үстінен қарап, – сотқа ілттипатпен қарамағыныңыз үшін жауапкершілікке тартыласыз.

– Онда сіз бірер күн күте тұрсаңыз, – деді мұңайған кейіппен Рэнси, мүмкін бір ретін табар едім. Бұны кім білген, оның пансион талап ететінін.

– Істі тыңдау кейінге қалдырылады, – деп хабарлады судья. – Ертең екеуіңіз де келулеріңіз керек, өйткені сот қаулысын орындау керек. Содан кейін сіздердің қолдарыңызға айырылысу туралы куәлік берілетін болады.

Бинаджа Уиддеп баспалдаққа отырып, кебістерінің бауларын ағыта бастады.

– Қалай, Зайе ағамызға барамыз ба? – деді Рэнси. – Сонда қонып шығайық. – Ол екі аяқты арбаға отырды, Эриэла болса арбаға екінші жағынан мінді. Кішкентай қызыл сары түсті тайынша жіп божының соққысына бағынып, асықпай жартылай шеңбер жасап, баратын жолға түсті. Екі аяқты арба шаң бұлтын көтеріп, салдыр-күлдір дыбыс шығарып бірте-бірте алыстап бара жатты.

Судья Бинаджа Уиддеп өзінің аю бадам түтікшесін тартып бітірді. Содан кейін апталық газетті қолына алып оқуға кірісті. Ол қараңғылық түскенше оқыды, көзінің алдындағы әріптер бұлдырап көріне бастағанда ғана үстел үстіндегі май шамды жағып қайтадан оқуын жалғастырды, ол тек ай туып, кешкі астың ішетін уақыты жеткенде ғана орнынан тұрды.

Судья төбе беткейіндегі кәрі теректің жанында бөренеден борап салынған үйде тұратын. Үйіне бара жатқанда ол лаврь өскіндері арасынан ағып жатқан кішкентай өзенше арқылы өтетін жолмен жүретін. Ағаш арасынан бір адамның бейнесі шыға келіп, оның кеудесіне мылтық дүмін тақай қойды. Қалпағын төмен түсіріп, бетін матамен бүркемелеген қарақшы:

– Ақша әкел, – деді әлгі адам, – дыбысыңды шығарушы болма! Мен сайтаннан да ашулымың, сосын саусағымды көрдің бе, шүріппені басып жіберуге дап-дайын тұрғанын...

– Б-б-бес долларым б-бар – мендегінің бары осы ғана, – деп судья міңгір-міңгір етіп, кеудешесіндегі қалтасынан ақшаны алып жатып.

– Бүкте оны, – деп бұйырды әлгі, – енді оны мылтықтың ұңғысына тық!

Әлгі қағаз су жаңа және қытырлақ екен. Тіпті қорыққанынан қолы қалтырап тұрса да судья ақшаны тездетіп түтікше етіп бүктеп, мылтықтың ұңғысына тығып жіберді (көп күшжігер жұмсауға тура келді).

Келесі күні кішкентай қызыл сары тайынша екі аяқ арбаны тағы да сот ғимаратының алдындағы баспалдақ алдына алып келді. Судья Бинаджа Уиддеп таң атпай әлгі баспалдақта киінген қалпында келетін қонақтарды тосып отыр екен. Рэнси Билбро оның қатысуымен бес долларлық қағазды әйеліне ұсынды. Судья әлгі қағазға өте тесірейіп қарады. Оның шетінен басталып бүктелгенін және мылтықтың ұңғысына тығылған қағаз екенін сезгендей. Дегенмен Бинаджа Уиддеп ештеме білмеген кейіп танытты. Судья ерлі-зайыптылардың қолына некенің бұзылғаны туралы куәлікті тапсырды. Олар ыңғайсыздана үнсіз қатар тұрып, еркіндікке кепіл болатын қағаздарын орап жатты. Эриэланьң күйеуіне қараған көздерінен именшектік, сенбестік байқалды.

– Енді сен үйге екі аяқты арбамен қайтасың ғой... Нан шкаф ішіндегі қаңылтыр қорапшада. Майды кәтелөкке салғам – иттер жеп қоймасын деп. Кешкісін сағатты бұрап қоюды ұмытып кетпе...

– Ал, сен, Эду бауырыңа барасың ба? – деді Рэнси немкетті сыпайылықпен сұрап.

– Түн қараңғылығы түскенше жетіп алуым керек еді. Олар мені көргенде соншалықты қуана да қоймас, бірақ басқа жаққа баратын жерім де жоқ. Ал, ол жаққа баратын жолдың қандай ауыр екені белгілі. Бармай да болмайды... Енді екеуімізге қоштасуға тура келеді... Рэнси... әлде сен, мүмкін, қоштасқың да келмейтін шығар...

– Мүмкін, мен, әрине, итпін, – деді Рэнси азап көргеннің дауысымен, – көріп тұрсың ғой, менің қоштасқым келмейтінін!.. Әрине, біреу кетуге асығып-ақ тұрғанда, екінші біреудің қоштасу дегенің ойға да келмейтін шығар, бәлкім...

Эриэла үндемеді. Ол бес долларлық қағазды және айырылысу туралы куәлікті мұқият бүктеп, оларды қойнына тықты.

Бинаджа Уиддеп тасаланып бара жатқан банкнотқа қайғылы көзімен телміре қарап қалды.

Оның ой ағынының өзіндік жолы бар еді, кейінірек айтқан сөзінен байқалғандай, ол не мейлінше көп тараған сезімтал жандардың санатына, немесе мейлінше сирек кездесетін – қаржы тобына жататын шығар.

– Рэнси, бүгін саған ескі лашықта жалғыз жату оңай бола қоймас, солай ма? – деді Эриэла.

Рэнси Билбро күннің сәулесімен ақшыл-көк болып көрініп тұрған Кэмберленд адырларына көз қиығын түсіріп тұрды. Ол Эриэлге қараған жоқ.

– Солай болмағанда, қалай, – деді ол, – олай болмаса айырылысу жөнінде есі кеткенше кім айғайлар еді, ондай адамды күштеп кім ұстап тұра алады.

– Онда айырылысамын деп кім тілек білдіріп еді, – деді Эриэла орындыққа қарап. Анығында, біреудің қалуын құптай қоймайтын біреудің бар болғаны ғой.

– Иә, онда, құптамаймын деп кім айтты?

– Иә, ал онда құптаймын деп кім айтты? Мен Эду бауырыма бара берейін. Уақыт болды...

– Байқаймын, енді біздің сағатты ешкім бұрамайтын болды ғой...

– Мүмкін, Рэнси, сенімен бірге екі аяқты арбамен барып, сағатты бұрап жіберермін?

Таулықтың жүзінде ешқандай сезім ізі білінбеді. Бірақ ол орасан зор қолын созғанда, әйелінің арық, күн көзіне қақталған қолы күйеуінің алақанында жоқ болды. Сол сәтте Эриэлдің қатқыл жүзі ішкі сарайының нұрымен жарқырап кетті.

– Мен бұдан былай иттер сенің мазанды алмау үшін қам жасайтын болам, – деді Рэнси, – мен мал сияқты болған екенмін, мал сияқты. Эриэла, сен сағатты енді жүргізіп жібер.

– Онда менің жүрегім қалды ғой, Рэнси, біздің лашықта, – деп сыбырлады Эриэла. Сен қайда болсаң – мен сонда. Енді мен жынданбайтын боламын. Үйімізге барайықшы, Рэнси, мүмкін таң атқанша жетіп қалармыз.

Судьяның отырғанын ұмытып кеткен олар, есікке қарай беттей бергенде, Бинаджа Уиддеп арттарынан тіл қатты.

– Тенесси штатының атынан, – деді ол, – оның тәртіптері мен дәстүрлерін сендердің бұзуларыңа жол бере алмаймын. Екі сүйген ниеттес жүректің одағына, өзара түсінушілігіне

қайғы-қасірет салған өзара ұрыс-керіс бұлтының сейілгенін көру сотты төтенше қуанышқа бөлейді. Дегенмен, сот Штаттың адамгершілік пен ахлақтықты қорғауға тиісті болғандықтан мен сіздерге мынаны ескертемін, барлық ереже бойынша қазір ерлі-зайыпты емессіңдер, сондықтан матримониалдық жағдайдағы айрықша жеңілдіктерді пайдалану құқығынан айырыласыңдар.

Эриэла қолынан шап беріп ұстай алды. Мынау судья не айттып тұр өзі? Осы өмірден екеуіміз де жақсы сабақ алып, төбеміз көкке жетіп тұрғанымызда ол Рэнсиден мені ажыратпақ па?

– Дегенмен, – деп судья сөзін жалғастырды, – некебұзушылық салдарынан болған құқықсыздықты қайтадан қалпына келтіруге сот дайын, тіпті қазір-ақ салтанатты дәстүрді орындауға кірісіп кетуге болады, себебі бәрі бұрынғы қалпына келді және бірімен-бірі тәжікелескен тараптар қайтадан өздеріне ізгілікті және жоғары дәрежелі матримониалдық жағдайды орнықтырды.

Соттың жаңа ғана айтқан сөздерінен Эриэла жүрегіне үміт сәулесінің түскенін сезінді. Іле қолдарын қойнына сүңгітіп жіберіп, алып шыққан бес долларлық қағаз бейне еркіндікке ұшып шыққан көгершіндей қос қанатын жиыстырып, судья столының үстіне барып қонды. Олардың қайтадан заңды некеге тұрғаны туралы судьяның сөздерін естігенде Рэнсиден қол ұстасып тұрған Эриэлдің қола жүзі қызыл шырайланып кетті.

Рэнси әйелінің екі аяқты арбаға отыруына көмектесті де өзі соның жанына жайғасты. Бәлекей қызыл тайынша тағы да жартылай шеңбер жасап, тау жаққа қарай бағыт алды.

Бітістіруші судья Бинаджа Уиддеп ғимараттан шыға беріс баспалдаққа отырып аяқ киімдерін шешті де кеудешесінің ішкі қалтасына салған манағы бес долларлық қағазды сипалап қойды. Сосын аю бадамынан жасалған шылымын құшырлана тарта бастады.

Кенттің «бас даңғылы» бойымен шұбарала тауық маңғаздана, тәкаппарлана маң-маң басып, мағынасыз қыт-қыттап бара жатты.

МАЙЫН БОЛҒАНДАР

Егер сіздер крутогорлық тұрғындардан менің қандай адам екенімді білгілеріңіз келіп сұрай қалсаңыздар, олар әрине: «Ойбай, ол ит» деп жауап берер еді. Ал мен болсам дәл осындай лақап аттың алдында бойсұнып басымды ием, тіпті керек десеңіз, оны әжептәуір мақтан тұтам.

Осындай лақаптың арқасында менің абыройымның асқақтағаны соншалықты, егер менің бастығыма біреудің кескінкелбеті ұнамай қалса, анау сормандайдың қарасын құрту үшін менен басқа жан адамға өтініш жасаған емес. «Мейірбанды Филовритов, – дейді ол маған, – NN деген мырзаның мұрыны тым ұзын, бұл әкімшіліктегі симметрияны бұзады, сондықтан оның танауын бетімен бірдей етіп тегістеп жіберуге қалайсың?..» Мен бастығымның бұйырығын орындауға кенет екі қолымды қанат етіп ұшып, оның ұнатпаған сұмырайын қасқыр болып кеңірдегіне жабысып, бурадай шайнап, аяғымның астына ес-түссіз қозғалмай жатқанша тепкілеймін.

Менің ерекшелік қасиетімнің құрамында жұмсақ жүректі деген мінезге орын жоқ. Шынын айтайын, мен мысалы NN мырзаға келген бетте ол маған нағыз бейтаныс адам болып көрінеді де менің жеке жауыма айналады, оның сыртында ол менен қорғану үшін қарсы құралдар қолдана бастаса өмірі менімен ешқашан бітіспес ата жауым тәрізденеді. Сол сәтте мен кенеттен өзімнің тапсырма берген бастығымның бүкіл мінезін бойыма сіңіріп алам; менің көзқарасым бұлыңғырланады, аузымнан ақ көбік шыға бастайды, содан кейін мен жауымды құтырған адамдай әбден өлердей болып әлсірегенімше төмпештей берем, төмпештей берем... Өздеріңіз де келісерсіздер, адамның ішкі жан-дүниесіне тұрақты, табиғи емес алапат қысымның да өзіндік поэтикалық әсері де болады, бірақ, өкінішке қарай, оны құмарлана қарап тұрғандардың көздері байқай алмайды.

Мен, шын мәнісінде, жақындарымның бақытсыздығы маған айтылмаған шындық шаттығына бөлейтіндей дәрежеде соншалықты ызалы болғаным жоқ... Бірақ мен өзімнің үйреншікті, күнделікті іс-әрекетімді, қызметтік, ресми қыз-

метімнің айырмашылығын қатаң айырамын. Бірінші салада мен – өз жүрегімнің құлымын, тіпті өзімнің жан-тәнімнің құлымын, мен әуесқойлыққа салынамын, мен іші-бауырымды жібітемін; екінші салада – мен өзімнен егделігімді сыпырып тастаймын, мен төңірегімдегі әлемнен баз кешем және көріп-келдік дәрежесіне дейін көтерілем. Егер ыза мен ашу менің жүрегімді жеткіліксіз соратын болса, жасанды жолмен өзімде бауыр ауруын туғызатындай бүкіл күш-жігерімді жұмылдырамын.

Бұл орайда мен көптеген жағдайларда табысқа жетем. Мен күн сайын қаншама жәбір көрем, үнемі ызалы ахуалда болу менің қалыпты жағдайда жүруіме ешбір мүмкіндік бермейді. Бұның сыртында менің жалақым түкке тұрмайды, аздығы соншалық, материалдық ләззаттың рахатын көруге мысқалдай болса да ешбір мүмкіндігім жоқ, үнемі жартылай ашқұрсақ болып жүрсем де менің ар-ожданым түрлі бөгде иландырулардан ерікті болғанымға мен өзімді мақтаншыпен сезінемін, өйткені қарын қамы маған жат: әлемге байлықтың ұлылығы биігінен қарайтын «сотқарлардың» іс-әрекетімен айналыспаймын.

Менің ата-тегім – Филоверитов. Бұл менің барқыттың немесе алтынның үстінде тұмағанымға жеткілікті дәлел бола алады. Менің қазіргі бастығым өз үйінің қажеттілігі үшін іздеген итінің өзіндей басқа жыртқыш иттерді өлтіргенше талап тастағанына сүйсінетіндейін іздеп жүріп және менің түсімнің сарғыш тартқанын, ал ішімнің әрқашан жинақы болып жүргенін көргенде ол бірден көңілін маған аударады.

– Менің сұқ саусағым жөн сілтегенде, – деді ол маған, – сен әрқашан ызалы, әуақытта сергек әрі қатулы болуға өзінде дәл сондай күштің барлығын сезе аласың ба?

Өзімнің ар-ұятыммен ақылдасқанда, маған жүктелген сенімді ақтауға мүмкіндігімнің барлығына көз жеткіздім. Мен бірқатар анық және қатал силлогизмдер арқылы, ресми адамның қарапайым адамға тән бұлжымайтын бес сезімнің біреуіне де ие болуға құқы жоқтығына кәміл сену қажеттігін ұғындым. Өзінің тетіктеріндегі күрделі және тегеурінді барлық бөлшектерімен көзінді үрейлендіретін, ақыл-ойыңа зақым келтіретін бұл алып әкімшілікте мен кімін және қандай маңызға иемін? Мен ол үшін көзге көрінбейтін қолмен сызылған қайтсе де бір немесе басқа да жұмыстарды орындауға

немесе сиқырланған шеңберден бір тұтам да шыға алмайтын түкке тұрмайтын елеусіз атом бөлшегі тәріздімін. Мен өзімнің пікірім болу үшін, қандай құқық беруін ұсына аламын? Ал сол пікір кімге қажет? Бірде мен бастығымның алдында ауызымды ашып, бірдеңе айтайын деп, менің ойымша... дегенімше болған жоқ, ол маған көзін қадай қарағанда-ақ, мен енді қайтып тіс жармауға бекіндім. Оныкі жөн болды...

Содан бері біздерде бәрі ойдағыдай және жатық. Сіздерден жасырғым келмейді, үнемі тапсырыспен ызаланып жүру кейде өзімді титықтағадy. Кейде бүкіл арқа сүйектерім сынғандай күйге түсемін, сондайда еңкіш тартып кетем... Бірақ бұл уақытша ғана: ауада күйік дәмі шықты дегенше іс-әрекет жасауға жаңадан бұйрық аламын, мен пошта таситын ат сияқты, жараланған аяқтарымды жазып, ірі және шағыл тастардан, таулар мен жыралардан, қорыстар мен батпақтардан именбей орғып өте шығам. Аяқтарым ылғи қанталап жүреді, қолға түскен егеуқұйрықтай тез және үзіп-үзіп тыныс аламын, қайтадан жортуылға шығар алдында тынысымды тарылтпау мақсатымен аз-кем тоқтап алам да ілгері қарай құйындата жөнелем.

Бұндай жортуылдар өте пайдалы: арақ бойына әбден сіңген маскүнемнің өміріне бір рюмке заһардың пайдасы қандай болса, менің өміріме де жортуылдар сондай әсер береді. Мысалы, маскүнемге көзің түссе, кәдімгі сынаптан сомдалғандай, оның қол-аяғы діріл қағып тұрады, ал бір-екі шәшке ішіп алса лезде жұмақтан шыққандай қутындай жөнеледі. Мен де дәл осындай күйдемін: менің атқаруға тиісті парызым ойыма түссе болды, іле сергіп шыға келем. Ұсақ ашкөздіктен, ішмерездіктен мен іс-әрекет етпеймін, адам және азамат ретінде өзіме жүктелген міндетімді орындау мақсатымен ғана қаракет жасаймын.

Менің іс-әрекетім өте әртүрлі болды. Тексеруші де, судья да болдым; демек, тірі тіршілік иелерімен де, өлі әріптермен де істес болғаным ғой, екі жағдайда да өзіме өзім адал болдым, дұрысырақ айтсам, парыз мүддесіне орай қызметші болдым.

Тергеушілік қызметті сіздер білетін боларсыздар: онда қалтаң үшін болмаса да, жүрегің үшін қаншама алдау-арбаулармен бетпе-бет ұшырасасың, мұндайда тиісті түрде өзінді-өзін ұстап тұруың оңай емес. Мен сіздерге ашықтан-ашық мойындайын, дәл осы тұрғыдағы қаракет менің ішкі дүниеме сәйкес келмейді; жалпы, мен тірі тіршілік иелерін ұнатпаймын,

күрсінулер мен ыңырсуларды жақсы көрмеймін; олар менің ой еркіндігімді тежейді. Менің полицейлік қызметімдегі екі оқиға туралы сіздерге айтып берейін, – осы екі оқиғадан сіздер қиянатқа бармайтын тергеушіге қандай қиындықтармен күресуге тура келетіні туралы түсінік аласыздар деп ойлаймын.

Бірінші оқиға Черноборск уезінде орын алды. Березин ауылында өрт болды, өрттің қастандықпен әдейі жасалғаны айқын еді, оған ешқандай күмән келтіруге болмайтын. Тек өрттің шығуына кінәліні және оның әдейі немесе әдейі емес екенін анықтау қажет болатын. Осы мәселе бойынша менің іздеп жүргенімдерімнің арасынан маған бір еркек пен әйел келіп жолықты, екеуі де өте жас адамдар, үйді өртеген біз деп өздерін кінәлі санайды. Онымен қоймай өртті қалай салғандарын бүге-шігесіне дейін түк қалдырмай тәптіштеп айтты.

– Өрт салуға ұйғарым жасауға сендерге не түрткі болды? – Екеуі де үнсіз қалды.

– Екеуің ерлі-зайыптымысыңдар?

Олар бір-біріне бөгде адамдар болып шықты, бірақ екеуінің бастары бос емес: жігіт үйленген, қыз күйеуге шыққан.

– Сендер білесіңдер ме өрт қойғандарың үшін қандай жазаға кесілетіндеріңді?

– Білеміз, әкетай, білеміз, – деді екеуі қосылып, өздері соншалықты ризалық сезімде.

Мен тек бір нәрсеге қайран қалдым: әйел мен еркек бір-біріне бөгде бола тұрып, неге бірлесіп үйді өртеген, сөйтіп ауыр қылмыс жасаған. Осындай күмән тумаса, өздерінің айтқандарына сенім артып, істі сотқа жібере салуға болар еді. Бірақ мен істің аяғына дейін тексеріп, анық-қанығына жетпей, орта жолда қалдырып, тыныштала алмаймын... Шынында, қылмысты жасауға түрткі болатын қандай себептері барлығына байланысты қайта сұрай бастағанда олар көптен бері бірімен-бірі ашыналық қарым-қатынаста болғандығы анықталды.

– Бұл жерде өрт салудың қандай қажеттілігі болды? – деп сұрадым олардан.

Екеуі де үнсіз қалды. Мен оларға қылмысты жасауға түрткі болған себептер көбінесе жазалау шараларын әжептәуір жеңілдететін айтып түсіндірдім.

– Бізге қандай шара қолданылады? – деді жігіт.

Мен оған жазаның қандай болатынын түсіндіріп едім, байқаймын, екеуінің де бастары төмен салбырап кетті. Көптеген талап етуімнен кейін, олардың бірін-бірі өте сүйетіндіктерін, сол үшін үйді өртесек, Сібірге айдаламыз да сонда некелесіп, арманымызға қол жеткізетін боламыз деген ұйғарымға келгендерін білдім. Олар бұл қылмысты бекер жасағандарын білгеннен кейін, қандай торығушылық пен ыңкыл қаққандарын көрсеңдер ғой. Енді мен қылмысты ашқанымға өкініш білдіре бастадым. Өйткені жазаны жеңілдету мақсатын көздеген мен енді жазаны қайта ауырлата түсуге тура келді...

Екінші оқиға Оковск уезінде болды. Бір ерлі-зайыптылар бес жыл бойы тату-тәтті өмір сүреді. Олардың балалары болмаған, алайда бұл отбасында келінді өте жақсы көреді, күйеуі болса әйелінің сұлулығына соншалықты ынтызарлық сезіммен сүйсінумен болады. Кенеттен, әйелі күйеуінен жери бастаған сынай танытады. Бірде күйеуіне ешбір дәлелсіз қарсылық білдіреді, бірде титығыңа жетпей қоймаймын деп үрейлендіреді. Әйтеуір әлгі әйел күйеуіне білгенін істейді. Кейінірек мен осы жағдайдың неден болғанын ашуға тырысқанымнан ештеме де шығара алмадым, істі қай жағынан қарастырсам да ең болмаса мәселенің байыбына тіпті титімдей де жақын баруға шама-шарқым жетпей қойды. Осы әйелде бір құпия байланыс болуы мүмкін-ау, деген ойға беріліп көрдім, бірақ отбасы мүшелері де, тіпті көрші-қоландары да әйелге шаң жуытпады, әйел қай жағынан болсын ұлгілі мінез танытқан. Мүмкін әйелде қызғаныш оты лаулап жанып жатқан шығар, деген сауал да көңіліме оралды – бұл ойым да теріске шықты. Тіпті күйеуі әйелі қандай қарсылықтар жасағанда қайта күлімсіреп: осы жүкті болып қалмады ма екен, содан ашуға булығып жүрген шығар деп, бәлендей мән бермеген. Осындай қарсылықтар білдіру әбден ұлғайған кезде ғана күйеуі ойлана келіп, оны «көз тиген» шығар, деп тамағына бір дәрі шөптің тамырынан жасалған ұнтақ себе бастайды. Ал әйел болса: «Менің қолдарымды байлап қойыңдар, туысқандарым, ажал Петруняның аяғынан шалғысы келеді» деумен болады. Алайда, олар ешқандай ерекше сақтық жасаған жоқ, міне, бірде сәуле шашқан таңертеңгілік мезгілде әлгі әйел күйеуінің құдық қазып жатқанын біліп, шұңқырдың жиегіне жақындап келіп, күйеуін шақыра бастайды. Күйеуі шұңқырдан басын қылқита шығарған мезетте әйелі әлгінің басына бар күшпен

орақтың жүзімен салып жібереді. Абырой болғанда соққы дәл тимей, үрейі ұшқан күйеуі терең жарақат алып, аман қалады.

Мен осы қылмысты тексере бастағанда әлгі әйелдің күйеуі менің аяғыма жығылып, әйелін кешіруді өтінді, бүкіл отбасы мүшелері әйелді қорғаштаумен болды. Жаппай тінтушілер де әйелді жақтады. Бірақ, осы қылмысты қалайша түсіндіруге болады? Ақылынан адасқандық па? Менің тірек болар беделім қайда кеткен?

Сонымен мен бұл істі маған ұсынған фактілерге орай сол қалпында қабылдадым. Мен ақыл сарабына салып жатпадым, қиянға қиял жүгіртпедім. Мен тек қылмыстың болғанын және қасақана жасалғанын аштым. Жүрегімнің үніне құлақ түрмедім, оның маған: «Байғұс әйелді мүсірке, әйел, не істеп жатқанын сезінбеген болар, бәлкім; ол кінәлі ме, егер сен махаббат сезімі кернеген әйелдің жан ауруын анықтауға мүмкін шамаң жетпей тұрған шығар?», – деп сыбырлағанын естімедім. Бұл дауысқа құлақ түрмегенімнің қарапайым бір ғана себебі бар, мен тек тергеушімін, мен жазылмаған таза тақтамын, оның бетіне қандай жазулар жазылса да, мен оған немқұрайдылықпен қарауға тиіспін деп ойладым.

Мен сіздерге жоғарыда тірі тіршілік иесі – тергеушілікті жаным жаратпайды, деп айтқан едім ғой. Сот ісі басқашарақ. Бұнда іс тек қағазбен байланысты: кабинетте шалқайып отырсың, ешкімнен қымсынбайсың, ешкім саған кедергі келтірмейді; отырып алып парасатты логика мен қатаң заңдылыққа сүйеніп қарекет жасайсың. Егер силлогизм дұрыс құрылатын болса, ой түйініне негіз болатын барлық қажетті пайымдарың толық болса, – демек, іс те дұрыс болады, шығарған үкімінді ешкімнің де бұзуға күші жетпейді.

Мен ар-ұятыммен ақылдаспаймын, мен өзімнің жеке наным-сенімдеріммен кеңеспеймін; мен тек барлық нысандылықтардың сақталғанына назар аударамын, бұл орайда әріпшілдікті, тақуалықты өте қатаң сақтаймын. Егер менің қолымда тиісті тәртіппен ресімделген екі куәгердің жазбаша түсініктемелері болса, онда мен разылықпен былайша жазып қоям: бар; егер олар болмаса да мен разылықпен: жоқ, деп жаза салам. Қылмыс шын мәнісінде болды ма, болмады ма – онда менің қандай шаруам бар? Дәлелденді ме, дәлелденбеді ме, мен тек осыны білгім келеді, – басқасы қажет емес.

Кабинеттік-силлогистикалық қызмет маған өлшеусіз ләззат сыйлайды. Оған деген ынтазарлығың маскүнемдікке немесе апиын шегуге құмарланғандықпен бірдей болады. Маған бір түн есіме түседі. Айыпкер менің қолдарымнан жылыстап шығып бара жатқандай еді, ішкі түйсігім маған сыбырлап: «бұл мүмкін емес қой, бұл адамның белшесінен міндетті түрде бататын бір ми-батпақ болуы керек» дегендей болды. Дәл солай екен. Ақыры, әлгімен ұзақ шайқасып барып, әрең дегенде «батпақтың» үстінен шықтым, сонда менің кенеттен қандай ләззатқа бөленгенімді, тамырларымдағы қан ойнап шыға келгенін сіздерге айтуға тілім жетпейді...

Сіздер, қазіргі кезде, менімен бағыттас бір адамды да кездестіре алмайтындықтарыңа мен кәміл кепілдік бере аламын. Мен сияқты, әкімшіліктен тыс әлемдегінің бәрі аласапыран, бейберекет, деп сенетін адамдар аз емес, бұлардың көпшілігі бажылдақтар мен бақырауықтар немесе өзінің жеке мүддесін және жайлылығын, сезім ләззатын аңсағандар (эпикурейлік ағымдағылар), одан қалды, қолдарынан ештеме де келмейтін, еш нәрсеге ұмытылмайтын «сәбисымақтар». Олардың біреуі де қарбаластықты сүймейтін маңызды іс туралы, парыз туралы ұғымдарды түсіну дәрежесіне көтеріле алмады, олардың біреуі де өзінің менмендігін бойынан аластай алмады.

Менің мәнерімнің қатқыл, мен бір кесектен мүсінделе салған, бет әлпетімнен сенімсіздік табы байқалатын адам деп маған көпшіл кінә тағады. Ғажапқа қаласың! Шенеуніктен әсемдікті талап етуге бола ма? Менің мейірімділігімнен, ілтипаттылығымнан, сақтандырғыштығымнан кімге, қандай пайда болмақ?! Керісінше, менің жұрттан қашығырақ тұрып, кім көрінген маған үрейлене қарамаса да, ең болмаса танымастық сезім білдіріп тұрғаны жақсы емес пе?

Шенеуніктік губернияларда онсыз да белгісіз оғаш анайылық орын алды. Бір рөмке арақты артық ішу, тәтті тағамның бір түйірін артық жеу үшін, ең бастысы – өзіңнің мұрыныңды жағымпаздықтың және еркелетудің сасық буымен әбден қанықтыру үшін қылмыс жасауға дейін барады. «Бұл – пара беру емес», – деушілер бар. Иә, бұл пара беру емес, бірақ парадан жаман. Шенеунік параны сақтықпен, кейде еріксізден ар-ұятының қиналуымен алады, ал түскі асқа баратындар ризашылықтан басқаны сезінбейді. Өздеріңіз ойлап көріңіздерші, сізге ақшамен емес, жүрекпен бағаланатын мың мәр-

тебе қауіп туралы ескерткен, мың мәртебе шағын қызмет көрсеткен адамға не нәрсе болса да бас тарта аласыз ба? Жоқ, мың мәрте жоқ! Егер іс шамадан тыс күмәнді болса ақшаны кері қайтаруға болады, ал өлшеуге келмейтін, ақлақтық пара болса мәңгілік шенеуніктің ар-ұятында қалады және ерте ме, кеш пе оның тұлабойынан ішмерездік немесе қазына ұрлығы болып шығады.

Сөз арасында айта кетейік, біздің губерниялық және уездік ақсүйектерге қараңыздаршы, қазынаны сыпайылықпен ұрлау үшін соларды тамақтандырып отырған қайдағы бір байырғы саудагердің (негоциант) түскі асында қалай кірпиязданып, қалай қоразданып отырады екен. Жиіркенішті көрініс! Әне, үнді әтеші отыр, құйрығын жайып тастаған – кәне, енді оның маңайына да бара алмайсың, иә, солай! Ол құйрығын жайып жатқанда басына «мынадай шын берілген, сыпайы, негоциантқа ептеп тиын-сиын қоспасам болмас», деген ой да көккөтеп келіп қалған болар.

Айта кетейін, сіздер сезесіздер ме, мені де өзімнің ызалануымнан шаршай бастағанымды байқадым; менің кеудемде бір қолайсыздық пайда болған тәрізді; тыныс алуым тарыла бастағандай, бір нәрсе шаншу болып қадалғандай, бейне бұрғымен біреу бұрғылап жатқан тәрізді... Сіздер қалай ойлайсыздар, мен жазға дейін өмір сүре аламын ба, жоқ па, әлде көктемнің жылылығын сезініп, Крутогорка өзенінің қысқы құрсауымен, менің жаным да қозғалып кетер ме екен?..

*Илья ИЛЬФ және Евгений ПЕТРОВ,
орыс жазушылары*

ШЕҢ ЕМЕС ПЛАЙПАЛАС

Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын Трепыхалов жолдас мінезінің табандылығымен және ақыл-парасатты атқарушылығымен ерекшеленді.

– Мен, қымбатты жолдастар, – деді Трепыхалов, – мен әсіресе тамыр-таныстықты, былайша айтқанда, біреуді біреу қолтығының астына алып жүруді ит етінен жек көремін. Трепыхалов қызметке туған-туысқандарын алды деп ешкім де айта алмайды.

Шынында, жиналғандардың ешқайсысы бар деп аузын аша алмады.

Бәрі де Трепыхаловтың мінезінің табандылығына және ақыл-парасатты атқарушылығына таңданыс білдірді.

– Жолдас Трепыхалов, – деді басқарма мүшесі, – бүгінгі күннен бастап сіз біздің комбинаттың Козолупов бөлімшесінің меңгерушілігіне тағайындаласыз. Сонда барып, жарқыным, шаруаны түзеңіз. Сіздің таудай талабыңызға сенім артамыз.

– Алаң болмаңыз, – жолдас басқарма мүшесі, Трепыхалов ұятқа қалдырмайды, Трепыхалов шаруаны түзейді. Трепыхаловта таудай та-л... құдай ақына... ешқандай туысқанымды...

– Ғафу етіңіз, ғафу етіңіз, – деп ойлады Трепыхалов Козолупов қаласына кіре бере, айтпақшы, мен дәл осы Козолуповта туып, осында жиырма жылдай тұрған едім. Масқара-ай, мен бұны есімнен қалай шығарып алғам. Бұнда бәрі өзгерген болар. Есіме енді ғана түсіп отыр, бұл қалада менің көптеген туысқандарым тұрады. Оқасы жоқ. Трепыхалов оларға әлі-ақ шаяндардың қайда қыстайтынын көрсетеді... Бірде-бір менің туысқаным біздің бөлімшеге қозы көш жерге дейін жақындамайтын болады.

Поезд ақырын жүріп келіп, Козолупов стансасының бекетіне келіп тоқтады.

Бекет алаңы халыққа лық толы. Теңіздей толқып тұрған халықтың қолдарынан «Хош келдіңіз!» және «Трепыхалов жолдасқа туысқандары мен жақындарынан жалынды сәлем!» деген жазулары бар жалау мен плакаттар желмен желбірейді.

Трепыхалов вагон есігінен басын қылтита бергенде «ура-а!» деген қуатты дауыстар бекет қабырғаларын қақырата сөгіп жібергендей болды. Трепыхалов шегіншекттей бастап еді, бірақ кеш қалды, ондаған қол жауапты жолдасты сығымдай ұстап алып, аспанға лақтырып, қошемет көрсетті.

– Ура-а, ура-а, ура-а! – деп туысқандары жер-көкті жаңғырықтырып жіберді.

Үрлемелі оркестр Буланженің маршын кернейлетті. Бірінші және екінші класты буфеттің қасында кестелі көгілдір көйлек пен кең шалбар киген әншілер хоры қатар-қатар тұра қалды. Оркестр тынышталғанда хор өлең айтуды бастады: «Бізге қымбатты Трепыхалов жолдас келді!..»

Трепыхалов тас кенедей жабысқан бір кемпірдің құшағынан әрең босап, аяғына жабысқан матрос кэстюмін киген бір жеткіншектен тебіне құтылып, қаша жөнелді. Туысқандары оның соңынан қуып, «Бізге келдің бе, бізге келдің бе?» – деп жамырай түсті.

Трепыхалов арбакешке жете сала:

– Барынша айда атты, тез, тез бол, – деп айғайлады. – Қонак үйге тарт! Бол, бол!

Арбакеш атты айғай сала желдірте жөнелді. Туысқандары көпке дейін арбакештің соңынан қалмады. Әйтеуір, олардан қашып құтылған Трепыхалов:

– Уф, құтылдық-ау, әйтеуір, оңбағандардан. Менің келетінімді қайдан біліп алған, иісшілдерін қарашы... Тайталасу оңай болмайын деп тұр... Бірақ, Трепыхалов оп-оңай беріле қоймас! – деді кеңірек тыныс алып!..

– Ал, сен, Иваша, тіпті өзгермепсің, – деді еркелей тіл қатып арбакеш кейін бұрылып, – тек, аздап мұртыңды өсіріп алыпсың.

– Сен кімсің? – деді күрсініп Трепыхалов.

– Әй-әй-әй! – деді арбакеш жақтырмағандай көзін қысып, – шеше жағынан келгенде мен сенің нағашыңмын ғой, сонда да танымай тұрсың. Иә, нағашыңмын. Аты-жөнім – Лядунко Ерофей Кузьмич... Міне, менің жұмысым осы, жиенім келер, бір дұрыс жұмыс тауып берер қартайғанымда, – деп ылғи ойлап жүруші едім...

– Тоқта! – деп айқай салды Трепыхалов. – Тоқта, сайтанның сапалағы! – деп жекірді.

Нағашысына жұдырығын түйіп Трепыхалов жаяу тартты. Нағашысы біразға дейін оның артынан жүріп отырды:

– Әй, әй, әй, – деді ол, – қарияны ренжіттің ғой, ренжіттің ғой.

Трепыхалов қонақ үйге орналасты. Бірнеше адам оның мойнына асыла кетті.

– Бауырым, келдің бе? Астаналық бөле! Анашым, жиеніңізді қарсы алыңыз!..

Трепыхалов аузына түскен балағат сөздерді айтып, біреудің тұмсығынан соғып та жіберді де көшеге қарай тұра жүгірді.

Түнемелік Трепыхалов өзінің мекемесіндегі жазу үстелінде жатып шықты, басына жастық орнына «Ундервудтың» қорабын жастап, сорғыш қағаз жамылып жатты.

Көшеге шығуға тайсақтады. Оның кабинеті терезесінің алдында күні бойы туыскандары тосып жүрді, ал түнде арбакеш нағашысы Лядунко адамдар тасумен болды.

Нан ішінен Трепыхалов мынадай жазбахаттар алатын болды:

«Ұятың бар ма, Иван! Өзінің шау тартқан нағашы апасынан қашу тек тас жүрек адамның ғана қолынан келеді. Алайда, мен өзімнің кішкентай жиеніме ренжімеймін, менің қыздарым, сенің жиендерің Тусечка мен Тунечка да ашуланып жатқан жоқ. Олар машинка басуды өте жақсы игеріп алды. Өзіңнің қартайған апаң Раиса Говоруха-Меламед».

«Әй, Васька, жындылықты таста! Гриша Гофмаршалдан басқа хатшыны күндіз шам алып жүріп таба алмайсың. Есінде ме, балалық шақта біздің қалай бірге ойнағанымыз? Сенің ең жақын туысың Г.Г.».

«Жолдас Александр! Сіз, мүмкін біздің бірлескен студенттік идеяларымызды, ортақ көзқарастарымызды ұмытпаған шығарсың? Менің қазіргі кезде қолым бос, лауазымды қызметті атқаруға әзірмін. Шынайылық сезіммен «әзірге» хош, А.Подмышников».

Трепыхалов күйзеліске түсті. «Жену немесе өлу!» – өз-өзіне осылайша сыбырлайды бозарыңқы еріндерін жыбырлатып.

– Жолдас Трепыхалов, – бізге штат бойынша есепші алуымыз керек, не істейміз, – деді ақылдасқан болып бас бухгалтер.

– Еңбек биржасы арқылы, – деді ашуланған кейіп танытқан Трепыхалов.

Келесі күні Трепыхаловтың кабинетіне әлгі бас бухгалтер тағы келді.

– Биржа арқылы есепші келді. Жас адам екен. Жұмысына кірісіп те кетті.

– Жарайды, істей берсін, – деді Трепыхалов сыртта тұрған туыскандарына сұқ саусағы мен ортанғы саусағының арасынан бас бармағын шығарып.

Трепыхалов көңілденіп, бетіне қан жүгіргендей болды. Кабинетінде ұйықтайтын кереуетіне көз түсірді. Ол таңертеңгілік және түскі асын жалпы кеңседе отырып ішіп жүрді.

– Есепшінің жұмысы қалай, – деп анда-санда бухгалтерден сұрап қояды.

– Істеп жатыр. Істемегенде қайда барады, – деп жауап береді бас бухгалтер.

Бірде Трепыхалов газетті алып қарай бастағанда бірден екі көзі төрт болғандай «ah» ұрды.

«Гайканы бұрай түсу қажет» деген мақалада мынадай сөздер жазылған екен:

«Біздерде тамыр-таныстық мәселелерінде қолайсыз жағдайлар қалыптасып отыр. Белгілі бастық Трепыхалов жолдас жуырда есепшілік қызметке өзінің туған ұлын қызметке алды. Оның гайкасын бұрап қою керек шығар. Жұмысшы тілші Могучий Интеллект».

Трепыхалов екі қолымен басын ұстады.

– Есепшіні шақырыңыздар, – деп ол барынша айғай салды. Жас жігіт кіріп келді.

– Сен менің ұлымсың ба? – Трепыхаловтың дауысы қарлығыңқы шығып.

– Дәл солай. Ұлың-мы-ын, – деді жас жігіт баяу үнмен.

– Менің бе?

– Иә, сенің, әке! Тек көлденең жүрістен... Сіз біздің қаладан кеткен бетте туыппын.

Трепыхалов сол жерде есінен танып қалды.

Трепыхалов Козолуповтан кеткен бетте, оны ешкім де шығарып салған жоқ...

ОТБАСЫ ӨМІРІНІҢ ҚҰТИАСЫ
ПҮРЛІ ДИЛОГ

– Сіздің қалай екеніңізді білмеймін, әйтеуір өзімді отбасылық өмірде бақыттымын деп айта алмаймын. Тап-тамаша пәтерім де бар. Табысымыз да жаман емес.

– Таң қалмаңыз. Семейлық өмірде ең бастысы мелдектен келер байлық емес, өзара сенім екенін білмейсіз бе?

– Білемін-ау. Бірақ бірін-бірі сүйген жандардың қызғанышы қалмайды. Әлде сіз олай ойламайсыз ба?

– Олай да болуы мүмкін. Бірақ өзара қатынасты пайдаланған адамдар әр уақытта алаңсыз болады.

– Әрине. Бірақ мен сіз айтқан өзара сенімге ие болған махаббаттың шырынын татып жүрген жан епеспін. Осыдан шығар төте жол бар ма екен, сірә?

– Мен әйелге сену керек, – дедім ғой. Міне, қазір біздің бір-бірімізбен бақытты өмір сүргенімізге 17 жылдан асып барады. Бұл – сенімнің, өзара сенімнің арқасы.

– Өте қызығамын. Бірақ, мынаны айтыңызшы: сіз жұмыстан кешкілік келдіңіз, ал әйеліңіз болса әлі жоқ. Тіпті қас қылғандай түнгі сағат екіде ғана келді делік. Сонда сіз әйеліңіздің қайда болғанын сұрап ма едіңіз?

– Әлбетте, сұрамас едім. Сұрай қалған күнде әйелімнің сенімінен айырыламын ғой. Егер ол мені шын сүйсе теріс пиғылы болмасы белгілі. Қажет болса ол қайда болғанын өзі де айтып берер еді. Мен оған қатты сенемін.

– Сонымен сіз маған да сұрамаңыз деп кеңес бересіз ғой.

– Дәл солай. Өйткені көзіңізге шөп салып жүрсе жалған айтудан да тайынбайды. Шын ғашық жандар екендеріңізге сену керек – сөз түйіні осы. Тергеу-тексеру махаббаттың құнын түсіреді.

– Сөз жоқ, сіздің үй шаруасындағы әйеліңіз, ғажайып адам.

– Олай деуге ауызым бармайды. Өйткені әйелімнің түнгі екі кезінде масандау күйде келіп жүрген уақыттары да бар.

– Оның қайда болғанын сұрамайсыз да ма?

– Әрине, жоқ. Қажет болса таңертеңгілік өзі де айтар деп ойлаймын.

– Айтты ма?

– Жоқ. Ал, мен ол айтпаған соң, тіпті қажетті де іс емес шығар деп, ойладым. Мәселен, оның ата-аналарының үйлену тойларының 25 жылдығы болуы да мүмкін ғой. Мен тек бір-бірімізді өлгенше жақсы көретінімді есіме оралттым. Ұрысысу дегенді білмейміз.

– Сіз әйеліңізді сүйесіз бе?

– Өлгенше сүйемін. Өлгенше сенемін. Осыдан екі жыл бұрын оның қолы шынтағына дейін шиедей қан болып келді. Сіз менің орнымда болсаңыз жалма-жан тергей бастар ма едіңіз?

– Әрине ғой.

– Меніңше бұл түк те емес. Мен қажет болса өзі де айтар деп, назарымды аудармас едім.

– Айтты ма?

– Жоқ. Ваннаға жуынып алды да, кешкі тамақ әзірлеуге кетті.

– Ал сіз сонда не ойладыңыз?

– Оның сүйіктісімін, – деп. Ең бастысы – осы емес пе? Сенімсіз бірге тұру мүмкін емес қой.

– Ал мен болсам ол өзінің ашынасын өлтіріп келді деп ойлар едім.

– Е, онда не тұр? Кайта тіпті жақсы емес пе?

– Сіздің нервiңiз тозбас нәрседен жасалған болар?

– Олай емес. Мен тек шыдамдымын. Адамға саналылық қажет. Мен сізге мына бір жайды айтайын. Шамасы осыдан бес жылдай бұрын үйге келсем, әйелім жоқ. Әрі күттім, бері күттім, әйелім келмеді. Бір күн де, апта да, айда өтті, әйелім жоқ. Ал сіз ғой қос өкпеңізді қолыңызға алып милицияға барар едіңіз-ау,ә? Рас па?

– Енді қалай? Ал сіз ше?

– Мен былай ойладым: сөз жоқ, оның бір кезек күттірмес жұмысы болып қалды. Сонан 9 ай өткен соң әйелім үйге оралды да маңдайымнан бір сүйіп, жөргектегі баласының жаялығын ауыстырып, кешкі ас әзірлеу қамына кірісті.

– Ал сіз ең болмаса дауысыңызды да шығармадыңыз ба?

– Әрине жоқ. Мен, егер қажет болса, өзі де айтар деп ойладым. Оның мені сүйетіндігіне ешбір күмәнім болмаған соң, қазбалап сұрап жатудың қанша қажеті бар.

– Ал, ол қайда болғанын айтты ма?

– Жоқ. Мен, назар аударарлық оқиға емес шығар, әйтпесе ол өзі де айтар деп ойладым да қойдым.

– Шынымды айтайын мен мұндай әйелді буындырып өлтірер едім де, үйді өртеп, өзім дарға асылар едім.

– Осы да дұрыс болып па? Құрметті жолдас, сіз өте ашулы жан екенсіз. Онда сіз сияқтыларға өмірбақи үйленуге болмайды.

Якуб Шакиров

ИСОФАЛАН КҮНДЕЛІК

Құрылыс тіресіне кіре беріс есік алдында сең соққан балықтай сүлесок, фетр қалпақ киген біреу тұрды. Көздері мұз қабыршықтарымен қапталғандай нұрсыз. Ауызынан шыққан тентек судың иісі қозы көш жерге дейін мұңкіп тұр. Әлгі қалтасын қайта-қайта ақтарып бір нәрсесін түсіріп алды да шыр көбелек айналып барып, ілгері жүріп кетті.

– Азамат, бір нәрсеңізді түсіріп алдыңыз ғой, – дедік біз ескерту жасап.

Қалпақты қайқайып тарта берді. Жерде кішірек кана жазу кітапшасы қалған екен. Алып көріп жатырмыз. Тұздаған балық пен сыраның иісі сіңген кір-қожалақ, жырым-жырым, әбден итсілікпесі шыққан дүние екен. Іші тышқанның ізіндей ию-кию жазуға толы. Кейбір беттері өшіріліп қалған, танып оқу мүмкін емес. Байқаймын, әлгі қалпақтың жазған күнделігі сияқты. Оқи бастадым.

«Ух, ашпаған есігім, баспаған табалдырығым қалмап еді. Әйтеуір «шыбын жаным шықпамен» жүріп, дырдай тірестің кадрлар бөлімінің бастығы болдық. Ха-ха! Әрине, бұл қызметім бұрынғыға қарағанда сәл-пәл төмендеу, бірақ... жалақысы сорғалап тұрған ақша ғой. Дегенмен, көңілім әлде неден қоңыш-такси береді. Бұйрықтың берілген күні 13 боп тұрғаны. Жә-жә, оқасы жоқ, етегіме намаз оқып жүрген діншіл адам емеспін ғой. Бастықтарды шақырып, бабын табайын. Зияны тимес...»

«Міне, айтпадым ба? Бастық біздің үйден шығарда басын қасып кетіп еді. Қандай мінездеме жазғанын білсеңіздер? Бүкіл тіресті иығымен арқалап жүрген – мен. Машинкаға басылған әлгі мінездемені екі рет, үш рет, он рет оқыдым, тіпті көзіме сенер емеспін. Бірақ біздің бастықтың бақандай әріптермен қойған қолы мен мекеменің толған айдай дөп-дөңгелек мөрін көргенде, менің сенбеуге амалым қалмады...»

«Қуаныш үстінде жүргенімде алғашқы сәтсіздікке тап болдым. Бір ай толмай жатып коммунистер менің есебімді тындамасы бар ма? Бәрі жабылып көлдей баяндамамды түкке тұрғысыз қылып сынап, өзімнің жеке басыма сүліктей кадалды.» «Сен ішкілікке» үйірсектеусің, жұмысқа күнара мас боп келесің, келушілермен дөрекі сөйлесесің», – дейді әлгілер ділмарсып. Ішімнен: «Ойбүй-й, шіріген жұмыртқалар-ай, мені бастықтың жебейтінін бұлар білмей отыр ғой, ә? Ойбүй-й, сор маңдайлар-ай!» – деп отырмын. Бірақ олардың ауызы дуалы болып шықты. Мен қызметімнен қалпақтай ұшып түстім... Әне, әуелде мен 13 деген саннан бекерден-бекер сескенген жоқ екенмін. Меніңше, он үшті цифр қатарынан шығарып тастау керек. Оның орнына он екі плюс бір, немесе он төрт минус бір деп жазған дұрысырақ сияқты. Міне, бұл табылған ақыл, идея! Бұл – менің данышпандығым. Ха–ха!

«Өлмейтіңге өлі балық кездеседі» деген емес пе? Менің тағы да жолым болды. Құрылыс басқармасы бастығының орынбасарлығына тағайындалдым. Хи-хи-хи! Ал осы орынға келуге кімнің түрткі болғанын білсем, маңдайым табаныма бітсін...»

«Тағдырдың тәлкегіне түсу қиын емес екен. Тағы да табанымды жалтыраттым... Оқасы жоқ, «бір жамандықтың бір жақсылығы болады» деген ғой, осы қызметті өзім де ұнатыңқырамай жүр едім. Шаруашылық жөніндегі орынбасар болғалы жамбасым жерге тимей кетіп еді. Құдды бір қол бала сияқты, таңның атысы, күннің батысы ебелекше зырылдап жүргенің...»

«Бір айналдырғанды құдай шыр айналдырады ғой. Жаңа жұмысқа орналасқаным сол еді, байқамай нетіңкіреп... яки» тентек судан алыңқырап жіберіппін. Басқарушының бас терісі келіскен біреу екен. «Жеке сөйлесем, ертең кел» – деп еді. Құдай атып, тағы да байқамай ішіңкіреп қойыппын. Ол сонда да мені жұмыстан шығарған жоқ. Қайта: «үйіңе барып дем ал», – деп ағалық ақылын айтты.

Жалғанның жарығында жанды қарғаға жақсылық ойламайтын адамдар көп қой. Крикунов деген біреу басқарушыға барып: Жалпақбаев жұрт болудан қалған адам. Құрылысшылар күні үйіне төрт аяқтап жетті, мысық болып мияулап, жұрттың берекесін алды. Бүкіл подьезге, бала-шағаға күлкі болды»– деп шағым түсіріпті. «Одан әрі не болды?» – дейсіздер ғой. Ха-ха. Крикунов штат қысқартуға ілігіп, трестен қуылды. Міне, ойнандар енді Жалпақбаевпен!».

«Маған бүгін техникумнан кейін өзімнің ең сүйікті тресіме келгеніме тура он жыл болды. Не керек, бұл датаны келістіріп

тұрып атап өттім. Жолдас-жора, ағайын-туыс шашбауымды көтерді. Не керек, көңіліммен көкті сүзгендей болдым-ау...

«Кері кеткеннің сакалы кеңірегінен шығады» деген ғой. Сол күні мен қорапты мотоциклге мініп, үйге бара жаттым. Жаныма бір көрші кісі мінді (Крикунов емес). Мен рульдемін. Бір сәт алдыманнан жеңіл автомобиль машинасы шыға келді... біреу емес, екеу екен. Оңға бұрсам – қаптаған адамдар, солға бұрсам – белшеден келер батпақ. Не істейін? Көзімді жұмдым да, екі «Жигулидің» ортасы осы-ау деп, газды бастым... Көзімді ашсам, көршім екеуіміз ауруханада жатырмыз. Қалай болғаны есімде жоқ. Жарамыз жан қинар ауыр емес екен, бірер күнде үйге оралдық. Бірақ мотоциклімнен жұрнақ та қалмапты». Жигулилерді менің есебімнен жөндетті.

Осы оқиғаны құрылыс комитетіндегілер тындап болып, әбден көк ішек болғанша күліп алып, маған қатаң сөгіс жариялады, тіпті емдеу орнына еріксіз түрде жібереміз деп, айбат шекті. Менен кулық артылған ба? «Азаматтар, енді тентек суды ұрттап та алмаймын», – деп қан аралас жасымды төктім-ай кеп, төктім-ай кеп. Содан бәрінің иі жұмсап сала берді...»

Дегенмен жұрт талқысына түсе беру оңай емес. Шыдамай кетіп, бірер «жүзді» тастап жібердім де, төсекке келіп құладым. Көзім ілініп кеткен екен, түс көріп жатырмын. Естеріңізде болар, баяғыда бір балалар ертегісінде екі аққудың бақаны оңтүстікке таяқшамен алып ұшқаны бар емес пе? Мен түсімде сол бақаның орнында ұшып барады екенмін. Өзіміздің құрылыс алаңынан өтіп бара жатқанымда өзіміздің басқарушы маған қолын бұлғап: «Кетпе, кетпе, бізге де керексің», – деп жатыр. Бір кезде гүрс етіп еденге құлап түсіп, түсімнен шошынып ояндым. Осы түсімді жолдастарыма жорытып едім, олар бір ауыздан: «Мынауың мықты түс екен. Мұны жумай болмайды. Бастықты түсінде көрсең, өңінде жоғарылайсын», – деп шуласты.

«Мен көп ұзамай прораб қызметінен босатылдым. Бірақ бұған еш өкінбеймін. Өйткені жаңадан еңбекті ғылыми ұйымдастыру жөнінде бір бөлім ашылып, мен соған қызметке ауыстырылдым. Байқаймын, нағыз майлы шелпектің орны: жұмысы жоқ, жалақысы жанып тұр. «Түс деген – түлкінің тезегі» дейді. Бұл – былшыл сөз. Өзімнің түсім – жолдастарымның жорығанындай, маған бақыт пен қуаныш әкеледі. Басыма бақ қонған болар. Мен түс көрген күні айдың он үші емес еді»...

Күнделікті одан әрі тани алмадық. Біз сонда да әлгі қалпақтының қандай адам екенін айқын ұққан едік.

Төртінші бөлім

(Сатиралық повесть)

КӨНЕКТИҢ КӨРГЕНДЕРІНЕН



ПОЧТАШЫЛЫҚ ТАЛСЫРМА

Ұлы Отан соғысынан кейінгі алғашқы жылдың мамыражай жазының орта тұсында-ақ ел егін орағына қызу әзірлене бастады. Бұл кезде – ауылдағылардың, әсіресе жұмысқа жарайтын үлкен кісілердің түн ұйқысын төрт бөлетін шағы. Мұндайда колхоз бригадирі Аتكелтірде де маза болмайды: күнде бурадай буырқанып, жұртты шыжғырып жүргені. Ол бозала таңнан тұрып алып, үйінің төбесіне шығып, төңіректі жіті көзімен бір шолып өтеді де, жерге шұғыл түсіп, өрт сөндіруге аттанатындай Жаманторысын шапшаң, апың-күпің ертеі бастайды. Атқа қонды дегенше ауылдан береке кетті дей бер: бүкіл ит шаптыға үріп дүрлігеді, оларға тауықтардың қытықыты қосылады; әр тұста төбелеске бергісіз айқай-шу, қиқусүрең естіліп жатады.

Науқан кезінде Жаманторыға да үлкен сын басталады. Азан уақытынан кешке дейін үстінен ер-тұрманы түспейтін сорлының шабынан еш уақытта ақ көбік арылып көрген емес. Ауыздығымен су ішеді, кейде Аتكелтірдің біреулермен ұзаққа созылған дау-дамайын пайдаланып, көше бойлап жиі өскен қаз отына кәдімгідей отығып қалатыны бар.

Аتكелтір үлкендер түгіл, біз сияқты қара сирақ, шиборбайларға да кідің-кідің етіп, айбат шегіп, маза бермейді. Көзіне түссең болды, ауылдың бір шетінде тұрып, екінші шетіндегі бір адамды: «Тез осында шақырып кел», – деп жұмсап жібереді. Тіпті кейде: «Мен қазір пәленшенің үйіне бара жатырмын, ешқайда кетпесін», – деп екі-үш сағат бұрын хабар жіберткізіп қоятынын қайтерсің. Оның жұмсағанына барғысы келмей, қиқарланып, иығын қиқаңдатқан бала көргем жоқ. Өйткені Аتكелтірдің қит етсе «подсот жіберем» деп кім көрінгеннің зәресін алатынын ересектер тұрмақ біз де жақсы білеміз.

Аتكелтірдің осындай кезекті бір «жауынгерлік» шұғыл тапсырмасымен тал таяқты ат қып мініп, көшемен құйындатып келе жатқанымда мені ауылымыздағы бастауыш мектептің мұғалімі Бақи ағай айқайлап шақырып алды.

Аулымызда Аتكелтірден кейінгі нағыз мазаң, нағыз қияс адам осы кісі деп еститінбіз. Соғыстың алғашқы жылдарында жеңіл жараланып, ауылға оралып, бастауыш мектептің мұ-

ғалімі болған соң төбесі нұқылмаған бала қалмаған көрінеді. Сол Бақи шақырып тұрған соң зәрем зәр түбіне кетті.

– Сен биыл нешеге келдің осы? – деді ол маған келген бетте қысық көздерін қиықтата түсіріп.

– Жақында сегізге толатын шығармын, ағай, – дедім саскалақтап.

– О, жарайсың, атқа мінетін жасқа келіп қалған екенсің ғой, ал былтыр бірінші класқа неге келмегенсің?

«Көкем әлі жассың, ойнап жүре тұр, миың толыссын», – деп мектепке жібермей қойды. Биыл баратын шығармын.

Бақи төс қалтасынан қойын кітапшасын суырып алды да:

– Дұрыс, Көнек жолдас, өзінді биыл бірінші класқа келетін балалар тізімінің ең басына жазып қояйын. Амандық болса, осы кластың ең маңдай алды, топжарғаны өзің боласың.

Менде үн жоқ. Енді жүгіре басып кете бергенімде, ол мені қайтадан тоқтатты:

– Көнек, сен асықпа, шаруа бар, дедім ғой... Сен жалпы жаман бала емессің. Әкең де, шешең де жақсы кісілер. Мен өзіңе сыртыңнан қарап, риза болып жүремін. Бірбеткейлігің, пысықтығың мен өжеттігің ұнайды маған. Ал, сен маған пошташы болуға қалай қарайсың?

– Ауылдағы Мағираш апай сияқты пошташылық па? – дедім түкке түсіне алмай.

– Иә, иә, дәл солай. Бірақ сен Мағираш апайың сияқты поштаны бүкіл ауылға тасымайсың, тек маған ғана тасисың. Мәселен, менің бір кісінде шұғыл шаруам бола қалса, оған үнемі өзімнің шапқылай беруіме уақытым жете бермейді. Ауылдағы жалғыз мектептің жалғыз директорының көрінген адамды іздеп, өкпесін қолына алып, жүгіріп жүруі, керек десең, әбестік болады. Біздің ауылда қаладағыдай әлгі телефон сымының жоқ екенін өзің білесің.

– Сонда мен қандай пошта тасимын?

– Қазір түсіндіремін. Мәселен, менің бір кісінде шаруам бола қалса, бір тілдей қағазға сәлем хат жазып жіберіп, сенің қолыңа ұстата қоям. Сен сол хатты алып жіберіп, мен апар деген кісіге лезде жеткізіп бере қоясың. Менің хатымды жолда біреулерге көрсетуге немесе оқытуға ешуақытта бермейтін боласың. Әйтпесе, мектепке келгенде шыңғыртып отырып жоныңнан таспа тілем. Осыған келістік пе? – Бақи ағай бір түрлі суық шырай, салқын қабақ білдіре сөйледі. Оның ауы-

зынан «жоңыңнан таспа тілем» деген сөз шығысымен-ақ арқамнан қыстың ызғарлы желі соғып өткендей тұлабойым тітіркеніп кетті. Сасқанымнан:

– Жарайды, ағай, хатыңызды ешкімге де көрсетпеймін, ешкімге де оқытпаймын, – деп жатырмын.

– Міне, міне, Дөнектай, жарадың. Бәсе, сен маған бекер ұнап жүрген жоқсың. Сен хатты тіпті әке-шешеңе де көрсетуші болма, жарай ма? Түбінде сен менің ең жақсы көретін шәкіртім боласың әлі. Аmandық болса бар ғой, дәптерлеріңнің іші қып-қызыл беске толып жүреді. Ал, сен осы екеуіміздің әңгімемізді де тіс жарып ешкімге айтпа, түсіндің бе?

– Түсіндім, ағай, түсіндім.

– Жарайды, онда дәл қазір сен мына қағазды Аتكелтірге апарып бересің. Апарып бересің де жауабын іле ала келесің.

– Мен өзім де Аتكелтір ағайдың жұмсауымен Жапардың үйіне бара жатыр едім. Жарайды, апарып берейін.

– Ендеше, сен әуелі Жапар сокқанның үйіне бар, сосын қайтарыңда маған соғарсың, жарай ма?

Мен зымырағаннан зымырап отырып Аتكелтірдің айтқан тапсырмасын орындадым да, іле Бақи ағайға қайтып келдім. Ол кісі төрт бүктеулі тілдей қағазды ұстатты да:

– Тез барып келе ғой, жауабын осы арада отырып күтем, – деді сыздана.

Аتكелтір колхоз кеңсесінің алдында ұста Мәкен қартпен әбден қызыл кеңірдек болып шайқасып жатыр екен. «Сен шалдың көзін подсот жібертіп құртамын», – деп өңешін созады Аتكелтір ат үстінен. Мәкең қарт та одан қалысар емес. «Мен сені өкіметке айтып, ит жеккеннен де әрі асыртып, сүйегінді сол жақта шірітермін», – деп шақ-шақ етеді.

Екі жақтың да кезекті сөз таба алмай, тұйыққа тіреліп, сәл үнсіз қалғанын пайдалана қойдым.

– Жапар ағайдікіне бардым, қазір келеді. Ал, мынау Бақи ағайдың сізге берген қағазы. Оқып, дәл қазір жауабын берсін, – деп жатыр.

Аتكелтір шалмен шайқасып шаршап қалған болу керек, менің қолымдағы қағазды жұлып алып, шұқшия тесіле қарап, күбірлеп оқи бастады. «Осы мұғалім иттердің ирек-ирек жазуын оқып болмайды. Тышқанның ізіндей жорғалатпаса подсот кете ме екен, шорту», – деп қабағын тыржитты.

Аткелтірдің қағазға шұқшия үңіліп, беріле оқып жатқанын көрген Мәкең ақсақал ендігі жерде ұрыстан береке шықпайтынын сезді білем, насыбайын атып алып, қолын бір сілкіп, жылысып жөніне кетті. Қағаздағыны тани алмай әуре-сарсаңға түскен Аتكелтір оның кетіп қалғанын байқаған да жоқ.

Бригадир біраз күбірлеп отырып әрең дегенде қағаздағы жазылғанды оқып болды да:

– Бар, тарта бер. Бұған жауап жаза қоятын менің қалтамда қарындаш жоқ. Шөбін ертең түсіртіп берермін. Солай деп жеткіз, сен, сәплек. Әйтпесе...

– Сөзінің аяғын жұтып қойды. Кетіп бара жатып: «Осы Бақи надан да мектеп директорымын деп әбден құтырып болды. Құдайдай қоқыраяды. Басқармадан кейінгі тәңіріміз осы болды», – деп күңкілдегенін анық естідім. Сосын: «Әй, жаңағы жаңғақ шал қашан қашып кеткен, ә? Қап, есем кетті-ау», – деді.

Мен зымырай жүгіріп Бақи ағайға келдім.

– Бригадир ағай жауап жазатын қарындашым жоқ.

Шөбін ертең түсіртіп берем, – деп айтты.

– Міне, жарадың. Аتكелтір сияқты надандарда қағаз-қарындаш деген қайдан болсын. Ол Жаманторысына мініп алып, кім көрінгенге жаудай тиіп, кеңірдегін созып айғайласудан басқаны білмейді. Нағыз қанішер ғой. Ал, енді сен мына қағазды Аتكелтір үйіндегі Қазия жеңгеңе апарып бере ғой. Байқа, жолда әлгі оңбағанның көзіне түсіп қалма, абай бол! – Ол төрт бүктеулі қағазды шалбарымның қалтасына сүңгітіп жіберді...

Қазия шошалада әндетіп, сүт тартып отыр екен.

– Көнекпісің, әй, мені жұтардай боп аузыңды керіп неғып жүрсің? Тағы да әкең мен шешенді іздеп, жағалай түртініп жүрсің бе? – деп маған мұрынын шүйіре қарады.

– Мынаны мұғалім ағай сізге... – Төрт бүктеулі қағазды әлгі кісіге қалтамнан алып ұсындым.

– Көнектай-ау, бұл нендей қағаз? Мұғалім ағай берді дейсің бе? – Қазия тартып отырған сүт машинасын қоя салып, хатты тездете ашып, оқи бастады. Оның бет-әлпеті бір түрлі нұрланып, көздері күлімсірей мың құбылып, табанда өзгеріп сала берді.

– Жақсы хабар әкеліпсің, Көнектай. Енді мынаны сол Бақи ағана апарып бере ғой, байқа, жолда түсіріп алма, ешкімге

көрсетпе, – деді ол менің қолыма үш бұрышты қағазды қыстыра беріп.

Шошаладан жүгіре шыға бергенімде Қазия артымнан айқай салып тоқтатты.

– Көнекжан, сен менің жаңағы айтқан сөздеріме ренжіп қалған жоқсың ба? Жәй әшейін қалжыңға айтылған сөздер ғой. Сен тұра тұршы сәл ғана. Түнеукүні Жетікөлге барғанымда әкелген бір тәтті кәмпитім бар еді тығулы жатқан. Саған содан берейінші, – деп үйге кіріп кетті.

Ол кезде біздің қолға кәмпит дегенің түсе бермейтіні рас. Әлгі кісі қолыма қос уыс мәмпәси кәмпитті ұсынғанда, өз көзіме өзім сенбей қалып, сасқанымнан жейдемнің етегін тостым.

Бақи ағайға жаңағы үш бұрышты қағазды әкеліп бергенімде ол кісінің де бет жүзі нұрланып, көздері күлімсіреп шыға келді. Қағазды жалма-жан ашып, көзімен жүгіртіп оқып жатыр.

– Міне, сен жарадың. Бүгіннің өзінде шұғыл екі тапсырмамды әп-сәтте тап-түйнақтай орындап шықтың. Міне, сол еңбегің үшін, – деп ол маған екі-үш күміс ақша берді.

Пошташылық қызметімнің алғашқы күні осылайша басталып, тамамдалды.

Сол күні мен ересек адамдардың бір жапырақ қағазға осыншама мұқият болатынына, тілдей қағазға жазылғанды оқып алып соншалықты қуанышты сезімге бөленетініне есім кете қайран қалдым. Өйткені ересек адамдардың бір-біріне жолдаған тілдей қағазға осыншама өліп-тіріліп, ынтыға құмартып, бүкіл ықыласын сала оқығанын тұңғыш рет көруім еді. Әрине, мен ол кезде пошташылық қызметтің жай-жапсарына, сыр-сипатына, үш бұрышты тілдей қағаздың мән-мазмұнына терең үніліп зердеге түйетіндей дәрежеде емес едім.

МЕКТЕПКЕ ИНСПЕКТОР КЕЛДІ

Тфэ, тфэ, тіл-ауызым тасқа. Бірінші кластың табалдырығын аттағалы Бақи ағай екеуіміздің арамыз шекер-балдай. Айтқанын араға апта салып ұмытып кететін, сөзінің бәтуасы жоқ адамдар болады ғой. Бақи ағай ондайлардан емес екен. Шынында да мен мектепке келген күннен бастап-ақ оның ең сүйікті шәкірттерінің бірі болып, лақтырған тасым өрге дома-

лап жүре берді. Қасымда – Аتكелтірдің қызы Нұрдания отырады шашын жалбыратып. Ол да Бақи ағайдың сүйіктілерінің бірі, әрине. Алғашқы екі тоқсанда да ол екеуіміз «үздік» атанып, бүкіл кластың маңдай алды алтын айдарына айналдық.

Оқушылардың қысқы каникулы бітіп, ең ұзақ, кәдімгі «ұзынсарымен» ұштасып барып аяқталатын үшінші тоқсанды бастап кеткенбіз. Қаңтар қабырғаны қақыратар үскірік аязы мен ақырған ақ боранын ала кеп, мал-жанды бүрістіріп, бөрліктіріп жіберген. Балалардың бірсыпырасына қызылша, біразына көк жөтел қырғидай тиіп, мектепке келетіндердің қатары сиреп, баудай түсіп, үйлерінде жатқан.

Қатарынан үш күн, үш түн соққан ақ түтек бораннан кейін мектепке келе жатырмын. Кілең итарқа үйлердің төбесі ақжонданып, қардың астында қалып, әр жері ғана қаратандақтанып көрінеді. Өз басым мұндай қары қалың қысты тұңғыш көруім. Сырттай қараған адамға бүкіл бір ауылдың үстін үлкен ақ шаңқан текеметпен жауып, күндақтап қойған сияқты. Көршілердің бір-біріне үйлерінің төбесімен жүріп қатынайтындары көп.

Мектепке он бес шақты бала жиналды. Әдетте Бақи ағай бораннан кейінгі алғашқы күндерде сабақ өткізіп жарытпайтын. «Тимуршылар» деген бірнеше топ құрайды да, бірін өзінің үйіне, бірін Аتكелтірдің үйіне, бірін басқарманың үйіне жіберіп, қар күреткізеді. Балалар бұған кейімейді, қайта қар атысып ойнап, рақаттанып қалады. Бақи ағайдың көңілі түссе – қарды жақсы күреген балаларға ертеңіне бірнеше «бесті» қатарынан қойып-қойып береді. Әйтеуір, Бақи ағайдың қанша үлестірсе де, ешуақытта таусылмайтын бестері көп-ақ.

Ол кісі бүгін де әдетінен жаңылмады, «тимуршылар» тобын құрып жіберіп, алдына салып айдап алып кетті. «Сен дұжыр (дежурный дегені) боп қаласың, байқа, біреулер келіп менің столымның ішек-қарнын ақтарып жүрмесін», – деді маған кетерінде.

Мектепті жалғыз өзім жайлап, партадан-партаға ор қояндай секіріп, бүкіл класты басыма көтеріп жатқанымда, сырттан менімен бірге оқитын Елеукеннің әкесі Токтыбай мен Өтеннің әкесі Шөре кіріп келді.

– Әй, шорту, балалар қайда, Бақи қайда? – деді Шөре маған таңдана қарап.

– Тимуршылар болып кетті.

– Не, не болып кетті дейсің?
– Тимуршылар, яғни қар күреушілер болып кетті деймін.
– Ә, белгілі болды. Біздің Өтен мен Елеукен де әлгі немене еді... тиморшы ма?

– Иә, бірақ, олар кімнің үйінде екенін білмеймін. Өткенде Аتكелтірдің үйінде болған.

– Аتكелтір түгіл өзіміз де қардың астында қалып, тұншығып жатырмыз. Үйдің мұржасын әрең тазартып, жаңа ғана от жақтық. Балалар өзімізге де керек еді. Тоқтыбай кейіп, байпақты саптама етігіне жабысқан қар аралас малдың қиын қамшы сабының ұшымен қағып түсіре бастады. Одан Шөре де қалыспады. Екеуінің етігінен түскен ластан бүкіл еден әлемтапырақ боп, мектеп ішін мал қораның иісі жайлап бара жатты.

Тоқтыбай мен Шөренің бет-ауыздары ісік, көздері қып-қызыл. Кеше сылқита ішкендері анадайдан сезіледі. Менің қуанышым манағыдай емес, су сепкендей басылып, кара пештің қан жылым жылуына арқамды беріп тура қалдым.

– Сен теморшылардан неғып қалып қойғансың? – деді Тоқтыбай. – Көзің көк, атың Көнек болғасын ба?

– Дұжырмын.

– Солай де. Ендеше бізге бір стақан тауып бер. Бақи ағанда бәрі болады деуші еді.

– Қандай стақан керек? – дедім мен түкке түсінбей.

– Осы күнге дейін стақанның қандайы болатынын да білмейсің бе? Бізге кәдімгі арақ ішетін өгіз стақан керек, өгіз. Былаша айтқанда, жалпақ, бүйірлі стақан керек.

– Мектепте арақ ішуге болмайды. Бақи ағай біліп қалса, маған ұрысады. Өйткені мен қазір – дұжырмын.

– Ой, дұжырмын, дұжырмын деп қақсауын мынаның. Әй, сенің Бақи ағаң кім еді сонша, құдай ма ол? Шехал сенің Бақиыңа. Бақи – сендерге Бақи, бізге... вот, ол кім, – деп боқтап жіберді Тоқтыбай.

– Бұл тепең қудан несін сұрайсың? Аш, анау столды. Мен білсем, соның ішінен өгіз стақан түгіл, айғыр стақан да табылады, – деп Шөре столға ұмтылды.

– Столды ашуға болмайды. Мен – дұжырмын. Ағайға айтамын, – деп мен де столға қарай ұмтыла түстім.

Сөйткенше болған жоқ, Шөре столдың ішінен қызыл қобдишаны алып шығып, қақпағын ашты да стол үстіне қойды:

– Міне, божалыста, дұжыр жолдас, керегі стақан ба өзі? – деп үлкен шәшке мен бір бөтелкені қылқындыра ұстап алып шықты. – Өгіз стақаны түгіл, басқасы да бар ғой, ім-м, мұғалім жолдас, білдік сырыңды.

Шөре бөтелкенің тығынын алып жіберіп, мұрнын тақай іскеп-іскеп, бөтелкені Тоқтыбайға ұсынды.

Тоқтыбай да ерекше бір ынта білдіре көзін жұмып жіберіп, іскелеп Шөреге жымия қарады.

– Нағыз жүз процент спирттің өзі емес пе? – деді Шөре. – Дәл өзі, – деп қостады Тоқтыбай.

– Енді не қыламыз, дұжыр? – деді Шөре маған бұрылып. – Бұл – спирт емес, ағайдың сабақта басы ауырғанда ішетін дәрісі. Орнына қойыңдар, әйтпесе, осының бәрін де ағайға айтамын. Өйткені – мен дұжырмын, – дедім Шөре мен Тоқтыбайдан ығыспай.

– Жарайды, жарайды, сенің ағаңның өтірік дәрісіне тимей-ақ қояйық. Мұндай дәрі – біздің өзімізде де бар. Соны ішеміз. Бірақ, дұжыр жолдас, сен – бізді, біз – сені көрген жоқпыз, түсіндің бе? Сосын, дұжырым, есінде болсын, сенің ағайыңның сабақта дәрі деп ішіп жүргені – кәдімгі жүз процент спирт, біліп қой мұны, дұжыр жолдас, – деді Шөре маған сұқ саусағымен нұқи.

Дәл осы мезет сырттан біреудің келе жатқаны сезіліп еді, Шөре жалма-жан бөтелкені ағаш қобдиға тығып, столдың ішіне зып еткізді. Өгіз стақан тұрған жерінде қалып қойды. Сөйткенше болған жоқ, есік ашылып, ішке ұзын бойлы, үстінде қара тұлыбы бар бойын қалың қырау басқан бір бейтаныс кісі кіре берді.

– Мектеп осы ма? Бұл отырған нешінші кластың жүліктері? Өздерің іп-ірісіңдер ғой сәпсем, – деп кірген кісі көзімен айнала тінте, сүзе қарап шықты.

– Салаумалейкум! – деді Тоқтыбай қысқа қайырып.

– Асса–лаумаға–лей–күм! – деп Шөре сәлемді ұзақ созып, келген адамға қолын ұсынды.

– У–уа–ғалей–күміссәле–ем–м! – Өздерінді отырған балалар ма десем, кәдімгі сары байпақты, сары тісті, тоқтасқан адам болдыңдар ғой, – деп әлгі кісі Тоқтыбай мен Шөреге қол бере амандасып жатып, стол үстіндегі өгіз стақанға көз қиығын түсіріп үлгірді.

– Ақсақал, сізді танымадық қой, – деді Шөре қысыла-қым-тырыла.

– Танымасаңдар, қазір танытайын. Осы мектепті тексеріп, аударып-төңкеруге келген өкіл, яғни аудандық оқу бөлімінің инспекторы Өтеп Ақайдаров деген боламыз, – деп әлгі кісі желпіне сөйлеп, тұлыбының жағасын қайырып, алға қарай екі-үш қадам жасады.

– Мына жүліктен басқалары қайда кеткен? Мектептің директоры Бақи жолдас қайда, қой бағып жүр ме? Әлде... бір жерде түстеніп отыр ма екен?– деді инспектор маған. Маған кідің-кідің еткен Тоқтыбай мен Шөренің ә дегенше жүндері жығылып, екпіндері басылып, мысық көрген тышқандай ошарылып тұрып қалды. Мектепті тексеріп, төңкеріп кетуге ауданнан келген инспекторды ғұмырымда бірінші рет көруім болғандықтан менің әлгі кісіден қорыққаным соншалық, қара пештің аузы ашық болғанда ішіне кіріп те кететін жағдайым бар еді.

– Үш-төрт күн солқылдата соққан боран шала есімізді шығарып жібергені. Дәл қазір бүкіл ауылда үйлерімізді қардың арасынан аршып алу науқаны жүріп жатыр. Мұғалім де, балалар да теморшы болып кетіпті, – деді Шөре.

– Кәдімгі жүз процент спирт, біліп қой мұны, дұжыр жолдас, – деді Шөре маған сұқ саусағымен нұқи.

Дәл осы мезет сырттан біреудің келе жатқаны сезіліп еді, Шөре жалма-жан бөтелкені ағаш қобдиға тығып, столдың ішіне зып еткізді. Өгіз стақан тұрған жерінде қалып қойды. Сөйткенше болған жоқ, есік ашылып, ішке ұзын бойлы, үстінде қара тұлыбы бар бойын қалың қырау басқан бір бейтаныс кісі кіре берді.

– Мектеп осы ма? Бұл отырған нешінші кластың жүліктері? Өздерің іп-ірісіндер ғой сәпсем, – деп кірген кісі көзімен айнала тінте, сүзе қарап шықты.

– Салаумалейкум! – деді Тоқтыбай қысқа қайырып.

– Асса–лаумаға–лей–күм! – деп Шөре сәлемді ұзақ созып, келген адамға қолын ұсынды.

– У–уа–ғалей–күміссәле–ем–м! – Өздерінді отырған балалар ма десем, кәдімгі сары байпақты, сары тісті, тоқтасқан адам болдындар ғой, – деп әлгі кісі Тоқтыбай мен Шөреге қол бере амандасып жатып, стол үстіндегі өгіз стақанға көз қиығын түсіріп үлгірді.

– Ақсақал, сізді танымадық қой, – деді Шөре қысыла-қымтырыла.

– Танымасандар, қазір танытайын. Осы мектепті тексеріп, аударып-төңкеруге келген өкіл, яғни аудандық оқу бөлімінің инспекторы Өтеп Ақайдаров деген боламыз, – деп әлгі кісі желпіне сөйлеп, тұлыбының жағасын қайырып, алға қарай екі-үш қадам жасады.

– Мына жүліктен басқалары қайда кеткен? Мектептің директоры Бақи жолдас қайда, қой бағып жүр ме? Әлде... бір жерде түстеніп отыр ма екен?– деді инспектор маған. Маған кідің-кідің еткен Тоқтыбай мен Шөренің ә дегенше жүндері жығылып, екпіндері басылып, мысық көрген тышқандай ошарылып тұрып қалды. Мектепті тексеріп, төңкеріп кетуге ауданнан келген инспекторды ғұмырымда бірінші рет көруім болғандықтан менің әлгі кісіден қорыққаным соншалық, қара пештің аузы ашық болғанда ішіне кіріп те кететін жағдайым бар еді.

– Үш-төрт күн солқылдата соққан боран шала есімізді шығарып жібергені. Дәл қазір бүкіл ауылда үйлерімізді қардың арасынан аршып алу науқаны жүріп жатыр. Мұғалім де, балалар да теморшы болып кетіпті, – деді Шөре.

– Бұл дұрыс емес, бұл педагогикаға жат, оқу программасына сәйкес емес, жолдастар. Тимуршылар тобы сабақтан тыс уақытта, оқу программасына нұқсан келтірмейтін жағдайда қарекет жасауға тиіс, заң солай, жолдастар.

Инспектор мырза пысықайлау, сөзшендеу кісі екен. Тоқтыбай мен Шөреге жақындай түсіп:

– Осы «Ақжол» колхозы мен аудан орталығы неше шақырым шамасында деп ойлайсыңдар? – деді.

– Он төрттен артықтау, ал он беске сәл жетпейтін болу керек, білгіштердің айтуынша, – деді қашан да қыршаңқы сөйлейтін Шөре.

– Болса болып та қалар, қалайда мойны қашықтау жер екен, жегіп келген биемнің қан сорпасы шықты. Бием өткен күзде осы колхоздың қасқа айғырынан шығып еді, жарықтық жылқы малының қасиеті ерен келеді ғой, бірденені сезді білем, ауылдарыңа келгенше сара желісінен танған жоқ, алға қарай жұлқына тартып, ауыздығымен алысып, көздерін жайнатып, құлақтарын қайшылап, ерекше бір дүлей екпінмен аңыратып, есіп отырды. Бірақ қалай да қысқы жол азабы – көр азабынан

кем емес деген рас екен, отыз екі тісім бір-біріне тимей, билеп кетті,— деп инспектор стақанға бұл жолы ұзағырақ көз тоқтатып еді.

— Ат басын қайда тіреп едіңіз? — деді Шөре.

— Қайда тірейін, менің келгенім — осы мектеп, осы мектептің директоры Бақи. Биеміз далада тұр. Тәйірі-ай, оның бір жөні болар. «Ел іші — алтын бесік». Әуелі өзім есімді жиып алайын. Шіркін, осындайда мына столдың үстінде тұрған стақанмен... иә... тартып жіберсе, — деп инспектор қолын ысқылады.

—Е, өзіңіз құдайы қонақ екенсіз. Сіз тексеретін осы мектепте біздің балаларымыз да оқиды. Егер айып етпесеңіз бір жағдаяттарды дәл қазір, дәл осы арада да жасап жіберуге болады. Кейін бұйырғаны болса...

— Бәсе, түрлеріңе бір қарап-ақ кісінің жағдайын жыға танитын жаны жайсаң жігіттер екенін мына жүрегі құрғыр бірден сезіп қалып еді, кәне, ендеше?— деп инспектордың көздері ойнақшып, рақаттана күліп жіберді.

Шөре инспектордың осы сөзінен кейін көп бөгелген жоқ, жаман тонының түймелерін ағытып жіберіп, қойнынан бір «көкмойынды» дедектетіп алып шықты.

— Сіз бізді дұрыс түсініңіз, — деді Шөре «Көк мойынды» столға қойып жатып. — біз мұны мектепте ішеміз деген ойымыз жоқ еді, бірақ кеше ауылымызда бір шілдеханада сойқан ішіс болып, бүгін басымызды қалыпқа түсірейік дегеніміз рас.

— Бұларың жігіттік, білгендік. Тойдан кейін бас жазбаған еркек — еркек емес. Біздер түгіл, әлгі адам соятын дәрігерлердің өзі тойдан кейін екі-үш күн тентіреп, бұрын алдарынан сойылып, өліп-тіріліп шыққан адамдардың үйін аралап кететін көрінеді, понимаешь, тойдың қандай әсері бар. Енді мыналарыңның мойнын қылтитпай, тездетіп, жынын қағып тастаймыз ба? Ал, мына пештің қасында тұрған көк көз қай бала еді?— деп инспектор маған алара қарады.

Мана Тоқтыбай мен Шөреге «мектепте арақ ішуге болмайды» деп айтатындай енді менде хал жоқ. Инспектор көзін сүзе қарағанда-ақ қорыққанымнан жерге кіріп кете жаздадым.

— Бұл өзіміздің бала ғой, бүгін дұжыр болып қалыпты. Аты — Көнек, осы мектептің көсем аты, яғни оқудың алдын бермей келеді. Бақидың нақ сүйері,— деді манадан сөзге араласпай, үн-түнсіз отырған Тоқтыбай.

– Өтлешнек болсаң, қазір өзінді инспекторлеймін, дайында бер.

Бұл кісінің «инспекторлеймін» дегені маған Аتكелтірдің «подсот жіберем» деген сөзінен де өктем естілді. Дәл бүгін дұжыр болып қалғаныма мұндай өкінбеспін.

Шөре «көк мойынның» ауыз тығынын лақтырып тастап, өгіз стақанды мөймілдете толтырып, инспекторға ұсынды. Анау бой тежеп, кейбіреулердей жалған кербезсіп тұрған жоқ, қолына ұстаған бойда-ақ аузына төңкере салып, жеңін иіскеді. Біздің ауылда арақ ішкеннен кейін нан иіскеген, қант иіскеген, құрт-ірімшік иіскеген, су жұтқан адамдар болушы еді. Бірақ жеңін иіскеген адамды ғұмырымда тұңғыш рет көруім. Мен мұны мектеп инспекторларының елден ерекше бір қасиеті деп ұқтым.

– Жарайсындар, жігіттер! Тұрғызбаңдар, қалғанын қақ бөліп қағып-қағып жіберіндер, мектепте ішкеннің сауабы көп болады, – деді инспектор көңілдене түсіп.

Манадан бері ағайдың дәрісін де ішіп қоя жаздап отырған біздің ауылдың екі мырзасы да инспектордан қалыспай, жартылай қалған шишаның жаназасын шығарып, ауыздарын сүрткілеп, жеңдерін иіскілеп, рақаттанып қалды. Шамасы, олар да инспектор мырза жеңін иіскегенде бір нәрсе білетін шығар деп ойлаған болу керек. Шынында дәл осы арада жеңнен басқа иіскей қоятын оңай тұрған еш нәрсе де жоқ еді.

Инспектор манағыдай емес, қызара-бөртіп, әрлі-берлі жүргіштеп, екі иығын қомдап, арқаланып кетті.

– Ал, балақай, кәне, өзің нешіншіде оқисың, атың қалай еді өзі? – деді маған жақындай түсіп.

– Б-бірін-шіде оқимын. Атым – Көнек.

– Жарайды, ал енді есеп шығарып кө-көреміз. Мәғәрки, п-пештің қ-қасында... е-екі бала тұр, оған мына отырған ү-үш инспекторды қосқанда нешеу болады?

– Екі балаға үш инспекторды қосқанда... бес адам болады, ағай. Бірақ, ағай, п-пештің жанында екі бала емес, бір-ақ бала, мына мен ғана тұрмын ғой.

– Әй, әй, т-тентектік ж-жасама! Айтқан есепті шығаруыңды біл сен. Ал, б-білгіш б-болсаң т-тағы есеп ш-шығарамыз... Мә-мәгерки, үш нөлге үш нөл қ-қосқанда ше?

– Алты нөл болады...

– Ал үш нөлді көбейткенде ше? – деп Шөре де араласып кетті.

– Тоғыз нөл болады.

– Тоғыз нөлді тоғыз нөлге көбейткенде не болады, ал әйдік болсаң осыны айтшы, – деп инспектордың жұмысына Тоқтыбай да қосылды. Инспектор енді біреу емес, үшеу болып, жалғыз өзімнің есімді шығаруға айналды.

– Біз мұндай көп нөлді оқыған жоқпыз, – дедім басымды салбыратып. Осыншама қиын есепті берген мына Тоқтыбайға иттей ызаланып тұрмын.

– Ж-жалпы алғанда, – деді инспектор маған қатулана үн катып, – н-нөлді нөлге қоссаң да, н-нөлді нөлге көбейтсең де нөл болады, К-Көнек жолдас. М-мына қ-қалпыңмен с-сен қ-қалай оқу озаты б-болып жүрсің, ә?

Менде үн жоқ. Мұндай қысылмаспын. Оның үстіне Шөре мен Тоқтыбай да мені мазақтап күліп: «Бақидың сүйікті шәкірті нөлге нөл де қоса алмағаны ұят екен», – деп діңкемді құртты.

– Кө-көнек жолдас, сен Б-Бақиды Д-дәл қазір о-осында сүйреп алып кел. Тез! – деді инспектор айғайлап.

Кластан құстай ұшып шықтым. Инспектордың жегіп келген биесі тоңазып, байлаулы тұрған бағанын кеміріп тұр екен. Мені көріп оқыранып, басын шұлғып, тыпырлап кетті. Шанада тіс шұқырлық ештеме көрінбейді, алдыңғы жағында қырық құраулы, қырық жамаулы үш-төрт бос қап жатыр.

Бақи ағай үйіндегі қарды тазалаттырып болып, жайласып шай ішіп отыр екен. «Ағай, мектепке инспектор келіп, сізді шақырып жатыр», – дегенімде ол кісінің көзі ұясынан шығып кете жаздап, орнынан атып тұрды.

– Ойбай, сен балаларды тез, түгел жинап, мектепке алып кел, қап, ұят болды-ау, – деп Бақи ағай ұшып көкке, ұшып жерге түсті.

Құстай ұшып жүріп «тимуршыларды» жинап, мектепке келгенімде, инспектор тұлыбын киіп алып тұр екен. Бақи ағай бәрімізге:

– Балалар, бүгін сабақ болмайды. Ал, ертең сабаққа жақсылап әзірленіп келідер, – деді.

Ертеңіне де, тіпті бүкіл апта бойына да сабақ болмады. Инспектор ағай мектепке басын да сұққан жоқ. Ол кісінің инспекторлық жұмысы менімен тамамдалды. Мектепті тексеріп, төңкеруге келген инспектор ағай Бақи ағайды ертіп алып, жағалай қонақ болып, арақ ішумен, әр үйден жем жи-

наумен айналысты. Менің әкем де «баламызға бір салқыны тиіп жүрмесін» деп өз малымыздың ауызынан жырып, екі-үш шелек жем берді. Бір аптадан кейін инспектор үш-төрт жамау қапшығын жемге толтырып, Бақи ағайдың үйінен «Қаламқасты» айтып әрең аттанды.

Артынан Бақи ағай: «Инспектор жақсы кісі екен, ауданға барғанда біздің мектепті жер-көкке түсірмей мақтапты», – деп, қуанышында шек болмай жүрді.

ҚҰЙЫНҚҮЛДҢ ШИЕСІ

Біздің «Ақжол» ауылында небір қыршаңқы, қияңқы, қияс теңеулерді бір басына меншіктеп алған, жасы қырықтың алқымына жармасып жүрген Құйынқұл деген жесір әйел бар: оның ажары – қараған адамның көзі тоят табарлықтай көрікті, бітім – тұлғасы да кісі тартар сиқырлы сымбаттан құралақан емес; оның ертеңгілік ауылдың бір жақ шетіндегі үйдің есігінен кіріп, екінші жақ бетіндегі ең соңғы үйдің төрінде отырып ең болмағанда шайдың сарқындысынан ауыз тимесе түске жетпей басының сақинасы, көзінің ақимасы, белінің шоңқаймасы ұстап қалады; оның әуелде азан шақырып қойған ныспын балалар түгіл, ауылдың үлкендер жағы да әлдеқашан ұмытқан; оның өзінен көп үлкен күйеуі ертеректе қайтыс болып, содан қалған жан дегенде жалғыз баласы соғыс жылдарында жаңа піскен астықтың масағын үгітіп, үйіне бір табалық бидай әкелгені үшін колхоз басқармасы Шертіктің көрсетуімен итжеккенге айдалып кеткен; оның өзіне керағар мінезді – жүрсе етегіне оралып, күніне жүз сүрінетін, отырса орнынан омалып он сағат қозғалмайтын, барға–қуанып, шаттанбайтын, жоққа–мойып, мұңаймайтын салпы етек Мәрғау деген келіні мен үш – төрт жасар немересі бар; оның өз ауылындағы ғана емес, көршілес ауылдардағы бүкіл жақсы-жаман хабарларды, небір өсек-аянды, дақпырт-дабыраны жұрттан ерек алдымен біліп, кәдімгідей кітаптан оқып тұрғандай айтқанда, тыңдап тұрғанның сілекейін шұбыртатын өнері де он әйелге жүк болғандай.

Оқушылардың жазғы демалысының соңғы айы басталған. Бұл кезде астыққа орақ түсіп, ересектердің көпшілігі қырға шығып егін бастыруға жұмылдырылады да, ал әйелдер жағы ауыл қырманына түскен азғантай астықты дереу тазартып,

қамбаға құю немесе мемлекетке тапсыру қамымен апыңкүпің қарекетке кіріседі. Колхоз мүшесі ретінде әрбір еңбекке жарамды ересек адам жылына кемінде тоқсан еңбеккүн табуы керек болған соң Құйынкүл де қырманның қызық-шыжығынан бас тарта алмайды. Бұл шақта амалсыздан Құйынкүлдің аяғына еріксіз шідер пен кәлепе шалбар саған бай бола ма? О, несі-ей, мына қатынның, – дейді екінші бір сайқымазақ Қапуза деген келіншек.

«Кіләпайт» деген сөзге түсінбей біраз бала бірімен-бірі сыбырласып қалды. Ішімізде ересектеу Бораш деген қушекі бала: – Ой, соны да білмейсіндер ме, мифұлалар» – деп түсіндіріп еді, балалар жағы орманды басына көтере күлді.

– Әне, анау жетпегірлер де бірдеңе біліп рахаттанып күліп жатқандарын қарашы, – деді Ожаркүл балалар жаққа одырая қарап. Сәлден кейін қыз балалар арасынан да мырс-мырс күлкі естіле бастады.

– Қысыр әңгімені қойындар, түге. Мынадай шиіе жылда бола бермейді, қалдырмай сауып теріп алайық, – деп Құйынкүлдің көршісі мосқалдау жастағы Қаламқас деген әйел тежеу айтқан соң ғана үнімізді шығармай шиіе теруге шұғыл кірістік.

Арасында ешбір тікенегі, итмұрыны жоқ, өзі биік, өзі тегіс піскен шиені теру бір ғанибет қой. Емен-жарқын, қауқылдаса жүріп бағылан еті пісіп болатың мезгілде-ақ үйден алып шыққан ыдыстарымызды әбден толтырып алдық. Жеуден де кенде емеспіз, ішімізді кекірік кеулеп кетті. Әлі де теретін біраз шиіе қалып барады. Қалғанын ертең келіп теруге келісіп, ауылға қайтуға бет алғанбыз. Әңгіме-кеп енді-енді қыза бастады. Шиені сабағымен сындырып адып жатқандар да жоқ емес. Ондайларға «тергенің аз боп, енді шиіе сабақты сындыра бастағандарың обал ғой, ақыр-тақырына жетпесендер, немене, жемсауларыңа құрт түсе ме», – деп тиым салып жатқандар да бар.

Шиеліктен ұбап-шұбап үлкен сор көлдің жұмсақ табанымен айғай-сүреңге салып, ыдыстарымыздағы терген шиелерімізге қайта-қайта қарағыштап, алаңсыз келе жатқанымызда кенеттен алдымыздан гүрс-гүрс атылған мылтықтың дауысы шықты. Қаннен-қаперсіз келе жатқан бәріміз де кәдімгідей оқ маңдайымызға сарт етіп тигендей зәреміз ұшып, тұс-тұсқа тым-тырақай қаша бастадық. Сол -ақ екен:

– Токтандар! Әйтпесе бәріңді де атамыз, – деп үш салт атты алдымыздан ойқастап шыға келмесі бар ма.

– Анау будақ-будақ шығып жатқан түтінді көрдіңдер ме?

Құдай біледі, сендердің біреуің ғой от салған, понимаешь! Бұларың – үлкен қылмыс. Екіншіден, сендер тұқымын алуға әдейі дайындап қойған үкіметтің шиесін неге ұрлап теріп алғансыңдар? Сендерге бұл жерге келуге кім рұқсат берді? Шие теруге пркорордың қолы қойылған рұқсат қағазы бар ма сендерде? Әрине, жоқ. Соңдықтан қазір шиелерің кәмпескеленіп, орманға от салғандарың үшін ыштарап саламын. Шие бұталарын да сындырып алыпсыңдар. Оған да ыштарап төлейтін боласыңдар, – деп пркорордың киімін киген біреу бізге қарай атын омыраулатып келіп айқай салғанда қатын-қалаш, қыз-қырқын біткеннің көздеріне жас келіп, шелектерін тастай-тастай қаша бастады.

– Стой! Стой, ұрылар! Қашқанмен бізден құтыламыз деп ойламаңдар, – деп жаңағылар тағы да мылтықтарын гүрс-гүрс еткізді.

– Ойбай, қырылдық шие керек болса ала беріңдер, жанымыздың садағасы болсын, біз бұл шиенің тұқымдық екенін қайдан білейік, тұнып тұрған соң қызығып кетіп тергеніміз рас, – деп алдымен Құйынкүл сөзге келді.

– Өрт салған біз емес, анау түтінің мана біз келгенде шығып жатқан. Ол жаман көлдің қопасы ғой, бықсығы таусылмайтын. Біздің арамыздан өртті кім салушы еді, ішімізде шылым тартатын ересек бір еркегіміз жоқ. Біреуімізде ең болмаса жетім сіріңке де жоқ, – деп Ожаркүл де манағыдай емес тілін икемге келтіре бастады.

– Істеріңді сотқа береміз, бұл айтқандарың дәлел емес. Ыштарапқа төлейтіндеріңді дайындай беріңдер. Ал мына шиелерің шелек-топатайларыңмен бірге кәмпескеге ілігеді. Қазір бәрің де бір-бірлеп маған аты-жөндеріңді айтасыңдар, мен жазып аламын. Кәне, кім бірінші? – деп пркорор қалтасынан былғарымен тысталған кіп-кішкентай күмәжінігін алып, беттерін парақтай бастады.

– Біз ыштарап-пыштрабында, өрт-мөртінде шаруамыз жоқ, саған төлейтін ақша түгіл, борбайымызға ілетін лыпамыз да жоқ. Алсаң мына терген шиеміздің бәрін ал. Бұл атамыздан қалған ас емес қой, – деп Құйынкүл теріп алған екі шелек шиесін дікіндеп тұрған пркорордың алдына апарып қоя салды да іле ауылға қарай кайқандап тартты. Сол-ақ екен бәріміз де

шие толған ыдыстарымызды Құйынкүлдің шелегінің қасына апарып қойып, тезірек ауылға қарай зыта бастадық.

– Жарайды, бір жолға штраптамайық, бірақ енді гәрі қолға түссеңдер оңдырмаймыз, понимаешь, – деп пркорор тағы да мылтығын бізге қарай кезене түсіп атып-атып жіберді. Бұл жолы қорыққанымыздан кейбіреулеріміз бастарымызды қолымызбен көлегейлеп, ойбайымызды сала жерге етбетімізден жата-жата қалыстық. Құйынкүл болса басын көйлегінің етегімен жауып алып, былайғы жерін ашық-шашық тастапты. Мұны көріп қалған Ожаркүл:

– Әй, қатын, немене басыңнан басқа жеріңе оқ тимейтін бе еді. Бар асыл дүние-мүккәмалінді жинасаңшы, –деп өзі қашып бара жатса да тілімен Құйынкүлді шағып-шағып алды.

– Басым аман болсын, басқа жеріме оқ тисе де, шок тисе де өлмеспін, – деп Құйынкүл де сөзге дес берер емес. Екеуінің мына қалжыңынан жұрт еріксіз мырс-мырс күле бастады. Манағыдай емес ішіміздегі үрей сезімі де сейіле бастағандай.

Былай шыға бере естерін жиып алған Құйынкүл бастаған әйелдер гөй-гөйлесіп сөйлеп кетті:

– Апырай, бұрынғылар: «Жұтқаның бұйырған, ауыздағың-некүмән», – деп қалай біліп айтқан. Мана ғана бүгін кешке мұраппаға тоямыз, ертең базарға апарып шие сатып, ақшаға қарық боламыз дегеніміз міне ертегіге айналып кетті-ау, ә? – деп Құйынкүл пркорордың бет-аузынан бастап бақайшағына дейін түк қалдырмай «дымдап» шықты.

– Ағаштың бұтағына кеңірдегінен іліңгір, дәу де болса жаңағы пркорорлар емес, кардонға жаңадан бір пиәншік әбияншік келді деген. Бұл дәл соның өзі болмасын. Албасты басқырдың түріне де қарап алмаппыз, жермола болғыр, – деп Мәрупа деген әйел қосылды.

– Дұрыс айтады Мәрупа. «Соқыр тауыққа бәрі бидай» демекші, бізге оқалы-жағалының бәрі пркорор болып көріне береді. Осыдан екі-үш жыл бұрын мына көрші ауылға екі-үш жөлік әбиәншіктің киімдерін киіп келіп, пркорормыз деп, бүкіл адамдарды қорқытып, ыштарап алып кеткенін білмейсіндер ме? Біз жаңағыларға шиемізді текке бердік. Заң бойынша ағаштың ішінен теріп алған шиені кәмпескелеуге болмайды, – деп Ожаркүл заңнан қаражая еместігін білдірді.

– Не де болса, болары болды. Жайшылықта Құйынкүлден батыр қатын жоқ еді, бұл жолы Құйынкүл пркорордың алды-

на барын алдымен жайып салды ғой, – деп Ожаркүл тағы да қыршаңқылығына басты.

– Иә, онысы несі-әй, Құйынкүлдің. – Құйынкүл бір асатса молынан асататын әдеті емес пе қашаннан.

– Асағандары бітеу жараға айналсын!

– Жетпей желкелері киылсын!

– Көгермей көктей солғырлар! – деп әйелдердің біреуі

Құйынкүлге, енді біреулері жаңағы пркорорларға тиісіп, жолай сыбаға үлестіріп келеді.

Арада бірнеше күн өткен. Ауылда Құйынкүл қасына ешкімді де ертпей, өзі ғана барып бірнеше шелек шие әкеліп, базарға барып сатып, ақшаға қарық болып қалыпты деген лақап тарады. Оны ешқандай пркорор да, әбиәншік те ұстап, ыштраптамапты. Құйынкүлдің қалтасында жүз сомдық, елу сомдық ақша көрдік. Ішкені–қорғайлы шай, жегені–кәмпит-мәмпәси деген әңгімелер ауыл ішінде маздаған оттай лаулады.

Колхоздың халыққа берер несі бар, таңертеңнен кешке дейін маңдай терінді бес төгіп істегенде Аتكелтірдің көңілі түссе екі-үш еңбеккүн жазады. Оның өзін көзің бозарып, жыл аяғына дейін күтесің. Азғантай салған егін шықса ғана әрбір еңбеккүнге бір-екі келіден бидай тисе, төбең көкке жеткендей қуанып қаласың. Түбіт, жүн-жұрқа, шөп, қамыс сатып, ақша табатындар ауылда көп емес. Шие шыққан жылы ғана ерін-бегендер ептеп шие теріп сатып, шай-қанттығын айыратыны рас. Өткендегіден жүректері шайлығып қалған ауыл әйелдері енді ұсталсақ, ыштраптың астында қаламыз деп орманға қарай аяқтарын да басуға қорқатын болды.

Көп ұзамай Құйынкүл өткен жолы барғандардың біреуің де ертпей, он бес шақты әйелдер мен қыз-келіншектерден «Жаңа жасақ құрып шие теруге барады. Тағы да өткен жолғыдай шелектерін толтырып-толтырып алып, маз болып ағаштан шығып келе жатқанда арттарынан баяғы пркорорлар шыға келіп, мылтықтарын тағы да гүрс-гүрс еткізеді. Бұл жолы біреуі де тілге келместен шелектерін тастай-мастай тым-тырақай қашып, қалың ағаштың ішіне кіріп, тығылып қалады. Олар «байтал түгіл бас қайғы» дегендей, ыштраптарынан құтылғандарына маз болып оралады...

Мектепте оқу жылы басталатын мезгіл жақындап қалған кез еді. Ағаштың ішінде әлі де шие көп болса да, бірең-сараң

адамдар болмаса, көпшілігі орманға беттей алмай қалды. Балалалар болса ересектерсіз орманға қарай қия баспайды.

Бір күні ауыл сыртындағы айтақырда бір топ бала ұтысасық ойнап жатыр едік, қасымызға андыздап Құйынкүл жетіп келді.

– Әй, жүгірмектер, мен кеше бір керемет шие көріп келдім. Бірақ ешкімге тіс жарып ештеме айтпаңдар, әке-шешелеріңе де білдірмендер. Мен сендерді ертеңгілік анау тұрған шоқ тал-кайыңның ішінен күтемін, – деп ауылға қарай құйындатты.

Біз ең болмаса шиеге бір тоярмыз деп кәдімгідей қуанысып қалдық. Ертеңіне алты-жеті бала әке-шешелерімізге де айтпай Құйынкүлмен уәделескен жерге қарай тарттық. Ол бізді күтіп тұр екен. Бәрі де тамаша басталды. Орман ішіне бұғып кіріп, бұқпантайлап жүріп, сыбырласып қана сөйлесіп, көз жауын алатындай қыш-қызыл шиені сауып теруге кірісіп те кеттік.

– Сендер шиені жемей теріндер, әуелі ыдыстарыңды толтырып алыңдар, артынан жеңдер, – деп бастаушымыз Құйынкүл бізге бұйрық беріп тастады.

Шелектерімізді ән сәтте толтырып, аяғымызды ұшынан басып, орманнан шыға бергенбіз. Кенеттен арт жағымыздан тағы да мылтықтардың атылған дауысы саңқ-саңқ шығып, орманды жаңғыртып кеп жіберді.

– Ойбай, құрдық, ал қашайық, – деп Құйынкүл шелегін сол жерге тастай сала қалың ағашқа барып кірді де кетті. Оның соңынан біз де салып келеміз. Қалың терек пен қайыңның арасынан біраз жүгіріп, әлгілерден қара үздік-ау дегенде Құйынкүл жерге отыра қалып, артына бұрылып тың тыңдай бастады. Артымызда келе жатқан ешбір қуғыншының сыбдыр естілмейді. Бір кезде Құйынкүл ақырындап орнынан тұрды да:

– Сендер осы арада дыбыстарыңды шығармай, орындарыңнан қозғалмай отыра тұрыңдар. Мен жаңағы зэнталақтардың шиені не істейтіндерін ақырын барып бақылап келейін. Алдажалда олар маған шабуыл жасаса, мен сендерге айғай саламын», – деді де жаңа ғана шелектерімізді тастай салған жерге қарай бұқпантайлап тартты.

Құйынкүлдің мынау көзсіз батылдығына біз аң-таң қалдық. Оның мылтықтан да, үш бірдей пркорордан да қорықпағанына қалай таңданбассың.

– Қой, біз бұлай тұрмайық. Мүмкін Құйынкүлді жаңағылар ұрып тастар, екіге бөлініп әлгілердің ту сыртынан шығып, байқасақ қайтеді, – деді Ауыт деген бала.

– Ауыт дұрыс айтады, нақа болмаса екі жақтан бірдей айқай саламыз. Пркорорларға да жан керек, – деп мен Ауыттың пікірін қостадым.

Біз жаңа келісіп алғандай Құйынкүлдің соңынан түстік. Біраздан кейін екі топқа бөлініп ақырын-ақырын жылжып отырып, әлгі пркорорлардың күбір-күбір, сыбыр-сыбыр сөздерін ести бастадық. Ақырын сығалап қарасақ жап-жаңа ғана біздің қасымыздан кеткен Құйынкүл әлгілермен мәз-мәйрам болып, әжік-күжік сөйлесіп жатыр. Пркорорлар жаңа ғана бізден алған шиелерін қаптарға сала бастапты. Сол кезде пркорордың біреуі Құйынкүлге:

– Мынауың шамасы неше стакан болады, – деді. Бір шелекте елу-алпыстан кем болмайды. Осыны жарты бағасына алсаң да маған жиырма сомыңды санап бересің деп Құйынкүл пркорордың бүйіріне түртіп-түртіп қалды.

– Өткендегі екі шабуылдан біз де қарық болып қалдық. Құсмұрын стансасында апарған шиемізді эп-сәтте талап әкетті, – дейді мылтықтының біреуі.

– Сұрама, мен де ақшаға қарық болып қалдым. Сендердің ішінде пытырасы жоқ құр дәрінің дауысының өзінен жұрт әлі күнге дейін естерін жия алмай жүр. Сендердің мылтықтарының оғында ылғи да пытыра ғана болмай ма, – деп Құйынкүл сылқ-сылқ күледі.

– Ойбай-ау, біздің істеп жүргеніміз заңсыз тірлік емес пе. Әйтеуір күнкөрістің қамы ғой. Мылтықтың дауысын шығарсақ болды емес пе, бізге пытыра қайдан келсін, – деді пркорор кезекті шелектегі шиені қапқа салып жатып.

Аналардың біреуі Құйынкүлге тағы да біраз ақша ұстатты. – Сен ауылдастарыңды тағы да бір қақпанға түсір. Анау Қайнар мен Ақ-қайың ішінде шиі деген жетеді. Күзгі шиі тіпті тәтті болады ғой, – деп манағы мылтықтының біреуі Құйынкүлге тағы да тапсырма беріп жатыр.

– Жарайды, қатындар мен балалар қолда ғой, ретін келтіреміз ғой, – деп Құйынкүл жүгіре басып кейін кете бастады.

Сол кезде қалың теректің ішінде тығылып тұрған үш бала қосылып:

– Ұрыларды ұстандар, әке; мында кел, аға ұрылар мына жерде Құйынкүл ақша әкетті, пркорорлардың мылтығында оқ жоқ екен, тезірек ұстандар, – деп айқайды кеп салдық. Сол шақта жаңағы екінші топтағы балалар да бізге жақынырақ

келіп қалған екен. Олар да бірауыздан біз сияқты ауылдары ағаларының аттарын атап, шынғыра айқайлады.

Салтаттылар тұс-тұстан шыққан дауыстан шынында секем алып, қашуға айналды. Құйынкүлдің қайда кеткенін де білмей қалдық. Біз айғайдың үстіне айғай қосып, аттан салып айнала жүгіріп жүргенде ауылдың Сарқыт, Бүркіт, Отарбай деген ересектеу үш жігіті қарағайдың арасынан шыға келді.

Біз енді тіпті күшейіп кеттік. Әбиәншіктер сол сәтте-ақ шиелері тастап, зым-зия жоғалды.

Бәріміз де қыран-топан күліп жатырмыз

– Жарайсыңдар, балалар, әбиәншіктерге сол керек, енді олар арттарын қысатын болады. Бәрін құйындатып жүрген Құйынкүл апаларың екен ғой, оған сот жоқ. Ештеңе етпес, үй іштеріне әзірге бұл туралы айтпай-ақ қойыңдар.

– Құйынкүлдің өзі де әлі-ақ айтады, – деді келген ересек жігіттер.

Бәріміз ыдыстарымызға шиені бөліп-бөліп салып алып, ауылға оралдық.

Біз дегенмен Құйынкүлдің де шиесі толы шелегін тастамай ала келдік. Менің шешем түнделетіп оның шиесін апарып бергенде әлгі байғұс: «Қайтейін, жоқтық не істетпейді», – деп отырған жерінде жылап жіберіпті.

Бүгіндері Құйынкүлдің шиесі туралы әңгіме бүкіл ауыл-аймақты аралап жүр.

БАСҚАРМАНЫҢ ЗӘМЗӘМ СУЫ

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ ауылдағы тыныс-тіршіліктің тамырына сәл де болса қан жүгіріп, адамдардың қасаң тартқан жүздерінде үкілі үміт отының жарқыл сәулесі сезіле бастаған еді. Сырт тұлғасы қораш, мыжырайған жеркепе үйлердің молақ мұржаларынан қою қошқыл түтін жиірек шығып, тіпті шымнан немесе шомнан асығыс-үсігіс қалана салынған қора-қопсылардан арсылдай үрген барақ иттердің, мияулаған мысықтардың, қоқиланған өораздардың, мөңіреген ірі қара мал төлдерінің дауыстары бірте-бірте көбірек естіле түскен. Бірақ, қатты түшкіріп қалсаң, жәрікмалла айтуға жеткізбей төбесі төбеңе топ ете қалатын осы қорасымақтарға түн баласына маза жоқ: күзен бе, ит-мысық па, ауылдарына апталап нәр тимейтін тұз тағылары – аш қасқырлар

мен түлкілер ме, әлде адамның бөрілері ме, – әйтеуір, күніне екі-үш үйдің «белгісіз пәшестердің» түнгі шабуылына ұшырап қалғаны жөніндегі суыт хабарлар естіліп жатады. Оның үстіне әсіресе қыс айларында жылдар бойы мылтықтың дауысы естілмеген ауыл қотанына ымырт үйріле-ақ қасекендердің жортуылы басталады, тіпті кейбір әккілері адамдардың иттерін «Майлыаяқ, Майлыаяқ» деп шақырғанда иттерден бұрын жетіп келіп, сүйек-саяқты іліп әкететінді шығарды. Ауылдың шеткерірек үйлерінің сәулесі күнгірт терезелері алдында қасекендер екі күннің бірінде шоқиып, үйдің ішіне көз тігіп отыратынын қайтерсің. Жұрттың көбі күн батса-ақ үйден аттап шығуға қорқатын болды. Қасқырлар адамға шаба қоймаса да осындай түнгі жортуылдарында талай ит-мысықтың жандарын жаһаннамаға аттандыратын. Әлгіндей «пәшестердің» кезекті шабуылынан біз сияқты ауыл балаларының бар қолдан келетіні – ұбап-шұбап із кесеміз, ию-кию іздерге түсіп біраз жерді шұқшия жүріп зерттеп, «пәлен аңның, түгенше аңның ізі» деп әбден қызыл кеңірдек болғанша айтысып-тартысып тарқысу. Кейде осындай таластан кейбір айтқанынан айтпайтын қыршаңқы, кесір мінезді балалардың танаулары жұдырық иіскеп те қалады.

Оқушылардың қысқы демалысында жүргенбіз. Қар қалың түскен. Қаңтардың жиі-жиі соққан ақ түтек борандарынан кейін ауыл көшелерінің әр жерінде қар таулары пайда болған. Мұндайда балаларға құдайдың бергені: кешке дейін қар тауларынан сырғанақ жасап алып «тау менікі» ойнаймыз. Сондай бір қызықтың үстінде колхоз басқармасы Шертік қасымыздан Көкбурлылымен өте беріп кілт тоқтай қалды да қара кәшөпке шанасының арқалығына арқасын тірей шалқая жатқан күйінде біздерді жанына шақырып алды:

– Әй, боқмұрындар, – деді ол салған жерде дауысын көтеріп, – бүгін Әупілдек шалдың қорасына түлкі түсіп екі тауығы мен бір әтешін жеп кетіпті. Сол түлкі ғой деймін, анау аманның бауырайында бір нәрсе қараң-құраң етіп жүр. Ірілігі тайыншадай бар. Өзі жүре алмай барады, шамасы аяғына бір нәрсе кіріп кеткен. Текке жүргенше қастарыңа жүйріктеу деген екі-үш ит алып, қан сонарға шығып келіңдер. Егреки түлкіні ұстай алсаңдар маған әкеліп бересіңдер. Ал, мен сендерді «зәмзәм суына» бір тойғызам, түсіндіңдер ме, боқмұрындар?

Түсінбедік деп басқармаға айту қайда? Қайта жөппелдемеде тапсырма алып қалғанымызға мәз боп, дереу орманға баруға ыңғайлана бастадық басқарманың айтқанын орындамау, құлақ аспау «потсот» кететін сорақылыққа жататынын ересектер түгіл, бесіктегі балалар да білетін шығар. Бәрінен де бәріміге ұнағаны – басқарманың «зэмзэм суына» бір тойғызам дегені. «Ол қандай су екен, ә?», – деген үлкен құпия сұрақ бәріміздің де тұлабойымызды қызыл шоқтай қарып барады.

Ә дегенше түлкіге үруге жарайды деген үш итті – менің тазымды, Ауыт пен Лекер деген балалардың Бөрібасары мен Майлыаяғын ертіп алдық. Әуелде етқызумен манағы «тау менікі» ойындағы балалардың бәрі де бармақшы болып ауылдан шығып еді, бірақ жарты шақырымдай өткен соң-ақ кейбіреулерінің аяқ киімдерінің «ауызы-мұрындары» қисайып, «ішек-қарындары» ақтарыла бастағаны байқалды. Олар амалсыздан кейін қайтуға мәжбүр болды. «Ау, бұлардың не, күн жаумай су болғандарың. «Зэмзэм суын» ішпейсіңдер ме? Сосын ертең басқарманың бетін қалай көресіңдер, «потсот» кетесіңдер ғой, – деген біздердің шаптағанымызға да көнбеді. «Көп болса біз «потсот» кетерміз, «зэмзэмді» сендер-ақ ішіндер, – деп олар қолдарын бір-ақ сілкіп, кейін қарай жүре берді. Төрт аңшы қалдық – Ауыт, Лекер, Шөре және мен. Қасымыздағы үш ит бізден қалар емес.

Шынында кейбір жері мұзжарғақтанып, сіре боп қатқан, кейбір тұсы қалың оппа қар болып босаң жатқан қысқы даламен жаяу жүрудің қияметі оңай емес. Кейін оралған балаларды мазақ қылған біздердің де қансорпамыз шыға бастады. Бірақ сонда да бір-бірімізге сыр бермеуге тырысамыз. Тіпті біз түгіл, үш иттің де тілдері салаң-салаң етіп, болжырай бастағаны байқалады. Олар «Осы біз қайда бара жатырмыз» дегендей біресе орманға, біресе арт жақта қалып бара жатқан ауылға қайта-қайта жалтақтап қарай беретінді шығарды.

...Кенет біздің оң жақ қапталымыздағы шоқ балапан қарағайдың арасынан бір түлкі ата жөнелді. Бір аяғын сылти басатындығын аңғарып қалдық. Әуілдек шалдың қорасына түскен түлкі осы шығар деген ой келді бізге. Қапелімде не істерімізді білмей аңтарылып қалған біздер іле айтаққа бастық. Түлкіні иттердің көзі де шалды. Дегенмен үш ит қой, бірінің артынан бірі қалыспай түлкінің соңынан қуып кеп берді. Біздің де есіміз шыға айқайлап, айтаққа-айтақ қосуды үдетіп,

жүгіре басып, иттердің соңында келеміз. Неше рет қарға батып, неше рет мұрттай ұшқанымызды алла білсін. Түлкі мен иттер де оппаға бауырларына дейін түсіп кетіп, көресіні көріп-ақ барады.

Алғашқыда жалтандау жерде түлкі иттерден қара үзіп кеткен сияқты еді, енді біраздан кейін түлкі мен иттердің арасы манағыдай емес әжептәуір жақындағаны байқалды. Тазының жаман да болса тазы деген аты бар ғой. Ол өршелене алға ұмтылды, түлкінің қайта-қайта біресе оңға, біресе солға қарай жалт беріп, жалтақтай қашқанынан оның әбден қалжырап қалғаны сезіледі. Біз өлген-тірілгенімізге қарамай, әзірге иттерден қара үзбей келеміз. Маңдайымыздан тер моншақтап төгіледі. Неде болса мына түлкіні ұстап алып, басқарманың «зәмзәмін» ішуге әсіресе Ауыттың аңсары ауып-ақ келеді.

Менің тазым түлкіге тіпті жақындады. Әр жағында қалың орман да тиіп тұр. Егер қалың нудың ішіне түлкі кіріп кетсе, иттердің одан айырылып калуы да мүмкін. Өне, тазы түлкінің құйрығымен тістесті. Жан беру оңай ма, түлкі қанша бұлаңқұйрыққа салса да қалың тобылғылықтың арасынан оппалап шыға алмай қалды. Аң мен тазы ұмар-жұмар алыса кетті... Екі ит те жетіп үлгірді. Әупірімдеп біз де келдік-ау. Иттердің алдында жатқан түлкінің шығар-шықпас қана жаны бар. Олардың арсылдай үргенінен бүкіл дала жаңғырыққандай. Сілеміз әбден құрып әрең дем алып тұрған біздерге олар еркелей қыңсылап, алдарындағы тұяғын серпіп жатқан түлкіге тіпті батырсынып, қайта-қайта тап-тап береді. Біз қалай да түлкінің терісіне иттердің тісі тимеуі үшін олардың қарғыбауларынан ұстап тұруға мәжбүр болдық.

Басқарманың айтқаны расқа шықты. Түлкінің мойын тұстарында тауықтың ұлпа жүндері жабысып қалған, оң жақ аяғының табанын қараса әлі қан шып-шып шығып тұр екен, шынында шеге кіріп кетіпті. Сәл демалып алғанынан кейін түлкіні оппа қармен кезек-кезек сүйретіп ауылға қарай тарттық. Енді «зәмзәм суын» ішетіндігімізге қуанғанымыз соншалық, үсті-басымыздың қар-қар, жаман-жұман пималарымыздың қонышынан түскен қардан аяғымыздың малмандай су болғаның да есімізден шығара бастадық. Мақсатымыз – түлкіні тезірек ауылға жету, түлкіні тезірек басқармаға байлау, тезірек «зәмзәм суына» тою.

Түлкіні аһ-уһлеп сүйрумен ауылға жақындағанымызда алдымыздан басқарманың шабарманы Сәпек деген жігіт ағасы шығып:

– Түлкіні қатты қармен сүйретіп, теріні қор қылдыңдар ғой, кәне, маған беріңдер, – деп әлгі түлкіні арқалап алды. – Алға түсіп, бәсекеңнің үйіне жүре беріңдер, сендерді шай қойып, «зәмзәм суын» әзірлеп отыр.

Алдымыздан арсалаңдай шыққан басқарма ірі түлкіні көріп:

– Міне, жарадыңдар, нағыз жігіттер осылай болады, – деп біздің мақтауымызды асырып, арқамыздан қағып-қағып қойды.

– Әуілдек атайдың тауығын жеген осы түлкі екен, аяғына шеге қадалыпты, үсті-басы тауықтың жүнінен көрінбейді, – деп қойды Ауыт мұрынын қайта-қайта тартқыштап.

Ендеше бұл түлкіге обал жоқ. Әуілдек шалдың мал дегенде екі тауығы мен бір әтешінің түбіне жеткен түлкінің сендер де түбіне жеткендерің үлкен сауап болды, енді кәрияның батасын аласыңдар, – деп басқарма бізді үйіне бастап жүрді.

Басқарманың бәйбішесі Қатипа шай жасап қойған екен. Ол да біздің мақтауымызды асырып, «сендер қасқыр да соғып алатын түрлерің бар ғой», – деп бізді көтермелеп қойды.

– Мына балалар, судан шыққан балықтай болыпты, астарына бір-бір тулақ тастай сал, сулары сорғысын. Сосын «зәмзәм суыңды» құтыларға құйып әкелерсің, – деп басқарма неге екені белгісіз Сәпекке көзін қысқанын байқап қалдым.

Басқарма ай-шайға қарататын емес. Сәпекке де, әйелі Қатипаға да «тез, тез» деп қатты сөйлеп, есіктің ілгегін іштен салып қоюды бұйырды. Жалма-жан біз де бір-бір тулақтың үстіне жайғасып алдық. Тауықтай боп бірүсіп, жамау-жасқау шұлықтарымыздың жыртығынан жылтың-жылтың көрініп тұрған башпайларымызды тыққыштап отырмыз. Төртеуіміздің шалбарларымыз да малмаңдай, жылы үйге кіргең соң мұрындарымыз да жібіп, түшкіріп-пысқырғанымыз көбейді. Басқарманың әйелі мұнымызды жақтырмай, біздерді атарға оғы жоқ болып отыр.

Сәпек тездетіп кішкентай кесеаяқтарға қара құтыдан мөп-мөлдір сұйық құйып, бәріміздің алдымызға қойды. Сол-ақ екен, басқарма дауысын көтеріп:

– Ал, бүгін сендердің бәрің де нағыз азамат болдыңдар. Аңқұс ұстау әркімнің қолынан келе бермейді, мана көп бала қо-

рыққандарынан қайтып келген жоқ па, мен бәрін көріп отырмын, ал сендер бастаған істі аяғына жеткіздіңдер. Ертең-ақ қасқыр соғып аласыңдар. Сол үшін бәріміз де мынау құйылған мөлдір «зәмзәмнан» алып қойыңдар, – деді.

Өзі алдымен қолындағысын қағып салды. Сәпек пен Қатипа да басқармадан қалыспады. Енді кезек бізге келіп тірелді. Манадан «зәмзәмға» қолы жете алмай, әбден ішкұса болып отырған Ауыт та, оның қасындағы Лекер мен Шөре де бір-біріне жалтақ-жалтақ қарасып алып, әдейі келіскендей алдарындағы құюлы тұрған «зәмзәмдарын» ішіп-ішіп салды. Ішіп алып, бәрі де келісіп алғандай бір мезгілде қақалып шашалды, қолдарын ауыздарына басты. Ауыт сасқанынаң Сәпекке мөлие қарап:

– Ағай, мынау кәдімгі сәмәлөңке ғой. «Зәмзәм» мұндай болмайды, – деді.

– Сұңқылдамай отыр. Сен сәмәлөңкені қайдан білесің, шамасы ішіп көргенсің ғой, – деп Ауытқа Қатипа апай бас салды.

Мен қолыма ұстаған кесеаяқты ауызыма тақай түсіп, иіскеп едім, Ауыттың айтқаны дұрыс екен. Сәмәлөңкенің иісі бұрқырап шығады. Лезде ыдысымды алдыма қоя салдым. Сол-ақ екен басқарма көздерін ажырайтып маған бас салды:

– Әй, Көнек, сен әкеннен тумап па едің. Түлкі ұстағанда әйдіксің. Мынау қасындағы балалардан әулиесің бе, Бақи аған іш десе ішіп қояр едің сен. Әйда, кергімей жаның барында алдындағының бір тамшысын да қалдырмай ішіп қоясың. «Зәмзәм» ішпейтін сен кім едің сонша, ә?

– Ештеңе жоқ, қатарыңмен бірге көр, өлмейсің ішіп қой, қатын мен құрлы жоқпысың, – деп Қатипа апай менің намысыма тиді.

– Әкең мұндайға қамшы салдырмайтын. Сен нашар тума саң жарар еді, – деп Сәпек ағай да мені қайрай түсті.

– Мен сәмәлөңке ішпеймін, – деп сазарып отырып алдым.

– Ішпей көр, кәне, ішпесең осы үйден шықпайсың. Есіктің ілгегі салулы. Сәпек саған қайтсе де ішкізеді, білдің бе, бокмұрын, – деп басқарма одан сайын қатты кетті.

– Басқарманың қолынан арақ ішсең ертең үлкен азамат боласың. Алып қой, Көнектай, – деді Қатипа апай аналардан жұмсағырақ сөйлеп.

– Әй, давай, сен не, іш алдыңдағыны! Әуел де менің де құсқым келіп еді, қазір тіпті әдемі болды, – деп енді Ауыт та батыр бола бастады.

– Ішсең өзің тағы да іш. Бірақ, мен өлсем де арақ ішпеймін! – деп кесіп айттым.

– Басқарма ағай, Көнек ішпесе бұл біздің ішкенімізді Бақи ағайға айтып қояды. Сосын ол бізді мектептен шығарып жібереді, – деп Лекер орнынан қозғалақтап кетті.

– Қорықпай-ақ қой. Мен ешкімге де айтпаймын, бірақ мен біреу мылтықпен атам десе де арақ ішпеймін, – деп дастарқаннан кейін шегініп отырдым.

– Қаршадай болып қасарысуын. Мұны ішпесең шай да ішпейсің, – деп Қатипа апай маған құйып қойған шайды қайтып алды.

– «Зэмзэм суынан» бас тартсаң басыңа төңкере салайын мұны, – деп Шертік мұртын тікірейте орнынан атып тұрып, алдымда тұрған арақты бетіме шашып кеп жіберді. Көзім удай ашып кеткен мен орнымнан бақырып қалай тұрғанымды да білмей қалдым. Менің дауысым қаттырақ шығып кеткен болуы керек, Қатипа мен Сәпек те сасқандарынан отырған жерлерінен ине қадалғандай атып-атып тұрды.

Жалма-жан киініп ап, тезірек сыртқа шығып, үйге қарай тайраңдай жөнелдім. Үйге келіп тамақтанып алдым да тоңып келдім деп көрпеге қымтанып, жатып қалдым.

Үйдегі дабыр-дұбырдан оянып кетіп, ептеп көрпенің астынан сығалай қарасам манағы менімен түлкі соққан Ауыттың, Шөре мен Лекердің әкелері екен. Басқарманың «зэмзэм суын» әкеме баяндап жатыр. Олардың әңгімелерінен сезгенім басқарма әлгі балаларға мен кеткен соң тағы да «зэмзэм суынан» ішкізген. Олар жолда келе жатып Аتكелтірге кездесіп оны келістіріп тұрып жетпіс жеті атасынан бері қарай небір боқтау сөздермен сықпыртады, әкесінің аштан өлгенін айтады. Сөйтіп тұрғанда оларға Бақи ағай кездеседі. «Әй, сендер бәрің де массыңдар ғой, арақты кім берді сендерге», – деген сұраққа олар «иди... давай» – деп ұстаздарына әдемілеп тұрып орысшалап жөн сілтеп жібереді.

Әлгілер мені қояр да қоймай оятып алды. Мен болған жайды жасырған жоқпын, бәрін айтып салдым. Олар менің батылдығыма, басқармадан тайсалмағандығыма риза болып жатыр. Өздері не істерін білмей бастары әбден қатқан. «Басқарманың

қылығын жайдан-жай қалдырмаймыз, ертең ауданға барамыз, бәрін де түк қалдырмай райкомға баян етеміз» деген ұйғарымға келіп, үйді-үйлеріне тарасты.

Не керек, басқарманың балаларға ішкізген «зэмзэм суының» шуы көпке дейін басылмады. Арақпен ертерек ауызданған менің құрдастарымды ешкім де айыптаған жоқ, бәрі де Шертік пен оның бәйбішесінің ісіне наразылық білдірді, бірақ олардан «зэмзэм ішкендер» деген атақ көпке дейін соңдарына жабысқан тікенектей қалмай қойды.

Түптің-түбінде Шертік басқарманың балаларға ішкізген «зэмзэм суы» өзінің түбіне жетті. Ол көп ұзамай басқармалықтан қуылып, біздің ауылдан көшіп кетуге мәжбүр болды.

ӘБІГЕРДІҢ ЧҮЛЕНУ

Біздің ауылда Әбігер дейтін жігіт бар еді. Бұл жалғанда өз баласының түбі қандай боларын әулиелікпен болжап, есімін соған лайықтап қойған ата-анасын данышпан дерсің. Шынында Әбігер десең-әбігер-ақ. Өзі дегбірсіз, ал кеттім, оның үстіне есер соқтау, іші кепкенше бөсетін мақтаншақ, даңғаз.

«Әбігер аға, сіздің етігіңізден су өте ме, өтпей ме?» – десең ол: «Әрине, өтпейді, нанбасаң міне, көр», – деп тізеден келетін суды кешіп жүріп алады. Артынан оңашалау, тасалау жерге барып малмандай болған шұлғауын сығып алып жатқанының үстінен түссең: «Мана таңертең осы су қалпында киіп алып едім», – деп жеңсік бермейді.

Біз кейде оған: «Әбігер аға, сіздің қолыңыз отқа күйе ме, күймей ме?» – дейміз. «Е, менің қолым отқа неге күйеді, күймейді. Нанбасандар міне, көріндер», – деп жанып жатқан пештің аузына қолын тығып-тығып алар еді. Жалаңдаған от Әбігердің мақтаншақтығын қайтсін, қолы күлдіреп, күйіп қалады. Ал, Әбігер сонда да: «Күйген мұндай болмайды», – деп ауыздыға сөз бермейді. «Әбігер пәленшенің асау тайынан құлап шынтағын шығарып алыпты», «Әбігер ағаштың басынан секіріп түсіп, тобығын тайдырып алыпты», «Әбігерді түнде пәленшенің арлан иті талап, борбайының пара-парасын шығарыпты», – құралыптас болып келеді. Ол туралы бір жақсы лепес, қуанышты хабар естісек, көзіміз желкемізге бітсін.

– Апырай-ай, ең болмаса шіркіннің әкесі де жоқ. Шешесі Аққыз байғұстың соры сопақ астаудай екен, – деп үлкендер жағы өзара әңгімелесіп, аяныш білдіріп жатқаны.

Ал, обалы не керек. Аққыз шешейдің Әбігер туралы ешуақытта жаман сөз айтып, теріс мінез көрсеткен жері жоқ. Ұлының ісіне титтей де кейістік білдірмей, қайта құдайына шүкіршілік етіп, күніне мың тәубеге келіп жүргенін талай естідік.

– Оқасы жоқ, баланы табуын тапқанмен мінезін кім табады. Ертең үйленген күні-ақ жыны судай басылып мына деген отау иесі болып шыға келеді. Керек болса, түбінде осы Әбігерім жұртқа жөн-жоба сілтейтін ел ағасы болады әлі, – деп көңіл тоқтығын білдіріп, ақ жаулығын қоқырайтып, жоғары көтере түсер еді.

Менің Әудеш деген немере ағайым бар еді, өзі барып тұрған «кушеке». Жұрттың түсіне кірмейтін нәрсені ойлап табады. Өз қатарының арасында беделі бар: өзі дембелше, төртбақ, күрестің нағыз құдайы. Онымен тең құрбылары белдесті дегенше, көзді ашып-жұмғанша-ақ бір жағына қарай қиқан ете қалады да оң жамбасқа салып, қарсыласының аяғын аспаннан бір-ақ шығарады.

Әбігердің бізге жиеншарлығы бар. Әудеш ағамыз соны пайдаланып, тірі әуресін шығаратын. Әбігер де, Әудеш те азамат қатарына қосылып, елдегі той-думан дастарқанының шетіне ілігіп, «тентек сумен» ауыздана бастаған. Тіпті бір-екі жерде әбден қызып алып, Әудеш ағамыз төбелес ұйымдастырып, тойдың ойран-ботқасын да шығарады.

Әбігердің қызға қыры жоқ. Шамасы, өзінің шайқылау, делқұлдау мінезін біліп, іштей «маған қыз қарамауға тиіс» деп мойып қалған тәрізді. Осыны анық сезген Әудеш ылғи: «Әбігерге қатынды өзім әперем», – деп жүретін.

Бірде Әудеш қасындағы сабаудай-сабаудай үш-төрт бозбаласымен біздің үйге жетіп келді. Сәске түс ауған кез еді. Сенектің ішінде шалқамнан түсіп шалжиып жатқам.

– Көнек! Әй, Көнек, тұр айда. Тығыз шаруа бар. – Әудеш мені жұлқылап, жан алқымға ала бастады.

Бұл сөзді шешем сырттан тыңдап тұрған екен, сенекке жетіп келіп:

– Сен, немене, тағы да әлгі күзетші көршінің қарбызына түспекшімісің? Екі танауың делдиіп кеткен екен, жүдә? Көнекте не шаруаң бар еді? – деді Әудешті жақтырмаған пішін танытып.

– Жеңешетай-ай, қарбыз құрсын құрығанда. Одан да маңыздырақ, одан да күрделірек, тіпті халықаралық мәні бар деуге боларлық оқиға күтіп тұр бізді. Қалай, енді қауешегіңізге барды ма? (Әудештің қашан да басты «қауешек» дейтін әдеті).

– Адыра қал, ей, халықаралық мәні бар оқиға сенің не теңің. Байқа, жалғыз баламызд жардан ұшырып жүрерсің, – деп шешем Әудешке төне түсті.

– Оқасы жоқ, жеңешетай, жардан ұшса, жерге түсірмей өзім қағып аламын.

Әудеш ағай «бол» деп тұрғанда жан қала ма? Шала-пұла киініп, үйден шыға жөнелдім. Ұзаққырап кетіп бара жатқанымда шешем артымнан айқайлап:

– Көнектай, не істесең де ризамын, бірақ түнеугідей біреудің бақшасына түсіп, қарбыз ұрлаушы болма, – деп қалды.

Былай шыға Әудеш маған:

– Көнек, бүгін сенің үлкен көмегің керек болып тұр. Біз бүгін Әбігерді үйлендірмекпіз. Оған мына көрші ауылдағы Тоқайдың Шекер деген қызын алып қашпақшы болып, өтірік уәде бердік. Келіссең сені Шекердің орнына қызша киіндіріп, бүгін алып қашамыз, – деді.

– Ойбай-ау, қалыңдығының Шекер емес, мен екенін біліп қалса Әбігер ағам мені ертеңіне сойып салады ғой. Шешесі Акқыз да жер-жебіріме жетіп, қарғап-сілеп, жер жастандыратын шығар.

– Ештеңе етпейді. Саған ешкімнің қолы батпайтынына мен кепіл. Бізге жиеншар болған өзінен көрсін Әбігер.

– Сонда кәдімгідей шымылдықтың ішіне кіріп, орамал салып, келін болып түсемін бе?

– Шымылдықтың ішіне отырмайсың да, келін болып түспейсің де. Сенің қалыңдық ретіндегі қызметің Әбігердің өзін жақсы білетін тастай қараңғы түпкі қорасына дейін ғана. Ал, аржағының қалай болатынын соңыра өзім түсіндіремін.

Бұдан әрі қарсыласудың реті келмеді. Тіпті әрі-беріден соң, еркек баланың біреудің үйіне кәдімгідей кәделі келін болып түскені тарихта жоқ бір қызық оқиға болғалы тұрған соң, осы іске араласқанымға қайта іштей қуана бастаған сияқтымын. Әудеш ағам тұрғанда Әбігер маған қолын тигізе алмайтынын жақсы білем. «Тек осы қылығым көршінің бақшасына түсіп, қарбыз ұрлағаннан жеңілдеу ме, әлде ауырлау ма?», – деп қайта-қайта ойлаумен болдым.

Бәріміз шуласып-дабырласып, топтанып Әбігердің үйіне келдік. Баласы келіншек алып қашатын болған соң, Аққызда тіпті ес қалмапты. Әудеш болса, айды аспанға шығаратындай уәде беріп, тезірек жолашар жағын қарастыруды талап етіп жатыр.

– Апа-ау, жолашарға қарап тұрған дүние болса, не тұрыс бар, жігіттерге барыңды әкеліп, самсатып қоймайсың ба? – деп Әбігер жатыр шешесін әбігерге салып.

Аққыз ауылдағы атақты сараңдардың бірі еді. Көршілерінен алған қарызды қырық қақсатпай, елу ескерттірмей, ұрыскеріс шығармай қайтарған емес. Әудеш ағамның үйінен алған бір қарызын: «Әлдеқашан қайтарғанмын, алғандарыңды неғып ұмытып қаласыңдар осы, түге», – деп тіпті өздеріне пәле салып, бермей қойыпты. Аққыз шешей дүкенге қарай дедектей жөнеліп ә дегенше бірнеше шыны арақ пен кәмпит-сәмпит алып келді. Бір кезде маған жалт бұрылып:

– Мына жетпегір араларыңда жүріп не бітіреді? Бұл қырсықтың бір кесірі тиіп жүрмесін өздеріңе, әй көккөз, әйдә үйіңе бар, кәмпитке телмірмей, – деп дүрсе қоя берді.

– Жеңешетай-ау, біз соңыра кешкілік Көнексіз ештеңе бітіре алмаймыз. Тоқайдың үйіне одырандап, сорайып қайсымыз бара аламыз. Міне, соңыра тап-тұйнақтай, ып-ыңғайлы болып осы Көнек Тоқайдың үйіне зып беріп кіріп барады да байға қашуға тықыршып дайын тұрған Шекерге оң көзін қысып кеп қалады. Көнекке қол тигізе көрмеңіз, ойбай, – деп Әудеш мені өзіне қарай сүйреп, бауырына тарта түсті.

– О, сондай қулықтарың бар ма еді, қайдан білейін. Айналайын, Көнектай-ай, ағаңа сен де қатын алуға көмектесуге жарап қалған екенсің ғой. Онда тамаққа тойып ал, – деп Аққыз көңілденіп, дорбасынан тәттілерін алып, алдыма уыстап тастай бастады.

Жолашар ұзаққа созылды. «Той сенікі», – деп Әудеш қырлы стаканға арақты шүпілдете құйып Әбігерге ұсынып еді, ол шімірікпестен бір-ақ тартты. «Амандық болса, Әбігер жанымның арқасында мен де ертеңнен бастап келін жұмсап, сары қарын бәйбіше болып үйде отырамын. Қане, анау ақаңнан маған да бір шәшкесін құйып жібер», – деп, Аққыз да жігіттерден қалыспай бірнеше рет көтеріп-көтеріп жіберді.

– Бүгін бар ғой, – деді Әбігер әлден уақытта көңілдене түсіп, – Тоқайдың қызын... аты кім еді... иә, Шекерді үйге кіргізбе-

сем, мына Әбігер атым өшсін. Ертеңнен бастап, ол қыздың көзіне көк шыбын үймелетіп, жұмысқа салам...

Әбігер кеудесін ұрып, алмаған «алашұнағына» сырттай дікің-дікің етіп, екіленіп келеді.

– Әбігер-ау, шешенді тындамаса, Тоқайдың қызын «тұрса – сопақ, отырса – опақ қылам», – деп қойды Қалқа деген жігіт.

– Дұрыс айтасындар, баланы–жастан, қатынды–бастан» деген. Тындамай бара жатса қамшымен шықпыртып-шықпыртып ал да төркініне апарып, дөңбектей домалата сал, – деді Қасбай деген жігіт қатуланып.

– Е, менің Әбігерім Тоқайдың қызынан қорқар дейсің бе? Басымның садағасы. Әбігерім аман болса, әлі талай Тоқайлардың қызын алар. – Аққыз манағыдай емес, тіпті қанатын қомдап, желкесін күжірейтіп, жаулығын қоқырайта түсті.

– Біздің Әбігердің күнде бір қыз алатын шамасы бар, – деді Өудеш бір шәшке арақты құйып жатып.

– Е, алмай қорқайын ба? – Әбігер шәшкені аузына төңкере салды.

Күн кешкіре бастады. Жігіттер жағы әбден көңілденіп алды. Қызды-қызды болып, «Шекер біздікі» деп, орындарынан атып-атып тұрды. Аққыз шешей қалтама кәмпит толтырып салып жатып: «Соңыра қызға барғанда оң көзіңді қысуды ұмытып кетпе», – деп қояды. Өудеш: «Тоқайдың аулындағы Метрей деген шалдан самогон сатып аламыз», – деп Аққыздан тағы да біраз ақша қақты.

– Жеңешетай-ау, – деді кетіп бара жатқанда Өудеш Аққызға үңіліп, – келін әкелуге кетті деп жан баласына ауызыңды ашусы болма. Жұрт келін шаңдатып, дүбірлетіп келіп қалғанда бір-ақ біліп, талып түсетін болсын.

– Айтпаймын, құлындарым, айтпаймын!

– Апа, бірақ келе жатқан дүбірімізді тындап тұрғайсың. Ұйықтап қалып жүрме. А то ұят болады келген келіннен, – деп Әбігер шешесіне тапсырмасын бастырмалата айтып жатыр.

Ел шетіне шыға бере-ақ Әбігердің қызып қалғаны байқалды. «Но, Тайбурыл, бүгін саған сын», – деп ол қамшымен торы байталды тартып-тартып жіберіп еді, әлгі байтал үркіп, ата жөнелгенде бәріміз арбадан сыпырылып түсіп қалдық. Күйеу бала болып келе жатқан Әбігердің көйлегі дал-дал болып айырылып, аузы-басы әлем-тапырық болып шыға келді.

– Апыр-ау, бізді қойшы, мына қалыппен сен енді қызға қалай көрінесің? – деп жатыр оны жігіттер мазақтап.

– Оқасы жоқ, байға шығатын қыз көйлек таңдамайды. Қараңғыда Тоқайдың қызы не көрер дейсің? – Әбігер одан сайын екіленді.

Қыз ауылында Әудештің құдалары тұратын. Ымырт үйіріле күйеулерді тастадық та, Әудеш ағай екеуіміз сол үйге келдік.

Әудеш құрдасының үйінен ақ желбіршекті көйлек, омырауы, бүкіл өңірі тағымға толы камзол алып, маған кигізді. Көп ұзамай манағы жігіттер қалған жерге келсек, Әбігер әбден мас болған екен. Мені көріп:

– Әй, Тоқайдың дорақ қызы, бүгіннен бастап менің қатыным боласың. Шешемнің айтқанын тыңдамасаң, төркініне әкеп аударып тастаймын. Мен үшін қыз дегенің шемішкенің қабығы. Әйда, отыр арбаға.

Әбігер қолымен шап беріп ұстап, арбаға қарай сүйрей жөнелді. Мас болып қалғаны айдан анық. Арбаға жеткенше бірнеше сүрініп, бірнеше рет құлады.

– Әбігер-ау, сен үйіңе түспеген қалыңдыққа қожандап, әкірендеме. Байқап-байқап сөйле, – деп қояды Әудеш қуланып.

– Давай, с-сен бар ғой, қ-көп дікіндеме. Бұл менің қ-қатыным ба, әлде сенің қатының ба? О-несі-ей, кі-кісінің қатынын өзіне билетпегені. – Әбігер қатты ашуланып, шамдана бастады.

– Жарайды, қатын сенікі. Кәне, жолашар жасап жіберейік. Құсың құтты болсын! Қосағыңмен қоса ағар! – Әудеш бастырмалатып тағы да бір-бір қырлы стақаннан самогон құйып, жігіттерге алдырып жіберді. Тастай қараңғыда арбаға жапатармағай отырып, ауыл қайдасың деп тартып кеттік. Былай шыға Әбігер әрең күмілжи сөйлеп:

– Өз қатынымның жанына өзім отырам, – деп маған жабыса түсті. О жер, бұ жерімнен түртіп-түртіп:

– Қалай, Тоқайдың қызы, мені шынымен сүйесің бе, әлде сүймейсің бе? Маған тиесің бе, әлде тимейсің бе? Неге үндемейсің? Бетінді маған ашып көрсетесің бе өзің? — Ол менің басымдағы шәліге жармасып еді, Әудеш:

– Немене, о заманда, бұл заман жолда бет ашқанды кімнен көріп едің? Өзегің үзіліп бара ма? Құдайдың түні жетеді, асықпа, – деп оның қолын қағып-қағып жіберді..

– Әй, сен осы өз қатынымды өзіме билетпедің-ау, бұл қатынды өзің алып бергендей б-бұлданып б-біттің ғой, – деді

де одан әріге шамасы келмей Әудеш пен екеуіміздің арамызға сылқия құлады.

Ә дегенше біз ауылға да келіп қалдық. Бұл кезде Әудеш те, басқа жігіттер де әбден қызып алған еді.

Келгенімізді ешкімге білдірмей Әбігердің үйі қасынан бет-бетімізге тарауға келіскенмен, бұл ойымыз жүзеге аспай қалды. Жиналып қалған әйелдер бізді тыпыр еткізбей қоршап алды. Мен жаман састым.

– Келін келді, келін келді! Түсіріп, үйге кіргізіңіздер, – деп жатыр Аккыз булыға айқайлап.

– Құтты болсын, қосағымен қоса ағарсын!–деп шуласып қатындар тастай қараңғыда маған қарай ұмтылды.

Екі әйел екі жағымнан қолтықтап қораға қарай сүйрелей жөнелді. «Масқараға енді қалған шығармын». Не істерімді білмей, мөлтендеп қораға да кіре бердім. Сол-ақ екен Әудеш білте шамның жанынан жанай өтіп, отты үрлеп сөндіріп тастады да, жүгіріп келіп менің бүйіріме нұқып қалып:

– Оттық әкеліңдер, оттық. Келінге сақ болындар, келінге, – деп жан ұшыра айқайлады.

– Ойбай-ау, мынасы несі? Маңдайым-ай! – деп жатыр біреулер.

Екі қолымнан қысып ұстаған екі әйел сасқандарынан мені тастай салып, оттық іздеп қалталарын ақтара бастағанда-ақ мен ақырын ғана жылысып, кейін шегініп, манағы Әудеш айтқан қораның тесігінен жып беріп сыртқа шықтым. «Келін қайда, келіннің бір жері жазым болып жүрмесін», – деген дауыстар ғана құлағыма шалынды...

Ертеңіне апам күзеттен келген әкеме:

– Ойбай-ау, сен не білдің, кеше Әбігер мынау көрші ауылдағы Тоқайдың қызын алып қашып келген екен. Әлгі қу қыз шамның сөнгенін пайдаланып, көзбе-көз қашып кетіпті. О несі-ай, қу қыздың, жұртты әбігерге түсіріп? Тастай қараңғыда аулына қалай жетті екен қу бетпақ?» – деп жатыр.

Мен шыдай алмай, мырс етіп күліп жібердім. Шешем сезіктеніп қалды.

Әрине, мен әуелде келін болып түскенімді мойындаған жоқпын. Кейін барып естігенде шешем итсілікпемді шығара ұрысты, ал әкем болса: «Осылай қыз алып қашпаса Әбігер бола ма?» – деп қарқ-қарқ күлді де қойды.

ТОҚСАН ҚАРТ, КӨК АЛТ ЖӘНЕ КӨК ШАНА

Биыл «Қызылтаң» колхозындағы Тоқсан деген қарттың үйіне жатып оқитын болдым. Әлгі кісі менің бойым мен тұр-түсіме карап алып:

– Жарайды, балаңыздың бойы арбаның күпшегінен асады екен. Бір үйдің шаруасын дөңгелетіп әкететін түрі бар. Өзіңнен ешқандай ақы-пұл алмаймын. Ал балаңның аздап мандай терін шығарсам, қиянат жасады деп жүрме, – деп әлгі кісі әкеме тіктене.

– Ештеңе етпейді, оқу деген жерді инемен шұқыған сияқты бір нәрсе ғой. Әйтеуір өзіміз оқымағанмен балалардың алды жарық, көзі ашық болсын деп талап қылып жатырмыз. Шаруаға үйреткеніңізді ағаттық демейміз. Бұлардың жасында өзіміз шаруаның қаққанда қанын, соққанда сөлін шығарған жоқ па едік. Қолдан келгенге аямай сал, – деп әкем кесіп айтты.

Тоқсан қарттың үйіне тез арада етене жақындасып, бойым үйреніп кетті. Өздерінің бала-шағалары болмағандықтан ба, әйтеуір пәлендей қыспаққа ала қойған жоқ. Сонда да келін боп біраз шаруаның басын қайырып, үйренуге тура келді. Таңертеңгілік ертелетіп тұрып алып Тоқсан қарт екеуіміз мал жайлап, отын жарып, су әкеліп, бүкіл шаруаны тындырып қоямыз. Сосын барып сабаққа отырамын. Бұрынғыдай Бақи ағай жоқ. Сабаққа әзірленбесем де кілең бес алу көзімнен балбұл ұшты. Дәптерлерімде үш көбейіп, тіпті екіліктердің де қатары жиілей бастады.

Қаршаның қары қалың түсіп, аяғы ақ түтек боранға ұласты. Тіпті үй мен үйдің арасында қатынаудың өзі қиын. Сондай боранды күндердің бірінде Тоқсан атай зілмауырдай көк жетекті көк шанаға шабдар көк атты жегіп:

– Ал, бала, қазір алты қабат аманның ар жағына өтеміз. Жылы киініп ал. Ағаш құлатуға барамыз. Ең болмаса аттың басын ұстап, дауыстап тұратын бір адам керек. Амандық болса көп ұзамай ораламыз, – деді.

Атайды ауылдағылар «ағаш құдайы» деп атайды екен. Бұл кісі орманға ағаш ұрлауға барғанда бірде-бір орманшы қарсы тұрып, қыр көрсете алмаса керек. Бұл кісі маңайына біреу-міреу жақындаса болды мылтық атып, зәресін зәр түбіне жіберетін көрінеді. Қалың қабақты, кең иықты, жалпақ жауы-

рынды, палуан денелі кісіні алғаш көргенде менің өзім де таңырқай қарап, мына кісі қиссадағы Қобыланды батырдан кем емес шығар деп ойлағанмын.

– Бала, ұрының өзіне лайық сойылы болу керек. Менің серіктерім мынау көк ат, көк шана еш уақытта сыр беріп көрген емес. Елу пұт жүгінді елеп, өкпесін алқынтпайды. Көк шананың шабақтарын қақ қайыңнан қайырып жасатқан едім. Үстіне бір трактордың жүгін салсақ та шыдас береді. Ал енді, Көнектай, бұл жолы сынға түсетін жалғыз сен болып тұрсың. Біз болсақ талай қыспақтан, талай тар жерден сыр бермей келе жатқан үштікіміз.

«Тоңдым, қорықтым» деген сөздерді туғалы ұнатқан адам емеспін. Сондықтан бұл сөздерді мен сенен де естімейтін болайын.

Тоқсан атайдың осы сөздерінен кейін тырс етіп үн шығармауға тырыстым. Көк ат әбден жүріп үйреніп қалған өзінің табан жолынан таяр емес. Ақ түтек боранға карамай желмаядай сар желіп келеді, қалай жүріп, қай жерге бас тірерін өзі де білетін сияқты.

– Ұрлық істеуге, – деді Тоқсан атай маған бұрылып, – осындай боранды-шашынды күндер ыңғайлы. Осы есінде болсын. Әйтеуір реті келгенде сен де бір жерден бір нәрсе ұрлауға баратының анық. Мәселен, мынадай үйшігінен ала қаншық шықпайтын ат түтекте жүрегінің түгі бар әбиәншік те ағаш қоруға шыға алмайды. Мұндайда жүрген ізінді лезде қар көміп, жым-жылас қылып отырған қандай жақсы.

Қанша жер жүріп, аманның қай тұсына келгенімізді білмеймін, бір кезде Тоқсан атай ат басын тежеді. Шанадан түсе қалып, төңіректі бір шолып өтті де:

– Бәсе, дәл төбесінен түскен екенбіз. Кәне, жолдан бұрылып ықтасындау жерге тұрайық, – деп ат-шананы қуыстау жерге апарды.

Сыртына киген тұлыбы мен түлкі тымағын шешіп, шананың үстіне лақтыра-лақтыра салды да, қолына бір тұтқасы қайың, бір тұтқасы темір, шолақтау арасы мен балтасын алып оң жақ қапталға қарай омбылай тартты. Қу қарағайдың түп жағындағы қалың қарды кара байпақты етігімен сүргілеп-сүргілеп жіберіп арасына жармасты. Араның бірі ағаш, біреуінің темірден болуында гәп бар. Бір адам тартатын араның бір жағы темірден болмаса, ара солқылдап, майыса береді»,

– деп Тоқсан атай менің манадан іштей түсінбей тұрған сұрағыма өзі сұрамай-ақ жауап берді. Бұл да мен үшін үлкен жаңалық болды.

Ә дегенше-ақ, ол жуандығы орташа қарағайдың ортасына дейін кесіп алды да уһ деп демін бір алды: «Осы маңда Бәсентин деген пияншік орманшы бар. Өзі жақында келді. Мені ұстап, сыбағамды беруге құмарланып жүрген көрінеді. Көрерміз кімнің кімге сыбаға беретінін». Тізерлей отырған ата буы бұрқырап, сырттай біреуге кіжініп, сес көрсетіп отыр. Шынында одан кім де болса қорқатындай. Түксиген қалың қабағы, шоқша сақалы қырауланып, сестілікке сұстылық қоса түскендей еді.

Боранның біркелкі соққан шуылынан басқа бөгде дыбыс естіле қоймады. Дүлей желмен ширатыла шудаланып, ақ қар үйіліп бетке соғып, мойынға түседі. Тоқсан атай болса ештеңені елемей ағаштың екінші жағын, жел жақ тұсынан шығып алып, бұрқырата кесіп жатыр.

Әлден соң гүрс етіп жерге құлаған қарағайдың даусы төңіректі жаңғырықтырып жіберді. «Ағаштың құлаған даусы алысқа барады, әбиэншіктер мұндайды жақсы сезеді, – деп Тоқсан атай қарағайдың бұтағын қағуға кірісті. – Көнек, сен де жай қарап тұрма. Мынау мен түсірген бұтақтарды сүйреп, былайырақ апарып таста. Бір жерде тұра берсең тоңып қаласың. Ал далада тоңған адамның жылынуы қиын.

Мен де апыл-ғұпыл қимылдап, қарағайдың бұтақтарын сүйрелей бастадым.

Қарағайдың бұтағын түсіріп болған соң Тоқсан атай:

– Көнек, енді сен араның бір жақ құлағын ұста. Сәл демеп отырсаң болды, – деп маған араның ағаш сап жағын ұстата берді.

– Есінде болсын, Көнек, ағаш бұтау, кесу, құлату – үлкен өнер. Осы бастан шаруаға үйрене берген дұрыс, – деп қойып араның аяз қарыған темір сап жағын жалаңаш қолымен тартқанда Тоқсан атай менің тура қолымнан ұстап жұлқылағандай болады.

Қарағайды бес бөлек қылып кестік те шанаға тией бастадық. Сол шақта дәл қасымыздан саңқ етіп мылтық атылды. Сасқанымнан баж ете қалып ем, Тоқсан атай ұрсып тастады. «Тәйт әрі, осыншама қорқып қоянның көжегі болып кеттің бе? Ер жігіт мылтық даусынан қорықпас болар. Атқан керек

болса бізде де мылтық жатқан жоқ па. Кәне, мылтық атқыш әбияншіктің әуселесін көріп алайын». – Ол шанада жатқан қосауыз мылтықгы жұлып алып, көлбей ұстап, шүріппені басып қалды. Гүрс етіп атылған мылтықгың даусынан орман іші жаңғырығып кетті.

Біз тағы да мылтық даусы шығар ма екен деп құлақ тоса тыңдап тұрдық. Бірақ енді мылтықтың даусы шыға қоймады.

– Міне, көрдің бе, әлгі әбиіншіктің қолындағы жалғыз ауызды мылтық болды. Бір рет атқаннан кейін әлі оқтап үлгіре алмай жатыр. Ал ол біздің мылтықты қос ауызды немесе ағаш ұрлаушы екі адам екен деп күмәнсіз ойлайды. Енді ол қалайда бізге жақындап келе алмайды. Мен білсем, ол дәл қазір ағаш ұрлауға топ адам келген екен деп үйіне қарай тепектеп бара жатыр.

Ағашты тиеп алып, жолға шықтық. Көк ат бусанып, манағыдай емес шулан тартып, ауыздағын сүзе өршелене жүріп келеді. Енді байқадым: жануардың аяқтарының бір-біреуі бөренедей, қарға қадала кіреді, салмақ түскен сайын жотадай жайылып жатқан жаясы жайыла түсіп, қорғасыннан құйылған алып бір тұтас дүниені көз алдына елестетеді; көк шананың шабақтары да сақұр-сұқыр етіп ауыр жүкке былқ етер емес; көк ат, көк шана және Тоқсан атайдың қасында мен қара тұлыпқа оранып келе жатқан май айының сары масасындай ғанамын.

Ауыл шетінде Тоқсан атайдың інісі тұратын еді. Сол үйдің қасына келе бергенде тоқтай қалып, екі бөлек кесіндіні түсірді.

– Мына ағаштарды дәл қазір үйіңе алып барып бұтата бер. Шананың ізін кесіп Бэсентиннің келіп қалуы мүмкін. Жолдан әдейі бұрылмай тұрғаным сол. Ал мен осы тартқаннан тартып отырып қаладан бір-ақ шығамын, – деді інісіне.

Атай мені үйдің қасына түсірді де, өзі алты-жеті шақырымдай жердегі аудан орталығына тартып отырды.

Пеш түбіне жылынып отырып Балдай әжейдің құйып берген салмасын рақаттана ішіп отырмын. Бірінші рет ақ түтек боранда атаймен ағаш кесіп келгеніме іштей мәзбін. Әжей осы боранда қалаға кеткен шалының тілегін тілеумен болды.

Арада бірер сағат өткен соң үсті-басы ақыреу, делдиген орақ мұрттарына мұз қатқан, үстінде орманшы киімі бар бір кісі кіріп келді. Сұсты. Мен бізге мылтық атқан орманшы екенін бірден сезе қойдым.

– Шалың қайда, кемпір? Аманның ішінен әлі келген жоқ па? Мүмкін адасып кеткен шығар? – Орманшы мұртын тікірейте Балдай әжеге қатулана қарады.

– Қайдағы шалды, қайдағы аманды айтып тұрсың? – Балдай шешей орманшыға бас салды.

Әуелде екпіндей келген орманшы Балдай шешейдің дүрсе қоя бергенінен сәл де болса қаймығып қалды.

– Тоқсанды ұры деп ұстап, пісіріп жегің келсе, қалаға бар. Пырқорор қайнымыз катты ауырып жатқан соң, кеше түнде-летіп ауданға кеткен. Оның үйіне қонбаса, бөлеміз милисә нәшәндігінің үйінде болар. Ол екі үйде де таба алмасаң райком қайнымыздың үйіне бар, – деп орманшыны суға түскен мысықтай қылды.

– Бәйбіше-ау, мүмкін мен қателескен шығармын, алыстан бір көзім шалғанда Тоқсан атайдың көк атын көрген сияқты едім. Боранда торы да, қара да, ағарып көрінеді ғой, менен қателік болса айып етпеңіз, – деп үйден шыға жөнелді.

– Әже, шынында да жаңағы сот, милиция, прокурор, райкомның бәрі де сіздердің туыстарыңыз бола ма? – дедім Балдай шешейдің айтқандарының анығына жеткім келіп.

– Тәйірі-ай, ондай мықты туыстар болса, біз осылай отырамыз ба? Бірақ оларды біздің шал жақсы таниды. Сосын мына пиәншік орманшыға көрсетіп жатқан қоқан-лоқым ғой. Жаңада келген адам кімнің кімге туыс екенін қайдан біледі, – деп ішек-сілесі қата күлді.

Тоқсан атай түнделетіп жетіп келді. Ол есіктен кіре Балдай шешей:

– Ағашты кімнің үйіне түсірдің? – деді.

– Прқорордың үйіне. Жаңада көшіп келіпті. Сирақтарын жаққаннан бетер болып отыр екен. Томарларды көргенде өлгендері тіріліп келгендей қуаныштарында шек болмады.

– Прқорордың үйіне ағаш апарып па едің бұрын?

– Жоқ. Өткенде милиса начандігі осы кісіні ескер деген-тұғын. Бүгін сол кісінің міндетінен құтылғаным жақсы болды. Керек адам ғой. Енді мықтылардың бәрі біздің қолда. Бәсентин дегендеріңмен бәстессек, екі шайнап бір-ақ жұтамыз, – деп Тоқсан атай көңілдене түсіп, тұлыбы мен тымағын шешіп төрге қарай өте берді. Маған көк атты доғарып, қораға кіргізіп, суытуға қоюды тапсырды.

Ертеңіне таңертеңгілік шай үстінде Тоқсан атай кешегі ағашқа жасаған сапарымызды еске алып біраз күліп алды да:

– Көнек, осы сендерді мектепте арыз жазуға үйрете ме? – деп сұрады.

– Әзірге ондайды үйреткен емес, – дедім мен төмен шұқшия қарап.

– Ал өзің арыз жаза аласың ба?

– Ондай пәлені жазып көрген емеспін. Біздің ауылда Аткелтір деген бригадир бар еді, сол кісі қит етсе болды, арыз жазып, подсот жібертемін деп кім көрінгенге қоқан-лоқы жасаушы еді... Сондай арыз ба?

– Е, онда арыз дегеннен, жалпы хабарың бар болды ғой. Ал мына атаң арызды ауызша айтып отырса, қағазға жорғалатып түсіре аласың ба?

– Түсіре аламын.

– Онда жарадың. Қазір кешегі Бәсентиннің сыртынан арыз жазамыз. Оны ауданның пырқорорына апарып берем. Керек болса тіпті қалаға өзінді ертіп те ала барам. Бір күнгі оқуды артынан жинап аларсың. Сен сияқты балалардың қаланы көріп, заң орындарымен ертерек танысқаны теріс болмайды.

Әжей дастарқанын тезірек жинады, мен дәптер, қаламұш алып Тоқсан атайдың ауызына қарадым. Ол кісі көзін жұмып сәл оланып отырда да, арызды ағызып айта жөнелді:

«Кеше кешкілік мен, яғни «Қызылтаң» колхозының тұрғыны Тоқсан Қартбайұлы ауданда жүргенімде біздің ауыл түбіндегі Бәсентин деген әбиәншик удай мас қалпында біздің үйге баса көктеп кіріп келіп, мылтығын кезеп, пәтерде жатқан Көнек деген бала мен менің Балдай деген бәйбішемді атып тастамақ болған. Өлмелі кәрі кемпірім мен өмірінде мылтық көрмеген жас бала зәрелері кете қорыққандықтан сол арада ес-түстерін білмей талып түскен. Бәсентиннің арақ ішіп алып, біздің үйге келіп, қора-қопсыны тінтіп, ағаш ұрлайсың деп жала жапқаны бұл бір емес. Құрметті аудан пырқороры, кәрттайған шағымызда осындай оспадар орманшыдан әбден өлер болдық. Сондықтан осындай «ұрдажық», телі-тентек, жала-қор орманшыны өкімет тарапынан қатты жазаласаңыздар...».

Мен осындай майы тамған қара қошқыл сөздермен жазылған арызды Тоқсан атай мен Балдай әжейге қайтадан оқып бердім де:

– Ата, арызды өтірік жазуға бола ма? Ол бізді атпақ түгіл атамын деп қорқытқан да жоқ. Тіпті оның қолында ат қамшыдан бөтен нәрсе де болған жоқ, – деп атайға қарадым.

– Әй бала, сен арызды жазуыңды біл. Түбінде сенен біреу осы арыздағы жазылғандар туралы сұрай қалса: «Бір өтірігі жоқ», – деп жауап беретін боласың. Адам жауын жеңіп, мерейінің үстем болуы үшін осындай өтіріктерден тайынбауы керек. Нағыз жігіт адам өтірікті соққанда бет-ауызы шылып етпейтін болуы керек. Солай емес пе, кемпір?

– Иә, Көнек, атаң өте дұрыс айтады. Қайта сен ертең біреу-міреу келіп сұрай қалса, орманшы мас боп келіп тепкінің астына алды де. Ал мен мынау қара саныма түнеугүні қорада ағашқа сүрініп құлағанда түскен көк дақты Бәсентин түсірген жараның ізі деп отырып алам, – деп, Балдай шешей де Тоқсан атайдың өтірігіне өтірік қоса сөйледі.

Тоқсан атай арызды тағы бір қайта тыңдағаннан кейін тегін олжаға кезіккендей ерекше қуанып, бір көтеріліп қалды. Мен болсам Тоқсан атай мен Балдай шешейдің бұзықтық пен жалақорлықтың небір түрінен тайынбайтынына, дұрыс жолдағы қандай адамды да пәле салып басын жойып жібере алатындығына іштей ыза болып жазған арызымды Тоқсан атайдың қолына ұстата бердім.

ҚОС ҚАРА ӨТІЗ

Орта мектепті әупіріммен жүріп тәмамдап, қолды әріге соза алмай, ауылда қалдым. Әр жері шұрқ-шұрқ тесіліп, әбден күнқақты болған тер сіңген қалпағымды шекеме бастыра киіп алып бірер ай көше сенделгеннен кейін үйдегілердің де, түздегілердің де көзіне ақ сүйел болып көріне бастағаным байқалды. Бұдан әрі үйде отыра берудің ретін таба алмай, әкеммен ақылдасып көріп едім, үнемі тұнжырап жүретін, не қуанғанын, не ренжігенін адам баласына сездірмейтін ол бұл жолы маған түйіле қарап, бар ашу-ызасын ақтарып салды:

– Маған неғыл дейсің: оқы дедім – оқымадың, ақыл айтсам, колхоздың Әбулақап жегетін қара өгіздеріндей қиқайып бас бермей мөңкідің. Ертең арбашылар шөп тасуға шығатын көрінеді. Қораның түкпірінде жатқан қыл арқан мен төрт тармақ айырды алып, бригадир Аткелтірге бар. Бұдан артық саған айтар ақылым жоқ.

Әкемнің айтқан сөздерін шешем ұнатпай тыржия тыңдады да, мені жақтап, оған басу айтты.

Баланы орынсыз шырылдатып, табаға салып шыжғыратыны жоқ. Екі аяқтының бәріне қызмет жете бере ме? Қыбырлағанның, жыбырлағанның баршасы бірдей ақ саусақ болып, көкке қарап жүрсе, ертең мынау колхоздың жаман өгіздеріне кім ие болады, анау Аتكелтірлер кіммен жұмыс істейді?

– Кісі баласына оқы дегенде аяғына көк етік киіп алып, танауын шүйіріп, қалпағын жұлдызға ілетіндей көкке қарап сіресіп жүрсін деп ойлай ма екен. Оқыған адамның үйге де, дүзге де берер пайдасы молырақ болмай ма? Балаңды табаға салып шыжғырар мен жоқ, оған бола қыт-қыттап, дызалақтамай-ақ кой.

Әңгіме осымен доғарылды да, мен іштей тас-түйін шешімге келіп Аتكелтір бригадирдің үйіне жөнелдім. Әке-шешем ләм-мим демей, аңырайып тұрып қалды.

Аتكелтір есік алдындағы мама ағашқа байлаулы тұрған Жаманторысын ерттеп жатыр екен, шұғыл келген мені көріп:

– Иә, танауыңды желбіретіп неғып жүрсің мұнда?

– Ертең үлкендермен бірге арба тасуға шығайын деп едім.

– Өз қатарың Алматыға аттанып кеткенде, сен сүмірейіп ауылда неғып қалып қойғансың? Жасыңда ауылдағы қатын-қалаш, қыз-қырқын біткенге сенен артық, сенен жылдам хат таситын пысық жоқ еді, – деп ол бетіме бақшырая қарады.

– Жұрттың бәріне оқу жете бере ме? Сізге де өгіздің басын ұстайтын адамдар керек емес пе? – дедім мен баяғыда өткен оқиғаға ешбір мән бермеген боп.

– Е, мен көрген Көбектің Көнегі болсаң, өзің быттиған шикіл сары, көзің тұздай көк болса, колхоздың өгіздерінің маңайынан асып қайда барасың. – Аتكелтір менің намысыма тие сөйледі. Атын ерттеп болып:

– Жарайды, таңертең ұстахана маңайына кел. Айырыңның сабы ұзын, бас жібің жуан болсын, – деп Жаманторысын шоқтатта жөнелді.

Шілденің бас кезі-тін. Таңертең кештеу тұрып, қолыма айыр ұстап, иығыма сегіз өрім бұзау тіс қамшыны асыра іліп, біртүрлі кежегем кейін тарта ұстахананың алдына келдім. Жұрттың бәрі пар-пар өгізден таңдап алып, арбаларына жегіп те қойыпты. Әредіктеу жерде, ұстахананың алдындағы сары балшық алу үшін қазған бірнеше қазан шұңқырда аяқтарын шал-

шық суға тығып, мамыражай күйіс қайырып тұрған мүйіздері қара шаңырақтай бес-алты өгіз қалған екен. Аتكелтір маған мекерлене, қиқарлана қарап:

– Саған өгіздердің дұрысы да қалмады. Енді мына кәрі лақ-салардың арасынан таңдағаныңды ал. Былайша жалқаулау демесең, соңыра, шанышқақ шыққан кезде, сен бұлардың рақатын көресің, – деді.

Оның қасында тұрған қушеке, сайқымазақ, жасы елулерге келіп қалған Сарыбас деген кісі:

– Көнек, не де болса мынау тұрған қос қара өгізді парлап жек. Мен білсем, бұл өгіздердің терісінен сонаның тұмсығы түгіл, біздің ұшы да өтпейді. Осылардың жас шамасы менімен шамалас болуы керек. Ол жағын осы өгіздердің рақатын көрген Әбулақап біледі, – деп кеңкілдей күлді.

Өзім де осы қос қараны тәуір көрдім. Кеше әкем ұрысқанда мысалға келтіргені – осы өгіздер! Шамасы, менің мінезіммен бұл өгіздердің қандай ұқсастығы барлығын білгім де келді-ау деймін.

Шабындық ауылдан бес-алты шақырымдай жерде еді. Сарыбас ағай жол бастап, шөп басына аттанып кеттік. Мен арбашылардың ең соңына түстім. Қос қара өгізім аяқтарын маң-маң басып, кіші дәреттерін ауылдан шыға бере бастап, жолға ирек салумен бұл шаруаларын жарты шақырымдай жерге дейін жеткізіп, әрең таусып еді. Іле ұлы дәрет сындыруға кірісті. Бірақ бұл шаруаны олар оп-оңай тамамдап, қатар-қатар он шақты кішігірім шөмеле тастап, енді алдыңғы лектен қалмайық дегендей аяқтарын ширағырақ басты.

Менен басқаларының бәрі де колхоздың жұмысында қайнап-піскен, өгіздердің сауырынан талай таспа тілген кәнігі арбашылар. Олардан қалып қоймайын деп, намысқа тырысып бір шөмеленің жанына тоқтай салып, арбаға шөп тией бастадым. Алғашқы екі-үш шөмелені ә дегенше еңсеріп тастағанмен, бұрыннан үйреншікті шаруа болмағандықтан сол екі ортада тер дегенің тұла бойымнан жылға болып ағып жөнелді. Жейдемді, мәйкемді шешіп тастап кірістім.

Жұрт айтқандай, өгіздерімнің тыр десем тұрып, шу десем жүргеніне мазбін. Мана жүрдек деп таңдап алған кейбір өгіздердің шабындық басына келген соң-ақ шанышқақ тиіп, шатақ шығарғандар да жоқ емес. Әбдуар ағай колхоздағы ең атакы Самолет пен Аэроплан деген жүрдек өгіздерді парлап

жегіп, «керемет болады» деп мәз болып еді, шабындық басына келген соң-ақ әлгілері құйрықтарын тік көтере шанышқақтап, бой бермей, арбаларын сүйрете сай-салаға тығылды.

Арба алабын оп-оңай толтырғаныммен одан арғы жұмыстың ыңғайы келмей, болжырай бастағанымды сездім. Манағыдай емес, қос қара өгіздің көзқарасы өзгеріп, құйрықтарын әлсін-әлсін шыбжыңдатып, арбаның алдын сабалауларын жиілете түсті. Шамасы, ыстық күннің жалын лебі бұлардың біздің ұшы өтпес арқаларын да шыжытып бара жатса керек.

Басқа арбашыларға қарасам – арбаларын толтырып болуға жақындатыпты. Күн болса тас төбеге шығып алып шақырайып, күйдіріп барады. Аңқам кеуіп, шөлдеуге айналдым. «Бірінші сапарда осы тиеген шөбімді апарып түсірсем де жарар. Енді демала тұрайын», – деп, екі өгіздің алдына барып жайласып отыра бергенім сол еді, қайдан шыға келгенін білмеймін, арт жағымнан Аткелтір жетіп келіп маған тиісе жөнелді:

– Әй көк көз, қос қараның алдында намаз оқып отырсың ба, әлде екі-үш айыр шөп салғаныңа мәз боп, Қаптауын тескеннен жаман бұлданып отырсың ба? Арбашыға жарыған екенбіз. Әйдә, тұр, арбаңа тағы да он шақты шөмеле сал. Әйтпесе осы арадан қозғалтпаймын.

Амал жоқ, орнымнан тұрып, арбаны жақын жердегі шөмеlege тақап, шөп тиеуге кірістім. Өйтіп-бүйтіп арбамның төрт құлағын жаптым-ау. Аткелтірдің енді қарасы көрінбейді-ау дегенде айырды жерге шаншып, жерге жантая кеттім.

Сарыбас ағай бастаған арбашылар ауылға бет түзеп, қара жолға шыға бастады. Солардың соңынан мен де өгіздерімді жолға түсірдім. Сөйткенше болған жоқ, шөп шөмелелеуде жүрген бір топ қыз-келіншек шуласып, бірін-бірі түртгісіп, арбама жапа-тармағай мініп-мініп алғанда манадан қомпиып әжептәуір қарайып тұрған шөбім шөмейіп, ырдуан арбаның төрт құлағы «мен мұңдалап» шыға келді. Ызадан жарылып кете жаздауға шақ қалдым.

– Шөбімді ортайттыңдар ғой. Қазір бригадирге немді айтам, – деп ашуланып, өзімше бұртиып көріп едім, аузынан небір сайқымазақ сөз сорғалап тұрған Сәния деген келіншек:

– Әй Көнек, «көзі көктің–былшылдаған сөзі көп» деген рас екен. Әлде ақы сұрап тұрсың ба бізден? Керек болса ақысы дайын. Әйтпесе көп тықылдамай мынау өгіздерінді айда, – де-

гені. Енді қос қара өгізді жолға түсіріп, «эй шу, соп-соба-а» деуден басқа амалым қалмады. Мал қорасының жанындағы маяға тақай бергенде, алдымыздан сумаң етіп Аتكелтір шыға келіп маған тағы да тиісті.

– Қос қара өгіздің шарбы майына да татымайды ғой мынау әкелген шөбің. Сен боқ мұрыннан ештеңе шыға қоймас.

– Өзіңіз көрдіңіз ғой, әуелде шөпті арбаның алабынан бірекі метрдей асырып салып едім, мына сумақай келіншектер келгенше езгілеп, бірімен-бірі алысып, жолай шашып бітірген жоқ па? – деп мен де есемді жібермей жатырмын.

– Адыра қал, ей, келіншектер езетін қай жөнді шөбің бар еді? Арбаң әуелде-ақ арбиып, арысы көрініп тұрған, – деп Сәния жанған отқа май тамыза түсті.

– Ендігәрі мұныңды көрмейтін болайын. Шөп тасысаң – дұрыс тасы. Әйтпесе колхоздың өгіздеріне текке ие болма! Аتكелтір бригадиріміз маған бұрынғыдан да шүйліге түсіп, батпандай зіл тастап кетті.

Ертеңіне таңертеңгілік оянсам, күн көтеріліп қалған екен. Жұмыстан кешіккенімді сездім. Денем дел-сал. Ұстахананың алдына келсем, менен бөтен ешкім жоқ. Жалма-жан еш қаперсіз күйіс қайырып, манаурап жатқан қос қара өгізімді жектім де, шабындық басына қарай тарттым.

Ауылдан былай шыға бере жер қозғалмаса қозғалмайды деген қос қарадан ши шықты. Өлгі екеуі неден үркіп, шошынғанын білмеймін, даңғыл жолдан шығып алып, кейін бұра тартып кеп шаба жөнелді. Жолдың сол жақ қапталында ойлықырлы жер, ескі қорым үйлердің орны көп еді. Өлгілер соның үстімен тартты. Менің тыр-тырыма, айғайыма қарайтын олар жоқ. Құлақтарын қайшылап, танауларын пысылдата жөңкіліп келеді. Байқасам, бауырларында сансыз бөгелек андыздай ұшып, шап тұстарына қадала-қадала түседі. Қос қараның әбден есі кетіп, бейне бір бәйге аттарындай енді қос аяқтап шапты. Әкемнің кеше маған «колхоздың Әбулақап жегетін қара өгіздеріндей қикайып бас бермей мөңкідің» дегеніне енді түсіндім. Мен арбаның бір жақ құлағынан мықтап ұстап алып, әлгілерді жетпіс жеті әкелерінен бері қарай сыпыртқаннан басқа еш лаж істей алар емеспін. Өгіздер сол аққан бойда зулап отырып, ауылдың сыртында алқам-салқам жатқан ескі қораның ашық тұрған есігінен қойды да кетті. Абырой болғанда өзім арбадан секіріп түсіп үлгірдім. Ыңқ етіп, түскен

жерімнен тұра алмай біраз жаттым, Әлден соң түрегеп, қораның ішіне кірсем, арбаның төрт бұрышы төрт жаққа шашылып, жаңқа болып жатыр; арысы дәл ортасынан қақ бөлінген, қамыт пен жетек қосқараның мойнында. «Не болды?» – дегендей қос қара үрейлі көздерімен маған тесіле қарайды. Ыза болғаным соншалық, екеуін қамшының астына алып, қорадан айдап алып шығып, тырқыратып қуа жөнелдім. «Біз не жаздық, мықты болсаң, бөгелектерді қамшыла», – дегендей екеуі маған алара қарап, құйын-перен безілдеп барады.

– Алда әкеңнің... әй түбіңнің... мынауың не, ә? Артыма жалт қарасам, Жаманторысын шоқалақтатып Аткалтір жетіп үлгіріпті. Көзі текенің көзіндей аларып, жақ жүндері үрпіп, желкесі күдірейіп кеткен.

– Ағасы, мен мына найсаптардың басына ие бола алмадым, сона дегенің самолеттей қаптап кетіп, содан мынау өгіздер үркіп...

– Самолеттей қаптап деуін...

– Ағасы-ау, мыналардың екпіні мен түгіл танкіні де тапап кетердей болды. Бұларды мен түгіл Зеңгі баба да...

– Жап аузыңды! Зеңгі бабада не әкеңнің құны бар? Сонадан емес, сенің мынау шіп-шикіл сары бетіңнен, бақырайған көздеріңнен үріккен ғой бұл екеуі. – Аткалтір енді жеке басыма тиісуге айналды.

Бұл жерде үнсіз қалуға шыдамым жетпеді. Оның бетіндегі қорасаннан қалған дағын бетіне салық қылу ниетімен:

– Көзі көк, шикіл сарылар түгіл, бетінің қырық шұқырына күніне қырық рет сүрініп, қырық рет құлап жүрген адамдар да жер басып, тірі жүр ғой, – дедім.

– Ой, атаңа нәлет, қыршаңқы. Колхоздың арбасын сындырып, құлпаршасын шығарып, өгіздерін сабап, жұмысты тоқтатқанына қарамай қалай-қалай оттайсың, әй?! Менің қорасанымда не әкеңнің құны бар? Өй, бетімен кеткен, көргенсіз! – Аткалтір атын тебініп, маған жақындай түсті. Одан титтей де сескеніп, жасқанғаным жоқ.

– Байқап сөйлеңіз, ақсақал. Адамды сөккен өзіңіз. Әкемнің ауызына неге тиісесіз? Менің әкемнің аузы сіздің насыбайы сорғалаған ауызыңыздан жаман емес.

– Анау арбаңды жөндет әкеңе, тілің мен жағыңа сүйенбей. Әйтпесе «подсот» кетесің, түсіндің бе? Ертең жұмысқа шық-

пайсың. Екі өгіздің басына ие бола алмаған қу шірік! – Аتكелтір атын тебініп, қораға қарай жөнелді.

Бет-аузым – шаң-топырақ. Әбден берекем кетіп, басым салбырап үйге келе жатырмын. Шынында, жігіт басыммен қос өгізге ие бола алмағаным, оның үстіне колхоздың арбасын қиратқаным іштей ызалымын.

Үйге жақындай бере сыртқы албар есігінің алдында үш аяқты мотоциклдің тұрғанын байқадым. Айыр мен бас жіпті қораға тастап, үйге кіріп келе жатқанымда алдымнан қолында таяғы бар, бір аяғын сәл сылттып басып, бейтаныс кісі шыға келді.

–О, Көбеков Көнек деген ақын жігіт сен боласың ба? Өзіңнің келіп қалғаның, міне, дұрыс болды, – деп жаңағы кісі маған қолын ұсынды.

Көбеков Көнек екенім рас. Бірақ ақын емеспін, арбашымын.

– Е, неге ақын емессің? Аудандық газетте екі-үш өлеңің басылған жоқ па? Бүгінде екі-үш өлеңі баспасөзде жарияланса, өзін ақынмын деп есептеп, кеуде қағатындар көп. Сен қайта кішіпейіл екенсің. Мұның дұрыс, әрине, – деп жатыр әлгі кісі.

– Бұл кісі, танысып қой, аудандық газеттің жауапты хатшысы екен, – деді әкем.

– Көнек інішек, – деді жауапты хатшы, – бізге корректордың көмекшісі керек. Біздіңше, әзірге сенен лайықты адам жоқ сияқты. Сенің ақындық талабың бар. Талап пен талантты ұштай түсуге, қауырсын қанатты қатайтуға редакция дұрыс болады. Кім біледі, ертең ақын немесе белді журналист болып кетерсің. Ал маман журналист болу, ақын-жазушы болу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

«Журналист болып кетерсің, ақын болып кетерсің!». Бүйрегім бүлк ете түсіп, денем шымыр етті. Шынында мектепте оқып жүріп, журналист болсам, ақын болсам деп талай армандағам. Енді мына кісі сол арманымға қол жеткізетін бір биік мұнар тауға қолымен жетелеп шығаратындай көрінді.

– Жарайды, аға, келістім.

– Онда көп тұрмайық. Сен жуынып, таза киімдерінді ки де менімен бірге ауданға жүр. Әзірге біздің үйде жататын боласың.

Сөйткенше болған жоқ, Аتكелтір бригадир де жетіп, менің жаңағы оқиғаларымды айтып маңырай жөнелді.

– Оқасы жоқ, әлі жас қой, арбашылыққа бұғанасы қата қоймаған болар. Кеше арба тасы деген өзім едім. Сынған арбаны өзім дұрыстап жөндеп берермін, – деп әкем Аتكелтірге уәдесін беріп жатыр.

Бұл бала енді редакцияның қызметтері болады. Ақынжанды баланың көңілін қалдырып, меселін қайтармаңыз, – деп аудандық газеттен келген кісі сөзге араласты.

– Осы боқмұрыннан ақындық шығушы ма еді. Редакцияға кім көрінгенді ала бересіңдер, ғой тегі. Бұл қыршаңқыны редакцияға емес, тура милицияға апарып тапсырып, «подсот» жіберіңіз, – деп Аتكелтір әлі сабасына түсер емес.

Біз мотоциклге мініп кетіп бара жатқанда, Аتكелтір Жаманторысының үстінде тұрып:

– Редакциядағылардың бәрі осы сияқты боқмұрындар болса келіскен екенбіз. Бірақ мұндай қыршаңқылар түбінде өзіңе келіп, ақыл айтып, тіпті газетке де жазып, подсот жібертіп жүрер әлі, – деп қалды.

АЛҒАШҚЫ ЖССАЛАР

Корректордың көмекшісі ретінде қызметке кірісіп кеттім. Бұл қызметті ресми түрде «подчитчик» деп атайды екен. Алғашқы күндерден байқағаным, бұл жұмысқа бәлендей ақындықтың, ерекше таланттың қажеті болмай шықты. «Оригинал» деп аталатын қағазға басылған дайын мақалаларды мақамына, нәшіне келтіріп, үтірі мен нүктесіне дейін қалдырмай тақ-түк еткізіп оқып отырсаң болды.

Менің тікелей бастығым – корректор инеліктей катқан, өңі сұп-сұр әйел еді. Ол нүктенің орнына үтір, сұрақ белгісінің орнына леп белгісін айтсаң да, былқ етпейді. Алдындағы газет парағына шұқшиып, өзінше бірдеңелерді түрткілеп жатады. «Балақай, бұл жерге нүкте емес үтір, немесе сұрақ белгісі емес, леп белгісі керек», – деп ең болмаса бір түзету жасаған жан емес. Байқасам, бұл кісі қазақ тілі грамматикасы ережелерінен сырттау қалған, өзінен сауаты көш төмен қызметкер болып шықты. Кейінірек білсем, ол пенсияға шығуға «ұпай» жинап, айы мен күнін санап жүрген аудан орталығындағы бір бастықсымақтың еркетотай бәйбішесі екен.

Біреді айдың ішінде подчитчиктік қана емес, корректорлық жұмысты да ұршықша үйіріп алғаннан кейін, енді жаңағы

бәйбіше маған күнара үйде жатып басшылық жасайтын болды: «Көнекжан, бүгін қонақтар келіп қалып еді, немесе бүгін басымның сақинасы ұстап қалғаны, газетті өзің бірдеңе қыла сал», – дейтінді шығарды. Редакторға бәрібір. Газетте әріп қатесі кетпесе болды. Ол кісінің маған айтқаны: «Жассың ғой, істегенің бізге жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы».

Егін орағының қызу шағы еді. Мені редактор шақырып алып:

– Сен, Көнек жолдас, енді жолға қамдал. Қызметкерлердің бірі шын ауырып, бірі өтірік ауырып, іссапарға шығатын адам да болмай қалды. Шамасы, байқаймын, сенің қолыңнан бірдеңе жазу да келетін сияқты, – деді.

– Барсам – барайын, жазсам – жазайын, – деп келісім бергеніммен, іштей қатты толқуға түстім. Өйткені командировкаға қалай шығып, қалай мақала жазудан хабарым жоқ.

– Онда мынау жақын жердегі «Жеңіс» колхозына барып мақтау мақала жазып кел, түсіндің бе?

– Шаруашылық жаман болса да мақтай берейін бе? – деп күмілжи төмен қарадым.

– Өзің мықтысың ғой. Тіпті қаршадай болып ауданның мандайалды колхозын жамандағың келіп отыр, ә? Ол колхоздың даттайтыны жоқ. Сыпыра мақтап, сыпыра уралатып келесің, түсіндің бе?

Әдеттегіден ежептәуір ерте тұрдым. Айна алдында тұрып қалтамнан іссапар қағазын алып, қайта-қайта оқып жатырмын: «Көбеков Көнек», «Еңбек» газетінің әдеби қызметкері, «Жеңіс» колхозына үш күнге командировкаға жіберіледі».

Осы сөздерді оқыған кезімде өзіме-өзім әбден риза болдым. Төбем көкке екі-ақ елі жетпей қалғандай. Осы куәлік қағазымды Аتكелтірге көрсеткім-ақ келеді. Өзіме-өзім риза болғаным соншалық, айна алдына барып түріме тағы бірер рет назар аудара қарадым. Түрімді қайта-қайта көргендікі ме, енді өзіме көңілім толмай қалды. Қалай толсын? Түріме қарасам аудандық газеттің әдеби қызметкеріне тіпті лайық емеспін. Бет пішінім де, шашым да – сап-сары, көздерім көкпенбек, сопиған басым пісуі келіспеген сары қауын сияқты. «Қой, мені аудандық газеттің қызметкері деп ешкім ойламас та, айтпас та. Мынау сықпытымды көрген колхоз басқармасы маңайына да жолатпас. Ол жақта да Аتكелтір сияқты адыраңбайлар жоқ деймісің».

Бір жағынан іштей мақтанып та қоям. «Мейлі, сықпытымның келіспегенінде, түрімнің жаман болғанында не тұр? Көк көз, шикіл сары жалғыз мен бе? Қайта менің осыншалықты көзге қораш бола тұрып аудандық газеттің қызметкері екенімді білсе, жұрттың бәрі таң қалып, тандайын қағады әлі. «Құдай-ау, мына пәтшағар тумай жатып, толыспай жатып редакцияда қызмет істейтін оқуды қашан оқып тастаған, ә? Өзі бір тума талант болмаса не қылсын?! Мұның үрім-бұтақ, зәузаты мықты болды ғой, – деп басы қатып жүрсін».

Қ-о-ош! Ал колхозға немен бару керек? Мәселе енді осыған тірелді. Редактор бұл жөнінен маған тіс жарып ештеңе демеді. Мен сұрамадым. Аппараттағы кейбір қызметкерлермен ақылдасып көріп едім, олар: «Үлкен жолға шығып, бағынды сына», – дегенді айтқан. Ол кезде автобус деген заттымен жоқ. Әрі ойлап, бері ойлап колхозға Бәкір деген жолдасымның велосипедімен бармақшы болдым.

Бәкір велосипедін беруге келіскенмен, менің әбден ит әуремді шығарып, мазақ қылды:

– Аудандық газеттің қызметкері велосипед мінді дегенді еш жерден естіген емеспін. Одан да өгіз мініп барсаң қайтеді?

– Оқасы жоқ, қайта «редакцияның бір спортшы жігіті келіпті» дейді ауылдағылар.

Ақыры жолға велосипедпен шықтым. Ауданнан шыға бере жүрісім өнген сияқты еді, бес-алты шақырымнан кейін борша-борша боп терлеп, ақ сорпаға түсе бастадым. Құмды жолда велосипед дегенің өзі басқа сор болады екен. Өлдім-талдым дегенде, түс кезінде «Жеңіс» колхозының шетіне тұяғым әрең ілікті.

Ауқымы шағын, көзге қораш көрінетін ауыл екен. Неге екенін білмеймін, колхоз кеңсесіне жақындай бергенде екі аяғымнаң әлі кетіп, буын-буындарым босап, өзімнен өзім қысылып, денем дірілдеп қоя берді. Мұның үстіне бүкіл ауылда бірде-бір адамды танымайтындығым есіме түскенде, көңіліме алаңдық кіріп, әлденеден қуыстанып, жетімсіреуге айналдым. Ғұмырымда журналист ретінде сапарға шығып, кеңсеге кіріп тіл қатып, бір сұрақ беріп көрмеген адамның басындағы халді мен сонда тұңғыш рет өз басымнан өткіздім.

Кеңсе есігінің алдындағы жуан, нән теректің түбінде жастары жер ортасынан асқан үш-төрт адам дабырласа сөйлесіп,

кеу-кеулесіп отыр екен. Сырттан келгенімді байқап қалған болу керек, біреуі:

– Мына келген сарбасты таныдыңдар ма? – деп мен жаққа иек қақты.

– Сарыбастардың қайсысын тани бересің? Бұлардың бәрінде бір ұста соққандай. Көздері көк, өздері шикіл сары болып келмей ме? – деді екіншісі.

– Әй, мәлшік, пелесипед таскайм, пелесипед купим или продаем, может не продаем, – деді үшіншісі маған айқайлап.

Мына кісінің орысшасына еріксіз күлкім келіп, мырс еттім. Осы сәт менің ойыма ауылда айтылған бір әңгіме түсе қалды. Ертеректе бес-алты қазақ бір боталы түйе жегіп, Сарымойын жағынан Қостанай қаласына, Боқырау базарына бара жатады. Олар жол үстіндегі бір ауылға соғып, реті келсе шәй ішіп алмақ боп шеткі үйдің есігінің алдына келіп тоқтай бергенде, қарсы алдарынан орыс шалы шыға береді. Бұлар не айтарын білмей сасқалақтап, аңырып тұрып қалса керек. Шал болса « что, куда» деп сұрақ бере бастайды. Сонда әлгі жолаушылардың арасында тілмаштыққа алып шыққан Бәдік деген кісі бар екен. Бәрі аңтарылып соған қарап: «Кұдай-ау, сенің тілің байланып қалды ма, бірдеңе десейші мына сарыға», – депті. Сонда орысша тіл біледі деген әлгі кісі тұрып: «Сарымойын таскайт, ботақан пускайт, шест шеловек алты адам, один верблюд, бір түйе, шай-самауырын быжыйт», – депті. Әлгі шал мұның бірде-бір сөзіне түсіне алмай, аң-таң болып басын шайқап үйіне кіріп кетеді. Олар: «Мынау итің рұқсат бермеді ғой, әйтпесе біздің Бәдік орысшаның балын тамызып, мүдірмей-ақ айтып еді, дегенмен әлгі орыс орыстығын істеді ғой», – деп ілгері қарай жүре беріпті.

Мына кісінің орысшасы да жаңағы Бәдік шалдың орысшасынан артық емес екен. Қарап тұрмай қыршаңқылығым ұстап:

– Ағай, велосипед не купит, не продайт, – дедім.

– Не дейді мынау. Бұлар бірдеңе десе... майт дегенің коспаса жүре алмайды. Мені келістіріп тұрып... бір боқтады ғой. Кәне, әуселесін көрейін мұның, – деп отырғанның бірі орнынан атып тұрып, маған жетіп келді:

– Әй, балаға тиме – пәлесі жұғар, – деп отырғандардың бірі жүгіріп келіп, арашаға түсті.

«Батырға да жан керек» дегендей, сасқанымнан қазақша сайрап қоя бердім:

– Ағасы, мен велосипед сатпаймын, не продайт дедім емес пе? Өзім командировкаға келе жатырмын.

– Ойпырмау, өзіміздің сарша болдың ғой. Мен сені атасы басқа болып, боқтап жіберген шығар десем...

– Ата сақалың ауызыңа біткенде де осы ұшқалақтығыңды қоймадың-ау, сен, – деп жатыр теректің түбінде отырған бір кісі.

– Сөйтіп жүріп орысша сөйлеуін қоймайтынын қайтерсің мұның, – деді екіншісі.

– Е, дәл осындай қазақ баласын көрген емеспін. Әй, өзің шынында қазақпысың, әлде... – деп әлгі кісі маған шұқшия түсті.

– Қазақпын, газет қызметкерімін. Командировкаға келіп едім.

Анау үшеуі де орындарынан атып-атып тұрды.

– Оу, айналайын, өзіміздің «Еңбек» газетінен екенсің ғой. Енді мынау ағанды келістіріп тұрып газетке шығаратын бол, – деп әлгілер қарқылдай күлісті.

– Шырағым, кеңсеге кіретін болсаң, үсті-басыңды қағып, терінді сүртіп кір. Өзіңнің түрің әбден барлығып кеткен екен, – деді әлгілердің біреуі.

Колхоз партия ұйымының секретары етженді, орта жастарға келген кісі екен. Есіктен шұғыл кіргенімді жақтырмай:

– Әй, мальчик, подожди, пожалоста, – деді.

Партия ұйымы хатшысының мына сөзінен кейін тіпті жүнім жығылып, тұла бойым жидіп, парша-паршам шықты. «Е, қызметкерге ұқсамағаным ғой. Әрине, ұқсамағаным. Әйтпесе газеттің мына деген қызметкеріне «мальчик» дегені не сұмдық. Командировкаға бекер шыққан екенмін. Күлкіге қалмасам игі еді».

Есік алдында біраз тұрып қалдым. «Қой, не де болса қазақша сәлем беріп, кіріп барайын. Тағы да «мальчик, подожди» десе, өзіне тұра бас салайын». Есікті жұлқи ашып ішке кіре бере:

– Ассалаумағалейкум, – дедім дауыстап.

Парторг маған көзін шікірейте тесіле қарап:

– Өзің сәлемді нағыз кәлпелерше бересің ғой. Мен сені көзің тұздай, көкпеңбек болған соң «мальчик» екен десем. Ал, төрлет. Не шаруаң бар? – деп мені місе тұтпаған сыңай танытты.

– Осындай командировкаға келіп едім. Аудандық газетте істейтін едім, – манағыдай емес батылырақ сөйлеп, алға қарай жылжи түстім.

– Ә, аудандық газеттенмін дейсің бе? Кәдімгі өзіміздің «Еңбектенбісің». О, онда жарадың.

Кәне, балақай, қалтаңда редакцияда істейтіндігіңді айғақтайтын документ бар ма? Болса, мына ағаңа көрсетіп қойғаның дұрыс. «Сақтықта қорлық жоқ» деген. Өткенде бір қу бізді тақырға отырғызып кеткен, – деді.

Қалтамдағы іссапар куәлігін суырып алып қолына ұстата бердім. Сол сәт бойымды қуаныш кернеп, өзімді салмақты, салиқалы азаматтар қатарында сезінгендей болдым. Партия ұйымының секретары куәлік қағазымды шүкшия қарап шығып, манағыдай емес, жылы шырай білдіре:

– Тоқта, тоқта, сен «Ақжолдағы» кәдімгі өзіміздің Көбектің Көнегімісің? – деді.

– Иә, дәл айттыңыз. Сіз әкемді танысыз ба? – дедім ойламаған жерде таныс адам табыла кеткеніне қуанып.

– О, танығанда қандай. Баяғыда мен сендердің ауылдарыңда бір жыл есеп қызметінде болып, дүрілдеткенім бар. Сен, шырақ, сонда туып, сенің шілдехананда боза ішіп боздағанымыз да бар. Е, міне, сол Көнек енді редакция қызметкері бола қалыпты. Біз қартаймай, кім қартайсын, – деп әлгі кісі басын сипап, мұрнын укалап біраз тұрды.

– Бастығымыз осы колхоздағы егін орағы мәселелерін мақтап келерсің деп жіберіп еді, – дедім орындыққа жайлап отырып жатып.

– Шаруашылық жай-күйіне қарамай мақтай бересіңдер ме? Мүмкін бізде бәрі де адыра қалып жатқан болар.

Парторгтың мені жақтырмай қалғаны бірден сезіледі.

– Қайдан білейін, редакторымыз сіздің колхозға шаң жуытпай отыр ғой.

– Сіздің бастық пен біздің колхоздың бастығының ымыжымы бір. Сосын мақта демей не айтсын.

– Бүгінше Қожанасыр моласындай үш-төрт қорамызды, жусан-шағыры, ала ботасы аралас шөбімізді көрерсің. Колхоз басқармасы үйде жоқ. Екі-үш күнсіз келмейді. Өзім аралатып, шаруашылықпен таныстырармын, – деп әлгі кісі есікке беттеді. — Ал, Көнек, шырағым, үйге жүр. Дәметкен жеңгеннің қолынан дәм ауыз тиіп кет.

Таңертеңнен бері нәр сызбай, асқазаным «ұлып» тұрған. Парторгтың соңынан ере бердім.

Бұл үйде ешкім көзге түсіп, көріне қоймаған соң, ағамыз мені нән диванға жайғастырды да өзі сыртқа шығып кетті. Сүт пісірімдей уақыт отырдым-ау деймін, әлгі ағайымыздан ешбір хабар сезіле қоймады.

Үй-жиһазға малынып, шиедей жайнап, құлпырып тұр. Небір қалы кілемдерден, алаша-текеметтерден көз сүрінеді. Отыра-отыра ішім пысқан соң, кереует үстінен үлкен бір күс жастықты алып, диванға шалқая жатқаным сол еді, үйге бір ақ құба өңді, етек-жеңі мол, адуынды әйел өзінен-өзі жұлына, долдана кіріп келді де зіркілдей жөнелді: «Үйбай-ау, мынасы кім тағы, қуарған қу шұнақ құдай! Мынаның өзі келсаптай мұрнымен көк тіреп, менің әкемдей шалқайып жатыр ғой, ә? Жаңағы біздің шомытқа не істесем екен? Колхозға сырттан келгендер менің қу маңдайымның сорына айналды ғой. Әй, осы үйдің парторгы қайда? Мынау жатқан сүмелек сарыны кудыртайын».

Дәметкен жеңгеміздің түрі осы болса, шай түгіл құдықтан алып қара су беретін кісі емес. Сасқанымнан жалма-жан басымды жастықтан көтеріп алып, диванға тікемнен отыра қойдым. Жаңағы сөзден кейін кісі береке тауып бір жерде отыра ала ма? Астымнан шеге, табанымнан шыны кіргендей диваннан ұшып тұрып, төр алдында ілулі тұрған суреттерге көз салдым. Жаңағы әйел тағы да кіріп келіп, есіктен басын сұға сөйлеп жөнелді:

– Мынау сұмырайың әлден үйді аралап кеткен бе? Кебежеде тығулы жатқан ақшам да бар еді, соны іліп кетер әлі. Бұл үйге қайбір жетіскен адам келеді дейсің?

Мен екінші терезенің алдына қарай жылжи түстім.

– Сүмелектің көзі қалай тұздай еді. Бетінің сары бояуын тамызып, өзі тіпті тесіле қарайды кісіге. Әй, садис былай, ештемені не карапчи, – деп шаптығып, қайтадан шығып кетті.

Мұндай қысылмаспын. Не де болса амандаспағанымға өкіндім.

Қабырғада тұрған домбыраны алып, ермек қыла тұрайын деп, «Камажайды» тыңқылдата бастағанымда, ішке қарай келе жатқан біреудің аяқ тықыры естілді. Біраздан соң әлгі аяқ тықыры сап басылды. Шамасы, әлгі әйел есік алдында тың

тындап тұрған сияқты. Сөйткенше болған жоқ, ол есіктен басын сұға қарады:

– Ойбай-ау, мына неменің өзі келмей жатып, домбыра үйреніп алған ба? Мұндай сүмелектер қушеке келеді.

Тағы да кейін бұрылып кетіп бара жатып: «Мына көкшешек келгір, әндегіп отырып бірдемені қағып кетпесе жарар еді. Әлгі парторг қайда өзі? Жаны шыққыр ол шомыт мына сүмелекке көк шалап іздеп кетпесе не қылсын».

Қорада дабыр-дұбыр, у-шу шықты.

– Осы сен күнде бір сілімтік, күнде бір көк көз әкелмесең ішкен асың желім бола ма? Бүгін тағы да бір саршаны әкеліп диванға шалқасынан шалжитып жатқызып қойыпсың ғой. Шығар анауынды, үйдегі барлы-жоғымызды сыпырып әкетпей тұрғанда. Кәпірің тым пысық көрінеді. Домбыра шертіп, «Қамажайға» салып отыр тіпті жынымды ұстатып.

Парторг ішек-сілесі қата күлді.

Ой, оңбаған! Қайдағыны айтып оттап отырсың?! Масқараны сен шығардың ғой. «Тіліңе ие бол!» – деп мен саған ылғи қақсамаймын ба? Үйдегі қонақ жігіт, ешқандай келімсек емес. Өзіміздің, кәдімгі Көбектің баласы.

Жеңгей оқыс дауыс шығарып, оғаш сөз айтып салды.

– Не дейді, ойбай?! Мен ендеше ол балаға айтпағаным қалмады. Ой, шұнақ құдай-ай! Енді не болды, масқара-ай, бетім-ай!

– Саған сол керек! Үйге бір кісі келсе, ылғи иттей ырылдап, кісінің етегіне жармаса кетесің. Анада бір осылай украин жігітінің итсілікпесін шығардың. Барып үйдегі баладан кешірім сұра. Әйтпесе ол сені көзінді бозартып газетке шығарады. Аудандық газеттен біздің колхозға тапсырмамен келіпті.

– Не дейді, тіпті бесіктен белі шықпай жатып Көбектің баласы редакцияда қызмет істейтін оқуды қашан оқып тауысқан?

Іштей қуанып қалдым. Дәметкен жеңгей менің іссапарға шығарда айна алдында тұрып ойлаған ойымның дәл үстінен түсті. Мәртебем өсіп, марқайып қалғандаймын.

– «Қолда өскен бұзаудың өгіз болғаны байқалмайды» деген сөз бар емес пе? Біз ол елден кеткелі де жиырма жылдай уақыт болған жоқ па?

Ерлі-зайыптылар қатарласа үйге кіріп келді. Дәметкен жеңгей төрге қарай өтіп:

– Айналайын-ай, мен сені көп келімсектердің бірі шығар деп ойласам, өзіміздің Көбектің баласы екенсің ғой. Кешіре гөр, айналайын. Құдай мені мықтап бір алжастырды. Сенің есімің кім еді әлгі?

– Көнек.

– Иә, иә, Көнек. Дегенмен әлгі өзің бір тыңшылар сияқты шпион болайын деп тұр екенсің. (Шпион дегенді шпион дегеніне мырс етіп күліп жібердім). Манадан бері мен ауызыма ақ ит кіріп, көк ит шығып жүргенде сыр бермей сазарып отыра бердің, ә? Көбектен туа қалғаның көрініп-ақ тұр. Әкең де қара санынан ет кесіп алса үндемейтіннің бірі ғой.

– Апасы-ау, сіз сөйлегенде ініне су кірген суырдай сасқалақтап, апалақтап қалдым емес пе? Жергілікті адам екенін білсін деп қолыма домбыра алып, дыңғырлатсам да түсінбедіңіз.

– Ойбай-ау, мен домбыра да үйреніп қалған кушекенің бірі екен деп... Айналайын, кешір. Тойдан қызық болып қалды қалайда.

– Жарайды, жарайды. Енді көбік сөзіңді көпіртей қоя тұр. Тездетіп шайыңды әкел. Көнек, осы жеңгенді газетке жамандап шығарып, атын бүкіл ауданға бір шығар. Әйтпесе бұл үйге келген қонақтармен жағаласуын қоймайды, – деді парторг ағай.

– Адыра қал, өзіміздің Көбектің Көнегі апасын жазса, мақтап жазады. Өзіміз шілдеханасында болғанда неге қуанып едік. Ал сен қалайда күнде бір келімсекті үйге әкелуінді қоясың. Қоймасаң, айтқаным айтқан, жақсылық күтпе, – деп Дәметкен жеңгей тағы шаптықты.

– Жарайды, жарайды. Дегенмен бір қатты састың. Енді үйге келген кісімен байқап-байқап сөйлесетін болдың.

– Көнек інішек-ау, менің зәрезап болатын да ретім бар. Мына ағаң үйге күнде бір-екі кісі ертіп әкеледі. Бір күні бір апайтөсін алып келіп, араққа тойғызып, әлгіні үйден әрең шығарғанымыз бар. Сосын ғой менің қонақ көрсем төбе шашымның құйқасы шымырлап кететіні.

– Жарайды, ел ішінде телі-тентектер аз емес. Бар, тез шайыңды әкел, қарнымыз ашты, – деп парторг ағай жеңгейге бұйыра сөйледі.

Көп ұзамай кең дастарқан жайылып та қалды. Дәметкен жеңгей сары майын да, сары бауырсағын да әкеліп, алдыма қарай итермелеп, «же-женің» астында қалдырды. Көп ұзамай ағайдың «бірдеңесі» де келіп қалды...

– Ал, Көнек, өзіңмен ойда жоқта тоқайласып, мәре-сәре боп қалдық. Жеңгеңнің бәтуасыз сөздеріне қынба. Кезінде біз әкешешеммен әкей-үкей араласып, тату көрші боп тұрғанбыз. Сенің азамат болып, санатқа қосылғаныңа қуанамыз. Кәне, жолың болсын, өркенің өссін, біз сияқты ағаларыңды ұмытпа, қағып жіберейік мынаны, – деп қырлы стақанның ортасынан асыра арақ ұсынды.

Көзім шарасынан шығып кетті.

– Ағай-ау, мектеп қабырғасынан шыққанымыз жаңада ғой. Мен ауызыма татып алған емеспін мұндайды, – деп без-без еттім.

Қазіргі оныншы бітіру кешінде ата-аналардан қалыспай оқушылар да қылқылдата жұтатын болған жоқ па еді, Көнек-ау?! Мұның болмайды, әлде жаңағы менің көбік, бәтуасыз сөзіме шынымен көңіліңе дық алып қалдың ба?

– Жо-жок, жеңгей, ішпейтін асым еді, сізге титтей де ренжімеймін.

– Сөзді қойып, алып жібер. Жаман қатындар құрлы жоқсың ба? Қызметкер адамның арақ ішпегені не сұмдық? – Дәметкен жеңгей өзінің алдындағы тұрған қырлы стақанға шап берді.

– Иә, Көнек, азамат болғанда арақты аздап қағып жібергеннің еш айыбы жоқ. Біздің ауылда жетінші класта-ақ ауызданған балалар жоқ емес, кәне. – Тәлім ағай да қолындағы стақанды маған ұсынды.

Не керек, Дәметкен жеңгей мен тәлім ағайдың сөзі шымбайыма тиген соң, нар тәуекел деп алғаш рет «бірдеңеге» қол создым. Бастауыш мектепте оқып жүргенде алғаш рет арақ ішкізбек болған шерттік басқармадан құтылып едім, бұл жолы тұтылдым.

Таңертең басым мең-зең. Орнымнан әрең тұрып сыртқа шығуға айналғанымда, көзі-басы ісінген, алқы-талқы боп Дәметкен жеңгей есік алдында отыр екен. Мені көрген соң мұная қарап.

– Көнектай-ау, сенен ұятты болдық. Түнде, жетпегір, желкесі қиылғыр біреу сенің әлгі пелесепетінді ұрлап кетіпті, – деді.

Тұрған жерімнен қозғала алмай, қаттым да қалдым. Біреудің мініп жүрген велосипедін ұрлатып енді жолдасыма не бетімді айтам.

– Оқасы жоқ, басың жас, дүние деген не тәйірі. Қызметкерге пелесепед деген шемішке емес пе, уайымдама, – деп Дәметкен жеңгей басу айтты.

– Оқасы жоқ, ұры табылса хабарлармыз, – ағай да бұған бәлендей мән бере қоймады.

Тәлім ағай екеуіміз шаруашылықты араладық. Ол маған басқарманы, шаруашылық жайын майын тамыздыра жамандаумен болды, оның айтқанын бірін де қалдырмай, қағазыма түртіп алып отырдым. Кетерімде Дәметкен жеңгей де, Тәлім ағай да:

– Қалқам, осы басқарманы қатырып газетке бір шығар. Әбден құтырып болды өзі. Шаруашылықты өз көзіңмен көрдің ғой, – деп қайта-қайта бастырмалата тапсырды.

– Жарайды, редакторымыз рұқсат берсе сын жазармын. Шынында бұл колхоздың мақтайтын түгі де жоқ екенін өзім де көрдім, – деп әлгі кісілермен қоштасып, жолға жаяу шықтым.

Іссапардан келіп жұмысқа шықсам, редакторымыз сырқаттанып, ауруханаға түсіп қалған екен. Сын мақала жазудың орайы келе кетті. «Жеңіс» колхозынан көрген кемшіліктерімнің бірін қалдырмай айтып, газетке үлкен сын мақала жарияладым. Әрине мақаланың жарық көруіне жауапты хатшы Нағым ағайдың зор көмегі тиді.

Ауруханада жатып менің құлаштай сынымды оқыған редакторымыз: «Тұра-тұр, науқасымнан жазылып аман-есен жұмысқа барсам, ісім сол сүмелек саршамен болсын», – деп маған сырттай жұдырығын түйе, тісін қайрап кіжініпті.

Алдымда не күтіп тұрғанын, әрине, мен болжай алмадым. Тіпті кейбіреулерінің зәре-құтымды қашырып, қатты үрейлендіргеніне қарамастан редактордан иненің жасуындай да сескенгенім жоқ. «Тәйірі-ай, ноқталы басқа бір-ақ өлім емес пе? Жалған жазып жағынғанша шындық айтып, шалқақтап жүргенгене жетсін?! Көп болса, елге оралып қос қара өгізімді табармын, сөйтіп қайтадан Аتكелтір бригадирмен тіл табысып, арба айдармын», – деген ой менің санамды еркін билеп алған еді.

Бесінші бөлім *(Сықақ өлеңдер)*

**ТОҚПАҒЫ МЫҚТЫ БОЛСА,
КИІЗ ҚАЗЫҚ ЖЕРТЕ КІРЕДІ**



КІМДІ АЛДАП ЖАТЫРМЫЗ?!

Біз ғой, нетіп жатырмыз,
Иә, мемлекеттік тілге
көшіп жатырмыз.
Шындығын айтсақ,
Он бес жыл көшеміз деп,
Көш бетін бұрып жатырмыз.
«Көшіміз көлікті болсын» деп,
Тіпті көшімізге лайықтап,
Термин жасап жатырмыз.
«Тисе – терекке,
тимесе – бұтаққа» деп,
«Балконды» – қылқима деп,
Тоғытып жатырмыз.
Аудандар мен қалаларда,
Облыстар мен Астанада,
Мемлекеттік тілге бағытталған
Небір байқаулар өткізіп жатырмыз.
Басқа ұлттар мен ұлыстар өкілдерін,
Жұлделермен қарық қып жатырмыз.
Әрбір мекеме мен ұйымда,
Қазақ тілі курстарына,
Миллиондап қаржы бөліп жатырмыз.
Тіл үйренгені мыңнан бір болса да,
Мемлекеттік тілде
Құжат жазғаны нөл болса да,
Қыруар қаржының елекке құйған судай,
Ізсіз кеткенін ескермей жатырмыз.
Қазақша «әу» демейтін балаларға,
Қазақшасы шала «даналарға»,
Үйретіп-ақ жатырмыз.
Тілін «сындырмағандарды»
Қайтадан оқытып жатырмыз.
Қырықтан асқан қырқылжыңдарды,
«Отанды» «атан» деген шөлжыңдарды,
Тілдерін орамалмен қанша бұрсақ та,
«Отан» деп айтқыза алмай жатырмыз.
Қайтейік, қиналып-ақ жатырмыз.
Шаласы бар,
Шамасы бар,

Әр мекемедегі аудармашы арқылы,
Ілдәлдалап күн көріп жатырмыз.
Астанадағы «дөкей» мекемелерде,
Құжаттарды орысша бұрқыратып,
Қазақшаға шала аударып жатырмыз.
Орысшасын тығып қалып,
Қазақшасын жер-жерге лекітіп жатырмыз.
Сөйтіп, қазақ тілін білмейтіндерді емес,
Аудармашыларды терлетіп жатырмыз.
«Мемлекеттік тілге жаппай көштік» деп,
Бөркімізді аспанға атып жатырмыз...

Оу, халайық!
Сонда біз кімді алдап жатырмыз?!

ЖӨН СІЛТЕУ

– Уа, шырағым, жөн айтсам,
Қиғаш деген ауылға,
Жету үшін әуелі,
Қиямет сапар шегесің...
Мынау тұрған иекте,
Буденный мен Зарядан,
Асфальт жолмен заулатып,
Ә, дегенше-ақ өтесің.
Әрмен қарай жүйткітіп,
Молотовқа жетесің,
Зауқың соқса ішуге,
Әр үйінде самогон,
Терлетер адам шекесін,
Қанып алсаң шіркінге,
Қаңтардағы қаһарлы,
Кісіге шабар бурадай,
Айбарланып кетесің.
Одан әрі жүрсеңіз,
Ворошилов арқылы,
Калининнен өтесің,
Өткен кезде абайла,
Ол ауылдың иттері
Шетінен түгел абадан,
Кездескен малды оңаша,

Қасқырдан бетер талаған.
Кәрісі мен жасында,
Адамдар бар «қабаған».
Сырттан келген қонақты,
Күдір желке, көкбеттер,
«Қыздарға көзді салдың», – деп,
Сартылдатып сабаған...
Келген кезде Востокқа,
Ешбір үйге бас сұқпа,
Ашады олар есікті,
Тек дөкей-дөкей бастыққа.
Дөнен қошқар тәрізді,
Адамдары сүзеген,
Жоқты-барды сылтаулап,
Дайын тұрар қастыққа.
Одан әрі жүрсеңіз,
Ленинград арқылы,
Павловкаға барасың,
Көре алмайсың бұл жерден,
Бір мұсылман баласын.
Байқаусызда Ресейге,
Өттім бе, деп қаласың.
Аржағында тиіп тұр,
Минскі менен Кишинев,
Осы арадан көлікке,
Үш есе қымбат бағамен,
Бензин құйып аласың.
Егер құйып алмасаң,
Екі көзің төрт болып,
Орта жолда қаласың.
Әрмен қарай жүрсеңіз,
Қиғашыңа жеткенше,
Борбас, сортаң, тастақтан,
Жол азабын тартасың.
Жаңбыр өтсе себелеп,
Жүре алмай әбден сасасың.
Қыста болса қаһарлы,
Көлігіңді тастай қашасың.
Майкөл, Қоскөл, Теректі,
Ақоба, Құрсай, Шелекті,
Төртқара мен Үштөбе,

Үшсөр, Талды, Қостөбе –
Аты бар да, заты жоқ,
Тоз-тоз ауыл үстімен,
Қиғашқа тура асасың.
Мектеп, монша, клубы жоқ,
Не дүкені, шамы жоқ,
Онға жетер үйі жоқ,
Жас біткеннің бірі жоқ,
Жас сәбидің үні жоқ,
Өлдім-талдым дегенде,
Бір Аллаға тәуба айтып,
Қиғашқа аяқ басасың...
Есіңде болсын, қарағым,
Ол ауылдың адамы:
Арақ татпайды,
Шылым тартпайды.
Қытықтасаң да күлмейді,
Көшеде көп жүрмейді,
Өсек-аянды сүймейді,
Өздері ешкімге тимейді,
Иттері кісіге үрмейді.
Шалы қасындағы кемпірін,
Кемпірі шалын іздейді,
Өйткені көздері көрмейді.
Алматы мен Астанада,
Барымталап байғандарға,
Басыбайлы құл боп жүрген,
Сансыз базарларда,
Арзан пұл боп жүрген,
Байшыкештердің үйлерінде
Бала бағып, күң боп жүрген,
Баларын уайымдап,
Түні бойы,
Кірпіктерін ілмейді.
Ең жасы жетпістен асқан,
Аллаға жалбарынып,
Ажал сұрағаннан,
Басқаны білмейді...

Жөн сілтеудің жөні бар,
Жөніміздің мәні бар.

«ШӨЛБАСАР»

Бұл заманда молдасымақ көп,
Олардың арасында,
«Ускоренный» оқып келген,
Небір «ғұламалардың» дәрісін,
Қауашағына тоқып келген,
Даңғайыр «даналар» көп...
Солардың бірі –
Күйек сақал Көрбасар,
Ол туралы айтылар аңыз көп...
Көрбасар жаназа шығарарда,
Үй иесіне тесіле бір қарап алады,
Іле ымдап шақырып алады.
«Шөлбасарыңды» тездет, – деп,
Бір кесе арақ сұрап алады.
Кеседен ішуінің сыры бар:
Отырған қауым шай ғой деп қалады
– «Шөлбасарымды» ішпесем,
Бүкіл ағзам барлығып,
Дауыс дегенің қарлығып,
Өңеш дегенің бітеліп,
Тіл құрғырың күрмеліп,
Үн құрғырын шықпайды.
Үнім шықпаған соң,
Сөзімді жаназашылар ұқпайды.
Хазірет болсаң да ондайды,
Жаназа шығаруға жуытпайды, – деп,
Айтқан уәждерін нықтайды...
- Молдеке, «шөлбасарды» Алла-тағала,
Қалайша ғана құптайды?
Арақ – арам ас,
Сіздің мұныңыз жарамас, – десе:
– Өй, әкеңнің... – деп бастап,
Әлгінің жеті атасын түгендеп,
Жетпіс жеті ұрпағын боқтайды.
Ауызының сілекейін шұбыртып,
Қалш-қалш етіп, әрең тоқтайды...
Содан шарифатқа көшеді,
Ақыл айтып былайша бөседі:

– Ішпесең болып мас,
Арақ – адал ас,
Арам – айтқан сөзін,
Күнәкәр тап өзін.
Адал асты харам деген,
Сенсің нағыз маубас...

Осындай молдасы бар елде,
Имандылық ешқашан болмас.

АУРУХАНАДА

– Алло-оу-у!.. Аурухана меңгерушісі
Шатыр Шәлкеевичті қосыңызшы!..
– Сәл-пәл тосыңызшы...
– Иә, иә... Шәлкеев мырза тыңдап тұр,
Бірақ сізбен көп сөйлесуге,
Уақытты ақша бұлдап тұр...
– Шәлкеев мырза болсаңыз,
Шырағым, сөзіме құлақ тұр!..
Бұдан бір апта бұрын,
Есімі – Құрым, ата-тегі – Жұрын,
Жол апатына ұшырап,
Сіздерге түсіпті кешқұрым, –
Деп, суыт хабар естіген едік,
Науқастың жағдайын білейік, – деп едік,
Құрымның түр-түсін көрейік, – деп едік...
– Ә, онда аптықпаңыз, саспаңыз,
Ұзынқұлақтан естісеңіз,
Оның бәрі басқа аңыз.
Есіктен кіргізген бойда-ақ,
Сол өлім халіндегі құрымның,
Қисайған ауызын түзегенбіз.
Қан қатқан шашын сыпырып,
Сақал-мұртын күзегенбіз,
Сынған жілігін қиыстырғанбыз,
Жанбас сүйігін жиыстырғанбыз,
Жұлынған құлақтарын жапсырғанбыз,
Он шақты тегін укол салғанбыз,
«Ұсақ-түйегін»

Бір Құдайға тапсырғанбыз...
– О, мың жаса, қарағым!
Құрым ауруханадан шығарда,
Өзінді әдейі іздеп барамын.
– Кел, келіңіз, орнымнан табасыз,
Сіз Құрымның кімі боласыз?..
– Бұдан бір апта бұрын,
Автомобиль апатына түсіп,
Іші кеуіп, жарасы ісіп,
Науқасы жанына батқан,
Екі көзі телміріп,
Дәрігерлерді қарғап жатқан,
Құрымның дәл өзі боламыз...

ЕЙ, БАҒА!..

Баға, баға дегенге,
Екі нөлге ұқсаған,
Көздеріңді ақшитып,
Аңшының аш итіндей,
Тістеріңді ақситып,
Шұбар жылан тәрізді,
Қу басыңды қақшитып,
Талтаң-талтаң етесін.,
Кеше болып бір баға,
Бүгін болып бір баға,
Ертең болып бір баға,
Күнде өзгеріп тұратын,
Тұрлауы жоқ тұрақсыз,
Жезөкшедей сен ғана.
Қарға аунаған түлкідей,
Сылаң қағып, сайқалсып,
Қала менен ауылды,
Айдаһар боп жұтам деп,
Күнде аралап өтесің.
Сәуле жетпес пырақтай,
Зеңбіректегі сұр оқтай,
Батыс пенен Шығысқа,
Бір секөнтте-ақ жетесің.
Біра-ақ күнде құбылып,
Он теңгені жүз қылып,

Жүз теңгені мың қылып,
Ізіңнің артын шаң қылып,
Елдің ішін лаң қылып,
Қанға тойған иттей боп,
Қара шаруа халықты,
Қан жылатып кетесің.
Иномарка тайпалтқан,
Байлар көрсең еліріп,
Сабын жаққан терідей,
Жылпың-жылпың етесің.
Миллиарды барлардан,
«Қолүздігін» дәмәтіп,
Айғыр көрген байталдай,
Шыпжың-шыпжың етесің.
Бүйте берсең түбінде,
Су түбіне кетесің!

БҰЛ КІМ?

Қос анары обадай,
Қос балтыры сабадай,
Қос көпшігі төбедей,
Қос кірпігі жебедей,
Екі қолы білеудей,
Екі аяғы тіреудей,
Екі көзі шырақтай,
Екі құлағы жарғақтай.

Ашық-шашық кіндігі,
Кіндіктің бар түндігі,
Қоңырау соғып барады,
Темір құрсау белдігі.
Сәл төмендеу кіндіктен,
(Бұл сұмдықты кім күткен),
Шортиына жабысып,
Негр отыр жүн түткен.
Бір жігітпен арбасып,
Бір жігітпен дауласып,
Бара жатыр шөлмектің,
Ауызына жармасып.

Аяқ-қолын мың орап,
Алған екен шынжырлап,
Барады өзі лепіріп,
Бос бөшкедей даңғырлап.

Арпыл-тарпыл жүрісі,
Арсы-күрсі күлкісі,
Апыл-ғұпыл қимылы,
Әлем-жәлем түр-түсі.
Алтын тағым төстегі,
Жарқ-жүрк, жарұ-жүрк етеді,
Бір сөз айтса аяғы,
«...эт» пен «...матқа» бітеді.

Қыз ба, жын ба, пері ме? –
Ұқсамайды бәріне...
... ұшыраған бұл «ару»,
Замананың кәріне.

НЕ КӨП?

Не көп?
Колледж көп,
Колледжден институт көп,
Институттан университет көп,
Университеттен академия көп.
Мемлекетке қарайтындарынан,
Жекеменшігі көп.
Не көп?
Заңгер көп,
Заңгер шопырдан көп.
Не көп?
Экономист көп,
Экономист тракторшыдан көп.
Ақысын берсе,
Боқысын шығаратын,
Жекеменшік оқу орындарының
Сан мен сапада шаруасы жоқ.
Бітірген түлектерінің,
Қызметке орналасақанынан,

Базар жағалағандары көп.
Қайран, қор болған дипломдар-ай,
Санақта бар да сапта жоқ.
Не көп?
Қорғаған тақырыбын ұмытатын,
Жалған ғылым докторлары көп.
Жалған ғылым докторларынан,
Ғылымнан әшмөшке хабары жоқ,
Құрметті академиктер көп.
Не көп?
Шала журналшылар көп,
Шала журналшылардан,
Шала жазушылар көп,
Шала жазушылардан,
Шалағай шежірешілер көп,
Шалағай шежірешілерден,
Шалағай мемуаршылар көп.
Бір дипломы бардан,
Екі-үш дипломы барлар көп,
Оқып алған дипломнан,
Сатып алған диплом көп.
Сондықтан,
Сауаттылардан сауатсыздар көп.
Не көп?
Жайраған ауыл көп,
Жайраған ауылдан,
Қалаға тығылған қауым көп.
Не үйі, не күйі жоқ,
Қоғам алдында сыйы жоқ,
Абдыраған адам көп.
Не көп?
Қылмыс пен қылмыскер көп.
Қылмыскердің ішінде,
Түйені түймедей жұтатын,
Сыбайлас жемқорлар көп.
Жең ұшынан жалғасқан,
Демі – пыс-пыс,
Сөзі – пыш-пыш,
Қаптесер парақор көп.
Парақорлардың ішінде,

Кеденшілер мен құқық қорғаушылар,
«Түрлі-түсті» полицейлер көп.
Не көп?
Пайғамбар жасына жеткенше,
Тұла бойынан әл-дәрмен кеткенше,
Ебіл-себіл күн көріп,
Бар денсаулығын сығып беріп,
Алған зейнетақысына өкпелі,
Пұшайман зейнеткер көп.
Қырыю жыл ел басқарып,
Халық үшін бас жарып,
Қосшыларынан зейнетақыны азалып,
Маңдайын тоқпақтап жүрген,
Небір марғасқа басшылар көп.
Бұл нарық заңы ма?
Капитализм заңы ма? –
Қалай десек те,
Тышқан жылғы зейнетақының,
Халық арасындағы «лаңы» көп.

Жоғарыда біз айтқан көпті,
Көпке созғымыз келмейді,
Ал тоқ егерін айтсақ,
Көп азаймай,
Аз көбеймей,
Жағдайымыз түзелмейді.

АУЫЗДАР БАР...

Әрбір сөзін оқтай зұлататын,
Көздегенін мұрттай ұшырып құлататын,
Жүрген жерін ұлардай шулататын,
Оқ ауыз бар.
Тілімен түкті арадай шағатын,
Табаныңмен шоқ басқандай қылатын,
Күліп отрғанды әп-сәтте жылататын,
Шоқ ауыз бар.

Бет-жүзің демей балағаттайтын,
Орысша боқтамаса сөз айтпайтын,

Боктаудан жүрегі шайлықпайтын,
Бок ауыз бар.

Күніне он батпан өсек теретін,
Өсегін таратпаса іші кебетін,
Барған жерін «соғыстырып» кететін,
Жел ауыз бар.

Тоқырау тұсында азып-тозған,
Нарық заманында «топтан озған»,
Арам байлықтан кекірігі азған,
Ток ауыз бар.

Ток ауыздарға күні түсіп жалданған,
«Крутойлардың» уәдесіне сеніп алданған,
Сөйтіп жүріп басыбайлы құлданған,
Аш ауыз бар.

Апыл-ғұпыл асап, апыл-тапыл басатын,
Аңқасы кепсе арақпен шөлін басатын,
Жүзден – құлығы, мыңнан – сұмдығы асатын,
Арам ауыз бар.

Қолындағысынан айырылып қалатын,
«Өгізің бұзаулады» десе қуанып қалатын,
Біз айтқан ауыздарға жем болатын,
Ашық ауыз бар.

Керауыз, кебіс ауыз, көбік ауыз бар,
Ауызтамырлы небір сұм ауыз бар,
Не берсең жұмырына жұқ болмайтын,
Жайын ауыз – жалмауыз бар.

Ауздығы жоқ ауыздарға,
Жайын ауыз – жалмауыздарға, –
Қаныпезер жауыздарға,
Қоғамда қандай ауызбау бар?

ӨЗІ ДЕ ҚУ ЕКЕН...

Ботбайдың жалғыз баласы –
Көзінің ағы мен қарасы,
Төсек тартып жатып қалды,
Іші сіресіп қатып қалды...
– Ойбай-ау, Ботбай!
Жаның жоқ па-әй!
Керіліп қалай жатырсың,
Жалғыздың зары жаныңа батпай.
Жылдам шақырды молданы, – деп,
Ботбайдың әйелі зарлады...
Мола баланы көріп,
Қасы мен қабағын керіп,
Былай деді:
– Шамасы, кіші бесінде,
Қап тауына бара жатқан
Ыбылыс деген жын соққан екен,
Жай емес-ау, шын соққан екен:
Көк тамырдың үшеуі,
Бел тамырдың бесеуі,
Істен шыққан екен...
Ал, бәйбіше, өзің білесің,
Қымбат берсең,
Ілдеге жаратасың,
Болмаса, көп ұзамай,
Баланың бетін,
Құбылаға қаратасың...
Сөйтіп, молдекең,
(Өзі де қу екен),
Баланы келіп үшкірді,
«Еңбегім», – деп қалтасына
Мың долларды түсірді.
Бірақ бала жазылмады,
Енді Ботбайдың әйелі:
«Молда бізді ырситқан екен,
Әуелде дәрігерге бармай,
Бекер қырсыққан екен», –
деп жылап жүр.
Пір тұтқан молданың,

Жетпіс жеті атасының,
Бас-сақалын «дымдап» жүр.

«ӘЙ, БЕЗЗАБАРАЗ...»

*(Сатираның сардары Садықбек Адамбековтің
рухымен сырласу)*

Сатира-әзіл сардары,
Адамбекұлы Садықбек,
Сіздің нұрлы жүзіңді,
Жазушылардың съезінде
Талай-талай көріп ек.
Ығыты келген сәттерде,
Иліп сәлем беріп ек.
Сөздерің зеңбірек оғындай,
«Беззабараздың»* көбіне,
Қақ маңдайдан тиіп ед.
Әрбір сөзің біз үшін,
Жанымызға серік ед.
Сөзің түгіл өзіңе,
Қыз-келіншектер «жерік» ед.
«Қожанасыр қақпасын»,
Қақпай ішке кірдің де,
Бастап кеттің кідірмей,
Усойқы тілді топ басын.
Қарасөзбен-ақ бердің сен,
«Беззабараздар» жазасын.
«Көсенің көзін» көргенде,
Оған да бұрдың ат басын.
Сын садағын қадасаң,
Көк күркіреп, жер тітіреп,
Қылмыскерлер қалатын,
Кезіктіргендей қазасын.
Қасқыр ауыз сұмдарды,
Түлкі құйрық қуларды,
Сынаған сайын көбейді,
Өзіңді жебер жақтасың.
«Беззабараздар» сасқаннан,
Таба алмай жүрді ықтасын.

«Аюбайдың ажалын»,
Сахнадан көрді халайық,
Кейіпкерлердің көбісі,
Нақ «беззабаразға» лайық.
Жас иіс көрсе Аюбай,
Қалса да жасы ұлғайып,
Іннен шыққан аюдай,
Кетеді екен тыңайып.
Аюбайды атқан Зибаштың
Еркек көрсе қозады,
Жеті басты нәпсісі.
Кәлмен деген күйеуі,
Өз әйелін өзгенің,
Қойнына өзі жатқызған,
Еш намысы жоқ кісі.
«Атылған қыз туралы...»
Сатирада ең тұңғыш,
Роман жазған өзіңіз.
Мысық көрген иттердей,
Қыздар көрсе құтырған,
Арақ көрсе жұтынып,
Сілекейі шұбырған,
Сыбандай шала молданы,
Сыбап жүрміз әлі біз.
Әуірімдеп құтылды-ау,
Тұзағынан Сыбанның,
Айнаштай ең ару қыз.
Жаманқара, Тасбике,
Жайында айтсақ хикая,
Таусылмайды сөзіміз.
«Алтын табақтағы жыланда»
Алаяқтар өріп жүр,
Қызылмолда емші боп,
Ел аралап талайды,
Сүлік болып сорып жүр.
Қарақатын қақшиып,
Екі көзі бақшиып,
Қайтсем тиіп алам деп,
Баласындай жігітке,
Қасқыр қақпан құрып жүр.

Милициясы тағы бар,
Оңай олжа табам деп,
Төңірегін торып жүр.
Қайсыбірін айтайық,
Қай шығармаңда болса да,
«Беззабараздар» толып жүр,
Бір-бірімен жауласып,
Жағаласып, дауласып,
Бір-бірімен айтысып,
Бір-бірімен атысып,
Бірін-бірі қуып жүр...
Әй... «беззабараз», «беззабараз»,
Реті келіп сөз еттік,
«Беззабараздарды» біз біраз.

Беззабараз* «Алтын табақтағы жылан» пьесасындағы – Ақтайлак деген кейіпкердің жиі айтатын сөзі.

ЖАЛҒАНДА ІСІМ БІТЕР МЕ?

(Махамбетше)

Аха-у-у, жалған, сұм жалған,
Көңілім саған мың қалған,
Енді саған айтарым,
Алды-артымды ойламай,
Көз майымды тауысып,
Оқу оқып сорламай,
Әр күнімді тойламай,
Табиғат берген ажардың,
Аяқ қолын байламай,
Доллары көп байларды,
Жайлау етіп жайламай,
Төрт бұрышын жаһанның,
Шалқып-тасып шарламай,
Автобустың ішінде,
Орын үшін таласып,
Қарияларды қорламай,
Аңдып жүріп мастардың,
Сотывыйын ұрламай,
Жалғанда ісім бітер ме?

Ақшасы көп, ақылы аз,
Тиіп алып бір шалға,
Ауызын буып аштырмай,
Аяғын қия бастырмай,
«Алжыдың, – деп, – албасты»,
Жындыханаға тапсырмай,
Баласы болса пәле сап,
«Зорлады, – деп, – тал-түсте»,
Тас түрмеге жаптырмай,
Бүкіл туыс-туғанды,
Қабағыммен өргізіп,
Иегіммен жусатып,
Аяғыма жықтырмай,
«Ақшамды ұрлап алдың», – деп,
Көршілерді састырмай,
Бөріктіні ықтырмай,
Жаулықтыны бұқтырмай,
Жалғанда ісім бітер ме?..

Кәретені үйреніп,
Қыздарды соғып оңдырмай,
Жігіттердің тістерін,
Түп-түгел етіп сындырмай,
Күндес болған әйелдің,
Төбе шашын жұлдырмай,
Жолымды кескен жан болса,
Ішке теуіп талдырмай,
Көзі түскен жігіттің,
Көзінің құртын қандырмай,
Үйге әкеліп әлгіге,
Қызмет етіп болдырмай,
Арақ ішіп шелектеп,
Бір тамшысын қалдырмай,
Ерегескен дұшпанның,
Үйін өртеп жандырмай,
Аха-а-у, жалған өзіме,
Бір коттедж салдырмай,
Жалғанда ісім бітер ме?..

ҚАРА СИЫРЫН ҚАРТҚА ҰТТЫРЫП

Соңғы кезде кейбір елді мекендерде қартқа ақша және мал салып ойнау етек алып барады. Тіпті алыстағы ауылдарға сырттан, «алаяқ қартшылардың» барып, тегін олжаларға батып жатқаны жиі кездесіп жүр. (Ауызша айтылған әңгімеден).

Қитан қарт тартып отыр,
Бүгін «трынкадан» қолы жүріп,
Мәртебесі басқалардан артып отыр.
Ал көршісі Шиқанға,
Бұл қарт әбден батып отыр.
Батпай қайтсін шынбайына,
Кеше туған қозыларын салып отыр.
Бақырдың да қолы қырын кетті,
Сирағы сидиғанша ұтылып,
Көзіне ұйқы толып, талып отыр.
«Кеше туған қозыны неге саласың?» – деп
Шиқанды тілімен шалып отыр.
Ол да берісер жау емес,
«Есесін кейін толтырам», – деп
Шиқанды тілімен шалып отыр.
Құндыз бөркін ұтқызған Бөрібай,
«Ертең басыма не кием», – деп
Қитанға қарап налып отыр.
Қитан болса «қартта туыстық жоқ», – деп
Жүздері бал-бұл жанып отыр.
Жұрынның да жолы болмады,
Бір айлығынан бір сағатта айырылып,
Қитанға көңілі әбден қалып отыр...
Сонымен бәрін «қырған» Қитан
Өз үйінде көңілі тасып отыр.
Үш түнде ұтып алған ақшасын,
Әйелінің алдына кеп шашып отыр...
...Бірақ Қитанның қуанышы ұзаққа бармады.
Бүгін енді өзі сасып отыр.
Жалғыз қара сиырын қартқа ұттырып,
Өз үйінен өзі қашып отыр.

Балалары, ақсыз қалған әйелі,
Шашын жұлып, гөй-гөйге басып отыр...

Ау, ағайын, ағайын,
Демесең тозып, азайын,
Құлақ салып тыңдасаң,
Сөзімді айтам тағайын:
Әуес болсаң қартпенен,
Қарттан болар сазайың...

ҚОЙҒА ТОЙМАҒАН БӨРІ ЕКЕН

Бір дөкей құрылыс кәсіпорнына,
Тырқымбай деген бастық болды.
Келе сала ұжым қызметкерлерін,
Таскаяқтай қағыстырып,
Жасағаны жамандық пен қастық болды.
Қаңтардағы бурадай тістерін қайраған,
Отқа тасталған талақтай тасырайған,
Бастықты көрген қарамағындағылар,
Бөрі тиген қойдай жапырылып,
Жатып жастық, иіліп төсек болды.
Сонда да кекіреге тойған текедей,
Кекірейіп ешкімді де көзіне ілмеді.
Арада біраз уақыт өтсе де,
Басқасы түгіл,
Орынбасарларының аты-жөнін білмеді,
Білмегені былай тұрсын, білгісі келмеді.
«Бақсақ, бақа екен», – дегендей,
Оның ішкі есебі бар екен.
Соңынан сүметіліп ере жүретін,
Жетекшіл бозтайлақтай,
«Ғұлама кадрлары» бар екен...
Көп ұзамай әлгі ұжымда
Кадрлық сапырылыс басталып кетті,
Біреулер жүнжіп, біреулер жылап кетті.
Өжеттері: «Көріңде өкіргір», – деп
Тырқымбайды қарғап-сілеп кетті.
Жыртыңбай, Тыртыңбай, Бұртыңбайлар
Бастықтың орынбасарлық тағын алды.

Жырқымбай, Мұртыңбай,
Ұртыңбай, Қырқымбай деген «бозтайлақтар»,
Бөлім меңгерушілігіне тағайындалды.
Сәрсенкүл, Бейсенкүл, Бергенкүлдар –
Қырықтан асқан қыркылжындар,
Тәжірибесі аз, үндемес «қыздар» мен «ұлдар»,
Отырған жылы орындарында қалды.
... Тырқымбай қанша тырысса да,
«Бозтайлақтарын» тілдеп, ұрысса да,
Құрылыс жұмысы ілгері баспады.
Қайта күннен-күнге кері кете бастады.
Тақтайы табылса шегесі жоқ,
Цементі табылса құмы жоқ,
Шыр-пыр болып прорабы жүгіргенмен,
Терезе салатын шынысы жоқ...
... Құрылыстың жүрмей тоқтап қалғаны
Тырекең қаржы біткенді офшорға жасырыпты,
Сөйтіп, өзі бір түнде шетел асыпты.

Тырқымбай тістегенін ауызынан шығармайтын,
Ұстағанын қолынан шығармайтын,
Емінген жалмауыздың бірі екен,
Тоқ етерін айтсақ,
Қойға тоймайтын бөрі екен.

Мысал

ГҮЛ ЖӘНЕ ЖЕЛ

(Аңыз ізімен)

Шілденің шіліңгір аптабы,
Жер бетін қуырып, қақтады.
Кенеттен Жел соғып маңайды,
Рахатқа құндақтап тастады.

Кең дала – иранбақ төсінде,
Гүл тұрды Жел-саумал көшінде.
Жел желпіп Гүл шашты жұпарын,
Шілденің тымырық кешінде.

Гүл мен Жел бір-бірін аймалап,
Тұрғанда елтіді бар аймақ.
Қос ғашық армансыз сүйісті,
Жапанды өздері жайлап ап.

Гүл Желге уәж айтты: «Сүй мені,
Сүй мені, мың қайта сүй мені.
Самал боп ләззатқа бөледің,
Енді сен Дауыл боп сүй мені».

Жел айтты: «Сүймеймін Дауыл боп,
Дауыл боп сүюге құқым жоқ.
Сүйсем мен егер де Дауыл боп,
Жағдайың қалады қиын боп.

Гүл айтты: «Қорықпа Дауылдан,
Дауылың күшті емес Жауыннан.
Сүй мені бар күшпен Дауыл боп,
Арманым – бір шығу құмардан».

Ендеше ренжіме сен маған,
Дауыл боп соғамын мен саған...
Гүл шіркін құшағын ашқанша,
Сол сәтте шықты үні морт сынған.

Тұрам деп Гүл шіркін жұлқынды,
Сілкінді, қылқынды, бұлқынды.
Гүл ұшып Дауылмен жоқ болды,
Сол сәтте-ақ басылып, Жел тынды.

Таразылап ісінді,
Білектегі күшінді,
Ашкөзденбе жалақтап,
Тия білгін нәпсінді.

ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР ДАНАСЫ

(Сейіт Кенжеахметовтің 70 жылдық мерейтойында оқылған)

Сын-сықақ отауында,
Асқардың туған немересі.
Оспанханның туған інісі,
Қажығайдың түйедей құрдасы.
Көпеннің туған ағасы,
Торғайдың төл тумасы,
Қазақтың біртуар данасы,
Кенжеахметтің баласы,
Жетпіс жасқа келгенше,
Шалқайып шылым тартпаған.
Еңкейіп насыбай атпаған,
Арақ-шараптан татпаған,
Сын-сықақ десе төсегіне,
Апталап, айлап жатпаған,
Бір басында қазақтың,
Салт-дәстүрлері қаптаған.
Айдай ару қыздарға,
Оқта-текте болмаса,
(Тұрсыннан рұқсат болмаса),
Кірпігі мен қасын қақпаған.
Бармаса да Меккеге,
Шешесін үш рет арқалап,
Анасының ақ сүтін ақтаған.
Жамандық көрсе шыдамай,
«Алтыатарын» оқтаған.
Жақсылық көрсе шаттанып,
Жарқыл қағып жақтаған.
Көрсе де талай қиындық,
Сабырлылығын сақтаған.
Періштедей пәктігі –
Адам емес кісінің,
Ала жібін аттаған,
Мен Сейітпен мақтанам.

Алтыншы бөлім

Лебіздер

**ӨЗІҢ ЖҮЗ ЖАСАСАҢ
СӨЗІҢ МЫҢ ЖАСАСЫҢ**



* * *

Құрметті Ғұмар Ғарифұлы!

Ана тіліміздің мәртебесін арттыруға үлкен жанашырлықпен атсалысып жүрген қайраткерлік қызметіңіз үшін шынайы алғысымды білдіре отырып, Сізге зор денсаулық, өміріңізге бақыт пен игіліктер тілеймін.

Н.Ә.Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті
Қараша, 2013 жыл.

МӘСКЕУДЕН СӘЛЕМ ХАТ

Ғұмаржан! Хатыңыз бен сәлемдемеңіз бізге келіп жетті. Сіздердің маған деген ықыластарыңыз қарт аталарыңның жүрегін жібітіп, тағы бір қуанышқа бөлеп, жаңа жігер қосты. Сол үшін шын жүректен алғысымды жолдаймын!

Қостанай облысы мен үшін шын аса қымбат. Басқасын айтпағанда, оның бір басты себебі, мен 1927 жылы Ташкенттегі Қазақ орман шаруашылығы техникумын бітіргеннен кейін тұңғыш қызметімді Қостанай облысындағы Михайлов орман шаруашылығы бастығының бірінші көмекшілігінен бастадым. Сонда Қостанайдың елімен, жерімен, оның Амангелді, Әліби, Ыбырай сияқты әйгілі перзенттерімен кеңірек таныстым.

Қостанайдың Отанның игілігіне қосқан үлестері аз емес. Халық Қазақстанның миллиардын сағынып қалды. Биыл сол миллиардты күтуде. Қостанай облысының қосары арта берсін, шырақтарым!

Хатың арқылы сенімен, Ғұмаржан, танысып, сенің творчестволық жұмысқа қабілетің бар екені қатты-қатты қуантты. Көп жаса, балам, халыққа барынды аянбай бере бер, адамға одан артық бақыт жоқ.

Сізге, үй ішіне, құрметті жерлестерге, біздерден жалынды коммунистік сәлем.

Нұртас Ондасынов
Москва қаласы, Гвардейская көшесі, 1, 20 пәтер

* * *

«...Ғ.Ахметчиннің Әбігер есімді мақтаншақ, даңғаза кейіпкері бар. «Әбігер аға, сіздің етігіңізден су өте ме, өтпей ме?» десе, ол: «Әрине, өтпейді, нанбасаң міне, көр» деп тізеден келетін суды кешіп жүріп алады екен. Артынан оңашалау, тасалау жерге барып малмандай болған шұлғауын сығып алып жатқанының үстінен түссең, «мана таңертең осы су қалпында киіп алып едім» деп жеңістік бермейтін көрінеді.

Кейде оған «Әбігер аға, сіздің қолыңыз отқа күйе ме, күймей ме?» десе «е... неге күйеді, күймейді. Нанбасаңдар міне көріндер деп жанып тұрған отқа қолын жүгірітіп-жүгіртіп алады екен. Жалаңдаған от Әбекенің қолын күлдіретіп күйдіріп кетеді. Сонда да ол «күйген мұндай болмайды» деп бой бермейтін көрінеді.

Осыны оқығанда қаттырақ күлеміз. Денсаулыққа зиянды, ақымақтық мертікке, өтірікшілдікке ызаланып, ашуланыңқырап күлеміз. Әрі оның «етігімнен су өтеді», «отқа қолым күйеді» деп айтқаннан гөрі, тоңып қалуға, күйіп өлуге бар намысқойлығына ішіміз жылып, аяушылықпен күлеміз...»

**Темірбек Қожакеев,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, сыншы**

* * *

Ғұмар інім! Қостанайдың белді азаматтарының бірі екенсің, аман бол, табысты бол! Тағы да жақсылықпен кездесуге жазсын!

**Шота Уәлихан,
архитектор, Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
22.07.2003, Қостанай қаласы**

ҒҰМЫРЛЫҚ ДОСЫМ, ҒҰМАР! немесе сырласу хат

Қадірлі досым, Ғұмар!

Кеше өзіңмен телефон арқылы тілдескеннен кейін осы хатты жазуға отырдым. Сөйтсе сен де аға жасы – алпысқа толғалы тұр екенсін ғой. Сынаптай сырғыған заман-ай десеңші! Содан ертеңгі күнге – ер жетуге асыққан балалық шақ ойға оралды. Бәрі де күні кеше сияқты еді... Онда біз Әуликөл қазақ орта мектебінде оқитынбыз. Ол Шоқан атындағы мектеп болатын. Біз оныншы сыныпта оқып жүргенде Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер ақталып, олардың бір томдықтары жарыққа шыққан. Бұл кісілердің есімдерін бұрындары да еміс-еміс еститінбіз. Бейімбетті жерлесіміз болған соң, ал Сәкеннің «Бұрабайын» кейбір ел ішіндегі әнші жыр-шылардың аузынан естуші едік. Әрине, олар әннің кімдікі екенін айтпайтын, оның себеп-сырын кейін білдік қой. Соның алдында ғана Қасым Аманжоловтың 3 томдығы шығып, аудандық кітапханаға кезекке жазылып оқып, естен тана таңданып, тамсанып, кейбір өлеңдерін өзіміз пайдаланып, ғашық қыздарға үшбу хатқа қосып жіберген де кездеріміз болған. Міне, сөйтіп, сіз бен біз өлеңмен «ауырып», өзіміз де жыр жаза бастап едік қой. Иә, әдебиетке әуестігіміз солай, сол 1958 – 1959 жылдары басталған болатын.

Әрине, алпыс деген аз жас емес. Өткен өмір жолын оймен шолсақ, талай тағдырды бастан кешіппіз-ау, досым. Өлеңге ғашықтық ғұмырымыздың – болашағымыздың бағдарын тауып, арманымызға жетуімізге жебеуші болғаны да ақиқат. Оныншыны бітіре салып, сен арман қуып Алматыға аттана алмадың. Жоқ-жұқана тіршілік қол байлады. Ертелетіп еңбекке араластың. Сөзді сүюіміз сіз бен бізді журналистика ауылына алып келді. Сен аудандық газетке, мен «Лениншіл жасқа» қызметке тұрдық. Міне, содан бергі өткен қырық жылдан астам уақыт қазақ баспасөзіне арналды. Құдайға шүкір, газеттегі қызмет біздің адам танып, өмір құбылыстарын, заман сырын, мезгіл тынысын тез ұғып, қатардағы азамат болып қалыптасуымызға зор ықпалын тигізді. Сен кейін Қостанай облыстық газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редакторы қызметтерін атқарып та зор абырой-

ға бөлендің. Есімің сол өңірдің: Қостанай, Торғай аймағының ел- жұртына кеңінен танылды. Бұл журналистика саласындағы еңбегіңнің арқасы.

Сондай-ақ, сол жылдар сенің сатирик-жазушы ретінде қалымыңның төселіп, танылуына себепші болғаны сөзсіз. Сен жазған фельетондар, сықақ әңгімелер, бір Қостанай емес, Алматыдан шығатын республикалық газет-журналдарда да жариялана бастаған кездер есте. «Арада», «Лениншіл жаста», «Қазақ әдебиетінде», бір қатар еңбектерің жарық көрді. «Жалын» баспасынан әр жылдары «Қолды болған қораз», «Көзілдіріктің кесірі», «Көзі сынық тебен» аталатын үш бірдей сықақ әңгімелер жинағын жарық көрді. Той қарсаңында – алпысыңның алдында «Елорда» баспасы жаңа бір кітабыңды жұртшылыққа ұсыныпты. Жазушылар одағына мүшесің. Тіпті соңғы съезде басқарма мүшесі болып та сайландың ғой. Мұның бәрі сенің әдебиеттегі еңбегіңнің жемісі.

Әлбетте, жасы алпысқа толған жазушының бар-жоғы төрт-ақ кітап шығарғаны бір есептен аздау сияқты. Алайда мәселе санда емес, сапада ғой. Сондықтан боратып жазып, бұрқыратып кітап шығара алмадың деп өкінбегенің жөн-ау деймін. Сенің жазған әңгімелерің мезгілдің мінезін, уақыттың тынысын, адамдардың қилы-қилы қылықтарын тосыннан танытқан, сүбелі сөзге қаныққан шырайлы шығармалар санатында. Сенің ел ауызына ілігіп, бедел-абыройға бөленуің соның жарқын көрінісі екендігі күмәнсіз. Мен сенің «Көзілдіріктің кесірі» деген әңгіменді өте сүйсініп оқып едім. Баяғы 100 қойдан 150–200 қозы алып, ұжым басшыларының да жалған абыройға ие болған жылдарының сұрқай суреттері осы бір әңгімеде сондай керемет сипатталушы еді, талайлардың басына таяқ болып тиген сондай кезеңдердің келеңсіз іс-әрекеттерін әзіл-әжуаға айналдыруыңның ақиқат айнасы болғаны рас.

Қоғамда орын алған керенау, кертартпа әдетті әжуалаған тағы бір әңгіменің аты «Қолды болған қораз». Шырқыратып шындықты жазуға, ақиқатын айтуға ұмтылуға тиіс жас журналист керісінше әрекетке көшеді. Болмашы мысалды тіліне тиек, фельетонына желі етіп, түйені түгімен жұтып жатқан жемқорларды әшкерелеудің орнына құс фермасының күзетшісі қымқырған бір этешті әңгімесіне арқау етіп, абыройын асырмақшы болған журналистің теріс мінезін, жасынан ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп, оңай атын шыға-

руға ұмтылған қылығын ұрымтал жерін тауып жазушы Ғұмар Ахметчин жақсы жазған.

Сол сияқты «Көзі сынық тебен» деген әңгімең де ерекше есте қалыпты. Сараңдықтың сырын ашқан, табиғатын танытқан осынау әңгімеңде сен баласына әкесінің қанынан жұққан осы жағымсыз мінез-құлқын ғажап суреттеп шыққаның. Үйге келген құдайы қонағына берген ас-суының қарымтасын қалай қайтарарын білмей қабағы қарс жабылған әкесін баласы бірден түсіне қояды да, амалын да өзі табады. Жүгіріп келіп мейманға сандық түбінде жатқан көзі сынық тебенді көрсетіп, көрімдік сұрайды. Сөйтіп, ұялмаған бала ұятты кісіден біршама теңге алып тынады.

Сөйтіп осы мысалдар арқылы сенің аз жазсаң да саз жазатыныңды айтып отырмын. Жалпы, сенің әңгімелерің эстрада-сахнада оқу үшін жазылмаған сыңайлы. Оның сырына үңіле, ой жүгірте оқыған оқырман қауымның көз жеткізуі оңай. Сенің әңгімелеріңдегі сыни сипат күлкілі сөздер емес, күйдіргі іс-әрекеттер арқылы ашыла түседі. Мұны іштен шалып, шалқасынан түсіруге теңеген жөн сияқты. Негізгі кейіпкердің образын ойы арқылы, теріс іс-әрекетті, шалқес-шалдуар, мерез мінезі арқылы кейде суреттеп, кейде баяндап көп нәрсенің басын ашуға сондай шеберсің. Оны оқыған оқырман күлудің орнына күйінеді, жымиюдың орнына жиренеді. Сықақ әңгіменің сыр-сипаты да осындай әсерінде, ойынды қозғап, жаманнан жирендіріп, жақсыға сүйсіндіре білуінде болса керек.

Жә, жазушылығың туралы терең толғаныс, сыни сараптама болмаса да, біраз әңгіменің басын қайырған сияқтымын. Түйіп айтсам, сенің сол жылдары жазылған, жарияланған сықақ әңгімелеріңнің тақырыбы да, мән-мазмұны да әлі күнге күшін жоймаған, өмірден өшпеген уақытпен үндескен шынайы шығармалар.

Досым Ғұмар!

Анау айтқандай, атақты жазушы атанбсаң да, қатарыңнан кем қалмай, құдай берген қабілетіңді туған әдебиетімізге арнаған арлы, абыройлы қаламгерсің. Әркім шамасына қарай шабады. Сенің әдебиет көшінде озып та кетпей, қалып та қоймай, өзіңе лайық орның бар қаламгер екеніне шүкіршілік етемін. Алпыс – адам өмірінің биік белесі. Осы жылдардың бекерге өтпегені белгілі. Шығармашылық жұмысқа шабандау

болсаң да, бірқыдыру шаруаның басын қайырыпсың. Алда Алла бұйыртқан жылдар бар. Оның да жеміссіз – іс-түссіз өтпесіне бек сенімдімін.

Ғұмырлық досым, Ғұмар!

Сенің төл мерейтойың есіме түсіп, өзің жайлы ойларымды ортаға салдым. Хатымды осымен аяқтайын. Сөз соңында айтарым:

Алдағы жылдар да осы абырой-беделіңнен айырмасын. Жұбайың, сыныптас сұлуымыз Күнжамалдың, өсіп-өнген бала-шағаңның қызығын көріп, ұзақ ғұмыр кеше беруіңе, шығармашылық салада да жемісті болуыңа тілектеспін.

**Қуанышбай Құрманғалиев,
ақын, «Құрмет» орденінің иегері**

*«Қостанай таңы» газеті,
9 қыркүйек, 2001 жыл.*

СӨЗІ – МІРДІҢ ОҒЫНДАЙ

Ұлты татар болғанымен қазақша оқып білім алған, қазақ тілінің жанашыры, қазақтың күйеу баласы, жазушы, сатирик ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ғұмар Ахметчин 75 жаста.

Ғұмекеңнің «Алпысқа келгенімде» аталатын әзіл-шыны аралас жазылған:

Алпысқа келгенімде

Ешкімге қарызым жоқ.

Қырық жыл еңбек етіп,

Біреуді ғайбаттаған

«Домалақ» арызым жоқ,—

деп басталатын өлеңі бар. Сол өлеңнің ізімен айтсақ, Ғұмар Ахметчин он сегізден жаңа асқанда әдебиетке жанасып, қыздарға арнап балауса жырлар тудыра бастады. Өзі туып-өскен Әуликөл аудандық «Жеңіс туы» газетінің жалауын желбіретіп, оқушыларының жүрегін жазған шығармаларымен елжірете білді. Журналистика саласына біржолата бет бұрып, әдебиетті де аялап, сын-сықаққа қаламының жүйріктігін байқатты. Жұмысқа қырсыздар мен жатып ішер жалқауларды, паракорлар мен жалақорларды сын садағына алды. Әзіл-қал-

жыңымен жасықты жанып, бұзақыны бұғаулауды көздеген жас жігіттің алғырлығын таныған облыстық газет тілшілікке шақырды. Мұнда ол қаламының жүйріктігін ғана танытып қойған жоқ, қызметке адалдығын, еңбекқорлығын аңғартты. Еңбек есейтіп, адалдық адымын ұзартып бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редакторлыққа жоғарылады. Бұл жұмыстарда да абыройсыз болған жоқ, ісімен, ісерлігімен Қостанай мен Торғай өңіріне кеңінен танылды. Сондықтан да алаулаған шырақ алдынан жағылып, бес бірдей облыс әкімінің баспасөз хатшысы болды. Бұл айтуға ғана оңай, әйтпесе әр басшының өзіне тән мінез-құлқы бар, бәріне жағу мүмкін емес. Сол қиындықтан Ғүмекеңді алып шыққан айла-тәсілі емес, азаматтығы мен адалдығы, алғырлығы.

Ғ.Ахметчинді журналистік Қостанай, Торғай өңіріне танымал етсе, сын-сықағы республика көлеміне атын шығарды. Жергілікті газетте мақалалары жарияланып жатса, республикалық «Ара», «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында, «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттерінде әдеби шығармалары жарық көріп, оның майталман сатириктігін айғақтай түсті. Көрнекті ғалым Темірбек Қожакеевтің «Сатира негіздері» аталатын студенттерге, журналистерге, филологтарға, тарихшыларға арналған оқулық кітабында Ғұмар Ахметчиннің шығармашылығына тоқталып, пікір білдіруі соның бір айғағы іспетті.

Кейбір күлкінің жағымсыз жайтқа төзіммен қарай алмай, оның зиянды екенін аңғартып, зілдірек болып көрініс табатынын айта келіп Т.Қожакеев: «Әрі аяушылық, әрі әшкерлеушілік деңгейге көтеріледі. Ғ.Ахметшиннің Әбігер есімді мақтаншақ, даңғаза кейіпкері бар. «Әбігер аға, сіздің етігіңізден су өте ме, өтпей ме? – десе, ол: «Әрине, өтпейді, нанбасаң, міне, көр», – деп тізеден келетін суды кешіп жүріп алады екен. Артынан оңашалау, тасалау жерге барып малмандай болған шылғауын сығып алып жатқанының үстінен түссең, «мана таңертең осы су қалпында киіп алып едім» деп жеңсік бермейтін көрінеді. Кейде оған: «Әбігер аға, сіздің қолыңыз отқа күйе ме, күймей ме» десе, «е... неге күйеді, күймейді. Нанбасандар міне көріңдер!» — деп жанып тұрған отқа қолын жүгіртіп-жүгіртіп алады екен. Жалаңдаған от Әбекеңнің қолын күлдіретіп, күйдіріп кетеді. Сонда да ол «Күйген мұндай болмайды» деп бой бермейтін көрінеді.

Осыны оқығанда қаттырақ күлеміз. Денсаулыққа зиянды, ақымақтық мәрттікке, өтірікшілдікке ызаланып ашуланыңқырап күлеміз. Әрі оның «етігімнен су өтеді», «отқа қолым күйеді» деп айтқаннан гөрі, тоңып қалуға, күйіп өлуге бар намысқойлығына ішіміз жылып, аяушылықпен күлеміз...»

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қожакеев Ғұмекеңнің журналистика факультетінде оқып жүргенде дәріс берген ұстазы. Диплом жұмысын қазақтың сықақ әңгімелерінен қорғаған Ғ.Ахметчиннің ғылыми жетекшісі де осы белгілі сатира зерттеушісі болатын.

Тағы бір айта кететін жайт – Ғұмекеңнің университетті өндірістен қол үзбей, ешкімге – үкіметке, адамға, қоғамға зиянын тигізбей жүріп бітіруі кейін әдетке айналып, газетте қызметімен бірге «Ара» журналының штаттан тыс тілшісі болды. 1967 жылдан облыста өткен ақындар айтысын өткізуге атсалысып, бірде төрағасы, бірде қазылар алқасының мүшесі болып келді. Соңғы жеті жылда әндер конкурсын, фестивалін өткізуге араласты. Қазір облыс әкімдігінде қызметте, сонымен бірге Қазақстан Жазушылар одағы Қостанай облыстық филиалының директорлығымен қоса зейнеткер, зейнеткерлігіне ақша алады, директорлығын тегін атқарады. Оның сыртында немерелері Ғалинұр, Ғазиза, Элмира, Ғайни, Елнуралардың тәрбиешісі әрі зайыбы Күнжамалдың «алып кел, барып кел» шаруаларын да қоса атқарып келеді. Облыста шығып жатқан көптеген кітаптардың аудармашысы, алқа мүшесі, редакторы, облыстық ономастика комиссиясының, облыстық ардагерлер кеңесі президиумының, облыстық қазақ драма театры көркемдік кеңесінің мүшесі. Әр жылдары жарық көрген «Қолды болған қораз», «Көзілдіріктің кесірі», «Көзі сынық тебен», «Ұмытшақтың зобалаңы» атты сатиралық жинақтарын да «өндірістен қол үзбей» жүріп дүниеге әкелген Ғұмар ағамыз бұл күндері де әңгіме, өлеңдерін осыншама қат-қабат қыруар жұмыстардың арасында жазып жүр. Өз сөзімен айтсақ:

Қаламы құрғаған жоқ
Жазғаны жарияланса,
Бос сөзді құраған жоқ.
Бір ғажап айтайыншы
Он жылда төрт әкімнің
Баспасөз хатшысы боп,
Жұмыстан қуылған жоқ,

Шығармасы сұйылған жоқ.

Кейбір жазушылар шығарған кітабының санын айтып мақтанатын болыпты. Бұл жайында Ғұмекеңнің әріптес досы ақын, сыншы, белгілі журналист Қуанышбай Құрманғалиев: «...мәселе санда емес, сапада ғой. Сондықтан боратып жазып, бұрқыратып кітап шығара алмадым деп өкінбегенің жөн-ау деймін. Сенің жазған әңгімелерің мезгілдің мінезін, уақыттың тынысын, адамдардың қилы-қилы қылықтарын тосыннан танытқан, сүбелі сөзге қаныққан шырайлы шығармалар санатында. Сенің ел

аузына ілігіп, бедел-абыройға бөленуің соның жарқын көрінісі екендігі күмәнсіз» деп «Алпыстың асуында» деген достық сырласуында әдемі көрсетіпті. Біз де Қуағанның сөзіне қосыла отырып жазушы еңбегі кітабының санымен, дақпырт-дабырасымен емес, мән-мағынасымен өлшенетінін, Ғұмар Ахметчин кітаптары осындай көркем де ғибраты көп туындылар екенін айтқымыз келеді. Белгілі сатира зерттеушісі Т.Қожакеевтің оқулық кітабында Ғ.Ахметчин шығармашылығына тоқталуы да бекерден-бекер емес, ол жазушының қазақ сатирасына қосқан үлесінің аз еместігін аңғартады.

Оқырмандардың көбі сатира мен юморды айыра бермейді. Сатирада мазақ ету, кекесін жоққа шығару, сын-сықақ ащырақ айтылады да, юморда кекесін мен мазақ ету зілсіз әзіл-күлкімен жеткізіледі. Сатирада да күлкі бар. Алайда ол күлкіге негізделіп жазылмайды.

«Сатирада зіл, өшпенділік үн болады. Сүйектен өтетін сөз қолданылып, көңілге келетін пікірлер айтылады. Ол сай-сүйекті сырқыратып, сегізкөзді сыздатады. Өз сынағанында ашу-ыза, кек, дақ қалдырады. Ал әзіл-қалжыңда кек болмайды, одан көңілде дақ қалмайды» (Т.Қожакеев).

Ғ.Ахметчиннің жазып жүргендері негізінен сатира. Мәселен «Көзі сынық тебен» әңгімесінде ұсақ, тек қана өзінің бас пайдасын ойлайтын, «жұмыртқадан жүн қырыққан» Әлітірінің іс-әрекеті суреттеледі. Ол пайда дегенде ұятты да, арды да жинап қоятын, онысын өзінше қулығымды асырдым деп ойлайтын пасық жан. Бұл оның бала кезінен қанына біткен қылық. Соны автор Әлітірінің сөзі мен ісі арқылы бейнелей көрсетеді. Яғни, автор образын өз іс-әрекеті, сөйлеген сөзі арқылы ашып, жетілдіреді.

Әлітірі қалада, Шақар ауылда тұрады. Ұзақ жыл көріспеген сыныптас екеуі ойда-жоқта қалада кездесіп қалып, Әлітірі үйіне шақырады.

«Апама жеңгем сай» дегендей әйелінің қабақ түйіп қарсы алуы мен «құбыжық көргендей тыржия амандасуынан-ақ» олардың қандай адамдар екені аңғарыла бастайды. Бұл диванға отырысымен Әлітірі мен әйелі Әлиза бір бөлмеге кіріп, ұзақ кеңесіп шықпай қойғасын Шақар теледидарды қосады. Мұны көрген Әлиза:

– Сіз кешіріңіз, телевизорды жаңа ғана сөндіріп едім. Қызып кетсе, лампочкелері жанып кетеді... Сосын... вообще біздің үйдегілер спортты ненавидяты, – деп телевизордың үнін өшіреді. Әйелінің бұл әрекетін Әлітірі де қостап: «Телевизор дегенің тоқтың жұты екен. Қоссаң болды – қалтандағы ақшанды жұта бастайды», – деп безек қағады. Осылайша оқиға дамып, Әлітірінің де үнемшілдік іс-әрекеті жетіле түседі. Келген қонақтың не ішіп, не қойғанына дейін есептеп отыратын Әлітірі өзінің сол істерін айтып мақтана бастайды. Бір кезде баласы кіріп келіп Әлітірінің мектепте жүргенде не болса, соны салып жүретін қобдишасын ашып: – Аға, менде, міне, мынадай иголка бар, – деп бір инені алып, қолына ұстатады. Бұл Әлітірінің баяғыда «бір кәдеге асар» деп қобдишаға салып қойған көзі сынық тебені еді.

– О-о, тебенің қалай жақсы еді, – дейді қонақ баланың көңілін қалдырғысы келмей.

– Әй-әй болса иголкама көйімдік неге бермейсің? – деп бала алдына келіп отыра кетеді. Әкесі баласының бұл ісін тапқырлыққа санап:

– Әй-әй ағаң көрімдік береді ғой. Неге бермесін. «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да төбел туады» деген емес пе?» – деп мәз болады.

Бұл әңгімеде әзіл-қалжың, риясыз күлкі жоқ, уытты зілді, кекесін бар. Әлітірінің шектен тыс пасықтығы мен пайдәкүнәмдігі оқушысын жирендіріп, әртүрлі ойға жетелейді. Кейбір дүние дегенде ар, ұятты сырып қоятын пенделерді еске салып, «Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады», «Ұяда не көрсең, соны ілерсің» деген қазақ мақалдары ойға оралады.

«Көнектің көргендерінен» сатиралық повесі «Пошташылық тапсырма», «Мектепке инспектор келді», «Қойынкүлдің шиесі», «Басқарманың «зәмзәм суы», «Әбігердің үйленуі»,

«Токсан қарт, көк ат және көк шана», «Қос қара өгіз», «Алғашқы іссапар» атты бөлімдерден тұрады.

«Басқарманың «зәмзәм суында» күлкі бар. Бірақ бұл ащы, запыранды күлкі.

Колхоз басқармасы Шертік зәмзәм суын берем деп балаларды аң аулауға жұмсап, түлкі соғып әкелген оларды мақтай сөйлеп кішкентай кесаяқтарға қара құтыдан мөп-мөлдір сұйық құйып ұсынады. Өзі де, әйелі Қатипа да қолдағыларын қағып салады. Оқушылар да бір-біріне жалтақ-жалтақ қарап алдағыларын тартып жібереді.

«Ішіп алып, бәрі де келісіп алғандай бір мезгілде қақалып-шашалды, қолдарын ауыздарына басты. Ауыт сасқанынан Сәпекке мөлие қарап:

– Ағай, мынау кәдімгі сәмөләнке ғой. Зәмзәм мұндай болмайды, -дейді.

– Сұңқылдамай отыр. Сен сәмөләнкені қайдан білесің, шамасы ішіп көргенсің ғой, – деп Ауытқа Қатипа апай бас салды.

Мен қолыма ұстаған кесаяқты аузыма тақай түсіп едім, Ауыттың

айтқаны дұрыс екен. Сәмөләнкенің иісі бұрқырап шығады. Лезде ыдысымды

алдыма қоя салдым...»

Басқарма Шертік пен әйелі Қатипа қанша зорласа да Көнек ішпей қояды. Ақыры қашып құтылады.

Мас болған балалар жолда кездескен мұғалімдеріне тіл тигізіп, мұның арты дау-дамайға ұласып, ақырында Шертік басқармалықтан қуылады.

Повестің жас ұрпаққа тәрбиелік мәні зор. Ғ.Ахметшиннің жалғыз бұл повесі ғана емес, шығармаларының бәрі дерлік адалдыққа, шыншылдыққа, әділеттілікке бастайды. Көпірме, көбік қызыл сөз, жалғандық, түймедейді түйедей етіп көрсету жоқ. «Сөз қасиеті – көркемдігінде, ой қасиеті -шындығында», – деп Ғ.Мүсірепов атап көрсеткендей, Ғ.Ахметшиннің шығармалары көркем де, шынайы құнды дүниелер.

Дыбыс үндестіктеріне (аллитерация, ассонанс) құрылған сөйлемдер мен тың да дәл, күлкі шақыратын теңеулер, бейнелі, бедерлі, ұйқасты, ойнақы, тауып айтылған серіппелі, серпінді сөздер соны дәлелдей түседі: «Әй, өзің бар ғой сен соққан балықтай әрі-бері тентіреп, бала кезіндегідей телпегінді теріс киюінді қоймаған екенсің». «Әлітірі жұлдыз

санағысы келгендей біресе аспанға қарап, біресе құм ішінен құбыжық көргендей жерге қарап...» («Көзі сынық тебен»).

«Қараңғыда қарсақ ізінен жаңылмайтын біреуге тиіп алғам», «Құнанын құдайындай, тайын тәңірісіндей көріп... Жемтікке қонған күшігендей болып», «Күлің шашылмай, түндігің ашылмай қалсын» («Әлібала мен Дәрібала»).»Шамасы тоғышарлықтың да француз әтіріндей танаудың қытығын келтіретін қасиетті бір иісі бар-ау деймін», «Ешкіге тауықтың құйрығы жараспайтыны секілді, сендерге тоғышар атанғаннан өлген артық», «Менің аузым қайда – шылым сонда. Бір минут тартпасам өкшем өкпелеп табанымнан шығып кететін тәрізді көрем», «Немене, жерді аясаңыз, қақырығымды қағып алып, қалтаңызға салып алыңыз, «Ақсақал, батаңызды базарға апарып сатыңыз да, ақшасына автобусқа билет алыңыз» («Тоғышардың монологы»).

«Оң жақ шынтағымен ала жастықтың алқымынан сығып жатыр», «Күбі қарнын тоқпақтай тоқ қолымен сипап қояды», «Ұстарамен тықыр алынған қауын басы мен шотмандайынан жаңағы ішкен шайы шып-шып шығып отыр», «Асқабақ бас, қатпа қара Қажым», «Қолы жүрмей, ақшаны көп ұттырып жібергеніне иттей ызалы. Ақшасы – белінің құяңы ұстап, «бүллітенмен» жүретін Қыжымның қалтасында» («Шұбар дорба»).»Мәлімнің онда баяғыдан ала алмай жүрген миллион тонна өші бар көрінеді», «Бір сұмдықтың иісі мұрныма келді», «Бәрінен бұрын Қара теңіз жағалауында бір ай жатып, әлпештеп, әлдилеп әкелген нервiлерiмдi айтсайшы! Қырық пышақтың ортасына түскендей ширатылып-ақ қалыпты», «Тұраштың Таңқайы маған одырая қарап, танауын көкке тіреп отыр екен», «Оның қылдан қиқым іздейтін адам екенін бала жасымнан бері білем» («Кісінің сөзі»).»Таңғы тәтті ұйқысын пышақпен кескендей», «Басын көрпе астынан үйректің сары ауыз балапанындай қылтитып...», «Екі құлағы ду ете түсті, шеміршектері шетінеп, миының іші қайнаған самаурынның шуылына толғандай болды», «Анау сортаң жерге шыққан асқабақ сияқты таз басыңа қақ!..» («Шеге»).

Мұндай ой, тіл көркемдігі Ғүмекеннің қай шығармасын алып оқысаңыз да жиі ұшырасады.

Ол әзіл, сықақ, сатиралық өлеңдерінде де тілінің майын тамызып, шырайын шығарып жүр. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Ей, баға!..» деген өлеңін оқып көрейік:

«Баға, баға дегенге,
Екі нөлге ұқсаған,
Көздеріңді ақшitiesып,
Аңшының аш итіндей
Тістеріңді ақситып,
Шұбар жылан тәрізді
Қу басыңды қақшitiesып
Талтаң-талтаң етесің...»

Ақын ақшаға жан бітіріп, бейнелей көрсетіп, көздерін ақшitiesып, тістерін ақситып, қу басын қақшitiesып, талтаң-талтаң еткізеді. Бірде нөлге, бірде аңшының аш итіне, бірде шұбар жыланға теңеп, іс-қимыл, әрекетке көшіреді. Әрі қарай да өлең образдылығы дами түседі. Ол енді бірде өсіп, бірде өшіп, мың құбылады, «тұрлауы жоқ тұрақсыз жезөкшедей, қарға аунаған түлкідей, сылаң қағып, сайқалсып, қала мен ауылды айдаһар болып жұтам деп күнде аралайды. Сәуле жетпес пырақтай, зеңбіректегі сұр оқтай Батыс пенен Шығысқа бір секундта-ақ жетеді». Бір-ақ күнде құбылып, он теңгені жүз, жүз теңгені мың етіп, «ізінің артын шаң қылып, елдің ішін лаң қылып, қанға тойған иттей боп, қара шаруа халықты қан жылатып кетеді. Иномарка тайпалтқан байлар көрсе еліріп, сабын жаққан терідей жылпың-жылпың етеді. Миллиарды барлардан «Қолүздігін» дәметіп, айғыр көрген байталдай шыбжың-шыбжың етеді».

Ақын теңеулерінің бәрі дерлік бұрын қолданылмаған, әсіресе, сатиралық өлеңге таптырмайтын, өлеңнің күш-қуатын арттыратын тың теңеулер. Оның үстіне «талтаң-талтаң», «жылпың-жылпың», «шыпжың-шыпжың» секілді қос сөздерді де әдемі ойната отырып, шығармасын айнақыландыра түскен. Нәтижесінде бас-аяғы жұмыр, ішкі динамикалық қуаты күшті, айтары мол поэзиялық туындыны дүниеге әкелген. Бір кездері дүние-мүліктің, тамақтың бағасының мың құбылып өзгеріп, қымбаттап кеткені шындық. Соны автор образға орап оқушысына әдемі жеткізген.

Осы сияқты Ғүмекеңнің «Бұл кім?», «Өзі де қу екен?», «Не көп?» аталатын сықақ өлеңдері де көздеген нысанасына дөп тиген, сөздері мірдің оғындай шымыр дүниелер. Әсіресе, «Бұл кім?» сәтті шыққан. Мысал келтіре кетелік:

Қос анары обадай,
Қос балтыры сабадай,

Қос көпшігі төбедей,
Қос кірпігі жебедей
Екі қолы білеудей,
Екі аяғы тіреудей.

Кіндігі ашық-шашық, темір құрсау белдікті, бір сөз айтса аяғы «...эт» пен «... матқа» бітетін, қыз ба, жын ба, пері ме, кім екені белгісіз, заманның кәріне ұшыраған пенделерді түйреп өтеді.

Ғүмекең ауызекі сөзге де жүйрік – жүйелі, шешен, тауып сөйлейді.

Сырбай Мәуленовтің 70 жылдық мерейтойында дастархан үстінде айтылған мына бір сөзі де сәті шығып еді: «Сыр-аға, Сіздің мерейтойыңызда нөпір қуаныштан бүгін менің өкшем бір емес, бірнеше рет көтеріліп отыр, енді соның себебін айтайын. Күні бүгінге дейін біраз жердің дәм-тұзын татсам да, қасиетті Торғай топырағына ешуақытта табаным тиген емес еді. Мана сізді қарсы алуға барғанда сол киелі Торғай топырағына табаным бірінші рет тиіп, менің өкшем бірінші рет көтерілді».

«Большевиктік жол» газетінің редакторының орынбасары болдыңыз, кейін Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдандыңыз. Сізден кейін арада ондаған жылдар өтіп Тың өлкесі құрылған кезде жабылып қалған осы облыстық газет «Қостанай таңы» деген атпен қайта шыға бастағаннан кейін мен де ұзақ жылдар редактордың орынбасары болдым, осы қызметте жүріп Жазушылар одағының мүшелігіне өттім. Міне, осындай сәтті сабақтастық ойыма оралып, менің өкшем екінші рет көтерілді.

Сыр-аға, менің ойыма тағы бір сәтті үйлесімділік түсіп отыр. Би-ағанның үйіндегі жеңгеміздің есімі Күнжамал екен, осы ақ дастарханның басында отырған Сіздің үйдегі жеңгеміздің есімі де Күнжамал екен. Ал бір қызығы – біздің үйдегі келіндеріңіздің есімі де – Күнжамал! Сыр-аға, енді менің өкшем үшінші рет көтерілмегенде қайтеді?! Ал өзіңіз бастаған қадірменді қонақтарға жатып жастық, иіліп төсек болып отырған ақ дастарқан иесі мынау алдыңыздағы ел ағасы Ыбыраш Естаев ініміз астаналық меймандарды еліне риза қылып аттандырса, менің өкшем амандық болса төртінші рет көтеріліп қалар...»

Бұл табан астында тауып айтылған сөз Сырағаңа да, Ғафекеңе де – Ғафу Қайырбековке де қатты ұнап, оған ризашылық

көңілдерін білдіріп жатты. Кейін 60 жылдық мерейтойында Ғұмекеңнің осы өз сөзін тіліме тиек етіп, былайша тілек білдіріп едім:

... Не жетсін жанын елдің емдегенге,
Не жетсін халық үшін терлегенге?!
Кететін көтеріліп өкшең кілең,
Қуанып дос дегенде, ел дегенде!

Өмірден әркімдер-ақ өтеді үміт,
Жете білмей, біреулер жете біліп. Алпысқа келген күні, Ғұмар аға, Өкшеңіз қалды ма бір көтеріліп?!

Не жетсін туған елге, өскен жерге,
Шаттандың өнгендерге, өскендерге!
Қуантсын тағдыр өзі күнде сені,
Шаттықтан тимей жүрсін өкшең жерге!

Иә, шаңырағыңызда шаттық көп болсын, Ғұмеке!

Серікбай Оспанов,
Филология ғылымдарының кандидаты, ақын

ҒҰМАРДЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ

Ғұмар Ғарифоллаұлы облысты басқарған төрт бірдей әкімнің баспасөз хатшысы болды. Облыс басшысымен күн-бе-күн араласып жүрсе де, оларға өз мұның шағып, өзінің жағдайын күйттеуден аулақ болды. Қайраткер бола жүріп, қарапайым қалпында қалды. Мүйізі қарағайдай ақын-жазушы, ғалым, қоғам қайраткерлерімен табақтас бола жүріп, асып, таспады. Сол кішіпейіл де елгезек болмысынан танбады. Қызмет сұрап, сыйлық сұрап, награда сұрап әуреге түспеді. Бірақ сол қызмет те, сыйлық та, награда да Ғұмекеңді өзі іздеп тапты. Бұл да оның ғұмырлық ғибратының бірі еді.

Ғұмекең жел сөзге ермеді, өсек-аяң, күңкілден аулақ болды, қолынан келсе жақсылық істеуге тырысып, жағымпаздықтан, жылпостықтан бойын аулақ салды. Шығармаларында да соны сынады, өмірде де соны ұстанады. Кешірімді болды, кек тұтпады. Бұл да бір үлкен ғибрат еді...

Сәлім Меңдібай,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстанның мәдениет қайраткері.

САПАЛЫ САТИРАМЕН СҮЙСІНДІРДІҢ

Көз көрсін көңіл бүгін сілкінгенін,
Естиін жүрек толқып, жырды ілгенін.
Алпысқа алып келді, Ғұмар аға,
Дүркіреп өте шыққан дүр күндерін.

Тақуа, тәубалы шақ бұл күндерің,
Қаламың – қиял мінер дүлдүлдерің.
Өткір сөз өлең жырды жинадың сен,
Тергенде Жангелдінің бүлдіргенін.

Қалада, сірә, сәби кейіпте кім?
Пәс қылып ата көңілін кейітпедің.
Әзілді ақ қағазға өрнектесең,
Болыпты ауылдастар кейіпкерің.

Қазақы аңғалдықты сезіндіріп,
Тұрғандай әр сөзіңнен сезім күліп.
«Қолды боп қораз» жүрсе «Тебен сынып»,
Шаршатқан бір «Кесірлі көзілдірік».

Сапалы сатирамен сүйсіндірдің,
Еркіндеп иемдендің үйін жырдың.
Қайнар мен Аққайынды аралаттың,
Шиесін жинау үшін Құйынкүлдің.

Самайды қырау шалған ақ таң бүгін,
Шабытты қарсы ал, аға, шақтарды мың.
Білемін мұқалмаған қаламыңның,
Ұшында талай сырдың жатқандығын.

Сөзімнің өзіңе, аға, ұнары шын,
Апамның ақ махаббат, құмарысың,
Шын ұққан қазағымның қасиетін,
Сарбазы сатираның Ғұмарысың.

Бір жасап құрметтеген халқыңменен,
Тілек боп жүрегімнен талпынды өлең.
Өлшеулі өмірінде өркендей бер,
Ағажан, салиқалы қалпыңменен.

**Әсия Беркенова,
Қазақстанның халық ақыны.**

ДАҢҒЫЛ ҚЫЛЫП САТИРАНЫҢ СОҚПАҒЫН

Баяндасақ фактімен бейнелі,
Түйедей қып жіберетін «түймені» –
Тақырыпқа айналдырар ақыртып,
Керек десең «көзі сынық инені»

Іздейтінім мін мен сын деп ұғады,
Біздей тілін кемшілікке сұғады.
Қара вольга мінгендерді ұнатпас,
Сара жорға Қостанайдың Ғұмары.

Кемшілікке төзуге ол көнбейді,
Іреп салып «алар жазаң сол» дейді.
«Әлі тірі» – сіз сомдаған образдар,
Сол құрғылар, шамасы енді өлмейді.

Даңғыл қылып сатираның соқпағын,
Оспанханша оспағынды оқтадың.
Көтеріліп, көтеріліп ақыры,
Кулагинның қасына кеп тоқтадың!

«Бірінші бақ – бақ» деген бір мақалың,
«БАҚ-та» шықты мұртыңыз бен сақалың.
Жалақыңыз аздау шығар әкімнен,
Жоғарылау ақын деген атағың.

Калжың сүйген жүрегіңіз мұңға жат,
Бала күннен сөз саптаған жыр қажап.
Әзілі – бал, әжуасы – дәрідей,
Руға да бөлінбейтін бұл Қазақ.

Еңбек сіздің досыңыз ғой бек күшті,
(Ауызға алма қашан өзі кеп түсті?!)
Бейнетіңнің зейнеттерін жетелеп,
Жатырқама есік қаққан жетпісті!

Сізге деген құрметпен ініңіз
Абылай Мауданов

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Көзі сынық тебен.....	4
Әлібала мен дәрібала.....	11
Тоғышардың монологы.....	13
Шұбар дорба.....	16
Кісінің сөзі.....	18
Шеге.....	21
Ұялған тек тұрмас.....	25
Шармең болу оңай ма?.....	27
Сүйіспеншілік сыры.....	32
Қара мысық.....	39
«Ұмытшақтық» зобалаңы.....	43
Кілт.....	55
Көзілдіріктің кесірі.....	58
Шаш түйреуіш.....	64
Кезектегі кездесу.....	67
Мың бірінші таныстық.....	71
Кәсіби шеберлік құпиясы.....	73
Өмірлік өкініш.....	77
Бір кітапқа үш рецензия.....	80
Мінез.....	84
Көбік шашқан.....	87
Төртінші байлық.....	92
Абориген.....	95
Ойынның опығы.....	98
Шал, шыбын және шаң.....	101
Құлақтандыру оқисыздар ма?.....	103
Ішкі есептің шатағы.....	104
Күндіз жұлдыз көрінсе.....	106
Кілт саусақты «кәриялар».....	109
Бастықты кім тартып шығарады?.....	114
Соңғы сөгіс.....	116
Қоңырау.....	118
Жаңа үйдегі дүрбелең.....	121
Тыңайтқыш хикаясы.....	124
Дәрігер қыздан қашқан тәуіп.....	127
Қырдың қызыл түлкісі.....	129
Жар тандау.....	132

Қадірі кеткен кадрлар.....	134
Жазу кітапшасы.....	136
Жаңалыққа жанқұмарлық.....	139
Доп сыры.....	141
Күпәштің уәдесі.....	143
Сыбыр.....	144
Емделмесем болмас.....	148
Кім кінәлі?.....	151
Қара «волга».....	155
Шалбар.....	157
Қызыл бұзау.....	159
Көз.....	162
Түйме.....	165
Чемпион болғым келеді.....	167
Жолдас үшін жан пида.....	170
«Қу шірік».....	174
Шолпан планетасы және жер жайлы әңгіме.....	176
Сыпеке-ау, қайдасың?.....	178
Шаштараз.....	181
Сауда тәртібі.....	183
Қызу маусым.....	185
Құлақ қағысқа құлақ асқыштық.....	189
Қолды болған қораз.....	191
Бейтаныс.....	194
Жерұйық.....	196

ЕКІНШІ БӨЛІМ (Әзіл әңгімелер)

Комбайнмен қашқан қыз.....	206
Диета.....	211
Күлкіңізді жұтып көрдіңіз бе?.....	213
Өтір иісі.....	216
«Спортлотодан» қалай ұтуға болады?.....	219

ҮШІНШІ БӨЛІМ (Аудармалар)

Әзиз Несин

Халық қаржысы қымбат.....	223
Ата-аналар жиналысы.....	226
Бізенді үйлендік.....	231
Ол қалуға тиіс.....	233

Бранислав Нушич, сербия жазушысы	
Курортта киятін шалбар.....	238
Құйрығы бар адам.....	242
Министрдің торайы.....	244
О.Генри Американ жазушысы	
Баукеспе және Томми.....	248
Шыр айналған тағдыр.....	254
М.Е.Салтыков-Щедрин,	
Майып болғандар.....	261
И.Ильф, Е.Петров	
Тең емес тайталас.....	269
Ласло Таби, Венгер жазушысы	
Отбасы өмірінің құпиясы туралы диалог.....	273
Якуб Шакиров	
Жоғалған күнделік.....	275

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ (Сатиралық повесть)

Почташылық тапсырма	279
Мектепке инспектор келді.....	283
Құйынкүлдің шиесі.....	292
Басқарманың «Зэмзэм суы».....	299
Әбігердің «үйленуі».....	306
Тоқсан қарт, көк ат және көк шана.....	313
Қос қара өгіз.....	319
Алғашқы іссапар.....	326

БЕСІНШІ БӨЛІМ (Сықақ өлеңдер)

Кімді алдап жатырмыз?!.....	338
Жөн сілтеу.....	339
«Шөлбасар».....	342
Ауруханада.....	343
Ей, баға!.....	344
Бұл кім?.....	345
Не көп?.....	346
Ауыздар бар.....	348
Өзі де қу екен.....	350
«Әй, беззабараз...».....	351
Жалғанда ісім бігер ме?.....	353
Қара сиырын қартқа ұттырып.....	355
Қойға тоймаған бөрі екен.....	356

Мысал	
Гүл және жел.....	357
Қазақтың біртуар данасы.....	359

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ (Лебіздер)

Құрметті Ғұмар Ғарифұлы!.....	361
Ғұмырлық досым, Ғұмар!.....	363
Сөзі – мірдің оғындай.....	366
Ғұмырдың ғибаратты Ғұмыры.....	376
Сапалы сатирамен сүйсіндірдің.....	376
Даңғыл қылып сатираның соқпағын.....	378

Ғұмар АХМЕТЧИН

Күндіз жұлдыз көрінсе

Сықақ әңгімелер

(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсеппай*

*Бөлімдерге Шәкен Бөкетайұлының
туындылары пайдаланылды.*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 20
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс №

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-25-7



9

